

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44
Б 78

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Бөкей Оралхан.

Б 78 ШЫҒАРМАЛАРЫ. *Роман, повестер. / Оралхан Бөкей.* – Алматы:
«Ел-шежіре», – 2013.
Т. 2. –384 б.

ISBN 978-601-7317-48-5

Жазушының көптомдық «Шығармаларының» қолыңыздағы 2-томына «Атау-кере» романы және «Бәрі де майдан», «Құм мінезі» (Бархан) атты екі повесі енді. Романда Алтай тауындағы омарташылар өмір-тіршілігі қамтылған. Бас кейіпкер Еріктің, оның шешесі Нюраның, жұбайы Айнаның арасындағы оқиға психологиялық ауанда өрбиді. Сондай-ақ бас тұлғаның бірі Таған атты атпал жастың талантын таптаған маскүнемдік дертке душар болу себептері де сезімталдықпен суреттеледі. Автор сонымен бірге сонау ашаршылық, жеке басқа табынушылық кезіндегі ел ішіндегі нәубетті дәл көрсетіп, көңілге қозғау салады.

Жинақтағы екі повест те тіл көркемдігімен, ой тереңдігімен, образ кесектігімен ерекшеленеді.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-7317-48-5
ISBN 978-601-7317-46-1

© Исаканова Г., 2013
© «Ел-шежіре» ҚК., 2013



АТАУ-КЕРЕ
(ҚАУІПТІ БУДАН)

Роман

*Ара жасаған қоғамдық өмірдің
деңгейіне жету үшін адам баласының
алдында әлі талай ұзақ жол жатыр.*

Матерлинк

Көптен кеткен көмусіз қалар.

Халық нақылынан

1

Ол Бек-Алқаға жылына бір рет міндетті түрде қатынайтын. Туған ауыл, ел-жұртын емешегі үзіліп сағынғандықтан емес (қайбір екі туып, бір қалғаны бар), жыл бойғы табан ет, маңдай тердің құнын шығарып, ұшы-қиыры таусылмас шаруасының шалғайын қайыру үшін етектегі елге – Үлкен Жерге асығатын. Ал шаруа, басқаны қайдам, Ерік үшін қайта айналып орнына келе берер күн мен түн секілді мәңгілік қозғалыстағы, мәңгілік айналымдағы дүбірлі дүние, таусылмас қазына.

Сонау Таулы Алтай өлкесімен қолтықтасып жатқан «Қатын суының» дәл кемеріндегі омартадан мынау Бұқтырма өзенін мінбелей орналасқан Бек-Алқаға дейін атпен жүрсең – күншілік жол. Онда да таңның алғашқы хабаршы сәулелері тарап, елең-алаң шақ туа атқа мінбесең, қонаға жете алмай қаласың. Ерік бүгін тым ерте шыққан. Түнге қалсаң, тау арасындағы шөп көмкеріп тастаған жалғыз аяқ соқпақтан адасып, соқырандап сорың қайнайды, тек – астыңдағы атыңның жершілдігіне сенер едің. «Шашты» деп аталар асудың үстіне шыққанда, мұқым ойпат: сонау Алтайдың күміс шашбауындай ирелеңдей аққан Бұқтырма өзені; сол ерке өзенді еміп, екі жағалауына өңірдегі түймедей қаз-қатар орналасқан үлкенді-кішілі ауыл; сол ауыл-

дың ара-арасын құр жіптей шуатыла жалғап жатқан жіңішке жол; сол жолдың үстінде шаңнан шашу шаша құйғытқан замана көлігі – машиналар – бәр-бәрінің үстінен тас лақтырсаң, тұтып қалардай тұнып тұрған қою мұнар омарташы жігіттің көз алдына әлдеқандай бір сиқырлы сұлулықты елестеткен. Бірақ ол осынау көк мұнар қабыздаған көркем көрініске терең тебіреніспен сүйсіне қойған жоқ. Тіпті сол сылаңдаған сұлулықты әдібін ашып түсіне де қоймапты; жоқ іздегендей қанағатсыз көңілмен ұзақ қарап тұрды да, аспанмен таласқан заңғар асуды бауыздай бауырлап кетер қолдың тамырындай сан ирек, сан тарау соқпақты қуалап құлдай бастаған; құлдаған сайын жайлаудың әлгіндегі жаныңды жаннатқа бастап аймалаған салқын самалы биікте қалып, тамыздың таңдай кептірер аптабы алдыңнан анталай ұмтылады. Ол етектеген сайын өрмекшінің торындай көзге көріне шымырлап қайнап тұрған ыстық леп ындынын қаңсыта бастаған; ат тұяғы тиген сайын сырт-сырт егіп ыршып түсер шегірткенің миыңды тербеп зәрезап қылар шырылы құлақ тұндырады; ойдың шөбі пісіп қалған – мұрынға ерменнің кермек иісі келеді, ал басы сарғайыңқы тартып, қаулап өскен ақ ерменді кешіп өткенінде басынан тозаңы ұшып, тиген жерін сап-сары ала тоңғақтап тастайды.

«Ауыл биыл ыстық екен» деп ойлады. Басындағы қалпағын шешіп, маңдайындағы моншақтаған терді алақанымен сыпырып тастады. Кеудесіндегі тері жарғақты да шешіп, ердің алдындағы қанжығасына байлады. Астындағы жол жорғасы бар көкбестінің алғашында құлағының түбі ғана жіпсіп еді, енді тоқымының шетінен ылжырап көбік шығып, күннің ыстығы мен еңіске қарай тарбаяқтаған лоқылдақ жүріс қарадай қинап, қан сорпасын шығарды. Көкбестінің арқасындағы тепсе темір үзетін төртбақ жігіт қана салмақ болып келе жатқан жоқ-тын; көкбестінің белінде әрқайсысы елу килограмм тартар екі сүйретпе бал бар еді. Ал дүниеде балдан тәтті әрі ауыр нәрсе жоқ. Жылқының терісінен мұнтаздап илеп, әдемілеп тіккен тері қоржынды жергілікті кержақ-орыстар «сума» деп атайтын. Сұйықтың қай түрін құйсаң да бір тамшы ақпайтын, не жыртылып, тозбайтын тері қоржынды Еріктің әкесінің әкесі ұстап, атадан балаға мирас боп келе жатқан киелі мүлік еді. Еріктің әкесі Қандауыр жарықтық тері қоржынның игілігін

онша көре қоймаған, тек анда-санда ерігіп аңға шыққанда, ердің артқы қасына іле салатын. Қанжығасы қанданып, олжалы оралған күнді Ерікке көруге жазбапты. Тура жүріп, тура сөйлейтін Қандауырдың тым-тым қара қылды қақ жарған әділдігі тұқым қуалап, Ерікке жұға қойған жоқ-ты; әкесін көзі тірісінде көрмей, мұның қызылшақа кезінде күні бүгінге дейін түсініп болмас белгісіз сапарға аттанып кетуі тәлім-тәрбиесіне әсерін тигізгендей; сондықтан да әу бастан тек өзі ғана таңдап алған жолға түсті. Қазір де сол – өзі таңдап, өзі сайлап алған жолымен келеді...

Ауыл биыл ыстық екенін вертолетші жігіт Андрейден естіген. Шілде бойы шілдіңгір ыстық басып, күнгей-күнгейдің шөбін күйдіріп, жаялықтай сарғайтып жіберіпті. Енді, міне, бедірейген аспанның омырауы семіп, тамыз басталғалы да бір тамбай, жер-көктің апшысын қуырып тұр. Етекке түскен соң, көкбесті жол жорғасына салды. Барар жерге тезірек апарып тастап, арқасындағы зілбатпан жүктен құтылғысы келгендей көсіле жортақтап, ауыздығын сүзе соза тарта жөнелген. Жас мал болғанда жүріске мықты, астынан ит өтіп жатса да, жымыраң қақпайтын мінезді жылқыны Ерік жан жолдасындай жақсы көретін. Құлын кезінен құндаққа орағандай мәпелеп өсірді, шошаң етер жерге шоқырақатпай, осындай азамат тақымы, арғымақ арқасы сыналар ұзақ та еңку-еңку сапарға сақтайтын. Әзірге екеуі де сыр алдырған жоқ. Маңдай мен сауырдан сорғалаған бір күнгі тер деген не тәйірі, ертең-ақ жайлауға қайтып оралған соң, екеуі қарға аунаған түлкідей түрленіп шыға келмей ме?!

Кемері тастақтанып басталар қара суға жеткенде, көкбесті тізгінді жұлқа тартып су ішкісі келгенін білдірді. Тізеден келетін өзенді күрпілдете кешіп, шымырлаған майда толқындарды тұмсығымен жара, суды тартып-тартып ішетін әдетімен жүре сыңғытты. Ерік еңкейіп барып ауыздығын алды. Өзі де сол аттың бауырына түсе еңкейген қалпымен, алақанымен көсіп-көсіп уысына ілінген суды ұрттап шөлін қандырған. Оқыс келген зұлматтан үріккен майда шабақтар тым-тырақай жосыла жөнелді. Күннің аптабы Алтайдың бұлақ суларын жылыта алмас еді. Әр шақырым сайын таудың құзар басынан сарқырай құлап, Бұқтырмаға құяр бұлақ бастауын қардан алатындықтан да, жаздың жуан ортасында тісімізді зыр еткізер суықтығын

сақтап қалатын. Омарташы жігіт мұздай сумен ыстықтан барбия бастаған бетін сипап, дәреттегендей қайта-қайта қуаттана жуды. Қара судың ортасында рақаттанған көкбесті мен иесі жолсоқты ұзақ жүрістен соң, қалжаланғандай тәтті бір әсерге еніп еді. Жаз туа, шыжбындап тыным таппайтын жылқының құйрығы суға малынып тұрса да, сауырын жағаттан көк бас сонаны тынымсыз сабалайды. Қылқұйрықтан шашыраған су Еріктің бет-аузын бұлғады, бірақ омарташы ожар мінез танытпады. Көкбестінің қаз мойнына қонған сонаны қамшысымен қағып түсірді де, «шу, жануар» деген емеурінмен тебініп қалды. Арғы жағалауға шыққан соң, аттан түсіп, бел жазып дем алды. Тоғай іші гуілдеген қанбазар тіршілік: жігіттің білер-білмес жәндіктері сайран салуда. Әлдебір талдың жапырағына ара келіп қонды. «Бал арасы екен. Бұл маңда кімнің омартасы бар еді» деп, есіне түсіріп еді, ешкімнің есімі есіне орала қоймады. Әлгі бал арасы ендігі сәтте көкбестінің белін мықшитып тұрған тері қоржынды айналсоқтай бастады. «Пәтшағардың иісшілін» деп, бар шаршауын арадан алғысы келгендей қамшысымен тартып жіберіп еді, мұндай дәлшіл болар ма, сеспей қатқаны. Қара жолдың үстіне ат тұяғы ойған шұңқыршада түк-түк аяғы дірілдеп біраз жатты да, жантәсілімін берді.

«Есектің еті арам, күші адал» дейді екен қазақтар, ендеше, ара жазғанның «тартқаны – бал, шаққаны – у» деп, осына ойдың санасына орала кеткеніне насаттанғандай атқа қонды. Тоғай арасындағы суыртпақ жол ауылдың шетіне алып шықты. Бұл кезде күн екіндіге таяп, бағанағы ыстықтың беті қайта бастаған.

Еріктің былтырдан бері ауылға келгені осы. Өзгермеген. Өзгергені өзі ғана секілді, көшеде көрген жұрттың бәрі бұған үрке қарайтындай сезікті сезінді. Бұрынғыдай емес, бұл ауылдың адамдары бұлдана есендесетіндей, бейне бір кісікиік көргендей көздерінің астымен сүзе қарайды, не болмаса байқамағансып, байырқаламай асығыс өте шығады. Соңғы кезде адамдар мінезіне санамен кіріп, сыздата бүлдіріп жүрген осына тоңмойындық ауылдастарының баяғы жайсаң жаны қай жылдардан бастап қасандай бастағанын, зейін қойып, зерттер зерде Ерікте бар-жоғын білмейміз; біздің білетініміз: замана көші байсалданып, баянды ғұмыр кешкен сайын өмір сүру жеңілденіп, сауық-сайран көбейген сайын санамыз

сарабал тартып, таңғажайып оқиғаның қуәсі болған сайын құлқынымызға құм түскендей қатал да қайырымсыз; ешкімге де, еш нәрсеге де сенбейтін сезімсіз «сергектік» жайлағандай еді бойымызды. Тек алға, алға ғана тура тартқан: жасықтық пен жалтақтықтан ада, асау батылдық балталасаң да қыңқ етпес батырлық сықылды болғанымен, көсегемізді көгертпес көкбеттікке бой алдырар кісәпірліктің көрігін көбірек басып жүрген жоқпыз ба деген күнәлі ой түрткілеп мазаны алар еді. Еріктің туған ауылынан кеткеніне, сонда да мүлдемге емес, үш-ақ жыл болса да өзін осыншалық жат, өзгеше бір өгейлікпен қарсы алады деген ой үш ұйықтаса түсіне кірген жоқ.

Бұл ауылдан қара үзіп, қарада бой, қарда ізін қалдырмай ауып кеткен ешкім жоқ, өзі жылына бір рет қатынап, хабар-ошарын алып-ақ тұрады. Бұлар Алтайдың басындағы омартаға көшкенде, көздері күлімдеп, көсегесі көгерердей хош көңілмен қуанған да осы – Бек-Алқалықтар болатын. Енді, міне, әне: есік-терезелерінен сығалап, «апыр-ау, қайта көшіп келе ме» деген қауіпті ой түртпектеген ауылдың қатын-қалашы (еркектері шөпте) Еріктің соңынан жыртығыса қарап қалған. Біздің жігіт байқамағансыды, олар көрмегенсіді. Ол көкбестінің басын есік-терезесі айқұш-ұйқыш тақтаймен шегеленген өз үйіне тіреді, аулалары биік еді. Ауласын тақтаймен биік етіп қоршап, ішінде атан сойып жатсаң да тірі пенде көре алмайтын үйлер бұл ауылда жеке дара емес. Ағаш қақпасы қаңқ етіп жабылған соң жабығынан да сығалай алмайсың. Білгеніңді істе. Еріктің үйі баяғыда әкесі кержәк-орыстардан сатып алған екі қабатты ағаш үй. Бірінші қабаты жартылай жерге кіріп тұратын бұл үйлердің өзгеге ұқсамас ерекшелігі бар. Бөлмелері тар, бірақ биік. Екінші қабатына іштен де, сырттан да кіретін есігі бар. Терезелерінің сыртқы жақтауы самырсын тақтайдан оюлап әшекейленген, маңдайшасында қос тұмсық самұрық құстың суреті оюлап салынған. Патша заманынан қалған осы бір жалғыз белгі әлі күнге тұр, ешкім мән беріп, тиісті орынға хабарлап тиісе қойған жоқ, небір тарихи айтыс-тартыс, құбылмалы құбылыстардан есен-аман өтті. Күн жеп тозған, ептеп жарықшақтана сызат түскені болмаса, сол қалпы, тағы да бір ғасырдың айғай-шуына төтеп беріп шыдайтын секілді. Еріктің әкесі ер мінезді, ақкөңіл, адал да атпал азамат болғанымен, үй шаруасына салақ, дүние-

боқты парық қылмайтын арсыл-гүрсіл, ашуының алды бар, арты жоқ адам еді; оның еңгезердей бойы, гүрілдеп сөйлейтін даусы менмұндалап, ауылдың бір шетінде отырса, екінші шетіне үні тарап, дабырлап, өзін-өзі әшкерелеп қоятын ғажап адам еді; ауылдастары «вейлка» деп атап кеткен Қандауырдан төрт құбыласы сай мұра қалмаған, тек Ерік ер жеткенде ғана бұл шаңырақтың шашылып кеткен шаруашылығы жинақталып, берекесі кіріп еді. Шешесі айтып отырады: «Ұлым менің әкеме тартқан пысық, қолы месекерлі. Бірақ...» Сол «бірақтың...» ақыры әлі күнге айтыла қойған жоқ.

Қос қабатты ағаш үйдің бірінші қабатына кіретін есіктің жұдырықтай құлыбын ашты. Темір топсасы тоттана бастаған есіктің жан дауысы әдеттегіден де қатты шыға ойбайлай ашылды. Ішке кірген Еріктің бетіне өрмекшінің торы жабысып, мұрнына сыз тартқан жер иісі келді. Терезенің алдындағы баяғыда өліп курап қалған кара шыбын, бұл кіргенде тырағайлап қашқан кара тышқан, шаң басқан әртүрлі мүліктер, бұрыш-бұрышқа ау секілді тұтылған өрмекшінің торы – бар-барлығы азынаған иесіздіктің, бақсының моласындай өгейліктің жүдеу кейпін елестетеді. Ерік алғашында жан-жағына жалтақтап қарап, тұла бойын қорқыныш па, әлде жан сыздатар жалғыздық па – өзі де біліп, сезе бермес өзгеше бір мұңлы хал тұтқындап, өз үйінен өзі жерігендей жиіркене меңірейіп тұрып қалған. Ол екінші қабатқа көтерілер сатымен өрлеп барып, есігін көтеріп еді, қас қылғандай оның да мөңіреп қоя бергені.

Еріктің үйі дөңнің үстінде еді. Терезеден қарағанда анау ауылдың қора-қопсысы, мал-жаны, әсіресе үйіне кімнің кіріп-шыққаны алақандағыдай көрінетін. Дөңнің үстінде Бек-Алқаның карауылындай қасқайып тұрған бұл үйдің иесінен осы ауылдың жасырын қалар сыры болмайтын. Екінші қабаттағы бөлмеге көтеріліп, тақтай қақпалы терезені ашып, әйнектен сонау ойда ордадай болып жатқан ел-жұртына көз салды. «Моп-момақан, – деп күбірледі, – ішіне кірші, ордалы жылан секілді». «Кіндік қаның тамып, тұсауыңды кескен, балалығыңның бал дәурені өткен атақонысыңа атаңның құны бардай неге өшігесің?» деп, жер-жебіріне жетіп, тәубеге келтірер адам жоқ болған соң, күпір ойға бара береді де...

«Бекзат менің келгенімді білді ме екен?» Терезенің қақпағын айқара ашып қойды. Бұл – Еріктің түскенін сатушы әйел Бекзатқа сездіреп белгісі еді.

Ол қайтадан далаға шықты. Бір аяғының салмағын бір аяғына салып, терден саталақ-саталақ болып жуас тұрған көкбестінің шап айылын босатып қойды. Алыс жолдан шаршап келген аттың ер-тоқымын бірден алмайды, арқасына ыстық шығып кетеді. Тері қоржындағы балды үйге кіргізген жоқ, біреу-міреу құйып әкетпеді ме дегендей, етігінің ұшымен түртіп-түртіп қалды. Бал құйылған тері қоржын сиырдың жас өкпесіндей былқ етіп барып тынышталды. Ағаш үйдің айналасын, қора-қопсысын ине жоғалтқандай тінтілеп, тексеріп шықты. Бәрі орнында секілді. Тек қана қыста сиыр қамайтын бітеу қораның есігі ашылып қалған, «жұмыртқа іздеген балалар-ау» деп күбір етті де, сым темірмен шандып тұрып байлап тастады. Бұдан соң екінші қабатқа қайта көтерілді. Ауыл жым-жырт, әлдеқандай ұлы апатқа ұшырап, ауа көшіп кеткендей... Дүкеннің алдында өз құйрығымен өзін сабалап салт ат байлаулы тұр. Бірақ дүкенге кіріп-шығып сабылысқан ешкімді көзі шалған жоқ. «Бекзат үйінде-ау деймін. Магазин жабық қой... Онда анау ат неге байлаулы тұр?..» Арашы жігіттің жүрегін қызғаныштың асыранды ала мысығы тырнап алды. «Перінің қызы Бекторы» деп бекер айтпаған-ау сен сайқалды». «Жо-жоқ, ол ондай емес. Адал, бірақ кісіден жем жеп үйренген» деп өз ойына өзі қарсы шықты. Неге екені белгісіз, бұдан бес жыл бұрын қойып кеткен темекі есіне түсіп, кеңсірігі кебе қатты аңсағаны... Қалталарын сипалап, қаңсыған көңілде ашудың зілсіздеу, шалқып та, шаршып та кетпейтін оты бір тұтанып, бір сөніп мазасын алған. «Үйінде болу керек...»

– «Апыр-ау, сонда анау аттың иесі қайда? Жер жұтты ма?»

– «Басқа бір үйде шай ішіп отырған шығар...»

– «Почему басқа бір үйде?..»

– «Не болса да жетіп барсам қайтеді?»

– «Түнде де түндігін желпілдетуге болар».

Бұл шақта батыста барыстай болып сұлап жатқан таудың жон арқасына иегі ілінген күннің шапағы әр үйдің шатыр-шатырларын жалынымен жалап, тура Ерік үңіліп отырған терезеге түскен. Батар күннің бояуы қандай қою болады дейсің, ал қызыл сәуленің алауына оранған Бек-Алқа мүлдем

көрінбей қалды. Дүкеннің бұрышында соқа басы ғана байлаулы тұрған ат жалқындана жанып, оттан шыққандай қып-қызыл жылқыға айналған. Терезенің шынысына түскен шапақ Еріктің жанарына қайта құйылып, ол да маздап жанғандай еді. «Қой, болмас» деп кері бұрыла бергенінде оның құлағына «Дүние, қудым сені сегізімнен...» деп, барқырап әндеткен әлдекімнің масаң даусы естілді. Пенде дегеннің көңілі қызық қой; әлгі әлдекімнің шатты-бұтты бастаған әуенін «Жақсыны тани болар негізінен...» деп, дауыстай қайталап, қағып әкеткенін өзі де байқамай қалды да, артынша оқыс қылығына мырс етіп күліп жіберді. Күн салып қанша қарағанымен, батар күннің нұрында адасып жүрген, ауылды басына көтеріп барқыраған «әншіні» табанда тани алмады. Әлгіндегі батысты өртеген жез табақ таудың тасасына сусып түсіп кеткенде, үлкен бір пәледен құтылғандай Ерік «уһ» деген. Әне, ауыл жазған, масатының үстіне төге салған асықтай моп-момақан үйіріліп жатыр. «Монтансуын...» Тыныштық бұзылды. Тыныш екіндінің шырқын бұзған өрістен қайтқан сиырлар еді: азан-қазан мөңіреп, үй-үйге тарай бастаған. Кейбір қаңғыбас қарасанды қолдарында шошайған шыбықтары бар балалар қораға айдап кіргізіп жүр. Еріктің есіне қазақтың шегір көз баласы елестеді. Ол да қасқа сиырдың құйрығынан ұстап, желінін салпылдата, тышқактата қуып келе жатар еді. Шешесі: «Қуалама сиырды, ісініп кетеді» деп ұрсар еді. Одан бері не заман...

Әне, Бекзаттың моншасынан будақ-будақ түтін шықты.

«Менің келгенімді білген екен! Сен көлденең өткен көк аттыны сиқырлап шақырып, тізгініне оралып үйіне түсіріп алар перінің қызы Бекторы емессің. Сен – Бекзатсың! Менің Бекзатымсың!»

Ес-ақылдан айырыла қуанған Ерік дүкеннің алдында әлі байлаулы тұрған атқа көзі қайта түсіп, тасыған көңілін су сепкендей басты. «Тәңірім-ау, қайда анау қасқыр жегірдің иесі?»

Бекзаттың монша жағып күтіп отырғаны рас еді.

Тамылжып тамыз айы туған күннен бастап, таудың бұрымы іспетті қырдан ойға құлап түскен бұралаң жолға қарап ұзақты күн телміру – Бекзаттың екі-үш жылдан бергі ауруға айналған айнымас әдеті еді. Бүгін де дүкеннен ауық-ауық шығып, сонау Шашты деп аталар асудың құзар басынан құлдилар сыбай

атты жолаушы көрінбей ме екен деп, алаңы мол көңілмен елендеп мазасызданған. Қайдан сап ете қалғанын кім білсін, дүкенге бір маскүнем кіріп кетіп, зықын шығарған. Еріктің таудан түскенін байқай алмай қалды. Анау текшедегі үйінің үстіңгі терезесі айқара ашылғанын көзі шалғанда ғана барып, «басым ауырып тұр» деген сылтаумен дүкенді асығыс жауып, үйіне қарай құстай ұшқан-ды. Екі иіні талып мойынағашпен жанталаса су тасыды, отын жарып, моншаның көмекейі – тас пешін толтырды, түтінге қақалып жүріп от жақты. Екі жылдан бері дәмдес, сырлас, төсектес болып жүрсе де, Ерік ауылға қатынаған сайын ұрын түсуге келгендей, жүрегі өрекіп, сабырсыз санамен сасқалақтап қалатын. Бәлкім, жылында жалғыз-ақ рет қана сағына көрісуінен бе, мүмкін, осы бір шегір көз, ақ сұр жігітті бар ділімен елжірей жақсы көре ме, әйтеуір, Ерікпен жолығар күн Бекзат үшін қадір түні – торғын шымылдықты толқыта ашып кірер махаббат түні секілді еді. Қазір де өз жанында әмір жоқ, тағат таппай ұшып-қонып жүр; не істеп, не қойғанын өзі де білмейді. Зар еңіреп тілері: «әттең-ай, үйге арақ сұрап ешкім келмесе екен; әттең-ай осы ауылдың «радиосы» атанған қайқы қара келіншектің сумақайлығынан сақтаса екен...»

Осындайда Бек-Алқаның жұрт көзінен оңаша, жаныңа жан жуытпай істер оңаша тірлігіне тіреніш болары – дизель моторының қуатымен үш-төрт сағат қана жанар электр шамы керек кезінде сөніп қалатыны-ай. Бекзаттың ендігі бір тәңірге жалынары – көрші үйлердің әйнегінен самаладай боп жарқырап, өз үйіне кімнің кіріп, кімнің шыққанын саусақпен санап беретін электрдің жанбауы, моторы қақалып от алмай қалуы. Бағана Еріктің келгенін сезісімен-ақ, алдын-ала кам жасап, мотористің қойнына бір жарты арақ тығып жіберген. Соғыстан контузия алып оралған майдангердің «Дүние, кудым сені сегізімнен...» деген әнін Ерік те естіген. Демек, бүгін әр тұстан сайтанның отындай жылтылдаған шам болмаса, бұл ауылды көрдей қараңғылық басады. Қай үйдің шайы бұрын қайнаса, содан іше салатын және де кәсібі жеті күн елден, жеті күн жерден болып келетін қайсыбір сатушының әдетінше Бекзат та ошағының түтінін анда-санда ғана шығаратын. Салт басты, сабау қамшылы әйелдің бұл еркелігін Бек-Алқалықтар көтерер еді! Сынапша сусып, қолға қоныс таба бермейтін

тиын-тебен таусылып қалса, Бекзат та ауылдастарының әжетін ашып, көңілін қайтарған емес. Енді, міне, сол бір жылдан бері иесі жоқ иен үйдей – қайқайып қара басы тұрар бір бөлмелі ағаш баспананың ауласынан аспандап түгін шықты. Ерігіп отырған ел-жұртты елең еткізіп, ұрыны ұстап берер де осы – будақтаған бұйра түгін. Бірақ Бекзат жасқанған жоқ, өз рақатынан өзі бас тартпас әжет мінез, өр серпін қылықпен есік алдындағы жерошаққа кеше бригадирдің қатыны әкеліп берген етті асты. Өле алмай жүр дейсіз бе, мұндайда оның қулығына сыралғы ауылдастары аттап баспайтын; тек Бекзат білдірмегенсіп, көрші-қоландары байқамағанситын. Мұның өзі сырттай бақылаған кісіге жетесіз режиссер қойған нашар да сенімсіздеу спектакльге өте-мөте ұқсайтын. Басты рольде – Бекзат, көпшілік сахнада – ауыл адамдары... Күн батып, қас қарайды.

Моншаның әлі жанып біте қоймаған отты шалаларын «сирағынан» ұстап далаға бір-бірлеп лақтырды. Қорым ғып үйген қап-қара ыс басқан тастардың үстіндегі қазанда ысыған суға тау аршасының бір-екі талын тастады. Шомылатын, сабаланатын сөрелерді ақ жоңқасын шығара жуып-шайды. Үшқаттың қабығынан жасалған ысқышпен қайың сыбыртқы, хош иісті сабын, сандығынан жаңа ғана суырып алған әдемі гүлі бар қытайлық сүлгі әкеліп қойды. Ондық шамның білтесін басыңқырап еді, онсыз да қара моншаның іші қаракөлеңкеленіп, еркіннен тыс маужыратып, балқытар сиқырлы үнгірге айналған. Сосын өзі ышқырына қайыра қыстыра салған етегін түсіріп, қос мықынын таянып тұрып күрсінді. Іле-шала жылады.

Бұл кезде жер жарықтықтың алып түндігі іспетті қара көк аспанның түбі тесіліп, самсам жұлдыздар шыққан. Ауылдың кешкі қарбаласы сабасына түсіп, саябыр тауып, енді не істесендер де еріктеріңде дегендей тұншыққан түн басталған-ды. Тамыздың алғашқы аптасы өтіп, жаңа туған ай екінші жұманың аяғында ортасынан қақ тілген қауындай жартыкештене семіріп келе жатқан: қазір сонау қарабарқын таудың үстінде дәл, алдында арыстанша аузын ашқан, қарабауыр бұлттың өңешіне жым-жырт жылжыған еді. Анда-санда иесіне жарамсақтана шәу етіп еріншектене үрген иттің үні, ашқарақ па, балажан ба, қу мүйіз сиырдың озандаған мөңіренісі, үйіне кештетіп оралған ұры машинаның гүрілі, енесінен ажырап

қалды ма екен – шырқырап кісінеген құлын, ойда жоқ олжаға батқан мотористің өз ықтиярымен ессіз шырқап салған әні – бар-барлығы Алтай қойнауында момақан жатқан Бек-Алқаның тіршілік тынысын, жүрек соғысын білдіргені-ай. Ендігі сәтте жартыкеш ай әлгі арыстан-бұлттың арандай аузына кірген. Төңіректің жұқалтаң жарығы жоғалып, түнлігін жапқан киіз үйдей қоп-қою қомағай қараңғылық мендеген.

Осы мезетте жотадағы үйден ептеп басып, байырқалап тың-тыңдап омарташы жігіт те, монша жағып, зарыға күтіп отырған әйелге мысықтабандай беттеп келе жатыр еді.

– Аманбысың, азаматым! – Міне... осы екі-ақ, екі ғана сөз ғой Ерікті жер түбінен жеткізетін... «Аманбысың, азаматым!» – деген аһ ұрған ақ тілеуді естіген еркектің аман жүрмеуі мүмкін бе?! Өзекті жанға тіршілігіңнен мән-мазмұны тірнектеп жиған дүниені ғана емес, жаныңды жарылқар имандай сөз, тілеуқор көңілден ниет, өзінді өзгеден әлдеқайда жоғары қойып – төбесіне қойып бағалар әйелдің маздап жанған махаббаты екен-ау. Рас, рас, Ерік «аманбысың, азаматым!» деген демімен бетінді шарпыр шапақты лебізді тек қана Бекзаттан еститін. Ал ол осы асыл сөзді тек қана Ерікке айтатынына көзі жете ме...

«Баған дүкеннің бұрышында байлаулы тұрған ат кімдікі екен?»

– Терезенің пердесін жауып қой, сырттан қараған елге аквариумдағы балықтай көрінерміз, – деді де, Бекзаттың мойнына оралған білегінен босанды. Пердені жауып келген Бекзат жігітті тағы қатты қыса құшақтады да, оның түктенген бетіне өз бетін құшырлана үйкеп-үйкеп жіберді.

– Сағындым ғой, сағындырдың ғой, ара баққан арыстан.

– Сағынбасам іздеп келер ме едім алыстан! – Осы бір екіжақты есендесудің барысында өз-өзінен туып қалған болымсыз ұйқасқа жарыса күліп, мауықтарын баса алмай тұрып қалды.

– Есіктің ілгегін салдың ба? – деді өзімсінген Ерік.

– Жоқ. Әлі ерте... моншаға түсіп ал.

– Баста, ендеше...

Екеуі құшақтасқан күйі тас моншаға кірді. Есікті ашқанда, қамалып тұрған құп-құрғақ ыстықтың аптабы бетті шарпи сыртқа ұмтылған.

– Өртеп-ақ жаққан екенсің.

– Сенен немді аяйын. Сағыныштан шығар...

– Ыстыққа күйіп өлсін дегенің бе? – деп Ерік әзілдеген болды. Бірақ басқа-басқа, бұл жігітке әзіл айту жараспайтын. Балшықтан төртбұрыштап қолапайсыз соға салған секілді, төртбақ денесі селкілдеп рақаттана күлгенін естіген, суық та сұсты ақ сұр бетінің жайсандана жадырағанын көрген пенде жоқ-ау, әй, жоқ. Қытықсыз, қылаусыз жартастай болып жаратыла салған Ерік, өзге өзекті жан ішек-сілесі қатып күліп жатқанда, миығынан ғана сәл жымыып тұрып жүре беретін.

Асықпай шешіне бастады.

– Мен дастарқан жасай берейін, – деп шегіншектене шыға берген Бекзаттың иығынан ұстап, өзіне тартты.

– Қалсаңшы.

– Түу, қолыңның қаттысы-ай. Әуелі сен жуынып шық, содан соң...моншаның табына қайта келерміз, қазір тым ыстық қой. – Есікті жауып, ептеп басып шығып кетті.

«Мұның перінің қызы екені рас, – деп ойлады өне бойынан тер сорғалап, рақаттанып отырған омарташы. – Сұлулығы Айнаның ширегіне де келмейді, бірақ өзіне магнитше тартар сиқырлы ма екен. Егер ондай құдірет қолынан келсе, біржола өзіне басыбайлы байлап алмас па еді. Бәлкім, «қыз қылығымен» деген сөз рас шығар. Не алыстамайды, не тым-тым жақындатпайды. Бұл не сонда...»

– Менің сенен басқа ешкімім жоқ. Қазақтың «көзімді ашып

көргенім, аузымды ашып өпкенім» дейтіні осы шығар. Екі көзім

төрт болып бір жыл бойы күтемін. Тәңірім-ау, неге ғана екі-үш рет келмейді екенсің жылына...

– Жер шалғай, әйтпесе аптасына ат сабылтар едім. – Тыныштық. Сыбырласып, сырласқан төсектегілерден басқа күллі әлемнің жүрегі тоқтап қалғандай тым-тырыс. Моторист-майдангердің әләулайы таусылған ба, әлдебір бұрышта ұйықтап қалды ма екен – әйтеуір байғұс сап болған.

– Жасым ұлғайған сайын саған деген құштарлық құлпыра түскені несі екен?..

– Махаббат жас талғамайды, бақ бас талғамайды деген...

– Бұл өзің шығарған мақал ма? – Еркелей күліп Еріктің мұрнынан шымшыды.

– Мен шығарған мақал көп, әттен, жинап жүрер адам жоқ.
– Есінде ме, Ерік, мен сені алғаш көргенде «көзің неге шегір, біз секілді көре аласың ба, әлде саған көгеріп көріне ме» дегенім.

– Иә, сөйтіп қатырғансың. Ол кезде сен қыз едің...

– Кәрі қыз де... – Жігіттің кеудесіне басын қойды.

– Жүрегің аспай-саспай соғады, ал менікі тарсылдап аузымнан атып кеткелі тұр. Менің бір байқағаным: сен қатты қуана да, қатты қорқа да алмайтын секілдісің. Қанша құмар қандыра аймаласаң да, тұла бойыңнан салқындық сезем. Кез келген уақта бастап кез келген уақта аяқтай алатын...

– Мүмкін, – деді ендігі сәтті есінеп, көзіне ұйқы тығылып, маужырай бастаған Ерік. – Биыл бал сұраушылар көп пе?

Бекзат әңгіменің ауанынан ауа жайыла суық сұрақ қойған «арысына» сәл өкпелеп қалды, үндеген жоқ, мұрны пысылдап сұлық жата берді.

– Екі сума бал әкелдім – екі фляга шығатын шығар. Таза әрі мөлдір. Майский деп килограммын бес сомнан айда. Кім тексеріп, біліп жатыр.

– Тым болмаса жалғыз түніңді есеп-қисапар аластырмай қисаң еді. Дүниеде балдан да тәтті, балдан да қымбат нәрселер бар емес пе... Бал дегеніміз – араның боғы емес пе? – Жылады. Долылық қысып емес, нәзік өкпемен егіле булығып жым-жырт жылады. Оның жасқа толы жанарын аюдыкіндей алақанымен сипап сүртіп, тамағынан иіскеп мекіренген болды, бәрібір алғашқы сәттегідей күйіп-жанған жоқ, уату ырымы үшін жасалған жасанды да жарамсақ әрекет екенін Бекзат та сезген. Дегенмен, бұдан ары тоң-торыс болып, іргесін аулақ салуға дәті құрғыр шыдамаған, әйелдік әлсіздік жеңіп, өксіген күйі құшағына кіре берген. Еркегінен айырылып қалу – Бекзат үшін өліммен бірдей еді. Ал Ерік болса, әдеттегі салқын сабырымен асықпай, арпалысып, аптықпай, бүйірінде бүлкілдеп жатқан әйелді өзіне икемдеді.

Ертеңінде ерте тұрып кетуге ыңғайланған омарташы кеше кештен бері сары масадай ызындап, миын шаққан сұрағын қойды:

– Кеше дүкеннің алдында байлаулы тұрған шабдар аттың иесі кім?

– Білмеймін, – деді жиылмаған төсектің үстінде шашы

дудырап, ұйқылы-ояу, мең-зең отырған сатушы. – Аузы-басынан арақ сасыған біреу мініп келді де, менен бір шөлмек «Портвейн» сұрады. Бейшараның 45 тиыны жетпей қалды. Үсті-басы адам қарағысыз кір және жағымсыз иіс шығып тұрды. Тезірек құтылайын деп, ақшасы жетпесе де бере салдым. Ат байлаулы қалды. Өзі жоқ болып кетті. Қылығына қарағанда көрші ауылдан міне қашып келген-ау.

– Қисынды айттың.

– Сенбегенің бе?

– Не нәрсеге де күмәнмен қарау – әдетім.

– Сен баяғыдан осындай едің, ешкімге сенбейтінсің.

– Баяғымды баяндап беретіндей, төсек стажың толған жоқ еді ғой. Келгеніңе үшінші жаз.

– Білем деген кісіге ол аз уақыт емес... Неге сондай екенбіз?

– Қандай?

– Тойғаннан соң тоқтының еті топырақ татитынын айтамын да...

– Жә, тәжікелесіп қалармыз, үйіңе не сатып аласың, соны айт, – деп, орнынан тұрып киіне бастады. Осы шағын ғана аласалау үйдің дәл ортасында тіреуі секілді тұрған Ерік Бекзаттың жұмыр денесін жаңа көргендей қадала қарады. – Немене, бір түннің ішінде арықтатып тастадым деп тұрсың ба?

– Ей, осы жалт-жұлт мінезің, орып түсер тілің-ау менің дегбірімді алатын.

Екеуі екі босағаға сүйеніп, бір-біріне телміре тесіліп тұрып қалды.

– Мен енді сені қайтып көре алмайтын секілдімін. Бұл – ақырғы жолығуымыз ба деп қорқамын.

– Тұрмысқа шықпақсың ба? Әлде бұл ауылдан қашқалы жүрсің бе?

– Мен күйеуге тиген күні Бұқтырма теріс ағар. Ал қашу жағына келсек... мен өзіңнен сұрайын деп едім: осыншалық мол ақшаның керегі не, мүмкін, сен қашқалы жүрген шығарсың.

Бекзаттың сұрауы түйеден түскендей болды ма, Ерік жауап берместен түйіле ойланып тұрды. Тұрды да: «Ақша мен әйел ер азаматқа ешқашанда артықтық жасаған емес», – деп есікті оқыс ашып шыға жөнелді.

* * *

Ерік ауылдағы барлық шаруаларын тындырып, керек-жарағын түгендеп болған соң, түнде тоғай арасына арқандап қойған көкбестіні жетектеп өз үйіне келді. Қараса, қақпасы ашық қалған екен. Қайран қала, атын жетектеген күйі аулаға кірді. Көкбесті құлағын тіге қорс ете түсті. Тура есік алдында бүк түсіп ұйықтап жатқан алба-жұлба адамды енді ғана байқаған Ерік те сескене тұрып қалды. Көкбестіні байырқалата арқасынан қағып діңгекке байлады да, жетім балаша қол-аяғын бауырына ала бүрісіп жатқан маскүнемнің жанына жақындады. Үсті-басы адам көргісіз кір-қожалақ, ұзын болып өсіп кеткен шашы құйын ұрғандай дудырап білтеленген, кір басқан аяғына әбден тозығы жеткен бәтеңкені шұлықсыз сұға салған және өмірбақи шешпейтін болуы керек, бауы шиеленген, ауының, өңірінің бірде-бір түймесі салынбаған. Ең сұмдығы сол – жатқан жері, жамбасы су, астына жіберіп қойғанын сезбеген-ау, жазған. Көгеріп, көзінің асты көлкілдеп кеткен беті кісі танығысыз. Ерік тосырқап, әрі жиіркене қарап біраз тұрды да, аяғымен түрткілеп: «Ей, тұр, давай; әкеңнің төрінде жатқан жоқсың», – деді. Маскүнем оянған жоқ. Еңкейіп барып алқам-салқам жағасынан жұлқылады – былқ етер емес. «Мына нәлеттің түрі таныс» деп ойлады. Әсіресе, құс қанатындай иіле біткен қап-қара қасын көрген секілді. Үңіле жақындап еді, тұла бойынан мүңкіген жағымсыз иістен тыжырына шегініп кетті. «Қайдан көрдім?» Маскүнемнің оянар түрі жоқ. Үстіне сар еткізіп құя салатын маңайда су жоқ, амалсыз тағы да тепкілеп еді, болар-болмас ыңырсыды. «Е, әйтеуір, бойында жаны бар екен, әйтпесе мен өлтірді деп, пәле жабар еді».

Әрең дегенде басын қалқайтып отырғызды. Белгісіз адам әуелі «қайда жатырмын» дегендей жан-жағына кіржие қарады, содан соң ғана желкесін есіней қасып, жанарын Ерікке қадады.

– Құдай берді! – деп орнынан қуана тұрды. – Іздегенім сен едің! «Өлмегенге өлі балық» деген осы, Ерік. Аманбысың, кластасым?

Өзін құшақтағалы ұмтылған маскүнемнің кеудесінен жақтырмай итеріп қалғанда, ол тәлтіректеп барып тыраң ете түсті.

Көтерем сиырдай орнынан әрең көтерілген. Көтерілген соң буынын мықтап тұрып бекіте алды да:

– Танымай тұрмысың, Қарабауыр. Баяғы кезім болса, аяғыңды аспаннан келтірер едім, – деді. Оның әбден арақ өтіп лайланған көзі кең ашылып, қанталанып кеткен қарашығынан болар-болмас от – әлі де мүлдем сене қоймаған ашу ұшқыны, бәлкім, намыс шоғы жылтырады. Қара нардай қайқайып тұрған омарташының жұлындары дір етіп, бір түрлі сескеніп қалды. Осы сескеніс он шақты жылды араға салып барып, іздеп тауып алғанына қайран қалудан туған-ды. Қайран қалмасқа амалы жоқ еді, өйткені ол «Қарабауыр» деген намысын шабақтар сөзді жалғыз-ақ адамнан еститін және кек қайтаруға шамасы жетпей, бейамал күй кешіп іштей кектенетін және де анау иілген құс қанат қастың астындағы аялы қара көзде әмбе жылт еткен ұшқынды да бір-ақ жігіттен көрген, көрген сәтте ғана бас бермес асау мінезі пәс тартып, мысы басылатын. «Сол, – деп дауыстап жіберді. – Соның өзі. Таған ғой мынау!» Иә, оның алдында адамдық сиықтан айырылып, ербиіп тұрған маскүнем мектепте он жыл бойы бір партада отырған, Алматыда бес жыл қатар оқыған, аспирантураны тауысқан, ешкім жауырынын жерге тигізіп көрмеген жігіттің сұлтаны, қыз-келіншектің сырттаны Таған еді! «Құдай-ау, бұл қайдан жүр? Өлмеп пе еді?».

– Иә, мен әлі тірімін, Қарабауыр!– деген сөзден селк етіп, сасқалақтап ойын жинап алды.

– Мықты екенсің онда. – Басқа еш нәрсе аузына түсе қойған жоқ.

– Менің мықты екенімді білмеуші ме едің. Өлмегеніме қуансаң, басымды жаз, – деді ыржалақтап. Еріктің ес-ақылын жинаған осы сөз болды.

«Е, бәсе, неғып күшейіп кетті десем».

– Басыңды жазбақ түгіл, астауға құйып шомылдырайын. Тек айтқанымды істейсің, айдағаныма жүресің, айтақтағаныма үресің.

– Көк есегің болайын, көкетай. – Шөге түсіп аяғынан құшақтады. – Зекетіңмін. Құлыңмын.

«Әбден біткен екенсің, Қарабура» (Бұл Тағанның бір кездегі лақап аты еді. Бүгінде оны ешкім де бұлай атап, әспенсітпейді). Адамдықтан кері азып, маймылға айналып-ақ кеткен екенсің».

Қолы-басы дірілдеп, аш аруақ секілді еңбектеп жүрген мүскін, расында да, орангутанға өте-мөте ұқсап кеткен.

– Жә, тұр енді.– Тері қоржынды ақтарып, вертолетпен оқта-текте ұшып келіп тұрар бастықтарға арнап ала салған көкмойын шөлмектің бірін күнге шағылыстыра суырып алғанда, мойын тамыры білеудей маскүнем тобықтай жұтқыншағы бүлкілдеп, көзі бағжаң ете қалды. Кеберсіген быт-шыт ернін жалап, жараның орнындай үдірейген ұясына кіріп кеткен көзі жыпылық қағып еңіреп жіберген.

– Құлың болайын, Ерікжан.

Сұқ саусағымен бір нұқып қаңылтыр тығынды ішіне кіргізе ашып лақтырып жіберіп Тағанға: – Аш аузыңды, – деді. Анау бөбежігі көрінгенше адырайта аузын ашты. Жуылмай, аттың тісінше түбі қарайып кеткен тісін ақсита, қып-қызыл болып үнірейте ырситқан өңешіне бүлк-бүлк құйып еді, ашырқанған да, шашалған да жоқ. Ерік таң қалды.

– Тағы да, – деді Таған тамсана ұмтылып. – Тағы да бірер тамыз. Ағынан гөрі қызылы тәуір еді.

«Иттің ішіне сары май жақпайды» деген-ау. Дегенмен, осы Қарабураны өзі айтқандай көк есек ретінде пайдалансам қайтер еді». Омарташы өз ойына өзі қуанды. «Бич! Иә, иә, кез келген бичті жұмысқа бишіксіз-ақ салар күш – арақ-шарап. Анамның ағаш күбісіне бал сыра ашытып, күніне бір литр жұтқызып қойса, бар жұмысты осы атқармай ма? Табылған ақыл».

– Ей, Қарабура, сен маған еріп жүр. Аузыңнан арақ, алдыңнан тамақ кетпейді.

– Рас айтасың ба, алдамайсың ба? – деді екі көзімен Еріктің қолындағы шөлмекті ішіп-жей. – Иен таудың басында арақ заводың бар ма?

– Арақ заводы жоқ болса да, сыра заводы бар. Шырмауық салып қайнатқан Алтайдың бал сырасы грузиндердің виносынан кем деп кім айтты.

– Да, да, – деп тамсанды. – Медеуха... ішкенмін... Айда, ердім соныңнан, милициясы, дружиннигі, он бес тәулігі жоқ бостандыққа аттанайық. Тек анауыңнан тағы бір жұткыз.

– Жұтасың, осының бәрі сенікі, мен ішіп жатқам жоқ. Ол аз десең, мына сумканың іші толған сенің горючиің...

– Құлдығың болайын, Ерікжан. Білемін, сен бала кезіңнен ішпейтінсің. Мен дайынмын, бірақ... Көрші ауылдан мініп кеткен атты иесіне қайтару керек еді...

«Құлым болатының рас, – деп ойлады көкбестіні шығарып, қақпаны мықтап жауып тұрған Ерік. – Сасық сары сырамен суара берсем, Қатын суына көпір салып берерсің».

– Ауыл арасы жақын, атты өздері-ақ іздеп тауып алады, сайтан алады дейсің бе, сойып жейтін сорпалығы да жоқ. Кеттік, – деді. Шөлмектегі аштыдан тағы бір ұрттатты да, ауызын тығындап, қоржынына салды. Атқа қонды. «Шашты» деп аталатын асуға қарай желе-жорта жөнелгенде, маскүнем жігіт аңшының соңынан ерген тазы иттей жаяу сүмеңдеп еді. Ол қалжырап қалыңқырап қойғанда, басын шұлғи аяндаған көкбестінің тізгінін тартып аялдатады да, енді-енді құйрық тістесті-ау деген кезде тақымын қыса сау желе жөнелтеді. Асудың дәл алқымына тақалғанда, аттан түсіп, жан тері шыға ентіккен бала кезгі досына, қазіргі «құлына» арақтан молырақ ішкізді.

– Сені аттың артына мінгестіре алмаймын. Жол ұзақ, тау биік, жас мал еңгезердей екі жігітті көтере алмай қызылмай болып, өкпесі күйіп кетеді. Біздер қайбір қаңбақтай жеңіл едік. Екеуіміз де бұрынғы палуанбыз. Қазақша күрестен... – деп мысқылдады. Оның жатыпатар әжуасын ұғар шама Тағанда жоқ еді. Көз алдында көлбеңдеген арақ-сайқал ғана ежелден қалмай келе жатқан көңілдесіндей қылмындап, көзін қысып жымындап жетелейді-ай, дедектетті-ай. Әлсін-әлі өз-өзінен шөлдеп, құрғап, өз-өзінен жыбырлап жоқтан өзгені дәмәтіп тұрар өнеш, құлағына «іш-іш» деп сыбырлап тұрар азғырынды «ақсайтан», тамырынан қан емес, әбден ішімдікке айналып кеткен ап-ашы бір нәрсе жүріп, шаршаған, жүдеген, тозған жүрек – бар-барлығы кейде істеп, кейде істемей қалар милау бастың басқаруымен екі аяқты сорлатып келе жатыр еді; Тағанның он екі мүшесі, бүкіл адамдық ағзасы азып, басшысы есалаң да есерсоқ шашылып кеткен шаруашылық сынды кетеуі кете, әбден шамасынан айырыла шалдыққан еді; бұл шақтағы оның организмі Гитлер тұсындағы Германия секілді зобалаң зорлықтан, орынсыз шабуылдан, жындысүрей қатыгез жүрістен титықтаған еді; егер аттың құйрығына бір шөлмек арақ байлап артыңнан ертіп отырсаң, Таған сияқты маскүнемдердің етпеттеп түсіп, жер тырмалап қалғанша салпақтары сөзсіз еді...

Көкбестінің төс айылын тартып, өмілдірігін тарылтып болған соң, Ерік атқа қайта қонды. Жағасы жайлауда, мойны сорайып, эрозияға ұшыраған даладай сортаңданған бетінен айғыз-айғыз тер сорғалаған Қарабура да ербиіп орнынан тұрды.

– Менен көз жазып қалма, – деді артына бұрылып Ерік.

– Қап тауын асып кетсең де, іздеп табамын, – деді Таған.

– Сенің иісшіл ит екенінді баяғыдан білемін, – деді Ерік.

– Сенің атақты аңқос екенінді мен де білемін... Бірақ екеуіміз де жетісіп келе жатқан жоқпыз. Бірдейміз.

– Неге? – деп таңырқай сұрады ерге бір жамбастай артына қарап отырған омарташы.

– Былтыр ЛТП-да емделгенім бар еді. Сонда деймін-ау... Сонда қоршауда жүрген маскүнемдер де, сол маскүнемдерді сырттай бақылап күзететіндер де қашып та, ешқайда ұзап та кете алмайтын. Айырмасы біреу – іште, екіншісі – сыртта.

Ерік ләм деп жауап берген жоқ. «Мына иттің ақылы азбаған ба, – деп ойлады. – Оны омартаға барғанда тексеріп көрерміз. Дегенмен, намысын орынсыз найзаламай, алдап жұмсау керек-ау. Мұндайлар артына қарамай кекшіл келеді. Ашуланған күні үйімді өртеп кетіп жүрер» Арттан: – Өзегім өртеніп барады, – деп қурайға қақалғандай қарлыққан үн естілді.

– Асудың үстіне шыққан соң, тамақ жібітеміз. Шыда, – деді де, атын сипай қамшылады.

Шаштының үстіне алдымен шыққан Ерік сонау етекке таман бір отырып, бір жүріп, әйтеуір, жансебілділікпен өрге қарай ілби тырмысқан мүсәпірге қарап басын шайқады: «Қандай сор екен айдап келе жатқан. Биік мансап, ұлы мақсатқа өрлеп келе жатқандай жанталасуын бейшараның...»

Таудың үстінде желемік бар. Осы өңірдің «Үстіне шапқан жолдың шыға келсем, алдымнан самал салқын соғады-ай жел» деп, өлеңге қосар сабырлы самалы осы. Бұдан былай жасыл түсті жайлаудың шыбынсыз жазы басталады: не дірілдеп жаурамайсың, не пысынап ыстықтамайсың, «ойхой, дүние – серуен, адам бір көшкен – керуен» деп, қымызға қызған қазақтардың мұңсыз-қамсыз, қарқ-қарқ күліп, малдас құрып, кеңес ашып отырар жұмағы да осы; әзірше техниканың иісі тимей, құйқасы тың, ағашы асқақ, шалғыны жайқалып, хош иісті гүлі бұрқырап, бұлақтары саркылмай сарқырап тұрған да

– осынау кең қонысты, бейбіт өрісті Шабанбай жайлауы еді. Омарташы жігітті алтыны қалғандай асықтыратын, алыстау ұзап кеткенде, үзілмес сағынышпен өзіне шақыратын да анау көкке шоқтығы тиіп, үстінен қарға ұшырмай жатқан көкмұнар таулар, көз қытықтар көркем көріністер еді. Туған жерінің қайталанбас әдемілігі, бейне бір, ән салып тұрғандай жаныңды жаңғыртар әулиелігі әсте жалықтырған емес, қайта мың жылда да тізгін үзіп кетпес ынтызар сиқырмен байлап-матап тастағандай еді. Еріктің табиғи қалпын сақтап, жараған аттай жайсаң қуат берген Алтайдың тылсым тыныштығында қаздай қалқып, үйректей жүзіп жүрген жайы бар.

Оның маужырап кеткен мамыра ойын Тағанның ыр-ыр еткен ендікпе үні бұзды. Аяқ жағына кеудесі әбден титықтап сырылдаған аш аруақ келіп құлады.

– Ұрттат анауынды... өлтірмесең!

2

Атақты «Мұзтау» деп аталатын шың Алтайдың мәңгі жығылмас, шаңырағы шайқалмас ақ отауы сынды еді. Міне, осынау шілденің ми қайнатар ыстығында пұшпағы шетінемей жататын, мұз құрсаулы шыңның алқымынан бұлақ болып басталып, арыны қатты арқыраған өзенге айналатын суды жергілікті қазақтар «Қатын суы» деп атағалы қа-а-а-ша-ан, одан бері де мың жыл өткен шығар-ау. Сол, әсіресе, бас жағы ақ айран болып басталып, Таулы Алтай өлкесіне жақындағанда, тау-таудың омырауынан сандаған бұлақ саулап қосылып мөлдірленіп барып Обьқа құятын ағынды өзеннің солтүстігін алтайлықтар, оңтүстігін қазақтар жайлайтын. Қатын-Қарағай ауданы мен оған іргелес Үлкен-Нарын ауданының үйір-үйір жылқысы, қора-қора қойы, табын-табын сиыры жаз бойы емін-еркін шүйгіндеп, тау басына алғашқы қар түскенде ғана етекке мамырлай көшуші еді. Міне, сол Қатын суына Тихой (Тихая) өзені келіп құятын. Осы бір шағын өзеннің ерекшелігі сол, Алтайдан мұқым өзен күнбатысқа бет алса, «Тихой» керісінше терең сайды қуалап күншығысқа ағатын. Өрге қарай аққан өзен тоқтап тұрған су секілді толқынсыз, айғай-шусыз, жым-жырт жатар еді. Бәлкім, сондықтан да «Момақан» деп атап кеткен секілді. Қатынға құйған Момақанның мөлдір суы біразға дейін ашулы өзеннің аққұла суына қосылмай, түсін бұзбастан

қатарласа – жағаласа ағып барып, күштінің ырқына көнгендей өз бояуынан, өз келбетінен, өз тағдырынан айырылатын жарықтық. Дәл осы үлкенді-кішілі екі өзеннің құйылысындағы алақандай жазықта ағаштан қиып салған керіскедей үй тұр. Арпалысқан әлемнің әлегінен, даңғаза да мазасыз тіршілігінен қашып келіп немесе ұлы шерулі көштен адасып қалып, жападан-жалғыз қалған бұл үйдің иесі – біз жоғарыда әңгіме еткен, Ерік есімді омарташы жігіт. Алматыдағы дене тәрбиесі институтын бітірген, күрестен спорт шебері Еріктің жалпақ дүниенің барлық қызығынан жеріп, атты адам араға бір қонып, (онда да жаз айында, қыста жан баласы қатынай алмайды) әрең жетер ит өлген жерге кетуінің сырын ешкім де білмейді. Бұл үйдің ала жаздай анда-санда келіп тұрар жалғыз-ақ қонағы бар. Ол – орманды өрттен қорғаушы, вертолетші жігіт Прохор Александрович Лаптев. Омарташы мемлекетке тапсырар балды осы кісіден беріп жіберетін және Үлкен Жермен арадағы байланыс тек Лаптев арқылы жасалар еді.

Қазір мұнда бұрынғыдан ары тыныштық. Қатын суының гүрілі осы өңірдің ешқашан толастамас музыкасы секілді еді. Зейін қоймай тыңдаған адамға тек жалғыз-ақ әуенмен құлақты тұндыра шуылдағанымен, сан түрлі ғажап үн шығаратын; айталық, көктем туып, ақ жал толқындарын аспанға лақтыра тасығандағы арқыраған даусын қазіргі тамылжыған тамыздағы орташа екпінмен аққан сырылына ұқсатуға бола ма; ол, күз туа, жуасып қоңыр әуенге басса, қыс айында қысыла қиңсылаған күбір-сыбырға көшетін. Бұл өзен қандай қатты аязда қатып көрген жоқ, тек жағалауындағы суға тағзым ете бас иіп, тамырына ілініп малынып жататын ағаштар мен жардың жиегі ғана мұз моншақ тағынып, жылт етіп күннің көзі шықса, қыз өңіріндегі маржандай жылтырайтын. Қатын суының ағыс-үніне үйренген адам басқа жерге барса, түн баласында өзеннің гүріліне үйреніп алғаны сонша, көз ілмеуші еді. Ал бөтеннен келген кісі бұл үйде ұйықтай алмайтын. Табиғат иеміз бар байлығын үйіп-төге салған түкпірдің өз қызығы, өз азығы өзінде, қоғамдасқан өмірдің заңынсыз-ақ өгейсімей ғұмыр кешіп жатар еді. Дегенмен, осы «сен тимесең, мен тимен» оңаша да, бейбіт тірлік те, жұмыр басты пенде екені рас болса, жанын жеп, жалықтырады-ай; жүрек сыздатар сағыныштың, дабырласып сөйлесер, айғайласып ұрсысар көршінің мінез-

құлқын, қол беріп амандасар қошеметін, қарасы бар, ағы бар адамдардың сан түрлі бет-жүзін көксіп мұңға батырады-ай... Бәрінен де бұрын ес біліп, етек жапқалы, барлық ғұмырын қадірлі халқы, жағалай жұртымен өткізіп, «көппен көрген ұлы той» деген ұлағатты сөзі имандай тұтып келген Еріктің шешесі Нюра Фадеевнаға да қиын тиді. Ал Еріктің жары Айнаға Қап тауын асып кетсе де бәрібір, күйеуі қайда – бұл сонда, қосағымен қоса ағарудан өзге арман да, мақсат та жоқ. Тау қойнауындағы жалғыз үйдің күйбің-күйбің шаруасы жалықтырған емес, белі талып шаршаған да емес. Күйеуі әр жылдың осы мезгілінде ауылға аттанып, ұшқан құстың қанаты талып әрең жетер құзар таудың басында енесі екеуі ғана қалатын. Енесі жасы ұлғайған адам, оның үстіне, міне, жарты жыл болды саржамбас күй кешіп, төсек тартқан сал ауру, екі аяғын баса алмайды, оның асты-үстін тазалап, тамағын әзірлеп, сусын жұтқызып отыру да Айнаның мойнында. Ара бағу – қолы білген адамға әуресі жоқ таза жұмыс: өздері жайылады, өздері еңбектенеді, өзін ғана емес өзгені де асырайды, тек уағында тексеріп, дер кезінде балын жинап, ауру-сырқаудан сақтасаң, шаш-етектен байлыққа батырар берекелі шаруа. Бірақ бұл үйде ара өсіруден басқа да тіршіліктің көзі мол. Тайынша, торпағын қоса есептегенде, оннан аса сиыр малы, бес-алты жылқы, елу шақты қойдың қысқы азығын дайындаудың өзі-ақ ерлі-зайыптыларды сүріндіріп жығатын. Әсіресе, бірер күн ғана ашылып, қалған мезгілде төпелеп жаңбыры құйып тұрар өлкенің шөбін шірітпей, қораға үйіп алудан азапты жұмыс жоқ. Қоғадай болып бойлап өсе беретін балдырлы шалғынның малға жұғымы аз қырдың бір түп күреңсесіне бір шөмелесі татымайтын қурайлы келеді, сондықтан да мая-мая пішен дайындамасқа лажың жоқ. Әуелі қос тігіп, шабылған пішенді соның үстіне үйгенде ғана, шірітпей кептіріп алар еді. Екі-үш күннен бері ғана қабағы ашылған күннің әр сағатын пайдаланып қалу үшін жалғыз өзі жанталасқан Айна ертеңнен қара кешке дейін тыным таппай шөп үйеді. Оның ара-арасында үш биенің алты-жеті уақ сауымы бар. Қас қылғандай күннің дәл Ерік кеткенде шайдай ашылғанына налыды. Ал енесінен қайран жоқ, қайта-қайта үйге жүгіріп несебін тазалап, тамағын беріп, әуре-сарсаңға түсіп жүр. Талай жылдан бері шындап шаршағаны да осы шығар. Екі иіні талып, арқасы удай ашып,

екі алақаны меп табаны күйіп, түні бойы ұйықтай алмады. Бір жағынан кемпірдің де аһылап-үһілегені, өз-өзімен күбірлеп сөйлегені, «құдай-ау, неге алмайсың» деп зарлағаны бұған да запыран болып тиіп, көрер таңды көзімен атқызар еді. Отыздан асса да өңін бермеген сұңғақ бойлы, үлкен қара көзді, ақ құба, дөңгелек жүзді Айнаның келбеті екі-ақ күнде кеспірсізденіп, соғыс кезіндегі әйелдердің кебін киген-ді.

Таудың күні тез батады, жай шығады. Бүгін де күнгеі жалаңаштанып, теріс қарап ұйықтап жатқан алып аюдай дөңкиген таудың ар жағынан ыңырана көтеріліп, ең әуелі қарағай, самырсындардың қыл үшін жалап, қарсы таудың беткейін қыздырып барып, айлақтағы жалғыз үйдің терезесін тілгілеген.

Айна әдеттегіден де ерте тұрды. Есік алдындағы үстін шатырлап, қолдан қалап қойған пешке от жақты, пештің үстіндегі шойын қазанға су құйды. Беті-қолын жуып, тілер-сегіне түсетін шашын тарап, төбесіне түйді. Табиғат сыйға тартқан көл-көсір мол шаштың ұйысқанын жазып, тарап өруден қиын нәрсе жоқ-ты. Ыза болған күні кесіп тастамаққа сан рет оқталса да, енесі: «Қайшыңды жалақтаппа, мен өлген күні қиясын», – деп келісімін бермейтін. Енесінің сөзін екі етпейтін Айна лажы таусылып, «қойдым, апа, қойдым» деп бетінен сүйетін. Ене мен келін арасындағы сыйластыққа толы қарым-қатынас әншейін үлкенді-кішінің ізет тұтуы ғана емес, жо-жоқ, одан гөрі терең де телегей шын жақсы көруге ұласқан сүйіспеншілік еді: сондықтан да абысындардай сырласатын, шешесі мен қызындай сыйласатын. «Құдайға күнәлі болсам да, ұлымнан гөрі сені жақсы көрем, келінжан» деп, Ньюра кемпір айналып-толғанатын.

Айнаның құлағы Қатын суының күркіріне, анау қаз-қатар тізілген ағаш жәшікте дамыл таппай бір кіріп, бір шығып гуілдеген араның ызыңына әбден үйренген. Қора жақта әтеш шақырып, тауық қыт-қыттап жүр. Нарын ауданындағы құс фермасынан вертолетші жігіт әкеліп берген бройлер текті он балапан бүгінде ұрық шашып, отыздан асып кеткен ақарлы-шақарлы «семья». Тайғаның арасындағы ақ тауықтардың көбейіп кеткені сонша, адам ауқатынан асып, өз жұмыртқасын өзіне беретін. Жапандағы жалғыз үйде ішіп-жеудің небір түр-түрі ырғын, ас та төк – ит басына іркіт төгіліп жататын. Тіпті

тауда өмір бақи өспейтін көкөніс, жеміс-жидекке дейін Прохор Александрович Зырянь қаласынан қап-қап қылып жеткізіп тастайтын.

Пештің үстіндегі қазандағы су жылыған соң, жез құманға құйып Нүрке кемпірге (ауылдастары Нюраны Нүрке деп атап кеткен) апарды. Ол ояу еді. Кәріліктен бе, әлде екі аяғы сырқырап тынышын ала ма, әтеш алғаш шақырғаннан-ақ, қыбырлап, жөткірініп ояу жататын. Темір төсегінің аяқ жағына байлап қойған қайыс белдеуден тартып басын көтерді. Айна да жастығынан демеп, арқасын тиянақтап қойды.

– Шүкір, күн бүгін де ашық екен, – деді Нүрке кемпір келіні құйған шым-шым сумен беті-қолын жуып.

– Иә, шайдай ашық, апа.

– Жалғыз өзіңе қиын болды-ау. Менің түрім болса мынау, тобанаық болып ас ішіп, аяқ босатқан.

– О не дегеніңіз, апа, осы күніңізге зар болып қиналмасақ. Ерік бүгін келер.

Нүрке кемпір сау кезінде дәрет алып, намаз оқып әдеттенгендіктен бе, ұзақ жуынатын. Бір қолымен жез легенді, екінші қолымен жез құманды ұстап тұрған Айна енесінің осына туасы біткен кірпияз тазалығына таң қалатын әрі сүйсінетін. Қазір де сәл жымыып, асықпай су құйып тұр.

– Рақмет, Айнаш! – деді қос білегін, бет-аузын асықпай сырбаздай сүрткен Нүрке. – Дүниеде өз аяғыңмен барып дүзге отырғаннан артық арман бар ма екен. Жас балаша астыңа жаялық төсетіп, артық-ауысты саған тасытып...

– Ештеңе етпес, апа, – деп енесінің сөзін бөлді. – Жұғып қалар дейсіз бе? Осындай жұмысты арамсынбай-ақ атқарып, жанын сақтайтын адамдар бар емес пе. Әлі-ақ жазылып кетесіз... маған шөп жиысасыз...

– Енді қайтып тұрмасымды білемін...

Шай жасалды. Ене мен келін бабымен сораптап ұзақ ішті. Екі иінінен дем алып, қарағайдың қызулы шоғына қайнаған самаурынның оттығы жылтырап, бүлк-бүлк қайнап тұр. – Прохорға мың да бір рақмет, – деді Нүрке, – үнді шайын үзген жоқ.

– Расында да, дәндеп алыпмыз. Дегенмен, осы «үндінің» өзі қымбатқа түсіп жүр-ау деймін.

Шалқалай ашық тұрған есіктен Қатын суының ақ жал

толқыны көрінеді. Оның ар жағында беткейіне арша аралас бұта-қараған өскен тау, таудың қыр желкесінен жалдана өскен орманның ұштары шалынады. Қаңғылектеген ара кірді үйге. Әуелі айнала ұшып барлау жасап, тіміскілеп жемтік іздеді, содан соң стол үстіндегі мөлдіреген балды төңіректеді. Шай ішіп отырғандар осынау үйреншікті «түліктері» шығады-ау деп сескенбеді, жасқап үркіткен де жоқ. Ара өз қалдығын жаңа көргендей ұшқалақтана ұшып келді де, бал сауыттың ішіне қона қалған. Қонғаны бар болсын қоймалжың тәттіге белшесінен батып, тырбаңдады дерсің. Айна ептеп қана қанатынан көтеріп алып, тиместен есік алдына шығарып тастады.

– Араның адамнан айырмасы болсайшы, – деді осы көріністі мұқият мұғдарлап отырған кемпір. – Жиған байлығың да бал секілді. Күндердің күні малтығып өлесің.

– Айырмасы көп, апа, – деді ыдыс-аяқты самаурында қалған ыстық сумен жуып отырған Айна. – Араның байлығы адамдар үшін, ал біздікі... біздікі өзіміз үшін ғана.

– Тек түбі тыныш болсын де... Күні ертең жиған-тергеніңе ие болар ұрпағың жоқ болған соң, дүние-боқтың керегі не? Шыр еткенге зар қылған тәңірдің тәлкегіне не дауа...

Айқара ашылған есіктен анау жап-жасыл тауға қарап отырған көк көз кемпірдің қоламан бастаған тозыңқы жанарында кісі аяйтын арманға толы мұңбар еді. Күн шалмай қағаздай ағарған, әбден әжім айғыздаған жүзі сазара қатып, ерні дірілдеді. Келіні апасының аузынан шыққан осы бір өкінішке, өкпеге толы алғашқы сөзді тосырқай тыңдап отырды да, дастарқанды толық жинамастан асығыс шыға жөнелді. «Албасты басып, алжып отырмын ба, қайдан ғана айтып едім», – деп өзіне-өзі ұрысты Нүрке кемпір.

– Жас балаша мәпелеп баққан келінімді ренжітіп алдым-ау. Бала деген немене... итте де, құста да бар. «Жақсыдан жаман туар – бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туар – адам айтса нанғысыз» деген емес пе бұрынғылар. Ол жылбысқы кім білсін кім боп туарын. Әкесінің сақалына жармасқандарды да талай көргенбіз. Апыр-ай, Айнашжан өкпелеп қалды-ау...»

Айнашжан енесіне тіпті де өкпелеген жоқ еді. Сол жүгіре шыққан қалпы қазықтың басында ілулі тұрған ноқтаны білегіне іле салып, таңғы салқынмен жайылып жүрген жылқыларға барды. Жануарлар жатырқаған жоқ. Енесінен туа

салып, Айнашқа үйренген құлындар да тырағайлап қашпай, ноқталауына көнген. Екеуін бірдей енелеріне қосақтады да, арқан бойы көтеріліп қалған күнге көзін қарықтыра бір қарап пішендікке беттеді. Тобықтан түскен шық алғашқы жылумен жылтылдай ағып, кербезде не кешіп келе жатқан келіншектің балтырын сулады. Шөп әлі кебе қойған жоқ, енді бірер сағаттан соң ғана жиюға жарайды. Айна асығыс аққан өзеннің жағасына жақындады. Жардың жиегінде Ерік орнатқан тақтай орындық бар еді, оның бетін де шық басып дымданып тұр екен, алақанымен бір сипады да, отыра кетті. Бұл – Айнаның үйреншікті жері. Рас, енесіне реніш білдірмеді. Бірақ көңілінде көптен бері көлеңкелі тартқан уайым бар, көбеңсіп жатқан күдік бар, жалғыз-ақ ырғақпен өтіп бара жатқан өмірінің өткенді қойып, жыл өткен сайын өрши түскен өксігі бар. Бар! Одан құтылудың жолын таба алмаған. Таба алмаған соң, істеген сайын таусылмай балалай беретін жұмысты алданыш етер еді; одан да жалыққандай, анда-санда жар жағасына келіп, өзеннің асау ағысына қарап түпсіз терең ойға батар еді; түпсіз терең ой мұны Алтайдан алысқа, студенттік шағы өткен Алматыға алып кетер еді.

Түпсіз ойдың тұңғиығына тұншыққан Айна қайтадан бетіне қалқып шыға алмай ұзақ отырды. Көзден де, көңілден де баяғыша қашандап кеткен жастық дәурен – қыз кезі, бірге өсіп, біте қайнасқан достары, туған-туысқандары есіне түсті. Қыздар институтының жаратылыстану факультетінде оқып жүрген шақта, қолаң шашын қос бұрымдап өріп, жанынан өткен адамды жалт қаратар сұлулығымен талайды таң қалдырмап па еді... Құрбылары шашын қиып күзеген байталдай болып жүргенде, хас мандайдан қақ жарып тарап, бір талын шашау шығармай өрген шашын жалау ғып жайнап, жігіт біткеннің аузының суын құртқан. Жас жігіттерді қойып, анау жағрапия пәнінен сабақ беретін бурыл шашты ағайды айтсаңшы... Сұғын қадап қырындап, сабақтың артынан алып қалып, зачет қоймай қиғылық салды емес пе. Қазақ мұғалімдерінің осы бір сүйеккесінді сүйкімсіз әдеті, әсіресе, Айнаның жынына тиетін. Әлгі бурыл шаш қыр соңынан қалмаған соң, институтты тастауға мәжбүр болған. АХБК-ға жұмысқа орналасты. Сөйтіп жүріп оқуға өте кеш түскен өзінен ересек Ерікпен танысты. Айтып-айтпай не керек, Ерік әдемі еді ғой: қара торы, сұңғақ, бәрінен

де көзі – азиялық әлпетіне ойда-жоқта орналасқан европалық көгілдір тартқан көзі мен қара бұйра шашы... Екеуі қолтықтасып қатар келе жатқанда, көлде жүзген аққудай аса жарасатын, дос-жарандарының бәрі қызыға да қызғана қарайтын. Ерік күресті қойған соң ғана, төртпақтанып толып кетті ғой... Оқу бітірген жылы үйленді. Ерік аудан орталығындағы спорт мектебіне орналасқанда, дипломы жоқ Айна интернатта тәрбиеші болды. Осылайша он жыл өмірлері оңды-солды, мән-мағынасыз өте шыққан екен. Мамандықтарын тастап ара бағып кеткендеріне де осы жазда бес жыл толған. Тәңірім-ау, сонда не қызық көрді? Көрер қызығымыз алда дейін десе, өзі отыздан асып, Ерік қырыққа толыпты. Баяғыда бір шал кемпіріне «кешке берген айраныңды ұрайын» деген екен ендеше, ғұмырының аяулы шағы ертеңге ауып, сарықарын тартар шақтағы қонған бақтың, қоңсыған байлықтың керегі бар ма өзі...

Айна артына бұрылып еді. Момақан өзеннің жағалауында бірігіп жайылып жүрген жылқы, сиыр, қойларды көрді. Таңғы салқынмен шық суына малынған шөпті сонылап кәперсіз оттайды. «Әй, осы малдан айырмам шамалы-ау менің» деп ойлады. Өзіне бүгін төтеден ұялаған азғырынды ойдан арылығысы келді ме, Қатын суын тізеге дейін кешіп барып, мұздай суды бетіне шашты. Алыстан, биіктеу тұстан қараған адамға жалаң аяғымен етегін түре су кешкен келіншек, қынарын қалың қайың, тал, толан-топшы, шырша-самырсын көмкерген өзен, анау кәперсіз жайылған төрт түлік, түтіні будақтаған ағаш үй, жыпырлаған араның ұясы – бәрі-бәрі ертектегідей ересен әдемі еді. Қатын суы қаншалықты қазымырлана бұлқынғанмен, соншалықты сұлу еді. Сайқал... Жек көре тұрып, есіңнен жаңылып еріксіз ғашық боласың... жақындасаң ажал бүріккен ақ жал толқыннан шошынасың әрі құмарпаз құштарлықпен жақсы көресің. Сұп-суық суынан тісіңнің сырқырағанына қарамай қомағайлана жұтасың. Әлгінде ғана үнді шайына қанғанына қарамастан, Айна да уысын толтыра жұтып-жұтып жіберген. Әйелінің осы бір әдетін Ерік қойдыра алмай-ақ қойды. Не ішіп, не жесе де, өзенге қарай тура жүгірер еді, өзен суынан бір ұрттамай, шөлі де, құмары да қанбас-ты. Иә, бұл жерде бәрі таза барлығына бостандық, тек торға қамалған тауықтар ғана қыт-қыттап кең дүниенің еркіндігін сағынатын тәрізді, бірақ «ой-хой, дүниеде бостандықты сағынғандар тым көп еді. Бұл

жалғандағы ең сорлы нәрсе – өзінді өзің тұтқындау, өзіңнен өзің қашып құтыла алмау, бұған дейінгі жиіркенішті әрі жаныңды жарылқамай жаралайтын ойсыз қылықтарың мен опасыз әрекеттеріңнен құлан-таза арыла алмау немесе тазалықтың нарқын бағамдай отырып, рухыңа, болмысыңа, тіпті, тәңірім-ау, табиғатыңа жат оғаштықтың ортасында сүнгілесіп жүру емес пе? Рас, Айнаның жан сарайы аздаң жауған қардай таза, тұманың суындай мөлдір, балиғатқа толмаған баладай аңқау да адал, жақсы мен жаманның, сұлулық пен сұмдықтың аражігін ажыратып, өмір екеш өмірдің өміршендігі мен өшпенділігін де саналай алатын зейін бар; өзіндік көзқарас пен пайымы да жетерлік; олай болса неге ғана арқандаулы аттай өзімшілдігі басым өгей өмірді таңдады екен; неге ғана бұйығы тірліктің бұйдасын үзіп, мынау бәрі бар, бірақ еш нәрсе жоқ шыңырауда шыңғыра бермей, шырқау биікке ұмтылмайды екен; неге ғана... неге ғана... Пенде дегеніміз – жалғыз-ақ адамның, мысалы, Еріктің жалауын көтеріп, көңтері ғұмыр кешсе айып па? Қайда-а-аан білейін...

Үлкен ойдың жетегінде жүріп құлындарды нокталады; үлкен ойдың жетегінде жүріп сиыр сауды; үлкен ойдың жетегінде жүріп самаурынға су құйып, шоқ салды; үлкен ойдың жетегінде жүріп барлық шаруаны тындырды... күн қыза, дестедегі шөпті жинай бастады. Әуелі әр дестені бір жерге шүйкелеп үйді. Содан соң биыл қара басып қысыр қалған кер биені жегіп, әлгі пішенді сүйретпеге салды. Кеше төбесі шықпай, жапырайып қалған шөмелеге тасымалдай бастаған. Шық суынан әлі де арыла алмай дымқыл тартқан пішен тырма мен айырдың илеуіне түсіп, ары-бері аударыстыра келгенде өз-өзінен дегдіп қалған. Осы қарекетпен түске дейін жан дәрмен кимылдаған Айна шаруасын іркіп, үйге барды. Енесі мұны жайдары қарсы алды. Таңертең шай үстінде оқыстан айтып қалған сөзінің артын жуып-шайғаны емес, мәймөңкесі жоқ көңілімен шынайы жақсы көруі еді.

– Шаршадың-ау, Айнажан. Таудың шөбі ащы ішектей шуатылған қандай ұзын, әрі ауыр болады. Білем ғой мен, білемін, айырлағамыз, арпалысып үйгенбіз.

– Шөлдеген шығарсыз, апа, қайыңның нәрін ішесіз бе, әлде қымыз әкелейін бе?

– Қайыңның суын қайтем, қымыз болса...

– Жалғыз өзім көтере алмаймын, сізді далаға шығарып күн-шуақтатсам деп едім... Егер ара болсам ғой... Салмағы он-ақ грамм, бірақ өзінен жиырма есе ауыр жүк көтере алатын күштілігіне таң қаламын.

– Рахмет, Айнаш. Жалғанның терезеден түскен жарығына жарылқансам да жетер. Демінді алып, тамағыңды іш.

– Балық қуырайын ба, апа.

– Керек емес. Ерік тұзын көп салып жіберген бе, ащы екен, шөлдете береді.

– Ендеше, бастаңғымыз болсын, ет асайын.

– Өзің біл, қалқам. – Айна шоланнан ет алып, тазалап жуып қазанға салды.

Таудың күні қызық: арқанды қыздырып, алдыңды жауратады. Далада жүріп-жүріп үйге кірсең, мұздан жасалған үңгірге енгендей қалтыратып жібереді. Қарағай дөнбектен қиып, мүктеп салған үйдің ерекшелігі сол – жазда салқын, қыста жылы болушы еді. Қазір бұл жерде не ыстық, не суық емес, моншаның табы секілді жайма-шуақ маужыратып ұйқыңды келтірер жылылық ұялаған. Аралар әлемі толассыз жұмыс қамында. Қаз-қатар тізілген қораптардың танадай тесігінен дамылсыз кіріп-шығып, мәңгілік қозғалыстың ұясына айналған. Осыны алты аяғы, төрт қанаты бар шыбынның жұмбақты тірлігі Айнаны біржола өзіне баурап, сиқырлап алғандай еді. Қанша білдім, үйрендім, кітаптан оқып, көзіммен көрдім дегенімен әйтеуір, бір түйінін шеше алмай, өмірінің сырына қаныға алмай, семьясының заңдылығын түпкілікті ұға алмай қайран қалатын. Міне, қазір де быжынаған араның арасында тұрып та, ақылды жәндіктің асқан ерлігіне қайран қала сүйсінеді. «Өмір сүруді арадан үйренуіміз керек шығар» деп ойлады.

Биенің сауыны болып қалған екен, ағаш күбіні білегіне іліп, самырсынның түбінде үйездеп тұрған жылқыларға беттеді. Әуелі торқасқа биенің қосағын ағытты. Байлап отырған екі биенің екеуі де жуас, Айнаның жалғыз өзіне-ақ сауғыза беретін. Атбұршағы аралас тау шалғынына ыңырана тоятын биелер сүтті, әрі арқандап қойғандай осы маңнан ұзап шығандап жайылмайтын. Борбайына жабысып бір тізелеп, тізесіне шелек қондырып, қос емшегін созғылаған әйелдің әдемі, бірақ қатқыл тартқан саусақтарына сүйсінгендей иіп,

жатырқаған емес. Шелекке тызақтаған саумал ақкөбіктеніп, иісі бұрқырап мұрын жарады-ай. Бие сауыны аяқталған соң, күбідегі сүтті сабаға құйып, толқыта пісті, қазандағы еттің көбігін алып қақпағын ашыңқырап қойды, айырын арқалап тағы да пішендікке аяңдады.

Іргеде тыныш тұрған орманнан шауқарғаның тоқылы, күшігеннің кісінегені естіледі. «Күшіген көп кісінесе, күн жауады деуші еді, өзіне көрінсін».

Елік әуілдеді. Анау бір самырсынның бұтағында қолында аппақ қып аршып алған балқарағайы бар тиін жүр, ал түбіндегі сала-сала боп адырайған тамырдың қуысынан барша тышқан жылтындайды. Екі ұрты томпайған, тегі, балқарағай дәнін толтырып алып, ініне асығыс тасып жүр-ау. «Барлығымыз да – жан-жануардың толайымы қыстың қамына дайындалудамыз», – деп жымиды Айна, тер басқан бетіне жабысқан шөптің қоқымын жаулығымен сүртіп тұрып. – Шұқылап зерттеген адамға осы көріністің қай-қайсысы да ғажап-ау. «Табиғат ешқашанда өз құпиясын ашпайды» дегенді оқығаны бар еді, алайда тым-тым ашып тастасаң, тағы пәле. Пәле болатын себебі – табиғат-ана абыройдан айырылады, содан соң ашуланады. Айталық, қазір жер бетінде табиғат апаты тым көбейіп кетті, түбі неге апарып соғарын кім білсін; бекерден-бекер мөңкітіндей не көрінді. Ашуланады ғой жарықтық...

Иен таудың ішінде пішен үйіп жүрген келіншек екі қолы жұмыста болғанымен, ойы алыста, бәлкім, біз түсіне бермейтін басқа-басқа, тек бір өзі ғана байыбына баратын өзге-өзгеше әлемі бар шығар-ау. Рас, жалғыз жүргенде кісінің ойына оралмайтын дүние жоқ, армандамайтын, қиял құсын құшырлана ұшырмайтын биік жоқ. Сыңарынан айырылған аққудай, жаулығы ағараңдап, шөп жинап жүрген келіншек көбінесе өткенін, қайтып қайырылмастай қош-қошын әлдеқашан айтқан қыз кезін – қырмызы шағын есіне алар еді. Сол қызығы мол қыз кезі көлбеңдеп, кей-кейде көз алдынан өтіп бара жатар еді; жалқы сәт, аялдамашы, ежелгіні еске алып сырласайықшы дегендей ұмтылғысы, ұстағысы келер еді; боталаған жанарын жұмыстан мүйізденген қолымен уқалап қалғанында буалдыр сағым, бұрқыраған Қатын суын ғана көрер еді. Айнаның жалғыз-ақ алданышы бар еді, ол – еңбек.

«Мен Ана ара емеспін, – деп ойлайтын ол. – Мен – жұмыс арасымын. Өмір бақида ұйқы дегенді білмейтін, сеспей қатқанынша шырын жинап, ызындап өтер байғұс аралар сол толассыз еңбегін өзгелер жеп жатқанын қайдан сезінсін. Ал адамның айырмашылығы еңбек – егіннің жемісін теріп жеуінде, ертеңгі мұрат-мақсаттарға талпынушы емес пе? Олай болса... мен кім үшін жан ұшыра жанталасамын. Орысша айтқанда: «во имя чего?»»

Осы бір азғынды ой соңғы кезде Айнаның миын шіркейдей айналдырып алды.

«Сонда не істеу керек?»

Білмейді, білсе өстіп өгей өмір кешіп жүрер ме еді. Тағы да бие сауымы болды.

Күн сабалақ-сабалақ самырсын бөктерген таудың ар жағына түсіп кетті. Көз байланып, қас қарайды. Жынысты орманның салқын кеші басталысымен, аралар да арпалысқан тірлігін байырқалатып, жым-жырт ұясына кіріп кеткен. Тек Айна ғана дамыл табар емес. «Көресінді көрмей, көрге кірмейсің» деген сөзді дәлелдегісі келгендей, міне, таң бозынан аяқ суытып, дамылдаған жоқ.. Даладағы шаруаны тәмамдап тастаған соң, енесінің асты-үстің тазалады, арқасынан демеп отырғызды. Ұн илеп, кеспе жасады. Нүрке кемпір әсіресе ұсақ кескен созылмалы кеспе көжені ұнатушы еді. Табаққа ет түсіріп әкеліп, оны бипаздап турады, тау сарымсағын қосып тұздық жасады. Дәмі келіскен асты енесінің алдына қойып, шыға берген келініне: – Өзің де отырсаңшы, Айнаш, – деді кемпір.

– Қазір, апа, жей беріңіз, мен кеспе көжені пісіріп әкеле қояйын, – деді.

Ене мен келін керосин шамның жарығымен ауқаттанып отырған қоңыр тыныштықты аламойнақ иттің үргені бұзды. Күні бойы тышқан аулап қаңғып кеткен ит шабаланып қатты үрген соң, Айна тысқа шыққан. «Аламойнақ, жат!» – деп еді, бәрібір тынышталмай, орманға қарап арсылдады-ай. Ай әлі туа қойған жоқ, таудың қалқасында қамалып жатыр, оңтүстік шығыста жұқалақ жарық бар. Сап түзеген самырсындар тұңғиық ойда, мылқау мүлгиді. Қатын суының бұлқынғанмен арнасын бұзып кете алмасын сезе ме екен, әсіресе, түн баласында күркіреп-сарқырап қатты ашуланатындай үні өктем естілетін. Басқышта тұрып байқағанмен, көзге еш нәрсе көріне

қойған жоқ. Алғашында ауылдан оралған Ерік пе екен деген дәмесінен қайтты, ит иесін күншілік жерден сезеді, сондықтан да өңешін жыртып үрмейтін.

«Қой, аламойнақ, мазамызды алма».

Қора жақтан жүгіріп келген ит Айнаға бірер еркелеп алды да, тағы да қарауытқан теріске қарап саңқылдады.

«Мынаған бірдеңе көрінген шығар».

Сиыр мөңіреді. Жылқылар осқырынды. Малдың тынышы бұзылған секілді. Келіншек жүрексінейін деді. Үйге қайта кірді.

– Апа, маңайда бір нәрсе жүрген тәрізді.

– Әнегүні конжығын ерткен аю көрдім деп едің, сол шығар омартаны торып жүрген, шықпай-ақ қой.

– Араның ұясын қиратып кетеді ғой, – деп, күпәйкесін киіп, қосауыз мылтықты қолына алды.

– Қиратпақ түгіл, түк қалдырмай жеп кетсе екен, аманымызда ауылға қайтатын, – деп күңкілдеді енесі.

– Өзімізді де асап қойса қайтеміз, апа, – деп күлді.

– Бүйтіп тобанаық болып жатқанша, аюдың қорегіне жарасам арман жоқ. Алтайдың аюы кісі жеп дәндемеген.

Айна сайланып далаға қайта шыққанда, ағаш-жалды алып таудың артындағы ай шапшаң көтеріліп қалған екен, маңай сүттен бастапты. Бір шетін әлдекім кесіп алған секілді кетіңкі. Қолында қосауыз мылтығы бар келіншек жасқаншақтана басып үйдің сыртын айналды. Аламойнақ та етегіне оратыла үріп, Айнаға демеу беріп келе жатыр. Оған да жан керек-ау, алдына түсіп арсылдамайды және бір елі сонда қалмайды да. Араның ұялары ағараңдап орнында тұр, қора жақта тыныштық. Жайшылықта алаңқайда жусап жатар сиыр, түнгі салқында күрт-күрт шайнап, барлық шөпті жеп тауысып қоярдай, қомағайлана жайылатын жылқылар да үрке қашып, үйдің іргесіне жиналып тұр. «Аюдың келгені анық» деп ойлады Айна. Жүрегі кеудесін балғалай жөнелді. Қаттырақ дем алса, аузынан ыршып шығып кетердей, іштей тынып алға жылжыды. Тас байлап алғандай табаны әрең көтеріледі. «Қолымда қос оғы бар мылтық, несіне қорқам» деп, өз-өзіне қайрат берді де, ұзаңқырап шығып, баспалап төңіректі шолды. Жартысы жоқ айдың сәулесі титтей заттың нобайын дабырайтып, үңірейтіп, абажадай үлкейтіп, албастыдай әжуалап, құбыжықтай құ-

былтып көрсетеді. Қимылдап, қыбырлап өзіңе жақындаған сияқтанады немесе атып тұрып бас салатындай. Айнаның түн ішінде далаға жалғыз шығуы бір бұл емес болса да, осы жолғыдай осқырына қорықпаған. Тіпті бұл қорқыныш та емес, осындайда қорған болар азаматыңды сағыну шығар... «Өзі берген жанды өзі алар, не көрінді соншама» деп дауыстай адымдап, қараңғылыққа мелдеген орманға беттеді. Адамның айдынын сезген Аламойнақ та алдына түсіп, саңқылдай үріп енді ғана ұзай беріп еді, күндіз үйездеген жылқылар тұратын бай самырсынның, түбінен қыңсылай шәңкілдеп кері қашты. Сол самырсынның түбінен екі аяғына тік тұрып, ақырған аюды көргенде, Айнаның, мылтығы қолынан түсіп-ақ кеткені. Аю мен Адам есік пен төрдей қашықтықта бетпе-бет келіп қалған. Әйелдің, өне бойы ток соғып өткендей, жұлынын қуалап ыпыстық бір нәрсе ағып өтті. Құдіретті күш бір секундта қара жерге қаға салғандай сілейтіп, кірпік қақпастан мелшиіп тұр. Әрине, аю сасқан жоқ, неге екені белгісіз, ол да қозғалмаған. Айнаның пыр етіп ұшып кеткен жаны қайта айналып қонған сәтте, еңкейіп мылтықты алғысы келді-ақ, амал не, сіресіп қалған денесі бағынбайды. Аю ақылды болып шықты. Жанында шоқайып-шоқайып, енесі не істесе соны қайталаған екі қонжығын томпаңдата ертіп, бұрылып жүре берді.

«Уһ, зәрем қалмады-ау, – деп күліп жіберді Айна. – Мені кісіге санап менсінбей кетті-ау». Қысылтаяң шақта түкке аспай қалған мылтықты жерден көтеріп алып, мүлдем кәперсіз әрі асықпай борсаңдап бара жатқан аюды көздеді; шүріппені бармағымен басып-ақ қалғысы келді; батылы жетпеді білем, батылы жеткен, тіпті октың дәл тиюі де мүмкін еді, атпады, бәлкім, аяды, ол мақұлық та бұған тиіскен жоқ қой; «ендеше, қашқан жауға қатын да батырдың керін істеп қайтем» деп, кері бұрылған. Ал Аламойнақ өршелене жер тырнап, «мен де қарап қалғам жоқ» деген бопсамен ұзақ үрген. Иесіне итінің бұл ынжықтығы ұнамады білем: «Жаман ит үрумен жағады» деп, «кетші ары құлағымды сарсытпай» деп, мылтығымен жасқап зекіген-ді. Айнадан алғаш естіген ұрысына қайран қалған Аламойнақ құйрығын бұлғақтата ырбаңдап, жағын қарыстырды.

– Ол не екен, Айнаш? – Үйге кіріп, күпәйкесін шешіп тұрған келіні: «Аю екен» деген сөзді, «сиыр екен» дегендей аса жайбарақат айтты.

– Айттым ғой, Алтайдың аюы адамға шаппайды.

– Рас айтасыз, апа, біз тиіспесек, олар тиіспейді екен... Тұу, тамағымыз суып қалды-ау.

– Баяғыда Қандауыр жарықтық айтып отырушы еді, – деп Нүрке кемпір бір әңгіменің ұшығын шығарды, – осы Шаштының асуындағы жыланша ирелендеген жалғыз аяқ сүрлеумен түнделетіп келе жатқанында, алдынан екі аю қарсы шығады. Астындағы аты бір орнынан қозғалмай арбалғандай оқырып, қаққан қазықтай қатып қалған да, жануар шошығанынан тыздақтата сиіп жіберген екен...

– Менде ондай болған жоқ, апа, – деп келіні сықылықтай күлді.

– Содан не істерін білмеген Қандауыр өтірік тебінген болып атын шу-шулейді. Бұрыла қашатын жер жоқ: ар жағы ит тұмсығы өтпейтін жыныс орман, аяқ жағы терең құз... Аюлар мұрнын шүйіре марқайып қарапты да, «ендеше, жолды біз берейік» дегендей, бұрылып орманға кіріп кеткен екен. Аюдан ақылды хайуан жоқ деп сүйсініп отырушы еді жарықтық.

– Сіз ол кісіні шын жақсы көріп қосылдыңыз ба? – деп Айна оқыстау сұрақ қойған.

– Ой, ол бір таусылмас хикая, – деді енесі жастығына жайғаса жантайып.

– Айтып беріңізші, апатай. Сіздердің өмір тарихтарыңызды мен білмеймін. Еріктен қанша рет қадалып сұрасам да... айтпай қойды. Түріңіз болмаса сізді орыстың қызы деуге кісінің сенгісі келмейді. Мен осы үйге келін болып түскеннен бастап, өз тіліңізде ләм деп сөйлегеніңізді естіген емеспін, әлде ұмытып қалдыңыз ба?

– Соны өзім де білмеймін, – деп жымыған кемпір әдемі де әсерлі әлдене есіне түскендей жадырап сала берді. Нюра, яғни қазақтар Фадейдің қызы Нүрке деп атап кеткен бұл кісі жас кезінде сұлу да сұңғақ болғаны осылай оқта-текте көңілденіп көзінде ұшқын ұялағанда, әйгіленіп қалатын. Әсіресе, үлкен де ұялы көк көзі қартаймай, жалт етіп қарағанда, жанарынан нұр төгіліп, жанынды шуаққа бөлейтін. Сөйлеген сөзі орнықты әрі байсалды. Жүріс-тұрысынан да бекзаттық пен абзал аналық сезілуші еді. Алғаш осы үйдің табалдырығын аттаған күні Айна жерге кірердей ұялып еді. Оған кінәлі – Ерік, анасының ұлты орыс екенін айтпаған. Оны жаңа түскен келін қайдан

білсін алдынан шыққан орыс әйеліне «здравствуйте» деп, сәлем берген. Сонда енесі таза қазақ тілінде: «Қадамың құтты болсын, қарағым! Қосағыңмен қоса ағарып, бақытты ғұмыр кешіңдер» – деп, алақанын жайып заулатып бата беріп, құшақтап бетінен сүйіп еді. Одан бері де он жыл уақыт өткен екен-ау... уақытты уысына ұстап тұрар кім бар.

– Мен Еріктің әкесі Қандауырға тұрмысқа шыққан жылы, жарықтық атамыз, атын атау әдепсіз болар, қайын атамды айтамын, – деп пысықтай түсіндірді, – Меккеден оралып, қажы атанып қайтқан. Үркердей үш келінін бірдей, оның ішінде мен де бар, мұсылманша оқытып, хат танытты. Мен сол күннен бастап бес уақ намаз оқып, шарифаттың шәлісін жамылдым. Оны өзің де білесің, Айнажан, екі аяқтан айырылғанша ораза-намазды қаза қылғаным жоқ. Қайын атамыздың ісләм діні жайында, пайғамбарлар мен сақабалар туралы әңгімесі бізді ешқашан жалықтырмайтын және біз күмән-күдіксіз сенетінбіз. Алғашында мен қазақ тілін жарытып білмейтінмін, мұқым ауыл балалары шүлдірлегенімді қызық көріп, сөйлете беруге әуес еді... Иә, ол да бір дәурен, кимас шақ еді-ау.

...Әке-шешем және бүкіл Фадеевтер әулеті қазаққа тұрмысқа шығатынымды естігенде үзілді-кесілді қарсы болды, әкем мен ағайым тіпті өлтіреміз деп те қорқытты. Біздің кержақтар орыстың ішіндегі төменгі жақтан ауып келген аса діншілі. Естуімше, патша ағзамның өзі ішкері жаққа жер аударыпты, неге екенін білмеймін, «кержақтар» атанғанбыз.

– Үйінен су бермейді екен, ал алда-жалда су сұрап іше қалсаң, сол ыдысты қайтып пайдаланбайды екен, бөтен біреу ұстаған есіктің тұтқасын ыстық сумен жуады екен деуші еді, рас па?– деп сұрады енесінің әңгімесін ұйып тыңдаған Айна.

– Баяғыда одан да сорақы әдеттері бар еді, қазір оның жұрнағы да қалмай, жергілікті елмен сіңісіп кетті ғой... Әкемнен гөрі шешем қатал болды. Мені Қандауыр бір-ақ күннің ішінде алып қашып ауылына алып барған күннің ертеңінде, артымыздан шешемнің өзі бастаған қуғыншылар келді, түрлерінен адам шошырлық ашулы, бәрінің қолында мылтық. Төбелес, барымта десе қолы қышып, ереуілдеп кетер қазақтар қарап қалсын ба, барында шиті мылтық, жоғында шоқпар, сойылдарын қоқайтып олар да «мен атайын, сен тұр» деп қаптады. Сонымен не керек, екі жақ бітімге келісе алмай «тұрысатын жерін» белгілеп, Бек-

Алқаның ағаштан ада беткейіне қарай бет алған. Кержақтардың оқтаулы мылтығына қарсы төтеп берер қару қазақтарда жоқ еді, тек бірен-саран аңшылары ғана қолдарына шиті мылтығын ұстап, намыстың айдауымен қиқулап жөнелген. Екі ауыл қанды шайқасқа қас-қағым сәтте әзір болды. Құлынды бие беріп сатып алған бесатарын мойнына асып Қандауырда аттанып кетті. Торғын шымылдықтың ар жағында толған айдай толысып мен отырмын. «Қанды аяқ болды-ау, шоқынды» деп, мені қарғап-сілеп абысын-ажындарым жүр. Шымылдықты аспаған күйі атам тіл қатты:

– «Келінжан, өзің бәтуаға келтірмесең, екі елдің арасы ашылып, азаматымыздан айырылғалы тұрмыз. Сені ықылассыз алып кетті деп, күш бермей тұр... Менің қазақша сөзімді түсіндің бе?»

– «Ұқтым, ата, өзім барайын» деп, шымылдықты сыдыра атып шыққаным. Бұл оқыс қимылдан шошына шалқалап, «астапыраллалап» шегіншектеген атама қараған қайда, кермедегі кербестіге міне шаптым. Үстімдегі қазақша кигізген бүрмелі етек көйлек желбіреп, басымдағы үкілі тақияны жел ұшырып әкетті. Екі жақтың жігіттері сақадай-сай, бетпе-бет келіп тұр екен, тура орталарына ағызып шықтым. Өз туғандарыма: «Мен – өз еркіммен келген адаммын. Мен Қандауырды сүйемін! Тоқтатындар шайқасты!» – деп, орысша да, қазақша да үш рет қайталап, дәл орталарында атымды ойнатып тұрып алдым. Не істерлерін білмеді. Атыса жөнелейін десе – оқ маған тиюі мүмкін. Осы кезде шешем келді жаным: «Ақымақ қыз, қайт үйге! Дінімізді қорлама!» – деді мені қамшымен тартып жіберуге ыңғайланып. «Айналайын, анашым, бер батанды, амалым жоқ, екіқабатпын» дегенімде ғана, жібіп, зар еңіреп жылады-ай. Ал мен бұл сөзді өтірік айтып едім. «Қор болғаның осы... қызым... енді қайтып сенің қара жүзінді, қазақ жалаған бетіңді көрмеймін, лағнет, лағнет» деп, аттарын ойнақшытып, көздері қанталаған туыстарымды ертіп, кері шаба жөнелді. Ат шаптырып той жасады, қазақтардың барлық ырымымен Қандауыр екеуміздің некемізді қиды. Құдай-ау, әлі есімде: басымда кимешек, шылауыш киіп, ақ шатырдай боп бие саууға шыққанымда, бүкіл ауыл маз-мейрам боп қарап еді-ау. Әсіресе, бір тізелеп, биенің борбайына жабыса қалғанымды кержәк қызынан мұндай өнер күтпеген атам: «Көресіндер әлі, бұл

келінім барлығыңнан озады» деп масаттанған. Ал Қандауыр екеуіміз қосылмай тұрып-ақ, қазақтардың бүкіл тұрмыс-тіршілігіне жасырын дайындалғанбыз, ана тілін үйреткен де Қандауыр.

– Қандауыр деген не сөз? – деді Айна енесін қымтаңқырап қойып.

– Тек, о несі-ай, атасының атын атағаны несі...

– Кешіріңіз, – деді қызара ұялған келіні. – Байқамай қалдым, әншейін сөз төркінін білгім келіп еді...

– Қандауыр деген ұстараның бір түрі, кіп-кішкене айбалта секілді, асыл темірден соғады. Басының қаны тасығанда, төбе шашты дөңгелете қырып, қандауырмен шетіп, лоңқа төңкеретін. Ішінде ауасы жоқ стакан артық қанды сорып, өзіне жинап алады. Бізде көрші Сарқыт деген кемпір болды, төбені қойып мандайдан, мұрынның ұшынан қан ала беретін, жарықтық жақсы адам еді, жатқан жерің жаннат болсын (Нүрке бетін сипады). Сол кісі айтатын, бұл қан алудың ең қиындығы – емші кісінің қандауырды тамырға көлденең салмай, жарып салуында деп. Ол кемпір бұл дүниеден аттанған соң, басының қаны тасыған талай адам аттанып кетті соңынан... Иә, ол кісі бетімдегі жараны да жазып еді, сондықтан да есімнен, бес уақ намазымнан қалдырмай атап отыратынмын. Алғашында маған бала тоқтамады, не түсік тастаймын, не болмаса қырқынан шыққан соң, қызылша шығып өліп қалады, не керек, бұл қорлықтан өз анам қайтыс болған соң ғана көзім ашылды... қатал кісі еді-ау, жарықтық. Қатал еді... оның да топырағы торқа болсын, ғайбаттап қайтейін аруақты, емшек сүтін емізген шешем ғой...

Енесінің бұл жұмбақты сөзіне түсіне алмаған Айна сұрақ қоймаққа оқталды да, көптен бері ашыла айтқан әңгімесінің арқауын үзем бе деп үндемеді. Оны Нүрке кемпір де сезгендей.

– Шешем марқұм, күйеуі Фадей өлген соң, бүкіл шаруашылықты өз қолына алған өжет те өркөкірек кісі еді. Қазіргі қазақтар Бек-Алқа, орыстар Фадиха деп атайтын село сол менің шешемнің иелігінде болатын. Кержақтардың ішіндегі ең шонжарлысы, мындап марал өсіріп, пантысын Қытайға сататын. Жас кезімнен мен де тағы маралды тау-тастан қуып, ат құлағында ойнап өстім. Шіркін-ай, омартамыз қандай

көп еді... Еріктің анау ербиген отыз шақты ұясы ширегіне де келмейді. Бүкіл орыстар, тіпті қоңсылас қазақтар да шешемнен зәресі қалмай қорқатын. Қандауыр екеуіміз ғана айбынынан жасқанбаған (кемпір күлімсіреді). Қорқатын себебі: Анна Филомоновнаның кісіні жадылайтын сұңғыла өнері бар-тын. Сен, Айнашжан, сенбе, алла атынан айтайын, оқып-оқып қара суды теріс ағызатын. Талайға қас қылып қан қақсатты-ау, жарықтық. Сол сиқыршылық өнерін маған үйретемін деп жүргенде, қазаққа қатындыққа қашып, айырылып қалдым, сырын ешкімге ашпаған күйінде көз жұмды. Үйренбегеніме өкінбеймін де, бұл жалғанда адам баласына, мейлі ол жақсы, мейлі жаман болсын, қастандық жасағаннан қасіретті не бар, дұшпаныңнан кек алам деп күнәға бату, күпіршілік жасау қайсыбір дінде де иманды жол емес қой.

– Сіз, апа, анаңызға тартпаған екенсіз...

«Бір биеден ала да, құла да туады» демей ме қазақ, туыстарым әжесіне тартқан десетін. Қандауырмен қосылғанымызға бір жыл толып, аузы-мұрнымнан шығып екіқабат болып отырған шағымда, шешемнен сәлемдеме келді. «Нюра кешірсін мені, өзім үйінің есігін ашпауға бекіндім, мойныма қарыз болар, жасауын алсын» деп, төсек-орын, көрпе-жастығымды беріп жіберген екен. «Айналайын, анашым!» деп есім шыға қатты қуандым. Өзің білесің, келін, жасаусыз қыздың қазақтар үшін қадірі болмайтынын, әсіресе, абысындарым бетін шымшып сайқымазақ қылып жүрген. Құс жастығымды жастанып, құс көрпемді жамылып, өсек-аяннан құтылған күні бір түшіркеніп ұйықтадым-ау. Ертеңінде... ертеңінде бүкіл бетім, тамағым, омырауым – барлығы көнектей боп ісіп шыға келді. Артынша іріндеп, тесіле бастады. Міне, осылайша өмір мен өлімнің екі ортасында жатып, шеше ме ат шаптырып, кісі жіберіп «ішім сезеді, жадылағанын қайтарсын» деп, зар еңіреп, зар жұтып Қандауырды да жібердім. «Мен емес жадыгөйлеген, қайын атасы қажыға барған молла ғой, үшкіріп жазсын діні мықты болса», – деп міз бақпаған. Атамның ондай құдіреті жоқ, аллаға жалбарынғанға жазыла ма... Сиқыршылық та және одан науқастанған адамды емдеу де ешбір құдайдың ісі емес, дәрі-дәрмектің ғана күші келерін Сарқыт кемпір дәлелдеді. Халық емімен-ақ асқынған аурудың бетін қайтарды. Мынау тамағымдағы дақ содан қалған, қарағым, әйтпесе екі аяқтының аруы едім. Енесі өз сөзіне өзі күлді.

– Сіз қазір де сұлусыз, апа. – Айна енесінің бетінен сүйді.

– Сұлулық бізден қалғалы қа-ша-а-ан. – Кемпір үйдің босағасына қарап әлдебір ойға берілгендей, әлдене ойына оралғандай үнсіз жатты. – Әйел адамның әдемі болғаны жақсы ғой, – деді бұдан соң, – бірақ ақыл мен көрік анда-санда тоқайласып, жұптасып өмір сүре алады. Менің шешем де келбетті кісі еді, амал не, мінез-кұлқы қатты болатын. Байлар тәркіге ұшырап, жер аударыла бастағанда, барлық бұғыларды сатыдан шығарып, өз үйін өзі өртеп, арғы бетке қашты. Пахомов дегеннің партизан отрядымен болған арадағы атыста ағайым Александр оққа ұшады, қызылдардың қолына түспеуге бекінген анам улы шөп қайнатып ішіп өлген екен. Сөйтіп, бергі бетте бір әулеттен жалғыз қалдым, ал ауылдың аты Фадиха атанып кетті.

Жарықтық күйеуім балажанды кісі еді ғой... амал не! Еріктің ер жеткенін көре алмады... Көзі тірі кезіндегі сәбидің бірде-біреуі тоқтамады. Айтып-айтпай не керек, не көрмедік, неге көнбедік!.. Ерігім біртоға, тұйық, сенер кісісі болмаған соң, шаруақой болып өсті. Мектеп бітірген соң да, мені жалғыз тастап кетуге қимай, оқуға кешеуілдеп барды ғой. Алматыда жүргенде, көп қиыншылық көрген секілді. Өйткені, колхоз совхозға ауысып, апалас-төпелеске ұшыраған кезеңде, мен пенсиясыз қалдым, кейін ғой кемпір бас сайын 28 сом «айлық» тағайындағаны, әйтеуір, елде бардыңерні қимылдап жұтамадық, халықтан айналайын, қарнымызды ашырмады. Жалғыз бала қатты болады деуші еді, содан ба, Ерігім өсе келе жұртқа жұғымы жоқ, даланың тағысы секілді тәкаппарлау болып кетті. Саған да обал, келін шырақ, ішім сезеді, құсалық бар, қайтейін, Алтайдың аңғарына қамап ұстайтын аң емессің...

– Қойыңызшы, апа, мен тіпті де жалғызсырап жүргенім жоқ. Тағдырымды Ерікке тапсырғанмын, Мұзтауды асамын десе де, қалармын ба соңынан.

– Рақмет, айнам, Еріктен артық көрмесем, кем көрмейтінім бір құдайға хақ. Екеуіңнің жамандықтарыңды көрмей, бір күрек топырақ бұйырып, алдарыңда кеткеннен озық мұрат бар ма мен үшін.

– Сіз... апа, сіз орыс та, қазақ та емессіз... сіз басқа бір... ұлтсыз... жер бетінде жоқ ұлттың өкілісіз. Ол ұлттың аты – аяулы ана. Өттең, сіздей адам жалғыз-ақ па деп қорқамын...

Айнаның шамның сәулесімен боталаған жанары жасаурай, енесін қатты қысып құшақтады. Неге екенін өзі де білмеді, екі иығы селкілдеп, ағыл-тегіл жылаған. Байтақ ел, бақытты күндерін аңсады ма, өз анасының жұпар иісін сағынып, кең кеудесіне басын қойғысы келген шығар, бәлкім, бұған дейін көкірегінде бұғып жатып, әбден қысылып, әбден сыздаған мұңның ененің еміренісінен кейін иіп, бұлақ боп, көздің жасы боп, сарқырап аққаны ма екен... Кім білсін, кімнің ішіне кім кіріп шыққан... бәрімізде де ашылмаған сыр, айтылмаған сөз бар-ау...

3

Қазақтар Бек-Алқа, орыстар Фадиха деп атап кеткен ауылдан шыққан қос жолаушының жүрістері мандымады: астында елпек аты бар Еріктің бір өзі ғана болса ба-я-ғы-да-а-ақ сау желіп, соза тартып ұзап кетер еді.

Әттең... не керек, соңында ілбіген «сапарласы» бар, жүруінен отыруы көп, әрең-ақ еріп келеді байғұс. Қазақтар «Мың жолдыны бір сорлы байлайды» деп бекер айтпаған. Тастап-ақ кетейін десе, даяр тұрған «құлдан» аяқ астынан айырылып қалғысы жоқ, ал атының артына мінгестіріп алайын десе – көкбестіні аяйды. Сондықтан да асықпай, асқан шыдамдылыққа басып, өгіз аяңмен келе жатқан. Әлгі бір әзірде бір шөлмек арақтың ақырын сарқып тұрып ішіп алған Таған жүруге шамасы әбден келмеген соң, таудың құлын жоғалып кетер шалғынына етпетінен түсіп, тырп етпей жатып алған. Тәлтіректеп келе жатқан шығар деген оймен омарташы көпке дейін артына бұрылмап еді, жалт қарағанында – жоқ болып шықты. Алғашында, қашып кетті ме деп, сасып-ақ қалғаны. Көкбестіге қамшы басып, келген жолымен кері құйын-перен шапқылай жөнелді: зым-зия, жер жұтқандай... «Сайтан ба, сағым ба? Атаңа нәлет, пияншік, басыма бәле болып тимесін... Әй, бірақ осы қуыс қурайды іздеуші, сұраушысы жоқ та шығар-ау» деген оймен ойқастап ары да шапқылады, бері де шапқылады. Таудың бұта-қараған, қалың ағаш, жайқалған шалғынына адам түгіл түйе жоғалса табуың екіталай. Үзеңгісін шөптің басы қағып, бойлап өскен шалғынды қақ жара көп іздеді, амалы таусылған соң: «Таған, әй, Қарабура, қайдасың?» – деп дауыстады. Тура алдына алып самолеттей ауыр көтеріліп, дүрілдеп ұшқан ұлардан астындағы

көкбесті қорс етіп үрке жөнелгенде, Ерік ердің қасынан ұстап әрең қалды. «Қап, әкенді...» деп, тақымына қысқан мылтықты алып оқтағанша, таудың алып құсы көзден таса ұзап кеткен. Ашу қысқан омарташы сонда да ентігін баса алмай, ұлар ұшқан жақты көздеп, шүріппені басып қалған. Мылтық үнінен әбден үйренген ат мыңқ еткен жоқ, тек қамшылар жақ қапталдағы шөптің арасынан «ой-бай» деп, бажылдай атып тұрған маскүнемнің үнінен ғана көкбесті және жалт ете түскен – Ерік бұл жолы да ердің қасынан ұстап құламай қалды. «Алла, әкең-ай...» деп барып, ербиген Тағанның жонарқасынан ала қамшысымен осып өтті... Шынжырдай болып өрілген қамшы күн жеп, кір жеп онсыз да әбден тозған помази көйлекті қақ айырды, бірақ Таған өзіне емес тулаққа тигендей, ауырсынған да жоқ, тіпті кірпігін де қақпады. Әлі де болса әлінжоғалта қоймаған ұзын кірпіктерін көтере, сүзіле қарап тұра берген. Ол Ерікті мүлдем көріп тұрмағандай, меңіреу күйде еді. Омарташы таң қалды, алайда таң қалғанын білдірмеді. «Жүр, кетейік» деп, атын тебініп алға түсе берді. Таған жақ ашпаған қалпы соңынан ерген.

Екі жігіт алдарында бір шынтақтай сұлап жатқан белден асып, жалғыз аяқ жолмен қабырғалай құлдағанда, сонау етек-тен ымырт-айдаһардың жалғыз көзіндей от жылтырады. Жүрістерін жеделдетіп, тезірек жетпесе сол үміт жұлдызындай болып елестеген жарық тұра қашатындай-ақ, шаршағандарын ұмытып асыға түсті. Еріктің астындағы көкбесті де құлағын қайшылай елпек аяңдады. Ең әуелі сай табанындағы үйдің иті үрді де, көп ұзамай арсылдап алдарынан шықты. Ат үстіндегі Ерікке ештеңе емес-ау, соңында ербеңдеп жаяу келе жатқан Тағанның дал-дұлын шығаруы мүмкін еді. Қосамжарлана үрген қос ит алдымен атты кісінің алды-артын орап байқақтап көрді де, одан еш нәрсе шықпасын сезгендей Тағанға ұмтылған. Қайқы құйрық екі иттің екпіні асап қоятындай-ақ қорқынышты еді, бойында жаны бар адам шыдап тұра алмас аянышты оқиға басталуы мүмкін еді, қанша қатыгез десек те Еріктің өзі сескене, көкбестіні кері бұрған. Тағанға көмекке ұмтылған. Жағаласа жарысқан иттер ойкастаған күйі Тағанға жетті де, алба-жұлба албастыдан ала түсуге жасқанғандай, жалтарып тайсақтады. Маскүнем сасар емес. Тіпті бұрылып қарамады да. «Мені қауып жарымассыңдар» дегендей. Екі ит үруін пышак

кескендей тыйып, шоқиып екеуі екі жерде отырып қалған. Бұл ғажап көрініс Ерікті және бір қайран қалдырған. «Мынаның сиқыры бар шығар» деп ойлады да, атын қайта бұрып, борт-борт желе жөнелді.

Сайға жасырына орналасқан жалғыз үйге Таған жеткенде, Ерік атын байлап кіріп кеткен екен. Неге екені белгісіз, Таған үйге бірден кіріп бармай; қашаға сүйеніп тұрып қалды. Күндізгі қарбалас тіршілік тырапай асып, інірмен бірге іріп, таусылғандай тыныштық. Аспан ашық еді. Самсап жұлдыздар туа бастаған. Алғашқы болып қарсы алған иттер де желе-жортып келді де, қашаға сүйеніп құр сұлдері тұрған бейбақты аяғандай иіскелеп, біраз айналсоқтады: жігіт міз баққан жоқ, біреу өлтіріп сүйеп кеткендей, қыбырсыз. Сығырайыңқы терезеден түскен болымсыз жарық қана тау ішіндегі өмірдің жалқы шырақшысындай-тын. Мең-зең, дел-сал бейуақтың күнә, пәле-жала, айқай-шудан таза мұнтаздай мұңы бар еді. Таудың түнгі салқыны да ептеп сыз татып, «и-щ-ай» дегізіп жауратады. Күні бойғы сүргіннен аяқ-қолы сал болып шаршаған Таған ес-ақылын енді ғана жинағандай, өз-өзіне келе бастады, өз-өзінен есеп ала бастады. Қаншаға ұзарын кім білсін, әйтеуір, қайдан келіп, қайда тұрғанын ажыратар халдің қалтқысы дір еткендей болған.

Сайдың іші салқын, өзекті қуалай сылдырап бұлақ ағады. Жас баланың тіліндей былдырлаған үні қазіргі қаймақшыған тыныштықты бұзбай, қайта әдемі бір жарасыммен жуастау қыздың шашбауындай сылдырлайды. Арақтан аузы құрғамаған соңғы он жылында басы зеңгіп, ауырмаған, не болмаса жүрегі айнып лоқсып көрмеген Тағанның алғаш рет асқазаны астаң-кестеңі шықты. Бәлкім, бұл ауру бұрыннан-ақ бар шығар; сол қыжылды сезуге мұршасы жетпей, ақыл-естен айырылып қалатын шығар; мүмкін, таңғы тәбетін өңкей бір «барматухамен» ашып, сол «жарықтыққа» үйреніп кеткен ағзасы күні бойы үздіксіз ішкен ақ арақты жатырқап, ауырсынып тұр ма екен? Қалай десек те Тағанның бұған дейінгі өлексе өміріне зәуде «зауалдың» сыналап кіргені – сынап кіргені рас еді. Ол оған таңғалған жоқ. Оның қайран қалып тұрғаны: ішімдік шіркіннің жақпағанын, немесе жақпайтынын өзгенің үгітімен емес, тұңғыш рет өзінің – өзекті жанының сезінуі әрі «осының түбі немен аяқталар екен» деп сескене сезіктенуі-

тін. «Ішпесе қайтер еді?» – Он жылдан соң ойына оралған осы сөз арақпен арадағы айқастың тұңғыш жеңісін әпергендей... «Ішсеңші, бірақ ақылыңды ішпе» дейтіндерді иттің етінен ары жек көретін Таған: «Лажы, мүлдем ішпеу керек екен-ау» деген түйсігін түйіндей бергенде және осы тұжырымына айды аспанға шығара қуана берген кезінде, ағаш үйдің есігі арс етіп ашылған. Ашылғанда: «Ей, қайдасың, кірсеңші үйге!» – деген Еріктің өгіздей өкірген даусы күл-паршасын шығарды, шығарды да мүлдемге ұмыттырды.

Ол сыңсып ашылатын тақтай есіктің тұтқасын ұстап түрмеге кіретіндей сұмдық қорқынышпен состиып тұрып қалған. Өздері әзірде ғана асып түскен жотаның ар жағынан жартыкеш айдың беті қылтиды. «Ай әлі бар екен-ау». Он жылдан бері айдың жоғалып кетпей әлі күнге аспанда жүзіп жүргеніне таңырқағандай бағжырая қараған.

Үй ұядай жылы екен. Табада қуырылып жатқан балықтың иісі мұрынды жарып барады. Таған жұтынып, қарны ашқанын сезді. Үйдің иесі өзін Захар, әйелін Марфа деп таныстырды. Ерік етігін шешіп тастап, пеш түбіндегі орындыққа арқасын қыздырып маужырап отыр. Көзі тас жұмулы, рақатқа батқан сыңайы байқалады. Жасқаншақтана кіріп, босағада ебедейсіз тұрып қалған Тағанға әйел: «Проходите, садитесь», – деді. Бір аттап барып тақтай орындыққа жайғасты. Дастарқан жасады. Захар темекісін бұрқыратып шұлық тоқып отыр. Көрден жаңа ғана шыққандай, мыж-мыж боп тұрған бөтен жігітке көзінің астымен қарап қояды. Еріктің екі беті, бал-бұл жанып, жып-жылы үйдің шуағына масайғандай қалғи бастады.

– Дастарқанға келіндер, – деген әйелдің оқыс даусынан селк етіп, салбырап, енді болмаса иығынан домалап түсіп кетердей болған басын жұлқа көтеріп алды. Дастарқанға мөп-мөлдір бал, қолдан пісірген нан, таудың сарымсағы қойылған. Осы тағамдардың дәл ортасындағы табада әлі де шығжғырылғаны басылмаған балық былқып жатыр. Көзі ақиған ақ шабақтың бірін енді ала берген Тағанға алая қараған Ерік:

– Қолыңды жусаңшы, бес баттам қылмай, – деп күңк етті. Таған сасып қалды. Әкесі зекіген жас балаша жаутандап кейін шегінді де, ләм деместен шыға жөнелді:

– Ұят болды-ау, – деді Марфа. – Дардай жігітке даусыңды көтергенің не?

– Бал сырадан бір стақан берсең, атасының құнын кешеді, – деді Ерік балықтың ең үлкенін өзіне қарай мысықша сүйреген күйі.

– Мұны қайдан қазып тауып алдың? – деді Захар. – Өзінің есі дұрыс па?

– Есі дұрыс болса, осынау ит арқасы қиянға аттыға еріп таңы айырылар ма еді? Маскүнем деген рудың елшісі. Қолбала ретінде ұстауға ертіп келемін. Қыстай бағып-қағып, егер жақпай жатса, келесі жылы жазда тауып алған жеріме апарып тастармын.

– Азып-тозып кеткені болмаса, түбі жаман кісіге ұқсамайды. Кірпіктері қандай ұзын, еркектердің көзі осыншалық әдемі боларын бірінші көруім, – деді Марфа. Әйелінің сезімталдығы Захарға ұнамады білем, қызбалықсыз қызғанышпен:

– Біздің қатынның қолына түссе, жуып-шайып, қарағайдай азамат қылып алар еді. Мені де түрмеде отырғанымда ғашық болып, кісі жасаған...

– Әй, сені қайдам (есік жақты нұсқап), анау алпыс әйел бақса да, адам болмас. Қаны араққа айналып кеткен, винокровьемен ауырады.

– Рас, иісі жаман екен, – деді Марфа. Онысы екі омарташының қытымыр сезімінен құтылғысы келгені сияқтанды. Осы кезде Таған қайта кірді. Бағанағы өзі ұстаған балық сол қалпында жатыр екен, құйрығынан тартып алдындағы тарелкаға түсіріп алды. Марфаның екі көзі Тағанның тоттанып кеткен кір-кір дірілдеген қолына түсті, жүрегі сазып аяды да, жеңіл күрсінді. Орнынан тұрған Захар пештің үстіндегі ашуы жетіп, тығынын атқылаған сырадан құманға құйып әкелді. Иісі мұрынды жарады. Төрт стақан қойып, толтыра құйды. Таған аузына енді апара берген балықтың бір кесегін тастай салып, сыраға ұмтылған. Көз ілеспейтін шапшандықпен қылғып салды да, бос стақанды Захарға қайта ұсынды. Келесісін де жалғыз-ақ деммен жұтып жіберіп:

– Уһ, жанымды бойыма әрең шақырдым-ау, күні бойы сасық арақ ішіп, ішім күйіп қалып еді, – деді бітеу жарасының аузы ашылғандай, қырыстары жазыла жайрандап.

– Ал енді бұл тегін концертін бастайды, – деді Ерік жақтырмай. – Көбірек беріп сілейтіп тастағаннан басқа лаж жоқ.

– Ендеше, енді бірді құй, – деді Таған ыдысын тосып. Захар пеш үстіндегі ағаш күбіде ақырып тұрған отыз литр сырасын аясын ба, ықыластана құйды. Таған да тартынған жоқ, тағы ішті.

– Тамақ жесеңізші, – деді Марфа жалынғандай. – Аш қарынға қалай іше бересіз.

– Мастығым тарқап кетеді, – деді ырсия күліп, – Сыра да тамақ. Әйтпесе баяғыда аштан өліп қалмас па едім. Сыраңыз зәмзәм екен.

– Сен... енді доғар, Қарабура. Ертең ере алмай қаласың, – деді Ерік.

– Маған осы үй де жетеді. Кімнің жұмысын істесем де бәрібір, құтырған бурадай бұрқыраған бал сырасы ашып тұрса болды емес пе.

– Біз жалшы ұстамаймыз, – деді Марфа. – Жалғыз сиыр, жалғыз атты өзіміз-ақ бағып-қағып аламыз.

– Еркектердің сөзіне араласып нең бар, ыдыс-аяғынды жина, – деді Захар езуінен тек ұйықтарда ғана түсетін темекісін қайта тұтатып. Ерік пеш түбіндегі орындыққа қайта жайғасты. Стол басында жалғыз қалған Таған өз қолымен сырадан құйып алды.

– Мен осы бір нәрсеге таң қаламын, – деді сұқ саусағын шошайта. – Неге біз осы өтірік сөйлейміз, өтірік күлеміз, қысқасы – өтірік өмір сүреміз, а? Неге біз осы өзіміздің бұл әлемге артық, түкке де керегіміз жоқ бейшара мүскін екенімізді мойындамаймыз? Қазір жоқ болып кеттік делік. Сен де, ей, орыс, сен де, ей, қазақ... Жоқпыз... дүниенің қылшығы қисая ма? Қайта ұлы мәртебелі табиғат-ананың организмі тазарар еді, көк жөтелден сауығар еді... Білем-білем, «сен неге тірі жүрсің?» деп сұрағалы отырсындар. Мен... мен... осы қарапайым ғана қағиданы сендерге түсіндіру үшін жүрмін... Осы күйкі тірлікке душар қылған мына мені атарға оқтары жоқ сендер, мен... сендерге ерегесіп, ыза болған соң амалсыз ішем...

– Мына философқа жатар орын тауып беріңдер, – деген Ерік орнынан шапшаң тұрып далаға шығып кетті. Таған сырадан тағы бір стақан сылқитып алды. Темекісін бықсытқан Захар Тағанның арқасына қағып:

– Дегенмен, сөзіңнің жаны бар. Жүр, братан, ұйықтар орныңды көрсетейін, – деді.

– Маған төсек салып әуре болмай-ақ қойындар. Қай тұсқа құлаймын – сол төсек... Аһанда – қара жер, атаңда – қара жер... ла-лау...

Тұра беріп тәлтіректеген жігіттің қолтығынан демеген Захар тысқа беттеді.

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ ҚАТЫГЕЗ ДЕ ҚАСИЕТСІЗ БОЛЫП КЕТТІК... НЕГЕ БІЗ ОСЫ...»

Тағанның әлдекімге ашулы, әлдекімге наразы да азалы үні бәсеңдемеген қалпы, есік жабылғанша Марфаның құлағын жаңғырта сарсытып еді.

– Адамды осыншама аздыратыны бар, неге ғана шығарады екен арақты, – деді өз-өзінен сөйлеген әйел нәумез үнмен. – Бәлкім, қалай ішуді білмейтін шығармыз... Әйтпесе, шет елдегілер мен кавказдықтар баяғыда маскүнем болып кетпес пе еді...

Есік алдына шыққан соң, Таған жаңа танысқан орыс досының мойнынан тас қылып құшақтап алды:

– Мен орыс халқын шексіз сүйем, Захар. Өйткені, олар қазақ мінездес, әрі тағдырлас – ашуының алды бар, арты жоқ, аңқау да адал. Әрі еңбекқор. Әйтсе де, Россияда – орыстар, Қазақстанда – қазақтар нашар тұрады. Саудаласуды да, жауласуды да, дауласуды да білмейді. Құшақтары кең, кімді болсын аймалай береді... бірақ сол құшағында тұрғанның пышағын байқамайды... Бірақ, Захарчик, сен мені тым жақсы көрмейсің-ау... біле-білсең екеуіміз бір ұлтпыз, өйткені, екеуіміз де ішеміз. Ал анау Ерік басқа. Басқа ол... оның ұлты жоқ. Сонда деймін-ау, қайсымыз қауіптіміз... Мәселе осында... Баяғы өткен заманда біреу айтқан екен: «Заман-заман, заман-ай, жылдан-жылға заманы жұмбақ болған заман-ай; сарқыраған өзені бұлақ болған за-ман-ай... ақылы азып сенері пышақ болған заман-ай...». Захаржан, салқын сыраңнан тағы бір стақан жұтқызып жіберші, сынық сүйем жетпей тұр.

– Бүгінге жетер... жоқ-жоқ, сен ойлап қалма, сырасын аяды деп, шомылам десең де құйып берер едім. Әй, қазағым-ай, неге осыншама жаныңды жаралап ішеді екенсің. Несін жасырайын, ішу жағынан саған күлер түрім жоқ, өйткенмен «аюдың жанында шошқа жылмақтай» деген емес пе... Жүр, жатқызайын...

– Екеуіміз бірге құшақтасып тұрып ұйықтайық.

– Кешір, досым, әйелімнің білегі кеудемде жатпаса, көз іле алмаймын. Сен батқан батпаққа мен де батқанмын, жуып-шайып адам қатарына қосқан – Марфа.

– Ал менің әйелім, – деді Таған Захардың мойнынан қыса түсіп, – құй, батпаққа итеріп жіберген. Содан бері әлі шыға алмай тырбанып жүрмін.

Тұрғын үйдің аяқ жағындағы сарайға қолтықтап апарды. Мұнда қыстыгүні бал арасының ұясын қоятын да, жаз шыға қаңырап бос тұратын. Әлі де ауылға алып кете қоймаған төрт-бес флягі балдың аузы тас бекітулі. Сарайға кірген соң, Захар сіріңке тұтатып, шынысы жоқ жайдақ шамды жақты. Мұрынды балдың иісі жарады. Кіреберіс ірге жақта ағаш нар бар екен, үстінде жүні шыққан ескілеу көрпе мен жағасы жоқ көнетоз тон жатыр.

– Сен, братан, ренжіме, өзің де көрдің, үй жалғыз, бөлме тар, бізбен бірге пысынағанша, ауасы таза кең сарайда жалғыз демалғаның дұрыс болар. Кейде өзім де әйелімнен қашып осында ұйықтаймын. Рақат.

– Мұнда сыра жоқ па? – деді нарға сұлай кеткен Таған.

– Бүгіндікке жетер. Ертең де күн бар ғой.

– Салынып ішетіндердің ептеп қана тататындардан жалғыз-ақ айырмашылығы бар, ағайын. Олар ешқашан да ертең де күн бар-ау деп ойламайды. Ақырзаман орнайтындай барлығын бүгін сарқа ішіп тауысып тастағысы келеді.

– Білем-білем, – деді Захар, – баяғыда мен де солай ойлайтынмын. Ал енді жақсы жатып жайлы тұр.

– Дегенмен, бір стакан әкеліп берсең қайтеді... Ақырғысы болсын, құдай үшін, ертеңнің есебінен.

– Мақұл, – деген Захар шығып кетті де, аз-кем уақыттан соң бір стакан сыра әкеліп берді. Орнынан қарғып тұрған Таған қолы қалтақтап сіміріп жіберді де, нарға жалп етіп құлап түсті. Жатқан қалпында сұқ саусағын шошайтты: – Неге біз осы... жанымызда жанып тұрған отты не су құйып өшіреміз, не болмаса май құйып лаулата өртеп жібереміз. НЕГЕ БІЗ ОСЫ бұл дүниенің барлық мүлкін арғы дүниеге арқалап кетердей, мұрнымыздан қан аққанша дүние-боқ жиямыз, а? Айтыңдаршы, ағайын, салт басым, сабау қамшымнан басқа түгім жоқ менің сендерден қай жерім кем? Кімнің тұнығын шайқаппын, кімдердің ырысын ішіп тауысыппын? Соншалықты неге жек

көресіндер? Мен – талантпын. Менің білетінімнің, тәңірім-ау, бес процентін игерсеңдер, әлдеқашан данышпан болып әлемнің билігін қолдарыңа алмайсыңдар ма? Ей, Захар, сен жақсы орыссың, түрің таныс, бір жерден көрген сияқтымын. Қайдан? Мүмкін, айықтырғыштан, бәлкім, ЛТП-дан...

Бұл кезде Захар жоқ еді, Тағанның «НЕГЕ БІЗ ОСЫ...» деп басталар лекциясы тұтана бергенде-ақ, сарайдың есігін нығыздап жауып, ептеп басып шығып кеткен. Тағанға бәрібір еді. Соңғы он жылда жағы сембей айтып келе жатқан жалғыз ауыз өлеңін бастап жіберді. Қарлыққан даусы – тек өзіне ғана сүйкімді естілер үні алакөлеңке сәулемен меңірейіп тұрған ағаш бөренелерге тарс-тарс соғылып, кейін шегініп жатты. Бұл сарайда жалғыз тесік – есік болмаса, саңылаусыз бітеу еді, сондықтан да Тағанның әні құмығып, ешкімнің мазасын алмай іште өліп, іште тыпырлаған.

Жігітінде мін жоқ,
Қалтасында дым жоқ,
Ішейін деп ішпеймін
Ерегесіп ішемін, хала-лау, алау-лау...

Мені маскүнем қылған сендер... НЕГЕ БІЗ ОСЫ...

Тау ішінде бозғылт сәуле бар. Әр заттың ажарын анық танытпаса да, нобайын болжатағын. Айдың шығуы қандай тез болса, омырауын жұлдыздар көп нүктелеп, тастаған аспанға өрледі де соншалық шапшаң шабыспен зытып барады. Күндізгі қолқылдақ жүрістен шалдыққан көкбестінің ер-тоқымын алып, қақтанған арқасын шапалақтаған Ерік балта мен қазық алып қырға жетелеп кетті. Айрандай ұйыған тыныштық қазық қаққанда дір-дір етіп, түн баласында шаңқылдап қатты естіледі екен. Захар омарташының қасқыр алатындай қақсап тыным таппайтын қос иті шәу етіп үрудің ырымын жасады да, қайтып үн шығарған жоқ. Қыр жайлап, шет қонып жүретін шопан, омарташы атаулының иттері адамдай ақылды болушы еді, үйге келерінде аттан аударып алардай арпылдайды да, иесіне бөтен емес екенін сезген соң, қайтып жақ ашпайтын. Қанжығасынан өмір бақида тастамайтын қыл арқанмен көкбестінің аяғын қазық бау шалып арқандады. Әлгінде бұлақ суынан сыңғыта ішкен жануар таудың бұршақты отына бас қойды. Балтаны білемдей ұстап кері оралған Еріктің есіне Қатын суының ар жағынан аптасына жалғыз рет, тек жұма күні ғана көрінер

қызыл орамалды Қыз түсті. Міне, осынау Алтайдың қыз көктемінен бері көз алдынан көлеңдеп, бейне бір қол жетпес армандай, күндіз-түні қиялынан, не түсінен шықпай қойды. Ол күні бүгінге дейін оның кім екенін, нендей кәсіппен шұғылданатынын білмейді, тым болмағанда жалғыз рет тілдесіп, аты-жөндерін де сұраған емес. Ал Қатын суын қақ жарып өте шығар қауқар Ерікте жоқ, тіпті Ерік қана емес, әзірге бірде-бір адамның күш-қуаты мен тас жұтар тәуекелі жете қоймаған. Тек қоңыр күздің аяғында ғана ашуы қайтып, сабасына түскенде, жоғары сағасынан кеудесі мықты атпен өтуге болатын. Әйтпесе өткел жоқ. Ерік ақ боз атқа мініп арғы жағаға жақындаған Қызға өңеш жырта айқайлап, сан рет атын сұраған. Әлде мұның даусын өзеннің күркірі бұзып естіртпейді, әлде жұмбақты Қыз қырсығып айтпайды, неге екені белгісіз, ала жаздай атын сұрап біле алмады. Біржола түңіліп, аптаның аяғында барғысы келмей қасарысқанымен, дәт шіркін шыдамай солай қарай – жағаға қарай жетелейтін. Қызыл жаулықты Қызда келуін қоймайды, намазы қаза болатындай, тау асып асығыс құлдайды, өзеннің жиегінде жарты сағаттай аялдайды, содан соң атына қарғып мініп, тау асып ғайып болады. «Алыстан қарағанда әдемі, әттең, жақыннан көрер ме еді» деген ой бірте-бірте көкіректің көксеуіне айналып, бұған дейінгі жайма-шуақ тірлігінің айдынына тас лақтырған; осыған дейін әйел атаулыға шын ғашық болып, аһ ұрар арманмен құлай сүйіп көрмеген қасаң да қатыгез жаны қазан түбіндегі майдай еріп, тоңы жібіген, тіпті шымырлап қайнағандай ма-ау. Бұл не сонда? Бәлкім, кітаптан оқып, кинодан көретін махаббат осы шығар; бұған дейін сенгенді қойып, өзгелер өзеуреп дәлелдегенде, селкілдеп күлетін басы енді сол махаббат машақатына байланып, әңкі-тәңкі. «Жоқ, бұл ғашықтық емес», – деп өз-өзін жұбататын. – Өткел бермес өзеннен өте алмаған соң, пайда болған әншейін әуестік қой; пенде дегенің не нәрсеге қолы жетпесе, соған құштар келмей ме; әйтпесе сол қыздың қойнына бір түн жатайыншы, ертеңінде айнып шыға келмесіме бәс тігемін. «Ол сенің ғана түсінігің» деп іштей бір үн бас көтеретін. Қалай десек те сол қызды жақыннан бір көру – бұл жалғандағы жалғыз арманы. Біздің жігітте бәрі бар. Бірақ түк жоқ екен, иә, ең керектісін таба алмай жүруі мүмкін ғой. Сонда маскүнем Тағаннан айырмасы бар ма, бар болса ол не?

Баспанасы, байлығы, ішпейтіні, жары... Жары демекші, оны да жас кезінде жақсы көріп үйленген-ді... Алайда жас шағында кісі қателікке көп ұрынады; тегінде, адамға ақыл қартайғанда керек-ау, алжымас үшін, алжаспас үшін... Ендеше, сол жасқа тән көп-көп қателіктің бірі – Айнаға қосылуы шығар. Шын махаббат қырықтың қырқасына шыққанда оянары ойымызға келмей жүр ме?

Қашаға, бағана Таған сүйеніп тұрған қашаға екі білегін артып ойға батқан Ерік алғаш рет: «ОСЫ МЕНІҢ БАЛАМ НЕГЕ ЖОҚ?» – деп күбірлеп қалды. Өз үнінен өзі шошыды да, бұл сұрақты тезірек ұмытуға тырысқандай үйге беттеді.

Ертеңінде Тағанды әрең тұрғызып алды. Өмір бақида көз алдынан кетпейтін, әсіресе, ес-ақылдан айырыла ішкенде, жыйылған жүздеген адамға айналып кетер аудитория, яғни бұдан лекция тыңдауға жиналған елестерге дәрісін беріп, аузынан ақ көбік аға сөйлеп, түсіндіріп, әбден талыққанда ғана барып, көз шырымын алған. Әсіресе, бүгін «студенттері» көп болды. Ерте дүние тарихынан қойылған барлық сұрақтарға жауап беріп болған соң, бүгінгі заманның көкейкесті мәселелеріне көшкен. Халықаралық жағдайдың шиеленісіп тұрғанын, әсіресе, адамзат басына ядролық апаттың төніп тұрғанын, ал адамзат бұл қауіпті жағдайға тек қана тым-тым мильылығынан душар болғанын, ақылдан азап шегіп отырғанын шегелей ұғындырды. Бірақ ол осыншалық ақ тер, қара тері шып-шып шыға айтқан сөзін бірде-бір аяқты тыңдай алмағанын сезген жоқ-ты, жазған-ай. Егер әлем саясаткерлері мен тарихшылары Тағанға ізгілік, ақиқат, болашақ туралы болжамдар мен өмірлік проблемалардан емтихан тапсырса, ешқайсысы да зачет ала алмас еді. Ондай атты күн қа-й-да-а... «НЕГЕ БІЗ ОСЫ...»

Жұлқылағанға оянбайтынын білетін Ерік жарты шелек су әкеліп басына құя салды.

– Төсек-орнымды сулайсың, – деп Захар ара түсіп еді, «кептіріп аласың» деп, оның сөзін тыңдаған жоқ. Орнынан атып тұрар қуат Тағанда жоқ еді. Алғашында не болғанын білмей, нар үстінде мең-зең отырып қалған. Ауыр түстен айыға алмаған адамша сәл қозғалса жарылып кетейін деп тұрған басын қос қолдап сығымдаған күйі: «Өлтірмесендер бір стақан сыра беріңдер», – деп ышқынды. Захардың бұл бас «мәселесі» жөнінен тәжірибесі бұрыннан бар еді, «салқын сыраны» ұсына берді. Бір деммен қағып салған Таған:

– Бұл дүниеде бас жазғаннан рақат не бар, – деп орнынан тұрды.

– Беті-қолыңды жу, аттанамыз, – деді екі қолын қусырынып, талтайып тұрған Ерік.

– Мен сені гестапо екен деп қалдым, – деп қыршаңқыланды Таған. – Бетімді бір шелек сумен өзің жуып бердің емес пе.

Захар мырс етіп күлді. Күлді де: – Мынаның тілі удай екен, – деді.

Ерік ашуланған жоқ. Сол салмақты қалпын сақтаған күйі: – Тілінен басқа не қалды дейсің. Бүйте берсе одан да айырылар, – деп, сарайдың тақтай еденін сарт-сарт басып шығып кеткен.

– Иә, – деді Таған. – Иә, эс-эс-тің офицерлері біздің ортамызда да бар, киімі басқа болған соң, байқамаймыз. – Захар бұл жолы күлген жоқ.

– Сен онымен тәжікелесе берме, жым-жырт болып кетуің гажап емес.

– Мен қазір де жым-жыртпын, жоқпын, сондықтан да еш нәрсе қорқыныш емес... Тамыр, одан да андағы сыраңнан қайталап жібер.

Күн бүгін де ашық еді. Қараңғыдан шыққан Таған көзі жыпылықтап, жарықты жатырқағандай күн көзіне қарай алмады. Басқыштан тәлтіректей түсіп омарта жәшіктері қойылған тұсқа беттей беріп еді, оның қолтығынан Захар ұстай алды.

– Ол жаққа барма, ара шағып алады.

– Патшалар жаяу баратын үй қайда?

– Жүр көрсетейін, – деп ерте жөнелді. – Көрінген бұтаның түбіне сари салмай, әжетхана іздегеніңе қарағанда, кезінде мәдениетті жігіт болғансың-ау, тегі...

– Үлкені келіп қалды... Кішісіне дәретхана іздемеймін, шалбарым бар ғой...

– Мен саған таң қаламын, Тағаншиқ, – деді Захар. – Ойыңмен сөзің керемет-ақ секілді, ал іс-әрекетің... нағыз маскүнемдікі. Сонда деймін-ау, ішпей қоюға неужели ақылың жетпейді.

– Егер мен секілді адамдар арақты қойса, онда біраз бастықтар тағын тапсырып, жан сақтай алмай қалар еді. Қазір, тамыр, жетесіздер жетіскен заман, олар біз секілді ішпейді, сауысқаннан сақтүлкідей айлалы, қасқырдай қорқау. Егер ОЛАР ішсе, ақымақтығы ашылып қалады, сондықтан да өзінен

гөрі ақылды әрі қауіпті басы істейтіндерді есебін тауып іштіріп жібереді. Мен СОЛАРДЫҢ құрбанымын.

– Да-а-а, – деді ойланғандай Захар. – Сөзіңнің жаны бар. Дегенмен, адам өз кемшілігін өзгеден көруі қате.

Көкбестіні ерттеп тұрған Ерік:

– Захар, өу, Захар, – деді дауыстап. – Бал жоспары қалай болып тұр. Орындай аласың ба?

– Өрең-өрең. Сенікі секілді асыл тұқымды араларым жоқ...

– Қант алдырған шығарсың... Қысқа дайындық бар ма?

– Қыста араның өз балын өзіне беремін-ау деймін.

– Нағыз большевик екенсің, қант жесе ішіне жақпай ма?

– Ара да адам ғой, өз еңбегін өзінен аяғым келмейді.

– Жөн-жөн, – деді Ерік. – Ендеше, бала-шағанды да тек балмен асыра, ақшаны не қыласың.

– Ақша мен ақылдың артығы бар ма, коллега. Тек арам болмаса жарады ма...

Шай ішкен соң, жолға шықты: Ерік – атта, Таған – жаяу. Олардың артынан қарап қалған Марфа күйеуінің әдетіне салып, даусын соза: – Да-а-а-а, – деді, – Анау жігітке обал-ақ... кірпігі қандай ұзын...

– Ұзын кірпікті үлкен көз жасты болады дейді қазақтар, – деді Захар. Содан соң қалай ғана есінде қалып қойғаны белгісіз, маскүнем жігіт – Тағанның «Неге біз осы...» деген сөзін өзінен қайталаған.

Алдарындағы белеске шыққанда, аумақты жазық көрінді. Сол жазықты сары жұрттап тастаған қалың жылқы жан-жағынан бұлақ саулап шалшықтаған саздауды омыраулай кешіп, сонылап жайылады. Шұрқыраған жануарлардың да өз дүрдараздығы бар: окта-текте кісінеп, шабысып қалған айғырлардың үні шығады. Әрқайсысы өз үйірін құлағын жымыра, басын жерге сала қайырада, байқаусызда маңайлап қалған сәуріктердің сауырынан тістеп, жаралап, тырқырата қуып тастайды. Бұл – Жалпақсаз деп аталар жайлау, жылқылы ауыл ала жаздай осынау мыңғырған мал жайылса да, ырық бермес жаннаты жерді жайлап, совхоз орталығына саба-саба қымыз сауып жөнелтетін. Биіктен қарағанда анау Жалпақсаздың жағасына қадалған қос танадай екі киіз үй, оның алдында ойнап жүрген балалар, кермеде байлаулы тұрған жылқышының аты, жерошақтың басында көк түтінді көлбей ұшырып, ас қамымен

күйбендеп жүрген ақ жаулықты әйел – бәр-бәрі көз қуантып, көңіліңді қытықтар бояуы қанық әдемі сурет секілді еді. Мынау жалпақ жаһанда атом бомбасы бар-ау, жұлдызды соғыс деген жалмауыз пайда болыпты-ау деген сияқты миыңды құрт қылар мазасыз сұрақтардан ада, ата-бабасының ерте-ерте ертедегі мәңгі бейбіт әрі берекелі де баянды кәсібінің қордасын үзбей, қорғап-қоршап отырған өркені өскір жылқышылар бейбіт өмір, тыныш өңірдің ендігі қалған жалғыз жанашырындай кәперсіз тірліктің түтінін шығарады-ай. Бәлкім, біз – технократияның өкілдері, осынау жылқының жусағанындай мамыражай тіршіліктен тым-тым ертерек қол үзіп, албасты ажалымызға қарай асығып бара жатқан шығармыз; бәлкім, осы бейбіт ғұмырдың бейкүнә адамдарының обалына қаларымызды ойламайтын шығармыз; бәлкім, адамдар да азамат соғысының аттарындай арбада ажал бүркіп, пулемет сүйреп келе жатқанын сезбей, мақсатты жорықтың жол ортасында қанға бөгіп, ұрпақсыз-ұрансыз қалар... Жер бетінде өткен соғыстан соң да жетіліп кеткен адамзат болашағы өздері байыбына бара қоймаған айқастың құрбаны боларын аспансығандар сезе ме – сезеді, бірақ өлермендікпен өшігеді өмірге. Неге? Бұл сұрақтың жауабын мал баққан қаймана ел бере алмақ емес. Сондықтан да аяйсың әрі осы бір өз жанында әмір жоқ бейнетқорлардың кәперсіз кәсібіне қызығасың. Ең бастысы – олар – қару жасамайды екен.

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ?..»

Жылқылы ауылдан таудан құлдилаған қос жолаушыға қарай үш бірдей ит оқтай зулаған. Саңқылдай үріп жандарына келді, бірі ат үстіндегі Ерікті аударып тастардай қатты өршеленеді, ал қалған екеуі Тағанды иіскелей еріп келеді. «Ит қаппайтын кісі болады деген, тегі, рас екен» деп ойлаған Ерік құлақ етін жеп, алды-артын ораған аламойнаққа қамшы сілтеп еді, ит одан ары жінікті. Осы кезде жаяу салпақтаған Таған: «Қой енді!» – деп еді, жағы семді. Енді ол үш иттің қоршауында ежелгі таныстарындай тайраңдай басып келе жатты. Үйлеріне өре шыға, осы көріністі бақылап тұрған жұрт қайран қалып еді. Өсіресе, балалар мәз.

– Тамақ берген шығар, – деді бірі.

– Кет әрі, біздің ит ешқашан тамаққа алданбайды, – деді екіншісі.

– Дуалайтыны бар шығар, – деді үшіншісі.
– Атама да ит үрмейді, – деді төртіншісі.
– Ондайлар ұры болады, – деді бесіншісі:
– Сонда... атам ұры ма? – деді алтыншысы.
– Атамды білмеймін, ал анау келе жатқан – ұры, – деді жетіншісі. Қалған үш бала әңгімеге араласа қойған жоқ, ал бесікте жатқан және тәй-тәй басып жүрген сәбилерді қоспағандағы он екі бала да Жалпақсазда отырған жылқышының кіндігінен еді. Байлық басы бала дейтініміз – осы шығар-ау...

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ?...»

Таудан төмен қарай домалаңдап келе жатқан адамның ұры да, қары да емес, әншейін диуанаға айналып кеткен маскүнем Таған екенін жас балаларды қойып, жылқышылардың өздері қайдан білсін. Үш итті бірдей еркелете соңынан ертіп, киіз үйдің іргесіне тақалғанда, көп баланың бірі: «Ой, мынау қайыршы ғой!», – деп дауыстап жіберген. Бұл сөз әбден шаршаған Тағанның болар-болмас қана істеп тұрған миына шаншудай қадалды, қапелімде селк ете түскені соншалық, бір орнында қатты да қалды. Жо-жоқ, алаңғасар баланың аузынан асығыс шыққан сөзді намыс көргенінен емес, қаншалықты қажып, тілім-тілімі шығып тентіреп жүргенде де, ешқашан, ешкімнен естімеген соң тосылғаны, я жасығанынан да емес шығар; бұл сөзді сонау бір «гүлдену шағым» деп есептейтін үйлі-баранды мәре-сәре кезеңінде, әйелі ғайбаттаған сәтте, шапалақпен тартып жіберіп, «ой, қайыршының» қарымтасын қайтарғаны есіне түскеннен-ау. Тентек ұлды әкесі үйге қуып тықты да, баласы үшін кешірім өтінгендей, қос қолын ұсынып қауқалақтай амандасты. Жылқышының жылы-жылы сөзі, ыкыласқа толы дидарласуы Тағанға әсер етпеді білем, өз қолын суықтау ұсынды да, әлгіндегі бір он жылдан соң кең жайлаудың төсінде алдынан шыққан сөзді ұмыта алмай, дел-сал күй кешкен. Ол ұзақ ұйықтап қалып, қатты айқайдан шошып оянғандай әсерде еді, баяғыда оқыстан орнынан қозғалып кетіп, енді орнына қайта түскен санасы, мұның алдына өмір сүрудің көп сұрақтарын көлденең тартқандай, шақшадай басы шарадай бола бастағаны рас еді. Үйге кіріп, сол жақ босаға жақтағы ердің үстіне отыра кеткенде де, үй иесі алдына қымыз ұсынып бәйек болғанда да, «қайыршыдан» қашып құтыла алмады. Бұл адамдық ар-ұяттың оянғаны болса – ақсарбас, ал

ескі жараның орны сыздап қана басылса... онда ақылынан азған жігітпен мүлдем қоштасқанымыз. Оны өмір көрсетер, әзірше қымыз іше тұралық. Ақ баласын көрсе жүрегі айнып тұрар Таған пісуі жеткен салқын қымыздың бір тостағанын жұтып жіберіп, жеңін иіскеді. «Ауру қалса да әдет қалмайды» деген, отырғандар, әсіресе, Ерік басын шайқап мырс-мырс күлді, тек жылқышы ғана көзінің қиығымен қарап сыр берген жоқ.

– Бұл жігітті танымадық қой, – деді тостағанға қымыз толтырып.

– Жолдасым, – деді Ерік арқасын керегеге тірей шіреніп. – Ауылдың ыстығында қаңсып жүргенше, жайлауға шығып, аунап-қунап дем алып қайт деп, ертіп келемін.

– Ертіп жүргенше, мінгесіп жүргендерің жолдастыққа жараспаушы ма еді?..

– Өзі ғой, аяғым ұйыды, қанын тарқатам деп жаяу жүрген. Бұлар үшін тауға шығу – культпоход, тасқа өрмелеймін деп арқан сұрауы да мүмкін.

Таған үнсіз. Өз қолына таянып бір шынтақтай жатқан күйі көзін жұмды. Үй иесі «жолдастардың» арасындағы жігі ашылып кеткен бір жайсыздықты іші сезді ме, әңгімені әрі қарай қаузамады. Сәл тыныштық орнады. Даладан балалардың асыр салып ойнағаны естіледі. Киіз үйдің есігі айқара ашық еді, сол айқара ашық есіктен Жалпақсазда шұрқыраған үйір-үйір жылқылар шыбынсыз жайлаудың жұмағында жүзгендей бейбіт жайылады; саздаудың арғы жағалауында сарала қаз көлбеңдейді. Осынау апшысы қуырылған монтанақтай жер шарының әлі де болса кеуде кере кең тыныстар, алаңсыз аяқ көсілер көрікті бір пұшпағы аман сақталғанына тәубе айтар едің. Бірақ көзіңді қытықтар мұндай мақпал көрініс барған сайын базары тарқап, келмеске кетіп бара жатқанын осы отырғандар ойлаған емес. Лапылдап жанған өрт өз ауылының, өз ошағының шетіне келіп етегі жанғанша кәперсіз, айрандай аптапкүбідей пісіп отыра берер қазақы мінезден қашан құтыла алар; жүздеген жыл қанына тарап, сүйегіне сіңіп кеткен бейғамдық, даласындай кеңдік кесірін де аз тигізген жоқ; неге екені белгісіз, өздері сыйыспай жүрсе де өзгелерге сый көрсетуге, жер бөліп, жеңін кесіп беруге келгенде алдына жан салмайтын елдің көп еншісі жатжұрттық болып кеткен. Қалғанының қайырымын, береке-бірлігін тілеген ағайынның

алдында төрт түлік малы маңғыстап жатса, одан артық бақыт сұрамаушы еді. Кейінгі жылдары одан да айырылып, бірыңғай тірлікке – тусыған жерді туырлықтай тілуге көшкен. Ойдағы ұлтарақтай құйқалы жердің жонарқасын жыртып тастап егін салмақ болып еді, әпербақан «тыңгерлердің» бұл әрекетінен түк шықпады. Арқаның апай төс даласы болса бірсәрі, қысы мен жазын айырып болмас Алтайдың алақандай алаңқайы игеруге көнбей шамданып қалды ма, әлгі жыртылған жердің бәріне алаботамен кендір өсіп, күзде құрайға айналып, үп етіп жел соқса болды, сай-сүйегінді сырқыратар азалы үн шығарар еді; жарықтық өр Алтайдың арқасы мыңғырған малдың тұяғын сағынып, қышуын басар дүбірді аңсап іштен тынар еді, ішін тартып өксір еді.

Жолаушылардың екеуі де қалғып кеткен секілді. Жылқышы орнынан тұрып, бие сауысуға шықты. Ересек ұлы саздағы жылқыларды қиқаулай қайырып жүр, енесіне қосақталған құлындар айдағанға көнгісі келмегендей тартыншақ тартады. Қолын артына ұстап желі басында тұрған жылқышы ұлына:

– Қатты айдама, биелерді исіндіресің, – деп айғай салды. Осы айғайдан атып тұрған Таған ербиіп есік алдына шықты. Аспан ойылып жерге түсіп кетпегеніне көзі жеткендей «уһ» деп, өз-өзінен ауыр дем алып ыңыршаққа құйрық тіреп керегеге арқасын сүйей отыра кеткен: анау танаулары пырылдап, керме желі басына жосыла жөңкілген жылқыларды алғаш та ақырғы рет көргендей көзін тайдырмай ұзақ қарады. Өзіне беттей қаптап келе жатқан қалың хайуан тапап өтердей... «ШІРКІН-АЙ, АТТАН ҚҰЛАП ӨЛСЕМ НЕ АРМАН» деген ой иектеді; «ШІРКІН-АЙ, АЙҒЫРҒА АЙНАЛЫП КЕТСЕМШІ» деген тағы бір ой жылтылдады. «Енді мен ешқашан да айғыр бола алмаспын, қан сиіп зорыққан атпын мен, иә-иә, арқасынан ер түспейтін, жауыры өмір бақи жазылмайтын жұмыс көлігімін. Өмірде жұмыс көліктері көп-ақ, бірақ солардың ішінде де сорлылары бар». Тамағы кеберсіп, асқазаны ашқылтым бірдеме іздеді. «Жылқышылар сыра ашытпайды, ол – белгілі, алқымыз, таңдайдағы жабысқақ шөлді баспай тұр. Не істеу керек? Кенезем кеуіп тұрғаны-ай... Шөлім басылмай-ақ өтетін шығармын-ау бұл жалғаннан».

Киіз үйдің іргесінде иі қанбаған терідей былбырап отырған Таған жылқылы ауылдың жайма-шуақ тірлігіне құр бекер

бажырайып қарағаны болмаса, көңілі селт еткен жоқ, дүниенің толайым қызығынан жерігендей жиіркенішпен немкеттілеу ойда еді. Кең әлемнің осыншалық тарылып, жалғыз жұтым шарапқа зар қылып қоюын кешірмейді және өзінің қазіргі халін түсінбейтіндерге аяушылығы да жоқ; бір ұрттам арақ үшін танкіден де тайсалмай барар еді, несі бар, Ұлы Отан соғысында солдаттар да сөйткен... Қызып алып қызылшеке ұрыс ашқаннан артық не бар бұл жалғанда; Сырдың суы сирағынан келер ме еді... Кермеде өз салмағын бір аяғынан ауыстырып, келесі аяғына салып тұрған көкбестіге қарады мөлііп. Көкбестіге емес-ау, аттың артында бөктерілген тері қоржынға тесілген. Сол қоржынның ішінде сөз жоқ, арақ бар. Амал не, «қауіпті зона», рұқсатсыз алуға дәрмен жоқ. Еріктен сұрап көрсе қайтер еді... Тағанның жымсыма ойын оқып койғандай үйден Ерік шықты. Әуелі есіней керілді, содан соң қос тізесін қапсыра құшақтап бүкшиіп отырған Тағанға: – Аттанайық, Қарабура, – деді.

– Анауыңнан бір жұтқызбасаң, қозғалатын шамам жоқ, – деді міз бақпай.

– Нешауа, шыдай тұр, үйге барған соң бір астау сыра құйып беремін, беті-қолыңды жусаң да жетеді.

– Сол молшылыққа тұмсығым тигенше өліп қалармын.

– Өлсең жайлаудың топырағы жұмсақ, таза жерге көлеміз.

– Өзіңнің осы жаққа үйірсектеп жүргенің содан екен ғой...

Сауын аяқталып, қарына ағаш шелек ілген әйел мен қолында ноқтасы бар жылқышы бұларға қарай беттеді. Итаяқ жастанып жатқан үш ит бірдей «ау-у-у» деп, басын басып кеткендей атып тұрды да, оң жақтағы таз шоқыға қарай атыла жөнелді. Қыбырлаған жанұяның бәрі солай қарады. Күнгейі тақыр таудан төмен жалғыз салт атты шоқытып келеді. Оның да соңына ерткен тазы иті бар. «Ой, қазір иттер таласады-ау» деп, қанды шайқас көруге құмартқан Ерік елегізіп қалып еді, ол үміті ақталмады, өзіне арсылдай ұмтылған үшеуіне салт аттының, жалғыз тазысы «пішту» деп қараған да жоқ, менсінбеген қалпы бүлкегінен жаңылмай иесіне ере берді. Аналар асығыс іс жасағанына ұялғандай бет алды лағып кетті.

Аңшының иті біздің Тағанға ұқсайды екен. Қарашы, қалай-қалай жасқанбай жортады.

– Бұл тауып айтқаның емес, – деді орнынан көтерем сиырдай созаландап тұрған Таған кіржиіп. – Қауып айтқандық.

– Бабыңды бір саптыаяқ сырамен-ақ табармын, шешенім.

– Сол күнге жетсек...

Орта жастан асып кеткен, сақал-мұрты ақшулан жолаушы аттан түсіп, жағалай қол беріп амандасып шықты. Кезек Ерікке келгенде:

– Ә, сен бе едің, тау миллионері, – деп кекетті. Омарташы шамданған жоқ. Жайдары қалпын бұзбастан:

– Қалай, ақсақал, бомбаубежищенің құрылысы аяқталды ма? – деді, темекісін тұтатып:

– Оның ішінде саған орын жоқ, дәмеппей-ақ қой.

– Керек болса, өзім де қазып аламын және сенікінен гөрі қауіпсіз...

– Өзің сыйсаң да ақшаң сыймас.

– Сенің сандығыңа ұрлыққа түскен жоқ едім ғой.

Бұл екеуінің арасындағы шәлкем-шалысты бұрыннан білетін жылқышы кермалдастыра бермей, пәтуасыз сөздің түбіне тезірек су құйғысы келген сыңаймен: – Бала-шағаң аман-есен бе?.. Жүріңіздер, үйге кіріп қымыз ішейік, – деді ергенегі шалқалай ашылған есікті нұсқап.

– Осы фронтовиктерге таң қаламын, – деді әлі әптігі басылмаған Ерік. – Жастарға сүйкенбесе, оқ атқандарын бұлдасам, ішкен астары батпайтын секілді.

– Сен секілді кергіген кесірлерді көргенде, жауды жеңгеніме өкінем... Жайлауда жүрген жалғызы мынандай, қаладағы қағынғандары қандай екен, тәубе... – Етігінің қонышын қамшысымен салып қалды. Енді бір сөз айтса, қолындағы қамшысымен Ерікті қақ шекеден осып өтетіндей долданып айтты.

– Майдангерлердің бәрі бірдей батыр емесі секілді, біздің де ішімізде ала-құламыз бар, ағасы, – деді зымыян жымыиыспен.

– Басқа жерді қайдам, ауылымыздағы екі ардагердің бірі – молда, екіншісі, есі ауысып тышқаншылап кетті...

– Тышқан терісіне сен құнықпай жүрген шығарсың. Суырға құрған он қақпанымды қапқа салып, қақшып кеткенінді екі дүниеде де кешпеймін.

– Осы сендерге не жетпейді? – деді жылқышы қабағын түйе қыржиып. – Алтайға сыймай жүрсіндер ме? Аңшы ағаның жөні бір басқа, саған не жорық, ей, Ерік... Әкеңдей адаммен айтысып.

– Сақалдан қадір қашқалы қа-а-ш-ан?! – деді Ерік мырс етіп.

– Байқаймын, осы екеуі де көмусіз қалады, – деген сөзге жалт қарасып еді, бұл «ұлағатты» ойдың иесі – жағасы жайлауда, алқам-салқам меңірейіп тұрған Таған екен.

– Былжырапсың, үшеуіміз де... Әйда, кеттік! – деді Ерік атына беттей. – Алтай аман болса, бұл қырқылжың шалмен талай кездесерміз.

– Пәшес ала алмаған жанды сен алсаң, тостым артын. Тұрысатын жеріңді айт, кімнің мерген екенін сонда сынармыз... жастығымды ала жығылатын қауқар әлі де бар, шырақ.

– Таусылмаңыз, ақсақал, жоқтан өзгеге шаршамаңыз, жүріңіз, қымыз ішейік. Жан торсығыңызды ұмытқан жоқсыз ба? Балаларға қымыз құйып берейік.– Жылқышы Аңшының қолтығынан демей киіз үйге қарай ыңғайлады.

Омарташы жігіт көкбестіге қарғып мінді де, сау желе жөнелді. Осы салпақтаған жүріске кешелі бері үйреніп қалған Таған да иесіне адал иттей артына жалтақ-жалтақ қарап сүмендеп еді. Табалдырықтан аттай беріп жалт бұрылған аңшы шал:

– Анау қасындағысы кім? Тазыны адамнан ұстайтын болған ба... Шығады одан, шығады... – деді зығырданы қайнап.

– Бірге оқыған жолдасы-ау деймін, қазып сұраған жоқпыз.

– Неге екенін білмеймін, осыны көрсем, көз алдыма пәшес елестейді.

Киіз үйден толқыта піскен сабаның күрпілі естіліп, сау-малдың иісі мұрныңды жарады. Жалпақсазға қайтадан мелдеген жылқылар әлемнің әлегін түсінбейтін мақұлық тірлігіне маз қалыпта бейқам оттайды. Аттылы-жаяулы қос жолаушы шыршалардан көкке найза шаншыған сайға түсіп көрінбей кетті.

4

Тал түс шалқар түске ойысып, екі тәуліктен бері төбеден төңкеріле қараған күннің шуағына масайраған тау табиғаты таңғажайып қуанышпен жарқырай жайнап, қуана құлпырып тұр еді. Өмір нұрын сепкен айналайын күннің «ата-анадай» елжіреуі, әсіресе, ара атты бейнетқор «халықтың» асығын алшысынан түсірген-ді. Серейіп қатып қалғанынша қанаты талмай, мәңгілік тынымсыздықпен болар АРАЛАР мұқым Қатын суы өңірін құлақ тұндыра ызыңға бөлеп, жиын-теріп

шаруашылығының көп дауысты хорын шырқап, әр гүлдің басына тұмсығын тығып, батпанқұйрық байлықты ұясына тасып тауыса алмай жүр. Өз ғұмырында ұйықтауды білмейтін, «бел жазып» дем алуды білмейтін шыбын руынан шыққан осынау күйтақандай ғана АРАНЫҢ сана-сезімі, түйсігі-түсінігі болмаса да, табиғат жаратқан, біздер үшін беймәлім әрекеті әрқашанда адамдар ақыл-ойынан асып кетер еді; өмір сүру, ұрпақ қалдыру ұранына, «конструкциясына» қылау түсірмей, өңдеп-өзгертпей, қатып қалған заңын бұзақыланып бұзбай, ғасырдан-ғасырға ұластыруы қайран қалдырар еді; ата-бабасынан бермен қимыл-әрекет, «ой-сана, салт-дәстүрін» бір жұп-жалғыз арнаға түсіріп алған АРАЛІАР мемлекетінен адамдардың үйренері ұлан-ғайыр еді; бірақ болмыстың ең бір есті де естияр өкілі ЕКІ АЯҚТЫЛАР сүйегіне сіңіп қалған менмендігі басып, үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алғанды қойып, ара жазғандардың аузындағысын жырып жер еді; тірнектеп жинаған шырынды шыр қалдырмай өздерінің қажетіне жаратып, ал ол араға қант беріп қан қақсататын; ал қант жеген бейшаралардың тұқымы барған сайын кетеуі кете, азып-тозып барады-ай; ең ғажабы – араның араны еңбексіз табылған табысқа ашылған соң, бұрынғыдай емес еріншек тартып, үй айналасындағы қоқыстан қоректенуге үйреніп алар еді; қазақтың «қолдан жем жеген құс алысқа ұшпайды» деуінде терең пәлсапа жатыр-ау, өздері берген қантты өздеріне қайтадан саңғытып беріп, бал емес әп-сәтте қоймалжың тартып, көпке бармай беріш болып қатып қалар езілген қант жеген кісілерге миығынан «күліп» қарар еді; әлемдегі әрі ақылды, әрі аңқау адамзаттың жан-жануар, құрт-құмырсқаға жасаған аярлығы күндердің күні болғанда қайта айналып өздерін табарын парықтамайтын және жер жаһандағы барлық тіршілік иелерінің ішінде тек АДАМЗАТ қана алданып отырғанын пайымдаған емес; сондықтан да «ара жасаған қоғамдық өмірдің деңгейіне жету үшін, адам баласының алдында әлі де тым ұзақ жол жатыр» деп баға берген Метерлинктің сөзіне иланбасқа шарасы жоқ.

Қатын суы айлағына орналасқан Еріктің омартасына да АРАЛІАР мемлекеті өздерінің антикалық заңымен ғұмыр кешуде. Мемлекеттің ішкі құрылысына, еңбек бөлісіне өзгеріс кірмеген, тек ұяның сыртқы түрі ғана цивилизацияланған, демек, бұрынғыдай шіріген ағаштың ішіне мекендемей,

тақтайдан қиып жасаған ұя-үйшіктерде орналасқан. Сол ұя-үйшіктің танадай ғана тесігі арқылы сыртқы дүниемен байланыс жасайды. Бағзыдан бергі қоғамдық құрылыстың интуициялық ережелері сол қалпында қалса да, жалпы ара психологиясындағы ерекшеліктердің ептеп өзгере бастағанын аңғаруға болушы еді. Айталық, анау таудың арғы бетіндегі Захар бағымындағы аралардан гөрі Еріктің аралары екі-үш жылдан бері жалқау тартқан секілді, бұрынғыдай кең өріс іздеп алысқа самғамай, көбінесе үй маңайын айналсоқтап, беті ашық қалған тамақ, көзге шалынар даяр тәттілерді торуылдайтын әдет тапты. Кеше осындай оңайға әуес араның бірі дастарқан үстіндегі балға малтығып қалғанына куә болғанбыз. Осынау үйкүшік қылық көлденең көзге байқалмағанымен, тәжірибелі омарташыға ой салмай қоя алмас. Бірақ тек қана сан қуған, көлем көздеген Ерік оз омартасындағы қанаттылардың тектілігі, еңбекқорлығы жоғалып, қабілет-мүмкіндіктері күн өткен сайын кеміп бара жатқанын бағамдайтын. Жалғыз-ақ секундта, яғни қас-қағымда қанатын үш жүз рет қағып үлгеретін қағылез жәндіктің қоғамдық болмысындағы алғы шарт жұмыскерлік десек, осы бір ұлы қасиетінен айырудың аз-ақ алдында тұрмыз. Адамзат өз жаратылысында, алғашқы қауымдық құрылыста дейінші, бүгінгі ғылыми-техникалық замандағыдан әлдеқайда көп еңбек етіп, күш жұмсайтын, тек кейін еңбекті жеңілдетеміз деген сылтаумен әр түрлі құрал-жабдық, айла-тәсілдер ойлап тауып, еңбекқорлық қабілетін жоғалта бастады. Тіпті ең қарапайым қажеттілік – тамақ істеп ішудің өзін автоматтандырдық... Қазір біз неғұрлым тұяқ серпіп қимылдамай-ақ, шалқамыздан түсіп жатып шалқар байлыққа кенелтер құрал жасалған сайын жанымыз жарылқана түседі. «Көрші үйдегі әжейді шайға шақырып келші» деп, өз балаңызды жұмсаңызшы «Телефон соға салмаймысың» деп, өзінді жазғырар. Ал сол бала әжейдің үйіне бару жолында және әжейдің үйінде қаншама өзі білмес тосын оқиғалармен танысар еді. Қазір біз қайнаған өмірді шай ішіп отырып-ақ телевизордан көре аламыз. Тәңірім-ау, телевизорлық өмір – өмір емес қой. Жүргізушінің сөзін естіп, сене алмай, өзің барып араласып, көзбен көргенге, құлағыңмен естігенге, денеңмен сезінгенге не жетер. Қазір-ақ біз жатып ішер жалқаулықтың бұрынғы-соңғы болып көрмеген жаңа дәуірін кешудеміз. Өзіміз ойлап

тапқан жеңілдіктер бойкүйездіктің бесігінде әлдилеген сайын маужырап, бойымыз балқып, апиын ішіп алжасқандай, дел-сал, ұйқылы-ояу хал мендеп барады-ау. Рас, миымыз жұмыс істейді, біліміміз мұхиттай, бірақ бүкіл ағзамыз қимылсыз, қозғалыссыз, тұйық су секілді борсып, бірте-бірте өле бастамағанына кім кепіл. Біз таңертең ерте тұрып, қайшыласқан машинамен жағаласа тыртындап жүгірер бірер шақырымдық ит бүлкегіміз арқылы, адамзат деген алыптың тау қопарып, тас бұзар алапат күшін сақтап қала аламыз ба? Жо-жоқ, адамзатты жұмаққа жеткізер ақыл-ойы ғана емес, төрт аяқтап хайуандармен бірге жайылып жүрген жерінен алып шығып, сананың сандал көгіне мінгізген қара күші де... Неге біз қол еңбегінен қашқанда, сол қол еңбегі – мұқым еңбек атаулының анасы екенін ұмытып, күрек пен кетпенді, балта мен балғаны музейге қоюға асығамыз. Бәлкім, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған тыныш өмір, бейбіт ғұмырдың бойтұмары сол қарапайым еңбек құралдары шығар. Еңсені езер еңбек ләззатынан, қол-аяғың салдырап шаршап келіп етігінді шешуге де шамаң келмей ұйықтаудан рақат не бар бұл жалғанда. Бәлкім, адам факторы – ең бір әлсіреген, техникаға иек сүйеп, еріншек тартқан... Бәлкім, дәл қазірге «Асқан ақылдылықпен» миымызды шағып жасаған, адам баласын жаппай қыратын қару-жаракты ертерек ойлап тапқанда, жер бетіндегі тіршілік атаулы сахараға айналып кетер ме еді. Бәлкім, миллиардтаған жылдар бойы гармониялық шынжыр тізбегін сақтап, бір-бірімен селбескен табиғат иеміздің көлденеңнен қосылған артық бөлшегіндей АДАМ сол біте қайнасқан тізбекті бытырлатып үзуге жасар әрекетін тоқтату әлі де кеш емес шығар...

Аралар қоғамының манифесінде әркімнің қабілетіне қарай, әркімнің еңбегіне қарай, еңбек етпеген ішіп-жемейді деген тарау жоқ-ты. Олар жұмыс істемеген ұластарының белінен екіге бөліп тастайды, тіпті шағылыс үшін ғана қажет еркек араның өзін суық түсе ұясынан тепкілеп шығарып, еңбексіз табылған олжаға ортақтастырмас еді. Әрине, бұл қатал заң, бірақ аса қажетті заң әрі ғасырлар бойы өзін-өзі ақтаған заң. Алайда, оларда биліктің барлығын омарташыға беріп, солардың құлақкесті құлына айналғанын ұғар зерде жоқ еді; алайда дүниенің кілтін өз қолына алған адамзат төбесінен бақылап, басқарып тұрған бір тылсым күш барын сезбей жүр ме екен... мүмкін, мүмкін емес нәрсе жоқ.

Жер жер болып жаралған күнді ешкім білмек емес, демек, тіпті адамзат өзінің қашан және қалай жаратылғанын тек топшылап айтқаны болмаса, анық-қанығына жете алмады. Бірақ адамзаттың, ұлы да ұятты қателігі жалғыз бұл ғана емес, емес... Атыңнан айналайын АДАМНЫҢ ең сұмдық қатесі сол – ол, асығыс аттағаны соншама, қайда бара жатқанын және жер бетінен қашан жойылып кетерін білмеуі еді...

Күн бүгін де ашық болды. Қанаттары қайырылып, тіршіліктен айырылғанша мәңгілік қозғалысын толастатпайтын аралар ғарасат майданын кешуде. Ашық күннің әр сәтін, тіпті адамзаттың өзінен де артық пайдаланып қалғысы келгендей, омартадан ұзап ұшып, шырын сорып, нәр тартып ертеден қара кешке дейін дамыл таппайды-ай. Әсіресе, осы өңірге екі жылдан бері қоныстанған «қауіпті будан», яғни ғылыми тілде «жауыз ара» деп аталар араның жаңа тұқымы алапат еңбекқор еді. Жұмысын жергілікті шыбындардан гөрі тым ерте бастайды да, күн батқан соң да, екі сағат нәр таситын. Араның осы бір бұл елде жоқ түрін алғаш рет вертолетші жігіттен естігенде, Ерік жанын қоярға жер таппай аса қызыққан және «не алсаң да маған тауып бер» деп, ұшқыш жолдасына қолқа салған. «Наука и жизнь» журналынан «Қауіпті гибрид» деген мақаланы оқып шыққан соң, аңсары одан ары ауып, қалай да қолға түсірудің жолын іздеді. Ал бұл араның қысқаша өмірбаяны былай еді: 1956 жылы генетик-селекционер У. Керр африкалық бал арасын алып келеді де, жергілікті тұқыммен будандастырады. Африканың аралары шапшаң әрі алысқа ұшады, анасы балалағыш. Буданнан пайда болған африкаландырылған араның сыртқы пішінінде пәлендей айырмашылық болмағанымен, еңбекқор және қауіп төнсе, тобымен шабуыл жасайтын өте агрессивті болып қалыптасқан. «Жауыз ара» атануы да содан. Айталық, осы Африка мен Европа арасының арасынан пайда болған буданның шағуынан 1969 жылы Бразилияда 200 адам өліп, мыңдаған адам жарақат алған. Кісілер үшін жергілікті, яғни өз арамыздан гөрі африкаландырылғандардың уы әлдеқайда қауіпті. Тез ройлап, тым алысқа ұша беретіндіктен, европалық аралармен шағылысып үлгерген. Табиғат құпиясы қызық қой, неге екені белгісіз, жергілікті араның Аналары осы «жауыз араның» еркегімен шағылысуға тым құмар. Сондықтан да өз арамыздың кейінгі балаларының мінез-құлқы

өзгеріп, африкалана бастаған. Мұның өзі байқап, салыстыра зерделегенде, адамдардың бойындағы шет елге деген қызығушылық психологиясын еске салушы еді. Африкаланған жаңа тұқымды шыбын-шіркейді қойып, адамдарымыздың арасында да ондайлардың барын көзіміз көріп жүр...

Міне, осы «жауыз араны» шет елге ұшатын самолетте істейтін әріптестері арқылы жең ұшынан жалғасып әкеліп бергенде, Ерік бөркін аспанға атып, вертолетші Прохор Александровичтің бетінің сау-тамтығын қалдырмай сүйіп еді-ау. Мұхиттың арғы бетінен даңғарадай магнитофон алып өтетін пысық жігіттерге сіріңкенің қорабына салған шыбын бұйым ғұрлы ма екен. Апталық алыс жол, мыңдаған шақырымдық қашықтықты аттап өтіп Алтайға қоныс аударған «қауіпті гибрид» бүгінде қаулап өсіп, жеке бір ұяны мекендеген. Тегінде, тентек жаратылған жәндік мұндағы тіршілігін шапшаң құрап, тез дамытты. Алтайлық жеңілтектеу ана аралардың біразы шағылысып та үлгерді. Енді, міне, кейбір ұялардан африкаландырылған араның сойқан ұрпақтары бас көтере бастады. Сөйтіп, Алтай – Америка – Африка тұқымдас жаңа, мүлдемтаңсық, мінез-күлкын, ата-тегін ешбір омарташы ажыратып та, ұғып та болмайтын «жастар» жаратылды.

Өз бағымындағы аралар ішінде жүріп жатқан жұмбақты процестен Айна хабарсыз-тын. Жаңа тұқымды «импорт» араның ұясын ғана біледі, онда да Ерік көп жолатпайтын, балын өзі ғана ағызып алатын. Тіпті осы бір шет елдік шыбынмен көп әуестенуге зауқы да соқпайтын. Күн бата өз аралары жым-жырт қалғанда, қас қарайғанша, зу-зу ұшып, тыным таппайтын мазасыздығына қайран қалар еді. Осы бір жайды енесіне айтқанда, енесі Нүрке кемпір: «Жатжұрттық ешқашан жарытқан да, жерсінген де емес, бүгін балын берсе, ертен уын ұсынады. Түбі тыныш болғай», – деп ауыр күрсініп еді.

Түстен кейін қолы қалт еткенде, қаз-қатар орналасқан ұяларды қарап, кейбірінің қақпағын ашып, балдың қорын тексеріп келе жатқан Айна «жауыз араның» үйінен айналып өтті. Сырттай қарағанда ешбір бөтендігі жоқ будандар да көздей тесіктен бірі кіріп, бірі шығып дамыл таппай жүр. Моп-момақан бірақ өз-өзіңнен сескенесің. Алтай тауының аюы мен қасқырынан шайлықпаған келіншек анау арпалысқан бөтендерден расында да жүрексінер еді. Арадай анталап

шығып, алар деген қауіптен туған жүрексіну емес, басқа-басқа, өзі де байыбына барып бағамына жетпеген беймәлім қорқыныш мендей беретін. Бәлкім, бұл шыбын мен шыбын жаны арасындағы ешкімге білінбес, білінбегендіктен де жаныңды жегідей жейтін мәңгілік шайқас шығар-ау...

Екі-үш күннен бері үйген шөмеленің саны көбейіп, алыстан қарағанда тау арасына орналасқан ағаш үйді қаумалап қоршаған шөп қос секілді. Немесе анасын жағаттаған қаздың балапандарына ұқсастығынан ба, көзге көркем көріністенеді. Ендігі жұмыс осы шүпірлеген балапан шөмелерді атпен қораға тасымалдап, маялап үю болатын. Онда да жалпайтпай, су өтіп шіріместей ғып, үшкірлеп төбесін шығара, нығыздап таптап жинау керек. Оған жалғыз Айнаның шамасы жетпейтін еді. Шабылған жердің дестесін түгелдей жинап біткен келіншектің көңілінде алаң бар. Жылда ары дегенде бір жарым тәуліктен аспай қайтып оралатын Еріктің, қас қылғанда, дәл күн ашықта осыншалықты кешігуі ептеп елендеткен әрі қалып бара жатқан шаруаның қамы қинап қарадай қамыққан, суыртпақ жолға қарай-қарай көз талдырған. Егер Ерік ертең де кешіксе, кер биеге қамыт салып, амал жоқ, жалғыз өзі тасуға бел буғанды. Түс ауа жұмыссыз қалғандай, омартаның ішін аралап, ұсақ-түйек істің басын қайырып жүргені де содан еді. Биенің сауымы келіп, ағаш күбіні білегіне іліп тұрып та орманның ішінен суыртпақталар жалғыз аяқ сүрлеуге қарағыштады-ай.

Бұл ой мен жонды жалғап жатар соқпақтың, кісі аяғы көп таптамағандықтан, қайта-қайта шалғын басып қалар нобайы, тек Тихой өзеншесінен өтер өткел тұсы ғана ақтаңдақтанып анық көрінетін. Қалың жынысты орманның ішінен қылт етіп шыққан жолаушы лық етіп осы өткелге түскенде ғана, анық ажары танылып, омарта орналасқан жазанға лекіте аяндап шыға келетін. Енді, міне, сол өткел үшінші күн жым-жырт жатыр. Осы жым-жырттық еді Айнаның жанын жалғыздықтың аралына апарып тастайтын, содан соң қыл бұрау салғандай қинайтын, жазықсыз жапа шектіретін.... дені сау, төрт құбыласы тең пенде шіркін үшін бұдан артық азап бар ма, бұдан артық тозақ бар ма, тәңірім! Жоқ еді, жоқ еді... аурудың ең бір асқынған түрі де осы – жалғыздық атты жалмауыз...

Айна дәл бүгінгідей көңілі азынап жалғызсырап та, санамен сарғайып сансырап та көрген жоқ. Неге екенін білмейді, биелер-

ді сауып болған соң, алғаш рет өз үйіне өзі кіргісі келмей, жоқтан өзгені сылтауратып сыртта жүріп алды. Ертеңді қара кеш ермек етер енесінің әңгімесі де жалықтырғандай ма. Жо-жоқ, ол ондай күнәлі ойға барған жоқ, тек, әншейін, жалғыздықтан жерінген сайын оңаша күйді аңсайтын дел-сал халдің илеуіне көніп, ырқына бағынуы шығар. Тағы да Қатын суының жағасындағы өзінің меншікті мекеніне барды. Ендігі қалған дәтке қуат, жанға суат осы – арқыраған асау өзен ғана. Берекесі жоқ бей-берекет дүниеде бір нәрседен зәредеп болмаса, осы Қатын суы аталар өзен еді. Кейде-кейде өз көңіліне, өз өміріне ұқсастық тауып, не себептен «Қатын суы» аталуы тарихын білгісі келетін. Ал өзен тарихын Нүрке кемпір де, Ерік де білмейді. «Бәлкім, мен секілді жалғыздықтан жаны жанған әйел, өрт болып лаулаған жалынын басар шипа іздеп суға секіріп, ағып өлген шығар...» Оқыстан туған осы ойына өзі қуанып қалды; қуанып қалғаны бар болсын, іле-шала: «Мен де секіріп кетсем қайтеді?» деген азғырынды ой және иектеген. Алдымен жай әуестік үшін ғана болып басталып еді, санасынан тіпті қуаласа шықпайтындай, жабысқаны соншалық, жүрегі өрекіппі, өзен жағасына бірте-бірте тым жақындап қалғанын байқамады. Бетін судың салқын лебі шарпығанда ғана, есін жигандай сескене шегініп кеткен. Өзен мың жылғы қалпында, өгіздей өкіріп, толқынынан толқын балалап, бар даусымен бастырмалата ән шырқайды. Өзіне қадала қараған қаршадай келіншекті тылсым күшпен қойнына тартып, қақшып алып қақпақылдата жөнелмек... Әлгі бір сайтандай сап ете түскен эзезіл ойдан құтқарған, ту сыртынан күмбірлей кісінеген жылқының үні болды. Артына жалт қарағанда, Тихойдың өткелінен салып ұрып өте берген Ерікті көрді. Көрді де: «Тәңірім-ай, келдің бе?» – деп, екі бетін алақанымен басқан күйі шөге түсіп, еңіреп жылап жіберген. Әйел затына тән босандық немесе долылықтан емес, адам төзгісіз ауыр азаптан құтқарушысын оқыстан көріп, көбік ата шалқып-тасыған қуанышынан жылаған... Жыласын... жыласын...

«Неге біз осы оқта-текте жылап алмаймыз? Неге?» Ерік көкбестісін лекілдете аяндап аяулы жарының қасына келді. Айна белі кеткендей отырған орнынан тұра алмады. «Ой, саған не көрінді?» – деген ерінің сөзін естімеген секілді, қос жанарынан сорғалаған жас жүзін жуып, мең-зең отыр. Шошына

аттан секіріп түсіп, қолтығынан демегенде ғана, Айна мойнына асылып, бетін күйеуінің тер сасыған кең кеудесіне басып, өксіп-өксіп еңіреген.

– Не болды, Айнаш? – Күн иісі аңқыған қолаң шашынан иіскеп, арқасынан сипап өзіне тартты. – Амансыңдар ма?

– Аманбыз, – деді өксігін баса алмаған Айна.

– Тәтеме бір нәрсе болып қалған екен деп... Апыр-ай, мұндайың жоқ еді, не көрінді. Қой, жаман ырым бастама.

– Қойдым, – деді келіншегі көзінің жасын балаша алақанымен сүрткілеп, мұрнын тартып. – Мұншалықты кешікпеуші едің...

Екеуі көкбестіні жетекке алып, үйге қарай қатарласа аяндай берген кезде:

«Ау, ағайын, мен қалай өтем судан?» – деп барқыраған дауыс оқыс тоқтатты. Тихойдын ар жақ жиегінде делдиіп тұрған самтыр-самтыр кісіні көргенде, Айна шошына таң қалып: «Мұнысы кім?» – деп Еріктің бетіне қарады.

– Жолдасым ғой, – деді самарқау шықты. – Әй, Қарабура, кіндігіңнен де келмейді, кешіп өт! – деп айқайлады.

– Шалбарымды қайтем, ойбай, су болып қалады ғой.

– Суланбай жүрген шалбар ма... Ештеңе етпес, шешіп қолыңа ұстап ал. Ұялатын нең қалып еді...

– Көлік апарайық, – деген әйелінің сөзін тыңдаған да жоқ, қыпша белінен құшақтаған қалпы үйге қарай икемдей ертіп кеткен. Таған да қырсықты білем, бергі бетке өтетін ниет білдірмей, өзеннің жағасына жайғасып тұрып жантайып жатып қалды.

Орманның арасынан Аламойнақ шықты арсалаңдап. Барша тышқан қуамын деп жүріп иесінің келгенін кеш байқап қалғанына кешірім тілегендей, құйрығын бұлғаңдатып, Еріктің кеудесіне шапшыды, иттің алдыңғы екі аяғынан ұстап алған. Ерік жас балаша тәй-тәй бастырып жетелеп барды да, құлағының түбінен қасып, арқасынан сипап қоя берді. Арғы жағалауда қалған бөтен кісінің иісін енді сезген иісшіл Аламойнақ ендігі мезетте солай қарай үре ұмтылған-ды.

– Үйбай-ау, ұстайық, – деп оқталған Айнаны Ерік тоқтатты.

– Ой, ол сүмелекті ит қаппайды екен.

Абалап жүгірген Аламойнақ Тихойдың жағасына зымырап жеткенімен, су кешіп өте шығуға жасқанды ма, әлде Тағанның табиғи мысы басты ма, шоқайып отырып қалған. Таған жатқан орнынан қозғалған жоқ, жан тапсырғандай қимылсыз.

Жалғыз ұлы есіктен еңсеріле кіріп келгенде, сал болып жатқан шешесі құшағын аша ұмсынып: – Құлыным-ау, есен-сау келдің бе? – деп, аналық абзалдықпен аңырап еді. Айшылық алыс жолдан оралғандай-ақ, Ерігін бауырына басып, екі бетінен кезек шөпілдете сүйді-ай. Осыншалық мол мейірім күтпеді ме, Ерік ыңғайсыздана күліп жіберген.

– Ауғанға барып келгендей-ақ, қарсы алдыңдар-ау.

– Енді қайтейік, бір үйдегі бір азаматтан айдың-күннің аманында айырылып қалсақ... Ел аман, жұрт тыныш па екен, әйтеуір.

– Еліңіз орнында, ештеңе ете қояр түрі жоқ. Желдей есіп, желпініп отыр. Бір тоқсанға бөлінген арақты бір айда ішіп тауысып, жоспарын асыра орындапты.

– Апыр-ай, баяғыдан сондай еді, – деді Нүрке кемпір басын шайқап. – Ауылдағы арақ таусылмайынша, бірде-біреуі шошаң етіп жұмысқа шықпайтын. Радиодан арақ сатылмайды, енді ішпейміз деп күнде қақсайды, сол тәртіп жете қоймаған екен-ау. Қай-да-ан жетсін, жер шалғай ғой. Таудың қуысына тығылып алып білгендерін істейді. Өстіп жүріп азып-тозып кетпейік, атау-керелерін ішіп жатқанын сезбейді-ау жасаған ием...

– Ол күнге де алыс емес, тәте...– деп екі ұштылау пікір білдірді Ерік.

– Қандай күн?– деп сұрады бопсаға түсінбеген Айна.

– Арақ сатылмайтын күнді айтамын. Ең соңғы маскүнемді мен ертіп келдім.

– Үйбай-ау, ұят болды-ау, жолдасыңды өткізіп алайық, – деген Айна орнынан тұра беріп еді, оның білегінен басып қайта отырғызған Ерік:

– Өзі-ақ өтеді. Омыраудан келмейтін суға ағып өлер деймісің. Қайта таза су кір-қоңын шайып, иіс-қоңысын кетіреді.

– Ол кім еді тағы?..

– Ол менің бірге оқыған досым, тәте. Сіз білесіз. Біздің елдікі. Көкеннің ұлы – Таған Мақажанов.

Нүрке басын оқыс көтеріп алды:

– Тәңірім-ау, не айтып отырсың... Өзіміздің Мақаңның – алты алашты аузына қаратқан Мақажан ақынның немересі

ме? Көкен жарықтықтың ұлы ма? Апыр-ай, шешесі марқұм болғаннан бері бетін көрген жоқ едім. Ол қайдан жүр, бұл ит өлген жерде! Жеткізіндер! – Кемпірдің даусы шаңқ етіп қатты шыққаны соншалық, Айна селк ете түсті...

– От оттап, су ішіп отырған жеріңізді «ит өлген» деп тіл тигізбеңіз, тәте, – деді Ерік шешесінің, ашуына арзымайтын нәрсеге дірілдеп-қалшылдап кеткенін жақтырмай. – Бар жазығым астына жіберіп, өлейін деп жатқан жерінен жетелеп келгенім болса, онда кері қайтарайын.

– Бет-жүзін көрейінші өзінің. Текті тұқымның тұяғы ғой...

– Ендеше, көрімдігіңізді дайындаңыз, – деп, Ерік қамдана бергенінде, ашық тұрған есіктен пұшпақ-пұшпағынан су сорғалаған Тағанның сұлбасы көрінді. Аяғы тайып сүрініп жығылды ма, әлде өзенге әдейі өзі шомылып алды ма, әйтеуір, сутышқандай үсті-басы сүңгілескен, киімін де сықпаған қалпында ербиіп тұр.

– Ей, Қарабура, кел мұнда, тәтем шақырады. Асылдың сынығы едің ғой... нұр дидарыңды жарқыратшы, – деді Ерік саңқылдай.

– Кел, шырағым, кел, – деп бәйек болды кемпір. Аяғын тұсап қойғандай бір басып, екі басып жыбырлай жылжыған азаматтың ажары Айнаға ұнаған жоқ. «Қайдан ғана қазып тауып алды екен» дегендей еріне ренжи қарады. Табалдырықтың ар жағынан:

– Амансыз ба, апа? – деді Таған тұрған орнынан қозғалмай. Бұдан соң Нюра Фадеевнаның ақ сары жүзін, көк көзін жаңа ғана байқады ма, – Здравствуйте! – дегенді қосып қойды. Нүрке кемпір күлді. Айна да жұмсақ жымыған.

– Еркек адам есіктен еңселі кірер болар... Ұры иттей жан-жағыңа жалтақтап жанарыңды түсірме, ұлым. Ерді кебенек ішінен таны деген, ханның сарайына кірсең де қадірінді қашырмай, кеуденді жоғары ұста!

Төсек үстінде отырған орыс кемпірден мұндай торғындай судыраған қазақшаны күтпеді білем, жанарының жапсары жыпылықтаған Таған әлі де болса үйге кіруге жүрексінгендей.

– Төрге шығатын түр жоқ, шеше.

– Әкең жарықтық жұрттың бермесін тартып алар аусар еді, тартпаған екенсің.

– Кірсеңші кергімей! – деп, Ерік гүр ете түсті. Таған адымын санаған қалпын бұзбай тақалды да, жарасы жарылып кетердей

сақтықпен табалдырықтан аттады. Босаға тұстағы ағаш орындықты соқыр адамдай сипалап жүріп тауып алды да, отыра кетті. Еріне еріп келген қонақтың осыншалық ынжықтығы Айнаның жүйкесін тоздырды ма, самаурынды көтеріп шыға жөнелді. Айқара ашық есіктен басын қылтыңдатып сығалаған Аламойнақ қазан-ошақ жаққа шай қамымен беттеген Айнаның соңынан еркелей еріп кетті.

– Қарағым, үстіңдегі киімді сығып кептіріп қой, – деді Тағанның ұнжырғасы түскен ұсқынына жаны аши қараған Нүрке кемпір: – Жол соғып шаршаған шығарсың, ес-ақылыңды жиып, демінді ал. Ыстық шай іш. Ерікжан, осында ит жемей жатқан көдедей көп киімнің бірін бер мына жігітке, ауыстырып кие тұрсын.

– Айнаға айтайын, тауып берсін.

– Рақмет, шеше, күн көзіне әрі-бері қыздырыңсам, дегдіп қалар. – Сүйретіле орнынан тұрды. Тұрғанымен бір нәрсесін ұмытқандай қипақтап Ерікке жаутандап қарай берді. Ол байқамағансыды. Тіпті болмаған соң:

– Әй, Қарабауыр, жүр далаға, әңгіме бар, – деді.

– «Тамағың жыбырлап тұр-ау», – деп Тағанды қолтықтай сыртқа шыққан Ерік көкбестінің арқасындағы жүк әлі де алынбағаны есіне түсіп, солай қарай беттеген.

Кіші бесіннен құлдаған күн қатын бесінге ойысқан екен. Айналаны қаумалаған қалың самырсынның қыл ұшында ілініп қалғандай: қазандыққа от жағып, шай қамымен жүрген Айна қанжығаны шешіп, тері қоржынды түсіріп тұрған күйеуіне әйелдік әуестікпен «не әкелдің» деп жақындаған жоқ. Кәперсіз, өз ісімен болды. Кенезесі кепкен Таған ғана жарамсақтана көмектескен еді, Ерік: «Ары тұршы-ей, аяққа оралмай» – деп зекіп тастады. «Қойдым, батыреке, қойдым», – деген Таған шегіншектеп барды да, томарға шалынып шалқасынан түсті.

Ойда-жоқтапайдаболған «қонақтың» мынау сықпыты, осыншалық қорлықты тірлігі ойлантып еді келіншекті. Өзін бір жерде, бір кезде көрген секілді. Таныс-бейтаныс жүзі әбден титықтап, тозаңы шыға тозғанынан ба екен, анық ажарын ажырату қиын.

«Ерік те еріккен шығар, несіне ертіп келді екен?..»

Еріктің ертіп келген жолдасы сүрініп құлаған жерінде жүрелеп әлі отыр. Оның осы жүрелеген қалпында үш-төрт сағат

отыра беруге шыдамы жетер еді. Шыдамы жетер себебі: сауықтырғыш лагерінде жүргенде, осылай жүрелеген қалпы күні бойы темекі тартып, қақырынып-түкірініп отыра беруге үйренген-ді. Бұл әдет маскүнемдерді қойып, мұқым түрмешілердің таңба басты ерекшелігіне саятын. Олар бір-бірін жалғыз ауыз сөзден ғана емес, осы отырыс-тұрыстарынан-ақ жазбай танитын. Өңешін ашқылтым сумен шаймаса булықтырып, қыса жөнелер көк жөтел, тамам әріптестері секілді, Тағанда да бар-тын. Аттың ерін алып, алақанымен шапаттап, ішпегін қаспақтанған арқасына қайта жауып, ыбылжыған Еріктің масқара саспастығы жынын келтіріп, шыдамы таусылған Таған қылғынып өлердей күркілдеген жөтелін бастады-ай. Бөтен дыбыстан құлаққашты болып қалған Айна шошына қарады, ал Аламойнақ болса жатқан жерінен секіріп тұрып, шәу ете қалды.

– Өлтірмесең өңешімді жібіт, – деді жөтелдің арасынан саңылау тауып, тілге келген Таған. – Әйеліңнің әдемілігін көрсетуге әкелмеген шығарсың... Береріңді бер де, жек арбаңа!

«Апыр-ай, тілінің ащысын-ай мына кісінің, – деп ойлады Айна, – менде несі бар екен».

– Жаның шығып кетсе де, тұра тұр, – деді тері қоржынды арқалап үйге аяндаған Ерік. – Айтқаным – айтқан. Салқын сыраға шомылдырамын. Әй, Айнаш, әлгі Прохорға арнап ашытқан бал сырадан бір саптыаяқ әкеліп берші анаған, жыланьның басы қайтсын.

Самауырға шоқ салып тұрған шымшуырын тастай салып тұра жүгірді. Көп айналған жоқ, сыйымдылығы бір литрге жуық қайыңның безінен ойып жасаған саптыаяқпен меймілдете сыра әкелді. Қолы дірілдеп, өзін жұтып қоярдай ұмтылған жігітке жақындауға сескеніп тұрып қалып еді, анау еңбектеп өзі жетті. Сілекейі шұбырған жүзіне қарауға дәті жетпеген келіншек тез теріс қарап кетті. «Уһ» деген дауыс естілді, саптыаяқ бос төңкеріліп жатыр. Таң қалды. Төгіп алған секілді. «Қой, бұл кісі емес шығар» деп ойлады.

– Шайың қайнады ма, менің де шөлімді бас, – деді ендігі сәтте сонау қаз-қатар тізілген шөмелелерге көз салып тұрған Ерік. Әйелінің екі-ақ күнде апта бойы шапқан шөпті жалғыздан-жалғыз жүріп, қалай ғана жинап, үйіп тастағанына іштей

қайран, бірақ бұл танданысын сыртқа тіс жарып шығармады. Әрине, өз еңбегін бұлдамаса да, өзекті жан болып жаратылған соң, «мықты екенсің, Айнаш» деген сықылды жылы сөзді ерінің аузынан әйелі күткен еді.

Өзі үйген шөмелелерді жаңа көргендей бұл да жанар жарыстыра қараған. Амал не, Ерік ләм демеді. Ләм деген қалпы, бұрылып үйге кіріп кетті. Әйелдің жүрегі сыздады-ақ, бірақ өкпесін ол да білдірген жоқ, екі иінінен дем алған самаурынды көтеріп ерінің артынан ерді.

Құрыстырған теріге ій жаққандай, Тағанның жаны жадырап, көбеңсіген көңілі көлдей шалқып сала берді. Ашуы әбден жеткен бал сыра атты кісіні аударып түсірер күшті еді. Бір саптыаяғының өзі-ақ мықтымсынған немені алып ұрды. Тау асып бекер келмегеніне көзі енді ғана жеткендей, тырайып жатқан Таған самсаған ағаштың басына қарап: «Неге біз осы?» – деп оң қолын көтерді. Үйден: «Басталды Қазақстан фестивалі», – деген Еріктің даусы қоса естілді. «Фестивальдің» басталғаны рас еді... Қашан аяқталады, кім біліпті...

Дастарқан басында үшеуі ғана. Былтырғы, одан арғы жылдардағы үшеуі, тек қана үшеуі... Төтеден пайда болған «төртінші» далада қалды. Шешесі сан рет «шакырындар, обал болады, қарны ашқан шығар» деп еді, Ерік: «Текке әуре болмаңыз, барқырап тынышымызды алады», – деп міз бақпады. Айна үндеген жоқ, көзінің астымен күйеуіне білдірмей қарап, шай құйып отыр. Сораптап шай ұрттаған дыбыстан өзге бөтен сыбыр-күбір жоқ ежелгі ерке тыныштық жайлаған. Ауылдан жаңа ғана келген Еріктен әңгіме дәмектендей еді, ол күн ұзақ жүрістен шаршады ма, біреу қуып келе жатқандай шайды ыстығына қарамай жеделдете ұрттап, шөлін басудың әлегінен шыға алмады. Нюра Фадеевна бір кеседен кейін ішкен жоқ, баласынан ойдағы елдің хал-ахуалын тақуалап сұрады да. Көңілінде бір көлденеңінен пайда болған алаң бар-ау, өкпелеген адамдай; ашық есіктен өзеннің арғы бетіндегі алып тауларға, осы әзірде ғана көргендей көз тайдырмай қадала қарады. Мүмкін, ұлының анау ауылдан алып келген жігітті шакыр деген сөзін аяқсыз қалдырған тілазарлығына ренжіді ме, әлде сонау жылдарда өз басынан кешкен оқиға ойына оралды ма екен, әйтеуір, әншейіндегі сөз құмарлығы жоқ, айналдырған үшеуі отырып, тоңторыс күй кешуі онсыз да сыздауы жеткен

жеке-дара тірліктің тілін матап-ақ тастады. Әркім өз ойының оты оңаша маздауын қанша тілесе де, пенде болып жаратылған соң, күбір-күбір сөйлесіп, сыбыр-сыбыр сұхбат құрып, күле жарқылдасқанға не жетсін: адамның ішкі сыры да арақ секілді, анда-санда сыртқа шығарып тұрмаса, запыранға айналып, көңіліңді лоблытып, жүрегіңді сыздатып азаптайтыны рас. Ауыр мұң қабыздап, жаныңның жасаң жайлауын жаңбырдың бұлты басқандай құсаланасың, дүниедегі ең керекті затынды жоғалтып алғандай алағызисың. Самаурынның ызындаған үні осынау тымпи ойнаған тыныштықтың жаназасын шығарған заржақ молдадай онсыз да омырылайын деп, сынайын деп сызаттанған ләм-мим отырыстың қуыс-қуысын кеулеп алды. Тіпті тым-тырыстыққа осы Фадей жарықтықтан қалған жез самаурын шақырып тұрғандай... Десек те, оттығынан шок жылтырап, буы будақтаған әнсалар самауырын Нүрке кемпірдің жарты ғасырлық ермегі, ескіден қалған жалғыз абысыны, жақсы сырласындай еді. Төркін жұртынан қалған мұра осы ғана. Басқасы жоқ та, бар болғанның өзінде жылдар жылымы жұтып қойған. Нюра Фадеевнада жалғыз-ақ арман бар еді, өзі құрбылас кемпірлермен өткен-кеткенді айыз қандыра айтып, құмарынан шыға әңгімелесіп барып жан тапсыру, туған жерден бір күрек топырақ бұйырса... Ол арманды орындайтын маңдайға басқан ұлы – Ерік болса ыңғай білдірмей жүр. Бұлардың қаймақшыған тыныштығын қаусатқан – тәлтіректеп басып, босағаны тырмалаған Тағанның үні болды.

– Неге біз осы... – деп, ежелгі әдетінше сұқ саусағын шошайтты. – Неге біз осы?.. Бұл шақта екінді туып, Нүрке кемпір намазға қамдана бастаған.

– Жүр-ей, – деді Тағанның қолтығынан нығарлай ұстаған Ерік. – Тәтем намаз оқиды. Мазасын алма.

– Орыс намаз оқиды... хи-хи-хи... – Таған шикылдай күлді. Кластасының бейпіл ауыздығы жанына тиді білем; онсыз да бастерісі келіспей жүрген Ерік желкесінен бүріп теріс қаратты да, құйрығынан бір теуіп етпегінен түсірді. Күйеуінің тым артық кеткендігі шыдамын шарт сындырды білем, самаурынның күлін қағып тұрған Айна:

– Қойсаңшы, обал емес пе? – деп, Ерік келгелі алғаш рет дауыс шығарды.

– Е-е, тілің бар екен ғой, – деп кекетті ері. – Тобық жұтқандай томпыып қалып ең...

– Сол тілді өзің де жұтып қойды ма деп едім...

Ерік әйеліне бажырая қарады. Шынымен-ақ Айнаның аузынан шықты ма дегендей, аң-таң. Он жыл отасқаннан бері тұңғыш рет тік сөйлеген жарының қас-қабағы баяғыдай емес екенін енді ғана аңлап, абдырап қалған. Айна бұған бұрылып та қарамай қарекетін жалғастыра берді. «Ой, саған не көрінді?» – деп жанына барды. Татулыққа шақырғандай білегінен ұстап өзіне тақап алды да. Жақсы көргенде жасайтын әдетімен шашынан сипап, құлағының түбінен иіскеді. «Шынында да, маған не болды өзі» деп, өксіген Айна басын күйеуінің кеудесіне қойып, тағы да жылап жіберді. Тәлтiректeп орнынан қайта көтерілген Таған, фашистің жауын ала алмай азаптанған партизанындай-ақ өзін өр ұстап: «Ей, Қарабауыр, бір тепкенің – бір саптыаяқ сыра», – деді. Жолдасы оның тілегін екі саптыаяқ бал сырамен қанағаттандырды да, оны-мұны саймандар тұратын қораға сүйрелеп апарып тастады. «Таудың түні салқын, тоңады ғой». Айна мазасын ала берген соң, әкесінің ескі ішігін үстіне жапты. Маскүнем бірден ұйықтап кетпейтін әдетімен малдасын құрып отырып алды да: «Неге біз осы...» деген тақырыптағы лекциясын бастаған.

5

Тамыздың тамылжыған шағында апта бойы ашық тұрған күн Қатын суы жағасында отырған жалғыз үйге ырыс болып кірді. Биыл бұрынды-соңды болып көрмеген пішен үйіп алды. Айнаның бір өзі-ақ шөмелеп тастаған шөпті көкбестіге сүйретіп мал қораға тасыды. Алтай қазақтарының пішен дайындаудағы айла-тәсілі жалпақ елдің ешқайсысына ұқсамайды. Айталық, қол тартпамен, яғни шалғымен шабылған шалғын дестесін ат тарта алатындай мөлшерде шөмелейтін. Сол шөмееледегі шөпті ұшында ұзынша етіп жонып қатырған қайың құрықша байлаған арқанды қамытқа жалғайтын. Құрықшаны шөмеленің арт жақ түбінен сүңгіте сұғып, арқанды екінші жағынан түптей орап әкеліп қамытқа байлап тарта жөнелсе, шашау шығып шашылмаған күйі сүйрей жөнелесің. Бұл жұмыс Таған үшін таңсық емес. Ертелеп салқын сырамен басын жазып алған соң еңбек етпей ішіп-жемейтінін білген соң, жанын сала кірісетін.

Алғашқы күні мұндай қабағат жұмысқа көндікпеген көңілі бұзылып, қикаңдап көріп еді, Ерік сырадан татырмайтынын білді ме, амал жоқ, айтқанына көніп, айдағанына жүретін болды. Ішімдікке салынып, сандалып кеткені болмаса, Тағанның денсаулығы сыр бере қоймаған, қара жұмысқа мықты, көмпіс қаражігіт екен. Асқазан ашқылтым су қыздырып жатпаса, табанынан сауып, қия баспайтын қиямпұрыстығын көр ғана түзетер. Ара-тұра үйге бас сұға қалғанында, Нүрке кемпір ақыл айтып басын ауыртқан соң, табанынан сауып олай қарай аттап баспайтын болды. Осы «ішпей-ақ қойсаң қайтеді» деген Таған үшін әлемдегі ең ауыр да азапты сөзді тек Айна ғана айтқан жоқ. Ауылдан келгеннен бергі аптадан астам уақыптың ішінде: «Неге тамақ ішпейсіз?» деген жалғыз-жарым тілдесуден басқа әңгіме болған емес. Туасы көп сөзділікті суқаны сүймейтін келіншек, жігіт ағасы жасқа келген шағында ақылынан адасып, алжасып жүрген келімсекті жақтырмағаны рас-ты. Жақтырмаған себебі: тепсе темір үзетін азаматтың әбден настанып кеткен намыссыздығы, ішімдік үшін сонау... түү-у-у өзі үшін арманға айналған етектен итше еріп келгені, басында үй, бауырында бала жоқ, қаңғырып кешер бекер ғұмыры, ку өңешті қышқылдату үшін құл болып жүрген өксік өмірі еді. Сан рет бетіне басып, жер-жебіріне жетіп ұрысқысы келді-ақ, айтып-айтпай не керек, сөз төркінін ұғар кісіліктен айырылғанын сезген-ді. Сезген соң, сен тимесең, мен тименге көшкен. Қазір де көкбестінің үстінде мыжырайып отырған мүскініне қараған сайын, қарны ашады. Айна арқандап берген шөмелені астындағы атын шу-шулей тепендеп қораға жеткізеді. Ерік шөпті сыпырып алып қалған соң, кері Айнаға қарай тырағайлайды. Ертеден қас қарайғанша созылған осына әбігерлі жұмыс әбден титықтатты білем, үшеуі бірдей тамақ ішуге шамалары жетпей тырапай асты. Әсіресе, ақ саусак болып, арамтамақтыққа үйреніп алған Таған бүгіндікке соңғы саптыаяқ сыраны салып алған соң, тұяқ серпуге, «лекция оқуға» дәрмені таусылып, мұрттай ұшқан.

Нүрке кемпірге балаларының арпалысып, күш күрескен мазасыз тірлігі тіпті де ұнаған жоқ... Ұнамағанын ашық айтуға жасқанды. Өзі де шаршап жүргенде, жүйкесін жұқартпайын дегені шығар. Әйтпесе теріс қарап жатып: «Осыншалық бал мен мал жинап, қай бала-шағасын асырай алмай жанталасады екен»,— деп күбірлеген. Әсіресе, келінін аяйды. Оның үстіне,

анау Көкеннің сүмірейген ұлы қосылды. Екі жастың біріне келмей қор болған Таған тағдырын да уайымдап, жүрегі сыздайды. «Обал ғой. Текті тұқымның азып-тозып, шілдің боғындай пышырап біткені ғой. Қайра-ан Көкен, әйелі Аналық қандай еді... Мақажан шал ше? Алтайды аузына қаратқан ақын, жан баласына басын имеген кісінің сұлтаны еді. Үһ, тәңірім-ай, не болып барамыз осы», – деп, күрсіне күбірлеп жіберді.

Жым-жырт түннің ортасына дейін кірпігі айқаспай, әрі аунап, бері аунап ұйықтай алмайтын әдет тапты. Нүрке кемпірдің ұйқысын бұзған Таған екенін өзінен басқа ешкім білмейді. Жанарын жапса болды, Аналықпен бірге өткізген баяғы – тұрлаусыз өткен тұтам-тұтам өмірі көз алдында көлеңдеп тұрып алады-ай. «Құдай-ау, сол Аналық жазғанның жақсылығын өтеді ме? Жоқ, өтей алмапты. Мойнына қарыз, ұрпағыма парыз күйінде қара жер қойнына кірем бе, жасаған ием. Не істеу керек? Қадір-қасиетінен жұрдай тоналған ұлын қалай ғана құтқарам бұл қорлықтан, қайтып қана арашалаймын арағы түскірден... Әл-қуатым жетер ме? Тым болмағанда Еріктің мазағынан...».

Бұл түні Айна да көз ілген жоқ. Күні бойғы салпылдақ жүріс, толассыз жұмыс бойын алып, әлдекім алып ұрып сабап-сабап талғақ қылып тастағандай дел-сал күй кешсе де, өз жанына әмір таба алмады. Екі табаны мен алақаны күйіп, салқын жер, саумал ауа іздегендей аунақшыған. Қаншама қашса да, Қатын суының жазға салымғы мұзындай іркес-тіркес ой камалып, көз алдында иін тіресіп бірін-бірі мүйіздеп тұрып алады. Қыз күніндегі әдетімен жүзге, тіпті мыңға дейін санап та көрді. Өзін-өзі шаршатқаны болмаса, бәрібір жанары талып, ұйқы шақырмаған. Кең төсектің екінші шетінде көсіле түсіп, кәперсіз қорылдап жатқан күйеуінің өзінен де, өзгелерден де көш ілгері қасиеті бар еді: тәуліктің қалаған уақытында басы жастыққа тисе болғаны, кенірдегінен пышақ тақасаң да, пыс етіп ұйықтап кететін және діттеген кез келген сәтінде оянып, солдаттардай қарғып тұрып, шапшаң киініп кете берер еді. Бүкіл адамзатқа бітер денсаулықты бір басына жиып бергендей, осы қырықтан асқан жасына жеткенше, басы ауырып, балтыры сыздағанды білмей келген тоқжарау әрі кәперсіз, жаны қасаң жігіт. Қазір де жау түсіріп келгендей алшая түсіп, табиғат тек өзіне ғана мол етіп сыйға тартқан ұйқының рақатына бөленуде. Терезенің

жартылай жабылмай қалған саңылауынан сығалаған ай сәулесі бірте-бірте өрлеп, Айнаның бетіне жақындады. Жер бетіндегі миллиардтаған адамның ешқайсысын бөле-жара жатырқамай нұрымен аймалайтын айналайын айды Айна кішкентай кезінен өзіне серік жасап, жақсы көретін. Өліара шақ туғанда немесе бұлттың арасында жасырынып қалғанда, алабөтен сағынышпен зарыға тосар еді; дүниедегі ең асылын жоғалтқандай мазасы кетіп, не жайраңдап күле алмай, не жарқылдап жүре алмай, іштей жүдер еді. Әсіресе, осы Алтайдың құзар басына көшіп келгені бері, жаһандағы ең жақыны – ет жақынындай болып кеткен Ай жарықтықты ауылдағыдай емес, тым сирек көретіні көңіліне қаяу түсіретін. Алты ай бойына көбесі сөгілмей, көн терісі жібімей жатып алатын қар, көктем шыға сылбырап, берекенді қашырап жаңбыр аспанды айлап бүркеп тастайтын қорғасындай ауыр бұлт – осының бәрі-бәрі Айнаның ай жарықтыққа деген махаббатын мазақ еткісі келгендей, бұл жалғандағы жалғыз қуаныш, жалқы жұбанышын жұлмалап, қызықты күндерін қызғана қытымырланатын. Алтайдың биылғы мінезі жайдары. Жаныңды жақұтқа бөлер күні мен айы, шүкір, қанша сімірсең де сарандық жасамай, жайсаң нұрын мұқым жайлауға шашып тастады. Өне, перденің екі арасынан, ерлі-зайыптылардың түнгі ләззатын бұзбайын дегендей, жұқалаң сәулесін ұяла төгеді. Ерлі-зайыптылардың түнгі ләззаты адыра қалғаны қаш-а-ан...

Айна ғұмыры жеткенше жылқы баққан жылқышының қызы еді. Бүкіл балалығы, қырмызыдай боп бой жеткен шағы жаз жайлауда өтті. Сондықтан ба, қылтың-сылтыңы жоқ, біртоға, тіпті үйкүшіктеу болып өсті. Қыста әкесі мұртына мұз қатып, тым алысқа, тау-таудың бауырына жылқы тебіндетіп кетер еді де, ауылдағы үйінде шешесі екеуі ғана қалатын. Баладан жалғыз, ермек етер, ербең етер ешкім жоқ болған соң, ертеңді-кеш айналсоқтап анасының жанынан шықпайтын. Ауылдың клубында анда-санда өтер ойын-сауыққа да шешесіне еріп баратын. Оныншы класты тауысқанша, бірде-бір бозбаланың бетіне қарамай, ұяң мінезінің аппақ парағына сызат түсірмей, кәмелетке толды. Жоғарғы оқу орнында оқып жүрген шалқымалы шағында да ниет білдірген талай жігіттің меселін қайтарған. Әрине, құрбы қыздарының жерлесі немесе жігіттің жолдасы болып келетін азаматтардың қолқалауымен

театр, киноларға барғаны рас, бірақ айлы түннің астында абақ бақтарды қыдырып, қызуы мол қызық жорықтарға шыққан емес-ті. Студенттік өмірінің ішінде, әсіресе, есінде қалғаны – үнемі бір ой үстінде жүретін, қара бұйра шашты, кірпіктері қолмен қондырғандай үлкен қара көзін қоршап тұратын аспирант еді. Онымен жалғыз-ақ рет жолықты, өмір бойы есінде қалды – есінде елес қана болып қалды, әйтпесе түр-түсін, аты-жөнін баяғыда ұмытқан. Қай кезде, ғажап, түсіне кіреді: аппақ тұманның арасында адасып жүргендей, бұл жақындаған сайын алыстап, қаздай қалқып, үйректтей жүзіп, мәңгі шексіздікке жылыстап баратын-ды... Сол қиялында ғана қалған аспирантты шақырып жатып, өз даусынан өзі шошынып ояңған мезеттері де болған. Ерік сан рет: «Осы сен түсінде әлдекімді шақырасың», – деп, ұрлығының үстінен шыққандай ұялтып еді-ау. Жарық дүниедегі ең сұмдық – көңіліңнің түпсіз тереңіне сақтаған сыр-сандығының қақпағын байқаусызда ашып алу десек, ондай жан адамға – әке-шеше, жан-жарыңа да жария етпес құлыптаулы құпияның болары табиғи. Әлемде бірде-бір адамның толық сыры ашылмай, арғы дүниеге аттанады. Ол күнә емес. Адамдықтың асыл қасиеттерінің бірі екені және рас. Мынау іргесінде кәперсіз ұйықтап жатқан Еріктің ішіне кім кіріп шығыпты. Айнаның түсінбейтіні ол емес, оның бағамдай алмағаны: «Неге біз осы жар төсегіне жеткенше жанымыз шығып кетердей жақсы көреміз де, жылдар жылжыған сайын от болып жанған сезіміміз біртін-біртін, қызуы қайтқан дарағайдың шоғындай суына береміз. Неге мені. Ерік баяғыдай құлап сүймейді, асап қоярдай аймаламайды. Неге? Оның себебін осы жолдарды жазып отырған мен де білмеймін. Менің білетінім: еркек пен әйел затының арасындағы мәңгілік қатынастың қалтарыс-жықпылын зерттеп түсіндірем деп әуре болу – бекершілік. Көзге көрінбес әрі жіңішке, әрі мықты жіптің неден есілгені беймәлім. Ал Ерік пен Айнаның арасын жалғар жіп бар ма еді өзі... Ұнатып қосылғандары шәксіз. Алғашқы жылдары, тіпті жетпей жетімсіреп жүрген кездерінде-ақ, айнымастай болып табыспап па еді; екеуі қол ұстасып, қолтықтасып келе жатқанда, осына жұптары жарасқан жұбайларға таңдана сүйсінбейтін адам болмайтын. Еріктің көмірдей қара шашы мен көк көзі, Айнаның тілерсегін соғатын қос бұрымына қызыға да қызғана қараушылар көп еді-ау! Тәңірім-ау, сол бір бақыттың

айдынында жүзген қос аққу сынды шақтардың, сол бір көз тойып, көңіл қанбас жастықтың қан базары тарқап, келмеске кеткені ме. Тәңірім-ау, таң нұрымен таласқан таңғажайып өмірдің бәрі-бәрі адыра, қош-қошын айтқанын қалай ғана байқамаған. Тәңірім-ау, мың жасайтындай-ақ, әр күн әр айдың қадіріне неге жетпейміз? «Ерік-ау, Ерік, білесің бе? Біз қартайып барамыз!» деп, айғай салып, алшая түсіп, албасты басқандай ұйықтап жатқан күйеуін тауықтай жұлмалап оятқысы келеді-ау, ұяндығы жеңіп, батылы бармады.

Айна өз-өзінен ыстықтағандай көрпені серпе ашып тастады. Ай нұрымен шағылысқан аппақ мәрмәр санына, тоқ балтырына жаңа көргендей, сүйсіне де сұқтана қарады. Келіншектің денесін, шынында да, табиғат-иеміз келісімді мүсіндегендей; амал не, міне, ешкімге керексіздей болып жалғызсырап жатқаны. Бұл жалғанда жаныңда арыстай азаматың жатып, жалғызсырағаннан жаман не бар екен? Ауылдан оралған соң Еріктің салқын тартып, «шаршап тұрғаным-ай» деп Айнадан қашаңдар әдегі баяғыдан, бірақ дәл осы жолғыдай – өкпелескендей тоң-торыс жат күй кешуі алғаш рет. Тым болмағанда құлағының түбінен иіскеп, «осы сенің ешкімге жоқ жұпар иісің бар» деп, еркелетпеді-ау, шашынан сипап аймаламады-ау. Осы бір еркек пен әйел арасындағы бойынды балқытар бақытты сәтті, неге екені белгісіз, Айна өлердей сағынды. «Алла-ай маған не көрінді?» – деп, аузынан жалын ата аһ ұрып, басын көтеріп, екі аяғын төсектен салбыратып отырды. Күйіп-жанған табанын кілемшені ысырып тастап еденге басып еді, сап-салқын екен, жаны кіре сүйсінді. Жым-жырт. Аламойнақтың да жағы семген. Әнеугүнгі балалы аю қайта айналып соқпай кетті. Қызық, ит үріп, Еріктің оянып кеткенін іштей тіледі. Жым-жырт. Үй емес, көр секілді. Тек ай сәулесі ғана қыбырлайтындай. Келесі бөлмеде жатқан енесінің кей күндері «Ей, алла, берме, бергеніңді алма» деп, дауыстап қалар үні де өшкен. Мұндай мұң тұнған, мұнар емген, ертеқ сынды әрі әдемі, әрі азап пен нала арқалатқан албасты түнді алғаш көруі. Тұншығып, таза ауа, салқын самал сағынған жүрегі далаға жетелеген. Осы ойын жүзеге асырмаққа қанша рет оқталса да, бұрынғыдай емес, сыртта да еркек бары есіне түсіп, бұл қылығын кім неге жорырын жобалап, жүрегі дауаламады. Түн ішінде қобыраған мол шашын барынша

жайып жіберіп, сұлық отырған келіншектің қазіргі пошымы қолқаңа қол салатындай аса қорқынышты еді: әл-әзірдегі аппақ мәрмәрден қашалғандай көздің құртын құртар сұмдық сұлу денені бобыраған ұзын шаш жауып тастаған. Айна әлдене есіне түскендей сәл жымиды. Бір кезде Ерік осы шашты өзінің де басына жамылып алып: «Айнаш, мынау сенің әлемде жоқ шашың екеуміздің әлемде жоқ қосымыз» деуші еді-ау. «Бәрі де баяғының садағасы... баяғының... Суға ағып өлсем» деген ой тағы да сұмандады. «Шашым су бетінде жыланша ирелеңдеп ағып бара жатсам... Ерік жылар ма еді?» Үй болып, бірігіп от жаққан осынау жылдардың ішінде күйеуінің көзінен ағып түскен жалғыз тамшы жас көрмеген ол, бәрібір жамандыққа қиғысы келмеді. Ыстығы басылғандай: ай нұры тұрақсыз ғой, төсектің аяқ жағына жылжып кеткен. Бұрынғыдан гөрі жатын бөлме де салқындағандай ма. Ерік басы жастыққа тиген қалпы, тұяқ серпіп аунамастан түшіркене ұйықтайды. Енесінен адасып қалды ма, құлын кісінеді. «Мынау ақбөрте құлынның даусы ғой, – деді күбірлеп. – Қой, жатайын, маған не көрінді, он екіде бір гүлім ашылмағандай».

Жым-жырт.

Таң алагеуім тартқанда ғана көзі ілінген Айнаның түсіне мұнар түнеп, бұлт көшкен таудың басында құйрығын шаншып, құлдырандаған ақбөрте құлын кірді...

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ...»

* * *

Бұл күні Ерік тым ерте оянды. Кеше түнде ұйықтар алдында «ертең күн шықпай тұруым керек» деген оймен жатқан. Аса сақтықпен сыбдырын білдірмей киінді. Терезе пердесін бозғылттай сібірлеген жарық үй ішін алагеуімдеп, таңның хабаршы сәулесін қылымси таратады. Құс жастықты тас қылып құшақтап басына жастамай бауырына баса ұйықтап жатқан Айнаның пысылдап бір қалыпты тыныстағанын тыңдағандай сәл қарап тұрды. Өзіне қадалған жанар әсер еткендей келіншек қозғалақтап барып, ішін тартып өксіді. Мысықтабандап ептеп басып үйден шыққан Еріктің әлі де көрпе қызуы басылмаған денесін таудың таңғы салқыны ұрды. «Ищ-ай» деп тітіркеніп барып, қашаннан бергі әдетімен дене жаттығуын жасауға кіріскен. Бұл – студент шағынан бастап сүйегіне сіңген қарекеті

еді. Ежелгі спортшылық қимыл-қозғалысты күрестен мүлдем құйрықкесті қоштасқан жылдардан бермен де қоймай, әр күні осылайша жаттығып, үй айнала жүгіретін. Қос қарағайдың ортасына мықтап орнатып тастаған турникке асылатын. Тұла бойын он екі мүшесін әбден қыздырып алған соң, мұздай суық сумен жуынатын. Қазір де Қатын суына барып, белуардан шешініп тастап рақаттана шайынды да, қытайлық қызыл ала гүлі бар жұмсақ сүлгімен сүртінген. Күн әлі шыққан жоқ. Әлдене есіне түскендей, үй іргесіндегі қойма-сарайдың темір тор терезесінен үңіліп еді, таңның жарығы түскен бөлмеде Таған жетім баладай бүрісіп ұйықтап жатыр екен, өлмегеніне көзі жеткен соң, орманға сіңіп, өзенді жағалай жаяу құлдады. Тек бір өзі ғана жүріп таптаған жалғыз аяқ сүрлеумен асықпай аяңдап келеді. Оқта-текте алдынан барша тышқан кес-кестеп өтеді. Кейде самырсынның бұтақтары қозғалақтап, тіршілік белгісін білдіргендей; балқарағай бүршіктерін терген тиіннің қыс қамына кірісіп азық тасыған шаруақойлығында шек жоқ, олар да, орман тұрғындары аң-құс та адамнан бетер арпалысып асығады. Орманның өз иісі бар – шайыр аңқыған таза әрі сызды иіс. Мүк басқан былпылдақ жерге табаның тигенде, қалы кілемнің үстінде келе жатқандай әсер аласың. Қартайып барып шіріп құлаған немесе табиғат апатына тап болған ағаштар да алдыңнан көлденеңдей сұлап қабығы қопсып, қына қабыздап жол тосады. Ондай сәтте аттап өтесің. Құлаған қарағай; шыршалар да табиғаттың өлген мүшесі, құрт-құмырсқа, ара мен тышқанның ұясына айналып, жермен-жексен, күйкі күй кешеді. Қайтып тұра алмастай құлайды. Ағаш жалғанда жалғыз-ақ рет құлайды. Жығылып, сүрініп, сілімтік ғұмыр кеше алмайды. Сондықтан да адамнан гөрі ұзақ жасайтын шығар...

Қанатын қомдаған балқарағай самырсынның, ешкі самырсын мен шыршаның бұтақтарына бетін, бұта-қарағанға бұтын тырмалатқан Ерік сергек сезіммен «махаббат-мекеніне» жетті. Бұл бір Қатын суының судырай ағатын жалпақ та тыншу тұсы еді. Арқырап аққан өзен де осы тұсында сәл саябырсып, белі жазылғандай қысылып-қымтырылмай еркін көсілетін. Арғы жағалау айнадағыдай көрінеді. Амал не, өткел бермейді. Арғы жағада дөңкиіп жатқан тақыр таудың да аласарар, еңсесін еңкейтіп, шөккен түйедей ырыққа көнер тұсы, міне, осынау алып таулардың аспанмен таласқан тәкаппар тізбегі

тізе бүккен жерде, сонау бір үйірінен адасып қалған жалғыз шынардың түбінде ОНЫҢ аты байлаулы тұратын. Ал өзі жап-жасыл аршаны жамыла ойға батып бергі жағалауға – БІЗДЕРГЕ көз салатын. Салт атты жұмбақты жанды алғаш рет жалғыз шынардың жанынан көргелі бері де екі жыл өтті. Биыл үшінші көктем келіп, жайма-шуақ жаз да етек-жеңін жинай ширап, пісіп қалған шағы. Енді біраздан соң Алтайдың сарша тамызы басталады. Содан соң сары ала күз, содан соң қоңыр күз ақ жауыны аралас сылбыран күз, содан соң алғашқы қар, белуардан келер қар, қыс... Ерік жаурағандай өз-өзінен тітіреді. Өне Мұзтау жақтан Күннің шеті қылтиды. Жарықтық-ай, сағыныштың от-жалынына оранып ыңырана көтерілді-ау. Жарықтық-ай, мұқым әлемді қуаныштың құндағынан оятып қуатымен нұрландырып, тіршіліктің мәңгілік толастамас, тоқтап, тоқырамас күйін шерткендей, шексіз аспан әлеміне көтеріле берді. Токтататын күш жоқ!

Ерік өзен жиегінде көп тұрды. Салт атты, жаулықты Қыз көрінбейді. Көңілін алаң биледі. Қарсы беткейге қарай-қарай қарашығы талып, жанары жасаурады. «Бүгін еді ғой келер күн». Иә, әр жылдың көктемінен бастап, қоңыр күзі түскенше, айына бір рет қылт етіп көрініп, Ерікпен алыстан амандасып, тілсіз тілдесетін Қыз бүгін кешікті. Оның себебін Ерік ешқашан біле алмайтын, тіпті сол аты-жөні, түр-түсі беймәлім Алтай аруы ендігі тұрмысқа шығып – қайтып шықпас торға – семьялық торға қамалған шығар. Есекдәмемен жүрген жігіттің ел ағасы жасқа жеткенде, қиырдағы қиялдай қызға қызығары, біздер үшін, көрсеқызарлық болып көрінер еді. Ал Ерік үшін өмірінің ең аяулы сәті, жүрегін дірілдетер асылы, арман құсы, дүниедегі жалғыз ғана көз қуанышы, шаршаған, шаршап барып болдырған жүйкесін жібітер, бойын сергітіп, ойын маздатар тамыздығы, ат болып кеткен тірлігінен адамға айналдырар құдіреті. Айнаға деген саздау тартқан салқындықтың себебі, тіпті де Бекзат емес, осынау елес сынды салт атты қыз еді. Жарының жанына жақындаса болды, салт атты қыз көз алдына көлеңдеп, екеу арасына ала арқан керіп тұрып алатын. Осы бір ішкі қиналысын Айнаға сан рет айтуға оқталса да, батылы барған емес. Қорыққаны емес, соңына шырақ алып жүріп қосылған қосағының көңіліне көлеңке түсірмеудің қамы еді.

«Ол бүгін жоқ. Келмейді», – деп, кетуге ыңғайланғанда, таудың төбесіне жалғыз жолаушы шықты. Елес шығар. Мүмкін емес. Дымданған жанарын уқалап-уқалап қайта қарады. «Сол! Өзі». Таулы Алтайлық Қыз ақ боз аттың үстінде ертек әлемінен оралғандай, бергі бетке – Қазақстан жеріне қасқая қарап тұр еді. Әншейінде тыпыр етпейтін, әншейінде аспан ойылып жерге түсіп кетсе де, бүлк етіп соққаны білінбейтін, бар-жоғы белгісіз жым-жырт жататын жүрегінің кеудесін тепкілеп, дүрсілдеп ала жөнелгені соншалық, Ерік басы айналып құлап қалмау үшін өзен жиегіндегі балапан шыршадан ұстай берді. Ыстығы көтерілгендей, екі беті дуылдап, көзі қарауытты. Мұндай ес танды хал бұрын-соңды болып көрген жоқ еді, өз сезімінің осыншалық өр серпіп, өрт тигендей лапылдауын көтере алмады білем, төтеден ауыр соққы тигендей есеңгіреген. Ал анау шынар түбіндегі Қыз қызыл орамалын бұлғап, бұған белгі берген. Содан соң ептеп қана атын тебініп, өзенге құлдай бастаған. Еңіске лоқылдай, тайғанақтай аяңдаған аттың тұяғы тиген тас шегірткедей ыршып барып, екпінімен домалай жөнелді. Ақбоздың жүрісі бұзылған соң, Қыздың әлгіндегі күмістен шапқан ескерткіштей тіп-тік сәнді отырысы ойран болып, ердің қасынан асып кетпейін деген сақтықпен үзеңгі бауды шірей шалқақ тартады.

Қызыл жаулықты Қыз Қатын суының жағалауына тақалып, аттан түскенде ғана, ес-ақылын жиған Ерік тас тиген шыныдай шытынаған санасын жамап-жасқап саябырлады. Көз алдындағы көкмұнар айқара ашылғанда, ар жағынан, тәңірім-ау, түнде түсінен, күндіз есінен шықпайтын ақ боз атты Қыз тотыдайын таранып, өзеннің жарқабағында тұрды. Қан түйіршіктері қайтадан ойнақшып, бекерден-бекер қадала қарағаны болмаса, өткел бермес өзеннен кешіп өтер, жүзіп өтер дәрмен жоқ бейшара жігіт тағдырдың осы бір опасыздығына назаланды. Ал Қыз ше? Ол бұрала басып суға тақалды да, алақанын толтырып ұрттады. Содан соң бұған күле қарап жүрелей отырды. Оның әлгі әрекетін Ерік те қайталады. Су тым суық екен. Аш өзегін қуалап өтті. Осылайша бірін-бірі екі жағалауда тұрып аңдыса бақылаған олар құла-жалдана құлап аққан Қатын суын суалтар күдіреттің жоқтығына налығандай мұндықты күй кешкен. Бәлкім, махаббат деген осы шығар... Ынтызар екі адамның ындынын құртар, бір-бірін мәңгілік айырар... өткелі

жоқ өзен ағып жатар ортада; бәлкім «сырғанды қайық қылып өткіз мені» деп, әнге қосқан баяғының ғашықтары тағдырдың осынау иттігіне күйінгендей, шырқырай шырқаған шығар; бәлкім, екеу арасында өткел бермес өркөкірек өзен ағып жатса – махаббат... уа, сол өзен жоқ болып оп-оңай қосылғандарды – ерлі-зайыптылар дейміз бе? Жүзіп өтем деп суға ағып өлгендер қаншама... Сансыз... Мүмкін, баяғыда... осы өзеннің аты жоқ кезде, дәл осылайша екі жағалауда тұрып бір-біріне ғашық болған қыз бен жігіт өзеннен өте алмай қиналған сәтте, әрқашан еркектен гөрі тәуекелшіл әрі батыл келетін әйел заты бірінші болып суға секіріп, жүзіп өтем дегенде ағып өлген шығар, содан ел Қатын суы атаған шығар... Қатынның құлаққашты қылар шуы қаншалықты айғайласаң да анық естіртпей, тек шың-шыңдаған үзік-үзік үн ғана жетер еді. Бірақ Ерік «атың кім?» деп, айғайлауын тоқтатқан емес-ті. Бейне анау Қыздың есімін естісе, Қатын суы таяз тартардай «Атың кім?!» деп және озандады. Қыз басын шайқады. Ести алмадым деген сыңай танытты. Бәлкім, естісе де, бәлсініп айтпады. Күн едәуір көтеріліп қалған. Ағаштардың самаладай ұп-ұзын көлеңкесі біртіндеп тұжырылып, таңғы салқын саябырсыды. Осы кезде Еріктің тура құлағының түбін жанай ұшқан ара әп-сәтте арғы жағалауға ұшып өтіп кетті. Шапшандығына қарап ажыратты: бұл Еріктің Америка құрлығынан алдырған «жауыз арасы» еді. Қызыл орамалды Қызға өзінен «қауіпті буданның» бұрын жеткенін қызғанғандай, «атаңа нәлеттің бал үшін бармайтын жері жоқ» деп ғайбаттады. Со-о-н-о-оуу ит өлген жер, өзге ел, өгей жұрттан қолы жетіп, бүкіл республикада жоқ араның жаңа тұқымын алдырған құдіреті қор болып, ені үш жүз қадамнан аспайтын өзеннен өте алмағаны жанына қатты батты-ақ, амал не, тоқтататын күш жоқ. Егер зәуде мынау албасты судың үстіне көпір саламыз деп, қаражат жинап, есеп ашса, Ерік барлық байлығын садақалар еді. «Әттең, араға айналып, арғы бетке ұшар ма еді...» деген бала қиял тербеп мелшиіп тұр. Қыз мұны ынтықтыра түскісі келгендей, қалтасынан айна алып, шашын тарады. Шашын қырыққан, қысқалау әрі көмірдей кара, тал бойына өзгеше жарасады. Ат үстінде жүргендіктен бе, джинсі шалбар киген. Алыстан қарағанда ұлға ұқсайтын. Ұлтының кім екенін білмейді. Әлде қазақ, әлде ойрат қызы. Таулы Алтай өлкесіндегі Жазатыр, Қосағаш жағында қазақтар тұратынын

білетін, алайда бұл тұстан алыста емес пе. Мүмкін, жайлауға осы жаққа шығатын болар, бәлкім, ол да омарташының қызы ма екен. Кім болғанда да қиыр жайлап, шет қонатын қарапайым шаруаның баласы. Әйтпесе мынау алып тауларды атпен асып, қорықпай жападан-жалғыз жүрер ме еді...

Үсті-басын сылана түзеген қызыл жаулықты Қыз лып етіп ақ бозға мініп алды. Содан соң соншалықты бір жарасымды қылықпен қолын бұлғап қоштасты. Не істерін білмей ербиіп тұрған Ерік құлынша аққан жылқыдай аласұрып, тағат таба алмады. Ол да қолын ербендеткен, алайда онысы қоштасу рәсімінен гөрі әлдекімнің әкесінен түсіп балағаттап кіжініп, кетсең-кет деген зерезеп қылыққа ұқсаған. Қыз бұл жолы тау асып кетпей, Қатын суының ағысымен жағаласа құлдаған. Ерік те біраз жерге дейін еріп барып, Қыз сай аңғарындағы қалың ағашқа сіңіп, көзден тасаланған соң ғана, дымы құрып кері қайтқан. Бұтақтары жабағыланған ешкісамырсын, әсіресе, мол еді, жыныстанып жігіттің жолына бөгеу болды. Үйреншікті сиыр соқпағына түскенше, онсыз да жүйкесі жұқарып келе жатқан Еріктің жынына тиді-ақ. Орман тіршілігі қызған шақ. Азық тасыған тышқандар тынымсыз. Ол алғаш рет өзін жек көрді. Еш нәрсеге зауықсыз, өмірге өкпелі. Әлем өртеніп кетсе де әнін салып, мұңсыз-қамсыз жүре беретін Тағанның өмірі қызық шығар. Дүниені парық қылмайтын діні берік, өз-өзіне сенімді, мақсаты айқын, төрт құбыласы тең Ерік дәл осылай іштен тынып, сары уайымға салына түңілмеген шығар, дәл осылай мұңға батып, керексіздігін сезінбеген шығар. «Осы мен кімін?» деп, ешқашанда ойсырай ойланып көрмеген омарташы кеңістікті далдалап, көкжиекті көміп тастаған орманды күл-талқанын шығара балталап, аралап қиратқысы, отағысы, от жіберіп өртегісі келді. Өзі де білмейтін өкпелі ашуға алдырып көзі қанталады, көңілі көгеріп-сазарды, санасы кекпен кептелді. Неге? Түсініксіз. «Әй, сол бір сайтан секілді сандалған қызды қойшы. Енді қайтып көрмеймін» деп бекінді, белін бекем буды. «Жаным тірі болса, ондайлардың онын табуға болады. Қалтамды ақшаға қамптитып қалаға барайыншы бәлем үйірімен тоғытайын». – Осы бір кіжінісі оның жүрісін шапшаңдатқан.

Омартаға жеткенде, Айна ұйқыдан тұрып, шай қойып жүр еді. Орман арасынан ойда-жоқта шыға келген еріне аңтарыла

қарап тұрды да: – Биелерді неге айдай келмедің, құлындарды байлайтын уақыт болды ғой, – деді жұмсақ үнмен. Қайда барғанын сұрамағанына Еріктің онсыз да шытынаған шыдамы қарс айырылды.

– Ыбылжыған түрінді-ай, құдай-ау, неге ұрыспайсың, неге әйел болып назданбайсың, бұлдана еркелемейсің? Ала көзіңмен ата қарашы! Өкпелеші. Өтірік болса да жек көрші!

Айна Еріктің тұлан тұтқан жүзіне үлкен қоңыр көздерін төңкере қарады да:

– Не үшін? – деді қаймақшыған жұқа ерні сәл дірілдеп.

– Намыссыздық қой бұл! Не өлі, не тірі екенің белгісіз бейкүнә бір мүскін...

– Не көрінді саған? Орамамызды ашпай айтысамыз ба?

– Іштей атысқанша, сырттай айтысайық, түбі бір тірелетін тұйық бұл.

– Түкке түсінсем бұйырмасын. Осыншалық жазғыратындай жазығым не?

– Иә, иә, осы жазықсыздығың мені жындандыратын. Үн-түнсіз, айдағаныма жүріп, айтқаныма көнетін жуастық әйелдің қадірін кетіретін, қасиетін жоятын.

Күйеуінің осыншалық күйгелектеніп, сөз боратқанын алғаш көргеніне әрі таңдана, әрі тосырқай толқыған Айна «мен де ағыл-тегіл ағызайын» деп ойлады да, ғадетінде жоқ мінезді мініс аты қыла алмай қиналды. Тіпті күйеуінің ызғар шашқан жүзінен сескеніп, ұрып жіберсе қайтемін деген қауіп жеңді. Өмір бақида денесіне таяқ тиіп көрмеген ол осынау ер азамат атаулының жұдырығын керексінгендей ме... еркектің айбыны! Еркектің қамшысы! Еркектің қоқиланып күш көрсете сөйлер менмендігі, тәкаппар да таңғажайып ашуы емес пе шығыс әйелінің көксері. Айнаның бойын кекті долылықтан, қарсы шабар бетпақтықтан гөрі көңіл сабасын толғап пісер әуестік биледі. Ішінен тағы да ұрса түссе екен, ұрам деп ұмтылса екен деп тіледі де. Ежірейе әкірендеген Ерік сөзін:

– Шіркін-ай, тал бойына біткен осыншалық сұлулықты сұп-суық мінезіңмен қор қылдың-ау... Ажарың бар, ашуың жоқ. Сондықтан да бір-бірімізден жеріп барамыз.

– Осыған кім кінәлі? – деді самауырға шоқ салып тұрған Айна. – Осы маған тағылған кінәнің барлығын өзіңе қайырсам қайтесің... Осы менен күткен мінез-құлықты, қылықты, сенен

күтіп көксемейді деп ойлайсың ба? – Енді Ерік тосырқап қалды: – соңғы кезде – деді Айна, – Мейлінше жайбарақат қалыпта, – сенің де бір нәрсеге басың қатып, сенделіп жүргеніңді сезбейді дейсің бе? Менің сұлулығымды сусындап тауысқандай, тіпті бұл өмірде бар-жоғыммен де санаспай сансырайсың, өз-өзіңнен сандалып шаршайсың, өз-өзіңнен өзегің жанып өкпелейсің. Неге? Өтірік сөйлесек те, өтірік өмір сүруге болмайды ғой. «Сыйларға тілің жоқ болса да, сипарға қолың жоқ па?» – деп, апам айтып отырушы еді...

– Ой, өзің шешен екенсің ғой. Айта түс. Сырың жаңа ғана ашылып келеді...

– Айта түс деп айтақтамай-ақ қой, Аламойнақ емеспін. Шырынымды сорып тауысқан екенсің, қиналма деп қинама, апарып таста ауылға.

– Міне-міне, бәрекелді, осындай екенсің ғой...

– Иә, осындаймын. Тоғайдағы торғайда да ашу бар.

– Түсі-нек-те-е болды, – деді Ерік әйелінің қолындағы шымшуырды алып, самауырға шоқ салмақ ниетпен.

– Жағымсымай-ақ қой, оттығы онсыз да аузы-мұрнынан шығып тұр.

Екеу арасындағы айтыс созалдап барып, жарасымды әзілге ойыса бастаған. Расында да, тоң-торыс күйдің тоңы жібігендей, жүздеріне жылу жүгіріп, бітеу жараның аузы ашылғандай болып еді.

– Әй, Айна, несін жасырайын, мен ғашықпын, – деді Ерік әдетінше шашынан сипап.

– Тағы да ма?

– «Тағы да масы» қалай?

– Осыдан он жыл бұрын маған осылай деп едің.

– Мен ойлаймын: ғашықтықта тұрлау жоқ, шек жоқ, сондықтан да мәңгілік...

– Бұрын-соңды естімеген пәлсапа екен. Қашаннан бері?

– Үшінші жыл...

– Ғашығыңның қайда екенін білуге бола ма?

– Өзеннің ар жағында.

– Ой, суайтым-ай, – деп, Еріктің кең жауырынынан алақанымен салып қалған Айна сыңғырлай күліп, екі иінінен дем алған жез самаурынды дедектете жөнелді.

– Шын айтамын, – деп айғайлады Ерік. Осы кезде қойма-

үйден: «Дүние, құдым сені он жасымнан» деп бақырған Таған әлі де тірі екенін тарғыл даусымен дәлелдеді.

Иә, Таған маскүнем тірі еді. Тірі ғана емес, бүгін әбден ұйқысы қанып, сергек тұрды. Түні бойы мазасын алатын машақат түс, көзі жұмылса болды, пышағын тамағына тақап, тісі ақсиып, сілекейін шұбыртып сақ-сақ күлер құбыжық, шеті мен шегі жоқ жапан түз, жалпақ далада аузынан үскірік шашып қуатын жеті басты айдаһар да, бұл жанталасқан сайын, суырып тартар ұйық батпақ та, айран болып аққан миын талап жейтін мың-миллион құрт-құмырсқа да, зеңгір аспанның шырқау биігіне көтеріп ұшып, тастап жіберер самұрық құс та, шегінген сайын мінбелеп, өкшелеп қуар сансыз көп машина мен мүйізі карағайдай ала өгіз де – бәрі-бәрі бұрынғыдай қаратерге түсіріп кинамай байыздаған. Жайлауға шыққалы өз болмысындағы өзгерісті ептеп байқап, мұның жөнін неге жорырын білмеді. Аш қарынға тартып жібергенде, есіріп, шыға келер қайран көңіл бүгінде жөпшеңкіге бой алдырмай, қарсылық білдіре бастаған. Бәлкім, күні бойы қимылдаған соң, ащы термен ащы ішімдік те шығып кете ме, әлде әсер етіп жүрген таудың салқын да сауамалдай ауасы ма. Қалай болғанда да Тағанда түлеу бар.

Ескі әдетімен әндетіп тұрды да, керіле есінеп тысқа шықты. Күн арқан бойы көтеріліп қалған. Ерік жылқыларды қайырып, құлын ұстап жүр екен, бұған назар аударма қоймаған. Сыра сұрағысы келіп тұрды да «қой, беті-қолымды жуып алайын» деп өзенге беттеді. Көптен бері жаңбыр болмай, су мөлдірленіп қалған. Соның өзінде де Мұзтаудан бастау алар Қатын суы қылаңданып ағатын. «Суға түссем қайтеді?» деп ойлады, ежелгі еріншектік жібермеді. Беті-қолын шала-шарпы шайды да, кері оралды. Аққулық биенің ақбөрте құлыны ұстатпай әуре ғып жүр екен. Таған бір жағынан жасқап көмектесті.

– Бір үйге екі биенің сүті де жетпей ме, үшеуін бірдей неге сауасыңдар? – деп сұрады.

– Аққулықты желіге үйрету керек.

– Менің білуімше, құлыны бар жылқыны қулық демеуші еді.

– Пәлесін қарай гөр, мал таниды-ей, былтыр құлын тастап кеткен соң, солай атап кеткеміз, – деді Ерік кекесін араластыра: – Түсінде қызыр аян берді ме, сыра сұрамай неғып шыдап тұрсың?

– Өзің бергенше, ішпеуге бекіндім.
– Мұның – дүниені дүр сілкіндірер жаңалық.
Айна есіктен басын қылтитып шайға шақырды.
– Бүгін не істейміз, пішен үйіліп бітті ғой, – деді Ерікке ерген Таған.

- Сендерге демалыс жариялаймын, ал мен аң қараймын.
- Ерте кетсең қайтеді, ішім пысады ғой.
- Сенің иісінді сезген мұқым Алтайдың аңы ауып кетер.

Сыраны тойғаныңша іш те, сылқиып ұйықта. Қолың қышып бара жатса, анау кеспелтек ағаштарды жарып, саржан сал... Бүгін мен сені танымай тұрмын-ей...

Дастарқан басында төрт көздері түгел жиналған соң, Нүрке кемпір алақанын жайып, ерні жыбырлап бата жасады. «Бисмилла» деп, қара ала кеседегі қаймақ жүзген құла шайдан ұрттаған соң ғана, қалған үшеуі асжаулықтағы дәмге қол салған. Түннен қалған етті жылытпалап қойған екен, буы бұрқырап, сорпасы кілкілдеп тұр. Күндегіден гөрі бүгінгі ертеңгілік шай көңілді ішілді. Әрқайсысы «ішімдегіні тап» деп томсыраймай, әр нәрсенің басын бір шалып әңгімеге араласты. Қабағынан қар жауып, әр сөзі сағулы болып отырар Ерік те еріккендей, томаға-тұйық мінезінің шарбағын сындырып алқалы топ, алқа-қотан әңгімеге қосылғандай еді. Бүгінгі дастарқанның шырайын кіргізген, әркімге бір қалжың айтып, айызы қана рақаттана күлген-ді. Нүрке кемпірдің де жүзі жайдары, кимешегінің жақтауын сырып қойып, балаларының жарасты қалжың, жадыраңқы сұхбатына араласып қояды. Айнаның екі бетінің ұшына қан ойнап шыққан, әдейі бояса, дәл осындай жарасымдылық таппас еді. Күлгенде оймақтана қалар бетіндегі шұңқыры да, мөлдіреген бота көзі де, ұзын мойын, бүлкілдеген аппақ тамағы да – бәр-бәрі жаңаша сипат, соны сұлулықпен маңайына нұр шашады. Отыздан асқан жасында өңіне қылаудай қырбаң түсірмей, таңғажайып әдемі күйінде сақталып қалуы – мәңгі мәңгіріп жүрер Тағанды да тамсандырған-ды. Әсіресе, қолы майысып шай құйылған кесені ұсынғанда, ұйқыдан шошып оянғандай сәл-пәл дір етіп, іркіліп қаларын Ерік пен Нүрке кемпірден жасқана жасыратын. Ішкі әлеміне де ошақтан ыршып түскен шоқ секілді осынау секемшіл, бірақ... Жаныңды жарылқар сезімінен өзі сескеніп, Айна жаққа қарамауға бар күшін салып бақты. Міне, кезекті тағы да келіншектің қолынан

алуға тура келді. Амалсыз қарады. Ұрлығының үстінен шыға келетіндей, тынысы тарыла, әншейінде қозғалақтап тыным таппайтын саусақтары бұрынғысынан ары қалтылдады-ай... Кеседегі шай шайқалып, төгіліп кете жаздады. Осы бір ыңғайсыздықтан құтқарғысы келді ме, Нюра Федоровна:

– Қалқам, қолың қашаннан бері дірілдейді? – деп сұрады.

– Ішкеннен бері, әсіресе похмель жасамаған күні тыным таппайды.

– Одан құтылудың жолы бар, – деді кемпір.

– Қалайша?

– Ішпеу керек.

– Ой, апа-ай, – деді Таған аузын тістеп алатындай нанды талмап зорға жеп отырып. – Оны өзім де білемін ғой. Маған қалай ішпеуге болатынын үйретсеңіз.

– Ол да қиын шаруа емес, шырағым.

– Оңай емес, шешей, оңай емес, бір жыл емделіп жазыла алмағанмын. Елге оралған соң, табаны күректей екі ай шыдадым. Содан соң қайта қосылдым үйіріме. Бұл дертке ұшырамаңыз, бір рет ауырсаңыз, өмір бойы тас кенедей жабысып айырылмайды.

– Үзілді-кесілді қойып кеткендер бар ғой, – деді Айна. – Біздің ауылда бір әйел салынып қатты ішті. Мас күйінде баласын емізіп отырғанда, үстіне ұйықтап қалып, тұншықтырып өлтірді. Сол соққыдан кейін қайтып татпай кетті.

– Өз баласын өзі өлтіріп алған соң, қойғанынан не пайда, – деді Ерік. – Ондай әйелдің өзін тұншықтырып өлтіріп тастау керек. Құдай біледі, сол қатынның өзге балалары бар болса, түгел жарымжан шығар.

– Рас, – деп күйеуінің сөзін құптады Айна. – Толғақ қысқанда, арақ ішіп алып босанған кезі де болған. Байғұс күйеуі сиырға дейін өзі сауып, бүкіл үй шаруасын өзі істейтін.

– Өйтіп бала тапқанша...

– Осы әңгімені қойсақ қайтеді, – деп Таған жолдасының сөзін бөлді. – Өңешім жыбырлай бастады. Тиесілі бір саптыаяқ сырамды ішіп, отын жаруға кірісsem деп едім.

Ерік орнынан үнсіз тұрды да, нан пештің іргесінде жабулы тұрған ағаш күбідегі ашуы жеткен сырадан құйып әкеліп берді. Әлгінде ғана моп-момақан болып кәперсіз отырған Таған көзі жайнаңдап бас салып, сылқита жұтып ыдысты басына бір-ақ көтерді.

– Уһ, рақатын-ай, сені жамандаған адамның аузы қисайсын, – деп далаға шығып кетті.

– Кісі болудан қалған. Бекер тәрбиелейсіз, – деді шешесіне.

– Ұлым! – деді Нүрке Еріктің сөзін жақтырмаған сыңайда. – Сен өйтіп арыстай азаматтың обалына қалма, білдің бе... Сенің бұл қылығың жөн емес.

– Үйбай-ау, тәте-ау, мен бе екен оны маскүнем қылған. Өзінің осалдығы, иттігі. Бәлкім, тұқымынан солай шығар. Бар жазығым аштан өлгелі жатқан жерінен жинап-теріп алғаным ба?

– Сен оның тұқымына тиіспе. Оның асыл текті сойынан көрген жақсылықты бұл дүниеде қайтару екеуіміздің де қолымыздан келмейді. Менің бүйтіп тірі отырғаным, сенің бүйтіп жер басып тайрандап жүргенің – Тағанның шешесінің арқасы, білдің бе?

– Ес білгеннен бері тірі жанға қарыз емес екенімді, бір адамнан бір сом қарыз алмағанымды, өзімді өзім асырап жеткізгенімді ғана білемін. Ал одан бұрынғысының өтеуін өзіңізге тапсырдым, – деген Еріктің тік сөзі Айнаның қасын дір еткізді.

– Енді ғана шүйіркелесіп шай іштік пе, ішпедік пе деп отырғанда...

– Өй, қойыңдаршы, мұқым сәбет медицинасы мен милициясы жөнге сала алмаған ақымақты қорғаштамай. Көзіне көк шыбын үймелетіп, екі өкпесін тепкілеп жұмысқа салсаң ғана сандырағын қояды, – деп далаға ата жөнелген ұлының соңынан жүзі сынық күйде қарап қалған анасы:

– Тағаннан қай жерім артық деп ойлайды екен, – деп күрсінді.

– Апа-ау, апа. Тағанның шешесі жайлы айтып беріңізші. – Келінінің бұл сөзі татулыққа, отбасының берекесіне икемдегені екенін ұққан қария суық жанар, сұсты жүзіне жылу жүгіртті. Шамды шыр айналған көбелектей ұшып-қонып тыным таппай жүрген келіннің жазығы не? Жазығы – түзге отырғызып, моншаға түсіріп, дәретін алдырып, асты-үстін тазалап, «апалап» жүргені ме?

– Садағаң кетейін, келінжан-ай, сен болмасаң, бір сабақ жіп жалынбай ма. Көзімнің қуанышы, көңілімнің жұбанышы өзің-

сің. Жалғыз ұлға теріс батамды бермеймін, бірақ, бірақ... осындай қаттылығы қинайды мені. Таған жазғанның, ата-анасы жайлы әңгімені өзіміз бір оңаша отырғанда айтып беремін. Ал қазір анау ұлдың қасына бар, долданып жүріп долы өзенге секіріп кетпесін, – деп жанарын шылаған жасты бет орамалымен сүртіп тастады.

– Апатайым-ау, бүйтіп боларға да, болмасқа да босамаушы едіңіз ғой. Ерік бізден асып қайда барар дейсіз. Өзі соңғы кезде бір түрлі боп жүр. Әлгі вертолетші де кешікті. Сол келгенде, мээ-мейрам, қанбазар болып қалушы еді.

Айна далаға шыққанда, Ерік мылтығының ұңғысын таза-лап, қапшығын арқасына таңып, жол қамына қамданып тұр еді. Оғы жоқ мылтықтың дүмін кеудесіне тіреп, арғы жағалауды көздеп көрді. Әйелі ептеп басып келіп иығына қол салғанда, сол қарауылға қадалған қалпын өзгерткен жоқ.

– Омартаға екі қонжығын ерткен аю келді, – деді Айна.

– Қашан?! – деп жалт қарағанда, оқыс қимылдан шошына шегінген келіншек: – Алдыңғы күні түнде, – деді көзі жаудырап.

– Ендеше, ол ұзаған жоқ, осы маңайды төңіректеп жүр. Іздеп табу керек.

– Оны қайтесің?

– Прохор үш жылдан бері аюдың терісін баласының терісімен қоса тауып бер деп, қолқалап жүр емес пе. Бір нәрсеге көңілі ауса, қырық жыл қыр соңынан қалмайды.

– Обал ғой, терінің қалаға қажеті қанша?

– Сәндік үшін. Екі креслоның басына екі қонжықтың терісін жауып, журнальный столиктің алдына енесінің терісін жайып тасталық делік... Көз алдыға елестетші, әдемі емес пе?.. Кейін қалаға көшіп, үй сатып алсақ, өзімізге де керек.

– Құрысын ондай сәндігі. Менің тілімді алсаң, ата көрме аюды.

– Ең әуелі атқыза ма деп сұрасаңшы... Жә, жолымды бөгеме, аттанамын. Егер Тағанның таңдайы тақылдай бастаса, бір саптыаяқ сыра жұтқыза сал. Көзіңнен таса кетпесін, өртеп жүрер...

Көкбестіге сарт етіп мінді де, тақымын қысып тебініп еді, иесінің әр қимылына сыралғы болып қалған құр ат тайпала жөнелген. Қаққан қазықтай тіп-тік болып, ат үстінде қаздыып

отырған күйеуінің ертегінің батырындай болат мүсініне қарап, сүйсінген Айна аспаннан ағып түскен бөтен бір асыл азаматқа қызыққандай, жанары жанып ұзатып салды. Тихойды омыраулай кешіп, арғы жағаға өтіп, орманға сіңіп көзден тасаланғанда ғана, қимай күрсініп кері оралды. Білегіне шелек іліп бие саууға беттегенде, үй сыртындағы отын жаппаның, алдында әлденені күбірлеп, ағаш жарып тұрған Тағанды көрді. Моторлы шербекпен кеспедектей туралған қарағайды балтамен қақ-қақ айырады. Қаруы қайтпаған әрі орман арасында өскендіктен-ау, отын жарудың айла-тәсіліне төселген ыңғай танытады. Жарылған жанқаларды жаппаның ішіне бақшалап жинап, тәлтіректеп жүрсе де, шаруасынан шалағайлық жібермейтін ісіне құнтты көрінеді. «Не айтып жүр екен, – деп ойлады Айна. – Өзімен сөйлесіп, әңгімесін тыңдаса... Қайдан көрдім? Жүзі күн өткен сайын жылы ұшырап барады». «Қайдан көрдім?» деген сауал тіпті тіміскілеп соңынан қалмай-ақ қойды. Бие сауып отырғанда да, саумалды сабаға құйып шыққанда да – осы бір қандауырдай қадалған ойдан арыла алмады.

«Қайдан көрдім?»

Күн сәске болғанда, ақ тер, қара тер болып быршып терлеп, бет-аузын жылымшы су басқан Таған балтаны лақтырып жіберді де: «шөлдедім!» – деп, аю талағандай қорқынышты үнмен айғайды салды дерсің. Оның оспадар даусын төсек үстінде шегеленген кемпір де естіді. Мынау жылдар бойы тыныштық ұйыған ағашты аңғарда алғаш естілген айғай «жау шаптыдан» кем соқпап еді. Дүбірлі ел, думанды жерден жеріп, осынау сыңсыған жыныс орманның арасындағы алақандай ғана алаңқайға қашып тығылған ендігі момақан өмірлері кісікиіктендіріп тастаған ба, немене, шошына елеңдетіп, тіпті сол оқтай атылған оқыс айғайдың қайталануын күткендей ме?.. Тәңірім-ау, адам дегеннің айдалада адасқан қаздай болып жаны жабырқап жүдеп жүргенде осындай есіріктеу айғайды сағынады екен-ау. Тәңірім-ау, айғай да адамның, серігі, бұл жалғанның жарығын жариялар, өзіңнің қара жерді басып, тірі жүргенінді есіне салар жаршысы екен-ау..

Сасқалақтап үйге жүгіріп кірген Айна саптыаяқты пеш үстіндегі сыра ашытқан ағаш күбіге ала ұмтылып еді, оны кемпір тоқтатты.

– Қоя тұр, келінжан, – деді оң қолын жоғары көтеріп. – Келсін де өзі осында. Шақыр.

Екі ортада саптыаяқты ұстап делдііп тұрып қалған Айна енесінің үнінен зіл байқады. Бұл шақта алты айрығынан тер саулаған Тағанның өзі де өз көлеңкесіне өзі сүрінгендей, қалбалақтап жетіп қалып еді. Іші бос ыдыс ұстаған Айнаға:

– Немене, күйеуінің визасынсыз сыра бермеуші ме едің? Табан ет, маңдай терімнің ақысы емес пе... Есікте жүрген құлдың да бір аяқ астық құны бар емес пе, – деп шаптыға ежірейді.

– Сен, шырағым, өйтіп келініме кесірлігіңді көрсетпе. Ондай оспадар сөз, оғар қылыққа үйренбеген. Сен біздің емес, құлқыныңның құлысың, білдің бе. Алтайдың асқарына аяқ-қолыңды матап әкелген әміршің жоқ шығар. Келген екенсің, келімсек болмай жөніңе көш. Енді бұдан былай сыраны тек менің рұқсатыммен ішесің. Көнсең осы, көнбесең көшке берген тайыңды жетеле де, есің барда еліңді тап. – Нюра Фадеевнаның дәл мұндайлық сілкініп, зеки сөйлегенін көрмеген келіні де арбалағандай абдырап қалды. Саптыаяқты пештің төбесіне тастай салды да, біреу иығынан басып қалғандай сылқ етіп отыра кетті. Табалдырықты басып, не ары жоқ, не бері жоқ сілейіп тұрған Таған самайынан құлаған тер тамшысын сұқ саусағымен сүрткілеп, не істерін білмей абдырады. Төсек үстіндегі құс жастыққа арқасын тірей мығым жайғасқан кемпірдің көкпеңбек көзінен ызғар мен шоқ сезілді, енді бір сөз қайырса, қарғып тұрып бас салатындай.

– Баспа табалдырықты, жаман ырым! Кір үйге! – деп еді, Таған қаттырақ басса, тактай сынып кететіндей мысық табандап үйге кірді. – Отыр сереймей, осы үйдің бел ағашы сен төбеңмен тіремесең де түсіп кетпес. Тегің қандай еді, елің қандай еді... сойына сойыл жұмсаған саудайы неме...

– Әй, апа, апатай, – деп қыбыжықтады, – мен сізді әлі сыйлап отырмын, мұндай ауыр сөзді ешкімнен, ешқашанда естіп көрген жоқпын.

– Апа-ау, айналайын апам-ау, сырасын беріп құтылайықшы. Өңіңіз бұзылып кетті ғой, – деп Айна кемпірдің жанына барып қолынан ұстады. – Сізге ренжуге болмайды.

– Мұндай сөзді естімегендіктен есіріп жүрсің. Әкенің шапалағы, ананың алақанын көрмегеннің көргенсіз болары содан.

– Шеше, сіз Ерікке де осылай осып-осып ұрсасыз ба? – деп жуаси сұрады Таған.

– Ол сен секілді өз ақылын өзі ішіп, көрінгеннің босағасында итаршылықта жүрген жоқ.

– Немене, жуынды-шайындыңызға семіріп кетер деп қорқасыз ба...

– Байқасаңыз қайтеді, жігітім, – деді Айна шыдай алмай ара түсіп.

– Келінжан, араласпа, бұл азаматпен арадағы айтыстың басы ғана. Бұл – менің де балам, тек сезбей секіріп жүр. Жарықтық шешесі Аналықпен бірге мен де емізгем. Ақ сүтімді ақтасын дегенім емес, кіммен тәжікелесіп тәйтiк кетiп отырғанын бiлсiн дегенiм.

Таған: «Е, бәсе... дегенмен... ана ақ сүтiн сатпас болар...» – деп бұлғалақтай бастап едi, кемпiр: «Анаңмен айтысайын деп пе едiң?» деген соң, сөзiнiң соңын жөтелге жетелеп жiбердi. Айна енесiнiң тарамыстанып, тамырлары адырайып шығып кеткен қолын сипалап байыз тапты.

– Егер осы үйде қыстағың келсе, қояр шартым бар – дедi Нүрке кемпiр, – тек менiң ғана тiлiмдi алып, айтқанымды iстейсiң, айдағаныма жүресiң.

– Үйбай-ау, шеше-ау, менiң бассалым, тойыс, қожайыным – Ерiк қой. Сол кiсiнiң қарамағындамын. Бiр басыма екi бастық ауыр тимей ме? Яғни, менiң бассалымның бассалы – маған бассал емес...

– Сиыркұйымшақтатпа, бассал-массалыңды бiлмеймiн, Ерiк те менiң балам, сөзiмнен шықпайды. Жастайыңнан жан жолдасың болып қалған ашқылтымыңды пышақ кескендей тыйып таста деп айта алмаймын. Ондай ерлiк екеумiздiң де еркiмiзде емес, бiрақ күнде кешке моншаға түсесiң, жатар алдыңда сыраны аузыңа татып алмайсың. Бұл – бiр. Екiншi шартым – ертең, ерте тұрғанда, Айна қайнаған суға бұқтырып, дайындап берген шөптi iшесiң. Оның, неден жасалғанын, қандай шөп екенiн сұрап әуре болмай-ақ қой, бәрiбiр айтпаймын, ал оның сырын жетi көкжарлы елiнде менен басқа тiрi жан бiлмейдi. Сол дәрiленген сусынды ашқарыңа iшкен соң, жүгiрген қалпың өзенге барып, шомыласың, алдымен денең үйренгенше, жеңiл-желпi жуынып бастап.

– Үй-бай-ау, шеше-еке-ау, қыстыгүни қайтемiн? – деп желкесiн қасыды. Әлпетiнде әлi де болса әзiл, Нүркенiң ақылына көне де, сене де қоймас мысқыл бар.

– Қыста қармен жуынасың. Еңбектің де емдік қасиеті бар, балам, көп қимылда – арам терің, арам асың шықсын. Құдай-ау, «Жаман иттің атын бөрібасар қояды» дегендей, сыраны да «ас» деппін-ау.

– Суық суға түскенде, суық тиіп ауырсам қайтем. Мынау ит өлген жерге – екі қонып салт атпен әрең жетер ұры-түкпірге «Скорый помыш» келер дейсіз бе?

– Тәйт әрі, тілің мен жағыңа сүйенбей. Сұмырай су ішіп ауырғаннан суық тиіп ауырған сауап, шырағым. Ондай жеңіл-желпі түшкіріп-пысқыратын сырқаттың сыры мәлім, бір үшкіргенімнен қалмайды. Сенбесең сұра Айна мен Еріктен. Ал енді сен, Таған, айналайын балам, ерте айырылған ата-анаңның аруағын сыйласаң, өлгендерді өкпелеткің келмесе, орында осыларымды.

– Әке-шешемді есіме түсіре бермеңізші, апа, жылаймын...

– Әй, қайдам, сен жылауды да ұмытқан шығарсың. Адамның көз жасы – жанының нәсері, сіркіреп-сіркіреп алса, арты айығады, көңілі көгереді.

– Көндім, оллаһи, көндім айтқандарыңызға. Дегенмен... бүгінше сол ережелерді бұзуға бола ма, ақырғы рет... ертең ерте бастасам...

– Туһ, бұған айтып сөз, ұрып таяқ өтпес, – деп шаршады Айна.

– Бер, – деді кемпір, – ішсін атау-кересін. Бірақ ертеңнен бастап басқаша сайрайсың, ұқтың ба, ұлым!

– Ұқтым, апа, ұқтым, – деп, Айна ұсынған сыраға қолдары қалтырап ұмтыла берді.

– Қай-те-ей-ін, қарағым, әлі ештеңе ұға қойған жоқсың-ау. «Қарғайын десем – жалғызым, қарғамайын десем – жалмауызым» дегенді осылайша тығырыққа тірелгенде айтқан екен-ау.

Сыраны сіміріп алған соң, жеңін әдетінше иіскеп жіберіп, аузын соя қолымен сүртіп өткен Таған:

– Ал, апа, енді қарекетке кірісейін, – деді есікке қарай жылыстап.

– Бара ғой. – Нюра Фадеевнаның үні жұмсақ шықты, – бара ғой, балам, кешке моншаға түсуді ұмытпағайсың.

– Ой, ол тасмоншаға жуынғанды қойып, түнеп шығайын. – Үлкен борыштан құтылғандай ыржалақтай күліп, тысқа шықты.

Ол кеткен соң, енесінің жанында отырған Айна:

– Осы кісінің адам қатарына қосыларына күмәнім бар, – деді түңіліп: – «Тұқымың текті еді, әке-шешенді білуші едім» деп, қайта-қайта пысықтай бересіз, қайраттансын деп қайрағаныңыз ба, әлде расында да, мықты рудан шығып па еді?

– Рас, келінжан, рас, әкесі мен шешесінің өмір тарихын кейін айтып беремін, ал атасы Мақажан Алтайды жайлаған Қаратайдың елді аузына қаратқан ақыны еді ғой. Бұларды Дәулеттің ішіндегі Көкі дейді. Мақажанның түсінде Қызыр-ассалам «Көген аласың ба, өлең аласың ба?» деп, аян бергенде, «өлең аламын» деп, өлеңдетіп тұрған екен деседі. Қазақ айтты деген асыл сөз, жақсы өлең ертеректе көп естілетін, қазір оны білетін адамдар қалмай да барады.

Тіпті Қаратайда аузы дуалы ақын, домбыра шертер күйші, шырқап салған әнші болмағандай тып-типыл, дауыл құлатқан қарағайдай қабығы шіріп түсіп, молаққа айналғандай ма... Ана елдің әні, ана жерде туған күй деп, радиодан айтып-ақ жатады, сонда деймін-ау, Алтай қазақтарының сай-сүйегінді сырқыратар қоңыр да майда, сыңсып салар мұңлы әні қайда? Кім оның жоқтаушысы?! Жаңағы ащы суға алданып жүрген Таған ба, жоқ болмаса, дүниеқоңыз күй кешіп жүрген өз ұлым Ерік пе? Міне, менің көбі кетіп, азы қалған өмірімде жанымды қинайтын осы жайт, Айна, осы... Ел азарда ер-азаматы атақ қуғыш тақ құмар, қыз-келіншегі дүние қуғыш баққұмар келеді. Ал «бақ дегенің – тойға келген қыз емес пе, байлық деген – қолға ұстаған мұз емес пе, бала – артта қалған із емес пе» деп, бұрынғылар бекер айтпаған. Қырықтан асқанша не үй, не күй жоқ Тағаннан не қайыр, не үміт. Кейде мен анау төбедегі тақтайға жападан-жалғыз тесіліп қарап жатып ойлаймын: Тәңірім-ау, ат төбеліндей ауыл тайлы-таяғы қалмай маскүнем болып кеткенде, ертеңгі күні не болады, тоз-тозы шығып тозып таусылмай ма? Не білген ойлары бар? Ішімдік деген пәле бұл елге қашан дерт болып жабысты? Қашан? Кейде ойлаймын, осы жұрт атау-кересінішіп жүрген жоқ па деп. Ал атау-керені – өлер алдында, ақтық демі таусылғанда ғана ұрттайтын.

– Мен білмеуші едім, – деді күрсіне тіл қатқан Айна.

– Нені? – деді енесі сөзін бөлгенге елеңдей сұрап.

– Атау-кере деген сөздің төркінін.

– Алда-жалда арғы дүниеге аттанар болсам, маған да ішкізесің.

– Қойыңызшы, апа, қайдағыны айтады екенсіз. Өздігіңізден жүре алмағаныңыз болмаса, денсаулығыңыз мықты ғой. Ауырсынып отырғандай, күн құрғатпай жиналасыз...

– Төрімнен көрім жуық екенін несіне жасырайын. Өмірдің қадірін білу үшін, өлімді де ойла деген. Мың жасайтын адам бар ма. Қорқыт та ажалдан қашып құтыла алмаған. Лұқпан-хәкім де ажалдан аяласын асыра алмаған...

Кимешек-шылауыш киіп аппақ шатырдың астында отырғандай аналық мол мейірім төккен Нюра Фадеевнаның әр сөз, әр қимылынан кіршіксіз тазалықпен қатар, кісіні арбап алар кірпияздық, кісіні баурап алар бауырмалдық, тек абзал бәйбішелерге ғана жарасар жайсаң мінез, саумал сабыр, самалдай байсалдылықты аңғарасың. Ұзынша біткен ақ жүзі ренжіген сәттерінде сәл сұрланатын да, ал көңілі хош, жаны жадыраңқы мезетте жүзі шырайланып, маңдайына шуақ таратып, шешіле сөйлеп шешен болып кетер еді. Көбінесе үнсіз, бір нүктеге қадала қарап отыратын Нүрке кемпір жалғыздықтың аралына адасып қалған қаздай үнсіздіктің торынан шыққысы, қанатын қомдап, қаңқылдай ұшқысы келер еді. Сырттай бақылаған пендеге: бәрі бар, бәрі жеткілікті, құдайдан жалғыз ұлының тілеуін тілеп отыра берер көшелі де көсем жасқа келді; өмірінің, барлық ыстық-суығы соңында қалды, алдан күтер ештеңесі жоқ алланың «аманатын» орындау ғана. Ол әсте де қара басының мұң-мұқтажын емес, қаймана халық, қайран елінің ертеңін ойлап амалсызданатын. Қартайған адамның талайына тән: баяғысын көксеп гөй-гөйлеу ме бұл; әлде әлемнің барған сайын апшысы қуырылып, байсын жер байсалдылығынан айырылып, астаң-кестең күйге түсуі тыныштығын бұзды ма екен, қалай десек те, төр жайлауда төсек үстінде, мамық жастықтың бірін артына, бірін шынтағына тіреп, не ішем, не кием десе де құзыры жүріп тұрған Нүрке кемпір мінезінде шатынау, тірлігінде алаң бар. Әсіресе, анау маскүнем жігіт келгеннен бері желсіз күнгі айна көлдей жаймашуақ мамырлаған өміріне өзгеріс кірді, жылжыған жылдар, күркіреген күндер тасасында қалған ғұмырнамасы қайта жаңғырығып, жап-жаңа қалпында көз алдына келе берді.

– Неге екенін бір алланың өзі біледі, соңғы кезде аруақтар түсіме көп кіріп жүр, – деді аз-кем тыныштықтың тығынын қайта ағытып. – Жарықтық қайын атам құранын алдына

өңгеріп, Мұзтаудан құлдап келе жатыр екен деймін. Алдынан шығып, қолтығынан демеп аттан түсіремін... маңдайымнан иіскеп: «сусын бар ма, келінжан» дейді. Мен қымыз ұсынып едім: «бал сыраң болушы еді ғой» дегені қымызды місе тұтпай. Меккеге барып, қажы атанып қайтқан молда атамның сыра сұрағаны мені қайран қалдырды. Өз ойымнан өзім шошып ояндым... Иә, жатқан жерің жаннат, қараңғы көрің жарық болғыр атамның, көзі тірісінде бұл ауыл арақ дегенді аузына алмаушы еді. Қазіргі аңқау елдің араққа құмар молдалары сілекейі шұбырып, мас болып отырып құран оқитынды шығарды. Өтірікті судай сапырып, зуылдатқан ондай арамзаның бетіне түкіріп жібергенім әлі есімде.

– Сіз де құран оқи аласыз ба? – деп әуестенді келіні.

– Әрине. Әйел заты құранды күбірлеп, ішінен оқиды, ал мен дауыстап оқушы едім. Атам жарықтық «егер еркек молда жоқ болса, оқи бер» деп рұқсатын берген. Содан бері үйреніп кетсем керек.

– Намазды үндемей оқисыз ғой.

– Әй, аңқауым-ай, адалым-ай, енді осы жалғыз үйді басыма көтеріп «Құл-қу аллалап» отырсам, «апам құтырған екен» демейсіңдер ме. Сенен сұрарым, – деді кемпір Айнаның қолынан сүйіп. – Анау Тағанға қамқор бол. Көп ашуландыра бермеңдер. Қиялданған сайын қышқылтымға ұмтылар. Кісі қарадан қарап жүріп ішімдікке құмар болмайды. Маскүнемдікке итермелеген бір себеп бар. Атасы Мақажан қандай қуғын-сүргін көрсе де мойымай, ел мен жердің шырқын бұзған Ісләм-нәшінге:

Арқаға біткен қайыңды,
Білемін қалмақ жайыңды,
Жолаушыға беруші ек,
Талқан менен шайыңды.
Обада жатып өлуші ең,
Көлденең тістеп найыңды,
Қазаққа кеп байып алған соң,
Ұмыттың ғой құдайыңды, –

деп, ежетекірекке алып еді-ау. Қайран, от ауызды, орақ тілді Мақа-ай, сен де күндей күркіреп, жанбырдай сіркіреп өте шықтың мынау жалғаннан; ұрпағың болса – анау, мәшина секілді – сыра құймасаң, от алмай жатып алатын. Жайлауыңнан сән, ұрымыңнан мән кете ме деп қорқамын.

– Жұрттың бәрі олай емес қой, апа. Ерік екеуіміз аузымызға татып алмаймыз.

– Оның да рас. Бірақ ішпегеннің бәрі тағы да ақылды, ішкеннің бәрі ақымақ емесін де білемін. Менің білмейтінім – Мақажанның жүрегі, алты алашты аузына қаратқан көріпкел өлеңі қайда? Кім тонап алған? Неге жазбаймыз? Менің ұлымда адамға керекті асыл қасиеттің бәрі бар, тек өлеңі жоқ. Өзінікін былай қоялық, тіпті өзгенікінің бір ауыз жырын білмейді, тіпті мұрнынан болса да ыңылдап ән айтқанын естімей өлетін болдым.

– Әншіміз табылды ғой, апа, бір тауға бір әнші жетер.

– Сен немене, күйеуіңді жамандағаныма ренжіп қалдың ба, келінжан, – Нүркенің бетіне күлкі үйірілді.

– Сізге ренжуге бола ма? – Екеуі жаңа табысқандай құшақтасып, бірінің бетінен бірі сүйді.

– Айналайын, шошып оянғанда, қуанып уанатын жансерігім менің.

– Ойбу, биенің сауымы өтіп кеткен-ау, – деп, қабырғадағы тандайы тақылдап, тілі салақтаған сағатқа қараған Айна жаулығын түзеп асығыс шыға жөнелді. Мейірлене мекіренген енесі біразға дейін «бергеніңе шүкір» деп, тәңірді жарылқап, сүйсіне күбірлеген. Тал түске көтерілген күн ағаш үйдің терезесінен сығалап, ептеп сыздау тартып, қоңыр көлеңкеленіп тұрар бөлмелерге жып-жылы сәулесін құйды. Айдың аты, күннің сәтінен календарьсыз жаңылмайтын Нюра Фадеевна бүгін жексенбі екенін білетін. Тура қарсы алдындағы есік жақ қабырғадағы көгендеулі тұрған календарь бір жұмадан бері жыртылмай тұрғанын көрді. «Ұмытып кеткен ғой». Адамның өмірін бір жапырақ қағазға тізіп, күн-күн сайын айырып, лақтырып тастап отырар тірліктің тұрлаусыздығы мен баяны жоқ өтпелілігіне өкпеледің не, өкпелемедің не – ешқандай күш тоқтата алмайтын салқар көш секілді, жасы жетіп қартайғандарды, ауру-сырқауларды соңына қалдырып, түсіп қалған буыншақ-түйіншек жүктеріне де қайырылмай, алладан сұрасаң да аялдамай ертеңіне – мүлдем белгісіз тұманды сонарына соза тартып аттана береді. Осынау уақыт, замана атты ұлы көштің шаңын жұтып, жұртта қалғандар қаншама, саусақпен санап тауыса алмайсың, біреуді құдай қаңғыртады, енді біреулер құдай бұйрығына көнбей өзі қаңғырады демекші,

зымыраған заманның зым-зия жоғалтқаны немесе өздігінен ізім-қайым жоғалғаны қаншама. Ел шыдағанға бел шыдамай, қираландап қалса, оған кім кінәлі?! Тіпті осы кінәлілерді іздеп табудан қиын не бар? Кейде, «мүмкін, өз әке-шешемнің, тым ерте кеткен Тағанның әкесі мен шешенің жасын маған жиып берген шығар. Әйтпесе жетпістің жетісіне келердей алла тағалаға не өткізіп қойыппын» деп ойлайтын. Осы ой арадай анталаса болды, ұлы көшке ілесе алмай, жол ортада топырақ қауып қалып қойған құрбы-құрдастары мұңая қарап: «Әй, қақпас, жалғыз ұлыңды алдына салып жүрме?» деп, кінәлайтындай, табалайтындай... Мұның жазығы не? Жазығы көп жасағаны ма? «Жалғыз ұл» демекші, Нүрке кемпір өмірінде екі-үш құрсақ көтерді. Шетінеді, түсік тастады. Шетінеткен сол кездегі қилы-қилы заман, түсік тастатқан – ауыр жұмыс, зіл-батпан тағдыр. Еріктің құйрық-жалсыз қалғаны да содан. Құдай оны да көргендей, бауырына бала бітірмеді. «Құдайдың бөліп берері жоқ, біреуден біреуге алып береді» деген сөз, тегі, рас па. Анау ойдағы ауылда он баласы бар, бірақ асырай алмай көпсініп, «өңкей боқташақ» деп, қарғап-сілеп жүргендер қаншама. Құдай төбелерінен ұрсын, бір қозы туса, бір түп жусан шықпай ма? Асырай алмаса, өкіметтің құшағы кең емес пе. Балаларын ашаршылық жылы да аман алып қалып қалды емес пе бұл ел».

Ашаршылық демекші... Нюра Фадеевнаның сол бір зауал кезең туралы айтары көп, тіпті ендігі қалған өмірінде аманаттап тауыса алмас ұзақ сонар, есіне түссе, қазір де ұйқысынан шошып оянар қасіретті хал, қайғылы оқиға; қаймана қазақты оңдырмастай етіп отап түскен лағнетті жыл; ашкөз адамдарды аздырып-тоздырған, мал мен жаннан сипаңдай болып айырылған ақсүйек жұт, азамат малсыз, арғымақ жалсыз қалған қанқұйлы мезгілдің сор сорғалаған құрығы өзінің де басына тиіп еді-ау, анталаған жау, антұрған ұры-қарысы, ерегескен дұшпаны жоқ халықтың бостандыққа, теңдікке қолы енді ғана жетіп, жетісеміз деп отырған шағында шаңырағы ортасына түсіп, өрт шалған ормандай қара күйік болып қалуы – қандай ғана қасиетсіздің қарғысы еді; қандай ғана қанды қолдың ойлап тапқан жәдігөйлiгi, ар-ұят пен адамшылықтан безген имансыздығы еді; бостандық келді» деп, жұмақ орнағандай далақтаған қазақты аспаннан жай түскендей естанды күйге

душар еткен не? Ботадай боздатқан, қайыршыдай қаңғыртып жіберген кім? Жаназасыз, көмусіз, құнсыз қырылып қалған ауылдастарымның обал-сауабы кімде? Енді ғана «аталап, апалап» тәй-тәй басқан тұңғыш қызымның аузы аққа жарымай, әбден шандырланып бос торсықтай болып қалған сүтсіз емшегіңді тырмалап, көз алдымда көгеріп-сазарып жантәсілімін бергенін қалай ұмытайын өзімнің де аузымнан қара су ағып, аш иттей бұралып, ыңырсып жатқан жерімде, осы Тағанның шешесі Аналық емес пе еді, басымнан сүйеп нәр сыздырған; үйіне апарып бағып-қағып, жалғыз дәнді өзі жемей ұсынған, апалы-сіңлідей жанымыз жарасып кетіп еді-ау...

Иә, Нюра Фадеевна мен Аналық апалы-сіңлілердей болып, ең бір ауыр да азапты жылдарды бірге өткізді. «Достық қиындықта сыналады» деген сөзді жиі айтқанмен, осы құдіретті ұғымның қадірін бұлардан артық ешкім білмейді, бұлардан артық туысқанды әлемді әлденеше адактасаң да таба алмас едің. Осы өр Қаратайдың үйіріп қайырып, үрлеп ішіп отырған біренсаран байын тәркілеп, тәртіпке сала бастағанда, конфискацияның тізіміне Нүркенің күйеуі Қандауыр да іліккен. Өздерінің күнделікті ішіп-жемінен аспайтын орташа ғана шаруасы бар, сол орташа шаруасын ешқашан да шашау шығарып көрмеген үйелменнің басына да қара бұлт торлап тықыр таянған. Әкесі Фадеймен талай дәмдес болып, арқаларынан қағысып «тамыр» деп, тамашасынан қалдырмайтын, Фадей досынсыз ішкен асы тамағынан өтпейтін Әбдікерім болыс бар малын тәркіге өткізіп, құрық мініп қалған соң, арғы бетке қашып құтылды. Жалғыз кеткен жоқ, бала-шаға, ағайын тумасын ерте кетті. Сол Әбдікерім салдырған Шыңғыстай мектебінде Нүркемен бірге Қатонқарағайдың талай орыс-қазақ балалары сауатын ашты. Әлі күнге дейін сол мектеп қаз-қалпында, жарты ғасырдан асты, балаларға білім беріп келеді. Қандауырды да алғаш рет сол мектепте көріп, танысып еді ғой, айырылмастай болып табысып еді ғой. Аумалы-төкпелі заман туып, айрандай ұйып отырған халық қақ жарылған тұста да бөрі тигендей бөрліккен жұмысы жоқ елмен бірге жұмақ жер іздеп тау аса көшкенде де, мұрнын тескен тайлақтай елпендеп еріп кетпеген. Сол кезде қайраған қылыштай қылшылдаған жас жігіт Қандауыр мен Тағанның әкесі Көкен құйрық-жалы жарасқан қос торыдай үзеңгілес дос еді, лаң күндерде де қара басын сауғалап лаға

қашқан жоқ, жаңа өкіметтің жағасына да жармаспады, «елмен көрген ұлы той» деп, жаңадан құрылған қосшы, серіктікке де алғашқылардың бірі болып кірді. «Орташаның» тізіміне тізілсе де, тәргі басталмай тұрып-ақ, бар малын өзі өткізді. Бірақ сол бір зауал шақта қара тізімге бір ілінген адамның көрге кіргенше көгергені, көңілі ашылып сергігені бар ма, тәйірі, өле-өлгенше қуғын-сүргіннен арылған жоқ. Семьясымен жер аударамыз дегенде, дегендеріне көнді: «өзімді ит жеккенге айдасаңдар да, әйелімді туған жерінде қалдырыңдар, емшекте жас баласы бар, сәбиді аяңдар, айналайын өкімет өкілдері» деп, аяқтарына бас ұрған соң, ана мен баланы қалдырып, оны алдарына салып айдап кеткен. Содан көп ұзамай, байлардан тартып алған мыңғырған малдың көбін төменгі жаққа айдап әкетті, қалған-құтқанын ортақтастырамыз деп, шөбі жоқ қораға маңыратып, мөңіретіп қамады, ал арзан бағаға сатып алған түлікті кедей-кепшік қазақы мінезбен аз-ақ күннің ішінде мәз-мейрам сойып жеп алды. Содан 1932 жыл, яғни мешін жылының ашаршылығы басталды. Тігерге тұяқ қалмаған, бар үмітті, бар жақсылықты, бар байлықты жалаулатып келген, алаулатып енген кеңес өкіметінен дәметті. Әсіресе, қазақтың дәметкіш көңілі «Өкімет деген – өзіміз, ендеше, өзінді өзін асырайсың» деген ұрда-жық ұранның байыбына бара қойған жоқ. Құрсағын мықтап тұрып бір рет толтырып алды да, көздері шүңірейіп аштан қырыла бастады. Қол ұшын берер, қолтығынан демер, алыстан арбалап астық тасыр ешкімі жоқ, қайран ғана аңқау да адал ел – ертеңгі күні белгісіз, ертеңгі күні тұманды – ертеңгі күніне саусақ жая талпына дірілдеп, жел қопарған дінгектей құлады-ай; сұлық түсіп сұлады-ау... Сол заманның қаттылығын «қателігі» деп ұғар зерде жоқ, «бұнымыз асыра сілтеушілік» деп айтар пенде жоқ, осынау «жоқтардың» жоқтауын естір құлақ жоқ, қынадай қырылды, арқасүйер ардақтысынан айырылған Нюра Фадеевнаны ағаштан қиып салған үйінен қарашаның қары түскенде қуып шығып, жаңа ұйымдасқан қосшының бастығы кіріп алды. Ананың ақ жүзі қуарды, ақ сүті суалды: бір жастан енді ғана асқан қызын бауырына басып, баспанасыз далада қалды. Міне, осы кезде Аналық жетелеп өз үйіне апарды, асырады, сақтады. Алтайдың созалаңдап таусылып бітпейтін ұз-а-ақ қысынан ілдалдалап әрең шықты. Қарны тойып тамақ ішпеген ананың омырауынан сүт шығушы

ма еді, екі үйлі жанның қарап отырған қара сиырына жегізер шөп тақа таусылып, ағаштың бүрі мен теректің қабығын сыдырып беріп асырап еді, көтеремге айналған хайуанның емшегі шандырланып суалды. Наурыз туа, әбден тулақ болған сиыр көзі алайып қорада қатып қалған. Көкен айдалып кеткен Қандауырдың мылтығын иығына асып аң қарады. Алғашында күпсек қарға малтығып өлген елікті тауып алып талғажау жасап еді, бұдан соң жазғытұрымның қара қатқағында қарға мен сауысқанға ауыз салған. Ауыл адамдары, әсіресе, қарттар жағы бірінен соң бірі өле бастады. Оларды арулап көмер дәрмен жоқ, көк аязданған тоң жерді қазар әл-қуат жоқ, жер жібіндеге қабірлерміз деп, мәйітті қармен бүркеп жасырған еді. Кейбірі азық іздеп алысқа ұзап кетті. Алтай асып, Ойманға ауды. Үлкен Нарынға құлдады. Сол сапардан оралғандары бар, орала алмай жол бойында қол шанасын сүйретіп қатып қалғандар бар. Бұл өр Алтайда наурыз айында да қардың көбесі сөгілмей, сіресіп жататын. Күннің көзіне арқасын тосқан үйдің төбесіндегі, жолдың ернеуіндегі қардың шеті ғана еріншектене ерігені болмаса, тау-тас, жон-қыраттар ақ күпісін оңайшылықпен шеше қоймайтын. Осындай бір қара қатқақ күннің бірінде, түнде ғана бүлкілдеп, шешесінің омырауын сипалап, қыңқылдап жатқан қызы мәңгілікке көзін жұмып еді. Қойнында тар құрсағын кеңіткен, тас емшегін жібіткен туған баласы емес, бір кесек мұз жатқандай шошына айқайлап тұрған Нюра ақ қар, көк мұзды далаға жалаң аяқ, жалаң бас атып шықты. Аналық пен Көкен Бұқтырмаға қарай безектеген келіншекті эрең дегенде қуып жетіп, кері қайтарған. Нюра Фадеевна сол сәтте шынымен-ақ өлгісі келіп еді. Өмірді бар ділімен жек көрді, ол құдайды ит терісін басына қаптап қарғап-сіледі. Кейін ес-ақылын жиып, баяғыдай қуаттанған шақта, алла тағаладан ашумен айтқан ғайбат сөзі, жасаған күнәсі үшін талай рет жалбарынып кешірім сұрады. Екі жылдан соң еліне қайтып оралған күйеуі – Қандауыр: «Сонда сен құдайдан рақым күтіп, кешірім сұрадың? Мұхаметтен бе, әлде Христостан ба?» – деп, талай рет әзілдеп, ызаландыратын. «Құдай біреу, – деген сонда Нюра Фадеевна ыстық ықылас, бар махаббатпен. – Тек пайғамбарлар мен сенім ғана әр ұлтта әр басқа. Ендеше, мен жер бетіндегі немесе қолдан суретін салған бұрыштағыларға емес, аспандағы құдіреті күшті Құдайға сыйынамын әрі сенемін!» Обалы,

кәне, Қандауыр дінсіз еді, табиғаттан тыс тылсым күш барына иланған емес, тек өзіне, өз күшіне сенетін. Қалай дегенмен ұлы Еріктің кейбір қылықтары, әсіресе, қатты да қайратты мінезі әкесіне тартқан, тек өзімшілдігі ғана бөтен...

Бесіктен белі шықпай жантәсілімін берген, көпе-көрнеу аштан өлтіріп алған тұла бойы тұңғышының қазасы көпке дейін көз алдынан кетпей қойды.

«ӨЗІ ДЕ БҰЛ ДҮНИЕГЕ СЫЙМАЙТЫНДАЙ ӘДЕМІ ЕДІ-АУ. ЖАНАРЫ ОТТАЙ ЖАНЫП ТҰРАТЫН», – деп күрсінді Нүрке кемпір.

Дегенмен, Алтай қазақтары дәл Арқадағыдай жаппай қырылған жоқ-ты. Тісінің суын сорғандай боп қыстан шығып, көктемге ілінгендерінің негізгі қорегі табиғаттың жүргізген аң, ұшқан құсы болса, кейбірі ата-бабасының салтында жоқ, сүйегіне таңба болып, ұрпағын ұятқа қалдырар іске амалсыз барғандары да бар, яғни ит етін де қорек етті. Кейін сол ауыл «Бес ит жеген» аталып кетті... Ал көктем туып, ой-қырдың қары еріп, көк шыққанда, ауылдың тамам жұрты тайлы-таяғы қалмай жайлауға көшті. Сонда таудың сай-саласы, қырат-жотасы көгеннен ағытылған қозыдай жамыраған халыққа толып, көзіне көрінген өсімдікті талшық ете бастады. Әсіресе, беткей-беткейдегі бұл өңірдің елі «бек» деп атайтын – сәбізге ұқсас шөпті түбін қазып жеп, қарнын құр қампайтып, екі езуінен көбік аққан аш-жалаңаш адамдар Нюра Фадеевнаның күні бүгін көз алдында. Әсіресе, жайлаудың жап-жасыл шалғынына малша жайылған бала-шаға, әйел-еркек, кемпір-шалдардың сол кеспірі мен ұсқыны күндіз есінен, түнде түсінен шықпайды. Жастар жағы Алтайдың омырауынан саулаған сансыз бұлақтың өн бойын қуалап, белуардан су кешіп, балық ұстап жеді, күзде балқарағай дәнін талғажау жасады. Әйтеуір, өлмегенге өлі балық жолығып, жан сақтады. Таңғы нәсібін тәңірден күтетін қазақтың жайбасарлығына асыра сілтеудің сауатсыз саясаты қосылып, сандаған жұрағат жан тапсырды да, мың өліп, мың тіріліп үйренген қара табан, қара жон сормандай елдің тірі қалғандары қыбыр-жыбыр тіршілігін қайта бастады. Қайран қазақтың басына туған осынау қасіретті тең бөліскен тұрғылықты орыстар алдындағы малы, ауылындағы жанынан айырылған «тамырларын» бұдан ары қарай қалай аштан өліп, көштен қалмаудың жолын нұсқап, егіншілікке үйренуде

мұрындық болды. Өкімет тарапынан тиген азын-аулақ астықты соқаға өздері ат болып жегіліп, жер жыртып септі. Бұрынғыша «ал» деп асап қоймай, бір дәннен бір масақ алды, бір малын төлдетіп екеу етті. Қосшыға бірікті. Қор жинады. Міне, көп түкірсе көл дегендей, тағдырдың тәлкегін оңбай тартқан халық еңсесін қайтадан көтерген. Еңсесін қайта көтерген тұста... «Халық жауы» қаптап кетті.

«УҢ, АЛЛАМ-АЙ, ОЛ ДА БІР ЗАУАЛ БОЛДЫ ҒОЙ, –ДЕП ТАҒЫ КҮРСІНДІ НҮРКЕ КЕМПІР. – АЙТЫП-АЙТПАЙ НЕ КЕРЕК, ҚҰСАЛЫҚПЕН ӨТКЕН ЖЫЛДАРДЫ ЖОҚТАП ЖЫЛАҒАННАН КӨЗ ЖАСЫҢ ТАУСЫЛМАЙДЫ ЕКЕН».

...1932 жылдың ызғары артта қалып, еңсені езіп, ел мойнына қыл бұрау байланған заманның зары мен шерменде шерін ұмытып, құба төбел тірлікке көшкен сәл жылымық шақта, іргелес отырған екі үй – Қандауыр мен Көкеннің де шаңырағынан шуақ жауғандай еді. Жазықсыз айдалып, байланып кеткен «орташа» Қандауыр ағарып қайтып оралды, Көкен болса жаңадан ұйымдасқан «Ынтымақ» колхозының бастығына сайланып, ал Қандауыр оның еңбеккүн жазатын есепшісі болды. Сөйтіп, бұрынғы аяқ-табағы араласып отырған қос семьяның да ошақ оты жылтындап, қазаны қоңырсып иіс шыққан. Тойып тамақ ішпесе де, торқадан көйлек кимесе де, ашаршылықтан соңғы аз жылдың тыныштығына жылынғандай еді. Күйеуі аман-есен қайтып оралған соң, Нюра Фадеевна екінші құрсақ көтерді. Аяғы ауыр құрбысының барлық күтімін әзірше сыбай-салтаң жүрген Аналық тағы да өз қолына алды. Айы-күні жетіп толғақ қысқанда да, құр керіп, «түс-түстеп» келсап түйген, перзентінің кіндігін кесіп, тұмсығынан сығып алған да – айналайын Аналық еді-ау.

«АНАЛЫҚТЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН ҚАЙТІП ҰМЫТАЙ-ЫН», – деп күрсінді Нүрке кемпір.

Бір жыл өткен соң, Аналықтың өзі де жүкті болып, ұл туды. Бұл өңірдің ең үлкен байлығы – картошканы мол ғып асып, той жасағандары әлі есінде. Екі үйдің ортақ малы – қоңыр тайынша бұзаулағанда, қандай қуанып еді. Иә, ол кезде болар-болмас нәрсенің барлығы қуаныш, көңілге жұбаныш болушы еді. Жоқтан өзгеге алданатын жас баладай, аңқау да адал мезгілдің жалғыз-ақ ұраны бар болатын – ЛЮБЫМ СПОСОБОМ ВЫЖИТЬ!

Осы бір соңғы сөз ойына оралған сәтте, атам заманда қазақ әйеліне айналып кеткен кемпір өз-өзінен селк етіп, шошынып қалды.

«Құдайдың құдіреті, алжиын дедім бе, кейінгі кезде кейбір нәрсеге орысша ойланып жүргенім не?» – деп күбірледі.

Айтпақшы, Нюра Фадеевнаның екінші бөпесі де қыз еді. Аналықтың ұлынан бір жарым жыл үлкендігі бар, бесіктегі жас сәбиді алданыш етіп, тірі ойыншығы секілді әлдилеп, тербетіп ойнап, жанынан шықпайтын. Айрандай ұйыған достықтарына көз алартып, қызғаныш білдірушілер де табылды. Күні кеше ғана зұлпаттың аямай соққан дауылын мүлдем ұмытқандай ұлы көштің соңынан қайта салпақтаған ағайынның айғай-сүреңі қайта басталып, аз күнгі тыныштықты көтере алмай, болымсыз тірлікке мастану бар еді. Тап ретінде жойып жіберген қоңдылар мен орташалардың қашпай, қамалмай жүрген қалған-құтқандарының бессадыра жүдеу де мінді күйін көп көргендей пыш-пыштап, түртпектеп күн көрсетпейді. «Біздің жазығымыз не, жазығымыз: табан ет, маңдай термен тапқан малымызды ортақтастырғанымыз ба? Өздерің ойлаңдаршы: жалшы ұстадық па, қанап-тонадық па, ерінбедік, ел қатарлы еңбек еттік. Асып-тасқан жоқпыз, ағыл-тегіл шашқан жоқпыз, бір малымызды екеу етіп, таланымызға біткен бақты шайқамадық, шаруамызды дөңгелетіп ұстадық. Осы айып па? Егер жетесіз болсаң, есінеп-құсынаған еріншек болсаң, біздің кінәміз не, қай қоғамда өмір сүрсең де, қайыр сұрап, тентіреп кетпейсің бе?» Міне, осы бір қағидасын қанша рет қақсаса да, ұрда-жық жұртқа ұқтыра алмай-ақ қойған Қандауыр бұрынғы ауыр да тентек мінезін тастап, колхоздың есеп-қисабын қисайтпай шотқа салудан бөтен іске араласа қоймады. Ауылдағы ат төбеліндей ағайын тіпті Көкеннің де бастықтығына қызыл көздік жасаған еді. Оны да орташаның қаралы қатарына қосып, ауданға арыз айдаған. Екі күннің бірінде тергеп, тексеріп маза бермейтін. Ал оның әкесі Мақажанның бар байлығы – өлеңі еді. Егер қорасы қордалы болса – ол тек өнеріне разы болған жұрттың сый-сияпаты, тарту-таралғысы; жол-жоралғысы; ұрлап та, сұрап та алған жоқ. Ал Көкеннің иелігіндегі сол Мақажан жарықтықтан қалған тоқты-торпақ болатын. Әкесіне тартқан арқалы ақын болмаса да, хат-қағазға жүйрік, ел билігіне әуес, отты кісі еді. Осы Ынтымақ колхозын өз қолымен құрып,

аяғынан тік тұрғызған да сол – Көкен. Әуелі арабша, артынан латынша әріпті тізгін ұшынан қағып алып, тез меңгеріп кеткен. Оның жалғыз-ақ арманы бар еді – оқып, білімімді көтерсем, таудың қуысында жатқан аядай ауылдың адамдарын жаппай сауаттандырсам деп барын салды. Өзі оқи алмай қалды, бірақ Бек-Алқаға әуелі ликбез, артынан мектеп ашып, бала-шағаның хат танып, сауатын ашуға көмектесті.

«Жігіттің сұлтаны еді-ау», – деп күбірледі Нүрке кемпір.

1937 жылдан бастап тонның ішкі бауындай болып отырған екі үйдің шаңырағы шайқала бастады. Осы жылан жылы туа, екі үйдің ғана емес, мұқым елдің берекесі бей-берекет болып, бір-біріне үрке қарайтын, бір-бірінен сескенетін тайғанақ тағдырға тап болды. Алтайдың аясындағы үркердей ғана ауылдан «қара ниет халық жауы» табылып, қазан құлағындағы қатынға дейін тергеліп, ататегін ақтарып, сөзін бағып, ойын оқитын аңдыс науқан басталды. Қатынқарағай ауданының секретары Төлегенов «Жапонияның шпионы» деген айыппен ұсталыпты дегенде, төбелерінен жай түскендей болды. Ең сұмдық оқиға ол да емес, аң қарауға шыққан Қандауыр аудан бойынша ұсталған он шақты «халық жауын» орманның ішіне апарып, атып тастағанын өз көзімен көріпті. Баудай түсірген өліктердің бетін де жаппастан тастап кеткен. Шекарамен шектесетіндіктен, әсіресе, бұл жақта, қатал өткен саяси айыппен қамалған «жауды» заң жүзінде жауап алып, мойындатып, соттап әуре болып жатпайтын. Іздеуші, сұраушысыз ізім-ғайым жоғалатын. Орманның ішінде жайрап қалған бейкүнә азаматтарды Қандауыр мен Көкен жан адамға білдірмей түнделетіп көміп келді. Тықыр бұларға да таяй бастап еді. Неге екені белгісіз, құрықты ең әуелі Нюра Фадеевнаға салды. Айыптың үлкені – Фадей атты бұғы ұстаған шонжардың қызы екені, демек, байдың қызы да – бай тұқымы, біздің советтік өкіметке жау. Ендеше, мұндай помещиктің қызына қызыл қоғамның ортасында орын жоқ. Жауапқа шақырғанда, Нюра Фадеевна төрт жасар баласын ертіп барды. Тергеушінің бір қолы шолақ, ала көз қазақ еді. Нюраның бас-аяғын тінтіп қарап шықты да: «Аңқос күйеуіңді, ит-мысық, малдарыңды неге айдап келмедің», – деді жекіре кекетіп.

– Немене, олардан да жауап аласыз ба? – деп айтып қалса да, баласын бауырына тарта сескеніп қалды. Өйткені,

осы інкібіді (НКВД) бастығы, бұл өңірде Шолақ қол атанып кеткен адамның аса қатал, алдына барған кісінің қаққанда қанын, соққанда сөлін алатын қатыгез деп естіген. Аудандық комитеттің хатшысы Төлегеновті «партия билетін сенен алғам жоқ, бермеймін» деп қарсыласқанда, шолақ қолымен бір ұрып құлатыпты. Түсі өте суық, сол жақ көзі өзінен-өзі жыбырлап тұратын. Шолақ қолдың әр қимылын аңдып, көзі бақырая қараған бала шошына жылап қоя берді.

– Балаң жаныңды алып қалмас, жылатпа, онсыз да халық жауларынан жауап аламын деп басым ауырып тұр, – деді қолын артына ұстап, ерсілі-қарсылы адымдаған нәшәндік. – Сонымен әуелгі сұрағым:

– Шешең арғы бетке ауа қашқанда, неге еріп кетпедің? Бұл – бір. Екінші – сен осында тыңшы есебінде қалғансың, арғы беттен келетін байланысшыға Сәбет өкіметінің барлық құпиясын хабарлап тұратының рас па?

– Сәбет өкіметінің бүкіл құпиясын маған кім айтады екен? – деді Нюра қарсы сұрақ қойып.

– Төлегенов пен сенің күйеуің Қандауыр сыбайлас болған.

– Ол кісіні түсімде де көрген емеспін.

– Сенің көруің міндет емес.

– Ендеше...

– Доғар... сөзді! – деп айғай салғанда, боздап тұрған бала селк етіп, жылауын тыя қойды. – Сен тіпті Жапонның жансызы болмаған күннің өзінде, помещиктің сілімтігісің. Осы факті де жетеді түрмеге қамауыма.

– Ағатай-ау, – деп кемсендеді Нюра, – мен – үй ішіммен, әсіресе, шешеммен ат құйрығын кесіскен, бір-бірімізді көрмеске анттасқан адаммын. Қандауырға тұрмысқа шыққаннан бері тіпті туған шешем болса да араласып, амандасқан емеспін. Қарақан басымда Қандауыр мен жалғыз қызымнан басқа ештеңе жоқ. Нақақ қинамаңыз...

– Көлгірсіме... Жарайды, ол сөзіңе де сенейік. Бірақ күйеуіңнің Төлегеновпен сыбайлас болғанын растайтын қолхат бер. Сонда ғана балаң екеуің бостандық ала аласың.

– Буынсыз жерге пышақ ұрмаңыз. Ол – біреудің ала жібін аттамаған адам.

– Әрине, төсекте жатқанда таза болып көрінеді. Амал жоқ, түрмеде түнеуіңе тура келеді. Қазір бізбен бірге ауданға

барасың, – деді де, сыңар қолымен-ақ сырт киімін шапшаң киіп алды.

Нюра Фадеевна түрмеде үш күн түнеді. Жауапқа шақырған жоқ. Қараңғыда сыз бөлменің салқыны тиген бала ыстығы көтеріліп ауыра бастады. Кезекші милиционер әкеліп берген қара нан мен қара суды қанағат тұтпаған, «мама, үйге қайтайық» деп ботадай боздап жылағанда, қапаста қамалған ана да айтуға сөз, жұбатуға тамақ таба алмай діңкесі құрып еді-ай, лажы таусылып, жігері құм болып, сырттан хабар ала алмай қорланған; тілсіз қарайған бөренелер, өмір бақида бір рет те жуылмаған тақтай еден, ауа кірмей ауыр тартқан сыз бөлме – бәр-бәрі Нюра Фадеевнаның жүрегін жұлмалап, сезімін сірнеледі-ай; жылап-жылап талықсып барып ұйықтаған баласын қойнына тығып, ағаш нардың үстінде жамбасы ойылғанша, сәбиі оянғанша жататын; бүрісіп ұйықтаған бала анда-санда ішін тарта өксіп, жаман ырымға бастағандай – шешесінің жанын одан әрі жаралайды. «Тәңірім-ау, сенен де айырылып қалмайын» деген қауіп мендеп, ішіне шоқ түскендей шошынатын, бір лаңнан құтылды па дегенде, екіншісі бас салып, осы сойқанды кім жасап жатқанын және не үшін жасайтынын зерделер санасы сансырап, ойлай-ойлай басы мәңгіріп, мұң мен наланың, азапты жаланың тұңғиығында тұншығып еді; әйелдік долылықпен шашын жайып, бажылдап түрменің есігін тоқпақтамады, өз-өзінен булығып, өз-өзінен қысылып тұншыға ұзақ жылаған; бүйтіп күнәсіз қорлық көргенше, өлейін деген ой жылт етуі мұң екен, қойнында жүрегін жылытып, бүлкілдеп жатқан баланың ертеңі есіне түсіп, ол ойынан айныған; тіпті басыңды қабырғаға тоқпақтамасаң, бұл бөлменің ішінде бір сабақ жіп жоқ – жаулығына дейін шешіп алған, үстінде көйлегі мен бешпеті ғана бар. Қандауырдан хабар жоқ, үш күннен бері бір жапырақ қара нан мен қара су тасыған қазақ оқта-текте қатынағаны болмаса, тірі жанның бет-жүзін көре алмады, ол да тілі кесілгендей үндемейді; темір есік салдыр-гүлдір ашылғанда, қараңғы бөлмеге сырттан саулап жарық кіріп, Нюраның көр соқыр болып қалғандай көзін қарықтырды; бала оянып кетті, ояна салып, «мама, үйге қайтамыз ба?» деп сұрады, күзетші алғаш рет: «тұр, нәшәндік шақырады» деді, келіншек қараңғы қапастан жарық дүниеге қуана ұмтылды...

Нюра Фадеевна мен ұлының бостандығы тым қымбатқа түсті. Мұны түрмеге қамаған күннің ертеңінде Қандауырдан жауап алған. Тағылған айып екеу: байдың қызына үйлендің, Жапонның шпионы Төлегеновтің тыңшысысың. Ол азар да безер мойындамаған, өздері жазған мойындау қағазға қол қоймай қасарысқан. НКВД-нің шولاқ қол бастығы бір беткей жігіттің жігерін жасытып, жанын жарақаттау үшін жаңа айла ойлап тапқан.

Ең әуелгі сұрағы, стол үстіндегі жатқан газеттерді нұсқап: «Газет оқисың ба?» дегеннен бастады.

– Анда-санда ғана, шаруадан қол тие бермейді...

– Иә, сендер саяси сауатсызсыңдар... Орталық газеттерде не жазылып жатқанын білмеу – ұят! Халық жаулары Алматыда да өріп жүр, тіпті әлгі өлеңшілер... не деуші еді... жазушылардың да жаулары көп... Алашордашылардың ала күшігі мен Жапон шпиондарын әкесіне танытып жатыр...

– Оны маған несіне айтасыз. Оқыған адамдар арасында ондайлар болатын шығар.

– Білсін деп... жә, әйелің бар айыпты айтып берді, сенің өкіметке жасаған астыртын әрекетіңнің түгелін түгендеп берді, – деді әдетінше кеңсенің ұзындығын өлшейтіндей тыным таппай адымдап.

– Сенбеймін, – деген Қандауыр. – Сенбеймін. Мойындаса, сауаты бар, қол қойдырып алған шығарсыз, көрсетіңіз.

– Малғұн! – деп бақырды нәшәндік. – Жаусыңдар! – Шолақ қолымен жағынан салып жіберуге оқтала бергенде, шапшаң қимылдаған Қандауыр одан бұрын қағып жіберді. Азуы алты қарыс жоянбыз деп әспенсіген азаматтарды жалғыз құлатқан Шолақ қол мұндай қағылез қарсылықты көрмеген басы шошына тұрып қалған.

– Мықты екенсің, – деп, өп-өтірік күлді. – Бірақ сендей асаулардың талайының мойнын астынан келтіргенмін. Күресесің бе?

«Мынау жынды шығар» деп ойлады Қандауыр:

– Жығылсам босатасыз ба, әлде жықсам босатасыз ба, осыған келісіп алайық.

– Ультиматым қоя бастадың ғой... Оны көреміз.

– Ендеше, күреспеймін.

– Жақсы олай болса аядай кеңседе апыр-топыр алысып жатқанымыз ұят болар. Тоғай ішіне баралық. Кеттік.

Шолақ қол жеке атта, Қандауыр милиционер жігіттің артына жайдақ мінгесіп жолға шықты. Бокмұрын баланың ат артына салған көргенсіздігіне қанша намыстанса да, көнбеске амалы жоқ. Бұқтырманың жағалауындағы қалың тоғайға жетелер жалғыз аяқ соқпаққа түсіп асықпай аяндап келеді. Қашып кетер деп қауіп қылды ма, тұтқынның қолын артына қайырып байлаған және оны ел көзінен жасыра үстіне шапан жапқан. Бұл қалпында балық аулауға шыққан бейбіт адамдардың сықпытын аңғартады. Құйрық тістесе артта – әдейі артта келе жатқан Шолақ қолдың тақымына кыстырылған құрығы бар.

Милиционердің артында отырған Қандауыр мысық пен тышқан ойнаған бастықтың қылығына өлердей қорланды, қарсылық көрсетуге де, қашып кетуге де дәрмен жоқ, жер болып жасыды, амалсыз көнді. Әншейінде қолына су құюға жарамас жаманның соншалық басынып, басына әңгіртаяқ ойнатқаны кінәмшіл жігіттің намысын қанша осқылағанымен, жан тәтті де; өзінің өмірін қойшы, алланың әмірінен қашып құтыла ала ма, анау екі көздері төрт болып, тар қапаста қамаулы жатқан әйелі мен баласына тиер кесірі, ендеше, әліптің артын бағып, қайбір мазағы мен қорлығына да шыдау керек; мейлі – жықсын, мейлі – атсын, итжеккенге қызыл табан қылып айдасын – не көрмеген қу бас, лажсыз көнтері күй кешіп көндігеді.

Өзеннің арылы естіліп, шыбын-шіркей көбейіп, алаңқайдың шетіне ілінгенде, ат басын іркіп аялдады. Шолақ қол жан-жағына мұқият қарап алды да: – Осы жерге тоқтаймыз, – деп, әмір етіп аттан түсті. Сыңар қолымен көлігін қайыңға байлады да, жап-жасыл шалғынды жапыра кешіп барған күйі аяғымен түрткілеп, шөп басып бұғып жатқан бұтақ, тастарды теуіп, алысқа лақтыра бастады. «Жанының тәттісін» деп ойлады ат артында әлі отырған Қандауыр. Бастығына милиционер жігіт те көмектесіп жүр. Қандауыр астындағы атты тебініп қалып желе жөнелгісі келді-ақ, бірақ тоғайға сіңіп үлгергенше, атып жіберуі әбден мүмкін еді. «Апыр-ай, жалғыз қолмен қалай күрескелі жүр, расында да, алпауыттың нағыз өзі болған соң...» Шолақ қол: – Алып кел ана мықтыны, әуселесін көрейін, – деп ақия бұйырды. Жүгіре басып келген жігіт аттан өзі-ақ секіріп түсіп, қарсы жүрген Қандауырды итермелей жеткізді.

– Түйгіштеме, шірік неме!

– Қолын шеш те, мылтығыңды оқтаулы ұста, – деді бастығы.

– Қорықпай-ақ қой, қашпаймын, – деді Қандауыр, «сізден» «сенге» қалай көшкенін өзі де байқамай қалды.

– Сенен қорыққаным – кара қойдан үріккенім, – деді сырт киімін шешіп, күреске бар ынтасымен дайындалған Шолақ қол. Қандауыр қарысып қалған қолын уқалап, екі білегін сипалап ұйығанын жазып, қанын таратты. Желбегей жамылған шапанын шешті. Осы кезде сарқырай ағып жатқан өзен жиегіндегі баз тал қозғалып, құрығы сорайып бір балықшы орыс шал шыға келді. Артына жалт қарап, тапаншасына жармасқан Шолақ қол: – Уходи от сюда, стреляю! – деп айғай салып еді, ана байғұс жып беріп тоғайға қайта сүңгіп кетті. Көңілі жайланған нәшәндік тапаншасын белбеумен қоса шешіп, милиционерге берді.

– Кел, батыр, көрсет күшінді.

– Бір қолымды таңып тастасам қайтеді, ұят қой...

– Қорлама! – деп аузынан ақ көбік ата жекірді. – Осы бір қолыммен ақ шу асауды құлағынан ұстап тұқыртып, құйрығынан басып шыңғыртқамын.

Кителін шешіп тастап, ақ шыт көйлегінің жеңін түрінгенде, шолақ қолының басы тұп-тұқыл, қып-қызыл екен... Бір басып, екі басып жақындаған Қандауырдың зәресі зәр түбіне кетті. Амал жоқ, пенжағын шешіп, күреске дайындалды. Екі көзі шолақ қолда. Бесатарды кезей ұстап тұрған жігіт аузын аңқайта ашып, қызықты жалғыз өзі тамашалайтынына мәз болғандай ырсияды. Балуандар әуелі аңдысты. Байқап көрді. Оңтайлы сәтті күтті. Шолақ қол күреске түскенде шабыттанып, екі көзі қызарып, ұрт еті жыбырлап, жыпылық жанары жырбыңдағанын тыйып ұшқындынып кетеді екен. Қандауырда жайбарақаттық, салмақты сабыр бар, лажсыздық басым. Андысу ұзаққа созылып бара жатқан соң, Шолақ қол: «Қатын болмасаң, тақалсаңшы, белдесейік», – деп зірк етті. Қарсыласы «Жарайды, ендеше» дегендей, адымдап қалып, оң қолын ту сыртына сала бергенде, бағанадан босқа шолтандатпай аркасына қайыра ұстап жүрген мұқыр жілік автоматтай сарт етіп ағытылды да, оттан шыққан көсеудей қып-қызыл күйінде Қандауырдың бауырына сүңгіді де кетті. Тура бауырдан ондырмай тиген ауыр соққыдан көзі карауытып, басы айналып мең-зең есеңгіреген «жауының»

ышқырынан оң қолымен шеңгелдей ұстаған қалпы қатты тартып қалып, шолақ қол сумаң етіп құлақ-шекеден баса оң жамбасына сала бергенде, жан-дәрмен қимылдаған Қандауыр ырқына көнбей бұлқынып, жауырыннан құшақтай алып, бұл тәсілден аман құтылды. Бұл қарсы қимылды қалай жасағанын өзі де білмейді. «Құдай сақтады» деді ішінен. Оның сыртынан қапсырған темірдей құшағында қалған нәшәндік жан-дәрмен жұлқынып еді, онысынан ештеңе өнбеді. «Жібер, атамын» – деп айқайлады мылтығын кезей сасқалақтаған милиционер.

– Оттама, сүмелек! – деп намыстанды Шолақ қол. Содан соң Қандауырға: «Босат, ана потшиноныйдан ұят, қайта күресейік», – деп сыбырлады. Босатты. Босата салысымен арыстандай атылып алға шыққан ол алақанына түкіріп қайта ұмтылды. Түрі айдаһар қуғандай қорқынышты еді. Жаңағы әдісті қайталаған жоқ. Тұкыл білек ербепдеп бос қалды. Не болса да белдесіп көрейін деген оймен белдікке қол сала бергенде, Шолақ қол тұмсығына қарай зу етіп тигенде, шалқалай барып құлады. Мұрнынан дірдектеп қан саулады. Бірақ қарсысындағы қасқырдай тісі ақсиган нәшәндік кеудесіне міне түсем дегенде, шапшаң аунап жер қаптырды да, лып етіп тұрып үлгерді.

– Ой, ағайын, мынауың күрес емес қой, төбелес қой, – деді тағы тақалған Шолақ қолға.

– Енді қалай деп едің, қолым біреу-ақ қой.

– Олай болса мен де жұдырық жұмсайын ба?

– Жоқ, сен күресіп жық, қолың екеу ғой.

– Жарайды, ендеше, – деді мұрнының қанын жеңімен сүргіп.

Күрестесінің барлық қуаты мен сенері монтансыған, мүсәпірсіген шолақ қолында екенін сезген Қандауыр бүкіл назарын сол сом темірді аңдуға аударды. Ал жауынгер қолды дәрменсіздендіру үшін сауына ие болу керек. «Иә, аруақ!» – деп сыйына екпіндеген НКВД бастығының артық нәстедей шолтандаған шолақ қолынан шап беріп ұстай алды да, өзіне қарай пәрменімен тартып қалды. Ананың беті қатты жұлқыстан былш етіп мұның иегіне тиді. Көз ілеспестей шапшаңдықпен кіндік тұстан шеңгелдей ұстап кеудесіне тік көтерді. Үйіріп-үйіріп әкелді де, серпе лақтырып жіберуге шақ қалды. Не істерін білмейді. Жықса – пәлеге қалуы мүмкін, ал жықпаса намысқа шапқан нәшәндік ыза буып, одан ары ушығуы мүмкін.

Не істеу керек? Ол қол тоқпақтай ғып көтерген күйі мылтығы шошайған милиционер жігітке жақындады. Ол сасқалақтай шегінген.

– Ат, ат нәлетті! – деп даусы шыға ақырды бастық.

– Ағатай-ау, сізге тигізіп аламын ғой! – деп безектеді. Қандауырдың кіндігінен төмен көздей беріп еді, жоғарыда тыпырлаған шолақ қолды сусыта төмен түсіріп, мойнынан қылқындыра алдына қалқан ете ұстай қойды.

– Таста мылтықты, әйтпесе буындырып өлтіремін мынаны. Шикандай бетінің қаны қашып, боп-бозданған нәшәндік тілге келуге шамасы жоқ, қолы ербендеп анаған «таста» дегендей белгі берді. Жігіт өз мылтығын бастығының тапаншасымен қоса лақтырып, дөй далаға тырағайлай қашты. Шолақ қолды сілке бұрап жықты да, мылтыққа жүгірді. Әлгінде ғана әспенсіп тұрған інкібиді бастығы қақпанға түскен қасқырдай, амал жоқ, шоңқайып отыр. Қандауыр мылтықты кезенген жоқ, бірін иығына асты, екіншісін жай қолына ұстай салды да, Шолақ қолдың тура алдына келіп жайғасты. Бұл қалпында әңгіме-дүкен құрып отырған екі жолдастың пошымы секілді еді. Нәшәндік меселі қайтып жасып қалыпты. Ләм демеген күйі бір тал шөп алып, соны тістелеп, құлағына қонған шыбынды айдап Бұқтырманьң сарынына құлақ түргендей жайбарақат та меңіреу. «Дегенмен, мықты, діні берік жігіт, – деп ойлады Қандауыр. – Әйтпесе мені жекпе-жекке шақырар ма еді. Тек арам болып жүрмесін. Тамырын басып көрейін».

– Жолдас бастық, менде не ақыңыз бар? Ұзында өш, қысқада кегіңіз жоқ еді ғой. Жолыңызға көлденең тұрған жерім бар ма еді? Тіпті бір-бірімізді жыға танымаймыз да ғой.

– Сен – халық жауысың, – деді ол марғау қалыпта.

– Оны кім айтты сізге? Дәлеліңіз қайсы? Әйелім мен бесіктен белі жаңа шыққан баламның жазығы не?

– Жазығы сол – байдың қызы.

– Онда тұрған не бар? Әке-шешесінен кетісіп кеткелі қашан...

– Сен, шырағым, басымды ауыртпа. Менің де жаным екеу емес. Қатынқарағайдан 150 халық жауын табу керек деген жоспар бар жоғарыдан. Сонда сендердің орындарыңа өзім камалуым керек пе?

– Сонда менімен толтыру керек пе?

– Сонда сенің орныңа ауыз жаласқан досың – Көкенді ұстаймын ба? «Сол жау» деген айғақ бер, өзіңді табан астыңда босатайын да, соны қамайын.

Қандауыр сөзден тосылды. Рас-ау. Жүз елу жауды тауып беру бұған да қиын.

– Білемін, – деді қаздай тізілген көк көйлек, ақ балтырлы қайыңдарға қараған күйі. – Білем, мені қарғап-сілейсіңдер, бірақ жазығым не? Жазығым үкімет міндетін адал атқарып, бұйрықты орындағаным ба? Иә-иә, мен орындаушы ғанамын... Кейде осы ісімнің ақ-қарасын ажырата алмай дал болып, тіпті таң атқанша көз ілмей шығатын кездерім бар. Ал көзім ілінсе болды, бір жүндес қол қолқама саусағын тарбайта ұмтылады... Тапанша жастап ұйықтамаған кезім жоқ, тек сол суық қару ғана жан досым... айтшы өзің, менің орнымда болсаң не істер едің?

– Сіздің орныңызда болмағанымға қуанамын.

– Қуансаң–сол. Сененгөріменіңбасбостандығымжоқ. Жетектесе – жүрем, айтактаса – үрем. Әйтпесе, бұл қазақтың бөлісе алмай жатқан несі бар.

– Тастамайсыз ба бұл мазасыз қызметті.

– Дәл қазір болмайды. Атып тастайды.

– Кім? – деп таңдана сұрады.

– Жоғарыдағылар... Ежов жолдас...

Шолақ қолдың жүзінде мұң бар еді. Оның осынау мән-мағынасы жоқ, ішіне ит өліп жатса да сезу мүмкін емес әлпетіне аяй қарады. Өзен жағасындағы алаңқай әдемі. Шыр айналдыра қаулай өскен балапан қайыңдар көмкерген. Шаң-тозаңсыз тап-таза шалғынның ортасы – бұлар опыр-топыр айқасқан тұсы ғана ұйпа-тұйпа да, былайғы жердің шөбі тік қалпында хош иіс аңқытады. Осынау мұрынды қытықтар жұпар хош иіс масаң әрі дел-сал халге шақырып басыңды айналдырады, буын-буыныңды босатып бостандықтың күйін шертеді. Ептеп жел соғып, жасыл шалғын, тал-теректің басы баяу қозғалады. Бұқтырманьң сарынынан бөтен дыбыс жоқ. Қайың түбінде байлаулы тұрған қос ат еріншектене шыбындайды. Иә, бұл жер төбелестің емес, рақаттана дем алып, көз шырымын алатын жұмақ орны еді...

– Не істейміз сонда? – деді Қандауыр лажсыздық аңғартып.

– Қайтайық. Сен қамаласың. Келіншегің мен балаңды босатамыз.

– Атып өлтіріп Бұқтырмаға ағызып жіберсем қайтесіз?

– Оны істей алмайсың. Істей алмайтын себебің: бір емес, екі куә бар: милиционер жігіт пен бағанағы балықшы көрді. Ал өзің қрән асып қашып кетсең, түрмеде жатқан қатын-балаңа қиянат болады. Сондықтан – екеуіміз аяндап ауылға қайтайық; әлгі бұтына тышып тұра безген милиционер мұқым ауданды дүрліктіріп жүрер. Рас, күшті екенсің, күреспен жеңдің, басқасын бас аман, бауыр түгел болса, көре жатармыз...

– Тек жығылдым деп кек сақтамаңыз, әйелім мен баламды есен-сау босатсаңыз болды, мен-ақ халық жауы болайын, бір үйден бір жау жетер.

– Менің саған жасар жақсылығым – жалғыз. Сөз жоқ, семьянды үйіңе қайтарамын. Өзің білесің, бұл жер – шекара ауданы, сондықтан көп тергеп, тексермей «арғы бетке қашпақ болды» дегенді желеу етіп атып тастауға құқылымыз. Халық жауларын төменге айдағанда, Бұқтырма үстіндегі ағаш көпірден өтесіңдер. Қапы қалма... және бұл сырды тісіңнен шығарма...

Қандауырдың маңдайынан сұп-суық тер шықты. Шолақ кол тапаншасын тағынып, кителін киіп, үсті-басын түзеді. – Мә, бастығын тастай зытқан қорқақ иттің мылтығын мойныңа асып ал, – деп, бесатарды Қандауырға ұсынды. – Жүр, кеттік. Өттең, қазақтардың барлығы сендей болса ғой... Онда айдағанға жүрмес ек, айтақтағанға үрмес ек...

Екеуі екі атқа мініп жолға шықты. Қаптаған қалың тоғайдың ішімен асықпай аяндатып келе жатыр. Дабырлап сөйлескен жоқ. Әрқайсысы өз ойын малталап, мынау әділетсіз әлемнің жұмбағын шеше алмай үзеңгі қағыстырады. Ертеңгі атар таң, шығар күннен үмітсіз Қандауыр ғана емес, мынау мұқым ауданды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап, жылаған бала уанатын інкібідінің көңілінде де қаяу бар-ау. Бұрынғы құтырынған мінез жоқ, момақан, күрмеуін шеше алмай әуреленген хал кешкендей, айналдырған бір сағаттың ішінде қой аузынан шөп алмас кейіпке түскеніне Қандауыр қайран қалды. Мүмкін, баяғыдан солай шығар, әдейі дөңайбат жасап, жұрттың зәресін алу үшін қасақана жасайтын шығар. Осыншалық бір қарекетін бір қарекеті жоққа шығарып, өзімен-өзі атысып-шабысқан жұмбақты адамды алғаш жолықтыруы.

– Мен сізден бір нәрсе сұрайын ба? – деді тебіне қатарласқан Қандауыр.

– Ал, сұрай ғой.
– Алдыңызға келген кісіні неге сабайсыз?
– Әдет болып кеткен ғой. Шыдай алмаймын. Мінез солай.
– Дегенмен, жазықсыз жандарды, «жығылған үстіне жұдырық» жұмсағаныңыз большевиктік қылмыс емес пе.

– Қылмыс деп ешкім қолымнан қаққан емес. Дегенмен, қамалып жатқандардың барлығы сүттен ақ, судан таза екеніне кім кепілдік бере алады. Адамның ішіне кім кіріп шыққан, ішінде ит өліп жатқандары бар. Солардан тазарту керек, санасын сауықтыру керек. Бүгін мүләйімсіп жүргенімен, күндердің күні жалын күдірейтіп шыға келеді. Осы бастан бастарын отап тастамаса, сүйікті Отанымызға, данышпан Сталинге қауіп төнуі мүмкін. Сақтансаң ғана сақтайды.

– Заңсыздық қой. Бір адам үшін мың адам не үшін жапа шегуі тиіс. Осы жұрт, өзіңіз де білесіз, енді-енді ғана еңсесін көтеріп, көтерем күйден арыла бастаған жоқ па. «Жаулық» ойлағанды қойып, жанын сақтап алсын да. Айталық, мына мен сол Жапония деген елдің қай жерде екенін де білмейді екенмін... Ағыңыздан жарылыңызшы, Төлегенов қандай азамат еді?

– Жапонияның қай жақта екенін өзім де білмеймін... Жігітім, тым тереңдемейік, – деп ажырая қарады. Шолақ қол ауылға жақындаған сайын күшіне мініп, сәл ұмытқан қызметін лезде қайтарып алды. – Біле-білсең осы сөзің-ақ сені қамауға жетіп артылады. Мен – бұйрықты орындаушымын. Әлгінде сен бір сөзіңді, ұмытпасам, «заңсыздық»деп айтып қалдың. Мойындайсың ғой.

– Өзімді қамасаңыз да, тілімді кесіп тастамассыз. Айтқаным рас.

– Ендеше, сәбет заңына күмән келтіргеніңнің өзі – алтын заңды бұзу болмақ. «Түлкі түрінен, адам тілінен тартады»деп қазақтар бекер айтпаған.

– Сол қазақтың «сөйлемейін десем – сөзім өледі, сөйлейін десем – өзім өлемін» дегені және бар.

– Артты қысқан бай болады дегенім ғой...

– Қазір бай болуға рұқсат жоқ қой...

– Әй, өзің сөзге мәстірсің-ей, – деп Шолақ қол алғаш рет ақтарыла күлді. – Жақсы жігітсің, қайтейін, аман қалдыруға амалым қайсы... О баста үстіңнен іс ашпауым керек еді. Мұндай екенінді қайдан білейін. Өздерің де бастықтарға жуық жүрмей

шіренесіңдер. Осы қазақтардың қызық мінезі бар. Бойында күш-қуаты, таланты барлар үдірейіп үлкен адамдарға жоламайды; ал, әлжуаз, алаяқтары алдыңды босатпай жылпостанады. Әне, сондықтан да олар аман қалады, өседі... Енді тым кеш, шегінетін жерім жоқ. Айтқаным – айтқан, әйелінді босатамын.

– Осыныңызға да рақмет. Маңдайдағы жазуды өшіре аламын ба, – деп күрсінді Қандауыр. Ауа жетпегендей омырауын ашып, кеудесін керіктей кере дем алды. Осы бір мезет ат үстінде келе жатқан аңшы жігіттің ең ақырғы бостандық ауасын жұтуындай еді. Енді қайтып мынау туған жердің тамылжыған табиғатын, асқар тау, асау өзенін көре алмасын, емін-еркін сайрандап аң-құсын қуып, орман-тоғайын аралай алмасын; көк шалғынына көлбей жатып, сонау тұп-тұнық аспанға қарап, тұнығы шайқалмаған көңілмен армандай алмасын; құлын жоны көрінбес тау шалғынын кертіп ойып, қол тартпамен алақанға түкіріп пішен ора алмасын; Алтайдың аппақ қарында ат шанамен ағыза алмасын; мұртына қатқан сүңгі, кірпіктегі қырауды сүртіп, тоңып-жаурап келгенде, Нюра құйып берген құла шайды самайынан тер ағып, сораптап іше алмасын; көктем шыға – көктен іздегені жерден табылғандай масайрай, жағасын кеміріп долдана таситын Бұқтырманның аққұла толқынына қарап, тамырынан қопарылған сансыз салындыны санап, аяй алмасын; енді қайтып адамға жалғыз-ақ рет берілер тіршіліктің шәрбаты суалып, кермек татырын, кетеуі кетерін, сөйтіп, мынау жарық дүниенің торқалы тойын көріп, топырақты өлімінде ауыл ақсақалдарының ақылын тыңдай алмасын сезді, білді, түңілді, тайғақ тағдырының үкіміне жүгінді.

Қос жолаушы тоғайдан шыға келгенде, алдарынан андыздай қарсылаған бір қора милиционерді көрді. Ішінде мылтығын тастай зытқан бағанағы бала мұрт жігіт те бар. Айқұлақтанып алда келеді.

– Атаңа нәлет-ай, бүлдірген екен ғой, – деп астындағы атын борбайлап қалды Шолақ қол.

– Аға, мыналарды бастап келдім, – деді, жерден жеті қоян тапқандай жінігіп. Оны қамшымең осып өткен нәшәндік: – Батыр қаранды! – деп зілдене айғай салды. – Үйіңе барып, боқшанды дайындай бер. Қамаласың. Халық жауысың!

Аттан домалап түсіп, енді тоғайға қарай қашқан жігіт: – Халық жауы атанғанша, Бұқтырмаға ағып өлемін! – деп зар еңіреді. Ұстайық деп ұмтылғандарды Шолақ қол тоқтатты.

– Тимендер, ешқайда кетпейді. Ондай қоян жүрек еркек-шоралардың қолынан еркекше өлу де келмейді. Қазақтың түбіне жететін – мынау емес, – деп Қандауырды көрсетті. – Анау секілді сүрмелек сужұқпастар.

– Сіз ше? – деп қалды Қандауыр қисыны келіп қалған сөздің обалына қалмай.

– Жаудың мылтығын алындар, – деген Шолақ қол естімеген сыңайда. Жан-жағынан анталай ұмтылған милиционердің біріне иығындағы мылтығын сыпырып өзі ұстата беріп еді, қалған екеуі аттан аударып алмақ болып борбайына жармасқан: бірақ ер үстінде тақымы жабысып қалғандай тәкаппар отырған Қандауыр міз бағып місе тұтпады. Енді қайтеміз дегендей Шолақ қолға қарап еді ол:

– Тимендер, өзі барады. Өттең, мынау көп боқташаққа осы тұтқынның жалғыз өзін-ақ айырбастап алар едім, амал не, – деп алға түсіп сау желе жөнелді. Қалғандары соңынан салпақтай ерді.

Шолақ қол інкібіді уәдесінде тұрды. Ауылға қайтып барған соң Қандауырды алып қалды да, әйелін босатты.

«Қандауыр абақтыны өзі ашып кіріп келгенде, жүрегім жарылып, талып қала жаздап едім-ау. Оның өзі қамалып, бізді босататынын қайдан білейін», – деп күрсінді Нүрке кемпір.

Келіншегі мен баласын бауырына қысып, айналып-толғанып сүйген Қандауыр қанша қатты болса да, көзі жасаурап, алғаш рет көңілі босады.

– «Көрешегінді көрмей, көрге кірмейсің» деген, Нүрке, қайтейік, жылаймыз да шыдаймыз. «Еркек тоқты құрмалдық» деген, екеуің аман болсаңдар, мені қойшы, мықтаса Қолымаға қайта айдар. Өкінерім де, өшігерім де жоқ, шүкір, – деді күштегендей болып күліп, баласын жоғары көтеріп. – Шүкір, артымда ұрпағым бар. Тек қайда, қандай қиындықта жүрсем де тілерім мен сенерім – сендер.

Ағыл-тегіл көз жасын жеңімен сүрткілеген Нюра:

– Ақтық сапарға аттанардай қоштаспайықшы. Ақ көңілдің аты арып, тоны тозбайды деуші еді атам, аман-есен ақталып келерсің. Шыдайық.

– Иә, шындық үшін қандай қиындыққа шыдауға болар, егер сол шындық бар болса... кейде ойлаймын: біздегі шындық көсеммен қоса өліп қалды ма деп...

– Бар, бар, – деді Нюра, – ақиқатқа жетер адам табылар, үмітімізді үзбейік, Қанеке. Сары уайымға салынбайық.

– Үміт – ол да бір сағым немесе көлеңке іспеттес, күн шыққанда ғана пайда болады, ал басыңды қасіреттің бұлты шалса, іздеп таба алмайды екенсің, жоғалады. Неге екенін білмеймін, өзімді емес, көзі енді ғана ашылып, бауырын жаңа ғана көтерген елдің ертеңі алаңдатады. Көзіне қамшы тиген ботадай боздап, тағы да үркіп, үдере көшіп, бөрінің боғы, бөкеннің сирағындай тоза ма деп қорқамын. Заңның бет алысы жаман... Осы кезде абақтының есігінде тұрған Шолақ қол Қандауырдың соңғы сөзін құлағы шалып қалып:

– Сен сәбет заңын ғайбаттама, – деді түсін суытып. – Ол әрқашан да әділ, бәрімізге ортақ.

– Заңның әділдігіне шәгім жоқ, алтын заңды бұрмалап, бұзатындарға ренішім бар.

– Кім бұзып отыр?! Сталин жолдас па?! Тіліңді тарта сөйле! Осы күніе зар боларсың.

– Осы күніме қызықпай-ақ қойдым. Сендердің бұл бассыздықтарыңды Сталин жолдас білмей отыр ма деп қауіптенемін.

– Оттапсың! – деді нәшәндік. – Дүние жүзінде Сталин жолдастың білмейтіні жоқ. Ол – көсем! Ал көсемнің көрмейтіні және жоқ. Уақыт бітті, қоштасындар.

Нюра күйеуіне ұмтылып, қапсыра құшақтап айырылмады. Екеуі аймаласып, етектерінен тартқан баланы ұмытқандай болып еді. «Папа, үйге қайтайық», – деп ол шырқырай жылап қоя берді. Баласын жерден тіке көтеріп алып, бетінен сүйген әкесі: «Мамаң екеуің үйге жүре беріңдер, мен артынан барамын», – деді кеудесін керген өксікті әрең басып. Жүйе-жүйесі босап, үні қарлығып шықты. Нюраныңда омырауы жасқа боялған. Бұларды Шолақ қол ажыратты. Ана мен баланы күшке сап итеріп, сыртқа алып шықты да, түрменің шоқпардай темір құлыбын кілттеп, жапты. «Папалап» есікті тырмалаған баласын зорға дегенде қолтығынан көтеріп, тырандатқан қалпында жылап-еңіреп үйіне қайтқан Нюра өз ошағына жеткенше көз жасын тая алмады. Бұл шақта таудың ұшар басындағы ұшпа бұлт етекке қарай жөңкіле көшіп аяқ астынан жел тұрды. Жапырақ жайған ағаш басы арпалыса суылдап, сабалақ жүнді бірлі-екілі ешкі қора-қораның ығына қарай тырағайлап барады. Желіккен желмен бірге жарыса түскен жаңбырдың хабаршы тамшылары

жетіп, әлгінде ғана будақтай көтерілген қара жолдың шаңын жерге шегелей бастаған. Қара бурадай құтырына жөңкілген бұлт бір-бірінен жерігендей үрке орналасқан бытыраңқы үйлердің жиналмай қалған кірін желпілдетіп, албастыдай апай-топайын шығарды. Тамшының арты бұжыр-бұжыр бұршаққа айналып, тақтай шатыр, қаңылтыр пештерді таңқылдатып, төбенді оярай пәрменмен сабалаған. Барабандап бастаған бұршақ қарақошқыл бұлттың құсығындай, далада жүрген тіршілік иесін бұрыш-бұрышқа, ықтасын-қуысқа қуалап тықты. Жер беті аппақ маржанға бөгіп, Алтайдың алты айрығынан саулап бұлақ ақты. Бұлақтың іші толған ақ моншақ – әрі суық, әрі сұлу көрініске есік-терезеден сығалай мәз балалардың кейбір шыдамсыздары жалаң аяқ, жалаң бас далаға шапқылап шығып, шекесін ісіріп қайта оралады. Ең ғажабы, дәл сол күні бір жағы ақ, бір жағы қызыл бұршақ жауды.

«СОЛ КҮН, СОЛ ЕРЕКШЕ БҰРШАҚ КЕШЕГІДЕЙ ЖАДЫМДА. МЕН БАЙҒҰС ҚАНДАУЫРЫМНАН МӘҢГІЛІК-КЕ АЙЫРЫЛДЫМ ДЕП ОЙЛАДЫМ-АУ», – НҮРКЕ КЕМПІР ТАҒЫ ДА АУЫР КҮРСІНДІ.

1937-інің сойқаны мұнымен біткен жоқ. Ел артынан естіді Қандауырды қосып осы ауылдың бір топ азаматтарын Бұқтырманьң үстіндегі ағаш көпірден айдап бара жатқанда, алды-арттарынан қаумалаған айдаушылар тілге келтірмей бытырлатып ата бастайды. Дәл осы сәтте Шолақ қолдың жұмбақты ескертуі қапелімде есіне түскен Қандауыр сасқалақтай шулаған жұртты қақ жарып барып, биіктігі отыз метрден асатын көпірден төмендегі көкпеңбек иірімді суға қарғиды. Бәрібір тұншығып өледіге жорыған мылтықтылар оның соңынан қумайды, тірі қаларын елеп-ескеріп аңдымайды. Бұқтырманьң арыстан жалды толқынында тербеліп өскен жігіт жүз қадамдай сүңгіп, басын қылт еткізіп шығарып ауа жұтып алған соң, тағы да су түбіне сүңгіп, ағыстың ырқында ығыса құлдап, алыстап кетеді. Содан, ешкім жоқ, тал-терегі қалың өскен жағалаудан бір-ақ шығады. Сол бойында қашып кетпейді, үсті-басын кептіріп алғаннан кейін аудан басында отырған Шолақ қол іңкібідінің тура өзіне барады. Ол мұны «нағыз жүрек жұтқан батырдың өзі екенсің» деп, қарқ-қарқ күліп, арқасынан қағады да, қағазын реттеп Өскеменге жөнелтеді.

«ҚАНДАУЫР СОЛ КЕТКЕННЕН СОҒЫС БАСТАЛҒАН-ДА ҒАНА ОРАЛЫП ЕДІ-АУ», – ДЕП НҮРКЕ КЕМПІР КҮБІР-ЛЕДІ.

Қарлығаштың ұясындай ғана шағын үйелменнің ошағы сөнбегенмен, басына төнген барлық ауыртпалықты Қандауыр арқалап кеткен жоқ, інкібідінің бақылауында болды. «Жаудың семьясы» деген жаман атақ тағылған соң, ауыл-аймақ, көрші-қолаң аса сақтықпен амандасатын, тіпті кейде сәлемдесуге жасқанып, Нюраның жанынан үндемей өте шығатын. Осылайша бірте-бірте суысқан ел жоқтан өзгеге күдік алып, ғасырлар бойы қалыптасқан жан жарастығы, ағайын араластығынан айырылып, әркімнің-әрқайсысының ішінен бұғып жатқан жасырын «жау» іздеп, жандарын шүберекке түйе сезікті де, сенімсіз күй кеше бастаған. Сүттей ұйыған ауылдың дәстүрлі ұжымдығы ұшына жабысқан аурудан қаншама жылдар өтсе де айыға алмай, сүйеккесінді дертке ұласарын, әрине, зерделемеді. Ұсталғанның бәрін шын жау, қаскөй індет деп қабылдады да, өздеріне жұғып кетпес үшін пәледен машайық қашты немесе сиырдай мүйіздеп, бақсының моласындай жападан-жалғыз қалдырды.

«СОЛ ЖАЛҒЫЗДЫҚТАН ӘЛІ КҮНГЕ ҚҰТЫЛА АЛМАЙ, ҚОР БОЛДЫМ-АУ», – ДЕП КҮРСІНДІ НҮРКЕ КЕМПІР.

...Иә, жалғыздық. Сол жалғыздықтан тағы да Көкен мен Аналық құтқарып еді. Бұл өмірде бар-жоғы белгісіз дарбазасыз дара үйде ішерге ас, киерге киім таба алмай, зар еңіреп, зар жұтып жатқанында, тумасынан бетер бәйек болып қамқор қолын созды... «Халық жауының» әйеліне қыл аяғы қара жұмыс та бермей қаңтарып тастағанда, тағдырдың осы бір дағдарысынан аман-есен алып шыққан да солар. Бір күні жұмыстан әдеттегіден тым ерте оралған Көкен:

– Ойбай, Нүрке, саған жасырыну керек, – деді өні боп-боз болып. – Ауданнан адам шығып сені қамауға алатын көрінеді. Шолақ қолдың айғайлап айтқан бұйрығын есіктің сыртынан естіп қалған бір сенімді кісі айтты.

– Күз болса мынау, енді біраз күнде қар түседі, қайда қашамын, құдай-ау, – деп зәрезап болды.

– Расында да, қайда барады мына қарашаның қара суығында, – деп сөзге араласты Аналық.

– Соны өзiм де бiлмей тұрмын. Сенiң орныңа Қандауырдың соңынан мен-ақ кетер едiм, қайтейiн, алмайды ғой.

– Көңiлiңе рақмет, Көкен. Айналдырған Шолақ қол алмай қоймайды, ешқайда кетпеймiн, бас сауғалап тығылмаймын да. Баламды бiр құдайға, содан соң өздерiңе тапсырып, тас түйiн дайындалайын. Әбiгер болмаңдар.

– Тәңiрiм-ай, не жазып едiң, ендi не iстеймiз? – деп зарлаған Аналықты еркектiк көрсетiп жекiп тоқтатқан Көкен: – Бiз қара басымызды сауғалап сенен безiнiп отырғанымыз жоқ, Нүрке! Амал не, өзiң шеш. Алысқа, көз көрiп, құлақ естiмейтiн жерге аттандырып жiберуге де әзiрмiн, осы үйге алып қалуға да дайынмын. Сенiң балаң – бiздiң де бала, алда-жалда айдалып кетсең, қайтып оралғандарыңша қанаттыға қақтырмай, әкешешесiн ұмыттырмай қарағайдай азамат етiп тәрбиелеймiз. Басқа не келедi қолымыздан...

– Ризамын сендерге, екi дүниеде де ризамын. Мен тосып алдым маңдайға жазылған сыбағамды. Ұрпағым – аманат. Абдырамай жұмысыңа бар.

Көкен басы салбыраған күйi, лажсыздық күйiн кешiп шығып кеткен. Күйеуi ұзаған соң, Аналық басқаша кеп танытты.

– Әй, Нүрке, менiң тiлiмдi алсаң, маған бiр ой келiп отыр.

– Иә, қандай?– деп емiне түстi.

– Сен алғаш келген милициядан жасырынып қал.

– Қалайша? Артынан ұстап алса, одан ары күдiк алып, тергемей-ақ атып тастар.

– Алғашқы iздеушiден әупiрiмдеп құтылсақ, таңғы нәсiп тәңiрден деген, көрiп алдық. Тiптi Көкенге де бiлдiрмейiк.

– Түкке түсiнсем бұйырмасын. Сонда бiр асым ет емес, алпамсадай етжеңдi қатынды қай тесiкке тығасың?

– Кержақтардың тас моншасына. Оның iшiне жын-шайтан ұялаған деп, осы ауылда тiрi жан басын сұқпайды. Әмбесiнде сол моншаның кiреберiсiнде жертөле бар. Бай кержақтар тереңғып қазып, азық-түлiгiн сақтайтын. Мiне, сенiң ендiгi үйiң осы болады.

– Сенiң де ойлап таппайтының жоқ-ау, Аналық. Ескi подвал қайбiр пана болып жарытар дейсiң.

– Егер әлдекiм пысықсып iшiне кiрер болса, жертөлеге түсiп кет, ал ешкiм жоқта, моншаның iшiнде отыра бер. Тамақ, сусынды өзiм тасып тұрармын түнделетiп.

– Қар жауып, қылышын сүйретіп қыс келгенде, жеті қат жер астында арам қатып қаламыз ғой. Одан гөрі жылымық түрмеде отырғаным озық-ау.

– Жетісерсің. Сені маздатып от жағып, алдына астау-астау жал-жая қойып асырайды деген. Бұдан он есе суық итжеккенге айдаса, кержактардың апанымен жылап көрісерсің. Сөзді қой, бір тәуекелге бел байладық. Ашаршылықтан да аман қалғамыз, қылышынан қан тамған заман өстіп тұра берер дейсің бе, біздің де айымыз оңынан туар.

– Әй, қайдам, – деп сенімсіздікпен басын шайқаған еді Нүрке бір пәледен құтылдық па дегенде, екіншісі келеді едірейіп. Бейне бір Алтайдың асулары секілді иін тірескен, біреуінен ассаң – екіншісі тұрады...

– «Көп сөз – боқ сөз» деген атам қазақ, іске кірісейік. Сен қазір бар да үйіндегі комшанды буып-түй. Керексізін лақтыр, от қойып өрте, тіміскілеген адам қашып кеттіге жорысын. Қызың естияр болып қалды ғой, түсіндіріп айт, тығыламыз, әйтпесе папаң секілді қараңғыға қамап тастайды да... Мен зыр жүгіріп барып, жертөлеге төсеніш, жылы киім апарып әзірлейін... – Аналық өз үйін ақтара бастаған. – Құдай-ау, атамның ескі қасқыр ішігін де «халық жауы» деп қамап тастады ма, қайда кеткен, тәңір алғыр...

Екі күнді әбігерлі дайындықпен өткізді. Осынау құпия әрекеттен Көкен қаперсіз еді. Үшінші күн дегенде: «Шолақ қол хабар жіберіпті, Нюра Фадеевна ешқайда кетпесін, хал-жағдайын біліп қайтамын. Қорықпасын, күзетшісіз барамын», – деген сыбысты жеткізді. Бірақ өзі осы күні үйден ұзап шықпады, жұмысқа да бармай қора-қопсысын түзеп, айналсоқтады-ай. Аналық: «Іздеп қалған жоқ па, жұмысыңа барсаң қайтеді», – деп, жақауратып көріп еді, қас қылғандай қадалып, кетпей-ақ қойғаны. «Шынымызды айтсақ қайтеді» деген тәуекелге бел байлаған мезетте, ауылдың аш құрсақ итін шулатып Шолақ қол келіп үлгереді. Амал жоқ, алдынан шығып қарсы алды. Аттан адамша аттап емес, оң аяғын ердің алдыңғы қасынан асырып шабандоз баладай секіріп түскен нәшәндік:

– Қондысыңдар ғой өздерің, не жеп семірдіңдер? – деді камшысын сапиян етігінің қонышына тыға сөйлеп.

– «Өлмегенге өлі балық» деген, жолдас бастық, колхоз не берсе – соны талшық етеміз, – деп жауап берді Көкен.

– Есеп-қисаптан жырым-шеттіктейді деген сигнал бар. Істеп жүрген жерінен тістеп жүретін қазақтың ежелгі әдеті. Сені де тексеру керек. Екі қатынды, екі баланы асырайтын азық қайдан келді саған.

– Тексеріндер.

– Көрші ауылдағы бригадирдің қалай ұсталғанын, қалай сотталғанын білесің бе?

– Естімеппін, – деді Көкен.

– Ондайда құлағың керең бола қалады. Ат-тонын ала қашып танып болмаған соң, баласының тезегін тексеріп келіп жібергенде – ішінен бидай шықты, – деп қарқылдап күлді. – Ал енді сендер бара тұрындар, Нюра Фадеевнамен оңаша сырласып көрелік.

Үйге екеуі ғана кірді. Іргедегі төсекке былш етіп отыра кеткен Шолақ қол біразға дейін Нюраға қадала қараған қалпы жымси ежірейіп ләм демеді. Жылан арбағандай бүріскен әйел, өңменін тесіп жіберердей қадалған қиғаш көзден жасқана жанар қашырды. Шыдамның да шегі бар:

– Сұрай беріңіз, – деді үні дірілдеп.

– Күйеуіңнің атылғанын естіген шығарсың.

– Естігенім рас, бірақ өлгеніне сенбеймін.

– Халық жауы ретінде атылғаны туралы актымен таныстырайын ба?

– Немене бұл... көңіл айтқаныңыз ба? Айтсаңыз да абайлап естіртпейсіз бе?

– Да-а, – деп ойланды Шолақ қол. – Да-а... Мен мәймөңкені білмеймін, қызметтің адамымын, турасын айтамын.

– Биліктіге де біліктілік керек дегенім ғой, әйтпесе түкірігі жерге түспей тұрған сізбен тайталасып нем бар.

Шолаққол ескі әдетінше ойқастай басып үй ішінде әрі-бері алшаңдамақ еді, аядай бөлме таршылық жасады. Амал жоқ, төсекке қайта отырды да, қарсы алдындағы әйелге тағы да қадала қарады. Бұрынғыдай емес бойы үйреніп, неге болса да бел буған Нюра шімірікпестен сазарып отыр. Оның өр сыңайын аңдаған нәшәндік әкірендеп әлек болудан еш нәтиже шықпасын сезді ме, көкейінде көптен жүрген жасырын сырын шым-шымдап шығаруға көшкен-ді.

– Мен сені қамауға келгенім жоқ деп ескерттім. Бетінен нұры тамған сұлу келіншекті қараңғы торға қамап ұстаудан

үлкен қылмыс бар ма мен үшін. Жаным темірден жаратылмаған, менде де сезім, жүрек, түйсік бар. Егер қаттылығым, түрімнің суықтығы білінсе, оған мен кінәлі емес, талап пен жұмыс солай, демек, мен түскен қазан қатты қайнап пісірді. Күні бүгінге дейін салт басты, сабау қамшылымын. Қызмет қуамын деп, жар қызығынан айырылыппын...

Шолақ қолдың не бықсытып келе жатқанын ептеп іші сезе бастаған Нюраның әлгінде ғана боп-бозданған жүзіне қан теуіп, бойынан үрей үркіп, денесі дірілдей бастады. «Тәңірім-ау, енді жетпегені осы еді».

– Зорлықпен келгенім жоқ, сені алғаш көргеннен бері тағат таптырмаған...

– Керек емес, – деді Нюра зэрезап болып, – ар жағын айтпай-ақ қойыңыз...

– Өлмектің артынан – өлмек жоқ, басың жас, бақытың алда, балаңның үстінен құс ұшырмай тәрбиелеймін...

– Жаудың әйелін алды деп, өзіңіз де ұсталып кетерсіз... Болмайды! Бекер әуре болмаңыз! – Атып тұрып сыртқа беттемек еді, інкібіді бастығы:

– Отыр! Шошандамай, сөзге қонақ бер! – деп ақырып қалды. – Немене, менің әйел сүйеге қақым жоқ па?

– Қақыңыз бар, бірақ біреудің әйелін емес.

– Жесір әйелді деңіз...

– Жесір мен жетімнің заманы емес пе, осы өкіметті соларға теңдік әперу үшін орнатпап па еді...

– Ол, рас, махаббатқа да бостандық керек, сондықтан да саған сөз салып тұрмын, сондықтан да жуандық жасамай жуас жолмен, қазақы жолмен үлкен басымды кішірейтіп келіп тұрмын.

– Ақирет алдында да айтар сөзім – үзіңіз үмітіңізді. Мен о дүниеде де Қандауырды ұмыта алмаймын.

– Ұмытпай-ақ қой. Тіпті бес уақ намазыңнан қалдырма, суретін салып қабырғаға іліп қоялық.

– Мен енді сізге еш нәрсе айтпаймын, білгеніңізді істеніз. – Нюраның беті қайтадан қуарып кетті.

– Қақ маңдайдан ұрдың-ау, аспан көз қатын. Қайтейін сені, қайтейін, жалғандағы жалғыз қуанышымнан айырдың, абыройымды айрандай төктің, жігерімді құм қылдың, жігіттігімді қорладың, аяулы сезімімді аяқ асты еттің. Енді

қайтіп ашуланбаймын, енді қайтіп елді қан қақсатпаймын, айтшы өзің... Жазығым не, жазығым жар қызығын көрейін дегенім бе?

Нюра таң қалды. Шолақ қол бетін қос алақанымен басып алып, әйелдерше ал келіп солқылдап жыласын. Басқа – басқа да, дәл осындай оқыс қылық, босаң көңіл күтпеген еді, әрі оған тас емен жүрегі жылып, жаны ашыған. «Қойыңыз аға, азамат емессіз бе, босамаңыз» деп оған деген өшпенділігін жұмсартпаққа ниет қылды да, «қой, босқа емексітпейін» деген оймен тез айныды. Ал анау қалтасынан орамалын шапшаң суырып алып, жасқа толған жанарын сүртіп-сүртіп орнынан тұрды. Белбеуін ширыға түзеді. Тапаншасының қабын сипап тексерді. Нюраға қарамаған күйі шыға берді де: – Ендігі хабарды милиционерден күтерсің, сұлуым, – деп жымыды. – Мен сенімен қоштаспаймын, көріскенше.

Шолақ қол шығып кеткен соң, үйге апыл-ғұпыл кірген Аналық, есі ауысқандай, аядай ғана әйнектен түскен жарыққа кірпік қақпастан телміріп отырған Нюраны құшақтай алды.

– Не деп кетті? Ұзақ сырластыңдар ғой, түге. Ақсарбас, бір пәледен құтылдық білем.

– Сол пәле енді ғана басталды, құрбым. Еркек екен, сөз салды, жүрегін ұсынды. Көнбеп едім, көзіме көк шыбын үймелетем деп кетті ғой.

– Кетсін әрмен... енді қайтып оралғанша, кім бар, кім жоқ. Жүнжіме. Шай қояйын. Балалардың да қарны ашқан шығар.

Осы кезде Көкен кірді:

– Ертеңге дейін ойлансын дейді, не айтып еді, Нүрке?

– Маған тұрмысқа шық дейді.

– Онысы жігітшілік екен, – деді Көкен желкесін қасып.

– Кет ары, албасты басып тұр ма, Қандауырға не бетімізді айтамыз.

– Кісі тірі қалу үшін не істемейді... Өзің біл, мың жылғы жұмақтан бір күнгі жарың артық емес пе...

– Сен мені білмейді екенсің, Көкен, – деді Нюра қабағы дірілдей ренжіп. – Байсырап отырғаным жоқ, Қанекеннен жаным артық емес. Аюдай ақырған ата-анамның ақ сүт, ақ батасын аттап қосылған жарымды жасыққа айырбастаймын ба.

– Кешір, – деді Көкен қалбалақтап. – Мен... әншейін... сен үшін ғой бәрі де. Құрысын, қайтып алдым сөзімді. Әй, Аналық, шайыңның түбіне тас түсіп кетті ме, неғып қайнамайды...

«ЖАРЫҚТЫҚ КӨКЕННИҢ МІНЕЗІ ҚЫЗЫҚ ЕДІ-АУ, – ДЕП ӨЗ-ӨЗИНЕН КҮЛІМСІРЕДІ НҮРКЕ КЕМПІР. – АУЗЫН АШСА, ЖҮРЕГІ КӨРІНЕТІН АДАЛ, БАЛАДАЙ АҢҚАУ ЕДІ».

Таңға жуық сыбдырын білдірмей тұрған Аналық аса сақтықпен киініп, есікті ептеп аша бергенде, біреу шымшып алғандай сыңсып қоя берген. Тықыр еткенге оянатын күйеу: «Әй, бұл кім, Аналық, сенбісің, қайда барасың?» – деді ұйқылы үнмен. «Мен ғой, әлгі жалғыз сиыр кеше кешке өрістен келмеп еді, байқайын деп... ұйықтай беріңдер. Бала тоңып қалмасын, қымтай сал», – деп, қамқор кейіп танытты да, лып етіп шыға жөнелген. Сол бетімен Нюраның үйіне беттеді. Ол да ояу отыр екен, екеуі ұзақ күбірлесті. Бәрінен де қиыны шырт ұйқыда жатқан баланы ояту болды. Түнде қайда барамыз деп, қыңқылдап жылады. Буыншақ-түйіншектерін арқалап үшеуі ағаш арасындағы мыстан кемпірдің баспанасындай болып жалғыз қарауытқан моншаға қарай аяндады. Ауыл таң алдындағы өлі ұйқыда. Өліара кездің қараңғылығы енді-енді ғана етек түріп, көбесі сөгіле бастаған. Ауыл шетінен басталар отқа осы елдің бес-алты қара малы жайылып жүр. Тау қойнауы болғандықтан, таңға жуық қалың қырау түсіп, бейне бір жұқалаң қар жауғандай әсер беретін қарашаның суығы жылы үйден шыққан денелерін тоңазытып, бүрсең қақтырды. Әсіресе, ұйқысы, әлі де ашылмай, есінеп-құсынаған бала «тоңдым, мама» деп еріншектене ереді. «Тоңарсың әлі, бұл – басы ғана», – деп күбірлейді шешесі. Айдаладағы моншаға жеткенде, балада тіпті зәре қалмады. «Кірмеймін, оның ішінде сайтан бар», – деп шегіншектеді. Іші тастай қараңғы моншаға бірінші болып «бисмилла» деп өжеттене кірген Аналық оттық тұтатып, жарық жасады. Іші ыс-ыс бөлменің қабырғасына жанап кетсең, үсті-басыңды күйелештеп шығасың. Бұрыштағы тастан үйіліп жиналған пештің үстінде майшам бар екен, тұтатып еді, өлімсіреген сәуле таратып, есіктен ескен желемікпен қыпылықтай жанады. Қамбаның аузы ашық екен. Ішіне сып беріп түскен Аналық:

– Әй, Нүрке, еңкейіп қарашы өзің, ұядай, – деп сыбырлады. – Майшамды маған әперіп жібер.

Әуелі жалауышкені, содан соң қызын шұңқырға түсіріп, артынан өзі сусыды. Жертөленің іші, расында да, әрі кең, әрі тап-тұйнақтай. Бәрін де Аналық сақадай-сай дайындап қойған екен. Кержақтардың ашыған капуста, қияр, балын сақтайтын тақтай таушаны жайып, төсекке айналдырған. Жертөленің қабырғасына дейін тақтайланған, тек едені жоқ, құм төккен. Жеміс-жидектері бұзылмас үшін, құм төсейтін шығар...

– Міне, осы ендігі үйлерің, – деді қарадай борша-борша терлеген Аналық.

– Мынау – зындан ғой... Әттең, пеші болса, қыстан шығуға да болар еді, – деді әлі де жан-жағын тосырқай шолған Нюра.

– Кішкене ғана қаңылтыр пеш тауып келсем, суықтан емес, ыстықтан зәрезеп боларсыңдар.

– Әй, Аналық-ай, ол пештің түтінін будақтатып қалай жағамыз?

– Отты тек түнде ғана жағасыңдар, ал күндіз дымдарыңды білдірмей жым-жырт жатасыңдар.

– Сонда біз үкі немесе жарғанат болғанымыз ғой, – деп Нюра аузын басып, тұншыға күлді.

– Тірі қалу үшін бәрі болуға болады. Ал мен кеттім. Тегінде, естерінде болсын, жер қойманың қақпағын қазанмен бастырып кетемін, шығамын деп әуре болмандар, өзім ғана ашамын. Екі күндік азықтарың бар. Ыстық тамаққа әзірше иектерің қышымасын.

– Мен бір түрлі қорқып отырмын, – деді Нюра мұңайып. – Осыдан түрме артық секілді. Ойлашы өзің, қашанғы отырамыз: бір ай, бір жыл, содан соң...

– Содан соң – сол. Сен қызықсың-ей, абақтыға ас беріп жатқандай-ақ асығып, басымды ауырттың ғой. Оған бүгін бардың не, бір айдан соң бардың не, ешқайда қашып кетпес, түрмесіз үкімет болушы ма еді, – деп, іргедегі нарға қисайып ұйықтап қалған баланың үстіне ішік жауып, жан-жағын қымтап қойды.

– Ішім пысатын шығар, тәулік бойы жер астында қамалып отырудан артық тозақ бар ма...

– Сені қойшы, – деп Аналық тағы да сәмпылдай жөнелді. – Тоқыма тоқисың, бәрінен де жас балаға қиын, ойын баласы іші

жарылып зерігер, әмбе саған ермек тауып, алдаусырату керек. Ал мен кетейін.

Ал мен кетейінмен тағы біраз айналсоқтап, құрбысын кимағандай әрең көтерілді шұңқырдан. Содан соң жертөленің қақпағын жауып, былайырақ төңкерулі жатқан тайқазанды өзі әрең дегенде орнынан қозғап, ырғай жылжытып әкелгені естілді. Есікті нығыздап жауып, сыртынан тіреу қойды. Жан-жағына алақ-жұлақ қарап, жорғалап үйіне жеткен. Жолшыбай қара сиырды айдай кеткен. Қораға қамап, үйге бір құшақ отын құшақтай кірген. Әйелінің тықырынан оянған саққұлық Көкен: «Көп айналдың ғой, сиыр бар ма?» – деп есіней сұраған. «Қасқыр жегірді әрең дегенде таптым. Терістің ішіндегі колхоз шөбінде белуарына дейін мелдеп тұр екен, ертелетіп іздегенім қандай көрім болған, ұятқа қалады екенбіз», – деп өтірікті судай сапырып жіберді. «Үй суып кетіпті, пешке от жақпасам, қарағай отын әкелсеңші, әкесі, қайыңның дуылдап жанғаны болмаса, қызуы шамалы». «Көлік болмай тұр ғой, әмбесінде қол да тимейді». «Колхоздан бір тырақы тауып берсең, іргеде жай түсіп сұлап жатқан молақтың бірін өзім-ақ сүйретіп әкелер едім». «Мұрындығын тесе алмайсың ғой». «Тескенде, сенің білегің сыйып кетер ғып үңіретіп жіберем, ағаштың арасында туып, ағашқа жарымасақ не дауа. Әй, қазақтар-ай, орманның ішінде тұрып отынға жарымай, үйінің бұрышын жарып жағатын еріншектіктен қашан арылар екенбіз» деп, пештің күлін шығарып, көмейіне жаңқа тығып, от тамызып толас таппады. «Аналық-ай, қолыңмен қоса аузың да қимылдамаса, ұшынасың ба» деген күйеуі ендігі ұйқыда маза болмасын сезгендей, самарқау күйде киіне бастаған. – Бүгін ғой Нүркені айдап әкетеді.

– Байғұсқа обал болды, – деп жаны ашығансыды әйелі.

– Кебежеңнің түбінде қалған-құтқан болса, жолына пісіріп берсеңші. Одан басқа қолымыздан не келеді...

– Қара сиырды Шолақ қолға жетелетіп жіберсек, босатар ма екен?

– Қара сиырға сені қосып берсең де жібімейді, – деді Көкен – Қайта басымызға пәле болып жабысады. Секретарь Төлегеновті домбыра шертеді, ән айтады, рулардың тегін таратады, насыбай атып, ескіліктің қалдығына шырмалған деп айыптады емес пе. Әсіресе, балаларына қиын болды. Көзі

мөлдіреген бес жасар Бибігүл атты қызын қимай, «шөлім қанып бетінен де сүйе алмадым-ау» деп аһ ұрғанда, аузынан жалын атып қатты қамығыпты.

– Сонда қалай, домбыра шертіп, ән айтқанның барлығы халық жауы болса, құрысын... Құртайық ана домбыраны...

– Айыптың үлкені ол емес, – деді күйеуі. – Шолақ қол «Партбилетіңді тапсыр» деп қожандағанда, «билетті сен берген жоқсың» деп қасарысқан. Тартып алмаққа ұмтылған Шолақ қолды қағып жібергенде, анау орындыққа шалынып шалқалай құлап түсіпті. Бар пәле осыдан әрі асқынған. «Жапонның жансызы» деп куәлендірген қағаз дайындап, жым-жылас алып кетті ғой. Әйелі Мәнүра балаларын жетелеп Семей жақтағы төркіндеріне көшіп кетті. Төлегенов жалғыз емес, қол астында істейтін Алпысованы да аузы-мұрнынан шыққан екіқабаттығына да қарамай қамаған және екі ағасын да алған. Әйел байғұс түрмеде босаныпты деп естимін, ал баласын қайда жібергені белгісіз... ее-ее-ее, қарағай басын шортан шалды деген осы...

Түске таман аудан орталығы Қатоннан милиционер жігіт келіп, Нюраны таба алмады. Іздемеген, қарамаған жері қалмай мысы құрыған, жалғыз өзі лажсыз кері оралған жігітті жерден алып жерге салып ұрысқан інкібіді бастығы алашапқын болып өзі жетіп еді. Тінтпеген үйі, жауап алмаған адамы қалмады, тіпті іргеде сыңсып тұрған орман ішін де сүзіп шықты, жер жұтқандай жым-жылас; із кесіп, сыбыс ести алмай дал болды. Расында да, Нюраның табан астында – бір түннің ішінде түтіні өшіп, түндігі жабылып, қайда ғана ғайып болып кеткенінен Аналықтан өзге жұрт хабарсыз еді. Ал Аналық болса: «Құдайға анық, көрсем көзім шықсын, естісем құлағым керең болсын», – деп, қарғанып-сіленіп, азар да безер болған. Ал оның күйеуі Көкен: «Апыр-ау, аспанда құдай, жерде шұнай алды ма, ғажап, ғажап», – деп, таңдайын қағып, басын шайқап, әуелі қайран қалғаны соншама, қызды-қыздымен Шолақ қолға қосылып өзі де іздеді. Ал Шолақ қол – дүниедегі ең бір күдікшіл әрі иісшіл, тісқаққан, ізшіл маман кәсіптік түйсікпен бісміллә дегеннен-ақ Нюраның жоғалу себебін Көкендерден көрді. Алдап та, арбап та сұрады, ұрсып та, ұрып та сұрады, «білмеймізден» басқа жарытымды жауап ала алмады. Әбден сілесі қатқан соң, тың-тыңдап осы ауылға түнеп қалған. Колхоз кеңсесіндегі қара

былғарымен қапталған диванға сұр шинелін жамылып жатып қалған. Онысы көз алдау еді, ел орынға отырып, әрқайсысы майшамын ерте өшіріп жым-жырт жатып қалғанда, жымын білдірмей далаға шығып, ақырын басып байқастады. Әсіресе, Көкеннің үйін таң сыз бергенше торуылдаған. Ол үйден де қырылып қалғандай қыбыр еткен жан көрінбеген. Өліараның көрдей қараңғылығында ауыл арасында жусап жатқан жуас сиырларға сүрініп ұзақ жүрді. Жалғыз Ньюра ғана емес, мұқым ел қаша көшіп кеткендей, тыныштық құлаққа ұрған танадай... әрі неге екені белгісіз, жау шауып, жұтап қалған ескі жұрттай қорқынышты... «Жо-жоқ, бұл ауылдың ұрлығын ашу үшін баяғының бақсысы, көріпкелі керек шығар», – деп күбірлеген. Күн шыға, әбден дымы құрып шаршаған соң, елікті қуған аңшының итіндей бұралып кеңсеге оралды. Бәрібір көз іле алған жоқ. «Мүмкін, Өскеменге айдалған Қандауыр қашып кетіп, әйелі мен баласын арғы бетке, не Қытайға, не Моңғолға көшіріп әкеткен шығар. Ал ондай көзсіз ерлікті ондай жаужүректен күтуге болады. Алтай тауының құздарында шекара да, аңдаушы да жоқ, мылтығын шошайтқан он шақты солдат тек сайда ғана, оқта-текте салт атпен қоқырандап жоталарға жортып шыққаны болмаса, өркеш-өркеш тау шағылдарындағы көш жолын, аң мен аңшының соқпағын білмейді. Қандауыр секілді аңшы шекарадан көзін жұмып өтеді». Міне, өз ісін әлемдегі ең ақиқаттың бірі есептейтін Шолақ қол шақшадай басын шарадай еткен ойын осындай түйінмен аяқтады. Колхоз басқармаларына «бәрібір сендерге сенбеймін, бірің болмаса бірің саучастниксің» деп, атқа қона берген кезінде бригадир: «Осы біз кержақ байдың ескі моншасын қарадық па?» – дегені көзі ежірейіп. «Көрсет моншаны, ол қай жерде? Неге айтпадың?» – деп ақырып, тапап кетердей қамшысын үйіріп, атын омыраулатты. «Жүріңіз көрсетейін, осыдан бір шақырымдай жерде, орманы қалың өзен жағасында», – деп, алға түсіп томпаңдап жөнелген. «Ой, онда сайтан да жоқ, маңайынан жүруге қорқамыз», – деген кәперсіз Көкен. Ал Аналықта зәре қалмады. «Құрыған жері осы шығар», – деп, бетін басқан күйі өз үйіне жүгірген-ді.

Моншаға жақындай бергенде, Шолақ қолдың тақымындағы аты қорсылдап өз-өзінен үріккені. Ойқастап бас бермей қойған соң, «шынында да, бұл моншаның бір сиқыры бар-

ау» деп ойлады да, аттан түсіп, ағашқа байлап, өзі жаяу тартты. Дегенмен, бойында сезік бар. Тапаншасын суырып, барлауға аттанғандай байқастап, бүкшіп басып жақындады. Әуелі моншаның қурай басқан сыртын шола айналды да, өзі қабырғаға жапсырыла тұрып, есіктің тіреуін аяғымен итеріп түсірді. Тіреуі түскен соң, топсасы ескірген есік өз екпінімен шиқ етіп ашылғанда, оңбай шошыған Шолақ тапаншасының шүріппесін басып қалып, жата қалған. Албаты атылған оқ моншаның қарсы бұрышында қалқып тұрған бригадирдің оң қолын жұла жанап өтіп, арт жағындағы қарағайдың қабығын тесіп кірді. Бригадир: «Ойбай-ойбай, өлтірдің!» – деп ышқына құлады. Өкіріп-бақырып, қан саулаған шынтағын басып арпалыса аунады. «Өй, әкеңнің, алдымда неге тұрасың ербиіп!» – деп, орнынан көтерілген Шолақ қол әлі де сақтық білдіріп, моншаның босағасынан бой тасалай сығалаған. Ешкім жоқ. Қапырық иіс қана мұрын жарады. Дізесі дірілдеп ішке кірді, қазанды бір теуіп қайта шықты. Қансыраған бригадирдің жаралы шынтағын өз көйлегін айырып жіберіп таңып жатқан Көкен «аңқау елге дөң айбат жасағаны болмаса, нәшәндігіміз бұтына тышқан қорқақ екен-ау» деп ойлады. Алғашқыдай емес бойын тік ұстап, қоқилана жақындаған Шолақ қолға бригадир: «Өзің секілді мені де шолақ етейін деп пе едің, үстіңнен жәлібі жасаймын, неге атасың?» – деп аңқиды. Анау сасқан жоқ: «Жауды ұстау майданында өлім-жітім болмай тұрмайды, оқыс қой, қан шықпастай етіп мықтап таңып ал да, артыма мінгес, ауданға апарып доқтырға емдетем», – деп, үлкен «кісілік» жасады.

– Әлгі жаудың қатыны моншада жоқ, бірақ... Әлдекім бізден бұрын тінтілеген секілді, өйткені кіреберістегі өрмекшінің торы бұзылған, бетіме жабысқан жоқ, – деп қауіп айтты.

«Апыр-ай, адамның үш ұйықтаса түсіне кірмейтін нәстені сезуін, жыланның жусағанын білетін нағыз тыңшының өзі екен?» – деп таңырқаған Көкен ілби басып ауылға аяндады. «Құдай-ай, Нүркені жер жұтып қойды ма?» «Жаудың» қатын-баласы табылмады деген хабарды естіген Аналықтың қуанышында шек болмады. Ал інкібідінің артына мінгесіп кеткен бригадир қара орманына қайтып оралған жоқ; «Шолақ қолдың өзімен атысып, оқ тиген Нюра Фадейқызын ізім-ғайым қашырып жіберген сол екен, жымын білдірмей жүрген нағыз

халық жауы екен, Төлегеновтің өзімен сыбайлас болыпты» дейді-дейді – не дейді екенмен айыпталып, итжеккенге айдалған. «Қақаған суық, қатаң тәртіпке төзе алмай, сол жақта іш құса болып, буынып өліпті», дейді, дейді – не демейді.

Алайда, шындық еді.

«ОЛ ДА КЕТТІ ҰРПАҚСЫЗ, – ДЕП КҮРСІНДІ НҮРКЕ КЕМПІР. ТӘҢІРІМ-АЙ, МЫЛТЫҚ ТАРС ЕТКЕНДЕ ҚЫЗЫМНЫҢ ШЫРЫЛДАП ЖЫЛАП ҚОЯ БЕРГЕНІ. АЙҒАЙ-ҰЙҒАЙМЕН АЛҒАШҚЫ ДАУЫСТЫ ЕСТІМЕЙ ҚАЛЫПТЫ, АРТЫНАН БАЛАМНЫҢ АУЗЫН ТҮНШЫҚТЫРА БАСА ҚОЙДЫМ. ТЕК МҰРНЫМЕН ҒАНА ДЕМ АЛҒАН ҚҰЛЫНЫМ, ОЛАР ҰЗАП КЕТКЕНШЕ ӨЛПІ ҚАЛА ЖАЗДАҒАНЫ-АЙ»

Алтайдың мұқым орман-тоғай, сай-сала, бұта-қарағайын аппақ мамыққа бөлеп қар жауды. Бұл шақ қарашаның қара суығы ашуын азайтып, тау ішіне үп еткен желсіз жуас та жұмсақ тыныштық орнаған момын шағы еді. Алғаш рет қыстың таза қары түскенде, азынаған ызғырық азаятын да, әдемі бір жылымық орнайтын. Міне, биыл кештеу келген есесін алғысы келгендей күні-түні қапалақтап жауып, тізеден келетіндей омбыға айналды. Алтай қысының да өз сұлулығы, еш жерге ұқсамас ерекше бір әдемі суреті болушы еді. Өсіресе, жалғыз-ақ күнде салаң ете қалатын қысының жұмбақты да жым-жырт кейпіне қарасаң, көктемге бергісіз жаныңды жарылқар сыршылдығын аңғарасың. Амал не, осына ішкі сарайыңды сансыз сиқырлы әуезге бөлер сабырлы қуанышың салқындап барып, тым келте қайырылар еді...

Айға жуық айласын асырып келген Аналық алғашқы сонарда із кесіп, моншада жасырынып жатқан Нюраға қатынаудан жасқанды. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей, Нүркенің баласына суық тиіп, өкпесі сырылдап қатты ауырып жатыр еді. Не істерін білмей басы қатқан Аналық бүгін де ерте тұрып, тәуекелге басып жар жағасындағы жалғыз моншаға қарай бет түземек ниетте. Пиманың қонышынан асар қарды жаяу кешуден гөрі, Көкеннің ара-тұра аңға шығатын шаңғысын аяғына кимек болды да, қораны, отын сарайдың ішін қарап еді, таппады. Қанша қайраттымын деп сыр алдырмағанмен, соңғы кезде шаршап та жүрген. Бармаудың реті тағы жоқ, екі көзі төрт болып дімкәс баласы мен құрбысы күтіп отыр. Тамақ түйілген

түйіншігін қойнына тығып, құдайға тапсырып жүре берген кезінде, артынан: «Әй, Аналық, қайда барасың?» деген дауыс естілді. Оқыс естілгені соншалық, «Ойбай, көтек!» – деп, қар үстіне жалп етіп отыра кетті. Есін жиып қарағанда көргені: өз күйеуі еді, үстіне шолақ тонын желбегей жамылып, төбесінен төніп тұр. «Түу, сен екенсің ғой, зәре-құтым қалмады-ау...»

Омбы қарға белшесінен батып отырған әйелін қолтығынан демеп тұрғызған күйеуі:

– Қара сиыр қорада қамаулы тұр, таң атпай қайда барасың? Менің көзіме шөп салып жүргеннен саумысың? – деп сұрады әзіл-қалжыңы аралас түсін суытқан болып.

– Иә, деген, сенен басқа біреу қарайды деген маған... Әншейін жүрегім қысып, тынысым тарылып, дем жетпей бара жатқан соң, ауа жұтайын деп...

– Өтірікайту үшін де қисын керек, Аналық, – деді Көкен келіншегінің етегіне жабысқан қарды қағып. – Әсіресе, сенің қолыңнан келмейтін өнер ол. Сырғақсып менен жасырып жүрген сырыңды баяғыдан білемін, әншейін кедергі жасамайыншы деп, үндемегенмін. Жүр, бірге барып білейік хәлдерін, – деп алға түсіп, айдаладағы моншаға қарай аяндай жөнелді. Аналық ләм деместен, өз мініне өзі өкінгендей, күйеуінің қар кешкен ізін қуалай ерген еді. Олар қарсыласқанына қарамастан Нюра мен баласын үйлеріне алып келді. Ел көзінен тасалап бақты, аузындағы азын-аулақ астарын бөле-жарып асырады, жан адамға білдірмей сақтады. Бұл үйге қарай әлдекім қарға адым жақындаса, березеп болып, алдынан өздері шығып шаруасын бітіріп қайтарады немесе Нюра мен қызын жертөлеге түсіре қояды. Қаншама қайрат көрсетіп ем-дом жасаса да, Нюраның баласын аман алып қала алмады, әбден суық тиіп, өкпесі қабынған сәби таңға жуық жантәсілім берген. Сонда бейне бір түшіркеніп, ұйықтап жатқандай боп-бозданған баласын құшақтай құлаған Нюраның жылағаны-ай... Қыстың қақаған суығында тірісінен гөрі өлі баланың денесін жасыру қиын болды. Тұлыпқа орап алдына өңгеріп ала жөнелген Көкеннің артынан шашын жұла тұра ұмтылған Нүркені Аналық әрең тоқтатып, белінен құшақтап айырылмай, құдайдың зорына алып қалып еді-ау. Сөйтіп, қаңтардың қарабарқын түнінде Қандауырдан қалған жалғыз тұяқ көңілінің медеті, тас емшегін

жібіткен, тар құрсағын кеңейткен жалғызынан мәңгілікке айырылып, қош-қошын айтқан. Жалғанның жарық дүниесінен безініп, жаратқан иесін қарғап-сілеген, дүниедегі жақсылық атаулыдан тағы да күдерін үзген...

«МЕН БЕЙБАҚ БҰДАН СОҢ ҚАЙТЫП БАЛА КӨТЕРМЕСПІН, АЛ ҚАНДАУЫР ЕНДІ ҚАЙТА ОРАЛМАС ДЕП ОЙЛАП ЕДІМ».

Қыс өтіп, көктем туды. Түнде үйде, күндіз жер астында жарғанат секілді ұры ғұмыр кешкен Нюра да тірі жанның көзіне түспей, ілініп-салынып қыстап шыққан. Жадырап жаз келгенде, яғни 1938 жылдың жазында мұқым ауданды бидайдай қуырған Шолақ қолдың өзі істі болып, айдалып кетіпті деген қуанышты хабар жетті. Міне, осынау «қаптап жүрген халық жаулары түгесіліп», елді алатайдай бүлдірушілердің өзіне тықыр таянған саябыр шақта, Нюра Фадеевна да «бисмилла» деп жарық дүниеге шығып еді, «Үйбай-ау, сен тірі екенсің ғой, қайдан жүрсің?» – деп әуестенгендерге: «Күйеуімді іздеп барып келдім, тірі, түрмеде отыр», – деп жалтара жауап берген. Бұдан соң ел қатарлы еңбек етіп, Отан соғысының сойқанын көруге жазды.

«АНАЛЫҚ ҚҰРБЫМНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН ҚАРА ЖЕРГЕ КІРГЕНШЕ НЕГЕ ҰМЫТАЙЫН. ҚОЛЫМНАН БАР КЕЛГЕНІ – БІЛЕГІМДЕГІ ЖАЛҒЫЗ КҮМІС БІЛЕЗІГІМДІ ШЕШІП БЕРІП ЕДІМ-АУ», – ДЕП, НҮРКЕ КЕМПІР КҮРСІНДІ.

Соғыс басталғанына екінші жыл толғанда, ойда-жоқта Қандауыр оралды. Өлгені тіріліп, өшкені жана қуанған Нюраның ерімен екеуі арасындағы қызық тым келте кесілген. Он күнге ғана сұранып келген Қандауыр бір аптадай еру болды да, айыпкер батальонның сапында, алғы шепке аттанып кете барған... Содан қайтып оралған жоқ... Сталинград түбінде ерлікпен қаза тауыпты. Ал Көкен бір аяқтан айырылып оралды, бірақ елуінші жылдан асып жасай алмады. Аналық алпысыншы жылдан аттап өте алмады

«ЖАТҚАН ЖЕРЛЕРІҢ ЖАРЫҚ, ТОПЫРАҚТАРЫҢ ТОРҚА БОЛСЫН, ЖАРЫҚТЫҚТАР», – ДЕП НҮРКЕ КЕМПІР КҮБІРЛЕП БЕТІН СИПАДЫ.

Қатын суының жағасындағы жалғыз үйдің түтіні осы өңірдің өмір жалауындай будақтап, тіршіліктің белгісін танытады. Соңғы бір аптада шайдай ашық тұрған аспанның әр жеріне шарбыланып, көп кешікпей келетін күздің шабарман бұлттары жүзе бастады. Көп тостырмай келер күздің хабаршысы тек қаймақшыған бұлт қана емес, күн батып, қас қарая түсер салқын түннің дене қалтыратар суықтығы да, көп ұзамай келер күздің нышаны орман-тоғай, тау шалғынынан да біліне бастаған. Әсіресе, ара-тұра үркіп өсетін қайыңның балақ тұсы сарғайып, балдырлар қурайлана қурауда еді. Ала бұлтты аспаннан қиқулап тырна ұшып, жылы жаққа қайтудың қамын жасауда. Ал бал аралары болса, олар да үлкен әбігер үстінде: оты қашқан маңайды торуылдамай самғап ұшып, алыстан шырын жинап әлек. Ана ара шағылыс ойынын доғарған, еркек аралар да еріншек тартып тамаққа ортақ тоғышар күйде тырп етіп ұядан шықпай, үйкүшік мінезін танытты. Тек еңбек аралары ғана жаздың ең соңғы сәтін пайдаланып қалғысы келгендей дамыл таппайды.

Бүгін Ерік пен Айна омартадағы барлық ұяларды қақтай сауып, бал шайқады. Бастарында ақ қалпақ, беттеріне торлы пәрәнжә тұтқан, қолдарында түтіні будақтаған оттық. Таған да көмектескен болып жақындап еді, сезімтал аралар бөтенсіді ме, әлде бағана қояр да қоймай сұрап ішкен сыраның иісінен жиіркенді ме, дуылдап кеп талаған араның екеу-үшеуіне шақтырып, шекесін ісірген күйі басы-көзін сабалап тұра қашқан. Бұдан соң оған бал шайқайтын үлкен шелектің құлағын бұратып қойған.

Соңғы кезде сыраны азайтып, Нүрке кемпірдің ақылы бойынша қайнаған шөп ішіп, таңертең суық сумен шайынып, кешке моншаға түсіп, кәдімгі кісі кейпіне ыңғайланып қалып еді. Сырадан датыйып, аузын кептірген. Бірақ досының бұл салауатты қалпы Ерікке ұнаған жоқ. Анда-санда шешесінен ұрлап бірер саптыаяқ салқын сыраны тарттырып жібереді. Оның бұл қаскүнемдігін байқап қалған Нүрке кемпір келініне ағаш күбідегі бал сыраны төгіп таста деп тапсырса да, Айна «Еріктен қорқам» деп баспаған, ал кемпірдің өзінде хал жоқ. «Ендеше, көрсетпендер көзіме» деп кейіген соң, үйден әкетіп, сенкеге жасырған. Дегенмен, қазіргі Таған бұрынғы Таған емес,

әлдеқайда өзгерген, өңі кірген, ептеп толып, шыр жинаған. Таудың самал жел, салқын ауасы, мұңсыз-қамсыз оңаша тірлік батпаққа батқандай болып, бойын саусытып жүретін ауыр да арам індеттен арылтып, ұйыққа айналып сасып жататын санасын сергіткендей еді. Әр нәрсеге ұрынып, өз-өзінен пәле іздеп жүрер мінезі жуасып, үнемі бір ой үстінде тұңғыық тарта тұйық, оңаша отыратын әдет пайда болды. Өзіне жүктелген жұмысты тиянақты атқарады, берген тамақтан тартынбайды. Мұрнын тескен тайлақтай тұр десе – тұрады, жүр десе – жүреді. Бал сақтайтын сарайдың ішіндегі өзіне тиесілі нар-төсектің үстіне жатып, өткен өміріне шолу жасап, жақсысы мен жаманын есіне алып, есеп шотқа салса, қосуынан гөрі алу әлдеқайда көп екен. Ендігі қалған ғұмырын қалай аяқтары белгісіз, осы қолбала тірлігіне қорлана да бастаған. Ол мынау ұшқан құс, жүгірген аң әрең жетер Қатын бойын тұтас жайлап, сүйегіне дейін сіңіп кеткен ішімдіктің уыты, сол жалғыз жанын улаған індеті асқынып барып рухын кеулегені. Ит ішкірді енді қайтып татып алмауға қаншама рет ант берді. Бәрібір тамағы жыбырлап аңсары ауады да тұрады. Ең сұмдығы сол – ішпеген күні таң атқанша түсіне кіріп өзін-өзі тырмалап аласұрады, қабырғаға басын соғып, білегін шайнап құтырынады, ұрынарға қара таба алмай, сақ-сақ күледі, еңіреп жылайды. Осы қояншық қылығы, шүкір Нүрке кемпірдің дәрі шөбін ішкеннен бермен бәсеңсіген. Бұрынғыдай емес, шөліккеп барып басылатын. Таңдайы кеберсіп бара жатса, бас жағындағы су шыныда мөлдіреп тұрған қарақаттың шырынын ішіп, шөлін басады. Ертеңінде шипалы шөптің тұнбасынан және бір стакан тартып алады. Осылайша өзінің маскүнемдік психологиясын жеңетін қуат жинай берген шағында, еріккен Ерік ермек іздей ме немесе өткен-кеткенді айтып, мұның ең бір осал жерінен ұстап, алдап-сулап алдырып қояды. Содан соң... Иә, бір саптыаяқтан соң екіншісі, одан соң баяғы «НЕГЕ БІЗ ОСЫ» деп басталар алайлайына көшеді. Ал тоқтатып көр, таз кепешін қайта киеді. Ерік аң қарап кеткенде ғана ес-ақылын қайта жинаған сықылданады. Нүрке шешейден сөгіс естиді. Әрине, ол кісінің сөзі «әке-шешеге тартпаған ынжық неме» деген жазғырудан, намысынды шабақтар зілді айыптаудан басталады-ай. «Осы мен кіммін, маған не көрінді?» деген сауалды жиі сауатын болып жүр. Бұл – айығудың алғашқы нышандары секілді еді. Оның

үстіне Айнаның сырлы аяққа тұндырған судай мөлдіреген бота көзі барған сайын жан сарайынан сығалап, жырым-жырымы шыққан жүрегіне нұр құйғандай, жыртық-жыртық көңілін жамап жасқағандай ма-ау, әйтеуір, қырықтан асқан жасына дейін көбең тартып, көнтеріленіп қалған сірне сезімін баяу тербеп желпігендей ме-ау... Мұнысы қылмыс екенін біледі, бірақ ойламауға, қиялдамауға шамасы тағы да жетпейді. Соңғы кезде оған «Еріктің маған жасап жүргені қылмыс емес пе екен?» деген ой мазалаған. «Жоқ, қылмыс емес, егер ол омартаға ертіп келмесе, күйің қандай болар еді» деген екінші ой атойлайтын. Рас-ау, үзілді-кесілді ішпей қойса, жығып салып аузына құймас еді ғой. Демек, бәрі де өзіне, өзінің азаматтығына байланысты. Тағанның азамат деген ұғымды ұмытқаны қа-ш-а-н.

Екінді өтіп, қас қарая омартадағы бар жұмысты ыңғайлап тастаған қожайындар кешкі асқа жиналды. Күні бойы бал шайқайтын шелектің құлағын бұрап, флягқа құйылған зілдей балды сарайға тасып шаршаған Таған беті-қолын жуған соң, үйге кіргісі келмей есік алдындағы молақ қарағайға құйрық басып отырып қалған. Көктегі шарбы бұлт кешке қарай ыдырап, күнбатыстағы таудың қыр желкесіне қоғамдасып қалапты. Орманнан жауын шақырған күшігеннің сұңқылы естіледі. Оқта-текте елік әуілдейді. Қас қарая алқаракөк аспанның ашық тұсынан жұлдыздар самсап, жерошақтағы әлі де сөнбей қызарған шоқпен таласа жымыңдасады. Қатын суының сарыны бұрынғыдай құлақ етінді жемейтін секілді: әлде жуасыған, әлде тосын үнге Таған үйреніп кеткен. Жеңіл киімінен өткен кешкі салқын жауратып, бойын тоңазытқан еді, сонда да үйге кіргісі келмеді. Осынадай өз-өзінен жүдеген, өзінен-өзі жиіркене шошынған, өзінен-өзі іші ұлып, сырты жаураған дел-сал, күйреуік халді алғаш рет осынау төр жайлауда Ерік ертіп келе жатқан жолда – орыс омарташының үйінің сыртындағы қашаға сүйеніп, тұрып сезініп еді. Екінші рет жер болып қорланған сәті, тағы да сол жолы жылқышының балалары «қайыршы» деп айқайлағанда, бұғып жатқан намысы бұлқынғандай болған. Бірақ ол кезде дәл қазіргідей терең күрсініспен парасат таразысына салған жоқ-ты, масаң сезімнің әуені мендеп, тым тез ұмытқан да, үйреншікті әдетінің ырқында ысқыра шалқып кете барған; енді сана сарабына салып отырса, орта жасқа жақындаған жасында жанын садақалар мұрат-мақсатсыз лағып,

ерегеспен есерсоқ ғұмыр кешіпті; тіпті өткен өмірін ғұмыр деп атаудың өзі де ұят, аспиранттың өмірінен бергі өткізген уақыты – ай тақыр бос, іс-түзсіз екен-ау... Сонда кімге ерегесті, кімнің қылшығы қисайды, кімдердің шат-шадыман тұрмысына ортақ болды, кімдер мүсіркеп, «обал болды-ау» деп маңдайынан сипады; оның бүгін ашқан жаңалығы – басқаны басындырмау үшін ең әуелі өзінді жеңу, тек өзіне сеніп, өзіне өзін тәрбиеші болу; сен адамдарға керек емессің, адамдар саған керек; егер сен өзіңнің бұл жалғанда бар екенінді, қолыңнан іс келетін іскерлігіңді дәлелдесең ғана басқалар назар сала бастамақ; жатқан тастың астынан су жүгіре ме, тәйірі; демек, талант дегеніміз – жігер-қуаты бойында жалындап жүрген жастық шағында, қарағұстан тиген соққы есеңгіретіп тастады, алғашқы соққыдан-ақ арманын күл-талқан етіп алды да, бар ашуы – ыза, өш-кегін өзінен алғысы келгендей ішімдікке салынды, жинап-терген білімін сыраханаларда айтып, талайдың таңдайын қақтырды; оның біліміне білгіштігіне тәнті болған студенттер үйірсек тартып, пір тұтып жүрді де, ой қайталауы көбейіп бара жатқан соң, сырғақсып кеткен; дос-жаран, құрбы-құрдастардан біртіндеп айырыла бастады; ақыр аяғында әйелі де бұдан бас тартып баласын ертіп төркініне кетіп тынды; жалғыздық басталды; жұмыссыздық басталды; тайғанақ тағдыр басталды; ол бәрінен бұрын студенттердің алдында көсіліп оқыр лекциясын сағынатын. Иә, жастар аузын ашып, көзін жұмып тыңдаушы еді-ау, осы Айнаны да сол жәудір көз студенттердің арасынан көрген секілді...

– Әй, дәреттеніп болсаң, дәмге кел, – деген Еріктің айғайы Тағанның адамдыққа бастаған ойларын үркітіп-ақ жіберді. Ілби басып қараңғылықта ауызы жарқырай есінеген ол есігі ашық үйге беттеді. Тамаққа тәбеті шаппады, дастарқан басында қара көрсетіп құр бекер отырғаны болмаса, қолын табақтағы етке жалғыз рет те жақындатпаған. Құрт қосқан ақ сорпаның бір кесесін ішті де: «болдым, рахмет», – деп, орнынан сыпайы ғана тұрып шығып кеткен. Ол шығып кеткен соң, Нүрке кемпір:

– Ренжіткен жоқпысың? – деп ұлынан сұрап еді. Ерік: «Онда нем бар, өзі ғой бұртиып жүрген, – деп жауап берді. – Есен-саулығында ауылға қайтарсам деп едім, жете алмай жолда қала ма деп қорқамын».

– Қыстап шықсын, – деді шешесі. – Ырысынды ішіп тауыспайтын шығар. Ауылға барып не мәртебе табады дейсің. Енді-енді ғана есін жиып келе жатқанда, жат адамдай жатырқап қайтеміз, мені ана деп сыйласаң, ұлым, ақырғы қолқам болсын, тиме оған. Қайта қолыңнан келген жақсылығыңды аяма. Тағанның әке-шешесінен көрген жақсылығымды бір таң айтып түгесе алмаймын.

Шешесінің сөзін Ерік үндемей тыңдады, не мақұлдағаны, не терістегені белгісіз. «Неге ертіп келдім» деген өкінішін сыртқа шығарған жоқ. Және неге екені белгісіз ішкі бір қызғанышы қыңсылап маза бермей жүргені де рас. Өзінен асып кетеді-ау деген қауіптен гөрі өзі де білмейтін дүдәмал ой көңілінде көгенделіп маңырайды да тұрады. Досының мәңгі мас күйінде мәңгіріп жүре бергені ғана көңілін жай таптыратындай. Ал Ерік тым ақылды, таңдайы тақылдаған білгіштерді суканы о бастан сүймейтін, тіпті Алматыда оқып жүрген кезінде де суырылып алға шығып шешенсінгендерді, аузы-басы көпірген білгішсінгендерді иттің етінен ары жек көретін, реті келсе сөзбен қағытып немесе қара күшке салып онаша да мытып-мытып алатын. Мейманасы тасығандардың мысын басу, басына бақ қонғандарды басындырмау үшін жаралғандай, ішегіне қыл айналдырмайтын қызғанышпен тарылып, қайтсе де мұқату, тым болмағанда мұрнын қанатсам деп, қаны қайнап өштікпен жауығатын. Ерік әлемдегі бірде-бір жеңісті, бірде бір атақ-даңқты, жекелеген адамдардың адамзатты таңғалдыратын табысы мен ерлігін мойындамайтын. Мойындамайтын себебі: ондай озып шыққан ғажаптарды мәңгілік деп есептемейтін, бәрібір түбінде басқа біреу қайталайды деп қабылдап, өзінің де қолынан келетін әншейін нәрсе деп менсінбес еді. Нақтылы іспен шұғылданбай, аузынан суы ағып музыка тыңдайтындар, әләуләләп ән айтып, жер тепкілеп билейтіндер, көз майын тауысып кітап оқитындар мен шұқшиып кітап жазатындар, табиғаттың өзінен күнде көріп жүрген көріністі қағазға қайта салатындар – осылардың бәрі-бәрі еріншек, елді алдаушылық әрі өздері ештеңе өндірмей, яғни жұмысшы-шаруаның күрек-қайласымен табылған азыққа ортақ арамтамақтар ғана... Жарайды, әнін айтып, жазуын жазып, биін билей берсін, бірақ қарны қажетсінетін ауқатын өзі тапсын, өзіне қажетті азық-түлікті өз қолымен өндірсін, демек, егін ексін, мал

бақсын, станоктың басында, көріктің қасында тұрсын, содан босаса ғана, әлгіндей рухани нәстелермен әлектенсін... Бір күн ән айтсын, он күн дем алмасын; бір кітап жазсын, бір жыл қарекетсіз сенделіп жүрмесін; осы ауылда ертеден қара кешке дейін жұмыс істеп, кешке өлең айтып, концерт қойып жүргендер бар ғой, сол үшін еркелеп ел үстінен күн көруге бола ма? Жазушы, суретшілердің көбісі жұмыс істемейді – еңбек стажы сонда да жүре береді, тіпті жап-жас жігіттер салақтап бос жүреді екен дегенді естігенде, тас-талқан болып ашуланып еді: «Құдай-ау, жалғыз кітап оқымай-ақ жан сақтап келемін, ата-бабамыз да сөйткен, неменеге әспенсітеміз, неменеге табынып, тамсанамыз, өмірдің ең қажетті дүниесіндей-ақ дүрлігеміз келіп: адамзат қара танымайтын сауатсыз кезінде де, шүкір, өмір сүре білген... Жо-жоқ, еңбеккер тапқан азыққа ортақ болмауы керек, өйткені еңбек сатылмайды, сондықтан да қолдары күректен босағанда ғана қолына қалам алсын, ән салсын, билесін; айталық, мен шаруадан қолым қалт етсе, аң аулаймын, бірақ тек қана аң аулауды, жазуды, ән салуды кәсіпке айналдыруға болмайды; міне, біздің қоғамымызда осындай ақшасы көп арамтамақтардың салдарынан жұмыс күші жетіспейді, өйткені көбіміз ән салып, би билеп жүрміз және оларды жер-көкке сыйғызбай мақтайтынын, хан көтеріп, қастерлейтінін қайтерсің. Хемингуэй деген, не жетпегені белгісіз – байлықтан басы айналып, өзін-өзі өлтірген шалды білмей-ақ, қанша адам жайбарақат, жайма-шуақ өмір сүрді, өмір сүріп келеді; немесе Толстой деген шалды менің әкем, шешем оқығанды қойып, атын да естіген жоқ шығар-ау; бірақ одан бүлініп қалған түк жоқ, аспан ойылып жерге түспеді; ал анау Тағанды алайық, оқымағаны, білмейтіні қалмады. Не шықты, қалтасында көк тиыны жоқ, менің – еңбекқордың есігінде жуынды-шайынды аңдып жүр. Сол ма – оқыған адам. Тегінде, біздің түбімізге жететіндер де – оқыған қулар. Ендеше, физикалық жұмысты рухани еңбектің құлына айналдырып, қорлауға болмайды». Ит арқасы қиянға өзі ертіп келсе де, енді құтыла алмай әлек болған Тағанның алғаш рет ауылда көргеннен көш ілгері кісі болып қалғаны Ерікті, шынында да, алаңдатып еді. Байқақтап қараса, соңғы кезде оған деген шешесінің де, әйелінің де ілтипаты өзгеше. Әсіресе, бұған ұнамағаны – өзі жоқта сыра бермей, қайта-қайта моншалап,

дәрі шөп ішкізіп, өбектегі бағып-қаққаны. Өлі жүні түспеген иттей болып жүретін бұралқы неме қазір қарға аунаған түлкідей құлпыра бастаған сыңайда. Егер осы қалпымен енді бір-екі ай бақса, баяғы студент кезіндегі жұтынған, жұлқынған Тағанға айналып, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермей қайраттанып кетуі мүмкін. Ал ондай өзімен үзеңгі қағыстыратын қарағымның Ерік үшін түкке де қажеті жоқ. Ендеше есін жиғызбаған қалпында кепешін кигізу керек. Осы оймен үйден шыққан Ерік шоландағы бал сырадан көк құманға толтыра құйып алды да, Тағанның қара шаңырағына қарай беттеді. Бұл кіргенде Таған екі қолын басына жастап, төбеге тесіле қарап, ой үстінде жатыр еді. Сықырлай ашылған есікке марғау қарады да, сол шалқасынан жатқан қалпын өзгерткен жоқ. Еппен басып кірген Ерік нардың шетіне отырды.

– Бүгін ерте жатпапсың ғой, шаршаған шығарсың, кел мынадан тартып жібер, ұрлап алып шықтым, – деп сыра құйып ұсынды.

– Соған бір түрлі тәбетім тартпай тұрғаны...

– Мұның енді адам естімеген жаңалық болды, тек ұзағынан сүйіндірсін.

– Мен өздігімнен ішкен емеспін, өзгелер іштіретін.

– Кінәні өзгеге арта салу – пәледен құтылудың ең оңай жолы. Айталық, мен өз кемшілігімді тек қана өзімнен көремін. Сен ойлайтын шығарсың: бейне бір саған қастандық ойлап жүр деп. Егер ондай арам ойым болса, ауылда аунап жатқан жеріңнен тауып алып осында ертіп келер ме едім. Сенсіз де таңымыз атып, күніміз шыққан. Айналырған аз шаруаны Айна екеуіміз-ақ дөңгелетіп аламыз. Құдайшылығыңды айтшы өзің – осында келгеніңнен құр болдың ба?

– Ол қамқорлығыңа рахмет. Өкінішім де, ренішім де жоқ. Бірақ сен мені еркек, ер азамат деп есептемейтін секілдісің, асын беріп айтақтап үргізетін Аламойнақ сияқты көзге ілгің де келмейді.

– Мен о бастан сөзге шорқақ, тұйық екенімді білуші едің ғой, сондықтан да үйірсектігім жоқ, тағылау мінезіме таңғалмай-ақ қой. Кейде Айна мен анам да осы саяқтығыма өкпе білдіреді. Қайтеміз, жаратылысымыз солай, көр түземесе, адамның қолынан келмейді. Үндемегеннің бәрінде үйдей бәле бар деу де қате. – Саптыаяққа құйған сыраны өзі демалмастан тартып

жіберді. Тартып жіберді де, қайтадан мөлдірете толтырып құйды. Өлгінде ғана Еріктің сөзін жайбарақат тыңдап жатқан Таған мына оқыс көрініске таңданғаны соншама, басын қақшаң еткізіп көтеріп, орнынан тұрып кетті.

– Ей, бәтшағар, мұның не сенің? Сен де ішуші ме едің? Міне, ғажап! Өңім бе, түсім бе?

Ерік мырс етіп күлді, күлген бойда және бір саптыаяқты өңешіне ақтара салды.

– Ішпегенде ше, у дейсің бе, қолдан ашытқан тап-таза бал сыра. Екеуіміздің айырмашылығымыз да сол – сен бір ішсең тоқтай алмайсың, ал мен асқындырмай кез келген уақытта қоя саламын. Бұл дүниеде ішімдік татпайтын сопылар кемде-кем, кейбірі жар салып күндіз, кейбірі жасырып түнде ішеді. Мәселе, досым, сонда...Күндіз ішкендер – ақымақ, түнде ішкендер – ақылды. Сенің көкейіңде маған қойылар бір сұрақ бар, – деді Ерік қыза сөйлеп. – Ол сұрақтың төркіні – осынша байлықты, мол ақшаны жинай беріп не істейсіңге саяды. Өтірік деші осы ойымды...

– Рас, реті келсе сұрамақ едім.

– Сен сұрамай-ақ айтайын: адам болып асқақтап жүру үшін, әркімге бір жалтақтап жарамсақ ғұмыр кешпес үшін қарызданып-қауғаланып итшілемес үшін...

– Сонда қалай...

– Сонда қалайды қоя тұр. Өзің айта беретін «Неге біз осыны» енді мен айтсам: неге біз осы байлығы бар адамды бандит деп есептейміз. Кім қабілетті – сол ғана байлық жинап алды. Баяғыда да сөйткен. Ақымақтың аты – ақымақ, етегіне салған бір уыс бидайды төгіп-шашып алады немесе ап деп асап қояды; ол бидайды үнемдеп, егіп, баптап-күтіп, мол өнім алуды білмейді немесе ерinedi.

Салынып ішпегендіктен бе, екі саптыаяқ сыра Еріктің ежелгі салмақты мінезіне желік бітіріп, бетіне қан жүгіріп, есіп сөйлей бастады. Майшамның жарығымен шағылысқан жанары жалт-жұлт жайнап, сұлу ажарын аша түскендей. Досының ағынан ақтарыла айтқан сыры желеу болды ма, әлде көптен бері ашылып сөйлесер жан таппай әбден ішқұса күй кешкендіктен бе, Тағанның да мұң қабыздаған көңілі жіпсіп, жүйкесі босап, әңгімеге араласқысы келгендей арқасы қоза бастады.

– Кел, Қарабауыр, баяғы базар шақты еске алып тартып жіберейік, мен саған алғаш рет қолқа салып отырмын, – деді Ерік саптыаяқтағы сыраны ұсынып.

– Апыр-ай, қойсам деп едім, – деп кипақтады Таған.

– Ертеңнен бастап қойсаң да кеш емес.

– Бар пәле бір бастасам, қоя алмайтынымда болып тұр ғой. Жарайды, енді... сенімен бұлай отырмағалы қашан. – Бастап жіберді.

– Ит-ай, әдемі ішесің, – деп сүйсінді Ерік. – Саған өзі бір түрлі жарасады, ал, мен у ішкендей тыжырынып, жиіркеніп зықым шығады... Жалпы, бал сыраның адам организміне пәлендей зияны жоқ, сені құртқан – барматуха. Ылғи коньяк қана ішетіндердің маскүнем болмайтыны содан. Оны былай қойғанда, тау халықтары, әсіресе, абхаздықтар, грузиндер – өмір бойы қолдан жасаған шарап ішсе де, бірде-біреуі дәл қазақ-орыстардай сандалып маскүнем болып кетпейді ғой. Европада да шарапқа тыйым салынбаған, бірақ дәл біздегідей ауызын ит жалап көшеде жатпайды. Неге? Неге десеңіз, олар мәдениетті ішеді. Бар пәле ішуде емес, қанша және қалай ішуде. Осы араққа құмарлық, меніңше, ұлы Отан соғысынан басталды. Шабуылда батырлық жасау үшін ішті, Сталин үшін, содан соң жеңіс үшін, достық, интернационализм үшін ішті; кейін жоспарды артығымен орындағандар, тың жерді игергенде, тағы, тағылар үшін сіміре берді, сіміре берді, «қойыңдар, түбі азып-тозып кетеміз» деп тоқтау айтар адам табылмады. Ал сенің осы сусынға қалай тап болғаныңды білмеймін, достым...

– Құйшы анауыңнан, – деп желіге бастады Таған, – қай-қайдағыны қозғадың ғой. Менің таңғалып отырғаным, өзің татып алмайсың, соның барлығын қайдан білесің?

– Немене естір құлақ, көрер көз жоқ кеше деп пе едің... Сен отыра тұр, өмір бақи дәмін татпаған ішімдік әкелемін қазір, – деді де сарайдан тез шыға жөнелді. Ол кеткен соң, Таған құмандағы сырадан өзі құйып және тартып жіберген. Бұдан соң жұлын жүйкесі босап, құрыс-тырысы жазылып, неше күннен бері өнебойын қысып жүрген арам тері маңдайынан бұрқ етіп шығып еді. Көзі шырадай жанып, бұлауға түскендей рақаттанды дерсің. Бағанағы мұң, нала, ой мен қырға жетелеп діңкелеткен ой жоқ, – жаны жасарып, жайлаудың шалғынына аунаған құлындай құлдырақтап масайрады. Тағы да құйып

ішпекке ұмтыла беріп еді, қолында шыны құтыға құйған арағы бар Ерік кірді.

– Өзім ішпесем де, міне, мынандай арақ жасаймын, қайыңның шырынына тұндырылады. Барлық технологиясын ашып айтпаймын, секрет. Осындай он шақты шөлмекті Прохорға әзірлеп қоямын. Ол маған қажет десем, адамның жанын тауып әкеліп береді. Енді екі-үш күннен соң келіп қалар. Движоктың жанар майы таусылып, қараңғыда қалдық...

– Бензинді де сол әкеле ме?

– Бензин болғанда – аэробензин, төресі... оның бір тапсырмасын орындай алмай жүрмін.

– Ол қандай?

– Аюдың, қонжығының терісі. Өнеугүні мен ойға кеткенде, екі баласын ерткен кірекей омартаны торуылдапты. Ал мен қазір іздеп таба алмай жүрмін.

– Сен жоқта ғана келсе, сезеді екен ғой. Хайуан-ай, адамдардың арам пиғылын қалай біледі...

– Сөзіңнің төркінін түсіндім, ренжімеймін, мен қазір ештеңеге мән бермеймін, ештеңені аямаймын, өйткені маған жақсы. Мне сейчас очень хорошо, друг мой. Кел, кәне, мынаның дегустациясын алайық.

Қалтасына сала келген кішілеу стаканға бірдей қылып құйды. – Сен үшін, сенің кісі болғаның үшін, болашағың үшін ішейік! – деп тартып жіберді. Таған да қамшы салдырған жоқ. Сұп-суық, жұп-жұмсақ арақ өңештерін майлағандай жылжып барып, асқазандарына мұз болып қата қалған-ды.

– Мынауың арақ емес... зэмзэмнің суы шығар... неткен керемет, ғажап... – деп насаттана басын шайқаған Таған сәл ұмытыңқырай бастаған ескі әдетін оқыстан тауып алғанына қуанғандай, ернін жалап, саусақтарының буынын сыртылдатты: – Тіпті қайда кеткенін білмей қалдым, тағы бір тамызшы, дәмін сезейін жарықтықтың. Ерік құйып берген арақты ол бұл жолы өңешіне қотара салмай, ұрттап ішіп таусап, бал сорғандай сораптап ішті, – Мынауың бар ғой, армян, француз, ағылшын коньяк, ром-сром, вискілердің енесін ұрып жібереді...

– Ішкен адамның да енесін ұрады, күші 60 градустан кем емес, – деп мақтанды Ерік... – Менің қолымнан келмейтін нәрсе жоқ, бәрін өзім жасаймын. Әр адам өзін аралда қалғандай асырауы керек дейтінім де осыдан, иә, еңбектене білу керек... Біз маймылдың алдында қарыздармыз...

– Дегенмен, кейбір пікірлеріңе келіспеймін, – деп саусақ шошайтты Таған. – Әсіресе, өнер адамдары туралы айтқандарыңда балаңдық, шалағайлық бар. Олар тер төкпейді деп кім айтты саған? Жазу, сызу, ойлау еңбек емес пе екен.

– Бірақ олар тамақты сатып алады ғой, – деп қасарысты Ерік.

– Немене, сатып алған ас тамақтан өтпейді ме екен, жоқ, болмаса ақшаны ұрлап ала ма?

– Түсінікті ғой, бәрібір қара жұмыс істеп, қолы боста ғана қиялдануы керек... Әлдекімнің жазып берген сөзін жаттап, әлдекім үйреткен қимылды жасап, атақ-құрметке ие болатын артистерден арамтамақ ешкім жоқ. Адамды қойып, үйреткен аю да билейді, маймыл да майысып-қайыса алады... Тіпті мені бір ай дайындаса, дап-дайын артист болып шығамын, сол үшін пайғамбардай пай-пайлаудың қажеті қанша. Айталық, мен оныншы класты бітіргеннен бастап, біреуден бір тиін алып көргенім жоқ. Әкемнің түр-түсін де білмеймін, шешем 28 сом пенсия алды. Өзің де білесің, мектеп бітірерде Берияның суретін атқызып тастаған соң, Хрущев екі жыл жұмыс істетті және дұрыс жасады. Сол екі жылда оң-солымызды таныдық, қабырғамыз қатып, бұғанамыз бекіді. Талабы барлар білімін жалғастырды, талабы, жоқтар ауылда қалды. Сол екі жыл жастарды сынайтын табиғи сұрыптау еді. Қазір ше? Жапатармағай оқуға аттанады, түскендерді 21 жаста институт тауысады, сол можантопай бұзау күйінде өндіріске немесе ауыл шаруашылығына келеді. Тісқаққан жұмысшылар мен малшылар кекілі желбіреген, өмірден мүлдем хабарсыз сәпіләктерді қыстырмайды да... Біз оқығанда, стипендия да аз болатын, бірақ арақ пен тамақ арзан еді, сен сондықтан да ішіп кеттің, – деп Тағанның иығынан салып қалды.

– Саған бүгін не көрінді, неге ішесің? – деді Таған ежірейіп.
– Басқа-басқа, дәл саған ішуге болмайды!

– Неге? Менің өңешім жоқ па?

– Өйткені сен... қауіптісің. Әй, бірақ сау кезде одан да қауіптісің...

– Өзің білесің, Алматыда жүргенде істемеген жұмысым қалмады. Көмір түсірдім, жүкші болдым, түнгі күзетте болдым, ертеңінде сабақ, одан күрес жаттығуы, одан соң – еңбек. Мен өзімді ғана қамтамасыз етіп қойғам жоқ, ауылдағы анама

ай сайын ақша жолдап тұрдым. Ал сен қара тырнағыңды да қыбырлатпай, сарылып кітапханада отырдың. Қане шыққан ұшпағың, егер де мына сен құсап көз майымды тауысып дайындалсам, сенің миыңды маған берсе, баяғыда академик атағын алар едім. Ондай ми шірітетін, бекер ой тоздыратын, сол үшін диханның нанын жейтін ақсаулықтық жанымға жат... Әлі есімде ауылда разнорабочий болып жүрген кезімде, айтпақшы, сен ол кезде де қара жұмысқа жоламай, аға пионерважаты болып істегенсің, жүз сом аса қажет болды. Сұрамаған адамым қалмады, құдай-ау, біреуі бір сом бермеді ғой. Өне сол кезде ант бергем: «Егер жер басып жүрер болсам, мұқым ауылды сатып алатын ақша табармын», –деп. Сол арманымға жеттім, енді маған ештеңе қорқынышты емес. Ей, бірдеңе десеңші, қалғып кеттің бе? – деп Тағанды түрткіп қалды.

– Осы кермалдасып отырған екеуіміздің қоғамға қайсымыз керек? – деп сұрады да, іле өзі жауап берді, – Қажет емес шығармыз... Әттең сенімімен менен бір адам жасаса... Жер бетінде керексіз адамдар қаншама көп. НЕГЕ БІЗ ОСЫ адамзатты тазартпаймыз, а, неге? Жер – ол да алып үй, баспанамыз, қағып-сілкіп, желдетіп, шаң-тозаңнан арылтып, дімкестікпен, арам пиғыл, теріс көзқарас, дүниеқоңыздық ниет-пиғылдардан айықтырса ғой.

– Ондай уборка жасаса, ең әуелі сен кетесің, одан да атом қаруынан құтылып алшы.

– Өзің де аман қалмассың...

– Атом бомбасынан құтылу үшін ең әуелі сол қаруды жасайтындырды, яғни көп білетін данышпандықтың ініне су құю керек. Қызық, – деп күлді Ерік, – өмірде не қилы қияли адамдар бар. Есінде ме, Қарабура, екеуіміз ауылдан келе жатқанда бір жылқышының үйіне ат шалдырып, сусындап едік қой. Сонда тазы ит ерткен бір шал келді де, менімен тәжікелесті. Сол алжыған шал соғыстан жараланып, әтек болып оралыпты. Сондықтан да қайтып үйленбеген... Енді пайғамбар жасынан асқанда, елден іргесін бөлектеп, Алтайдың құзар басына көшіп кетті. Жалғыз кеткен жоқ, жетімдер үйінен бір ұл, бір қыз баланы өз атына жаздырып, ала кеткен. Осыдан жеті-сегіз шақырым жерде тастың үңгірінен үй жасап тұрып жатқанына үш жыл болды. Өзін қойшы, төрінен көрі жуық, тағы күй кешіп, өсіп жатқан балаларына обал ғой.

– Мақсаты не екен ол шалдың?
– Қайдан білейін, делқұлы түпкіштің не ойлағаны барын...
Әйтеуір, мені көрсе, бас терісі келіспейді. Бір рет суырға құрған қақпандарын әлдекім алып кетіпті, соны менен көреді, кәрі шошқа.

– Да-а-а, қызық екен, жолығып зерттеу керек екен.

– Ондай пысықтығың болса барып қайт. Қатын суын өрлеп жүре берсең табасың. Маралкөлдің жағасында отыр.

– Ей, алла, сенің бетіңе көп қарасам, бірте-бірте араға айнала бастайсың, – деп қайран қала қадалды.

– Мен – еңбек арасымын, ал, сен «Пчелинный волксыд». Омартаның қас жауы.

– Ал сен – «Опасный гибрид» арасың... Әлгі өзің Америка құрлығынан алдырған...

– А-а, олар – асыл текті аралар, тіл тигізбе... Вообщее, болашақ солардікі, шынында да, кейде араға айналғым келеді...

Шөлмектегі қолдан ашытқан «ақсүйек» арақты ішіп тауысып, сыраға көшкенде, екі беті албырап, қызған Ерік орнынан созалаңдай тұрып: – Ал, досым, рұқсат етсең, мен қайтайын, – деді. Енді ғана бабына кірген Таған құмары қанбаған қалыпта «отыра тұршы» деп қолына жармасып еді, «енді бір сағат сенің қасыңда болсам, маскүнем болып кетермін» деп, екі қолын қанатша қомдап, ара секілді кейіпке кіріп, ызындаған күйі шыға жөнелді.

– Ей, ей, Қарабауыр, қайда ұша жөнелдің, мен сені жақсы көре бастадым, өйткені сен жаңа ғана ара бола бастадың, – деп соңынан алақанын жая ұмтылып барып, етпеттей құлады. Оқыс тұрғандықтан ба, әлде арақ пен сыра буынына түсіп кетті ме, шөкелеп жатқан еденнен нарға сүйеніп әрең дегенде тұрды. Тұрды да, оқ тиген жауынгердей сенделіп: «ЕЙ, АДАМДАР, НЕГЕ БІЗ ОСЫ...» деп өзінен басқа ешкім түсініп жарытпайтын лекциясын бастады-ай...

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ...»

Ерік өз денесін осыншама ауыр әрі керексіз сезініп көрген емес. Алғашында адам болып кетуге шақ қалған Тағанды ескі сүрлеуіне жетелеп қайтадан салып жіберу үшін істеген айналасының ақыры өзіне тиіп, басы тұңғыш рет әңкі-тәңкі болып, дүние шыр айналды. Далаға шыға бере, жүрегі айнып, лоқсыды, ықылық атып ағыл-тегіл лақылдатып құсты.

Зеңіп, буындары қалтырағанымен, санасы сайрап тұр. Түн тастай қараңғы. Аспанды бұлт торлаған. Иті тыныштығымды бұзған кім дегендей шәу етіп үріп барып, иесі екенін сезген соң иіскеледі де, құсықтан жиіркенгендей жылыстап кеткен. Тыныштық. Бетін мұздай суық сумен жуып, аузын шайды, бір бақыр суды сыңғыта ішті де, бұл қалпында үйге кіруге ұялды ма, сеңкедегі ескі диванның үстіне тонға оранып жаға кетті. Тұла бойы күйіп, ауа жетпей тынысы тарыла аунақшып, көпке дейін көз іле алмады. Өмірінде осыншама көп ішкені еді, Тағанның қалай ғана өліп қалмай жүргеніне таңғалды. Ішінен сыбап боқтады. Артына қарамай Айнаға қарағыштанып жүргені есіне түсті. Әрі-бері аунақшып жатып ол ойын да ысырып тастаған. Көз алдына ақ боз атты Қыз келді... Ендігі сәтте тәтті қиял меңдеп, бұл дүниедегі жалғыз медеті, жалғыз арман-алданышы жанын жарылқап, ет пен сүйектен жаратылған, лүпілдеп соғар жүрегі, ысып-суыр сезімі бар жұмыр басты пенде екенін есіне салған қызыл орамалды Қыз тағы да миын шабақтап, өзінен-өзі шабыттанған... Сеңкенің есігі сықырлап ашылып, қызыл орамалды қыз кіріп келе жатқандай елегізіп басын көтеріп алып еді, меңірейген тас қараңғы бөлмеден салқын ауадан басқа еш нәрсе сезе алмады. Қызық: көзін ашса түк көрмейді, өліараның өлі қараңғылығы; ал жанарын жапса болды, ақбоз атты қызды көреді. Өне, ол тағы да босағада сүйеніп күлімсірей қарап тұр. ...Тәңірім-ау, бұл не қылған азап... тіпті бет-әлпетіне дейін ап-анық; кірпігі ұзын үлкен қара көзі, алмадай беті, ұзындау иегі, бәрі-бәрін ажыратады, әдемі қондырылған мұрнының оң жағында тарыдай меңі бар. Өң мен түстің, ұйқылы-ояудың арасында адасып жатқан Ерік: «Келші, жаным, мен сені көп тостым, сағындым», – деп алақанын жайып шақырады, тұрған орнынан қозғалмаған қыз: «Мен сізден қорқамын» деп басын шайқайды; «Неге, қалқам, негелеп» жалына шақырады, «Сіздің жүрегіңіз жоқ, аға, сіздің жүрегіңізді ара шағып алған» деп, есіктен шығып кете барады; соңынан ұмтылмақ болған Ерік төсектен құлап түскенде ғана мұның барлығы әншейін елес екенін біліп, сүйретіле орнына қайта жатты. «Мен жынданатын шығармын жалғыз рет арақ ішкен менің сиқым мынау, өмір бойы аузы құрғамай келе жатқан Таған байғұстың көрген азабын арбаға тиеп тауыса алмаспыз» деп басы сынып, ызың-ызың араның ұясына айналған Ерік тек таңға жуық қана қорылдап ұйықтап кетті.

Таған шәйнектегі сыраны сарқа ішіп тауысып ыдысын төңкеріп тастаған соң «НЕГЕ БІЗ ОСЫ...» деген лекциясын одан ары жалғастырған... Бүгінгі жиналған жұрт оған қатты ұнады, ылғи бір өрімдей жастар көздері жаудырап, ықылас қоя тыңдайды. Айналасы ат шаптырымдай аудиторияда ине шаншар жер жоқ, орын тимей қалғандары екі жақ қабырғаға, есіктің көзіне иін тіресіп түрегеліп тұр... Кейбірі мұның аузынан шыққан сөзді қағазға түсіріп, енді біреулері магнитофонға жазып алуда. Ал бұл болса маңғаз кейіпте жағасынан асып-тасып жатқан шалқар білімін бей-берекет жұмсамай, төгіп-шашпай, жүйелі де ұғынықты жеткізеді.

«...Құрметті отандастарым менің! Сіздердің алдарыңызға шығып, қазақтың тамыры терең, тағдыры бөлек, тайғақ тағдырынан белгісіз лекция оқымағаным біраз уақыт болып қалыпты. Оның белгілі сандаған себептері бар. Біріншіден, бұған дейін шыншыл да шынайы тарихымыздан толық мәлімет беруге рұқсат болмады, сондықтан да тарих-ананың көптеген беттері әрі нағыз керек беттері желімделіп немесе жыртылып тасталды немесе көмескі ғана айтылды әрі жазылып келді. Ал тарих атты алтын кітаптың ақиқат аңқыған парағын мүлдем жойып жіберу ешкімнің, тіпті бар болса, құдайдың да қолынан келмейді. Бүгін туралы өтірік айтсаң да, өткен туралы өтірік айтуға болмайды. Өйткені, бүгіннің түзетушісі бар, өткен жылдардікі жоқ. Ендеше, достар, тарихтың қандай ащы болса да бірде-бір кезеңін, оқиғасын жасырып қалмай жарыса айтқанда ғана, жіберген ағаттықтарымызды батылдықпен мойындағанда ғана сол шақтарда бастан кешкен ауыр да азапты, халықты қан қақсатқан қателіктерді жібермей, ұрпағымызды ұлы мақсат жолында тәрбиелей аламыз; тек бүкпесіз шындық қана – бүгінгі жастарды тура жолдан тайдырмай, мақсат-мұраттарға бастамақ. Айталық, менің мұқым жастығым өткен жылдар – сырттай қарағанда, мап-майда, жып-жылмағай болғанымен, іштей іріген даңғазасы мол, яғни, ұраны мен ұрда-жығы қатарласа дамыған «мақтаншақ» кезең еді. Біздер мектепте: «Ақылдасып-кеңесіп отырысты қос қыран, бірінші қыран – Ленин, екінші қыран – Сталин» немесе енді жиырма жылдан соң коммунизмге жетеміз, бесжылдық жоспарды екі-үш жылда орындап, табиғатты, жер-ананы табындырып, тың жердің жонарқасын тілгілеп тастаймыз сияқты қызыл сөздің қызуына

балқып, мүңсіз-қамсыз өстік. Берияның суретін мешен қылып аттық, Сталиннің ескерткішін қираттық, антипартиялық топтардың көкесін көзіне көрсетіп, техниканың құдіретіне сеніп жылқы малын қасапханаға айдадық. Ешкімді, әсіресе жастарды ойлантуға, дүниеге ой көзімен қарауға мүмкіндік бермеді, әрі өздері үшін ойлайтындар, тағдырын пішіп-кесетіндер ЖОҒАРЫ ЖАҚТАН жарлық мамыра тірліктің қамымен жағасы жайлауда жүрді де, «апыр-ау, осы біз қайда барамыз?» деген сұрақтың жауабын іздемей мәре-сәре сайрандады. БІЗДЕР тарих-ананы қатты ренжіттік. Өз ұлтымыздың тарихын кісенде ұстадық, киесі ұрады деп білмедік. Шала-жансар жасалған оқулыққа сендік, шала сауаттыларға сендік, шабына от түссе де айтайық: өкімет басында отырғандардың бар-барлығына сендік, ал олардың ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс болды. Міне, сондықтан да халық адасты, қайсысының қай сөзіне сенерін білмей сенделді, ОЛАРДЫҢ біріне-бірі жала жауа қуып, бірін-бірі жоққа шығаратын теңіз толқыны секілді айбынынан сескенді, не айтса да құлдық деді, кім айдаса да жүрдік деді, қытықтаса – күлді, шымысыа – жылады, онда да көз жасын жасырып тұншыға жылады, маңдайынан сипаса қуанды, жат десе жатты, тұр десе тұрды – осылайша, цирктегі үйретінді аңдардай адамдар да таяқтың күші, тәттінің дәміне үйренді, үйретті... Адам жадынан, есінен айырылды.

Құрметті жолдастар, мен бұл лекциямды бұдан жиырма жыл бұрын дәл осы қарқынмен оқуым керек еді, амал не, арақ ішкізіп жіберді. Ең әуелі сен әулиесің, туа талантсың деп ішім кепкенше мақтады, артынан артымнан бір-ақ тепті. Маған қазір соңғы мүмкіндік беріліп отыр. Сондықтан да ағымнан жарылып ашығын айтайын: менің алғашқы кандидаттық диссертациям Қазақстандағы 1930-40 жылдар аралығындағы әлеуметтік экономикалық жағдай болатын. Алғашқы дейтін себебім: мен ЛТП-да, яғни еңбекпен емдеу профилакториясында «алқаш» ауыруынан айыққандай болып келген соң, екінші диссертация жазғанмын. Амал не, оны да қорғапты. «Ұлтшылдықпен уланғансың» деп сүйрелемеген мекемесі қалмады. Тіпті КГБ-ның да алдын көрдім ...Сонымен 1930-40 жыл ...өздеріңіздер де білесіздер, бұл бір біз үшін ең бір қиын кезең даулы кезең, дауалы кезең, бұл өмірімді осынау ауыр жылдардың шыңғырған шындығын ашуға сарп еттім. Деректерді архивтен ала алма-

дым, ол жаққа апарар жол жабық болды да, Москва, Ленинград архивіне өз қаражатыммен барып, күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалып, аш-жалаңаш көз майын тауысуға тура келді. Аяғанда мұқым еңбегім зая кетіп, қудаландым. Қорғатқанды қойып, қолжазбанды өрте деп, артыма шырақ алып түсті. Жұмыстан қуылдым. Міне, осыдан былай сүргін басталды. Ол кездегі мен көрген азапқа бойында жаны бар тірі пенде төзуі мүмкін емес еді. Әрине, сіздер «күреспедің бе, шындыққа көздерін жеткіздің бе» деген сауал қоясыңдар. Жоқ, жолдастар, ол шақта адамдар шындық үшін емес, шындық адам айла-шарғысына қызмет етті, ұстағанның қолында, тістегеннің ауызында қолжаулық болып сорлап, жер бауырлап, тұралап қалды. Айналайын ақиқат та менің кебімді киіп, киелі жолдан тайды, жемқорлар мен жағымпаздардың, сұрқиялар мен сұмдардың жалған мен жалғанды жалпағынан басқан алаяқтардың, атаққұмарлар мен асығы алшысынан түскендердің ойына келгендердің ойына келгендерін істейтін ойыншығына айналды. Шындық та ішіп кетті. Маскүнем болды. Шындық жылады. Қор болды. Түрмеге қамалды. Айғайдың заманы туды да қудалады, тек қана ұран: «жасасын – орындаймын – мерзімінен бұрын орындаймыз!» секілді сөздер өміріміздің барлық мазмұнына, мақтанына ұласып, ұлы істердің ұйытқысы болып есептелді. Ал осынау даңғаза шерудің көпірме көшіне ілесе алмай немесе айналада не болып жатқанын ұға алмай айдалада қалған менімен ешкімнің шаруасы болмады. Осыншалық мол білімді жұмсар, қоғамның қажетіне жаратар дәрмен жоқ бейбақ халде, жұртта қалған күшіктей ұлыдым-ай... Менің қыңсылаған, қансыраған үнімді тыңдар, естір құлақ жоқ, бір-ақ жылдың жүзінде сауатты қайыршы болып шыға келдім. Мен істемеген жұмыс, ішпеген арақ қалмады... Әйелім мен баладан айырылдым. Айына екі-үш рет айықтырғышқа түстім қалтамдағы ең соңғы тиынымды санап алып тыр-жалаңаш шешіндіріп, сұп-суық бөлмеге итше бұралтып лақтырып тастайтын. Егер қалтамда көк тиын жоқ шақтарда, тіпті адам екен деп елемей, жинап-теріп алмай көшеге тастап кетер еді; кейде айықтырғышқа апарып алып бокстың дорбасындай бір-біріне ұрғылап, жаттығу жасайтын. Бірақ мен осыншама ит қорлықты ешкімнен көріп, жаласын өзгеге жапқан емеспін, тек өзімнен, өзімнің тексіздігімнен, рухсыздығымнан, жігерсіздігімнен көрдім. Мен, қымбатты

жолдастар, жалғыз-ақ нәрсені өзгеден көрдім: Ол: «НЕГЕ БІЗ ОСЫ – ОСЫНДАЙМЫЗ».

Сөйлей-сөйлей әбден сілекейі шұбырып сілесі қатқан Таған аппақ болып таң атқанда, сүйретіле басып тысқа шықты. Таудың салқынын елең құрлы көрген жоқ, көйлекшең қалпында тәлтіректей басып қора жаққа беттеді. Бұл шақта Ерік те тұрып, суық орамалмен денесін ысқылап таңғы жаттығу жасап, атын ерттеп, аңға шығу қамында жүрген. Тағанды көрді – көрмегенсіді. «Өзіне де сол керек» дегендей көз қиығымен айызы қана қарады да: «Енді қайтып айыққанша, қар түсер», – деді. Көкбестіге қарғып мініп, мылтығын тақымына қыстыра шоқытып орманға сіңіп кетті. Күн шыға Айна оянды. Күйеуінің үйге қонбағанын, әрине, сезген. Кештетіп келгенде, мазаларын алмау үшін сеңкеге жата кетер әдетін ежелден білуші еді. Киініп далаға шыққанда, шөп басын тұтқан аппақ қырауды көрді. «Күз де келіп қалған-ау», – деп күбірлеп, жан-жағына қарап басқышта біраз тұрды. Кешелер аспанда ойқастаған бұлт жоқ, аспан жұтып қойғандай жым-жылас, есесіне қатқыл суық түскен. Шелектегі судың беті қаймақшып қатыпты. Сауын сиырлар ұзап жайылып кеткен бе, көз жетер маңайдан көрінбеді. Әншейінде күн шыға гу-гу тіршілігін бастайтын аралар қалашығы да тып-тыныш, оқыс ұрған алғашқы суықтан қорғанып ұясында жатыр-ау. Беті-қолын тітіркене шайды да, үстіне күпәйке киіп сиырды іздеуге шықты. Сарайдың тұсынан өте бере Тағанның өлі-тірісін білгісі келгендей айқыш-ұйқыш темір-тор терезесінен сығалап еді, ала көлеңке бөлмедегі нар кісі жоқ, қаңырап жатыр екен. «Ерікпен бірге аң қарауға кеткен шығар» деп ойлады да, қорадан айналып, орманға бет ала бергенінде... шарбақтың ағаш діңгегіне жіп байлап, мойнына тұзақтап салып, жанталаса шегінген Тағанды көрді. Жүрегі алқымына кептеліп, шошығанынан: «Апа!» – деп, бетін баса шыңғырып отыра кетті. Мұншама қатты айғайлағаны алғаш рет шығар. Белі кеткендей тұра алсашы... Ал Таған тырбанып шегініп әлек, ол көткеншектеген сайын жіп шіренеді. «Өлді-ау» деп ойлады. Әрең дегенде орнынан көтеріліп, көмекке ұмтылды. Бұ кезде Тағанның шеке тамыры адырайып, көзі алайып, көгеріп-сазарып, демі тарыла қырылдап, буына бастап еді. Жіп діңгектің басына емес, түбіне байланғандықтан ғана, қанша шегінгенімен, бірден қылқынбай, жаны біртіндеп

шыға бастағаны шығар... Жіпті күрмеп емес, қалай болса солай шорапит байлағандықтан, сасқалақтап шеше алсашы. Жұлқылады, тістеледі, қиып жіберер пышақ жоқ және буынған жіпті бірден кеспей не шешіп, не кісіні көтеріп алу керек, оқыс өліп кетеді деген сөзді естігені бар. Қан-сөлсіз бозарған жігіттің екі қолтығына қол салып, алға қарай сүйреп жылжытты. Ағыл-тегіл аққан көз жасы омырауын бояп, өзі қылқынғандай жанталасқан Айна жіп босаған соң ғана діңгектен шешіп, Тағанның басынан ағытып, дөйдалаға ашулана лақтырып жіберген. Таған қимылсыз, демсіз. Жата қалып, құлағын жүрегіне басып тың тыңдап еді, анда-санда ғана бұлк-бұлк етіп әлсіз соққандай ма... тамырын ұстады – болар-болмас діріл бар. Аппақ қыраудың үстіне шалқасынан түсіп, көйлекшең сұлаған жігіттің үстіне күпәйкесін шешіп жапты да, үйге қарай зыр жүгірді.

Нүрке кемпір басын көтеріп, тәспийғын санап күбірлеп отырған. Алқын-жұлқын кірген келіннің айдаһар қуғандай жүзіне шошына қарады:

– Не болды, қарағым?

– Әлгі... қонақ... Таған... буынып қалыпты...

– Не дейт, ойбай, тірі ме?

– Тірі секілді.

– Алла байғұс-ай, енді жетпегені осы еді...түбіне өз ұлым жетті-ау. Енда ғана ес-ақылын жинай бергенде, қайта ішкізіп...

– Қойыңызшы, апа, қайдағыны айтпай, Еріктің жазығы не?

– Шамаң жетсе ары-бері шайқа, баяғыда буынған кісіні сырмаққа салып тербеуші едік... Жалғыз өзіңнің шамаң жетпейді.

Сеңкеде ілулі тұрған тонды ала салып қайта жүгірді. Сұлық жатқан Тағанды екі қолтығынан алып ары-бері шайқады. Жүрек тұсын уқалады, қолын созғылап жаттығу жасатты. Әбден қара тері шығып шаршаған Айна құлағын сол жақ кеудесіне тосып еді, бағанадан гөрі жүрек қағысы жиілеп, жан кірген секілді. Ыңырсыған үн шыққанда еңбегінің зая кетпегеніне қуанған Айна тонды төсеп аунатып жатқызды, күпәйкесін үстіне жапты. Маңдайынан сорғалаған терді жаулығымен сұрткілеп шоқайып жанында отырды. Көптен бері алынбай бобыраған қою шашы сырылып, аппақ маңдайы жарқыраған Тағанның қан

қашқан беті таң нұрымен таласа әдемі көрініп еді. Қыр мұрны, әсіресе, қамасып жатқан ұзын кірпіктері назар салдырмай, сұқтандырмай қоймайды. Айна өз өмірінде алғаш рет әйелдік әуестікпен, әйелдік таза сезіммен қызыға қараған. «Ажарлы жігіт, – деп ойлады ішінен, – бір кезде жігіттің сұлтаны болған-ау». Ол өз ойынан өзі өлердей қорқып әрі осы қылмысымды біреу біліп қоймады ма дегендей, екі беті қызара ұялды да. Таған тағы да ыңырсыды, қол-аяғы қимылдағандай болды да, наркоздан кейін есін енді ғана жинағандай, кірпігін дірілдетіп барып, көзін жасқана ашты. Ең әуелі көргені – төбесіне тіккен көк шатырдай аспан... Содан соң көргені – көзі жаудырап қасында отырған Айна. Иә, Аспан мен Айна... Оған керегі де осы еді... Жүзіне қуаныштың ба, жұбаныштың ба, жанын жарылқар киелі сәулесі таусағандай күлімсіреген. – Мен өлген жоқпын ба? – деп сұрады.

– Тірісіз, аға, – деді Айна, – шамаңыз жетсе тұрыңыз, сыз өтер.

– Мен көнтері пақырға сыз өтпейді, – деді Таған осынау жатысына ұялған сыңайда.

Басын көтермек болып еді, қозғалта алмады, шегелеп тастағандай ауыр.

– Маған не болды, Айна, білесің бе?

– Сиыр іздеп шықсам, буынып жатыр екенсіз, енді бір бес-он минут кешіксем...

– Кешіккенің жақсы еді. Айнам, мен үшін ендігі қалған өмірдің қызығы жоқ. Нюра апа мен өзіңе ризамын, адам қалпына келтірудің барлық әрекетін жасадыңдар... Мен бұл дүниеде шіріген жұмыртқамын, ешкімге керегім жоқ...

Жүйе-жүйесі босап, өз-өзін ұстай алмаған Тағанның үлкен кара көзінен ағыл-тегіл жас ақты, бұлақ ақты, бірақ ықылық атып өксімей, бырсылдамай, аспанға тесіле қараған қалпында екі самайына құйылды...

– Керексіз, аға, ешкімге керегі жоқ адам болмайды. Қатарға қайта қосылу өз ықтиярыңызда... Менің таң қалғаным, сіз жіпті дінгектің түбіне байлап шегінгеніңіз... Егер шын өлгіңіз келсе, жіпті жоғары неге байламадыңыз...

– Буынамын деп ойламағаным рас, жіпті қайдан тауып алғаным да белгісіз... Менің көз алдыма терең ор елестеді, алға еңбектесем, өлімнен қаштым, өлімнен қашып өліп қала

жаздағанымды қайдан ғана сезейін... Қызық, бұрын түндегідей ләйліп ішкенде, тілім аузыма сыймай, қаталап похмель іздейтінмін, есімді жинай алмайтынмын. Қазір... мүлдем басқаша... анадан жаңа туғандай тыңмын... Тегінде, ара-тұра буынып тұрғанның артығы жоқ-ау, – деп қалжыңдаған болды. Айна еріксіз мырс етіп күліп жіберді.

– Күн көтеріліп қалған екен-ау, сиырларды тауып алайын, сіз шамаңыз жетсе тұрып, сергіңіз, қан тарасын, әрі-бері жүріп, жуыныңыз, шайға келіңіз.

– Рақмет, Айна, менің құтқарушым сенсің... Одан арғысын айта алмаспын...

Орнынан тұрып, кетуге ыңғайланған Айна:

– Аға,– деді майда үнмен қиыла қарап.– Жалғандағы жалғыз өтінішім болсын, енді қайта басымды кесіп алса да, ішпеймін деп ант беріңізші. Бұл тіпті өлімнен құтқарып қалған жақсылығымның өтеуі болсын. Сіз, әйтеуір, бір адамға бәрібір керексіз... Ол адамды іздеу үшін де ес-ақыл бүтін, көңіл таза, сезім сергек болуы керек қой.

– Бердім уәдемді,– деді Таған басын көтеріп.– Анамның атымен ант етейін!

* * *

Түске дейін ашық тұрған аспанның әр жерінен шабарман бұлт шығып, біріге қоғамдасып кетуге бір-бірін менсінбегендей, көк жүзінде бытырай жүз-жүзге бөлініп жеке-дара жүзеді. Кейбірі жамбасқа ойысқан күннің бетін тұмшалай бастаса, күн сытыла шығып, нұр саулаған дидарына көлеңке түсіргісі келмейтіндей. Алтайдың құзар басына күз демі алғашқы болып жетіп, табиғаттың әр затынан, кеспір-келбетінен аңғаруға болушы еді. Аспанды сыналай ұшқан тырнарлар тәспиығы да бұрынғыдай сабылыспай, саябырлап, үйрек-қаздың да үні бәсеңси бастаған. Көптен бері жаңбыр жаумаған, әмбесінде Мұзтаудың қаспақ қары, салқын түссе, жылбысқылана ерімей қайта қатып, Қатын өзені қорынан айырылған соң ба, қорылын азайтып, қорлана ағады. Күзгі жиын-терін шаруасын тез аяқтауға асыққан аралар ғана жан ұшыра ұшып, әр сәтін сәтті пайдаланып қалуға жанталасады. Аналық пен еркек аралар науқанын аяқтаған сыңайлы... Тек еңбек аралары ғана мұрнынан шаншыла жұмыс істеп, қимылдап жүрген. Өз салмағынан

жиырма есе ауыр жүкті көтере алатын еңбекқор араның өмір үшін, ұрпақ үшін, АНАНЫ асырау үшін арпалысқан тіршілігін омарта маңынан, орман арасынан айқын аңғаруға болушы еді. Таңертең шық ерімей ызғар себезгілеген шақта қырылып қалғандай жым-жырт жатқан омарта, омартадағы жәшік ұялар, күн көтеріле гуілге бөленіп оймақтай ғана тесіктен қайшыласып бірі кіріп, бірі шыққан араның жын-ойнағына айнала жөнеледі. Шөп қасаңданып, гүл солған, балдыр құрайлана бастаған шақта шырын іздеп аласұрған аралар ендігі қоректі ағаш жапырақтарынан әлі де дес бермей жасаң тұрған су жағасындағы шалғыннан іздей бастаған.

Таған бүгін де ерте тұрды. Қанша ерте тұрдым дегенмен, елең-алаңнан атқа қонып, аң қарап кеткен Ерікке ілесе алмады. Әрқашанда сыптай болып, ұлы-жіңгір майданның барлаушысындай сақадай-сай әрі сақ та, елгезек те, сенімді жүретін досының құс ұйқысына қайран қалмасқа, қызғанбасқа шарасы жоқ еді. Бір есептен өмірлік философиясына тәнті де болатын; іштей құптайтын. Ал елден бөліне еңбек еткен тірлігі бағамдаған адамға семьялық мердігерліктің өзі іргетасын қалап берген кооператив шаруашылықтың сыр-сипатын бес саусақтай білуші еді және экономикалық саясатты көсем көз жұма сала, тым жойып жібергеніне наразы-тын. Диссертациясының бір тарауында осы мәселені бүге-шігесіне дейін ашып, таратып жазып еді-ау... Амал не, бұл әрекеті де саяси соқырлық, идеялық қателік деп табылып, тауаны шағылды... Енді ойлап отырса, сол бір тақырып миында ақтаңдақтанып, оқығаны мен тоқығанының толайымы ұмытылуға айналған екен-ау...

«Иә, осыдан кісі болып кетсем, аяқсыз қалған жұмысты жалғастыру әлі де кеш емес-ау», – деп күбірледі. Өлім аузынан қайтқан күннен бері Айнаға берген антында тұрды, ұрттап алған жоқ. Шешесі кейіп, қатты ұрысқан соң, Ерік те қыстамай, тіпті мұның бұл өмірде бар-жоғын ұмытқандай, сырғақсып жоламай кетті. Есендеседі, халін сұрайды, кейбір тапсырмалар береді де, өзі көкбестісіне мініп, мылтығын асынып, итін ертіп орманға сіңіп кетеді. Сапарынан кеш оралады. Соңғы кезде үйдің айналасын суыр терісіне толтырып тастады. Денесінен сыпырылған жылбысқы жас теріні шелінен тазартып, қашаға іліп кептіру Айнаның мойнында; осынау қаршадай ғана

келіншектің өмір бақи шаршамайтын бейнетқорлығы, әмісе төзімділігі Тағанның таңдайын қақтыра таң-тамаша күйге бөлейтін. Сол бір оспадар уақиғадан кейін шексіз жақсы көріп, жүрегіннің түбіне шок түскендей, мазасыз күй кешкен. Ол сол шоктың тұтанбауын, қоздап жанбауын құдайдан тіледі-ай... Амал не, өз еркінен тыс, өзіне бағынудан кетіп қалған сезім сергелдеңі ішіп жүрген мәңгүрт шағынан қауіптірек пе, қалай... Барлығына: мынау қара орман, тыныш өмір, уайым-қайғысыз тоқшылықтың бәр-бәрін талақ тастап, ауыл қайдасың деп тартып-ақ кетуге сан рет оқталды, бірақ азап қамытын қайта киемін бе деп қорыққан, өзінен, өзінің тұрақсыздығынан қорыққан...

Суық сумен жуынып, шөп тұнбасын ішіп, жаттығу жасап, шай ішкен соң, Қатын суын өрлеп жолға шықты. Осында келгелі алғаш рет үйден ұзап, орман аралағаны еді, бір түрлі тынысы кеңіп, шайыр аңқыған ағаш иісінен құшырлана жұтты. Санасы сау, бойы сергек. Жүз қадам жүрмей ентігетін көкірегі тың, айқұш-ұйқыш сұлап жатқан молақтардан жеңіл секіріп өтіп, ойнақтай басады. Қолында қабығын аршып, қатырған қайың таяғы бар, мүк басып шіріген томарды соққылап, жолшыбай кездескен барша тышқанға дәлдеп, жас балаша еріге желе-жортады. Қаңсып қалған қайран көңілінде желік бар, ол қайдан пайда бола қалған желік, өзі де білмейді, әйтеуір, жиырма бес жасы қайтып оралғандай ырғиды, ысқырынып әңдетеді. Өзен жиегіндегі әбден пісіп, бүрісіп түсуге айналған қарақатты уысын толтыра асайды. Самырсынның басында самсап өскен балқарағай бүршігін қолындағы таякпен дәлдеп ұрып құлатып, шағып көріп еді, қарамұрттанып пісуі әбден жеткен екен. Бала кезде бұзау жайып жүріп талай терген, аузы мен қолын шайырлап талай шаққан балқарағай осы елдің бірсыпырасын ашаршылықтан алып қалып еді. Енді, міне, керексіз болып, шауқарға мен тиін, барша тышқанның ғана азығына жарап қалған-ды. Дегенмен, осыны Өр Алтайдың балқарағайынан Ерік қыруар табыс тауып отыр. Қызыл қырман қылып жинап, үгіп, кептіріп, қаптап қойған дәнді вертолетші досы қалаға алып ұшып кетеді екен де, одан түскен пайданы тең бөлісетін көрінеді. Кешегі бір сөзде Ерік «енді екі-үш күннен соң балқарағай соғамыз» деген-ді. Сондықтан қырман науқаны басталмай тұрып, Қатын суының бауыздауына отырған Шалға

барып қайтуды ниет қылып, жолға шыққан беті... Баяғыда... арып-ашып ауылдан келе жатқанда, Жылқышының үйінде жөнді көз салмап еді... Итін абалатып келіп түскен салт аттыға назар аударатын, кішілік жолмен сәлем беретін хал мұнда жоқ та еді...

«Егер Еріктің айтқаны рас болса, ғажап Шал, – деп ойлады. – Жиырмасыншы ғасырдың қашқыны тек мен ғана емес екенмін-ау. Қызық, өмірдің философиясы қандай? Екі баланы етегіне орап тауға тығылғанда, жалғанның жамандығынан құтыла ма? Жо-жоқ, екі баланы қайткен күнде де жалғыздықтан құтқару керек, әйтпесе Лыковтік тағылықтың апатына тап болуы мүмкін...» Ойды ой қуалап, біраз жерге келіп қалған екен... Өрге қарай жүргендіктен еңтігіп, шаршау тартқанын сезді. Бағанадан бері тек төмен қарап, қураған ағаштарды санағандай басын жерден бір алмап еді, өзенді жиектей шатқалға біткен орман сиреп, оң жағындағы жотаға көтерілгенінде тура алдынан маңдайы жарқыраған, найзадай шаншылған аппақ шоқыны көрді. Ұшар басында жаулықтай байланып, төбесін перделеп тұрар бұлт жоқ, қыркүйектің таза аспанына сұғынып кірген аппақ алып найза жарықтық Мұзтаудың дәл өзі еді. Ал дегенде көзі шағылысып жасқанып қалған Таған көз үйрете келе сілейе қарады. Ол Мұзтаудың нақ қазіргідей тыр-жалаңаш, асқақ та асау, сұлу, бар бітімін жоғалтпай, тұтас тұлғасын жарқырата ашқан күйінде тұңғыш көруі. «Айналайын, табиғат ием-ай, тамашаң қандай көп еді» деп, көзі жасаурап отыра кетті. Ол шын шаттана қуанған, шалқып тебіренген, мынау дүниеге жаңа келгендей немесе әлемдегі ең асылын тапқандай, бала көңіл, сәби жүрек, сабырлы ақылмен туған жерінің көркемдігін сонырқаған; саумал ауа, таза көріністің бәр-бәрін жұтына жұтып, ішіп тауысардай таусаған... «Табиғат жаратқан алқам-салқам болмайды, ол – әмісе әдемі, әмісе сүймейді, әрі шыншыл, әрі ақылды, сондықтан да адамдар секілді қателеспейді. Табиғат – мәңгілік тірі, өтірік айтпауды, алдап-арбамауды табиғаттан үйрену керек, өйткені ОНЫҢ (табиғаттың) жүрегі таза. Табиғат бізді алдаған емес, тек өзімізді өзіміз ғана қан қақсатамыз, қан жоса қыламыз. Табиғат қате жібермейді, егер «ақымақты» дүниеге келтірсе, онда сол ақымақтың да бір нәрсеге қажет болатыны; Табиғатта АДАМНАН басқа артық нәсте жоқ, тек

БІЗДЕР ғана жаратушының гармониялық берік байланыстағы тізбегіне кіре алмаймыз...»

Осы бір пәлсапаны не бір жерден оқыған, не өзі ойлап тапты, қалай болғанда да есіліп-есіліп есіне түскеніне іштей мәз болып қуанды. «Демек, менің де тым керексіз болмағаным... Әйтеуір, бір қажеттілікке жарағаным... Ерік те солай...»

Тағанның қуанғаны осы тым-тым ақылгөй сөзді жүйелі түрде есіне түсіргені емес, сол сөзді сана сарабына салу қабілетін жоғалтпағаны еді, демек, өзінің де құрдымға мүлде кетпегені де... Айнадай жарқыраған Мұзтау мұның бала кезіндегі аппақ арманындай болып, жан дүниесін жайлап алды. Өлең әуелі қиялдау, түйсіну, сезіну, яғни әлемге ақыл көзімен қарау сынды ұлы ұғымдарды бірсіндеп болмысына дарытып, жас шағындағы тайдай тулаған талантын бүтіндей болмаса да, тым құрығанда, жарым-жартылай қайтаруын мінәжат айтып тіледі, жалбарына сұрады құдайдан. Ал оның қазіргі табынары да, құдайы да сонау көк төсіне ракетадай атылғалы тұрған айналайын Мұзтау еді. «Мұзтауды оның алып бейнесін көрген адам бақытқа кенеледі деуші еді, қариялар, маған аста-төк бақыттың керегі жоқ, тіпті маған көп нәрсе керек те емес, тек өз басымдағыны ала көрме, алла тағала, ақылымнан алжастырма, тәңірім, тағы да ащыға құмар қылып, досқа күлкі, дұшпанға таба қыла көрме, құдайым, жалғыз-ақ сұарым – көктен түскендей ғып ештеңе бермей-ақ қой, тек бойымдағы барымды алмасаң болады». Намаз оқығандай жүрелеп отырып, Мұзтауға алақанын жая жалбарынған Таған имандай сыр, жүрекжарды тілегін дауыстап айтты, іштей иланып, селкеусіз сеніммен айтты, жанынан шыққан шыншыл да мөлдір жас жанарын жуып омырауына сорғалады. Оның бар ділімен жаратқанға жалбарынған үнін, оңашада оқыған өз «намазын» сонау сай табанынан атылған мылтықтың гүрс-гүрс даусы бұзды. Алғашында өзін атып жібергендей селк етіп, артына шошына қараған-ды – ешкім жоқ. Кімді, нені, кім көздеді, тидіре алды ма, жоқ па, білмейді, оның білегіні – жер бетіндегі мылтық атаулы жақсылыққа атылмайтыны. Аңшылар шығар... Жаңғырығып барып басылған тау ендігі сәтте мәңгілік мылқаулықпен телміріп тұр еді. «Тау мылқау деп кім айтты, жүрегі, тілі бар, тек естір құлақ керек; ал, құлағы мен көзі барлардың да естімейтіні, көрмейтіні толып жатыр. Дүниені

алатайдай бүлдіретін де солар. Құлағы бар – керең, жанары бар – соқырлар... сондықтан да, жан дүлейлігінен сақтасын...» Міне-міне, Тағанның – маскүнемдіктен сауыға бастаған, Тағанның баяғыдағы санасы тоқтап қалған сағатты бұрап қайта жүргізгендей, сыртылдап істей бастады... Ұзағынан бере көрсін деп, бәріміз тілейік те... Қызғанбайық, ағайын; шаужайына жармаспайық, ағайын; айылын ағытып аударып тастамайық, ағайын... тыныштығын бұзбайықшы, ағайын.

– Оу, жігітім, сен қайдан жүрсің?– деген жуан дауыс және шошытты. Бұрынырақта «Сырдың суы сирағынан келмей» жүрген диуана шағында үстінен трактор жүріп өтсе де, былқ етпейтін Таған соңғы ішуін тыйған уақыттан бермен, жоқтан өзгеден секем алып, қоян жүректеніп кетіп еді. Бәлкім, қорқыныш екі аяқты жұмыр басты пенденің асыл қасиеттерінің бірі шығар. Неге екені белгісіз, кейінгі дәуір ұрпағы осы табиғи қасиеттен жұрдай болып, бірыңғай міз бақпас «батырлар» көбейіп кеткен секілді...

– Оу, тілің байланып қалған ба, неге үндемейсің? – деді үстінен өңкие қарап тұрған қаба сақал Шал. Жаны бойынан ұшып кетіп, құр қаңқасы ғана қалғандай қалшиған жігіттің жанына малдас құра жайғасқан Шал қалтасын қарманып, темекі алып тұтатты. Шылымды көп шегеді білем, көк бурыл мұрты мен сақалы текенікіндей саржағалданыпты. Көз ұясы шүңірейген, мұрны қоңқақ, қабағы дөң, қалың қасы жанарын жаба тұтасып кеткен. Тағанға «темекіні» ырғайды ыңғырулап қолдан жасаған мундуштукке нығарлай тығып, сораптай сорған Шалдың сексеуілдің бұтағындай тарбиған қуатты саусақтары мен соя саусақтардың үстін қалаған білеу-білеу тамыр Алтайдың омырауынан ағып түсетін бұлақтар секілді елестеді. Малдасын құра жайғасқан ақсақал темекіні құны қалғандай құныға сорады екен де, түтінін жұтып қойғандай жоқ қылып жіберіп, біраздан соң шым-шымдай сыздықтатып қайта шығарады екен. Шарықтаған қиялына қиянат жасаған Шалды Таған ә дегенде суканы сүймегені рас-ты. Аузын бұғандай булығып қалуы қырсықтанғанынан да емес еді, өзі де анық-қанығын ажыратпаған ой-арманынан қапелімде айырылып қалған қас қағымдық сәт ақыл-есін де алжастырып кеткендей еді. Ендігі тымпи ойнаудың, яғни көгертпесін сезді ме, қағып кеткен кісідей:

– Ассалаумағалейкүм, ата, мен сізді бір жерден көрген секілдімін! – деп, ырсия күліп, құйрығымен жылжып жақындай отырды.

– Шырағым, денің сау ма осы сенің?– деп қарт сығырая қарады.

– Саусыз ба, ақсақал? – деді ол тағы түйеден түскендей...

– Мен саумын ғой, шырағым, өзіңнің шалығың жоқ па?... Қиялимысың, қиналып жүрмісің?

– Соңғысы, ақсақал, соңғысы. Ой түбіне кетіп оспадарлық жасағаным кешірім сұраймын. Мен сізді шырамытып отырмын.

– Немене, әкеңді жоғалтып па едің?..

– Кешіріңіз, әкені қара жерге бергіміз. Көрген кісім болған соң...

– Оның жөн-ақ. Бірақ жоқтан өзгеге шыбындаған аттай бас шұлғып, кешірім сұрай берме. Қазақ тек о дүниеге аттанар сәтте ғана бақұлдасып, артық ісім болса кеш деп, иек қаққан.

– Халқымыздың жол-жоралғы, дәстүр-салтын ұмыттырғалы қа-а-а-ша-ан...– деп жартасты жарып өскен шынардай шыныққан бітіміне қызыға қарады. Малдас құрып мығым отырған Шал басынан тақиясын шешіп, шор-шор болып қыртыстанған тақыр басын сипады. Ептеп жіпсіген екен, күректей алақанымен құшырлана сүрткіледі де, тақиясын қайта киді. Жарланған қабақ, шүңгіл көзін жаба жабағыланған қою қас, қоңқақ мұрын, ұзын иегін тұтастыра жұтып қойған сақал – ақшулана бастаған қаба сақал, – дәл осы қалпында Шалдың пошымын қазақ нәсіліне ұқсастырмай тұр еді.

Тігісі жатпас тік мінезін бет-әлпеті-ақ әйгілеп айтып қоятындай ма...

– Әкеңді жоғалтып па едің дегенім, неге тінтесің өн бойымды? – деді «Арқардың» мундуштукте иектен қалған тұқылын алақанына салып-салып қалып, ұшырып жіберген Шал.

– Сізді өз жұрағатымызға ұқсата алмай... таңырқап...

– Сенің жұрағатың кім еді?

– Қазақ деген жамиғат қой...

– Қимағаның ба?

– Жоқ, осындай да ірі туысқанымды тапқаным қуанамын.

– Қарай гөр... тілің майда, шүйіркелескің келіп қышынып отырсың-ау, шырақ...

– Оным рас. Қара тілді қазақпен қажаспағалы қашан. – Таған өзі әдейі іздеп шыққан Шалды ойда-жоқта жолықтырғанына шексіз қуанулы. Сөзге шақыру үшін ептеп түрткілей сөйлегені де содан-ды. Бұл жымсыма ойын ол да сезгендей.

– Әкеңдей адаммен қажассаң – қарық болғаның. «Қарт шалдың тілін бір қайтар» деп досың Ерік өзінің қолы тимей жатқан соң сені тыңшылыққа жіберді ме? – деп, сәл түксиіп, бар еткізіп сіңбіріп тастап, «Арқарды» қайта бықсытты.

– О не дегеніңіз, ата, бұра сөйлесем, шабыттандырам ба деп, дәмелегенім ғой.

– Шабытым шабандаған шақта жолығып отырсың, шырақ. Ерік Үлкен Жерден бір «кұл» ерте келді деп естіп едім, сол пәтшағар сен болмағай...

– Бәрібір шамданбаймын.

– Шамы жоқ адам – намысы жоқ адам.

– Ендеше, ақсақал, Маралкөл жақта әр таудың басын көкесп маңып жүрген кісікиік Шал бар деп еді, сол «тағы» сіз екенсіз ғой.

– Міне, енді таныстық, табыса алсақ жарар еді...

– Оны сіздің қонақжайлылығыңыз біледі. Қой сойып, қол қусырмасаңыз да, ақ құйып жөнелтерсіз...

– Бопсаң бодаусыз емес. Бәсе-бәсе, тегін кісі таз болмас...
Өттең, итаршылығың ғана жаныма батады.

– Жеңу үшін, жең түріп төбелесе беру шарт емес шығар, ақсақал, кейде шегініп, арбаға жегіліп те алмаушы ма еді. Түбінің қайырлы боларын білген адам жауын арқалап жүрсе де арсынбайды деген сөзді бекер айтпаған шығар...

– Жүр кеттік! Құдайы қонағым бол, – деп орнынан лақтай ырғып тұрып кетті. Бұл Шалдың мынау қаңғыбас жігіттің сөзінен өзін танығаны еді.

Орнынан орғып тұрған Шал «моқ-моқ» деп алақанын қаққанда, сол жақтағы салба-салба самырсынның арасынан ауыздығын сылдырлатып күрең ат, «кә-кә» дегеніне жүндес жуан қара төбет шыға-шыға келгені.

Алғашында сескеніңкіреп қалған Таған есін тез жиып: – «Мә-мә» деңізші, ақсақал, адам шыға келер ме екен, – деп әзілге бұрған.

– Шақырмай-ақ еріп келеді емес пе?

– Бәрібір шамданбаймын.

– Жұрт не десе де ме?

– Жоқ, сіздің сөзге ғана.

– Сенің қасыңда үш күн жүрсем, мен де милау болып кетермін. Сынықтан басқаның бәрі жұғады деуші еді.

Ақсақал оқыранып қасына келген күреңнің кеңсірігін сипап, аялап ауыздығын салды. Иті де иесін көрген соң, еркелеп құйрығын бұлғап арсалаңдап жүр.

– Ал, азаматым, арсынбасаң, мінгесесің. Біздің үйге дейін едәуір, – деп күреңді көлденең тартты. Неге екені белгісіз, Шалдың қара төбеті Тағанды бөтенсіген жоқ, айналсоқтап иіскелеп алды да, өз жайына жүрді.

– Бұл жалғанда тек мінгесіп өту ғана мандайыма жазылған шығар. Қайбір кергитін кеспір қалды дейсің. – Атына лып етіп тез мінген, Шал қайта түсті.

– Арсынсаң алдына отыр, қонақсың ғой.

– Жай, әзіл, жаяу еріп отырайын.

– Ендеше, мен де күреңді жетекке алайын, – деп, тізгінді білегіне орап, алға түсті. Алға бәрінен бұрын қара төбет түскен. Анда-санда тұмсығын шүйіріп, желдеп алады да, тышқан қорық, бұта-қарағанның түбін тінтілеп, желе-жорта жөнеледі. Қатар аяндаған қос жаяу біразға дейін тілдерін жұтқандай үнсіз жүрді. Күн жамбасқа ауып, аспан аясын армансыз кезген шарбы бұлт Мұзтаудың ұшпа басына ұжымдаса бастаған. Не пысынатар ыстық, не жауратар суық емес тау төсінің салқын самалы есіп, осынау ластанған әлемнің әлі де болса рахыманды жері қалғанын есіңе түсіргендей. Алтай тауының жонында шөп тундрадағыдай тақыр өсетін. Түнгі тон кигізер салқыны бойлап өсуіне қысымшылық жасап, әлдекім шауып әкеткендей теп-тегіс, біркелкі. Оқта-текте осы өңірдің моласы іспетті, сары топырағы шығып үйілген, аузы үңірейген тарбағанның іні ағараңдай ұшырасады. Ұзап жайылған суыр ініне жете алмай жер бауырлай тоңқандайды, тоңқандап барып қос аяқтап, делдиіп жолаушыларға таңырқай қарайды. Аңшы шал мойнындағы мылтығына жалғыз рет те жармаспады, ал иті құр бекер иіскелегені болмаса жарбаңдап қуған жоқ, иесіне жалтаң-жалтаң қарайлап алып, албаты лағады.

– Әбден тойынғасыздар-ау, – деді Таған әлгі көрініске түсінбеген кейіпте.

– Бұйырғанын алдық қой, – деп самарқау жауап берді. – Байғұс суырлар біз желдің ық жағында келе жатқан соң, сезбей

қалып тырбаңдап жүр ғой. Егер жел жағынан шықсақ күншілік жерден иісінді сезеді.

Бұлар ылдилап, қиялай аяңдап, ағаштары жаназаға жиналғандай иін тірескен сайға түсті. Сай табанынан арқырай аққан бұлақ шуылы естіліп, осы өңірдегі тіршіліктің жалғыз әншісіндей құлағынның құрышын қандырады. Сырттай қарағанда жан аяғы баспағандай тусырап жатқан таудың қайсыбір жерінен де жауын-шашын шайып, көмескілеген, бірақ әлі де сұлбасын жоғалтпаған жалғыз аяқ сүрлеу байқалатын. Бәлкім, ата-бабаның көшпелі өмірі мен мазасыз да жойқын жорықтарын әлемге әйгілеген, осына асқар тау, жынысты орманның мәңгілікиегерлігін айғақтайтын айқұш-ұйқыш жолдың жоғалып кетпеуі мынау атын жетелеп келе жатқан ақсақалдың арқасы шығар-ау. Бәлкім, мынау өксігі мен өкініші көп өмірден күдер үзгендей болғанында, сан тарау соқпақтың иесі өзің секілді адам екені, солардың табанынан жаратылған тіршіліктің күре тамыры екені есіңе түсіп, «мен қандай із қалдырдым» деген сықылды сұрақ көңіліңді ұялап, әлгі-әзірдегі түңілді ойыңа ұялатын шығарсың...

– Осы саймен құлдап құйғанға дейін барамыз, – деген Шал сөзі Тағанның бір сәттік оңаша ойын бұзды.

Мұзтаудың омырауынан саулаған бұлақтың жұмыр тастардың үстінен шапшып, мөңкіп-мөңкіп атқақтап ағуы – сабалақ-сабалақ самырсынды аңғарды азан-қазан үнге бөлейді екен. Айғайлап сөйлемесең, қасындағы кісімен шүйіркелесіп әңгімелесу мүмкін емес. Бетін бағзы жылдар бойы су шайып жуса да, қожыр да қожалық күйін сақтап дөңайбат жасаған тастардан да салқын леп ескендей. Оқта-текте кездесер қарақат уағында термей, тандайыңды тамсанта желінбей, өзгеше бір өгей пішінмен иесіз жетімсірейді. Асау бұлақты жұрымдай өскен жасыл құрақ пен білекті балдыр күн көзі аз түсетін мекенінде дымқыл мен шылқыған суға малынып, жасаң жайқалады. Барған сайын, жолаушылар сұғына құлдаған сайын сай ішінің ағашы қалыңдап, екіндіге еңкейген күннің сәулесі қашаңдаған сайын ымырт тез үйіріліп, әрі-беріден соң ешкі самырсын, шыршалардың түбі қарауыта бастаған-ды. Қарауыта бастаған орман іші елегізітер, еңсенді басар; бірақ сонау таудың жонарқасында алаулы шапақ бар – жайнаған жарық дүниенің ал қызыл шатырындай шалқып та балқып жатыр.

– Ақсақал, оу, ақсақал, жетер жерімізге енді қанша қалды?
– деп айқайлады Таған. Жығылып-сүрінген жүрісі шаршастың
сыңайын аңдатты.

– Келіп те қалдық, – деп Шал да дауыстай жауап берген.
Ең ғажабы орман шорт таусылып, әлгі айғайдан қорыққандай,
алдарынан айнадай болып көл жарқырады-ай... Айнала жап-
жарық болып кетті. Күн өскелең асуындағы қасқая өскен
қарағайдың ұшар басында ілініп тұр. Мұзтаудан бүктетіле
аққан бұлақ көлдің дәл құярында алып қара тастан тік саулап,
сарқырамаға айналып, елу кез биіктіктен құлайды екен. Мың-
миллион моншақ-тамшылар жамырап, ақ көбікті аспанға ата
бұрқырап қайнап, сап-салқын дым бүркеді. Жолаушы жігіт
осына капелімде пайда болған сұлу көрініске елтігендей
каздиып тұрып қалып еді, озыңқырап кеткен Шал:

– Оу, сарқырама көрмеп пе едің, айда, кеттік, – деп
асықтырды.

– Рас, мұндай кереметін көрмеп едім.

– Ендеше, түнеп шық. Жалықсаң, сонау түтіні будақтаған
Тас үйге келерсің, – деп аялдамай аяндай берді.

Таңдай қаға тамсана қараған Таған, ақсақалдың соңғы сөзін
естіген жоқ, көз алдында табиғат күдіреті орната салған көркем
көріністі қызықтаумен тұр. Қына мен мүк басқан жақпар тас
салқын сазарады. Сол жақпар тастың саңылауын қуалай, жер
бауырлап тарбая өскен аршаның бір талын сындырып алып
иіскеп еді, сарайынды ашар хош иісі бұрқырады, осынау дәрілік
қасиеті бар бұтаның мәңгі қуатын сездіргендей еді. Тас аяғына
кілемдей жұмсақ тиеді, жылдар бойғы өне бойын жабағылап
жапқан мүк пен қынадан күпі киіп, көрінбей қалған. Бұл
өндірідің елі қанжапырақ атайтын өсімдіктердің де атамекені
осындай жақпар тастар-тын. Батуға иек артқан күннің жалқын
нұры сарқырамаға түсіп, мың-миллион тамшы-тозаңның ішінен
шұғыла пайда болды. Шұғылаға шомылған кемпірқосақтың
сан бояуын, сұмдық сұлулығын тілмен айтып, қаламмен жазып,
суретке салып – бүткіл сымбатын жеткізу мүмкін емес еді. Тіпті
Маралкөлдiң күн батар алдындағы бой жасағандай немесе
ұзатылар қыздай қырмызы қылық, көз қарықтырар көрініспен
ажарлана сылаңдауы өлген адамды тірілтердей сиқырмен тұла
бойына тамыр жас тарап, жаныңды жарылқайтын. Сен сәл
дірілмен әрі қуана, әрі қорқа сұқтанасың, сұқтанған сайын

көңіліңді мұң қабыздап, пейіштің ішіне кіргендей рақатты жүрексіну, рақатты сүйсіну, рақатты күрсініс пайда болмақ. Самала саумалға шомылып, тәңірдің тарысын теріп жеп, аман-есен жүрген бір күніңе – тіршіліктің жалғыз сәтіне аса риза сезіммен батар күнге қол бұлғап, ертең атар таңнан үміт күтер едік: «Құдайым-ау, айналайын, алла тағалам-ау, мен бұл өмірде бармын!» деген қанағаты мол сөздің қадіріне жетуден, алдағы аз ба, көп пе ғұмырыңның құранына – ұранына айналдырудан озық не бар бұл жалғанда. Бұл жалғанда: асықпай, аптықпай, арбамен қуып су ішкіліктің қоянын аулап жеуден артық не бар... Бұл жалғанда: табиғат-ананың аясында еркелеп, саф ауа, мөлдір суды қанағаттап, шайқалмаған көңілімен өз ажалыңа армансыз аттанудан бақытты не бар. Иә, бұл жалғанда түтініңді будақтатып, түннің жарымына дейін алау оттың басында бейбіт те берекелі әңгіменің шоғын көсеп, «неге біз осы...» деген сұрақтың жауабын іздеуден ізгілікті не бар... не бар?..

Иә бұл жалғанда адам баласына көп нәрсе керегі жоқ. Ал не керек екенін өздері де білмейді. ОЛАРДЫҢ – пенделердің білетіні – неғұрлым жанталасып, неғұрлым тағдырының жағасына жармасып жан сақтаса, мәңгілік мұңсыз-қамсыз ғұмыр кешетіндей, өз-өзінен тарылу, өз-өзінен кектену, өзін-өзі азаптың арқанымен буындыру, өздерін-өздері отқа қақтап, оққа байлап беру ғана... тек сол ғана ма? Тек сол ғана болса, айықпас опаттың жаржағасына асығып келіп ат басын тірер ме... Бұл жалғанда бар екеніңе шүкіршілік ету – кержалқаулыққа жоримыз да, бұл жалғанның барымтасына кірісіп, лақсаланған тіршіліктің лағына таласып, көкбөрі мінезбен көкпар-таласқа түсеміз.

«Тауда көкпар тарта алмайсың, – деп ойлады Таған. – Демек, таулы жердің тартысы бәсең болмақ. Бірақ ұрымталдан ұрар ұрысы, қаны тасыр қаныпезерлігі көп емес пе екен» деген ой және көлденеңдеді.

Осы шақта таудың жығылмас жалындай күдірейген қарағайдың ара-арасынан саулаған күннің ең соңғы шуағы көл бетін талақ тастап, со-о-н-ау ұшар басы тазданған шоқының тас кепешін ғана жалқындайды. Маралкөлдің бетінде жыбырлаған майда толқын бар. Әлгінде ғана қандалған, содан соң жезденген су жүзі алабұртқан кейпінен лезде айырылып, қаракөк барқыттан ақирет киімін кигендей өкпелі өксікпен

кешқұрымның құрым киізін де біртіндеп қымтана түсті. «Міне, өмір дегеніміз – осы» деп күбірлеген Тағандоғаланған кемпірқосақ жоғалған соң жолға шықты. Таудың қуысынан Шал жаққан от жылтылдайды... «Міне, өмір деген – сол...»

Алайда... өмір дегеніміз – ОСЫЛАР ғана емес еді...

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ...»

Атын тұсап, алдынан шыққан Шал қонағын қалжыңдай қарсы алды.

– Перінің қызы Бекторы жолығып, азғырындыға еріп кетті ме деп шошыдым.

– Ондай бақытты кім беріпті. Мен кейде сол сайқал қызды сағынамын...

– Су иесі Сүлейменнің қыздарына да қызығатын шығарсың...

– Сөз жоқ. Бірақ – олардың бәрі, тіпті қазақтың қасы, көзі қиылған қылықты аруларының бәрі еркекке еріп кетіп қалды ғой...

– Қатынсырап жүр екенсің, шырақ, – деп төтеден қойып қалды Шал.

– Оныңыз рас, ақсақал, – деп, шыншыл көңілмен күрсінген Таған. – Құдайдың құтты күні аузым құрғамай ішіп жүрген кезімде әйел мен еркекті айырмаушы едім. Өзімді қайта тапқандай болған соңғы күндері ақмұнардың арасына сіңіп кеткен сол бір қызыл жаулықтылар қайтадан шығып, қол бұлғағандай көлеңдейді мұндарлар. Кей күндері сықылықтап күліп, қытықшыл қылықпен түсіме кіреді, түрткілеп оятады...

Жігіттің қоңырқай жүзі батар күннің батсайысындай аһ ұрған арманмен алабұртып, ішінде жыландай жанған өкініштің бе, өксіктің бе, бәлкім, әлі де үміткер, әлі де қоламтасы суи қоймаған еркектік сезімнің сергелден шағы туған шығар. Мынау қарсы алдындағы ағынан ақтарылып тұрған Тағанның күнәдан ада сыры Шалды да шалт жібермей ойлантап еді. Ұзақ та ирелең азапты сапардан – мән-мағынасы жоқ мақсатсыз сандалбай тірліктен запы болған азамат ақылшы аға, қамқор қол, аялар алақанға сусап, егер осылар дәл қазір қатыгездік танытып өгейсітсе, өте-мөте өкінішті боларын, қазақ қайратты да қасіретті тағы бір азаматынан айырыларын бағамдады Шал. Маңдайдан сипар ықылас балаға ғана емес, үлкендерге де керегін ұқты Шал. Тәлімі мол тәрбие, көш басшы көшелі сөз

жастарға ғана емес, ересектерге де керегін сезді Шал. Кең де тар дүниенің кеселді кесірінен, зіл-зала кесепатынан сақтап қалу үшін осына екі тастың үстінде талтайып, қалай қарай аттарын біле алмай аласұрған жігітке ертеңгі өмірінің мінәжатына айналар байсалды бата беру керегін кәперледі Шал. «Рас, рас, қазіргі ұрпақ батасыз, батасыз болған соң, бәтуасыз лағып бара ма, қалай» деп ойлады Шал.

– Шырағым, үйге жүр, қонып, қонақасыңды же. Өңгімелесейік. Мен саған балаларымды таныстырайын.

Осы шақта тау қуысындағы үйден: – Ата, ата, қайдасың? – деген баланың даусы естілді.

Алтайдың асқар тауларында не көп – сай-саласын қуалай ағатын бұлақ көп: қойнау-қойнауларында құдайдың ба, табиғат-ананың ба, әйтеуір, адамзатқа өкпелеп жылағанда тамып кеткен көз жасындай мөлдіреген көл көп. Сол көп көлдің бірі – Маралкөлі еді. Бұл өзі күнгеі жақ жиегі тақыр немесе қорым тасты, ал теріскейі қалың ағашты, балығы тайдай тулаған, әлімсақтан бері де ортаймай, не болмаса ернеуінен асып тасымайтын момақан да байсалды жаратылған ғажап көл. Оңтүстігінде Өскелең деп аталар жүндес асуы бар. Сондықтан да бұл өңірді баяғыдан жайлаған қазақтар... «Үстіне Өскелеңнің шыға келсем, көрінер көл айналасы жап-жалаңаш» деп, әнге қосып, ойдағы ауылдан ат арылтып әрең жететін төр жайлауды жердің жұмағына балайды. Көлдің аяқ жағынан көпіршіп шығар суды – көлдің шүмегі деседі. Міне, осы шүмектің бауыздауына тақау, Маралкөлге мінбелеп тұрған таудың алқымындағы алып қара тастардың үңгіріне орналасқан үй – қазіргі заманның көрме үшін әдейі салған ғажабындай өзгеше таңсық әрі айға адам ұшырып отырған озық дәуірдегі адамзат ақылын мазақ етердей өгей де бөтен еді. Әсіресе, түн баласында үңгір-үйдің аядай аузынан жылтылдаған от уақыт көшінен әбден шаршап, шөгіп-шөгіп жусаған жуас таудың жалғыз көзіндей алыстан шалынатын; замананың ұмытып кеткен ұлындай жетімсіреген өмірдің өңменінен жарып жарқыраған сәуле ата-бабамыздың ендігі қалған сарқынды аманат шырағындай, қай-қайдағынды, ата кәсібіңді, қайдан шыққандығыңды еріксіз есіңе түсіріп, әлдебір сиқырлы күшпен менмұңдалайды. Жанарың ашып, көкірегің көбеңсіп, жүрегің сазады; даңғаза дүниенің айғай-шуы мен арпалысын,

күш күрес пен ит-қырқылжыңынан шаршау тартқан жаныңа сауап болғандай, көптен көксеген беймарал, жым-жырт өмірді жолықтырғанына іштей жарылқанып, жасанасың.

Тағанның таң қалғаны бұл да емес – тыныш тіршілік Қатын суының жағасында да бар. Тағанның таң қалғаны – осынау өр Алтайдың малшылар мен аңшылардан басқа жан аяғы баспайтын қуысында, ерте дүние дәуіріндегі секілді, тас үңгірді баспана, табиғаттың тағыларын қорек етіп отырған Шалдың қаймана жұрттан қашаң тартқан тірлігі – қомақты қоғам, дүбірлі дәуірден өгейси көшіп, өз қотырын өзі қасыған оқшау кәсібі еді. Тағанды таң қалдырған бұл ғана емес – ауыл-аймақ, бота-тайлақтан тек қара басы ғана ауа көшсе, саяқтаса жарар еді-ау, пендеге берілер санаулы жасының көбі кетіп, келтеленген шағында оған бәрі жарасар; өзімен бірге т-у-у ит арқасы қиян – ел-жұрты жоқ жетімсіреген жерге қаршадай екі баланы ерте кеткені. Олар күні ертең – ер жете келе қар адамы секілді жабайыланып, жан адамға жуымайтын тағыға айналып кетсе, мынау мәре-сәре өмірдің қызылқырман қызығынан мақұрымданып, маңып қалса қайтер... Шалға лағнет жаудырып, өкінішті өмір кешпей ме? Бұл қалай сонда?

Үңгір-үйдің ішіне еңкейіп кіргенде туған осы ойлардың ұшығын таба алмаған жігіт айналасына аңтарыла қараумен болды. Үлпершектей үлбіреген ұл мен қыз аса бір ізет, иманды инабаттылықпен сәлем берді де, атасының мойнына асылып, аймалап, сағыныш-мауқын басты.

Үңгірдің іші кең. Кеңдігі соншама, тас қанатты ағаш дөңбекпен қаптап, еденін тақтайлап, екіге бөліп екі бөлме жасаған. Алдыңғы бөлме – ас ішетін, ал, анау төргі бөлме жатын үйге ұқсайды. Бір қараған адамға қарапайым ғана тіршілік үшін керекті заттың бәрі бар деуге болады. Тап-таза жиналған. Қабырғаға қағылған аюдың терісі, оның азу тісі ақсқан басына арбайған бұғы мүйізі қағылған. Мүйіздің әр саласы бос емес, мылтық, оқшантай, тағы да басқа керек-жарақтар ілінген. Қамшының неше түрі бар екен, сан түрлі өрім, сан түрлі сап, Шалдың еріккендегі ермегі қамшы өру секілді... Ыдыс-аяқ та ағаштан ойылған. Қалайы мен шыныдан жасалғандары жоқ деуге де болады. Кіреберіс іргедегі пеш те тастан қаланған, тек үстіне ғана темір плита төселген. Есік алдында көзге шалынбағанымен, мал басы бар секілді. Айран ұйытулы тұр.

Қайың салмада сүрленген ет ілінген. Қазір күн жылы болған соң, отты есік алдындағы жер ошаққа жағып, тамақты далада пісіреді білем. Жерошақтағы шағын ғана шойын қазаншада бүлкілдеп қайнаған еттің иісі есіктен кіріп, мұрныңды жарады, қарныңның ашқанын есіңе салады...

– Анда-санда тіліңді жұтып қоятының бар екен, – деді, сырт киімін, саптама етігін шешіп жеңілденген Шал.

– Ондай әдетімнің бары рас. Лекция үстінде де сабақ тыңдамай қиялдап кетіп, ұстаздан талай ұрыс естігенмін.

– Балалар, тамақтарыңды қамдандар, – деді Шал білте шамды жағып. Ұл мен қыз жарыса жүгірді. Таудың ымырты лезде үйіріліп, үңгір-үйдің іші қараңғыланған. Ашық тұрған есіктен көлдің бір пұшпағы, ар жағындағы алып тау тұтас тұлғасымен көрінеді екен. Етегі киіздене тұтасқан орман; сол орман заңғартаудың басына жете алмай шаршап таусылып, қорым тас, таз шоқы басталады. Шоқының айыр өркеш шошағында әлі жұқалаң шапақ бар.

– Ұлымның аты – Қозы, қызымның есімі – Баян, ырымдап әдейі қойдым, – деді ақсақал әңгімеге ықылас білдіріп. – Егер тегін қуаласаң, бірі – батыстан, бірі – шығыстан. Әдейі Қазақстанның екі қиыр шетіндегі балалар үйінен алып келдім. Қандары араласып, балталаса бөлінбейтін ұжымды ел болсын дегенім...

– Шынымды айтсам, ағасы, сіздің осы әрекетіңізге түсінбей отырмын. Не үшін? Жаман айтпай-жақсы жоқ, ешкім де мың жасай алмайды...

– Өліп кетсең, екі бала кәмелетке толмай далада қалады деген уайымың шығар. – Айтшы, шырақ, маған қанша жас бересің?

– Шамамен... – деп, ойланды Таған. – Кем дегенде жетпіске жақындап қалдыңыз.

– Сақалым мен шашымның ағына қарап ажыратсаң, солай, әрине. Нақтысы – 1924 жылғымын, демек, елу сегіздемін. Енді бір он бес жылсыз өлімнің дұзағына іліне қоймаспын деген сенім бар. Ендеше, менің екі балам ол кезде бірі бой жетеді; екіншісі ер жетеді, яғни жиырманың үстіне келеді деген сөз... Одан ары менің керегім жоқ, өз күндерін өздері көреді, атамекеннің атпал азаматы болады.

– Қызық екен... ертектегідей... бәрібір түпкі мақсатыңыз тұманды. Елдің ішінде отырып ер жеткізсеңіз, кім таршылық жасар еді. Обал ғой, аға, обал...

– Бүгінде ел қалды ма? – деп сақалын саумалады Шал. – «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген... Егер мен елден қашсам, баламның саудайы қылық, арзан қызықтан таза өссін дегенім.

– Ағайыннан көңіліңіз қалған-ау. Әйтпесе Үлкен Жердегінің бәрі ақымақ дегенге кім сенер. Рас, көпшіліктің ортасында жүріп те жалғызсырайсың, ондай ауыр сәт өз басымда да болған. Бірақ, айналайын халықпен қақтығысып жүргенге не жетсін.

– Адам-орманның ортасында жүріп күнәға батқанша, ағаш-орманның арасында таза өскеніне не жетсін. Мен қазақтың атом апатынан да, бүлінген ауадан да; ішімдік пен аяқтан шалар ағайын алауыздығынан да ада, таза да тәкаппар ұрпағын тәрбиелеймін. Иә, пәле – қала, өсек – жаладан... меңдуана жегендей желіктірер әуен мен әумесер қылар айғай-шудан да алып қашып отырмын.

– Адамзаттың өмірі Алтайдан басталған деуші еді, әрі жазушы әрі тарихшы бір досым. Соның сөзін, бәлкім, сіз дәлелдеп шығарсыз, – деп күлді Таған. – Сонда қалай, екеуін үйлендіресіз бе?

– Дәм жазса, ондай ойым жоқ емес.

– Өз бауырыңызда, бір үйде ағалы-қарындас секілді тел өскен балаларыңызды ерлі-зайыпты етіп қосқаныңыз ата жолын бұзғандық емес пе, ағасы...

– Ашып айтамын деп, қанын шығара қасып айтып отырсың-ау, шырақ. Екі бала ақыл тоқтатқан соң, анығын ашармын, өздері шешер... Болмаған жағдайда ауылдан адам табылмас деймісің. Өссінші әуелі... Жә, доғарайық, тамақ дайын...

Ағаш табакқа салған етті буын бұрқыратып Қозы, соңын ала сорпа құйған ыдысы бар Баян кірді.

– Жүр, шырақ, қол шайып келейік, – деп, сыртқа беттеген Шалмен қабаттаса шыққан Тағанның ең әуелі көзіне түскені беті шымырлап, жайбарақат жатқан көл болды. Аумағы ат шаптырым. Үй іргесіндегі жақпар тастаң өз-өзінен сорғалап тұратын суға науа орнатып мәдениеттендірген екен. Қолдарын сол саулаған суық сумен жуды.

Ауқат үстінде көп әңгіме болған жоқ. Қонақ жігіттің қарны ашып қалса керек, қарбытып асап, түтінге ысталған шала сүрі етті сүйсіне жеді. Балалардың зауқы бұл үйреншікті асқа онша шаба қойған жоқ, атасы ұсынған сүйекті шұқылап, шоқып жеген болды да:

– Мал жайғаймыз, ата, – деп, астың қайырылуына қарамай, балалық жеңілтектікпен шыға жөнеліскен.

– Мал ұстайсыздар ма? – деп сұрады Таған шайнаң қағып.

– Иә, он шақты қой-ешкі, бір бұзаулы сиыр, екі жылқымыз бар.

– Бай екенсіздер-ау... ал енді оған айғыр мен бұқаны қайдан табасыздар? – Өзінің орынсыз қалжыңына Шал ренжіп қалмады ма деген күдікпен көз қиығын салып еді, ол қаперсіз екен.

– Мынау Өскелеңнің арғы бетінде жаз жайлауға келген сиыр табыны мен жылқылы ауыл бар. Ұрғашы жұртына бай қай-қайдан да табылар. Мына екеуімізге қатын табылмай ма деп қорқамын...

– Менікі болған...

– Ендеше, менікі де болған, – деп, Шал шатынай доғарып тастады. Бұл әңгіме отағасының оң жамбасына келмесін сезген соң, ары қарай өрбімеді. Сүзбе қосқан ақ сорпаны аяқпен сораптап, бабымен ішкен екеуі көпке дейін ләм дескен жоқ. Дастарқан жиналмады, балалардың еншісіне қалдырды білем. Тысқа шыққанда, бағанағы шапақ шаршау тартып, айналаны ымырт жайлай бастапты. Сонадай жердегі дәу самырсынның түбін қоршай жасалған қашаның ішінде үй иесі айтқан он шақты ұсақ мал қамаулы тұр. Ал ақ шап қызыл сиырдың бауырына тас кенедей жабысқан қаршадай қыз созғылап сиыр сауып отыр. Қолының күші жетіңкіремесе де, онысын білдірмеуге тырысып, құнжың-құнжың етеді. Ер бала – Қозы бұзаудың мойын жібін ұстап, қасында андып тұр. Он жастан енді ғана асқан балалардың шаруақой пысықтығы Тағанға қатты әсер етті. «Тәңірім-ау, өмір дегеніміз осы емес пе» деп ойлады. Әсері жүректі шабақтап, жанарға жас ұялатар кино іспетті, мынау қоңырқай ғана қарапайым тірлікте өміріміздің барлық мазмұны мен о бастағы бастауы, мәні мен сәні табиғи күйінде құжынап жатқанын түйсінді. Тағанның алғаш рет балаға деген махаббаты оянды. «Тәңірім-ау, өмір дегеніміз, өмір сүру дегеніміз – артына ат ұстар, сиыр сауар ұрпақ қалдыру

екен-ау...» Бүгінде өзінің тұңғыш ұлы жиырмаға толғанын есіне алды. Не істеп жүр? Өлі ме, тірі ме? Фамилиясы қалай? Әкесін сұрай ма, әлде әйелі күлге аунап таптым деп түсіндірер ме екен, әлде әкең ішкіш, маскүнем, баяғыда өліп қалған деп, біржола түңілдірді ме... Кім білсін?..

Малды жайғаған Қозы мен Баян асыр сала жарысып, үңгір-үйге кіріп кетті. Мынау аспанмен таласқан меңіреу таулардың ішінен естілген бала күлкісі, бала ойыны қандай жарасымды еді. Кеспелтек ағаштың үстінде «Арқарын» асықпай тартып отырған Шал жігітті жанына шақырды.

– Қой сойып, бас тартпады деп, күрең қабақ болып тұрған жоксың ба, шырақ?

– Жоқ, аға. – Шал бағана жасын айтқан соң, өзінен он бес жас-ақ үлкендігін біліп, «ақсақалды» «ағаға» ауыстырған.

– Қайдан білейін, сыңайың нәумез секілді.

– Оқтан-текте меңірейіп алар әдетім барын ескертіп едім-ау. Туғаннан бері арнайы сойылар малға бата жасап, бас ұстап көрмеген пақырмын.

– Малға бата жасау дегеннен шығады, баяғыда осы өр Алтайда Мақажан деген өлеңші болған, естуің бар шығар. Сол кісі төменгі жаққа – Үлкен Нарын өңіріндегі Андағұлдарға жолаушылай барыпты. Елге еркелеп еркін жүретін ақын Қатпа деген болыстың үйіне түскен екен. «Алыстан алты алашты аузына қаратқан Мақан келді» деп, қонақасына серке соймақ болады да, ақынның алдына көлденең тартып бата сұрайды. Қойдан гөрі ешкі етінің жеңіл екенін айтып, сырғақсыған болыстың сараң сыңайын таныған Мақажан бұл да болса олжа дегендей, қанағат тұтып, үндемеген көрінеді. Тамақ пісіп, алдарына тартылған табаққа қараса, бағанағы серкенің басы тым кішірейіп қалғанын байқаса керек. «Ал, ақын, бата жасаңыз», – деген Қатпа байға былайша өлеңмен бата беріпті:

Заман, заман, заман-ай,

Жылдан-жылға заманы

Жұмбақ болған заман-ай,

Сарқыраған өзені

Бұлақ болған заман-ай,

Алғаш қонақасыға келгенде,

Атан ақ серке еді,

Тамақ болып піскенде,
Лақ болған заман-ай
Аллауакпар, –

деп, бетін сипапты.

Қайткенмен Қатпа болыста сөз төркінін ұғар намыс бар екен, түн ішінде қотаннан қой алдырып сойдырыпты дейді.

– Мақажан ақын менің атам, әкемнің әкесі... – деп міңгірлеп төмен қарады.

Шал:

– Рас па, шырақ. Асылдың сынығы екенсің ғой, – деп қайран қалды. – Бәсе, бәсе, тұқымы бар деуші еді. «Алты күн аш отырсаң да, ата жолын ұмытпа» деген қазекем, ұят болды-ау. Бүгін балаларды әуре қылмай-ақ қоялық, ертең де еру бол, атаулы малыңның басын мүжі. Мақанның аруағынан ұят болар...

– Рақмет, аға, еттен еттің жорғасы бар дейсіз бе, жедік қой бұйырғанын.

– Апыр-ай, ә. – Шал шыншыл көңілмен сабырсызданды.

– Ең өкініштісі сол, аға, ел-жұрттың аузында жүрген Мақанның бір ауыз өлеңін жатқа білмеймін. Өлгінде сіз айтқан өлеңді мен де ішіп алып шоқырақтататынмын, бірақ кімдікі екеніне мән берген емеспін. Ол кісіні көруге жазбады. Әкеден де ерте айырылды. Білім қуып Алматыға кеттік. Есім бүтін кезімде ауылға барған жоқпын. Арақкеш атанып, аузымызды ит жалап жатқан жерімізден Ерік тауып алды. Онысына да ризамын, осы өзіңіз көріп отырған кейіпке келдік. Еріктің шешесі Нюра шешеміз мықты адам екен, сол кісінің арқасында ғана аман қалдым. Атамның аққұла ақын болғанын сол кісіден алғаш естідім. Кірерге жердің тесігін таппай, бетімнен отым шықты...

– Ой, ол көк көз кемпір мық-т-е-е, – деді Шал. – Білем, естігем, ұлы өзіне тартпаған.

– Ерікпен неге дүрдаразсыздар, Алтайдың тауы мен ағашын бөлісе алмай жүрсіздер ме?

– Оны өзім де білмеймін, әйтеуір, әлекедей жаланған соны көрсем, иткөргенешкідей боламын. Бәлкім, дүниеқоңыздығынан қоңсылас бола алмайтын шығармын.

– Дүние жиса, бір діттеген ойы бар шығар. Ағайын-туғаны жоқ. Ол да жалғызілік жігіт қой, жасқа аға, ақылға сақа үлкен адамсыз, артық-ауысын кеңдікпен кешіре салмайсыз ба...

– Сен, шырақ, бітімшілікке келгеннен саумысың. Менің жаныма бататыны – байлығы деп кім айтты. Алдына келсең тістер, артынан келсең тебер қазымыр шошқа мінезі де. Ана жылы үсті-басына бал жағып барып, көрші омартаның бір рой арасын ұрлап кетіпті.

– Араны қалай ұрлайды? – деп тандана сұрады Таған.

– Олоңай. Балдың балауызын үстіңе жапсырып ұясына жақын-дасаң, ара біткен жапырлап тәттіге қонады. Сол қалпымен үйіне алып келіп өз жәшігіне кіргізеді. Адам баласына қайыры жоқ. Не орыс емес, не қазақ емес, өгей неме...

Таудың түні шапшаң түседі. Жерошақтағы от қана шоктана жылтырайды. Маралкөлден салқан саулады. Көлден шығар шүмек-судың даусы естіледі. Әзерше бөтен үн жоқ. Балалар үйшік-үйден кіріп-шығып, тісқақты тіршіліктерімен жүр-ау. Көшелі әңгімеге шөліркеп қалған Таған тағы да не айтады дегендей, Шалға жалтақтай қараған. Асыр салып ойнаған балалардың күлкісі естіледі.

– Оу, Қозы, Баян, ыдыс-аяқты жинап болсандар, ұйық-тандар, – деп дауыстады Шал. – Күз де жақындап қалды, байқайсың ба, түн суыта бастаған. – Шоктанып қалған отқа көсеп-көсеп бұтақ тастады. – Таудың түні осылай, шырағым, алдың терлеп, арқаң мұздап отырасың.

– Әсіресе, қыста қиын болатын шығар, аға. Ат бұза алмайтын ақ қар, ақырған аязда қалай жан сақтайсыздар?

– Қар қалың түсетіні рас, оған шаңғымыз сайлаулы. Ал ақырған аяз тау ішінде болмайды. Жан аман болса, жан сақтау деген не, тәйірі. Чукчалардың да тұқымы суықтан құрып кеткен жоқ қой.

– Бұл тіршілігіңізден әрі қорқамын, әрі қызығамын...

– Оның несіне басыңды қатырасың, адам баласының тандап алған тағы бір ғұмыр жолы да... Дүниенің бәрі лас болып ластанып жатқанда, ағаңның қашып тығылған үңгірі де. Жоқ, шырағым, мен қара басымды сауғалап келгенім жоқ бұл қу мекиен жерге; анау екі қозымның амандығын ойлап, солардың дені сау, рухы таза өссін деп келдім бұл жерге; жарықтарымының айналып, аумалы-төкпелі заманның залымы болып кетпесінші деп келдім бұл жерге; жалғанның үзірінен, бірін-бірі алқымынан алып шайнап тастар қаскөй бірлігінен не пайда, күндердің күні болғанда адамның өзін

опат етер ілім-білімнен не пайда... Аспанға ұшып асыққаннан, арпалысып қаруланғаннан не пайда; апыр-ау, осыншалық асыққанда қайда барамыз, қойторы аяңмен мың-миллион жыл ғұмыр кештік, енді, міне, әбден кемелімізге келіп, болдық-толдық, табиғаттың барлық құпиясын білдік, ғылым мен техниканың самғау биігіне шықтық деп айдарымыздан жел есіп мақтанған сәтте – табиғаттың жарты ғасырлық ғұмырын ұзартуды көксеп уайымдап отырмыз...

Шалдың шалқып бір сөйлеген сөзінен іштей үндестік тапты ма, Таған жанған отқа тесіле қарап, үндемей тыңдап отыр. Түн суытты. Ай әлі шыққан жоқ. Қыркүйектің алғашқы күні жаңбырсыз басталғанмен, көп сағындырмай келетін жаңбырдың хабаршысы кісінеп жатыр. Ол орман күшігені еді. Көл көрінбей қалды. Таудың бүкір белі де тегістеле сұлделеніп, тек қарауытқан қара жоны ғана болжанады. Оттың жарығы от басындағы екеудің сұлбасын ажарлап, жанарларында жалын жанып, бозарыңқы тартқан боз дүние кешкендей мұңлы да жуас кейіпте. «Бұл дүниеде қашып тығылатын жерің, сыбырласар сырласың, еркелетер елің болғанға не жетсін» деп ойлады Таған.

– Бәйбішем қайтыс болған соң, қайтып үйленбедім, – деді Шал «Арқарын» отты шаламен тұтатып, – бала көтермеген кісі еді. Кінәлі ол емес – мен. Менде емес – соғыс... Он жетіге толмай әскерге алды. Колхоз бастығы өз ұлының орнына жасымды үлкейтіп мені аттандырып жіберді. Бізді Сталинград қырғынына салды. Екі солдатта бір мылтық. Жаныңдағы мылтықтасың өліп, өз қолыңа қару жеке тиген сәтті армандайсың – күнәлі болсаң да армандайсың. Біз әншейін маскировка екенбіз. Нағыз майдан, негізгі күш басқа жақта жүріп жатыпты. Ол жойқын күштен бейхабар жау барлық қаруын бізге жұмсап, ажал бүркіп төпелей берді. Осы кезде, әбден әлсіреген Паулюстың ту сыртынан айналып өтіп, қоршауда қалдырады ғой. Ал дұшпанның мешені болған біз қынадай қырылдык. Әне, сол алапат арпалыста қатты жараландым. Ер адамға ең керегі – белден айырылдым. Ұрпақсыз қалдым. Қайтейін, бір әулеттен түрегеліп дәрет сындырар бір өзім едім...

Жігіт жұлынына біз сұғып алғандай селк етіп, жалт қарады. Шалдың жанарынан саулаған жас сақалын суарып жатыр екен. Жұбатқысы, жылы сөз айтқысы келеді. Жұбату мүмкін де емес

еді. Шырқын, шыншыл әңгімесін бұзғысы келмеді. Өзінің де кеңсірігі ашып, жүрегі шымырлап, ұзын кірпіктері дымданды.

– Әне, шырақ, ат төбеліндей аз қазақтың тұқымы осылайша азайған. Кім кінәлі? Тауып көр... Бұл жалғанның қитұрқысы сонда – мынау кінәлі деп ешкім айта алмайсың. Айтқан адам ғана нағыз кінәлі болып шығады. Сондықтан да үндемейміз. Үндемейтін себебіміз – үйдей пәлеге қаламыз. Ал енді үндемеу жағынан қазақтар алдына жан салмайды. Ішқұса болған жұрт жұдырығын жұрағатына жұмсайды, бірін-бірі бауыздап жатқан ағайынға айдаладан қызыға қарап тұрған озады түбінде... Ең сорлылығымыз сол – жауды сырттан іздейміз, өз ішімізде жүргенін ескермейміз.

– Сіздің жау Маралкөлдiң ар жағында ғой, – деп еріксіз айтып қалды.

– Сол екені рас, жасырмаймын, шырақ.

«Ұлттың азуын ұлттан көруге болмайды ғой». Бірақ Таған бұл ойын дауыстап айтқан жоқ. Айтпаған себебі: «Енді кімнен көреміз?» деп Шал шақшия қалар...

– Көп мыжымай жатсақ қайтеді, шырақ, – деп орнынан тұрды Шал.

– Ошақтағы отты сөндірейік. Өрт кетер...

– Тиіспе, өзі-ақ өшеді. Өз оттарыңды өздерің сөндіріп, әбден жаман үйренген екенсіңдер... – Егер етекке түсіп, елге қайтқың келмесе, мен саған ақыл айтайын. Мынау қарсы беттегі таудың үстінде, осы жерден алыс та емес, осы заманның патшасына арнап салынған ағаш үй бар. Бір кезде астанадан азулы азаматтар келіп, аң аулайды деп, әшекейлеп қиған керемет үй. Алтай жаратылғалы ондай әдемі үй салынған емес бұл өңірде. Тіпті Шыңғысханның да түсіне кірмеген шығар. Сол үй бос тұр. Облыс басшылары жалғыз рет вертолетпен ұшып келді де, неге екенін білмеймін, жым-жырт болды. Қазір иесіз. Қатын ал да, сол сарайда сайран сал. Маған көрші бол. Қауымдасайық. Аңшылар қосшысын құрайық. Осылайша ел болайық...

– Ойлану керек екен...

– Сен ойлама. Әрекет жаса. Адам баласын құртатын сол ой.

– Адам баласын құртатын ой емес, ойсыздық шығар, аға.

– Ендеше, жағыңды таянып, тамсан да отыр. Ондай ойсоқтыларды біздің жақта ләуқи дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң, Таған ежелгі әдетінше сыртта қалды. Шалдың әңгімесі шым-шымдап бойына тарап, жанын жадылап тастағандай, жабырқау хәлден айыға алмады. Болмыстың болар-болмас тірлігіне алданып, арпалысып өте шығар адам өмірінен аянышты не бар бұл жалғанда. Шал ағасының сараптай айтқанынан ұққаны: мәңгіліктің алдында пенде шіркін әрқашанда ұтылары, жеңеміз деп жеңіліс табатыны, сөйте тұра кештік ғұмыры үшін түстік мал жиятындығы. Бұл дүниеден кімдер өтпеді: қаһарынан қан тамған хан, байлықтан бастау ағызған бай, мұқым әлемді аузына қаратқан ғұламалар... Кәне, солардың мың жасағаны, кәне, солардың о дүниеден қайтып оралғаны? Сонда не үшін өмір сүру керек? Бәлкім, ұрпақ үшін, ұлт үшін... бірақ сол ұлтқа мен секілді «алқаш», жоқ болмаса Ерік секілді топас та тоғышар ұрпақ керек пе? НЕГЕ БІЗ ОСЫ ұрпақтың рухы мықты, дені сау, даулескер де күрескер, ана тілін ғашығынан да артық ардақтайтын асыл тектілігі үшін, ізгілікті әрекеттер үшін тәрбиелемейміз? Азап шегіп, жарымжан да жарымес, делқұлы да дүбәра ұлтқа айналып, азып-тозып, азғынды құрып кеткені ләзім-ау... Ал Шалдың әрекеті ше? Тығырықтан шығудың жалғыз жолы осы ғана ма? Жо-жоқ, бұл амалсыздың күйін кешкен тым-тым жіңішке жол. Сонда не істеу керек? Егер қаладағы қазақтардың қалың ортасына барып, былай десек: «Оу, ағайын, ес-ақылдарыңды жиыңдар!БІЗ қатыгезденіп барамыз. БІЗ имансызданып барамыз. БІЗ айналайын анамыздың ақ сүтін ақтай алмай жүрміз, бір күнгі қызды-қызды қызыққа мастанып, тасыраңдап кеттік, көзімізді шел басты, көңіліміз көр, жігеріміз құм болып, құрдым дәуреннің әләу-ләйін шырқап жүрміз; тамаша өмірдің тасқынымен ығып, ығысып ағамыз келіп, ағысқа қарсы жүзу не жағалауға қарай ұмтылу жоқ. Өмір сүрудің ең оңай тәсілін тауып алдық та, жер бетінде өзімізден артық адам жоқтай жоқтан өзгеге сілеміз қатқанша күлеміз, сілікпеміз шыққанша бір-бірімізге үреміз. Оу, сондағы мақсатымыз не? Тірі жүру, тіміскі өмір сүру ме? Ел болудың еңбір оңтайлы сәтінде оспадарлық танытсақ, етегімізді жел көтеріп, еңкейіп шапқылай берсек, берекесіз де бекер ішіп-жемнің құлы болсақ, БІЗ үшін жалғыз жанын садақалаған ата-баба аруағынан ұят емес пе? Иә, аруаққа адалдық, өткенге иман болмайынша, тірілерге салауат жоқ, тіпті

дүние дүр сілкініп жаңара алмайды да. БІЗ күні бүгінге дейін ұлттық адамгершілік, имандық бет-бейнесі мен болмысын, келбеті мен лайықтылығын анықтай алмай жүрміз. Әсіресе, қазақтардың... Ең әуелі бізге кімдер керегін, яғни ұлтымыздың ар-ождандық идеалын білмейміз. Мінездік ерекшелікті артықшылығымыз деп асыра мақтанамыз, ал рухымызды, жадымызды жаңғыртпаймыз немесе біліктілігіміз аз, жалған білімімізді солақай, рәсуа пайдаланамыз. Бұл менмендік, әсіресе, тарихшылар мен философтарға, сонымен қатар орысша оқып, ойлап, жазатындарға немесе өз ұлтын тым-тым сүйетіндерге тән сипат. Меніңше, ұлтты жақсы көру дегеніміз – тек жақсылығын ғана көру емес. Ұлттың рухани түлеуі мен өсуі үшін оның жетістіктеріне таңдай қаға тамсану, ұдайы табыну ғана ма? Кемшіліктерін де көріп, қайтып қайталанбауы үшін күресу емес пе... Мұны орыс ғұламалары әлдеқашан мойындаған. Мәдени топырағы құнарлы қазақ халқы Абай, Шоқан, Мұхтардың сәулесін ғана теріп, ыңғай-ылғи жарылқана берген жоқ, сұрқиялары мен сатқындарының да сан алуан түрін көрді, көріп те жүр. ОЛАР осы тауда да бар... Төтеден төнген қысым да, қауіп те жоқ, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамырстан заманда биікке шыққанымызды күндеп, етекте қалғанымызды тілдеп, ішегімізге қыл айналмайтын қызғаныш отына жылынып, қызара бөрітіп жүре береміз бе? Анау, тағдырдың таланына таланған ШАЛ БАРЛЫҒЫМЫЗДЫ мансұқ етіп неге кетті? Ал мен неге қайтпаймын ел-жұртыма? Неге?! Жамандықтан құтылудың жолы, сол жамандықтың батпағын кешіп жүріп күресу емес пе еді. Мен тазардым! Мен енді ішімдік атаулыға қарғыс айтып өтемін. Дүниедегі ең киелі нәрсе – әйелге берген ант. Мен түзелдім, ағайын! Осымен бүкіл халықтың дені тазарып кетті ме? Осы ойларымды халықтың ортасына барып, жар салып айтайыншы – ақылынан алжасты деп ақымаққа балар. Адам қараптан-қарап ақымақ болмайды, ақымақ етер адамдар... Кемшіліктің киімін киіп ешкім тумады, кемшілікті үйрететін үлкендер. Ішімдікке салыну, ана тілінен жеріну, дәстүр мен салтты саудалау да солай... Үйретеді, үйренеді... Алдымда үш жол бар: бірі – осында қалу; екіншісі Еріктің үйіне бару; үшіншісі – ауылға қайтып, бар-барлығын қайта бастау; айтпақшы, Алматыны ұмытып кетіппін-ау, балықтың басын тазалау керек екен-ау, оған енді қалған құлаш

бойы ғұмырым жете қояр ма екен, әуре болмайын, онда да он жамбасымен тұрған азаматтар бар шығар, онда да оң-солын танып қалған есті жұрт, еңсесі көтерілген жігерлі жігіттер жүрген шығар...»

Таған санасының сау кезіндегідей сартылдап істей бастағанына қуанды. Бейне тоқтап қалған сағатты бұрап қайта жүргізгендей. Қара шапанды түннің етегін түріп ай шықты. Дүние сүттен бастады.

* * *

Ерікті тоса-тоса таң алдында көзі ілініп кеткен Айна өз түсінен өзі шошып оянды: ағаш бөлменің іші салқын болса да, ақ тер, қара терге шомылып, ауа жетпей қысылып оянды. Жүрегінің соғысы қатты естіледі. Көрпеге оранған күйі, көрген түсін есіне түсірді... Жап-жасыл дала, сол далада астарына сары ала сырмақ төсеп, қымыз сапырып ішіп отырған анасы мен енесі жас ботадай тәй-тәй басқан Айнаны аймалап толғанып, қаз тұрғанын қызықтайды. Тұсауын кеседі... Енді бір мезетте екі бірдей ананың арасында мез болып күлген қос ана аспан төсіне сіңіп, көзден ғайып болды... Айна жылады... Зар еңіреп жылап оянды...

Нүрке кемпір терезенің пердесін сиыра ашып тастап көгілжім тартқан әйнектен далаға үнсіз телміріп отыр екен. Төргі бөлмеден шыққан келінінің сыбдырына бұрылған. Шашы қобырап, көзі жасаураған Айнаның ұйпа-тұйпа ұсқынына бөтен әйел шыға келгендей, үрке қарады.

– Айналайын-ау, не болды саған?

– Түсімнен шошып... – сөзінің аяғын жұтып қойды. Енесінің алдында ешқашан да жалаңбас жүрмейтін әдетінің әдібін сөгіп алғаны енді ғана есіне түскендей, «ой-буу, ұят-ай» деп, шашын баса төргі бөлмеге кіріп кеткен. Нүрке кемпір келінінің ибалығына сүйсіне жымиды. Жаулығын байлап кері оралғанда:

– Түс – түлкінің боғы, беті-қолыңды суық сумен шайып жібер, қалқам, – деді. Өзі төсекте отырған күйі күбірлеп, намазын оқуға кірісті.

Айна есік алдына шыққанда, әлемді әктеп тастаған аппақ шықты көрді. Күндегіден де бүгін қалың түскен екен. Түн суық болғанға ұқсайды. Биылғы күздің ұзақ әрі жауын-шашыны

аз боларына осы таңғы шықтың тым қалың түсуі кепілдік бергендей... Кеше аң қарауға аттанған Еріктен де, Шалды іздеп кеткен Тағаннан да сыбыс білінбейді. «Бәлкім, ұйықтап жатқан шығар» деп, қойма сарайдың жыртыған сыңар терезесінен үңіліп еді, келімсек жігіттің белі кеткен жайдақ нары бос көрінді. Маңайда жан баласы жоқтығына еркелей еркінсіп, рақаттана есіней керілді. Таңғы салқын ұрған денесі сәл қалтырағандай болып, үйдің бұрышын айнала беріп еді, аппақ болып теңкиіп, шық үстінде тыр жалаңаш жатқан кісіні көрді. Ал дегенде таңғалды, қорқыныштан гөрі әуестік билеген. Өлітірісі белгісіз сұлық жатқан кісінің екі жағында қыбырсыз құлаған екі баланың анадан туғандай қызыл шақа денесін байқағанда, бақыра шошып кері шегінді. Өңменіне мірдің оғы тигендей, ес-ақылдан айырыла шалқалай құлады. Шалқалай құлағанда, өкшесінен қаққан дөңбек те себепші болып еді. Талып түсті. «Ап-а-а-а!» деген айқайға Нүрке кемпір қанша елеңдесе де, орнынан қозғалар дәрмен жоқ. «Не болды, құдай, не болды?»—дей қарманғаннан өзге қайранға бара алмаған. «Апалаған» дауысты әжетханада іш босатып отырған Ерік те естіді. Бірақ табиғи қажеттілікті өтегенше тырп етпеген. Ол жортуылдан құлқын сәріде оралған. Кеше кешке сәті түсіп атып өлтірген кірекейдің екі қонжығын қоса өңгеріп сүйрелеп жеткізгенше, таң атып еді. Алғашында орман ішінде сойып, терісін сыпырып алып, денелерін тастап кетейін деп тұрды да, етін қимады. Етінен бұрын жараға мыңда бір дауа өтін бүлдірмей алу керек еді... Содан үйдің іргесіне әкеліп сойған... терілерін шелдеп тазартып, тұздап жайған соң, «уһ» деп жаңа ғана отырған беті еді...

«Апа» деген дауыс қайтып қайталанбады. Жым-жырт. Қатын өзені де мұз болып қалған секілді ме-ау... Жоқ, сол ғана шеке тамырынды солқылдатып арқыраған. Әдеттегі үйректей шайқалып басар жүрісіне салып үйге жақындай берген еді, аюдың ар жағында жайрап жатқан әйелін көрді. Дегенмен, жүрісін, өзгерткен жоқ, асықпай адымдаған қалпы, жанына келіп тұрды.

— Әй, не болды саған, ішіп алғаннан саумысың? — деп, қаздиган қалпы аса бір қатыгездікпен аяғымен түртті. Айна қимылсыз. Жүрелеп отырып тамырын ұстады... Саспас, міз бақпас мінезімен үйге кірді. Есіктен кірген ұлына алая қараған шешесі:

– Айна неге мені шақырды, қол жұмсағаннан саумысың? – деп қадала сұрап еді...

– Білмеймін, талып жатыр. Аюдан шошыған секілді, – деп, дүңк-дүңк жауап берді.

– Құдай-ау, аюы несі... Не деп міңгірлеп тұрсың. Ұшықта, ойбай, ұшықта! – деп, зарлаған анасының сөзінен тез құтылғысы келді ме, бір аяқ су алып шыға берген. – Сүт араластыр, сүт. Тәңірім-ай, осыншалық неге тоң мойын ғып жараттың екен...

– Басталды, – деді суға сүт құйып тұрған Ерік. – Көздеріңе күйік болып жүрген мен болсам, қарамды батырайын... Күндерің не болар екен!

– Құдай үшін, тез баршы, ұшықташы. Әкелші менің қасыма!

Еріктің бетіне бүркіп жіберген қыламық суы әсер еткен Айна денесі дір етіп, көзін ашты. Құп-қу болып кеткен жүзі жан кіргендей, сәл лыпығандай. Күйеуі ұртын толтыра ұрттаған суды тағы да бүркей берем дегенде, басын шайқап, өте әлсіз үнмен: «Керек емес, – деді, – қолтығымнан сүйеші, тұрайын». Ерік қапсыра құшақтаған күйі тік көтеріп алды да, үйге жөнелді. Еріктің мығым мойнынан құшақтай асылып, әлдеқандай бір әлди билеп көзін жұмып, осы бір тәтті сәтті көксегендей әсерленді. «Саған еркелеу үшін анда-санда талып қалу керек екен», – деді баяу да жұмсақ үнмен құлағына сыбырлап. «Ерегестірме, тастай саламын». «Тастасаң таста, енді арманым жоқ». Көтерген қалпы Айнаның «Апамнан ұят болады, түсір» дегенін тыңдамай, шешесінің жанына жатқыза салды. Нүрке кемпірдің ызыңын естуден зәреzeptенді ме, лезде шығып кетті.

Айна енесінің омырауына бетін басып, өксіп-өксіп жылады-ай... – Сұмдық қой, сұмдық қой, адамнан айнымайды. Емшегінен сүт ағып жатыр...

Келініне күбірлеп дем салып, шашынан сипаған кемпірдің де жанары шыланып еді.

Аюдың ішін жарып, өтін алған Ерік жонарқасына тығыз біткен майын да далаға тастағысы келмеді. Сан етінен де кесіп алып, тұздап, самырсынның бұтағына ілді. Бұдан соң қалған мүшелерін қонжыққа қоса сүйреп ағаш арасына апарды да, жер қазып көмді. Осы қарекетті бейне соғым сойғандай аса бір ықыласты ниет өте пысықтықпен атқарған соң, қолының қанын

жуып, үсті-басын тазалады. Қандай іс болмасын тиянақты істейтін Ерікке ерген адам ешқашанда ерігіп, жұмыссыз қалмай тұғын. Нанын жеп, жалықпай жасар еңбектің игілігін көріп, өзінше рақат дәнін де тастап көрген жоқ. Әйтеуір, бір ұшы-қиыры жоқ, көзің жұмылғанша таусылмас шаруаның қойторысына міндің екен, өзің секіріп түсіп қалмасаң... мөңкіп жығып кетпесі тағы хақ. Ерік ең әуелі өз тірлігінің, өз мақсатының (егер мақсат десек) құлы еді. Дүниедегі ең азап та сол – біздіңше, өзінді-өзің құл ретінде пайдалану. Ал оның қаншалықты пайдалы іс екенін сана сарабына салмаудан озған жетесіздік жоғы және рас. Менің кейіпкерім өзін ешқашанда «қателестім» деп есептеген емес және «осының қате емес пе» деген адаммен тап жауындай алысады. Алайда айнала шашырай қоныстаған біраз көршілестерімен тек осы пиғылдың атбайларына келгенде айырылысты, көрместей болып кетісіп тынды. Бұған батыра айтатын, бетіне баса айтатын шешесі ғана еді, соңғы кезде ол кісінің гөй-гөй ақылын да қаша тыңдайтын құлаққашты мінезге мінген. Үйге көп аялдамай, нендей де амал тауып, көбінесе түзде жүретіні де сондықтан ба екен... Бойда қуаты мол, тірі жанға жалынышты емес, ісі түспейтін емін-еркін жігіт әрқашан да өзімшіл келеді ғой. Соңғы он бес жылдың жүзінде көпшілік, ел-жұрт дегенді білмей, саяқ кеткен Ерік желді күнгі қара қарғадай шулаған топырлақтардың топтап баққан қойдан айырмасы шамалы, әрі біреу бақпаса, айғайлап қайырмаса, бет-бетімен ит-құсқа таланып кетер берекесіздерге балап мойындаған емес. Өзін қыран құсша сезінетін. Ал қырандар әмісе жалғыз. Өзін Алтайдың аюына теңейтін. Ол да топтанып жайылмайды. Тіпті табиғатта мықты нәрсенің бәр-бәрі жалғыз-жалғыздан... Жалғыздық – күштілік! Амал не, адамдардың әмісе бақыты, әрі соры да сол... сол... сол... – күш ертең алдында не күтіп тұрғандығын білмей білімситіні еді...

Менің кейіпкерімнің алабөтен әдеті бар еді. Қабағат жұмыстан қатты шаршаған сәтте, шалқасынан түсіп, екі аяғын шалжайта жатып дем алатын. Бұл шақта оны трактормен сүйреп тұрғыза алмайсың әрі маңына жолап мазасын алған адам үшін аса қауіпті де, қауып жіберуі мүмкін. Әуелі аспанға, не төбеге телмірген күйі үнсіз жататын да, біраздан соң жанары жабылып, шүр ете түсер еді. Қандай себептен қырынан, жоқ болмаса етпетінен емес, шалқасынан жату сырын тірі жан, тіпті өзі де

білмейді. Қазір де үйге барса, тыныштық бермейтін болған соң, қойма сарайға кіріп, «қонағына» арнаған нарға ұзынынан сұлай жатты. Тақтай төбеге тесілді. Ең әуелі ойына Таған оралған. «Шалмен ауыз жаласайын деген екен, араларына от жақпаса болмас... бірігіп алып, өзіме шабуыл жасарыға жаап емес, олардан күтуге болады. Коллектив құрып, құқай көрсетпесіне кім кепіл, сол итті бекер, бекер-ақ ертіп келген екенмін... Онсыз да өзімнен артылар қабағат жұмыс жоқ еді ғой. Шешем де, байқаймын, әйелім де сол сорлының ыңғайында секілді. Өп-өтірік жаны ашығансиды... Сенбеймін... Біреуге біреудің шын жаны ашырына иланбаймын. Көлгірсиді. Жақсы атанғысы келеді. Жо-жоқ, ондай өлі мен тірінің ортасында аяққа оралғы боп жүретіндерді өлтіріп тастау керек. Құдай-ау, әлжуаздан құтылу, көзін құрту, сөйтіп, тазару – табиғаттың барлық жан-жануар, орман-тоғайына тән емес пе. Шіріген ағашты да жел соғып құлатып кетпей ме, қойдың да ақсағын қасқыр жемей ме? Ендеше, осы жаратылыстың заңдылығын адамзат неге мойындамайды, неге қолданбайды? БІЗДЕРден өткен эгоист жоқ жарық дүниеде; маған салса... анау алжыған шалды алқаш Тағанға қосақтап байлап, Қатын суына ағызып жіберер едім... Иә, бұл өмірде ағызып жіберетін керексіз адамдар көп, тым көп... Көп болған соң да білінбей ме? Осы «көп» деген сөзден қорқатыным-ай... Бәлкім, өмір дегеніміздің өзі – көп пен ЖАЛҒЫЗДЫҚТЫҢ мәңгі бітіспес майданы шығар...» Есінеді. Көзіне ұйқы тығылды. Маужырады. Ойы үзіліп-үзіліп, басы бірікпей ірімтіктене бастады. «Құрысыншы бәрі. Денім сау болса, көрсетермін әлі... НЕГЕ БІЗ ОСЫ? Сайтан алғыр, Тағанның былшылы қайдан түсті есіме, құрысыншы бәрі»... Ұйықтап кетті.

Ол ойлағандай, дүниенің бәрі құрыған, тіршілік қуарған, су суалған жоқ еді. Өмір өз бетінше, жекелеген адамдардың өкпе-наз, нала-мұңымен санаспай-ақ, ағысын ағыл-тегіл жалғастырды-ай! Өмір өзекті жанға бір өлім екенін қанша рет дәлелдесе де, осы пәлсапаның мәнін түсіне тұрып, өр серпитіндерді мазақ еткісі келгендей қасақана дамиды, өсіп-өркендейтін, барған сайын аласапыран қызығын, алдамшы қызылын алға тартып, үміт жібімен байлап-матап, дуалап, тастар еді. Өмір – ол да бір апиын іспетті еркіннен айырып, есірік күй кештіретін. Табиғаттың ең ақылды да саналы түлегі

болып есептелетін АДАМ, ең бір аңқау да ақымағы еді. БІЗДІҢ ақымақтығымызды жаратқанның басқа-басқа мүшелері – жанды, жансыз күн-күн, жыл-жыл, ғасыр-ғасыр сайын көзге шұқып көрсетіп жатса да, жанкешті айқас пен айға шабар арынымыздан арылған емеспіз. Түп атамыз Түркіден бермен түсінде, үнін де өзгертпей, мәңгіліктің қыл қобызы секілді Алтайды күйге бөлеген Қатын өзені-ақ БІЗДІҢ бейшара тірлігіміздің мазақшысы емес пе. Енді... енді сол қаһарлы Қатынға қыл бұрау түсіп, дәл бауыздауынан бөгеп ГРЭС салмақ. Бұл хабардан осы өңірдің өр кеудесін жайлаған қазақтар хабарсыз еді. Өйткені, жоспаршылар жойқын құрылыс саларда, жергілікті халықпен ешқашан санасқан, ақылдасып, кеңескен емес. Есептемейді де, есептесе есептен жаңылады. Алтайдың қос бұрымы бар десек, бірі мынау Қатын суы болса, екіншісі Бұқтырма болатын. Сол жарықтық Бұқтырманы бұрқытып бөгерде де сөйткен, тұрғылықты жұртшылықтан рұқсат сұраған емес, ал енді сол бөгесіннен пайда болған жасанды теңіздің астында не қалмады: атамекен, бабалардың бейіті, екі ауданның егістік жері қалды. Тәңірім-ау, толайым тарихымыз су астында қалды! Кәне осы сорақылықтан дүниенің қылшығы қисайғаны?! Әне, Қатынға да қауіп төнді. Асыл Қатын бұғауланбақ.

Шалдың үйінен ертелетіп шығып, өзенді жағалаған Тағанға мұндай ой келді ме, келмеді ме, білмеймін, әйтеуір, табиғаттың қазіргі сұлулығын қызықтай құлдаған-ды. Газет оқып, радио тыңдамағалы не заман... Жүз жыл өтіп кеткендей-ау. Жан тыныштығы үшін оқымаудан озған ештеңе жоқ. Жүйкең жіңішкермейді еш нәрсені ойлап алаңдамайсың, төрткүл дүниеде болып жатқанынан бейхабар даланың аңындай далбаса күй кешесің. Бәлкім, мұның өзі – Ерік секілді еркін өмір сүрудің таптырмас тәсілі шығар. Әсіресе, денсаулыққа пайдалы ма деп қалды...

Әлі есінде, Алтай тарихына қатысты, яғни онда мекендеген уранхайлықтар туралы бір кітапты оқып отырып, көзі қарауытып басы айналып кеткені. Қан қысымы көтерілді ме, неге екені белгісіз көпке дейін ес-ақылын жия алмады. «В 1862 году десять семейств уйманских раскольников (река Уйман – один из двух истоков – реки Катунь. Долина ее издавна заселена была раскольниками) вышли в Улукемскую степь

и обосновались на р. Урон...» деген сөйлемдерден солтүстік Алтайдың, яғни Россия құрамындағы Алтайдың тарихын танығандай болған. Ары қарай құмарта оқып келе жатып: «В дело русской колонизации Криссанского края, роль искали «Беловодья» имели выдающееся значение» деген тұсқа келгенде, өз ауданындағы Ақсу – Беловодья аталар ауыл есіне түскен. Сол жерді қоныстанған кержақтар тарихын танып, түп-төркініне үңілгендей болған. Ал енді «Вся история России представляет из себя картину постепенного продвижения славянского племени на восток и ассимиляции им менее культурных народностей...» дегенін қалай түсінуге болады? Совет өкіметі орнаған тұста жазылған, басылған бұл кітаптың әр ұлттың өз ерекшелігі мен тілін, ділін, генетикасын сақтау керекке саятын лениндік методологияға қайшы емес пе? Оны былай қойғанда, «Земля тому – кто ее обрабатывает» кері емес пе. Ой айтудағы концептуальдық қателік әрқашанда ұлт наразылығын тудырамын ескере бермеуіміз, әлбетте, өз нәтижесін, қайғылы нәтижесін бермей қоймайды. Міне, Тағанның қан қысымын көтерген де осынау тұжырымдар еді. Ендеше, тарихты терең білген сайын, денсаулықтан айырыласың...

Иә, Таған екінші рет жазған ғылыми жұмысына «Алтайды мекендеген ұлттардың тарихын» тақырып етіп алғанына және өкінген. Өкініші сол – мұны «ұлтшылсың» деген жалғыз сөзбен басқа ұрып қызыл табан қылып қаңғыртып жіберген. Таған болса... «мен ұлтшыл емеспін, ұлтжандымын, екі ұғымның арасы жер мен көктей» деп шырылдап бармаған жері, ашпаған есігі жоқ. Бір күні КГБ-ның жігіттері шақырып алып, қысып-қысып жіберген соң ғана, байырқалап, аш құлақтан тыныш құлақ, басы ауған жаққа безіп еді... Өлердей ішіп еді... таз кепешін қайта киіп еді.

«Қызық, өткен өмірімнің барлығы біртіндеп орала бастағаны қалай» деп таңданды Таған. Қолындағы балқарағай жаңғағының қабығын аршып, дәнін суырып шағып, аузы тыным таппағанмен, ойы баяғысын баяндайды.

Ағалар-ау, мен осы диссертациямдағы мысалдардың бірде-біреуін өз жанымнан шығарғаным жоқ, түгелдей орыс ғалымдарының еңбектері ішінен «история русской колонизационного движения» деген сөйлем алсам, ол да сол

қалпында орысша текстен көшірілген және менің айтып отырғаным – Советтік емес, патшалық Россияның саясаты ғой».

«Өйтіп көлгірсіме. Өз бидайын өздеріне қуырып бергің келеді ғой. Не айтпақ екенінді білеміз. Тапқан екенсің ақымақты», – деп зекіді.

«Ұлт мәселесі жөніндегі Лениннің еңбектерін қайда қоямыз?»

«Лениннің айтқандарының барлығы бірдей заман талабына сай келе бермейді» деген сөзді өзі құдайдай табынып жүрген, ғұлама тарихшыға балап жүрген ағасының аузынан естігенде, талып қала жаздаған... Дүние біткен екен деп ойлады... Сол күні «Русская водканың» бір шөлмегін бір өзі ішіп алып, партия мектебінің мандайына ілінген Брежневтің дәу суретіне жабыса ұйықтап қалыпты... Он бес күн жатып шықты... Он бес күн арақтан аузы босап дем алып шықты... Мас болғаны үшін емес, әрине, ұлы қайраткердің суретінің дәл түбіне құсып қойып, «саяси хулигандық» жасағаны үшін. «Мен үлкен кісіні жақсы көргендіктен, құша сүйіп түбіне түнеп шығып едім» деп жалтармаса, сотталып кетуі ғажап емес еді.

Сыртылдатып балқарағай шағып келе жатқан Таған өз-өзінен жымыып күлді. «Сол бір емес-ау, екі рет жазған диссертациям қайда қалды екен?» Есіне түсіре алмады. Енді керексіз деп ұйғарды. Тазарған өмірінің ендігі мақсатын айқындау керек, тек тезек теріп кетсе де, ғылыми жұмыспен айналыспайды. Ол алғаш рет: «Шалдың мемлекетіне кіріп, екі баласына білім берсем қайтеді?» деп ойлады да, оқыс шешіміне мәре-сәре қуанды.

Рас, Шалдың «мемлекетіне» подданство алу керек...

Тихой өзеншесін белуардан кешіп өте шыққанда, алдынан Аламойнақ көлденеңдей еркелеп қарсы алды. Үй жақ жымжырт. Әншейінде көйлегі көлеңдеп есік алдында тыным таппай жүретін Айнаның да төбесі көрінбейді. Осын-о-а-ау қазақтың ит өлген жер деп алыссынатын Алтайдың ұры қойнауын мекендеген жалғыз үйдің бар тіршілігін үрлеп жағып отырған Айна екеніне Тағанның көзі жетіп, көңілі сене түсті. Қазір сол осы өңірге өң беріп жүретін әйел көрінбеген соң, маңайдың барлығы жансызданып, иесінен айырылған иен үйдей тым-тырыс, өлі күй кешкендей тым жүдеу, тым сұрықсыз да сұсты.

Жетімсіреген. Ошақ оты сөнген. Ылғи есік алдында буы бұрқырап, екі иінінен будақ-будақ дем алатын самаурын да жоқ, эне, төрт тұяғы аспанға қарап, қазық басында төңкерулі тұр. Аламойнақ қанша ырбаңдаса да, адамсыз өмірдің ажарын аша алмады. «Апыр-ай, Айна ауырып қалған жоқ па екен...» деп ойлады Таған. Жүрісін шапшаңдата түсті.

Асығып-үсігіп үйге кіргенде, енесінің төсіне басын қойып, бір қырындай, тар төсекте таласқандай болып жатқан Айнаны көріп, көңілі орнына түсті.

– Тү-үу, зәрем қалмады ғой. Есік алды жым-жырт... Есенсіздер ме?

– Шайды өздерің қойып ішпесеңдер, келіннің шамасы жоқ, шошынып ауырып жатыр,– деді қабағы салыңқы Нүрке кемпір.

– Неден?!

– Оны досыңнан сұра. Әй, еркектер-ай, есер қылықтарың ғой әйел затын зәтте қылатын.

Бұдан әрі делдиіп тұра берудің ешбір реті жоғын сезген Таған ептеп басып шығып кетті. Нүрке кемпірдің де таңғы оразасын аспағанын білді. Тоңқайып тұрған самаурынды алып, су құйды. Жерошаққа от жақты. Осы шақта оның көзіне қашада жаюлы тұрған аюдың терісі шалынды. Әуестікпен ұстап, әсіресе, екі қонжықтың терісіне жаны аши қараған. «Дегеніне жеткен екен,– деп ойлады.– Өлтіріп тыныпты».

Өзінің үйреншікті сарайына салдыр-гүлдір кіргенде, нардың үстінде шалқасынан кәперсіз жатқан Ерік атып тұрды. Оқыс оянған ол тыныштығын бұзған Тағанға жауыға қарады.

– Қайда жүрсің? – деді өгей баласына ұрысқан әкедей зекіп.

– Аңшы Шалға барып қайттым.

– Өзім де сезіп едім. Ақыры су ішкен құдыққа түкірген екенсің ғой.

– Түсінбедім...

– Жыланның жусағанын білетін білімің қарапайым нәстені түсінуіңе жетпей қалады екен. Шал – менің ата жауым. Ал сен менің дәмімді аттап, сол «жаумен» ауыз жаласасың. Осы есіргенің, осы семіргенің жетер, есің барда еліңді тап.

– Бұл бопсаңа тағы да түсінбедім. Қыс жақындағанда, тамаққа ортақ қылмай, ұядан айдап шығатын еркек ара болғаным ба?

– Бұл – бопса емес. Бұйрық. Қар жаумай тұрып қайқай.
– Мен үшін қиын шаруа емес, соңғы бұйрығың орындалады,
– деп есікті сарт жауып шығып кетті.

– Қайта ашар есігінді қатты жаппа! – деп соңынан айқайлады Ерік. – Жаман айғырға жал бітейін деген екен. Көзіне көк шыбын үймелетермін әлі. Бәлем тоқтай тұр. – Ендігі жатыстың мазасы болмасын сезіп, өзі де тысқа шықты. Омартасын аралады. Аралар күннің қызуын күтіп әлі де тым-тырыс жатыр еді. Ұяның қақпағын ашып, раманың бірін суырып балын тексерді. Балауызданған раманың өн бойына жабысқан аралар жыбыр-жыбыр қыбырлап, уақсыз уақта тыныштығын бұзған адамға лағнет айтқандай. «Енді бір аптадан соң балын шайқау керек екен», – деп ойлады Ерік.

Біздің кейіпкеріміздің көп замандастарында бола бермейтін қасиеті дейміз бе, ерекшелігі дейміз бе, әйтеуір, өз жұлын-жүйкесін жұқартпас тағы да бір тамаша ғадеті бар еді. Қанша тұлан-тұтып ашуланып кетіссе де, миын шаршатпайтын. Болған дұрдараздықты пышақ кескендей тез ұмытып, басын ауыртып тереңдеп ойламайтын. Еш нәрсе болмағандай, мүлдем басқа-басқа нәрсенің қамына көшіп, өзегін күйдірген уайымды өзге дүниемен ауыстыра салатын.

Міне, қазір де, ара деп аталар бағып-қағу арқылы байып отырған «малының» қамын күйттеуге кірісті. Санасында – тек ара. Сыртқы болмыстың бүкіл тыныс-қимылын тұла бойымен сезетін аралардың ала жаздай арпалысқан шаруасының шалғайы жинақталып қалғанға ұқсайды. Еркек аралардан кәдір, расында да, кеткен секілді, бүрсиіп-бүрсиіп босағада жабысып отыр; кейбірі өлген, кейбірі тырмысып ұяның ішіне кірмек болады да, ар жағынан теперіш көреді білем, сүйретіліп кері шығады. «Еркек жазғанның көрер күні осы, – деп ойлады Ерік, – тіршілікті жалғастырушы ұлы күш бола тұра, құрбандыққа шалынасың немесе қадіріңнен айырылып керексіз болып қалмақсың. Қарашы енді... әлгі Таған сұмпайы айтпақшы, қыстай тамаққа ортақтасады деп, тепкілеп шығарып тастағанын. Енді біраз күнде үсіп қатып өледі де, жел айдап ұшырып әкетеді бұл бейшараларды. Иә, еркек ара... обал-ақ... Өзім де жетісіп жүргем жоқ».

Қаз-қатар тізілген ағаш жәшіктерді әлдекім ұрлап әкетпеді ме дегендей, қақпағын ашып түгендеп шықты да, кері

оралды. Үйге кіруге зауқы болмады. Аспанға қарап еді, қошқыл бұлт батыста жатыр екен. Шығыс жақ көкжиек ашық, көп ұзамай шығар күннің шапағы байқалады. Таңғы шық тұтасқан күйінде жатыр. Жүрегі сазып, өз-өзінен жүдеу тартты. Алғаш рет жалғызсырағандай болды. Жіңішке сағынышпен ауылдағы көңілдесі Бекзатты көкседі. Әсіресе, асап қоярдай қомағайлана өліп-өшіп аймалайтын қылығы мен мезі қылмас төсек ләззатының рақатын аңсады-ай... Осы өмірдің қожасы өзі бола тұра, жалғыз артық адам өзі секілді ыңғайсыз күйден жеріді ме, қашада жаюлы тұрған кірекей мен қонжықтың терісін керіңкіреп жайып, баяғы бір үйреншікті жолына – жасырын махаббат соқпағына түсіп, Қатын суын жағалай құлдаған. Ақ боз атқа мінген көк көйлекті Қызбен бейне бір уағдаласып қойғандай-ақ, дәметкіш көңілдің жетегінде кеткен. Жалпақ жаһандағы жалғыз көз қуанышы, жапа шеккен, жалыққан жанының қалтасында қалған ендігі жұбанышы да осы – сол еді...

Таған Қатын өзенінің жиегінде бүктетіле аққан толқынға қарап ойланып отыр. Оның да шұрық-шұрық тесілген көңілі көлеңкеленіп, енді-енді ғана қарақотырлана бастаған жарасы қайта сыздап, уайымның уысында тыпыршығандай сүліңкі хәлде. Адамның жаны – сірне. Тағдыр табанына салып, уақыттың оты қанша шығжырғанмен, майын ерітіп тауыса алмайды екен. Адамның жаны топырақтағы өсімдіктің дәні іспетті, қанша рет тілгіле, айғыздап жырт; бетін өрт шалып, көк сіреу мұз бассын – айналайын күннің сәулесі бойына жылу таратып, аспаннан таңдайына тамшы тамып, тыныштықтың заманы туа қалғанда, тереңде қалған дән қайта қаулап, желпілдеп көк шығады. Тек дән өлмесін, дән аман болсын, жоғалмасын. Ендеше, Таған тауқымет тасын жарып, қайта көктер дәнге шүкіршілік айтып, дәнекер күтер еді... Дегенмен, жасына жетпей жасық тартуынан ғана күдіктенеді. Табиғат сыйға тартқан талантын таптатып алғаны да, күрескерлік рухының әлсіздігінен емес пе еді... Мұртынан айырылған ара іспетті күн кешіп жүрген сандалбай шағы артта қалып, азапты күндерден арылдым-ақ деген сәтінде Еріктің есігін торып күй кешу, әрине, азаматтың намысын найзалады-ақ, амал не, ат құйрығын кесісіп ауылға – Үлкен Жерге аттанып кетуге тәуекелі жетпеген. Тәуекелі – бұл үйден алыс кетуге жеткенімен, бұл өмірмен

өкпелесуге жетпеген. Қиналса да қимады. Неге? Не үшін? Өзі де саналай алмады. Бәлкім... көзінде үнемі бір мұң жасырынып жататын Айнаны қимайтын шығар. Ол – күнә. Оның аюдай ақырған күйеуі бар. Олай болса, махаббат атты әркімнің илеуіне көне берер көне де мәңгі сезімді желеу етіп, адамгершіліктен шығандауға болмайды ғой... Ол тектілік емес, әрқашанда себеп-салдары сай тұрар тентектік қана. Тіпті Айна үшін қыздай қосылған қосағынан айырылу – ақырзаман орнағандай ақирет екені де әлемге аян. Ерік – Айнаның ақтық махаббаты, күйеуі емес... Тек қойным құр жатпасын дер күйге ғана баласа, осына тағы таудың қойнауында байласаң тұрмасы тағы да аян. Не істеу керек сонда? Аңшы шалдың посольствосына барып, сол мемлекеттің азаматтығын қабылдау... Осы ойды тұжырымдаған Таған, дегенмен, әлі де екі-үш күн, егер Ерік басы-көзге сабалап, бағанағыдай абалап қуаламаса, алғашқы қар түскенше, аялдай тұруға тиянақтатты ойын.

Күн шықты. Қызусыз. Еш нәрсе өзгерте алған жоқ. Тұмса өмірдің туырлығы тұтас күйінде. Суықсыраған денесі енді қайтып – келер көктемге дейін мазаламасын сезгендей, салқын сазарады. Сары ала күзден сән кетіп, әшекейі мен айшығы біртіндеп оңып, өзенді қуалай өскен тал-қайыңның жапырағы ақырғы әнін айтып қалғысы келгендей, сумақылау желдің өтінде дәрменсіз дірілдейді. «Ағаш жапырағы азайып қалған екен-ау»деп ойлады Таған. Біртіндеп мінтеліп, тоналып бара жатқан табиғат көркі адам сезімін де ойлы жадаулыққа жетелер еді... Өз-өзінен сезіктеніп артына жалт қараған Таған күйеуінің шолақ қара тонын жамылып, үнсіз тұрған Айнаны көрді. Әншейінде мәңгілікке ұялғандай, бүкіл жер бетіндегі әйел атаулы үшін жалғыз өзі ұялғандай қызарып тұрар бетінің ұшынан қан қашқан, жұқалаң ерні де көгіс тартқан, тікесінен тұр демесең, әлдеқашан өліп қалғандай – көзге жат, көңілге салқын. Құлындай құлпырып жүретін ай сипатты келіншек айналдырған аз уақытта бар ажарынан айырылып, күзгі ормандай қуаң да сидам тартуы жымысқылана тақап қалған елестей, үндемей тиісер үрейдей... Алтайдың қырмызы гүліндей көздің жауын алар сұлулық су сорған салынды дерсің... жалғыз-ақ күнде солған, үнемі жанып тұрар тостағандай көзінің аясы одан ары ауқымдана бақырайып тұнжырағаны болмаса, нұры сөнген. Орашолоқ мүсінші асығыс оя салғандай,

қорқыныш шақырғаны болмаса, баяғыша көрген адамның көңіліне құрт түсірмейді. Жалғаннан жалыққан, әбден сілікпесі шығып шаршаған жанның күдерсіздігі, сенімсіздігі, алғы өмірден үмітін үзген сергелдең мүскіні ғана қалғандай қалжыраңқы; енді қайтып ешкім уата алмас, басынан сипап жұбата да алмас қайғының, нала мен өкпенің өксігі кептеп, баз кешер ғұмырды бақилықтың оралмас сапарына айырбастағандай... Ішін кеулеп құрт жеп, тек сырты ғана бүтін қалқайып тұрар қарағайдай... Қапелімде не дерін білмей, шошына сұқтанған Тағанға сұлық та суық қараған қалпы:

– Жүріңіз, шай ішіңіз, – деді. Осы сөзді Айна емес, мүлдем жат та бөтен біреу айтқандай, тіпті ерні де қозғалмап еді.

– Рақмет, Айна, рақмет, қазір, – деп сасқалақтап тұрған жігіт келіншекке енді бір қараса талып қалатындай, қалбалақтап алдына түсті.

Шай үстінде мардымды әңгіме болған жоқ. Нүрке кемпір өңі сынық, қабағы қатулы.

– Бір жаққа барып қайттың ба, балам, кешеден бері көрінбедің ғой? – деді шырайын бұзбай.

– Аңшы Шалдың мекен-жайын көріп қайттым.

– Иә... Жұрт ауыстырмақ ойым бар деші... Оның да жөн шығар...

– Сіздерге, әсіресе, сізге алғысымды айтайын, апа. Егер сіз болмасаңыз, адам болуым...

– Жә-жә, жетер, – деді кемпір қолын көтеріп. – Мен шешен жасаған жақсылықтың мысқалын да қайтарғаным жоқ.

– Жақсылық қарызға жасалмайды ғой.

– Ендеше, осыны ұқсаң болды. Атаңның атына кіркелтірмеуден артық не бар бұл жалғанда. Тек саған екі тілек айтам: енді қайтып басыңды кесем десе де арақтан татып алмайтын бол, басыңды құра – әкеңнің түтінін сөндіре көрме. Шалға еремін деп те шал болып қалма. Ерік екеуінің жайың жарасатын түрі жоқ, қайтам десең, батамды беремін, жолың болсын. Тек екі-үш күн аялдай тұр.

– Өзім де солай ойлап отырмын. Ерік досым ғой, өкпеге де, өлімге де қия алмаймын, шошқадай батпақтап жатқан жерімнен тауып алып, ертіп келді. Рақметтен басқа не айтайын. Татуласып аттансам деп едім.

Осы кезде вертолеттің дүрілі естіліп, үшеуі бірдей елендей қалған.

Қатын суының жағасында басын суға малып, тамыры адырая құлаған самырсынды атша мініп, арғы жағалаудан көз айырмай отырған Ерік те аспанда арқыраған вертолеттің дырылын естіген. Естіген бойы орнынан атып тұрып, үйіне қарай сүріне-қабына жүгіріп еді. Өзеннің арғы бетіне қаншама көз талдыра қараса да, ақ боз атты Қызды көре алмай, қоңыр күздің соңғы күнін аңдығандай, жылдың дәл осы уағында нұр бейнесін жалт еткізіп бір көрсетіп кетер әдетін бұзғанына налып отыр еді; азапты ойдан әуелеп ұшқан вертолет үні құтқарған. Қызға деген сағынышы келте қайырылды. Ұшқыш досы Прохордың өз уәдесінде тұрар жігіттігіне риза сезім жан адамға сездірмей жүрер жасырын махаббатын лезде ұмыттырған.

Қапалағы зырылдаған алып «инелік» үй алдындағы алаңқайға дәл қонды да қалшылдап, дірілдеп, барып үні өшті. Кабина терезесінен әуелі басын қылтитқан ұшқыш ыржия күліп, қолын бұлғады. Бұл кезде екі өкпесін қолына ала жүгіріп Ерік те жетіп еді. Айна мен Таған есік көзінде қарап тұр, орындарынан қозғалған жоқ. Вертолеттен қарғып түскен Прохор Александрович пен Ерік бір-бірін аса сағынып қалғанға ұқсайды, адал да айнымас достарша қауыша құшақтасып, арқаларынан қағысып амандасты. Екінші пилот тым жас көрінді. Ол да қол беріп есендескен. Вертолеттің капалағы тудырған дауыл қонған тұстағы шалғынды жапырып тастады. Алғашында үрке едірейіскен түлік мал мотор үні сап болған соң... «е, өзіміздің кісі екенсің ғой» дегендей, жайбарақат жайыла бастаған, тек құйын-перен зыта жөнелген құлындар ғана енесінің маңына сақтықпен жақындап, құлағын тіге әлі де тосырқап тұр. Жас жігіт вертолеттен жүктерді түсіре бастады. Екі дос оған қайырылып қарамады да, шүйіркелескен күйі үй жаққа беттеді. Қашада тұздап жайып қойған аюдың терісін көргенде, Прохор есі қалмай қуанды.

– Какой ты молоток, Ерик... Это мне? – деп, таңырқап, тамсанып, қонжықтың терісін сипалап мээ болды.

– Да, тамыр. Это все тебе. Мой подарок.

– Вот это подарок! Не знаю даже, чем отблагодарить! – Ерікті қайта құшақтап бетінен сүйді. Осы көрініске қарап тұрған Айна шұғыл бұрылып үйге кіріп кеткен.

– Ей, Таған, көмектесана жігітке, – деп дауыстады Ерік. – Жүктердің бәрінен сарайға кіргізіндер.

Тағанның таң қалғаны: дүкеннен алған қалпы аузы әлі сөгілмеген қап-қап ұсақ қант болды. Расында да, бір ауылға қыстай жетер мол еді. «Бұл аралардың қысқы азығы болар» деп ойлады. Жас жігіт екеуі қант салған қапты қоймаға, ал қоймадағы бал құйылған флягтарды вертолетке тасып, зілдей ауыр тәттілердің орнын ауыстырам деп, әбден сілелері қата шаршады. Айна әйелдік, қонақжайлық әдетінен танған жоқ. Қысқа әрі көңілсіздеу есендіктен соң, шай қамына кіріскен. Үйге кіріп Нүрке кемпірге сәлем беріп шыққан Прохор:

– Айнаша не в настроений? – деп жұқалап сұрап еді, Ерік:

– «Болеет», – деп жалғыз сөзбен жауап берді.

Қонақтар көп айналған жоқ. Зырянь қаласына, одан ары Өскеменге баруымыз керек деп, шайды асығыс ішті де, қожайын сыйлаған аюдың терісі мен қол арақты дорбаларына салып, қоштаса бастаған.

– Енді бірер аптадан соң қайта соқ. Биылғы жылдың ақырғы балы шайқалмай тұр ұяда, – деді Ерік ере сөйлеп. – Мылтықтың жаңа түрін тапсаң... қарастырарсың.

– Родной мой, если ты прикажешь, автомат доставлю, – деп, тісін ақсита күліп, мойнынан құшақтады. «Да, – деді ішінен Таған, – вот где обитает настоящий интернационализм». Бұл сөз неге орысша есіне түскеніне өзі де түсінбеді.

Вертолеттің қапалағы қайта айнала бастағанда енді ғана ес-ақылын жинаған құлындар қайта үркіп, тырағайлады.

Айна үйден шыққан жоқ. Ерік қол бұлғап, желден шашы дудырап, үлкен жүректі достықпен шығарып салды.

Моторлы «инелік» тік көтеріле ұшып, омартаның үстін бір айналып шықты. Бұл да қазақ досына деген құрметтің үлкені еді...

Вертолет ұшып кеткен соң, Таған:

– Ерік-ау, қап-қап қантты жейтін ие табылар-ау, көп мылтықты қайтесің? Өзінде дебес-алтауы бар емеспе, соғысқа дайындалып жүргеннен саумысың? – деп өзімси әзілдеді. Татулыққа шақырғансымағы.

– Иә, дайындалып жүрмін...

– Кіммен соғысасың?

– Сендермен... анау, қырт Шалмен...

– Ол сенен де өткен мерген деп естідім ғой...
– Көреміз оны.
– Мұны «братоубийственная война» дейді...
– «Братоубийственная войнаның» көкесі «гражданская войнада» болмап па еді... Несіне мүләймсінің, тарихшым, – деп қойма сарайға кіріп, Прохор әкелген жүктерді түгендей бастады.

– Иә, – деді Таған, – ағайын болып атысу үшін бас-басына мылтық ұстау керек шығар қазаққа...

Ең соңғы шуағын қызықтасын дегендей, күн бүгін өрескел ашық болды. Жарықтық жаз қайта шығатындай тау салқынын лезде түре қуып тастады да, елжіреген жылылық жайлап, маужыратады-ай... Айнаның өңі әлі сынық қалпында, әйелдің тиесілі қарекетін зауықсыз болса да, күйбең-күйбең істеп, қабағы ашылмаған қалпы бір кіріп, бір шығып жүр. Бағана, танертен, күренқабак ішілген шай үстінде Ерік «бүгін күннің ашығын пайдаланып бал шайқаймыз» деп ескерткен. Бұл – биылғы қырманның соңғы жиын-теріні еді. Әншейінде сөзге араласпай отыра алмайтын Нүрке кемпір де ұлына өкпеледі ме, кім білсін, ләм-мим жақ ашқан жоқ. Осы таңның жалғыз сөзін Еріктің өзі айтты да, типыл болды. Ара ұяларына түтін салып, балы мен балауызы ылжыраған ағаш рамаларды суырып әкеліп Тағанға береді, ол болса бал шайқайтын аппаратқа салып, құлағын бұрап, шүмектен сорғалаған таза балды қотарып алып тұр. Келісім бойынша ол ақырғы рет қолғабыс тигізіп, ертең ерте аттанбақ.

Күннің бүгін тым жанға жайлы болып тұрғанын білген Нүрке кемпір, бұлар бал шайқау науқанына кіріспес бұрын, бір өтініш айтқан. Онда да ұнжырғасы түскен ұлына емес, келіні мен Тағанға қаратып айтқан.

– Қарақтарым, бүгін күн ашық екен, келер күзді көрем бе, көрмеймін бе, оны бір алланың өзі білер, мені тысқа шығарып отырғызындар, намаз арасында шуактайын, – деді үні дірілдеп. Әрқашанда ажарлы да айбынды отыратын қарттың жас баладай жауаңдап айтқан сөзі Тағанды толқытып жіберді. Осына қара шаңырақтың бақыт құсына оқ тигендей, суықтау ой ұялап, секем алғандай болды. Кемпірдің екі аяқ, екі қолтығынан көтеріп, далаға шығарып отырғызғанда, күннің шымқай жарығы қарықтырып, көзі қарауытып, басы айналды.

Жан-жағына жалақтап қарап, өнім бе, түсім бе, дегендей сәл тосырқады да: «Е, күдіреті күшті Құдайым, мен осы дүниеден аттанып кетсем де, осылайша масайрап тұра бересің-ау», – деп күрсінді. Бұл жасарын жасаған, асарын асаған қарияның жарық дүниенің жақсылығын өзгелерден – өзінен кейін қалатындардан қызғанғаны емес, бұл дүниенің ешкімге де мәңгіліксіздігін, бейопалығын мойындағаны еді... Күннің шуағы сұрлау тартқан жүзін жуды ма, Нүрке кемпірдің ажары ашыла түскендей, шүңірек тартқан көк көзі де табиғаттың нұрын сіміріп, шоқ түскен тамыздықтай ұшқындана бастаған.

– Апа-ау, керемет әдеміленіп кеттіңіз, – деп күле әзілдеді Таған да таң қалғанын жасыра алмай.

– Мені айттыратын адам жоқ енді... Қыз кезімнен қалған жұрнақ шығар. Қараңғыда қамалған қаздай қаңқылдап отыр едім, далаға шығып, жаным жарылқанып қалды-ау. Ал енді сендер жұмыстарыңа барыңдар. Ерік іздеп жатқан шығар, – деді серги сөйлеген кемпір.

Міне, енді сол аралар әулетінің арпалысып тірнектеп жинаған шырынын аузынан жырып алу қарекетіне кірісіп кеткен. Бал айырғыш аппараттың құлағын бұрап тұрған Таған андасанда кемпір отырған жаққа қарап қояды. Анадайдан басында кимешек-шылауышы бар, ақ шатырдай болып көрінген Ньюра апасы Қатын суының сарынына құлақ қойғандай, қозғалмастан арғы бетке телмірді-ай. Не ойлап отыр? Кім білсін... Еріктің қолындағы түтіннен үріккен аралар тынымсыз айналсоқтап, тыныштығын бұзған бұзақыны нәлеттегендей гу-гу етеді. Кейбірі ұзап ұшады, кейбірі Тағанды жағаттап, мөлдірленген балға қонып, малтығып қалады. Ондай сәтте еппен қанатынан сүйреп шығарып, былайырақ тастайды. Мұның да басында бетіне перде тұтқан ақ қақпағы бар-ды, абиыр болғанда, ешбіріне шақтыра қойған жоқ, қанша төңіректесе де, пісіп алар саңылау таба алмаған өн бойынан. «Егер баяғыдай тұла бойымнан арақ мұңкіп тұрса, мұқым ара біткен маған шабуыл жасар еді» деп ойлады.

Бал алу кезегі Америкадан келген «қауіпті гибридтерге» жетті. Бұлармен аса сақ әрі сыпайы қарым-қатынасқа көшпесе болмайды. Бағанадан бері тор перденің шалғайын қайырып тастап, жүзін ашық ұстап жүрген Ерік еріксіз маскасын түсіруге, қолына қолғап киюге мәжбүр болды. Ұяның қақпағы

ашылғаннан-ақ, атойлаған ноян аралар ал дегеннен-ақ анталаған шабуылға көшіп, Айна мен Еріктің ес-ақылын шығарып жіберген. Амал не, қымтаулы қорғаныста тұрған ерлі-зайыптылар тісіне жұмсақ бола алмады. Сонда да шебін бұзбастан, қара бұлттай қаптап көпке дейін дуылдап тұрып алды. Бірен-сараны ғана төңіректі барлауға кетті. Екеу-үшеуі Тағанды тексеріп қайтты. Жергілікті аралардан едәуір өзгешелігі бар будандарды бұл да бірден байқаған. «Капиталистік тұқым сен боларсың... қандай шапшаң ұшады жауыздар» деп ойлаған да, бұл да қымтана түскен. Бұл жақтан оң жамбасқа келер оңай олжа таппаған соң, самғай зулап Нүрке кемпірге беттеген. Алғашқы келген бірен-саранын қолындағы өне бойы тастамайтын бет орамалымен «кіш-кіштеп» жасқап жіберген-ді. Жалғыз-жарымы түк бітіре алмайтынын сезді ме, шырқай ұшып негізгі әскеріне оралып, болған жайды, яғни кемпірдің қару-жарағы жоқ, алаң-ашық, бейқам отырғанын хабарлаған. Содан не керек, бұл табиғаттың құдыретіне дауа бар ма, адамзат түсінбейтін тілмен түсініскен жәндік-жендеттер жалғыз-ақ секундта Нюра Фадеевнаға қарай «уралай» қаптап лап берген. Мыңдаған араның әп-сәтте ғайып болып кеткенін омарташы ерлі-зайыптылар жұмыс бабында тұрып байқамай қалды. Ал «жауыздар» болса Алтайдың бұршағындай көшіп, түйілген қалпы қапысыз кемпірдің шат-шәлекетін шығарды. Қанша қайрат көрсеткеніне қарамастан, бет-аузын, қолын сау-тамтығын қалдырмай шағып тастады, ішінара болған шығынға пішту деген жоқ. «Ойбу, балалар, әй, Айна, Ерік, айдап әкет мына иттеріңді!» – деп азандады, бірақ жан даусын шығара айқайламаған. Енесінің үніне елеңдей қараған Айна: «Ойбай, апамды аралар опалап жатыр» деп тұра жүгірді, тұра жүгіріп барып кері оралды да, делдиіп тұрған Еріктің қолынан түтіндеткішті жұлып алып, қайта безілдеді. Таған да тарғаяқтай ұмтылған. «Бұлар жынданған шығар», – деп күңк еткен Ерік раманы қаперсіз суыра берген. «Ара шаққаннан өлген кісінің бейітін көргем жоқ бұл жақтан».

...«Қауіпті будандардың» бетін түтін қайтарды. Амал не, көмек тым кеш жетіп, кемпір әлсіреп-ақ қалған екен. Жарықтық сүйегі мықты адам ғой, сонда да сыр білдірмей сұлық отыр – құламады. Ара талаған беті мен қолында иіне шанышқандай ноқат қара дақ қалып, айналасы домбыға ісініп бара жатты.

Айна мен Таған көтеріп үйге кіргізіп төсекке жатқызғанда, кісі танымайтын болып ісініп кетіп еді... Тіл-аузы байланып қалды ма, әлде ендігі арыздасып, қоштасардың түкке қажеті жоғын сезді ме: «Апатайым-ау, енді не істейміз, қандай дәрі-дәрмек қолданамыз», – деп зар еңіреп басында отырған Айнаның бірде-бір сұрағына жауап қатпай, ағаш үйдің бел ағашына телміріп үнсіз жатқан. Өз қолы өзіне артық көрініп, қоярға жер таппай серейіп тұрған Таған да дегбірсізденіп құр жаны аши қарағаны болмаса, лажсыз еді. Сырттан асықпай, адымын санап басып Ерік кірді. Кірген бойда:

– Кім сендерге пысықсып далаға шығар деген?! – деп айғай салды. – Ала жаздай аман-есен үйде отырғанда, астынан су шыққандай жылы орнынан қозғап... ісім сендермен болсын!

Төбеге телміріп жатқан кемпір айғайды құлағы шалды білем, ұлының ұрысына нәумез болды білем, ендігі сәтте Ерікті көздей бағжия қараған. Сұп-суық жанары өңменінен өтердей қорқынышты еді, адам танымастай ісініп өзгеріп кеткен шешесінің оқтаулы көзінен жасқана шегініп: «Әне, тағы да мені айыптап жатыр», – деп, күңкілдеген күйі үйден шыға жөнелді.

Өзі құлағалы тұрған тауға қой жайғандай, Айна көз жасын көлдетумен болды.

– Бұлай тұра берудің реті жоқ, не ем-дом жасаймыз? – деді Таған бәйектеніп.

– Білмеймін, аға, білмеймін... Апамның түбіне ара жетеді деп кім ойлаған?! Апамның өзі біледі, айтпай жатыр...

«Жарықтық, өлімге біржола дайындалған шығар, – деп ойлады Таған. – Нюра Фадеевнаның түбіне жеткен әншейін ара емес, будандар екенін, әр тұқымның қосындысынан шыққан «жауыздар» екенін қайдан білсін Айна». Бұдан ары не ары жоқ, не бері жоқ делдие берудің қисынын көре алмады ма, бұл да тысқа шықты. Арғы бетке қарап ойланып, қашаға сүйеніп тұрған досының қасына барды.

– Не істейміз? Рация жоқ па, вертолет шақыртайық, – деп сұрады Еріктен.

– Сенің не қимаң қышып барады, – деп күңк етті ол. – Осының бәрі сенің кесірің. Айрандай ұйып, шәй деспей отырған шаңырақтың ойран-ботқасын шығардың... Әттең, әттең, бекер, бекер-ақ ертіп келдім...

– Демек, өзің де кінәлісің... Бір-бірімізді айыптағаннан түк шықпайды. Апамызды ажалдан арашалап қалудың амалын іздейік.

– Ол бәрібір адам болмайды, берген дәріңді ішпейді де. Көрмейсің бе сөйлей алады, қырсығып тіліне тиек салып, үнсіз жатыр. Маған деген қысастығы. Жалғыз ұлын осыншалық жек көретін шешені көрsemші... Құдай-ау, менің жазығым не? Үстінен құс ұшырдым ба, тамақтан, киер киімнен тарықты ма? Екі сөзінің бірінде «ел, ауыл» деп, зарлайды да отырады, сол елінде, сол ауылда құшақ жайып қарсы алатын ағайын, туғаны отырғандай; сол көкsegен елі емес пе еді, осырған сиырдай мүйіздеп айдап шыққан. Рас, сол өтінішін орындаған жоқпын, басқа жазығым қайсы? Мұндай боларын білгенде, кеше вертолетке салып жіберер едім ғой... Ішім сезеді, енді беті бері қарамайды, маған өсиет сөзін айтып, қоштаспасын да білемін...

– «Аман жүр, ұлым» деп айтпайтын ана жоқ жер бетінде, – деді Еріктің сөзіне толқыған Таған. Неге екенін кім білсін, досы үшін өзі жылау керегін сезді. Жанарында жас бар еді. Ал Еріктің беті бүлк етпестен, асқан төзімділікпен сөйлеп тұр.

– Менің сорым шығар, арылмай жүрген қырсығым шығар осының бәрі де. Бостандыққа шығайыншы, азат ғұмыр кешейінші, жаманаттан қашайыншы деп, құлақ естіп, көз көрмеген жаққа саяқтанасың, бәрібір сені қуып жетеді, іздеп тауып алады... Қыл аяғы туған анаң өз қағынан жеріп, әр басқан қадам, еткен еңбегіңнен харамдық іздейді. Кімнің егініне түстім, кімнің бермесін тартып алдым, табан ет, маңдай теріммен тапқан дүниемді есеп-шотқа салып, көзге түрткі қылатындай күпірлігім болды ма? Әне, беттің арын белбеуге түйіп, мемлекеттің байлығына белшесінен батып жүргендер не ұсталмайды, не сотталмайды, оларға бәрі кешірімді, бәрі жарасымды... түсінбеймін.

– Шынында да, сен түсінбейтін бір сыр бар шығар...

– Ей, кетші ары өзің сәуегейсімей, – деп, қолын бір-ақ сермеді. – Апам бізге жоқ енді, жыла-сықта, фактінің аты – факті.

– Ал, сендер, Айна екеуің, өп-өтірік өкіре беріндер. Па, шіркін-ай, қандай үлкен жүректі, кең пейілді гуманиссіндерей. Ана сендерге емес, мына маған керек, ендеше, монтаны

да жалған жоқтауларыңның керегі жоқ маған. Жақсы көрген болып, сыйлаған болып, сып-сыпайы мінезбен өлтірген де екеуің, мен емес. Ап-аман, таспиғын санап құдайына құлшылық жасап отырған адамды сүйрелеп далаға шығарғаны несі-ай... Құныкерім – сендерсіңдер!

– Ол кісі әлі тірі ғой, өтпей жатып өлдіге жорығаның не?

– Өлмесе – өледі. Тағы да мүләйімсіп тұрсың. – Көзі қанталаған Ерік: – Сенімен тәжікелесіп несіне тұрмын осы, одан да анам мәңгілік мекен етер жайлы жер іздеймін.

– Астапыралла, – деді тыпыршыған Таған жағасын ұстап. – Жынданған шығарсың.

– Кімнің жынданғанын ертең таңертең білерсің, – деді де анасын қоятын жер іздеуге жөнелді.

Тағанның көңілі ойран-асыр. Досының мінезін тағы бір қырынан таныды, алайда кім екенін, қай ұлттың ұлына жатқызарын білмеді. Білуі мүмкін де емес еді... Оның білетіні – осындай дүбәра жандардың жиырмасыншы ғасырдың соңғы ширегінде жер бетінде тым көбейіп бара жатқаны ғана... Амал не, ауырмай есінен жаңылып, шатасып шаң жұтып жүрген өзі секілділер де аз емес еді бұл дүниеде.

Біраздан бері берекесі қашқан үйдің түтіні дәл осы күні ұшқан жоқ: от жағылмады, самаурын қойылмады, қазан көтерілмеді – онсыз да жұқарған жүйкенді мезі қылар ауыр тыныштық орнаған. Бір кіріп, бір шығып, тағат таппаған – тек Таған ғана. Досының кінә артқан айыптау сөзінен кейін, расында да, Нюра Фадеевнаның оқыс әлсірегеніне өзі себепші болғандай, осы үйдің артық адамы екенін сезінді. Айнаның жанары жастан тыйылған жоқ. Сусын әкелсе де, шипалы шөп нәрін ұсынса да, енесі бас шайқаумен болды. Анасының арғы дүниеге ықтиярлы екенін білген, білсе де ақтық парызын өтеуден танбай, аялаумен құрақ ұшқан. Енесінің көңілінде тас болып байланған қара қазандай өкпе бар... Неге? Кімге? Осының сырын ұға алмаған келіні кездейсоқ келген кеселдің бір ұшығын өзінен іздеген, тілін алып далаға шығарғанына өкінген де... Адам өмірінің бақилық емес екенін білсе де, жер жаһандағы пенде шіркіндердің ғұмыры бір-біріне байлаулы, ауру мендеп, ажал алды дегеннің өзінде бірінің өліміне бірі себепшілігін саналаған. Бәлкім, Айнаның таусыла, егіле

еңіреуі де осыдан шығар... өз анасы қайтқанда да, дәл осылай жыламаған.

Нюра Фадеевнаның әлі де болса суішкілігі таусыла қоймағанмен, кірпігі ғана қимылдап жатыр. Маңайында, тысқарыда болып жатқан оқиғадан хабардар секілді, анда-санда сол былайғы құбылыстың әсеріне елегізгендей... ежелгі сезімталдықпен түйсінгендей... анда-санда көзі бұлдырап, бір заттың өзі екеу, кейде үшеу, одан да көп болып кетер-ді. Өне бойының мың-миллион құмырсқа талағандай дуылдағаны болмаса, жаны қиналып, ауырған да, ес-ақылдан айырылып әлсіреген де жоқ еді... Санасын дел-салдық жайлаған; мәңгілік бір терең ұйқы шақырғандай... Тынысы, тамыр соғысы баяу, анда-санда ғана тіршіліктің ішегін шертіп қалғандай. Нүрке кемпір «алланың ақ өлімін» іштей мінәжат айтып тіледі-ай. Сөйлеуге, тіл қатуға қуаты жетерін біліп-ақ жатыр, бірақ мынау пәни жалғанмен бақылдасар сәтте аһылап-үһілеп, арыз-арман уағыздап, балаларының үрейін алғанды жөн көрмеді. Естір құлақ, ұғар зерде болса, ақыл-кеңесін баяғыдай айтып келеді, енді мына жантәсілімін берер шақта, әлдекімдердей, шаңырақтың шаттығын бұзбау жайлы сөз бастаудың өзі күзетіп отырғандарды күйзелткеннен басқа, өсиет болып жарытпайтынын сезген еді. Бәр-бәрін де жаратқан иесіне аманаттайды да... Ол тіпті қазіргі өлі мен тірінің арасындағы мүшкіл халінде иманын ғана ойша қайталағаны болмаса, тірілер қамын қаперіне алмады да. Оқта-текте көзін жұмып, көзін жұмса болды, көз алдына көлеңдеп шыға келетін аруақтармен ғана тілге келеді, сол арғы әлемнің адамдарына бар ынта-ықыласы ауып, сол үйір – сол топқа кешіге бермей қосылуды көкसेген-ді. Әсіресе, жарықтық ақ сақалды Атасы мен Шешесінің жайлана жараса сырласып отырғанын байқады... Адам о дүниеге көшкен соң, дініне, тіліне, діліне, нәсілге бөленбей, бар-барлығы жамырасып, ұрыс-керіс, бақталассыз, жалғыз-ақ ізгілікпен «өмір сүреді» екен-ау... Ақиретке оралған соң ғана, ақыл кіріп, әділетті «ғұмыр» кешеді екен-ау; иә-иә, арғы дүниенің, ұлты мен түзігі мен қисығы, тектісі мен әулеттісі болмайды екен-ау; иә-иә, өлімнің осыншалық рақатын, қызық-қуанышын, жаның жай табатын інжілдігін кім білген, кім сезген? Әттең, сол жұмақта жүрген жұртқа жете алмай қор болып жатырмын-ау, жатырсың-ау...

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ?...»

Ерік үйге қас қарая кіріп, анасының тамырын ұстады, алақанын маңдайына басты. Нүрке кемпір ұлының қолын сезді.

– Апа, не айтасың маған?.. – Шешесі басын шайқады.

– Артық-кемім болса кеш, анашым. – Қанша қатыгез десек те, үні дірілдеп шықты. Шешесі басын изеді.

Шамның сәулесі кемпірдің ашып-жұмып жатқан жарымжан жанарын тіміскілей берген соң, Таған газетпен көлегейлеп қойды.

Бұл күні ешкімнің де мардымды ұйқысы болған жоқ, тек таң алагеуім тартқанда, әбден қалжыраған екі жігіт тысқа шығып, үйдің екі бұрышында жүрелей отырған. Талай уақыттан бері мүлдем ұмытып кеткен ескі әдеті – темекі мен арақты аңқасы кебе қайта іздеген Таған шыдамай тықыршып, қалтасынан тастамай жүретін қарағайдың шайырын аузына салып шайнап, әпігін басты.

Айнаның жөні бір басқа... Дүниедегі ең қимас затын байқамай сындырып, енді қайтіп құрай алмай діңкесі құрыған шарасыздық бар; немесе ең аяулы адамы көзден бұлдырай алыстап, қалың тұманның арасына сіңіп бара жатқандай; немесе Маралкөлді кешіп біртін-біртін суға батқан адамның ел-жұртына енді қайырылмас қаттылығын ұққандай. Жанарындағы жасты жылап тауысты ма, енесінің қасында жылжымастан сазарып отыр. Бір нәрсесін ұмытқандай, айналсоқтап жүрген Тағанға да, әлгінде ғана кіріп, шешесімен қоштасып шыққан күйеуіне де мойын бұрмады, ләм демеді. Нүрке кемпірдің қазіргі неге болсын белін буа бекінген сазарыңқы халі бұған да жұққандай. Таң сыз бергенше, көз ілген жоқ. Қаракөлеңке бөлменің мұңды да жым-жырт тыныштығы – өлім тыныштығын еске салып, салқын сабырға шақырады. Ол – Айна, шеше орнына шеше болған енесінің ақтық түнін күзете отырып, бұған дейінгі жүріп өткен бүкіл өміріне шолу жасап еді. Есінде қалып, есіне алғанда, езу тарттырар аяулы сәттері аз болған екен.

Осындайда – көңіліңді қырау басып, жаның жаураған мезетте, анасының омырауын іздеген перзенттей қарманғанында, ойша таусап еміп, ашыққан рухыңа медет болар жақсы ма, жайсаң күндердің мол болғанына не жетсін, шіркін!

Амал не, тағдырының тарантасы өңкей тастақты жолмен жүріп, селкілдеп өткенін неге байқамаған... Құдай-ау, осындай селкілдек ғұмыр кешкенше, неге ғана сол арбадан секіріп түсіп қалмаған.

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ?...»

...итжандымыз, басқа қаңқ еткізіп теуіп жіберсе де, қыңсылаған күйі «иеміздің» етегіне оралып, аяғын жалаймыз.

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ...»

...көр соқырдай қалай жетелесе, солай ере береміз... Кім үшін, не үшін өмір сүрерімізді ақыл таразысына салмай сандаламыз. Адамның қателігі – кемшілік жіберуінде емес, сол кемшілікті кешіктірмей түземеуінде. «Мүмкін, осының барлығы жастай жетім қалып, жасық та жалтақ болып өскенімнен шығар-ау, – деп күрсінді келіншек, – Бәлкім, басымнан сипап, бауырына тартар ананың ыстық ықыласын сағынған, көксеген сәтте, Нюра Фадеевнаның ақ босағасына тап болуымнан шығар. Баласынан қалған көңілді анасы иітіп, бір-бірін толықтырған соң, алданып жүре бердім бе? Мен Ерікті адал сүйдім, табындым. Дүниедегі ең қиын нәрсе – шын сүйген адамыңнан қалған көңіл; ол – шыққан жан, кешірімі мен кеңдігі болмайды екен. «Сүю дегеніміз – сол сүйген адамыңның ғұмырын кешу», деп бір данышпан сәуегейсіпті... Ал, кештім... Ақыры не болды? Осылай аяқталмақ. Жо-жоқ. Сүю дегеніміз – әсте де сүйген кісіңнің құлы болу емес... емес... емес... Менің Ерікпен өткізген он жылым күң болумен өтіпті...» Көз еті ашып, жанары әлсін-әлі жұмыла берді. Жанары жұмылса болды: жылқылы ауыл, бие сауып отырған анасы, жайлаудың жайқалған қып-қызыл қырмызы гүлі елестейді...

– Айнаш! Ау, Айнаш! – деген үннен селк етіп оянды. Бірер минут көзі ілініп кетсе керек. Әлгі өзін шақырған үн қайдан шыққанын білмей, жан-жағына қарады. Ешкім жоқ. Енесі көзі ашық, тіпті сау кезіндегідей ажарлы.

– Айнама-ау! – дегенде, зәре-құты қалмады. – Қорықпа, келінжан, мен ғой. Су жылытпалап әкелші, дәрет алайын, – деді қимылдап.

– Қазір, апатай, қазір. – Қатты қуанды. Сауыға бастады деген иланым биледі бойын.

Бұл – Нүрке кемпірдің бой жасағаны еді.

Асықпай дәреттеніп, ақтық дәм – атау-кере суын ішіп болған соң, аллатағалаға мінәжат білдіріп, рахымына көнетінін, төтеден жіберген дертіне мыңда бір алғысын айтып, ұзақ күбірледі. Бұдан соң «бисмилла рахман-рахим» деп, екі қолын кеудесіне қойып, шалқалай жатып көзін жұмды. Енесінің әрбір қимылын қалт жібермей аңдып отырған келіні тынысы үзілгендей үнсіз сұлаған апасынан шынымен-ақ айырылып қалдым ба деген қорқынышпен үңіле түсіп еді, қарияның жүрек соғысы әлі де әлсіз білініп жатқанын сезген.

Нюра Фадеевнаның тұла бойы, саусақтарынан бастап, суына бастағаны рас-ты. Бірақ шыбын жаны ұшып кете қоймаған... Оның дәл осына өлім арбасына мінер тұсында, қандай құдіреттің күші екенін кім білсін, құлағына шіркеу қоңырауының үні естіліп, тау-тасты жаңғырықтыра күмбірлеп ала жөнелген. Балиғатқа толмаған баланы шешесі жетелеп, шіркеуге апарды екен дейді. Ескі діншілдер шіркеуге бармаушы еді ғой... Анасының мынау кержақтар сенім-нанымына мүлдем қайшы оқыс қылығына кішкентай Нюра таң-тамаша қалды. Түкке түсінбей, өне бойын діріл биледі.

Бірақ мінәжатханадан қара сақалды поптың «во имя отца и сына и святого духа» деп басталатын қоңыр да құдіретті даусы жап-жас қызды шошытқан жоқ... Анасының қапталына тығылған күйі, шіркеу табалдырығынан аттаған. Көзінің астымен жан-жағына қарап еді, мұнда кілең кержақтар ғана емес, қаптаған қазақтарды да көрді. Таң қалды... Мұқым иін тірескен ел шоқынып тұр. Шешесі қызықтағандай аңтарыла тұрып қалған қызын бүйірден түртіп: «Крестись, отпускай свой грех», – деп күбір етті. Нюра екі саусағын біріктіріп алды да, шоқына бастады... Ананың сүтімен рухына сіңген сенім түптің-түбінде бәрібір жеңіп шыққан еді.

...Енесінен көз алмай отырған Айна бір уақта... жаңа ғана қыбырсыз жатқан: бұл түсінбейтін орысша әлденені айтып күбірлеп, бұл түсінетін «о, господи, прости своего грешного...» деген сықылды сөздерді араластыра сөйлеп, шоқына бастағанын көргенде... иә-иә, көргенде... екі көзі шарасынан шыға шошынғаны соншама, «апатайым-ау, мұның не?!» деп айқайлап барып құлады. Талып қалды. Бұл – Айнаның өз өмірінде екінші рет оңбай қорыққаны, талғаны еді.

...Әне, Нюра Фадеевнаның алдынан ескі діндарлар (старо-веры) жұмағының есігі айқара ашылған... Ол мәңгілікке сапар шекті.

Үйдің бұрышында шөкелей отырып, сәл көз шырымын алған Таған әлдекім түртіп жібергендей, селк етіп оянып еді. Күн бұлыңғыр, аспанда тұтасқан бұлт бар. Сондығынан ба, таң атса да, маңай қаракөлеңке. Кемпірдің жағдайың білмекке үйге кіріп еді, өліп жатқан кемпір мен талып жатқан Айнаның үстінен түсті. Жан ұшыра Ерікті шақырды.

Келесі күні түске таман Нюра Фадеевнаның сүйегін Қатын өзенінің жағасын жерлейтін болды. Өзі өмір бойы көксеп өткен туған ауылынан бір уыс топырақ бұйырмады. Жер мойны қашық, мәйіт шыдас бермейтін болған соң, анасының арманын орындай алмады Ерік. «Ақсақалды үлкен адам ғой, аңшы Шалды шақырайық» деген Тағанның өтініші аяқсыз қалды. Сонымен, жас қабірдің басында үшеуі ғана тұрды. Дегенмен, осынау үш адамның иығында үш жүз адамның қасірет-мұңы бар еді. Амал не, қайғырудан қайтып оралған пенде жоқ. Неге екені белгісіз, өлікті үйден екі жігіт көтеріп шығарғанда, Айна анасына арнап жоқтау айтты, бірақ көзінен жас шықпаған. Зор да зарлы үнпаздықпен қабір басына жеткенше тоқтамаған.

Ел жайлауға қайқайды-ай,
Шаппай да жорға тайпалды-ай,
Апатайымнан айырылып,
Маңдайдан бақыт шайқалды-ай...

Арғымақ келер ағылып,
Жібектен шылбыр тағынып,
Асыл да туған апам-ай,
Келінің жүрер сағынып.

Қатынның суы тасыды-ай,
Кемерінен асады-ай,
Апатайдан айырылып,
Сүйегім менің жасыды-ай...

Жылай-жылай күн кешкен
Ешкі маңырап су кешкен...

– Жә, зарлай берме, сай-сүйегімді сырқыратып. Үндемей жыла!– деп, Ерік зекіп тастады.

Қара су болды лайлы,
Көзінің жасын бұлайды.
Бір бұл емес, апатай,
Келінің талай жылайды-ай...

«Соңғы жоқтауды өз жанынан шығарды, – деп ойлады Таған. – Апыр-ай, артында аңырап жоқтаушың қалса, қандай бақыт. Нюра Фадеевна армансыз, әрі иманды адам».

Түнде бас алмай жауған биылғы күздің алғашқы жаңбыры осы әзірде ғана толастаған. Арты қалың тұманға айналды. Таудың боз тұманы маңайдағы барлық затты тұмшалап тастаған. Қабірдің топырағы нөсер суымен малшынып, аяққа, күрекке жабысып, сарсаңға салады. Жол бойы қыңсылап, аяққа оралып, мазаны алған Аламойнақ шоқиып отыра қалып ұлыды-ай... Ерік «өзіңе көрінсін» деп, қолындағы күрегін ала ұмтылып еді, тұманның арасына сіңіп кеткен. Әлдеқайдан, бозғылт дүниенің әйтеуір бір тұсынан ұлыған үні бәрібір естіліп тұрды. Нюра Фадеевнаны жерлеу рәсімі аяқталған соң, екі еркек, жалғыз әйел томпайған топырақ үйіндісіне салбыраңқы қабақпен қарап, үнсіз ұзақ тұрды. Әрқайсысы өзінше қайғырды, өзінше бақылдасты. Алтайдың жамбасқа жұп-жұмсақ қойнауы қойнына алған Нүрке кемпір қанша діндар болса да, не мұсылманша, не христианша жерленбей, өз иманын өзі айтып, өз жаназасын өзі шығарып, жарық дүниенің бар азабынан осылайша бақилыққа азаттанып еді...

Жер беттеніп, кімге екені белгісіз, кекті сыңаймен түйілген Ерік шұғыл бұрылып кете берді. Енді Таған мен Айна ғана қалған қабір басында. Басына ораған қара шәлісінен бет пішіні сәл ғана көрінген келіншек көз жасының суалып, ағыл-тегіл жылдар шағында кеуіп қалғанына қайран... Таған болса не істерін білмеген. Жасқаншақтана жақындап, Айнаның қолтығынан ұстады:

– Апамыз келмеске кетті, өткенше өкін, өткен соқ бекін деген, жүр қайтайық,—деп икемдеп еді, келіншек міз баққан жоқ. Ендігі тұрыстың лажын таппаған соң, ол да үй жаққа аяңдады. Жас қабірдің басында тұманға тұмшаланып Айна жападан-жалғыз қалды.

Түн аса суық болды.

Ертеңінде шөп басын сілбі басып, кешегі жаңбыр мұздақтап тастап еді. Айлақта отырған жалқы омартаның түтіні бұл күні шыққан жоқ, тіршіліктің барлығын кемпір өзімен ала кеткендей өгейсіген өмір басталды. Ежелден аз ұйықтап, көп жортатын Ерік таң қылаң бере, атын ерттеп, мылтығын өңгеріп аң қарап кетті! Түні бойы дөңбекшіп, ұйқысы қашып, көрер таңды көзімен атқызған Таған тауық шақырарда ғана тыншыған. Ал Айна мүлдем көз ілмеді. Енесінің киімдерін жинастырды, төсек-орнын сілкіп, бөлмені аршалады. Енесінің оны-мұны салынған сары ала сандығын алғаш рет ашқан. Қақпағын ашарда неге екенін өзі де байқамай «бисмилла» деген сөз аузына түсті. Сандықтың ішінде өзінен жасырған мол «байлық» жоқ екен, тек ең түбінде шетін кестелеген ақ орамалдың орауын жазғанда, өз көзіне өзі сенбеді, адамзатқа бақырая қараған көнетоз иконды қолы қалтырай алып, бұрышқа апарып сүйеп қойды.

Ерінің ертелетіп аттанғанын көрген. Тәуекелге бел байлап үйден шыққан. Омартаға барды. Оқыс түскен суық аралардың да зәресін алғандай... Америкадан келген будандардың ұясын іздеп тауып, ара кіріп-шығар танадай тесігін шүберекпен мықтап бекітті. Құшақтай ырғап орнынан көтеріп алған күйі өзен жағасына апарды. Екіншісін де жеткізді. Үйден шелекке құйып керосин әкеліп аямай лақылдатып төкті ағаш жәшіктерге. Бұдан соң шырпы тұтатып от қойды. Лап еткен жалыннан жасқана шегініп, «жауыз араның» жанғанына рақаттана қарады-ай... Сөйтіп, енесінің қазасына себепкер болған капиталистік шыбынды шырқырата құртқан еді... Амал не, Алтайдың ана аралары ОЛАРМЕН әлдеқашан шағылысып, «жауыздардың» ұрпағы анау қаптаған ұяның әрқайсысында қыбырлап жатқанын сезген жоқ еді... Амал не... білген жоқ еді...

Осы кезде Таған да оқыс оянып, далаға шыққан. Ең әуелі көргені – өзен жағасында жанып таусылуға айналған отқа қақтанып тұрған Айна. Алғашында істің мән-жайын түсінген жоқ. Қасына барып білейінші деп беттей бергенінде, теріс қарап сұлық тұрған келіншек жалт бұрылып, Тағанды көрген соң, «бұл қайдан шыға келді» дегендей, Қатын суына қарай тұра жүгірді. Жүгірген бойы екпінін бәсеңдетпестен, жарқабақтан суға секірді... «Айна! Тоқта!...» – деп, айқайлай ұмтылған жігіт ағын ала қашқан әйелдің денесін қуа, жар жағалай безектеп,

алдынан шыға ол да секірген. Мұздай суға қақалып-шашала малтып, Айнаның киіміне қолы іліккен соң, сыңар қолдай жүзіп жағаға сүйреледі. Құтқарды. Өлі-тірісін білмейді. Сілкілеп жұтқан, қойны-қонышына толған суды ағызды. Аяқ-қолын кергілеп, жаттығу жасатып дем берді...

Әйел есін жиғанда, қуанышында шек қалмаған. Көтерген күйі апарып, киімін ауыстырды. Пешке от жағып, бөлмені жылытты.

Енесінің ағаш төсегінде безгегі ұстағандай дірілдеп жатқан Айна өз-өзіне келген соң, көзін ашып айтқаны:

– Бекер құтқардыңыз, аға... Бәрібір бұл дүниелік емеспін.

– Не басыңа күн туды, айнам. Битке өкпелеп, тоныңды отқа салғаның не?

– Бит емес-ау, итке өкпелеп... Қарызыңыздан құтылдыңыз...

– Рас, мені де ажалдан ағытып алып едің... Ыстық шай ішесің бе?

– Әуре болмаңыз... Сіз маған мынаны айтыңыз: өлімге қимадыңыз, ендеше, өлімнен де бетер қорқынышты осы қарғыс атқан үйге тастап кетесіз бе... бәрібір бұл жерде тірі жүруім екіталай...

– Не істеуім керек, айнам... Еріктің асын ішіп, аяғына түкіргендей боламын ғой...– деп күмілжіді. Ұяң да ұятты келіншектің неге бекініп, қандай іске бастағанын андаған соң, жаз бойғы арманының берекесі қашып, солқылдай бастаған.

– Олай болса сізге өкпем жоқ... Жолыңыз болсын. – Сәл үнсіз жатты да: – Мен сізге сөз салып, маған үйлен деп, қолқа артып жатқаным жоқ, мынау қасіреттен құтқарар адам баласы бар ма деп, қорланып жатырмын... Әйтеуір, сүйемелдеп тау асырып тастасаңыз болды... өзіме өзімнің шамам жетер емес... Араға таланып өлгенше, Алтайдың аюы жегені иманды шығар...

– Олай болса, мен дайынмын! – деді ұлы тәуекелге бел бұғандай ширыққан Таған. – Құдай да, адам да кешер бұл ісімізді.

– Бұл жалғанда сенерің, сүйенерің, құтқарарың, қол ұшын берерің болғанға не жетсін, – деді басын көтеріп, орнынан тұрған Айна сергек үнмен.

Таған келіншектің су-су шашынан сипап, алғаш рет маңдайынан иіскеді.

– Сен болмасаң, менің де сау-саламат жүруім екіталай, айнам, ішіп-ішіп өліп қалар едім.

– Қызық екен, аға, – деп әнтек жымыды. – Бұрын сізден ішімдіктің иісі шығатын, қазір сәбидің бе, сәби жөргегінің бе, әйтеуір, жаныңды жарылқайтын өзгеше бір таныс та бейтаныс иіс сезіледі...

Тихой өзеншесінен Айнаны көтерген күйі, белуардан кешіп өткен Таған Шалдың «мемлекетіне» жетелейтін білте жолмен Алтайдың қара орманына сіңіп бара жатты...

Оң сапар тілейік, ағайын...

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ...»

Аңнан кештетіп оралған Ерік келіншегі мен маскүнем досының жым-жылыс жоғалып кеткенін білді, сезді, іздеген жоқ. Салқын қандылықпен: «Жетісер!» – деді, тісін сақұрсұқыр қайрап. Содан соң «Жетісерсіңдер, жетісерсіңдер! – деп жын ұрғандай, тауды басына көшіре сақылдап күлген. – Прохор келсін, вертолетпен Бекзатты алдырамын. Маған бәрібір, қатын болса – болды».

Ертеңінде әлемді аппақ кебінге орап қар жауды. Биылғы жылдың алғашқы сонары...

«Аңға шығу керек, – деп ойлады ширыққан омарташы. – Дүниеде одан қызық та қымбат не бар? Қалғанының барлығы қараң қалсын!»

* * *

Келер жылдың көктемі шығып, жабағыланған сіреу қар еріп таусылып, арқырап өзен тасып ағаш бүрлеп, гүл бас жарғанда, Ерік жылдағы әдетінше Қатын суын құлдап, тарихи мекеніне барған. Арғы беттегі шынарға жанарынан су аққанша қарады. Әне, көрінді! Сол! Өзі! Ақбоз ат мінген сұлу! Омарташының ғашығы! Аттан түсіп жетелеген күйі, өзен жағасына келді – тым жақыннан көрінді. Қолын бұлғады. Ерікте ес қалмады. Суға түсердей болып, жағалауға мінбелей ынтыққан. «А, құдай, араға айналсам екен, ара болып арғы бетке ұшсам екен» деп тізерлей отырып, қолын аспанға соза, бар болмысымен тіледі-ай, тұңғыш рет зар еңіреп жылады-ай...

Құдайдың құдіретімен омарташы араға айналды... бірақ бал арасына емес, малға тыныштық бермейтін көкбас сонаға айналды. Айналуы сол екен, арғы жиектегі Қызға зымырай

ұшқан. Ұшқан қалпы ғашығына жетіп, иығына қонды. Не болғанын білмей сасып қалған Қыз қолындағы екі бүктелген қамшымен сескене салып қалғанда, енді ғана арманына жеткен «Ерік-Сона» қанатын серпуге шамасы жетпей, тырапай асып домалап түскен... мәңгілікке...

Қатын суының айлағындағы керемет үй, көл-көсір байлық, қора толған мал, бал аралары иен қалды. Қалса – қалсын, көп ұзамай Қатынға тоған орнатылып, су көтерілгенде, бәрібір шіріп астында қалады...

Су астында Нюра Фадеевнаның жетімсіреген зираты да қалады...

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ...»



БӘРІ ДЕ МАЙДАН

Повесть

*Ардақты әкем Бөкей мен
аяулы шешем Гулияға арнадым.*

Автор

1

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына отыз жыл толып, ұлан-асыр той, телегей-теңіз қуаныш болып жатқан мамыр айының жайма-шуақ күнінде, дәлірек айтсақ, май айының тоғызында ағаштан қиып салған төрт бөлмелі үйдің есігі таңертеңнен кешке дейін ашылған жоқ. Ауыл-аймақ, көрші-қолаңның бар-барлығы тайлы-таяғы қалмай клубта өтетін мерекелік жиналысқа кеткен. Ал түтіні де шықпай, есігі тарс жабылып тұрған үйдің иесі – Ақан болса, ертелетіп тұрып, шағыр қасқа биесін ерттеген де, дәл іргеде шошайып көрінген Ұзақ тауын бетке алып, аттанып кеткен-ді. Ақан шалдың бұл жұмбақты аттанысын сиыр сауып, өріске мал қосып жүрген көршілері әр саққа жүгіртіп, сүт пісірімдік әңгіме-өсектің арқауына айналдырды.

– Ауырып жатқан кемпірін жалғыз тастап, қайда қаңғып барады?..

– Үш күн болды тірі жанмен тілдеспей, қабағынан қар жауып жүр.

– Алыстағы баласы жаманаттан аман ба екен?

– Мұғалім қызы қайда екен?

– Облысқа жиналысқа кетіпті.

– Ескі ауруы қайта көтеріліп жүр-ау байғұстың...

– Енді өлсе де арманы жоқ. Балалары жетті.

– Алманың қаны таси берді-ау. Кешелі-бүгін тәуір ғой деймін. Көңілін де сұрамадық. Не десек те бірге өсіп, біте қайнасқан замандасымыз еді. – Бұл сөзді айтқан – ері отыз жыл бұрын соғыстан қайтпай қалған Бәтіш кемпір.

Осы кезде Ақан үйінің оң жақтағы көршісі Құмырай шықты. Есік алдындағы тақтай табалдырықта тұрып, аузын арандай аша есінеді. Содан соң ақсаңдай басып басқыштан сақтана түсті де, қора айналып келді... Әйелдер жағы Құмырайдың бұл көргенсіздігін көрмегенсіді. Ақсаңдай басу өзіне соншалықты жарасарын ежелден білетін ол қойқаң-қойқаң етіп, әйелдерге жақындады. Жатса да, тұрса да салақтап кеудесінде жүретін жалғыз медалі сол орнында – кір басып, әбден тозығы жеткен, жаға-жеңі қырқылған гимнастеркасында ырғаң-ырғаң етеді.

Бұл жалғандағы жалғыз-ақ мақтанышы еді. Одан артық сый-сияпатты әсте де дәметкен емес. Осыдан үш жыл бұрын өкімет берген «Запорожец» машинасын ұлы тау мен тасқа айдап шағып тастаған, жатыр әне үй іргесінде итаяқ болып. Шырпы басын сындырмайтын кержалқау жан атасына нәлет соғыста бір сирағын тізеден төмен садақалады да, пенсиясын алып, аман қалған жанын күйттеп жатып алды. Алғашында осы ауылға жарық берер моторды кешке оталдырып, түн орталай сөндіру жұмысында жүрді. Былтырдан бері ол жұмысты ортаншы ұлына тапсырды да, өзі ертеңді-қара кеш дүкеннің алдында, темекісін бұрқыратып ары өткен, бері өткен ауыл адамдарына әр нәрсені айғайлап айтып, ерігіп отырар еді. Келімді-кетімділерден жүз грамм дәметкіш көңіл пайғамбар жасына келген қарт солдаттың беделін түсіріп-ақ жүр. Қайтеді енді, өзі қорғап қалған бейбіт өмірдің шуағына еркелегені ғой...

– Әй, Рэзия, шай қойдың ба? – деп дауыстады, екі иығы имиіп, мойын ағашпен су әкеле жатқан кемпіріне.

– Түкпіш-ай, көрмей тұрсың ба, суды жаңа әкеле жатыр ғой. Тесік өкпесін сүйреп әрең жүр, аясаңшы жазғанды.

– Жаның ашыса, анау шөпжелке қыздарыңа айтсаң еді, екі шелек су әкеліп тастасын.

– Сойталдай үш ұлың бар, қатын неге әпермейсің? – деді әлгі кемпір.

– Сенің қыздарыңды тосып жүр.

– Байсыз қалса да сендей заржакпен құда болмаспын.

– Өйтіп ерегестірсен ертең-ақ алып беремін.

– Дәмесінің зорын. Пішту.

Осымен сөз бітті де, көршілер тарай бастады. Өз-өзінен ерігіп тұрған Құмырай дау-дамайын жалғастырар адам таппағанына өкінді ме, шаптыққан дауыспен әйеліне зікір салды:

– Ыбылжымай шай қойсаңшы! Бүгін жеңіс күні. Клубқа жиналысқа шақырған.

– Жауды жалғыз өзің жеңгендей желікпеші. Өзім де өлейін десем қолым тимей, етегіме сүрініп жүрмін. – Күйіп кетті ғой деймін.

Ерінің бетіне тура қарап айтқан сөзінің алды осы еді. Күйеуі шатынай қарады. Тіпті жүзінде әлгі сөзді шынымен-ақ анау жел соқса құлағалы тұрған кемпірі айтты ма дегендей таңданыс бар. Қапелімде не дерін білмей сасқалақтады да. Ал анау болса түсі сұп-сұр болып, енгезердей шалына түсінбей, тепсініп тұр.

– Соғыс кезінде қанатынан қайырылмаған сұңқар, тұяғынан айырылмаған тұлпар қалып па еді. Көбінің сырты бүтін болғанмен, іші түгін. Екі аяқ, екі қолы сау демесең. Ақаннан артық азап шекпеген шығарсың. Отыз жылдан бері язбі жөлетке, асқазанына ас батпайды. Түйені түгімен жұтып, шелектеп арақ ішкен сенен гөрі иманды. Қартайса да аттан түспей, көштен қалмай келеді. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Сенің балаларыңа дейін өзіңе тартқан шетінен саудайы.

– Жатыры жаман ғой, жатыры...

– Одан да қаны жаман десеңші.

– Әй, әй әкеңді... саған не болған-ей. Түс көрдің бе? - Құмырай тұтыға тіл қатып еді, әйелі бастырмалатып, бет қаратпай қойды.

– Түс көрмейтін албасты деп пе едің... Көрдім... мойныңа қоржын асып, мәгезіннің алдында қайыр тілеп отыр екенсің, көшеден шөлмек жинап, арақ іздеп жүр екенсің. Ал, ендеше, қылатыныңды қылып ал.

– Отыз жыл бойы тілің кесілгендей, үндемеп едің, отыз жылдан бері маған әзірлеген сыбағаң осы ма... ішінде ит өліп жатыр екен-ау. Ақан итпен араңда бір пәле болған екен-ау, – деп таяғын шолтаң еткізіп ұмтылған. Ұмтылғанымен әйелінің арық қара бетіндегі жүз жылдық зілді, әйелінің шүңірейіп ұясына әлдеқашан кіріп кеткен жансыз жанарынан жанған ашу мен ызыға, зіл-залаға толы отты көріп, тайсақ тартты. Жауын құрты – жылайшандайғұрлы көрмей келген қатқан қара қатыны, эне, уытын шашып, оқ жыланша атысып тұр. Жо-жоқ, бұл алданған екен. Үндемегеннен үйдей пәле шығады деген осы да... Қолындағы таяғын сау тізесіне салып морт сындырды

да, лақтырып тастап, амалы таусылғандай, кеспелтек ағаш үстіне отыра кетті.

– Е, бәсе, осылай жөніңе көш, кәрі қақпас. Жұдырық жұмсар күнің өткен. Өне бойымда сенің таяғың тимеген жер қалмады. Гитлерден ары болдың... Құдайға шүкір, араша түсер адамым бар, балаларым ер жетті...

Айғай-шуға елеңдеген көрші-қолаң әрқайсысы өз үйінің есік-тесіктерінен сығалап, қызықтай құлақ түріп тұр еді, сып етіп, көрінбей кетті.

Енді, міне, отыз жыл отасқан әйеліңнен сөз естіп отырғаның. Басқасы басынбай қоя ма?

Таңғы тәтті ұйқысын қимағандай манаурап жатқан ауылдың отыз жылдан бері ыңғай ырғақпен келе жатқан қалыпты тіршілігі қыбыр-жыбыр басталған еді. Май айының масайраған күні адамзатқа бүгін де ұлы тыныштық, байсалды өмір тілегендей, сонау миллион жылдан бері өркештеніп, тарихтың өлі куәсі болып жатқан алып таулардың тұтқынынан сытылып босай берді. Түні бойына ұйқының жайлы да жайма-шуақ құшағында тұншыққан қаперсіз ауыл мәңгілік қозғалыстың – өлмейтіндей өр серпіген шаруаның дабылын қайта қақты да, қайғысыз қара суын сораптап ұрттай бастаған.

Бағанадан бері сең соққан балықтай мең-зең отырған Құмырай, алғаш рет тұмсығы тасқа тиген Құмырай, неге екені белгісіз, қолына мылтығын алып, атойлап жауға аттанғысы келді; сыңар аяғымен-ақ алшандай басып, алға ұмтылғысы келді; өзінің мүгедек екенін алғаш рет шындап сезініп, әлемдегі талтаң-талтаң басып жүрген мұқым адамдарды өлердей жек көрді. «Жо-жоқ, мен емес, – деді тісін шақыр-шұқыр қайраған қарт солдат, – әсте де мен емес мүгедек» деп, өз кеудесін өзі ұрып қалғанда, тозығы жеткен медаль сылдыр ете қалды. Сонда ғана есін жиғандай, алақанымен сипап көріп еді, орнында екен. Сол жақ аяғын кесіп отынға жаққан жоқ қой. Әуелеп ысқырып келіп, дәл жанына түскен бомбаның жаңқасы жұлып кетіп еді ғой. Қып-қызыл қанға бөгіп, шала-жансар жатқан жерінен орыстың әдемі қызы тауып алған. Бұл тірі қалды деп ешкім ойламап еді. Тек денсаулығының мықтылығынан ғана суішкілігі үзілмей, балдаққа сүйеніп елге оралған. Иә, бұл ақсаңдай басып елге оралғанда осы Жұлдыз ауылының еңкейген кәріден еңбектеген жасына дейін тайлы-таяғы қалмай ұбап-шұбап алдынан шыққан. Аудан орталығына арба жіберіп алдырған майдангер

азаматты жүрекжарды қуанышпен қарсы алып, қонаққа шақырмаған бірде-бір үй қалмап еді. Сонда ауылдың алжиын деп отырған ақсақалы мұның кеудесіндегі жалғыз медальды ұстап көріп: – Шырағым, мына жарықтықтың күші кімге жетеді? – деп сұрағанда, шімірікпестен: – Ата, осы медальдың арқасында екі кісіні сотсыз атып тастауға қақым бар, – деп, кеудесін қағып еді-ау. Содан кейінгі өмірі қызық өткен. Ақырып атқа мінді. Жастар өсіп, жарлы байығанша алақандай ауылды аузына қаратты. Баяғыда осы ауылдың Ынтымақ атанып тұрған шағында, сары жорғаның үстінде шіреніп отырған Құмырай, қолындағы қамшысын әдейі түсіріп жіберетін, сол кезде үріп ауызға салғандай әдемі қыз-келіншектер таласып әперуші еді-ау. Енді міне... көрінгеннен сөз естіп... әсіресе қой аузынан шөп алмас, момын әйелінің тілі тотияйын болып тигені жанға батады да. Бұл жалғанда мәңгілік не бар дейсің, өтеді-кетеді. Атақ, даңқ, дәулет пен бақыт – осының қай-қайсысы да жыл құсы секілді, басына күн орнап, жаның жылағанда ғана ұя салады. Базарың тарқап, күздің суық желі ессе, пыр етіп ұшады да, өзгенің талайына барып қонар.

– Жылан арбап отырсың ба, шайынды іш, суып қалды. Қайта-қайта самаурын қояр шамам жоқ, – деген әйелінің даусы ойын бөлді. Созалаңдап орнынан көтеріліп, жан-жағын қарманып еді, таяғын таппады. Әлгінде ашумен өзі сындырып тастағаны есіне түсіп, шойнаңдай басып үйге беттеді. Көптен бері майланбаған протез аяғы шикылдап, тозығы жеткен, тіпті ұмытыла бастаған әуенді қайталады. Осыдан отыз жыл бұрынғы күркіреп өте шыққан соғыстың салдары, бүгінде тым азайып қалған әркімнің әр жерінде сыздатып жүргені рас-ты. Ал жанын жаралап, көкірегі мен көкейін кеміктеп жатқаны қаншама? Солардың бірі Ақан десек, ол да, эне, шағыр қасқа биесін мініп, тау-тасты кезіп барады.

2

Бір ғана ағыспен өтіп жатқан өмірдің аяқ астынан айран тамған сүттей іріп шыға келуі Ақанның көңілінде көгіс тартқан баяғы бір көне жараларын тырнап алғандай еді. Жеңіс күніне бұл да бір кісідей дайындалған. Соңғы аптада ескі сырқатынан ептеп сергігендей болған әйелі Алма:

– Шал, елмен көрген ұлы тойға біз де тышқан мұрнын қанаталық. Тоқтының бірін сой, көршілерге тамақ ауыз

тигізелік. Осы үйден дәм татпағалы да талай уақыт өтті. Сараңдық жасама, – деп өтініш айтып еді. Соятын тоқтысын таңдап, кешеден бері жем бермей, қораға қамап, пышағын қайрап дайын отырған. Ертең жеңістің құрметіне ұлы жиын болады. Соғыс кезінде жаумен шайқасқан азаматтарды арнайы шақырып, төрге отырғызады екен. Орден-медаль, сый-сыяпат үлестіреді деп, ауыл адамдары қатты дүрлігісіп жүрді. Сый-сыяпатын қойшы, оқ пен оттың ортасынан аман қалғандары үлкен сыйлық емес пе; елеп, тамам жұрттың көзінше сахнаға шығарғаны қандай қуаныш. Кейінгі жастардың бірі біліп, бірі білмейтін, сол азапты жылдарды еске алу, есімін атау құрметінен айналмай ма. Егер зәуде сұрай қалса, Ақанның да айтары көп еді. Неге екені белгісіз, соғыс кезінде қолына қару алып соғысқандарды, тіпті тылдағы әйелдердің ерлігі көп айтылып, шүкіршілік, назардан тыс қалып көрген жоқ, ал өзінің, иә-иә, «трудовайда» болған өздерінің еңбегі ше... Әйтеуір, бір күні ескерілер, еленер деп үміттенуші еді, ондай атты күн де туды-ау, әйтеуір.

Кеше кешке болатын. Малын жайғап, қора маңының бәкін-шүкін шаруаларымен сыртта біраз бөгеліп қалған. Жарықтық күн де қып-қызыл болып, әдемі батты. Баяғыда батыс көкжиекті осы секілді ал қызыл шапақ шарбыласа, жұрт тағы да соғыс болады деп, жаман ырымға жорушы еді. Қазір табиғат бояуының қайсыбір түсіне де көз үйреніп кетті ғой... Иә, енді үйге кіре берем дегенде, астындағы атын арындатып, кекілі шолтаңдаған бала келді шапқылап. Алғашында оның суыт жүрісінен секем ала тіксініп қалған. Баяғыда, 1941 жылы да дәл осындай қара бала жеткізіп еді қаралы хабарды.

– Ақсақал, – деді ат үстінен түспей айғайлап. – Құмырай атам үйінде ме екен?

– Жайша ма, ұлым? Үйінде болар.

– Шақырып жібермейсіз бе?

– Шақырайын, – деп қалбалақ қақты. Шапқыншының өңі жылы, жақсылық шығар деген ой жеңдеп, көршісінің есігін ашты. – Құмеке, ау, Құмеке, үйдемісің?

Ақсаңдай басып Құмырай шықты.

– Не болды? Тағы да жау ма?

– Жағыңа жылан жұмыртқаласын. Анау бала іздеп келіпті сені.

– Не керек, ей, саған? Қожақтың жыңды ұлымысың?

– Иә, сол жыңды менмін. Сізді ертең кешке клубта өтер тойға келсін дейді. Ешқайда кетіп қалмасын, жақсылап дайындалсын, сөз береміз, – дейді.

– Өзім де білемін. Қазір бастаса да дайынмын. Атаңа нәлет жауды қалай әкесіне танытқанымды ертегі-жыр ғып айтып берейін.

Атты бала шұғыл бұрылып, құйын-перен шапқылай жөнелді. Құмырай өзіне-өзі риза болған кейіппен, омырауындағы жалғыз медалін ырғақтата басқыштан түсіп, Ақанға жақын-дады:

– Қалай, құрдас, сені де шақырды ма?

– Жоқ, маған еш нәрсе айтпады.

– Енді, ол жыңды ұлдың жазығы не. Тізім бойынша хабарлап жүр ғой. Және де бұл «трудармияның» емес, соғыс армиясының тойы ғой...

– Сен өйтіп оспақтама, – деп шалт кетті әншейінде үндемейтін Ақан. – Сенің де қиратқаның белгілі. Немістің түртүсін көрмей жатып, жараланып қайтып келгеніңе мақтанамысың.

– Былжырапсың, – деп қарқ-қарқ күлді Құмырай. – Алты жыл бойы көртышқан секілді топырақ қазған сенен гөрі тәуірмін.

Одан ары тәжікелесіп тұра беруді ар санады ма, Ақан жедел басып, үйіне кіріп кеткен. «Еще артиллериспен дауласады» деген сөзін естімеді.

Содан түні бойы көз іле алмады. Шалының әлденеге ренжүлі екенін сезген Алма да әр нәрсені сұрап сөзге тартқан жоқ. Екеуі екі төсекте бүк түсіп жатып қалған. Жан-жақтан қамалап келіп, миын шанышқылаған алуан түрлі ойлар таң атқанша маза бермеген. Биесін ерттеп ерте аттанып кеткені де тірі қорлыққа шыдай алмай, қашаң тартуы еді. Ол ешқашан да елден саяқ кетуді көкसेген емес, тек анда-санда өз атына айтылар қаңқу сөзден ғана безінетін. Алпыстан асқан ғұмырында ешкімнің ала жібін аттап, «Әй, сен сондайсың», – деп көрген жоқ. Ең өкініштісі сол – әлгіғайбат сөздер бұған арналатын. «Тек жүрсең – тоқжүресің» деген сөздің бекерлігін енді ғана түсінгендей. Бұл жалғанда жамандықтан қашып құтылған адамның жоқ екенін білсе де, ізгіліктен де үмітін үзбеген. Адамзат жаратылғаннан бермен жағаласа жарысып, өмір атты

дәу шананы қосақтала сүйреп келе жатқан Жақсылық пен Жамандық – осы екі ұғымның қай-қайсысы да жер бетінде желе-жортып, сайран салуға қақылы екенін дәлелдеп-ақ келеді. Итжығыспен жеңісе алмай, діңкесі құруға тақағанда, сөз жоқ, сол екі ұғым өкпеге қиса да өлімге қимас туыстықпен аймаласып, бірінің көріне бірі топырақ салар еді. Ендеше, ғұмыр бақида да жеке дара өмір кеше алмас Жақсылық пен Жамандықты таразылап, керегін ғана аламын деуден сорлылық бар ма? «Мен бақыттымын!» деп әлемде ешкім айта алар ма екен; ал егер зәуде айтқан адамнан сорлы тағы ешкім жоқ. Күн шықса соңынан қалмайтын, бұлт басса, іздеп таба алмай қалатын сол бақытты Ақан әсте де соңынан түсіп, әлдекімдердей сүмендеп іздеген емес. Төрткүл дүниені миллиондаған адам секілді бұның да жалғыз-ақ мақсаты болған: тірі жүру, өзінің қалқайып тірі жүруі арқылы бала-шағасын асырау. Сөйтіп, өмірдің алтын арқауына айналған ұрпақ атты ұлы көшті жалғастыру. Кіндіктен тарар жібек жіпті үзіп алмау. Бұдан артық бақытты тауып көрші! Өмір дегеніміз ешқашан да шешуі табылмас жұмбақ, ешкім шығара алмас қиын есеп десек, жауабын іздеп, жанталасып жан тапсырғандар қаншама. Осының барлығын пенде егер де анасының құрсағында жатып сезсе ғой, онда жарық дүниеге келмей-ақ қояр еді. Келген соң, бойында шыбын жаның шырқырап тұрғанда тәуекел жасап кетіп көр. Мәңгі таусылмас жолға бір түскен соң, өзегің талып, жұлының үзілгенше алға, тек қана алға еңбектейсің. Әрине, қасыңда өзіңмен қоса еңбектеп келе жатқан азаптасың ба, сапарласың ба кім болса – ол болсын, содан озуға тырысасың. Реті келсе ептеп, кейде шындап тірсектен қағып, бақайдан шалып жол ортаға ұлытып, тастап кеткің келер... Сен тырбанып бара жатқан жақтан өзіңе қарай қарсы тағы біреулер жолығады. Екеуің қызыл шеке болып сүзисесің, қызыл тұмсық болып төбелесесің, содан қай жеңгенің алға ұмтыласың. Сынаптай толқып, шортандай шоршып ұстатпаған, бірақ жақындаған сайын алыстап, алыстаған сайын жақындай беретін сайтан сағымды қуа-қуа түпсіз зынданға келіп қалғаныңды байқап, шошына кейін шегінер едің. Амал не, шегінер жер жоқ, сенің соңыңнан өкшелей ерген сансыз пенделер, сен секілді сайтан сағым – алдамшы арманды қуғандар сүзіп, әлгі бір түссе құс патшасы – зымыран да ұшып шаға алмас терең зынданға құйрығыңнан бір теуіп құлатады, содан соң – өзі... өзінен соң...

өзгелер, міне осылайша арғы дүниенің салулы төсек, самалды пейішінен мәңгілік орын алып, жандары жай табады. Ертеңге еңбектегендердің жалғыз-ақ бақыты – осы қағиданы ұқпай, ұрандауы десек, шағыр биені шаужайлап келе жатқан біздің Ақан шал солардың тобында, алдындағы қазулы орға жетуіне, әне, аз-ақ қалды...

Шағыр қасқа басқа ұрғандай табандап тұр – соңғы кезде қартайғандікі ме, қырға шықса болды, көзінің алды бұлдырап, сулана беруші еді, байқамапты, Ұзақ тауындағы Құлаған жарға тіреліп қалған екен. «Құдай сақтады-ау» деп кері бұрылды. Бұта-қарағанның арасындағы жалғыз аяқ сүрлеумен сонау көрінген Көбен тауына қарай қабырғалай тартты. Аппақ болып гүлдеп тұрған мойылдың иісі танауды жарып, түшкіре берген соң, жан қалтасынан шақшасын алып, насыбай атты. Мамыр айының тамылжыған тамаша шағы, әсіресе таң ата өзгеше соны сипатпен түрленіп, көңілдегі күдігінді айдап шығарады білем. Кісі деген қанша қартайдым, қайғы ойладым дегенмен, оның көңілі сәби секілді ғой, жоқтан өзгеге қуанады, жоқтан өзгеге өкпелей қалады. Шыр етіп дүниеге келгеннен бермен сезініп, түйсініп келе жатқан көріністері болса да: анау тау басынан етекке қарай қалың жыныстанып келіп, сиреп таусылатын қапсағай қарағайлар, сонау ұшар басындағы қары әлі де ерімей ағарандап жатқан алып шоқылар, сол қар-мұздақтан бастау алып, құлындай құлдырықтап ойға қарай шапқылаған тентек бұлақтар мен баласын күткен анадай аңыраған Бұқтырма өзені, әне асықтай үйіріліп, түтіннен жалау байлаған туған ауылы – барлығы да Ақанның көзін ашып көргендері, бірақ ешқашан да мезі қылып жалықтырған емес. Тіршіліктің тірегіне айналған туған жерінің сарқылмас байлығы да осы жансыз суреттер. Ол отыз жылдан бері шөбін шауып, малға талшық, үйелменіне азық етіп келген Райс шабындығының жанынан өтті. Бұл бір тал, қайыңы аралас өскен масаты жер еді. Қандай құрғақшылық жылда да күреңсесі күлтеленіп, күнге күймей ал жасылданып жататын саздау. Шоқ шіліктің түбінен жылып тұма қайнап шығатын да, шабындықта өз-өзінен суландырып, кенезесін есте де кептірмейтін. Райс тұмасындағы шабындыққа қызығып, көз алартқандар көп болды. Әсіресе, Құмырайдың ит жыны келетін. Ит жыны келетін себебі: былайғы жұрт сандалып пішендік таба алмай жүргенде Ақан жайқалған күреңсесін кертіп шауып, керіскедей мая тұрғызатын. «Отан соғысының

мүгедегімін, Райс тұмасын маған беріңдер», – деп арызданбаған мекемесі қалмаған. Амал не, Ақанның ата-бабасынан бері ауысып келе жатқан шабындығын тартып әпермеді.

Жауыңның іргеде болғаны, бір есептен дұрыс па деп те ойлайтын Ақан ақсақал. Ерегестен бе екен, жоқ немесе, іштей бәсекелесетіндіктен бе екен, зәредей де кемшіндік жібермеуге тырысып, шаруасын дөңгелетіп ұстайтын, әрі тың, әрі сақ жүретін өзімен салыстырғанда, әлдеқайда салақ, есік алдында ыбырсып жатқан сиырдың жапасын күрекпен іліп алып тастауға мойны жар бермейтін еріншек Құмырайдың аяғы ақсақ демесең, аюдай денсаулығының тым болмағанда, жартысын бермеген құдайды ғайбаттаушы еді. Ұрттап қалған қара суға дейін қайтадан құсып төсек тартып жатса да, үй тірлігін жұтатып көрген жоқ.

Алғаш қара жұмысқа шыдай алмай қатты ауырғанда, бұған өкімет отыз сом пенсия тағайындап еді. Сол отыз соммен бес қыз, бір ұлын асырап сақтады. Басыңа тартсаң етегіңе, етегіңе тартсаң басыңа жетпес болымсыз дүниені боз өкпе балаларына тең бөліп, басқалардың ұл-қыздары алдында ұялтпай ішіндіріп, киіндіруінің өзі асқан ерлік еді. Сырқатының беті бері қараған соң, отыз соммен мүлдем қоштасты да, осы ауылдың газет-журнал тасу жұмысына тұрды. Міне, содан бері ширек ғасырдай уақыт өткен екен, жасы асып, еңбек демалысына шықса да аттан түспей келеді. Баяғыдай емес, дәулеті бар, шүкіршілік, неге екенін өзі де білмейді, аттан тақымы айырылса болды ауырып қалады. «Ақшаны қапшықтап жинап, Меккеге барайын деп пе едің, қойсаңшы бұл жұмысты» дегендерге: «Мен айлық үшін жүрген жоқпын, денсаулығым бола почта тасимын», – деп жауап беретін. Басқа-басқа, мазасыз көршісінің дәл осы сөзіне Құмырай жалғанда сенбейтін. Ішіп алған күні: – Дүние қуған жалмауыз, ашкөз, – деп талай рет балағаттады да. Амалы қайсы, Отан соғысының мүгедегіне қол жұмсап, тіл тигізуге болмайды.

Жауды жалғыз өзі жеңгендей кеудесіне нан пісіп, өз-өзінен бұлданып, өз-өзінен кергіп, боғын боталы түйеге балап жүрер Құмырай жалғыз Ақанды ғана емес, осы Жұлдыз ауылының тамамын ерқашты қылушы еді. Жалғыз ұлынан айырылған аналар, ерінен айырылған жесірлер мен әкесінен айырылған жетімдер қаншама дейсіз жер бетінде, бірақ солардың қай-қайсысы да Құмырай құсап ел үстіне әңгіртаяқ ойната берсе

не болар еді, – деп ойлайтын Ақан. – Онда ақырзаман орнар еді... Отанды қорғауға кімдер қатыспады, әркім өз әлінше үлес қосты. Аяғынан айырылмағанның барлығы – ақымақ, қоян жүрек қорқақ па екен, тәңірім-ау. Бүкіл іш құрылысым мен рухымнан айырылған мен де жүрмін ғой ешкімнің қазанын сындырмай-ақ.

– Осының барлығы, кеше кештегі уақиғаның кесірі. Кісінің баяғыда ұйықтап қалған, қай-қайдағысын есіне түсіріп не керек еді, – деп күбірледі Ақан. – Мені неге шақырмады екен, ырысын ішіп кетем бе. Президиумға шығармай-ақ қойсын, даңғарадай клубтың бір бұрышында отырсам жетер еді ғой.

Менің кінәм не сонда. Бар жазығым қолыма мылтық орнына күрек ұстағаным ба. Біле-білсе күрек те қару ғой. Осы ғой жанға бататыны. Әйтпесе, батыр атағын бермеді деп жүрген мен жоқ. Дегенмен бармай қалғаным да ақыл болды-ау. Құмырай-ақ таяғын тоқылдатып төрде отырсын. «Мен қуып барамын, неміс тырағайлап қашып барады» деп басталар әлеулайымын сол бөспе-ақ айтсын. Бірақ «мен» деген сөзді «Біз қуып барамыз», – деп неге айтпайды, ит-ау.

Күн едәуір көтеріліп қалған. Өзін тоқтататын ешқандай күш жоқ екенін сезе ме, соншалықты кербез де кірпияз жайбарақат мінезбен қызара бөртіп, көк тәңірісіне еркелейді. Суықсай деп аталатын аңғарды өрлеп барып, Түйетастың иығына көтерілгенде ғана дүниенің маздап, жанып тұрғанын байқады. Жап-жасыл шапан жамылған аймақта ессіздеу, бірақ жарасымды қуаныш бар еді. Енді қайтып күз туып, қыс түспейтіндей мәз-мейрам, сәбилік аңқаулық пен тазалықтың шуағына жапырағын жая талпынады. Табиғат атаулының ұзатылған қыздай сылануы, көктемде аса сұлу болып көрінгенімен, күні ертең-ақ көп-көп жылаулар мен сыңсулар күтіп тұрғанын қайдан білсін, жарықтық. Тау-тас, орман-тоғайды қойып, ақыл-есі бар адамдардың өзі бір күндік тоқтыққа мәз емес пе. Азаптың да шегі болар екен-ау деп айналайын бейбіт күннің қызуына жылынбай ма...

Түйетастың иығына шыққанында алдынан Көбеннің көлі көрінді. Сырлы аяққа тұндырылған судай, дөңгеленіп жатқан көлге Түйетастың алқымын тесіп шыққан бастау-бұлақ барып құятын. Шілденің ми қайнатар ыстығында ұрттап қалсаң тісіңді зыр еткізер суық суы жыл өткен сайын сарқылып, азайып барады. Қоры азайған Көбен көлінің шеті сортаңданып,

кейбір жерін қалың сор басқан. Баяғыда Ақанның бала кезінде көл жиегі сор батпақты келетін де, тай үйрететін. Қанша қыршаңқыланғанымен жануарлар батпаққа батып мөңки алмай дымы құрып, үстіндегі қара домалақ қазақтың ырқына көнуші еді... Одан бері жарты ғасыр уақыт өтті емес пе. Ойлап қараса су да адам секілді, жылдар жылжыған сайын суалады екен-ау...

Көлдің ар жағында ағаштан қалай болса солай қиюластыра салған дара үй бар. Үйді жапсарластыра ұп-ұзын қылып қой қора салған. Баспанаға қарағанда әлдеқайда әдемі салынған қорадан жас төлдің маңырағаны естіледі. Қой төлдету аяқталып қалған кез, сақманшылар ауылға оралып, бар ауыртпалық шопанға түскен. Бұл қыстақты қатарынан бірнеше жыл бойына Орынбай деген жас жігіт мекендеп келеді. Мал десе ішкен асын жерге қоятын-ақ жігіт, амал не, жолы болмай жүр. Түйетастың кейкеңінен бері қарай құлдыраған салт аттыны көрген соң, екі қолын артына ұстап, қалт тұрып тосып алды.

Иығынан зіл-батпан болып басқан жұмыстан ба екен, жоқ болмаса ұзын бойы еңкіш тарта бастады ма, сырт көзге бүкірейіп көрінеді. Ұстара дүзі тимеген, ұстара дүзін тигізуге қолы тимеген бет-аузын қайратты қара сақал басқан.

– Иә, Орынбай, мал-жан аман ба? – деді Ақан ат үстінен.

– Шүкіршілік, аға. Бүгін қоржынсыз шығыпсыз ғой.

– Почтасыз бір аралайын дегенім де...

– Ендеше, бүгін қонақсыз. Аттан түсіп тамақ ауыз тиіңіз.

– Әуре болмай-ақ қойыңдар. Жастығын есіне түсіріп, ерігіп жүрген шалды қайтесіндер.

– Бүгін ауылда үлкен той деп еді, сізді шақырмаған ба?

– Шақырмады.

– Қызық екен, – деді таңданған Орынбай. – Сізсіз өткен тойдың сән-салтанаты болушы ма еді.

– Пейіліңе рахмет, – деді Ақан өңі күреңітіп. Жүрегін әлдекім шабақтап қалғандай болды. Шалдың жүзі алақұйынданып кеткенін көрген Орынбай:

– Қымыз ішіңіз, – деп құрақ ұшты.

– Ендеше, ақты аттап кету жарамас, – деп созалаңдап түсті.

Шағыр қасқаны үйдің бұрышына жетелеп апарып байлаған жігіт: «Әй, Күміс, атаң келді, дастарқаныңды жай» деп дауыстады.

Аядай бөлменің іші қапырық ыстық екен. Тамақ әзірлеу үшін бұрыштағы темір пешке лаулатып от жағады. Бәрі де амалдың жоқтығы. Орынбай есікті бір теуіп шалқасынан ашып тастады. «Тентектігі әлі де қалмаған-ау, – деп ойлады. – Ауылды ала тайдай бүлдіріп жүретін Орынбайдан соқталдай азамат шығады деп кім болжаған».

Күміс қымыз құйып берді де:

– Мен қозыларды байқап келейін, – деп, тысқа шығып кетті.

– Биыл жүзінен қанша алдың? – деді қымызды сораптай ішкен Ақан аузын сүртіп.

– Жүз он бестен.

– Ой, онда сенің алдыңа түсер ешкім жоқ. Ең мықтымын дегені жүз оннан ғана.

– Бәрібір солар озады, мен қаламын.

– Неге? – деп сұрады Ақан.

– Өйткені олардың еркек қойы бар.

– О заман да бұ заман еркек қой қоздаушы ма еді?!

– Ебін тапса қоздайды, аға. Тізімге «еркек қой» деп тіркеген елу шақты жасырын саулықтары бар. Соның төлін бөліп жаза салады.

– Ол қулықты совхоз білмей ме екен?

– Біледі ғой, білгендіктен де еркек қойды «туғызады».

– Әй, балам-ай, – деп күрсінді Ақан. – Сенің жолың да менікі секілді ауыр болайын деп тұр екен.

– Сіздің өмір жолыңыз қалай болып еді, аға?

– Сен сұрама, мен айтпайын. Ол – ұзақ жыр, бір таң айтып тауыса алмаймын.

Осы сөзден кейін Ақан айқара ашық есіктен таудың көз жасындай болып мөлдіреп жатқан көлге қарады. Қиястай ұшып келіп, көлге қонған қос сары ала қаз айдынға толқыннан әжім сала, мамырлай жүзе жөнелді. Күресінде жатқан ала мойнақ ит маңғаздана қарады да, керги керіліп үйдің сыртын айналып кетті. Қой қора жақтан жас төлдің маңыраған даусы еміс-еміс естіліп қалады. Көлді қаумалай қоршаған тастақты жоталардың бауырында шашып тастаған асықтай бытырай жайылған қойлар, сол тас кенедей жабыса жайылған отардың сақшысындай, жақпар тастың үстінде қайқы мүйіз қара серке тұр секип. Арада орнаған сәл-пәл үнсіздікті Орынбайдың:

– Аға, дегенмен сол әңгімені тыңдағым келеді. Бала жастан

сөзге әуес, құлағым түрік екенін өзіңіз білесіз. Бір малдың басын мүжіп, қымыз ішіп, дем алыңыз осы үйде. Жеңіс күнін өзімізше тойлайық.

Ақ көңіл жігіттің ақтарыла айтқан ақылы Ақанды толқытпай қойған жоқ.

– Алма шешең менің қайда қаңғып кеткенімді де білмейді. Үйде жалғыз қалған. Елегізеді ғой.

– Ой, оның жарасы жеңіл. Күмісті жібереміз. Ол тәтемнің қасында, ал мен сіздің жаныңызда түнеймін.

– Жарайды ондай болса, – деп келісімін берді, – сен шаруанды реттей бер. Мен Көбен тауының ой-қырын аралап, күн екіндіге таянғанда ораламын.

Ақанды қолтықтап алып, аттандырып тұрған Орынбай:

– Уәде – Құдай сөзі, аға, тосамын, – деді тісі ақсия күліп.

– Тос. Тек Күмісті тәтеңе жіберуді ұмытпа.

– Қазір-ақ ат ерттеп беремін.

Көбеннің қалың терісін бетке алып, астындағы биесін сипай қамшылап бара жатқан шалдың сыртынан көзден тасаланғанша қарап қалды.

3

Соңғы екі-үш күнде басының қан тасуы бәсеңдеп, кіріп-шығуға жарап қалған Алма кемпір осы үйде басқа сенер ешкім жоқ болған соң, үй ішінің таусылып бітпес шаруасына кіріскен. Кенже қызы облыс орталығына кеткен күннен бері ыбырсыңқырап қалған ыдыс-аяқты жуып, әр затты тиісті орнына қойды. Белін мықтап таңып алып, ас бөлмесінің еденін шайып шықты. Біраздан бері жиналып, шоландағы мескейде мөлдіреп тұрған сүттің бетіндегі кілегейін қалқып алып пісіруге отқа қойды. Кішкентай ағаш шелекке жинаған қаймақты толқыта пісіріп, май алуға кіріскен. Қабырғада ілулі тұрған төртбұрыш радиодан жеңіс күніне орай саңқылдап хабар беріп жатыр. Үстіне көпшік төселген орындыққа жайғасып, сыңар қолдай іркіт піскен Алма шалының ертелетіп аттанып кету себебін біле алмай, жүрегін әлдеқандай уайым қабыздап, көзінің жасын жаулығының ұшымен сүртті. Аптасына бір рет телефонмен хабарын білдіріп тұратын жалғыз ұлы да, міне, бесінші күн жым-жырт. Кеше көңіл сұрап келіп кеткен үлкен қызын елеңдеп күтеді. «Қайтсін, оның да бала-шағасы, мал-жаны бар» деп өз-өзін жұбатты. Сырттан көршісі Құмырайдың саңқ етіп, әйеліне әмір бергені естілді.

«Көзімнің қарашығындай жалғыз ұлымның от жаққан жерін көре алмай өлемін-ау» деген көкейдегі арманы жыл артынан жыл келіп, қартайған сайын сай-сүйегін сырқыратады. Жер аяғы алыс, поезд жүрмейді бұл жаққа, ал самолетпен ұшып баруға денсаулығы жарамайды, амалдың жоқтығынан ғана шыдап жүретін. Ұлының да әке-шешесінің алдында жазығы жоқ еді. Қызметі солай. Өзі оқыды, өзі жетті, бұларға да, ағайын-туғанына да арқа сүйеп, бір сом ақша сұрап көрген жоқ. «Құдайдың бергеніне шүкір, әлдекімдердің балалары құсап, тапқан-таянғанын, тіпті әкесінің пенсиясына жармасып, араққа салынып, ақымақ болып кетсе де шыдар едік қой», – деп тәуба жасайтын. Жылына үш-төрт рет келіп қайтатын ұлына дән риза. Елді аузына қаратқан атақты болмаса да, өз кәсібі өзінде, ата-ана алдында қарызы жоқ, қолынан келгенін аяп қалған күні бар ма. Соңғы келгенінде Алманы құшақтап отырып: «Тәте, барған сайын қартайып барасыздар. Елге қайтып жандарыңда болам-ау деймін. Келінің де қарсы емес», – деп еді.

«Төрімізден көріміз жақын қалғанда қасымызда болғаның жақсы, әрине. Бірақ, балам, ел-жұрт не дейді. Ақанның ұлын жұмыстан шығарып, Алматыда соңынан ит салып, қуып жіберіпті деп, етегін ашып күлсе қайтеміз. Әзірше шыдай тұрайық».

Енді міне, іркіт шелекті піскілеп отырған ана тағы да ұлын сағынып, сол ақылды бекер айтқанына өкініп, көзінің жасын көлдетеді-ай. «Апа, тәуірсіз бе?» – деп күніне бір рет кіріп, шығатын көрші келіншек де төбе көрсетпеді. Тегі, ауыл түгелдей жеңіс тойы қамында жүрген секілді. Жалғыздыққа бір адам төзімді болса – осы Алма кемпір еді. Себебін кім білсін, дәл бүгінгідей елендеп, адамдарды іздеп көрген емес. Ойдан тозған, әбден қажыған санасында әлсіз елес бар. Ол елес – бұған дейінгі ғұмыр жасында бастан кешкен үлкенді-кішілі оқиғалар елесі, бұған дейін тағдыр арбасына тиеген қуанышы мен қайғысы. Жақсылық пен Жамандықтың мәңгілік шайқасынан туған жаңғырық; жоқшылықтан тоқшылыққа дейінгі ауыр да азапты сапары. Қызық: көрмегенді көріп, көн тулақты киіп жүріп, алға, анадай тұстан бұлаңдап қол бұлғаған бақытқа өкпең өшіп, өзегің талғанша ұмтыласың; енді жеттім-ау, қызығын көрейін деген шағыңда не жан тапсырасың, не болмаса қартайып алжып қаласың. Неге? Қазір бұл шаңырақта барлығы бар: есік алдындағы гаражда қызыл машина тұр

қаңтарылып, қолы тигенде ғана Кенже қызы жүргізеді; төрт-бес бөлмелі үй болса мынау, жүгіріп ойнап шыр еткенге зар болып қаңыраған; мал болса анау, иіріп қайырып игілігін көрер кісі таба алмай қора толып тұрғаны; ақша дегенің қағаз болып қалды. Ал баяғыда ше? Шалы қатты ауырғанда Өскеменге барар қаражат таппай жалғыз сиырын сатып еді. Ортаншы қызы почтада жүріп мойнына отыз сом ақша мінгізгенде, бүкіл ауылды аралап, бір сомдап жиып, әрең құтылмады ма... Дүние-боқтың осыншалық жүйке тоздырар алдамшылығын базары тарқаған жасында ғана біліп отыр. Ендігі тілеу – өрістеп кеткен бала-шағасының, шау тартып қалған шалының амандығы. «А, Құдай, солардың алдында ал, жалғыз ұлымнан топырақ бұйырта көр» дегеннен басқа арманы арнасы кеуіп, сарқылып біткен.

Кілегей суып қалған ба, көпіршіген көбікке айналып көпке дейін май түсе қоймады. Орнынан піспекті таяна тұрып, төрті бөлмедегі ілулі тұрған ұлының суретіне барды. Шаңын сүртіп, бегінен сүйді. Күн сайынғы бес уақ намаз секілді қаза жібермейтін әдеті еді бұл.

Осы кезде сыңсып есік ашылғандай болды. Іле-шала:

– Амансыз ба, апа? – деген әдемі де майда дауыс естілді.

– Шүкір, танымай қалдым ғой.

– Ой, апа-ай, қартайың дегенсіз бе? Мен – Күміспін ғой, – деп құшақтай алды.

– Ой, айналайын-ай! – маңдайынан сүйді. – Көз құрғыр көрмей барады. Тойға келдің бе, Орынбай сау ма? Су мұрындарың мектепте шығар.

– Жалғызсыратпайын деп сізге келдім... Ақан атамыз біздің үйде, Орынбай екеуі бастаңғы жасап жатыр.

– Құлқын сәріден үйінен безініп, ол шалға не көрінді?

– Оларды қайтпексіз, апа, онан да біз де бастаңғы жасалық, – деп қол дорбасынан қойдың асықты жілігін, белдеме қабырғасы мен жамбасын шығара бастады. – Ағама арнап мал сойып едік. Басын соларға қалдырып, жамбасын сізге алып келдім. Сыбаға.

– Рақмет, жаным. Шай қоя ғой.

– Газға ма?

– Гәзі құрысын, самаурынға. Жып-жылымшы қылып, шәйнектің шайын ішіп отырамыз ба. Келгенің қандай жақсы болды, Күмісжан. Не істерімді білмей, құсадан жарылып кете

жаздап отыр едім. Әлгі Ақан да жөнін айтпай аттана жөнеліп, өзі де бір қыңыр, қырсық шал. Менен басқа қандай әйел қырық жылдан аса жолдас болар еді. Баладан ары бақтым ғой. Өзі де кірпияз, бірбеткей, кісіні көп жақтыра бермейтін кінәз неме.

Әңгімелейтін, шер тарқатып сергітетін адам таппай жалғызсыраған Алма кемпір күлімсірей жайрандап ойда-жоқта Күміс кіріп келгенде, өз келінін көргендей қатты қуанып еді. Қимылы да ширап, дабырлай сөйлеп мәз болды да қалды. Таңертеңнен әуре болған іркіт шелекті Күміс дүрсілдете толғап ары-бері пісіп еді, домаланған сап-сары майға айналды. Алма шешей дастарқан жайып, Алматыдан баласы жіберген үнді шайын, тәтті дәмділерінің аузын шешті. Екеуі қатарласа отырып, буы бұрқыраған самаурынды орталарына алғанда ақшам жамырап, өрістен мал қайта бастаған. Сиырды Күміс сауып келді. Тырылдап мотор от алып, ауылдың шамы жанған. Бүгін жұлдыздықтар әсіресе көңілді, абыр-сабыр. Клуб маңайы ығы-жығы ел, барын тағынған азаматтар. Ауданнан келер өкілді күтіп, дайындығымыздан мін тауып қала ма деп қауіптенген атқамінерлер тықыршып жүр. Бірін-бірі қуалап, мылтық атысып ойнап жүгірген балалардың қуанышында шек жоқ. Сынықсып басып, сыңғырлап күліп қыздар, шайқақтай аяндап қоразданған жігіттер жиналды. Ақсандай басқан Құмырай да үйінен шығып, клубқа қарай құлдаған.

Алма мен Күміс, Ақан мен Орынбай жеңістің отыз жылдығын өздерінше тойлады.

– Е, Күміс-ай, біз не көрмедік, – деді күрсініп. – Осы жеңіс деген сөзді есту үшін желкеміз үзілгенше жұмыс істедік емес пе. Мұрнымыздан қан ағып, зорыққанша таңды-таңға ұрып қимылдадық. Бәрінен де маған қиын болған...

– Айтыңызшы, тәте, – деп өтінді Күміс, – біз көп нәрсенің анық-танығына қанық емеспіз. Сізге осы пенсия неге бермеді?

– Алмадым ғой. Ұлым мен шалымның арқасында, құдайға шүкір, жетеді дүние. Отыз сом үшін арыз жазып, шал-кемпірлерді қуәландырып, жүрем бе, тәйірі. Еңбегіміз сатулы емес. Халық үшін деді, Отан үшін деді, қашан қара жер қойнына алғанша қарекеттендік. Иә, оның барлығы да көрген түс, аққан судай. Адамды қартайтатын уақыт емес, уақиға ғой. Алғаш Ақанды әскерге шақырғанда, жалғыз ұлыма екіқабатпын, екі-үш айлығында іште қалды...

Қойды қоралап, төлдерді қамап келіп, етті алдарына алғанда, әбден қас қарайып, керосин шамды жаққан. Шағын бөлмені ала көлеңке жарығымен жұқалаң сәулелендірген шамның шаңырағы қаншалықты тазарта жуылғанымен қырындай жанған білте бір бүйірін әп-сәтте қарайтып тастады.

Орынбай ет желініп болған соң құрт қосқан ақ сорпа әкелді. Тамақ ішіп отырса да сыңарезулеп сорып, аузынан тастамайтын темекісін шамның мұржасына тұтатып алды да, құшырлана сорды. Шал малдас құрып төрде отырған, енді әбден нықсырап тойғанын білдіргендей, дастарқаннан кейін ысырыла бір жамбастап жатып, насыбайын атты. Тыныштық – екі еркектің үлкен әңгіме алдындағы момақан тыныштығы.

– Ал, аға, қымыз ішіп тоғымызды басайық, – деді Орынбай.

– Әуелі қолымды жуып, далаға шығып келейін, – деп, бармағының басындағы шымшып ұстаған насыбайын құшырлана иіскеді де, аяғы ұйып қалған ба, кирелендей орнынан көтерілді.

Көбен тауының салба-салба самырсындарының арасынан елік әуіпледі. Шошайып жеке дара қарауытқан шоқының ұшар басын қақ жарып ай шығып келеді екен. Осы қалпында құздың зәулім басына күмістен қақтап табақ орнатып қойғандай әдемі көрінеді. Маңайды қара барқын түстен арылтып, саумал сәулесін төгеді. Көл бетінде де тіршілік тоқтағандай, күндіз бейбіт жүзген сары ала қаз бен қоңыр үйректер тұмсығын қанатына тығып ұйқыға кіріскен-ау. Қора жақ та тыныш, мазаны алып, маңыраған малдың да жағы семген. Қыстан қалған шөпті күрт-күрт күйсеген жылқының дыбысы талып естіледі. Түнгі ауа таза әрі тау жақтан ептеп жел еседі. Әлі де еріп үлгермей қасарысып жатқан сүрі қардың ашулы демі секілді сезіледі. Осындай маужыраған айлы түнде шырқалар әнді сағынасың. Бірақ қазір кім айтар ол әнді?.. Айтқан адамды жындыға балар. Танертеңгідей емес, көңілі көңірсіктен тазарған Ақан еңсесін басқан ауыр жүктен арылғандай өзін-өзі азат сезінді. Ол жүкті арқасынан алып тастаған аузын ашса сыйлағыш дарқан мінезі еді. Мұндайлық таза да тәкаппар қазақы мінез жыл өткен сайын азайып бара жатқанын Ақан сезетін. Сезгенімен, түңілген емес. Астындағы жалғыз атын түсіп берер мәрттік, аузындағысын жырып берер қолы ашық-

тық осы елдің аш-арық кезінде әлдеқайда мол болып көрінетін. Ал қазір ше? Жыланға түк біткен сайын қалтырауық келедінің кебін киіп жүрген жоқпыз ба?

– Аға, жаурап қаларсыз. Тау түні суық болады. Үйге кіріңіз, – деген Орынбайдың даусы әлгі бір ойын бөлген.

– Бүгінгі түн тіпті әдемі екен, Орынбай. Көбен тауының осыншалық сұлулығын бұрын неғып байқамағанмын.

Өзі бес жылдан бері сары жұрт қылып, қыстап келе жатқан жерді жаңа көргендей аңтарыла қарап, делдиіп тұрған жігіт:

– Ой, аллау, расында да, кинодағыдай керемет қой өзі, – деді танданып. – Сізге еріп көз салып тұрғаным осы, қол тимейді, аға.

– Анда-санда қарап жүр. Көңілің сергиді. Қысылтаяң шақтарда табиғатпен сырласаң, жүдеген жүрегіңе серік болады. Шаршаған сәттеріңде бойыңдағы ауыр азаптан арылтып, майдақоңыр мұңға жетелейді. Ал мұң – өмірбақи менің жан жолдасым болып келеді.

Шарасы күміске енді ғана тола бастаған айға қарап, бозбаладан бетер емірене қиялдап тұрған Ақан шалдың қазіргі бітімі өмірден өкінішсіз өткен бейқам адамнан гөрі алысқанмен алысып, айтысқанмен айтысқан, бірақ жоқтан өзгеге жасып, сағы сынбаған рухы мықтылықта аңғартқандай. Сәл еңкіш тартқан кеуде бұған дейін аспанды аңсап келген адамның енді бір үміті жерде қалып, ертеңіне үңілген пошымын танытады. Дегенмен жетпіске аяқ артқан ақсақалдың қиял қанаты талып, сезімі сірнеленбегеніне қайран қаласың. Қасында екі қолын артына ұстап, ай нұрына шомылып, мұнартып жатқан тауға қадала қараған Ақанға еліктеп, көз салған Орынбай өзін бұл кісіден әлдеқайда қартаң сезінді. «Жас болуды қарттардан үйрену керек шығар» деп ой түйді.

– Ал енді үйге кірейік, – деп Ақан шұғыл бұрылып, есікке беттеді.

Ала барқын тартқан бөлменің іші беймезгіл айтылар әңгіме, әдібін ашып сырласар шыншыл сұхбатқа әдейі арнап жасалғандай. Жым-жырт, ұядай жылы, көз құртын жыбырлатар сұлулықтан ада, жұпыны да жарасымды. Дүниедегі асыл зат, жалтырауық байлықтың көл бетіндегі көбіктей де салмағы мен сапасы жоқ алданыш екенін дәлелдегендей – қарапайым тірліктің мәңгілігін айғақтағандай, осылайша жалғыз үй, жалғыз төсек, жалғыз пешпен-ақ мың жыл жасауға, адам деген атты

жоғалтпауға боларына Орынбайдың қыстағы куәгер іспетті. Нағыз қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, бейбіт те берекелі, баяны ұзақ өмір дегеніміз осы емес пе. Баяғыда халықтың осы секілді жылқыдай жусаған тірлігін бұзған кім еді? Гитлер болатын, соғыс деген лаң болатын... Егер осы соғыс болмаса әлем бетіндегі үлкенді-кішілі мемлекеттер бүгінгідей бақайшағына дейін қаруланбас еді, иесін қырып дүниесін иемденіп қалар бомбалар ойлап табылмас еді... Демек, қазіргі қоқан-лоқы қауіптің басы бұдан отыз жыл бұрын басталған.

– 1942 жылдың, яғни ескіше айтсақ, жылқы жылының ақпан айында Жұлдыз ауылынан бір топ азамат майданға аттанатын болдық, – деп бастады әңгімесін Ақан шал. Насыбайын атып, мүйіз шақшасын жан қалтасына қайта салды. Алдында мөлдіреп тұрған қымыздан бір ұрттап, кесені ысырыңқырап қойды. – Күн суық болатын. Күннің суығы емес еді ғой бізді қинаған. Ер жігіттің басына нелер келіп, нелер кетпейді. «Еркек тоқты – құрмалдық» деп атамыз қазақ баяғыда айтпады ма. Табиғат екеш табиғатта да еркектері азайып, ұрғашылары көбейіп жатпай ма. Бұл өзі өмірдің заңы іспетті, ұялмай айтсақ, он бес биеге бір айғыр, бір қора қойға жалғыз-ақ қошқар ұстайды ғой... Артымызда аңырап қалған ана, жылап-еңіреген әйеліміз бен әлі қара табан болмаған шиеттей бала-шағаларымыз қалып, сарт-сұрт аттана жөнелгенде, бәріміздің көкейімізде жалғыз-ақ тілек, жалғыз-ақ арман, жалғыз ғана ой бар еді, ол ой – қара шаңырақ, қаймана жұртымызды енді қайтып көре аламыз ба, жоқ па... Міне, осына көкейді тескен сауалды бес жыл бойы арқалап жүрдік. Иә, біз елден бір кісідей – солдат болып аттандық, бірақ бәріміз бірдей солдат болып орала алған жоқпыз. Міне, отыз жыл болды, менің қыр соңымнан итше тіміскілеп қалмай келе жатқан қасірет. Ұзаққа созылған ауруым дейсің бе, жоқ, қалқам, оқыс болса быламыққа да тіс сынады, ішкенің алдында, ішпегенің артыңда, құс төсекте жатып та сырқаттана бересің – байқасам, жер қазып, мал бағып, егін орып жүргендерден гөрі ақсауақтар көп аурушаң... Біздер, еңбек армиясында болғандар жаумен мылтықсыз шайқастық, сондықтан да, әрине, өлім-жітім аз болды, сондықтан да қадірсіз болдық. Дене жарасынан жүрек жарасы әлдеқайда ауыр дегенді ширек ғасырдан бері Құмырайға түсіндіре алмай-ақ келемін... Қайтейін, тағдырдың жазуы шығар.

...Ауылдан алғаш рет улап-шулап батыс қайдасың деп жүріп кеткенде бізді майданға апармай, қара жұмысқа салады деген ой үш ұйықтасам түсіме кірген емес. Барлығымыз да тепсе темір үзердей азаматыыз. Алдымызда шақырылған жігіттер секілді екі-үш ай дайындықтан өткізіп, содан соң қолымызға мылтық ұстап уралап жауға шабамыз деген үмітіміз Өскеменге келгенде үзілді. Кім болған күнде де пендеміз ғой, алғашында қуандық та. «Құдай сақтады-ау, бала-шағамыздың көз жасы жібермеді-ау», – деп тілеу тілеген жігіттер де болды. Несіне мақтанайын, ондай жымсыма қуаныш мені де меңдеген. Үлкен ағамыз Ақтайлақ пен кіші ініміз Бағдат менен бұрын шақырылғанды. Соғысқа кірдік деген алғашқы хаты келіп те үлгерген. Бір шаңырақтан бір адамның аман қалар үміті жылтырағандай-тын. Рас, ол арман орындалды. Бірақ қалай?

Ауылдан менімен қоса Қожак, Қаймақ, Бура және Құмырай – бес жігіт бір күні, бір тізіммен аттанғанбыз.

Сөйтіп, Свердлов облысын бетке алып поезға міндік. Ол кезде, немене, поезд өте шабан, жүруінен тұруы көп, он күн дегенде діттеген жерімізге әрең жеттік-ау. Қара жұмыс, адамды адам атып жатқан соғыс емес қой, жігіттер ал дегенде-ақ қолдарына түкіріп, үлкен жігермен кірісіп-ақ кеткен. Ал менен, неге екенін білмеймін, бір усоқыдай уайым кетпей-ақ қойғаны. Майданға бармадым, кеудемді оққа төсеп Отанды қорғамадым деген, жалынды тілек дейсің бе, жо-жоқ, жарқыным, олай десем өтірік айтқаным, ал мен өлсем де өтірік айта алмаймын. Жалғыз күн болса да жан сақтай тұрғысы келмейтін адам жердің астында да, жердің үстінде де жоқ-ау... Болған күннің өзінде де ол не жарымес, не ауру... Қазір ойлаймын: егер мен соғыста, жауып тұрған оқтың астында жатсам да, қалайда тірі қалудың амалын іздер едім. Өйткені, жеңу дегеніміз – өзің өлу емес, өзгені өлтіру ғой.

Ал дегенде атойлап-ақ кіріскен жігіттер күн өткен сайын қалжырай бастады. Жұмысты кезек бойынша он-он екі сағаттан істейміз. Менің еншіме таңғы сегізден шығу тиді. Қазатынымыз «Огнеупорный глина» деп аталатын ақ топырақ. Жарықтық елеген ұн секілді майда, шайнасаң тісіңе тас тимейді. Экскаватор қазған тоң қарьерге қарай вагон жүретін темір жолды жылжытып отырамыз. Алғашында қырдан келген қазақ жігіттері бұл жұмыстың қыр-сырын білмей көп әуреге

түсті. Бәлкім, бізді артық шаршатып жіберген де осы істің ығын білмегеніміз шығар.

Жүз шамалы жұмысшы бір барақта жатамыз. Барақ... Қазіргі жайлаудай жап-жасыл рақат заманда, әсіресе жеңіс күнінде, сол шақта көзбен көріп, бастан өткерген ауыртпалықты айтсақ, мүмкін қисынсыз да болып көрінер.

Қуаныш үстінде қайғыны қаузау – әбестік те. Қиындықтан қашу бар да, сол қиындыққа көндігу, төтеп беру бар. Бұл жерде жалаң төс батырлықтың, жалған айғайшылдық пен белсенділіктің түкке де қажеті жоқ. Тек қана қайыспас қайсарлық, неге болсын шыдап кетер көңтері итжандылық қана керек болар. Тек қана қайыспас осы көмістіктің арқасы шығар-ау. Әрине, біздерден кереметтей ерлікті ол шақта ешкім талап еткен жоқ, ондайлар болған күннің өзінде арқасынан қағып аспандатар уақыт, неболмаса омырауына жылтыратып қадар белгі де жоқ еді. Соғыс кезінде қара жұмыста болғандар еңбегі әлі де шын мәнінде бағаланбағанын жасырып керегі не. Олар туралы үлкен жиналыстарда айтылып, кітаптарда жазылған жоқ. Еңбек әскері қатарында болғандар – белгісіз ерліктің иелері. Бірақ олар ешқашан да өздерін қан төгіспен келген Ұлы Жеңістен тысқарымыз деп есептеген емес. Айталық, қақаған аяз, қалың қардың астында жатқан топырақты қазып, күндіз-түні жөнелтпесек, ол отқа төзгіш топырақтан металл қорытатын алып қазандар жасалмаса, демек, жауға атылар қару-жарақ уағында жеткізілмесе, бақайшағына дейін қаруланған басқыншымен жұдырықтасар ма едік... Сондықтан да Белка руднигінде жілікті де сіңірлі сандаған азаматтар жанталаса жұмыс істеді, әр күрек топырақты жаудың қанағатсыз көзіне шашты.

Бірақ... қызық, біз үшін Гитлермен соғысқаннан гөрі қандаламен арадағы айқас анағұрлым ауырлау болғандай еді. Ағаштан қиып жасаған ат шаптырым сарайда қатар-қатар ағаш нар бар. Үстімізде жамылар көрпеміздің, төсеніш пен жастығымыздың ішіне сабан тығылған. Жаздың күні болса бірсәрі, қыста суық тартады екен. Түні бойы тісіміз-тісімізге тимей сақылдап ұйықтай алмаймыз, тек жұмысқа шыққанда ғана қимылдаған соң бойымыз жылынады. Бірақ әрі-беріден соң көзімізге ұйқы тығылып, қалғып-шұлғып жүрер едік. Ауылдан келген бес жігіт алғашында жұбымыз жазылмай бірге ұйықтадық, бірге тамақтандық. Кісі сырт жерде жүргенде ғана

бір-бірінің қадірін біледі ғой, бұрын ауылдас болсақ, Оралда туыс боп табыстық. Келгенімізге жарты жылдан асып кетсе де, ел-жұрттан хабар алмадық. Ішімізден іріктеп соғысқа жіберіп те жатты. Ондай жұлдызы туғандардың бақытына қызыға да қызғана қарап, шығарып саламыз...

4

Алғаш Ақанды әскерге шақырғанда, жалғыз ұлыма екіқабатпын, екі-үш айлығында іште қалды, – деп әңгімесін жалғастырды Алма кемпір. – Тамам әйелдер жылап-сықтап күйеулерін Күркіремеге дейін шығарып салды. Ауылдан екі шақырымдай жердегі Күркіреме бұлағы азаматтарды майданға аттандырар табалдырық секілді, алғаш соғыс басталғаннан бері сол жерге қаншама рет көз жасымызды көл етіп барып қайттық десеңші. Жалғыз-жарым емес, ерлері алынған немесе алады-ау деген тамам қатын құндыздай шұбап, тобымыз жазылмастан ере барар едік. Ол кезде, немене, жиырма бес шақырым жердегі аудан орталығы Катонға қатынар көлік жоқ, жолаушы шыққан адам дорбасын арқалап жаяу тартатын. Сақылдаған сары аязда арыстай бес еркек – бес бәйтерегімізді көзімізше өлімге шығарып салып, құр сұлдеріміз ғана үйге оралдық. Басқаны білмеймін, ауылға денемді ғана алып қайтқаным болмаса, жүрегімді Ақан алып кетіп еді... Ер-азаматтың қадірі мен үшін әсіресе артық, көзімнің қарашығындай қымбат, жаным мен бойымдағы барымды садақалар ардағым еді... Отызға жаңа толған кезімде бір емес, үш рет тұрмысқа шығыппын, еріккеннен, жеңіл жүрісті болып желіккеннен бе екен... Тағдырдың иті ондырмай қапса қайтейін... Ол сырымды шешең болмаса, сен білмейтін шығарсың, қалқам. Он бес жасқа жаңа толған уыздай жас шағымда, он екіде бір гүлім ашылмаған бота тірсек, бұла шағымда үлкен ағамыз Сәрсенді үйлендіретін қалыңмал таба алмай, байдың бір ынжық ұлына ұзатып жіберді. Жылай-жылай кете бардым. Менің қалыңыма алған малды айдап беріп ағайыма келіншек әперді. Үш жылдай тұрған соң екі құрсақ көтердім. Көп ұзамай күйеуім қайтыс болды. Өзі де дімкәс, жарымжан адам еді. Екі баламды алып төркініме қайтып оралдым. Үлкенін бала көтермеген әпкеме – Дүрияға бердім, ал кішісі апамның бауырында өсті. Колхоздастыру басталғанда осы Ақанның туған ағасы Ахмет сөз салған. Өзі де тепсе темір үзетіндей, иықты әрі келбетті жігіт еді марқұм. Өзіме ме, жоқ,

болмаса көзіме қызықты ма, екі баламен қалған жесір демей, кәдімгідей кәдесін жасап қада түсті (Жас кезімде жеңгелерім «жақсыкөз» деп атаушы еді). Тағы да ұзатылдым. Бір жылдай отастық. Шәй деспей тату-тәтті ғұмыр кештік. Құдайдың ісіне қарсы келген кім бар, аяқ астынан ол да сырқаттанды. Төсек тартып, саржамбас болып көп жатты. Бұлардың арғы аталары батыр болған ғой, тек қана тік сөйлеп, тік жүруге жаратылған. Иненің жасуындай қорлыққа шыдамайтын, басынан сөз асырмайтан өткір де өркөкіректеу. Әсіресе, ашуланғандары жаман, қаһарланса не қан қылуға, не қан болуға барар... (Ол мінез Ақанда да, жалғыз ұлда да бар). Төр алдында ұзынынан түсіп сал болып тұра алмай жатқан Ахмет бір күні мені қасына шақырып алды да, еркелетіп шашымнан сипады. «Жүдеп кетіпсің ғой», – деп жүзіме үңілді. Ондай әйелжанды мінезі жоқ, катал да суық жігіт еді, бұл оқыс қылығына таң қалдым. Сонда ғана байқадым, оты сөнуге айналған жанарында жас бар екен. Алты алашты аузына қаратқан арыстай азаматтың қатындарша босауы менің де сай-сүйегімді сырқыратты. Бас салып құшақтап, басымды бауырына тығып ботадай боздап жылап жібердім. Ол алақанымен көз жасымды сүртті де: «Ертең-ақ тұрып кетемін, – деді күліп. – Неге екенін білмеймін, таңдайым таңдайыма жабысып шөлдеп барам, сусын әкелші». – Ойымда ештеңе жоқ, су араластырған сұйық айранды алып қайтып оралсам... қайтып оралсам... жез мойын, мүйіз сап пышақ қадалған Ахметтің кеудесінен қып-қызыл қан, қып-қызыл қан аспанға шапшып жатыр... Талып қалсам керек, Ахметті жуып-шайып оң жаққа салғанда ғана есімді жидым. Міне, осылайша екінші күйеуімді де қара жердің қойнына беріп, екінші рет қара жамылып, қан жұтып жесір қалдым. Содан бері мал бауыздаса жанына жоламай, ішек-қарнын аршуға бірақ келемін. Содан бері қызарған сұйық зат көрсем, көзім қарауытып, басым айналады. Содан бері ешқашан да қан көрген жоқ деп ойлайсың-ау, айналайын, көрдім, көп көрдім. Құдай алмаған соң жер басып, ырзығынды жеп жүреді екенсің... Ахмет қайтыс болған соң ата-енемнің рұқсатынсыз төркініме кетіп қала алмадым. Тіпті, не бетіммен қайтып барамын, тіпті, барған күннің өзінде де қанды көйлек деп үйге кіргізе ме. Сыртқа шыға қалсам ауыл адамдары әзірейіл көргендей, шошына қарап, теріс айналатын болды. Су алуға өзенге барғанда Бұқтырмаға ағып өлейін деп,

сан рет оқталдым да, шыбын жанымды қия алмадым. Мүмкін, бала-шағамның бақыты жібермеген шығар.

Ақан ағасы өлгенде жиырмаға жаңа толған жас жігіт еді. Көп сөйлемейтін, ағасындай емес, тұйықтау әрі талдырмаш, жуас болатын. Колхоздың жұмысына ерте кетеді, кеш келеді. Жүзімізге дұрыстап қараған да емеспіз. Бір күні ата-енем мені шақырып алды да: «Келінжан, Ахметтің өлімі үшін жолы ауыр, аяғы құтсыз деп сені кінәлап қайтеміз. Жазмыш солай шығар, өлген азамат тіріліп келмейді. Бүкіл бала-шағамызбен сені шын жақсы көреміз. Қимаймыз. Бұл үйдің босағасына сендей келін түссе, одан артық қуаныштың керегі жоқ. Ахмет қайтқанмен, шүкіршілік, құр алақан емеспіз, інілері бар, әмеңгері табылады. Қарсы болмасаң Ақан екеуіңе неке суын ішкізуді қош көріп отырмыз. Онымен ақылдастық, жөн-жосықты білетін бала ғой, «жеңгемді қаңғырта алмаймын» деді жарығым.

Мен не дерімді білмедім, тіпті, өзіме өзім сенбедім де, бар қолымнан келгені – жыладым... Тәңірім-ау, үшінші рет... Санын қойшы, күні ертең Ақан оқыс болып кетсе, қара жер қак айырылып, түсіп кеткенім оңай емес пе. «Ол – жас қой» дедім дірілдеген сенімсіз үнмен. «Бес жас қана кішілігі бар, бес жас - бел құрдас деген».

Мен тек қана ата-енемнің көңілін қимай тұрмысқа шықтым осы шалға... Кейін жарасып кеттік. Дүниеге үш қыз келді. Төртінші балаға жүкті кезімде соғыс деген сұмдық шықты ғой...

Ер азаматтың бағасын мендей білер ешкім жоқ дегенім содан да. Бардың қадірін сезіну үшін жоғалту керек екен, тоқтықтың қадірін білу үшін ашығу керек екен. Біз бәрін де көрдік.

Бұрын Бұқтырманың жағасындағы екі бөлмелі төбесі шатырланбаған тоқал ағаш үйде тұрушы едік. Оның өзі Ережеп байдың Мағауия деген баласының қыстағы. Кәмпіске кезінде Ахмет арзан бағаға сатып алса керек. Үйелменіміз үлкен: ата-енем, қайныларым: Ботай, Қатай, Жеңісхан, қайын сіңлілерім: Сандуғаш, Қарлығаш, Әсия; өз қыздарым: Шолпан, Айман, Ләззат бар және біреуі ішімде. Әжетке жарағандары – төртеуі ғана, қалғандары әлі жас, құстың балапаны секілді кешке шаршап-шалдығып жұмыстан келсең аузын ашып, тамақ дәмепіп отырады. Бар ауыртпалық маған түсті, колхоз басқармасы қайда жұмсаса – сонда, екі етеккі түріп салып

шапқылаймын да жүремін. Ол кезде, бәлкім, заманның талабы солай болды ма, жоқ жергілікті басшылар жесір әйел, жетім балаларды тым басынып, әпербақандық жасап жіберді ме – ол жағын ашып айта алмаймын. Әйтеуір, аяушылық, жағдайға қарау дегенді білмейтін. Таң бозынан есік алдында ат ойнатып айғайлап оятады, қас қарайып жұлдыз туғанша жұмысқа салады. Кейде ай жарығымен де жер жыртып, арық қазып, жазда шөп маялап жүрдік. Сондықтан да жеңген шығармыз... Мүмкін, солардың арқасы шығар жеті басты жауды айдап ініне тыққанымыз...

Жарықтық көктем де туды-ау. Маған, жылдағыдай емес, қар ерте еріп, жер тез қарайғандай болып сезілген. Тоңжібіп, топырақ бусанғаннан-ақ, жер жыртып, дән себуге шықтық. Он-он екі жасар балалар – ат айдаушы. Соқаға екі ат, құлынды бие, кейде өгіз, қысыр қалған сиырларды жегетінбіз. Алғашында мен соқа ұстадым, содан соң тісті тырмаға ауыстырды. Тырманы жалғыз ат тартады, мен жетелеп жаяу жүріп отырамын. Бұл соқа ұстағаннан гөрі жеңілірек тиді. Байғұс Ғайша жаны ашыды ма, басқармаға барып, менің жүкті екенімді айтып, өзінің аспазшылық орнын маған берді. Тасқайнат ылғи саңқылдап сөйлеп, жарқылдап күліп жүретін көңілді әйел еді, соғыстан соң жіңішке аурудан қайтыс болды.

Аузымыздағыны жырып майданға жібереміз де, өзіміз шикылдап аш жүретін едік. Орамамызда ашпай жер жыртып, өзегіміз талған соң аңыздағы былтырдан қалған масақты теріп, қуырып жейміз. Ал колхоз сотық орындағандарға бір аяқ көжені артық беруші еді. Жалғыз қарағайдаң бүгінде ақтаңлақ болып, сортаңы шығып жатқан даласын қаражондап, таспадай тіліп тастаған әйелдер қарға адым жердегі үйіне бара алмай, қос басында түнейтін. Үйлерінен ала келген қомшасын төсей салып, әлі сызы дегдімеген топырақтың үстіне құс төсекке аунағандай жата-жата кетер едік. Қар көк аспан, сол қаракөк аспандағы сансыз жұлдыздарға телміріп, әрқайсымыз өз жарымызды емірене еске алушы едік; содан соң Ғайша шалқар үнімен, мұқым даланы, іргеде ғана үн-түнсіз қалғып тұрған тауды жаңғырықтыра ән бастайтын; ол әнді қатар-қатар жерде жатқан әйелдер іліп әкетіп, қосыла шырқағанда зіл болып басқан ауыр шаршаудан, еңсені езген зұлмат қайғыдан арылып, бақыттың бір сәттік тәттісін таусар едік; көңіліміздің көк дөненін ерттеп мініп, өзіміз де білмейтін жұмаққа аттанар едік; мұрынға жаңа

жыртылған жердің дымқылы келіп, сағыныштың – ер-азаматқа деген аңсаудың астарында бойымыз балқып, себепсіз масаяр едік... Осы кезде қара жерді дүрсілдетіп ауыл жақтан ақ боз ат ағып келе жатар еді. Ақ боз аттың үстіндегі колхоз бастығы Нартай екені бәрімізге мәлім. Түн жамылып келіп, үйіне қашып кеткен әйелдер жоқ па дегендей, түгендеп қайтар әдеті бар. Ауыздығын қарш-қарш шайнаған атын ойнақшытып, айғай салды: – Жолдас қатындар, қазір мен аттарыңды атаймын, «менмін» деп дауыстап орындарыңнан атып тұрыңдар.

Сұлап-сұлап жатқан әйелдердің ешқайсысы үндеген жоқ. Ғайша жарықтық батыл еді ғой, оның сөзін естімеген кісімсіп, тағы да бір әнді әуелете шырқап қоя бергені.

Ау, Гүлайым, Гүлайым,
Ойламашы уайым,
Майдандағы ағайдың
Денсаулығын сұраймын.

Біз қосыла жөнелдік. Нартай бастық не істерін білмеді. Бар қолынан келгені ақ боз атымен тапап кетердей омыраулата тебінді. Есті жануар есерсоқ иесінің бұл қылығына көне қоя ма, ән айтқан тірі кісілерден тайсақтап қайта-қайта ала қашады.

– Ән айтасың, ә! – деп кекетті Ғайшаны.

– Ән айтамыз.

– Шаршамаған екенсің, ә?

– Шаршаған жоқпыз.

– Мен сені шаршатармын, қара қаншық. (Ұят болса да айтайын. Ол кісі былапыт сөзді көп араластырмай сөйлей алмаушы еді ғой). Ертең кеңсеге кел, – деп, атын сауырлап ауылға қарай құйын-перен шапқылай жөнелді.

– Қолыңнан келгенін аяма. Көп болса борананы жаяу сүйретерсің, пішту, – деп, артынан топырақ шашып долданады Ғайша. Біз маз боп күлеміз. Күлкіміздің ертең көмір боларын да білеміз, бірақ көзімізден жас аққанша күлеміз. Бұл тіпті де күлкіден туған жас емес-ті, басқа... Қайғыдан бастау алып, күлкіге айналған жас еді... Түннің бір уағында тоңазыдым ба, болмаса құлағымды жаңа жандана бастаған құрт-құмырсқа жыбырлатты ма – оянып кеттім. Талығып барып ұйқыға бой алдырған әйелдер біреуі қорылдап, біреуі пысылдап бүрісіп-бүрісіп жатыр. Ішін тартып, өксіп барып екінші жамбасына аунап түскен Ғайша, ашылыққырап қалып еді, іргесін қымтап қайта жауып қойдым. Қолым денесіне тиіп кетті ме, «Алла,

алла, бұ кім», – деп басын қақшаң еткізіп жұлып алды. «Мен Алмамын ғой», «Түу зәрем ұшып... Нартай екен деп...» Басын бүркеп қайтадан жатып қалды. Содан соң ұйқым келсейші, көзіме ине тіреп қойғандай кірпігім-кірпігіме айқаспады. Ойыма қай-қайдағы түседі... Сон-а-ау қаракөк аспанда көз қысысып, жердегі біздерге елжірей қарап тұрған жұлдыздарды теріп алардай телміремін. Кейбіреулері зу етіп ағып түседі. Өр аққан жұлдыз – өлген адам деуші еді, ескі көз қариялар... «Құдай сақтасын, – деп күрсіндім, – бетін ары қылсын». Ақан әскерге аттанар түнді есіме аламын. Онда да таң бозына дейін кірпік ілмеп едік қой... Темір пешке маздатып от жағып қойып, күбір-күбір сыбырласқанбыз. Арамызда ел айта беретін сүйіспеншілік, ғашықтық деген ыстық ынтызарлық болмай, тағдырдың жазуымен, ата-ананың ұйғаруымен оқыстан қосыла салсақ та, күн өткен сайын өзіміз де сезіп, байқамай қалған жұқалаң сезім, жұмбақтай жіп мәңгі айырылмастай ғып матап, байлай бастаған. Ол мені есік көрген ересек әйел деп қорламады, тіпті үш қызды дүниеге әкелген әке болған соң, қалай басынамын десе де көнер едім, өйткені менің бұл үйден басқа барар жер, басар тауым жоқ еді... Қашан шашымнан сүйреп, шығарып тастағанша қолындағы құлы, есігіндегі күңі боп өтуге бекінгенмін. Бірақ Ақаннан ондай тәйтiк мiнез, суық жүрiс сезiлген емес. Кейде қатындар, қалжың-шыны аралас: «Алма, сенің сиқырың бар ғой деймін. Күйеу-қайның дуалап тастағандай сенен шырғалап шықпайды. Уыздай жас келіншегі бар еркектер бүйірімізден түрткілеп тыныш жүрмейді. Ал ол болса бетімізге тура қарап, көз қысқан емес», – деуші еді.

Құдайдың қарғысына қашанғы ұшырай берем, мейірімі маған да түскен шығар.

Ақанда жалғыз-ақ арман бар еді. Алайда ол арманын да күйеуімісініп күйгелектеніп немесе аһ ұрып күйзеліп айтпай, соғысқа шақырылған түні ғана шашымнан сипап жатып, еркелетіп назбен білдірді ғой.

– Алма, – деді ақырын ғана сыбырлап. – Мен болсам қанды жорыққа аттанамын. Оралармын, оралмаспын – екеуі де сүйшілікке байланысты екіталай дүние.

– Ораласың, Ақаным, сөз жоқ, ораласың, – деп жылап, мойнынан қапсыра құшақтай алдым. – Сені де жоғалтуым мүмкін емес. Менде не қалады сонда?

– Ақырын, балаларды оятасың, – деді алақанымен жасқа толы жанарымды сүртіп. – Жүдеп кетіпсің ғой... «Құдай-ау, – деймін ішімнен, – Құдай-ау, Ақмет ағасынан айнысайшы, ол да шашымнан сипап, осы сөзді айтып еді ғой, ол да... өлерінде осы сөзді...» Өксігімді баса алмай зар еніредім.

– Қой, жылама, жаман ырым бастап... ендігі үміт, ертеңгі ғұмырым сенің құрсағыңда. Өмірге құлын келсін, ат ұстар ұлым келсін... Өзгесінің барлығы өзекті жанға түк емес. Күндей күркіреген соғыстың шегі болмас дермісің. Келермін, келмеспін кіндігімді жалғап, түтінімді өшірмесең – бұдан артық бақыттың керегі жоқ.

...Ақанымның маған қалдырған аманаты жым-жырт, ішімде жатыр. Ақырын ғана сипап қоямын. Дөңбекшіп жамбасым талған соң, тұрып кеттім. Ай әлі туа қоймаған өліара кез еді, неде болса түн жамылып, үйге барып қайтуды ойладым. Жалғызқарағайдың сайлауына түсіп, тоғай арасындағы жалғыз аяқ соқпақпен ауылға төтелей тарттым.

Ол кезде есіктің сыртынан, не ішінен бекіту жоқ еді ғой. Үйдің ішіндегі адамдардан басқа іліп алар заты болмаса ілгек салып қайтеді. Қараңғыда сипаланып, оттық іздеп жүріп, шелекке аяғым тиіп кетті. «Алмамысын», – деді енем. «Менмін». «Шүйінші, Ақаннан хат келді». «Айналайын, апам-ау, рас па». «Рас, Алмажан, рас».

Аттанғалы келген алғашқы хаты... Майшамның өлеусіреген жарығында үшбұрыштанған хатты қолым дірілдеп, асығыс аштым да, дауыстап оқи бастадым. Атам, қайындарым мен қыздарым қыбырлап оянып, үрпиіп-үрпиіп тыңдап отыр.

Ақанның хаты: «Аса құрметті үй-ішім, бала-шағам! Алтайдың асуындай Бұқтырманың тасуындай, күннің қызуындай, жүректің жылуындай сағынышты сәлемімді жолдаймын. Мен аман-саумын. Майданға жібермеді, Орал деген таудағы кенде жұмыс істеп жүрміз. Жағдайымыз жақсы... Тамақ тоқ, баспанамыз жылы дегендей... Жұмысы да жеңіл, жанымыз қиналып жүрген жоқ, кезектесіп істейміз. Бар уайым – сендер ғанасыздар. Алма, он шақты адамды асырап-сақтау саған қиын тиіп жүрген шығар. Шыда, жаным, жауып тұрған оқтың ортасында жүрген жоқпын ғой, дәм тартса мен де оралармын. Бізге осыншалық мейірімі неге түскенін білмеймін. Тәңірдің берген сыйы шығар... Тіпті жігіттер жардай болып семіріп алды... Аз-мұз айлығымыз бар. Алғашқысын сендерге жолдап

отырмын. Елде қандай жаңалық бар? Майданға аттанған ағайын-туғаннан хабар бар ма? Ақтайлақ пен Бағдаттан хабар келді ме? Сұраған жанға дұғай-дұғай сәлем айт. Балалардың бетінен сүй. Сәлеммен Ақаның. 1942 жыл, көкек айы».

Қуанышымыз қойнымызға сыймады. Енем: – Құлыным-ай, аман-есен екен ғой. Бәсе, түсімде ақ боз атқа мініп, Бұқтырманың тасып жатқанына қарамастан, салып-ұшып өте шығып еді, – деп көзінің жасын шылауышының ұшымен сұртті.

– Кемпір-ай, ертең қара серкені соямын, – деді Атам. Ал мен... үнсіз отырып қалыппын. Қуанған мен қорыққан бірдей деген осы-ау... Жүз сом ақшаны атама бердім. Ол кісі құнжыңдап қойнына тығып, бата жасап, бетін сипады.

Таң құланиектене берген елең-алаңнан құстай ұшып Жалғызқарағайға қайтып оралдым. Құрбыларым пырдай болып, тұяқ серіппей ұйықтап жатыр екен. Баспалап келдім де, өз орныма жым-жырт жата қалдым. Ешқайсысы сезген жоқ. Өлгіндей ұлы қуаныштан соң ұйықтау мүмкін бе, ақ боздана бастаған шығысқа қарап телміремін. Таң хабаршысы бозторғай шырылдай бастады. Көкек шақырып, бытпылдақ үн қатты қарағанның арасынан. Шанағынан асып, тас-талқан болған Бұқтырманың үні құлағыма бұрынғыдан ары жағымды естілді. Соншалықты рақат, соншалықты әдемі... «Алла тағалам осы қуанышымнан айырмаса екен. Маған көп нәрсенің керегі жоқ, тек барымнан айыра көрме», – деп жалбарына тіледім.

5

...Біздің ішімізден іріктеп соғысқа жіберіп те жатты. Ондай жұлдызы оңынан туғандардың бақытына қызыға да, қызғана қарап, шығарып саламыз, – деп Ақан ақсақал әңгімесін одан ары жалғастырды. – Дегенмен бармай, дізімге ілінбей қалғандарына іштей тәубалағандар да жоқ емес еді... Ауылдас бес жігіттің ішінде ең қартаңымыз – Қаймақ, жуас та біртоға кісі ғой. «Е, өзі берген жанды құдай өзі алады да. Неге болсын бас шұлғып көнгеннен басқа амал жоқ», – деп нардың үстінде қисайып саспай жатар еді. Бура – тәпелтек кішкене жігіт. Үнемі мең-зең жүретін. Өзінің тым аласа, қауқарсыздығынан жасқана ма, жоқ болмаса бізге жұмбақтылау қиялмен басы қатып жүре ме, тура алдына келіп: «Бураш, хал қалай?» – деп

дауыстағаныңша байқамас еді. Ыржия күліп бетіңе қарайтын да, «аман-аман» деп иегін қағып, өте шығар еді. Ал Қожақ аусар мінезді, өзінен басқаның барлығы саңырау адамдай даңғырлап сөйлейтін, ашуының алды бар, арты жоқ. Маған үйірсегі де сол, бір төсекте жатамыз, бір қаңылтыр аяқтан тамақ ішеміз.

Аудан орталығы Серовтан әскерге шақырған қағаз келген сайын бұтына жібере қорқатын Құмырай ғана... Әрине, бәріміз де елендей, атымыз қашан аталар екен деп, адамдық жүрекпен сасқалақтап қаларымыз рас, бірақ Құмырай құсап қалшылдап кетпейтінбіз; ол аяқ-қолы дірілдеп, аузындағы шылымын шайнап-шайнап жіберетін; бір отырып, бір тұрып есі қалмай тықыршитын.

– Құмеке-ау, мыңдаған азамат соғысып жүр ғой. Несіне сасқалақтайсың, – дедік бірде ауылдасымыз үшін ұялып. Ол тұлан тұта ашуланды.

– Батпақ қазып жүріп батыр бола қалуын. Көрер едім к...ді, алдыңнан анталап неміс шыға келсе, былшылдамыңдар, – деп ат құйрығын кесісті. Содан былай бөлек жататын болды. Ішімізден ең алғашқы болып үйінен сәлем-сауқат алған да Құмырай, теріс қарап отырып ашты, теріс қарап отырып жалғыз өзі жеді... Ешқайсымызға дәм татырмады. Біз оның қотиын қылығына өкпелеген жоқпыз, тек Бура ғана тісін қайрап, кіжінетін. Кішкене кісінің мөңкіп, тулағаны қызық екен, титімдей ғана жұдырығын түйіп, тап-тап береді. Сонан соң өзінен-өзі ырсып күледі.

Көктемнің алғашқы шуағы қалың орманда, қасат қарлы Орал тауларында себезгілей бастағанда, біз де ептеп сергігендей болып, қатқан денеміз жылынғандай еді. Амал қанша, қашан жер кепкенше табаныңа жабысса қырғылап кетіре алмайтын сар балшыққа тап болдық. Май айы туғанша ылжырап жатып алды. Қыс бойы қоныштың орнына шұлық ораған шарқай бәтеңкені сүйрелеп шыққанбыз. Ал жазғытұрымғы лайсаңда кісі басы бір-бір етік берді. Оның өзі дым тартады. Үнемі кигендіктен бе, резинка етігің барып тұрған құдайдың бәлесі екен, аяғым сырқырап, қақсайтынды шығарды. Көптеген жұмысшының сіңірі тартылып қалды. Қаймақ тобанақ болып, дүзге әрең шығар халі бар, жарты ай жатты. Қожақ екеуіміз өзімізге тиесілі азын-аулақ асымызды бөлісіп, әйтеуір қарнын аш қылған жоқпыз.

Жасырып керегі не, тамақ жағы өте нашар еді. Күніне бір мезгіл ыстық ас берген болады. Оның өзі қышымадан немесе әртүрлі шөп-шаламнан жасалған сулы-сылпың қойыртпақ көже. Әсіресе ондай қатықсыз қара көжеге үйренбеген, аптасына бір рет ет жемесе қас-қабағы ашылмайтын қазақ жігіттері шетінен ауырып тұрды. Үсіген картоп жеген соң бет-аузың күп болып ісіп кетеді екен. Ал қолға тиген тиын-сиынға сатып жер ештеңе жоқ, ол кезде сүттің жарты литрі бұрынғы бағамен жүз сом.

Саңырауқұлақ жеуге де үйрендік. Алтайда аяқ астында жатқанда, байқамай басып кетсе жиіркенетін кірпияздық жайына қалды. Сөйтсек, саңырауқұлақ деген жарықтық бүкіл бір халықтың атадан келе жатқан асы екен... Бір күні сол жемісті жеуге тәуекел жасап, аузыма сала бергенде ішінен қара бас құрт шығып, жүрегім айнып... қатты ауырдым. Ішінде ештеңе қалмаған асқазаннан қан құсатын болдым.

Ішкен асым бағпай, әбден зықысы кеткен маған жаны ашыды ма, Қожақ Құмырайға барды. Үйінен келген посылкада ет, қоспа бар екен деп ұзын құлақтан естігенбіз.

– Құмеке, бәріміз де бір Дәулеттің ұрпағымыз, құрдасын қан құсып ауырып жатыр. Көңілін сұрамадың деп өкпелемейміз. Сорпаламасақ өліп қалатын түрі бар, қол басындай ет бер, қаңылтырға қайнатып берейік, – деген екен. Ол: – Тегін ет келмеске кеткен, сатамын, – деп, екі жүз сом ақша алыпты.

– Ол итті қарағайдың арасына апарып өлтіріп тастасақ кайтеді, – деп, Бура бізге қарап ыржиды.

– Әуелі тышқан өлтіріп ал. – Құмырайдың өшін жұдырықтай ғана жерлесінен алғысы келді ме, Қожақ қатты ашуланды. – Атаңның аузын ұрайын, аман-есен елге оралайық, көзіне көк шыбын үймелетпесем атымды басқа қой.

– Әуелі сол елге жетіп ал, жарқыным, – деді Бура суырша аңқиттап. – Барған соң ол да қарап жатпас. Ол итті жым-жылас құртатын жер – тек қана Орал.

– Қойыңдар, – деді ересегіміз Қаймақ, – тұқымын қуалап келе жатқан мінезін өзгертем деп пе едіңдер. Кім болып туды – солай өледі. Сарандық қанына біткен қасиет... Балталасаң да арыла алмас.

Мен әңгімеге араласқан жоқпын. Жұмыршағымның басына тас байланып қалғандай батады-ай. Ауық-ауық қыжылдатып, аһ деп аузымды ашсам жалын болып сыртқа шығады. Табаным күйіп, түні бойы сұп-суық жерге басып отырамын. Талығып

барыпенді-енді көзімілінді-аудеген кезде «жұмысқашығындар» деген десятниктің айғайы естіледі. Құр сұлдерімді сүйреп, топырақ қазылған үңгірге қарай ілби аяңдаймын. Кеспелтек-теп кескен шпалдарды көлденең төсеп, қолмен сүйрейтін вагонша-қорапқа саламыз. Күн батып, әбден қас қарайғанда ғана екінші кезектегілер келеді. Аузыма дәм салмаған қалпы, аш иттей бұралып жатып қаламын. Ойыма қай-қайдағы сумақы сұрақтар келеді. «Тым болмағанда Отанды қорғап, жаудың да қолынан қаза таппадым-ау. Саңырауқұлақтан ұшынып өліпті дегенді ел естісе, қандай қасірет. Үйелменімнің бетіне шіркеу, сүйекке таңба емес пе».

Барактың іші қанша суық болғанымен соншалықты қапырық, ауа жетпей деміктіреді. Сыртқа шығып қарағай мен қайыңның иісі аңқыған таза ауамен кеудені кере дем алып, қайта кіріп келгенінде, шуаш пен тер иісі сасыған жатар орнымыздан тұншығып өліп кете жаздайсың. Адам үш күннен соң көрге де үйренеді деген емес пе, бәріне төздік, бәріне көндіктік. Егер күндіз-түні оқ бораған соғыста жүріп, жер үйде немесе ақ қар, көк мұздың үстінде түнесек қайтер едік. Олардың жанында біздің жағдай жұмақ секілді деп жұбатамын өзімді-өзім. Дегенмен әлгі «майданға алса» деген тілек күн өткен сайын санамызға сыналай кіріп, көз алдымызда көлендей берді. Екпіндей ұмтылып ерлік жасайын деген жымсыма қулық емес, әйтеуір, ауылдағы ағайынмен «соғысқа кеттік» деп қоштасқан соң, жаумен жағаласып көру де азаматтық борыш секілді еді.

Елден алған сәлем-сауқаты таусылып қалды ма, Құмырай соңғы күндері қабағынан қар жауып, құтырған иттей көрінгенге соқтығып өз-өзінен ызаланып жүрді. Кен орнында ең оңай деген жұмыс – динамит қойып тоң жердің үстіңгі қабатын қопару болатын. Бұл іске қауқарсыз қарттар мен ауру, әлсіз жігіттер жіберілетін. Десятниктің тілін тапты ма, Құмырай түйедей болып, осы жанға жайлы тыныш жұмысқа орналасып алған. Көрсетілген тұсты динамит қойып, бұрқ еткізіп қопарып тастайды да, темекісін құмарлана тартып, құмырсақдай қыбырлаған біздерге мұртынан күліп дем алып отырады. Арбайған ағашты аударуға шамасы жетпей, тырбындаған Бураға, тыныш отырмай, кесек топырақ дәлдеп, оның быж-тыж ызаланғанына қарқ болып күледі. Кешке баракқа келген соң Бура қалайда Құмырайдың көзін құртудың амалын басын қатырып ойлайды да жатады.

Көктем шыққанда көңіліміздегі кірбің тарқап, Оралдың жайқалған орман, әдемі табиғаты сірне болып қатқан сезім-түйсігімізді қытықтағандай еді. Аш жүрсең де, сергек жүргенге не жетсін. Үш айлық қара жұмыстан құтыла қоймағанымен, асқазанымның ауруы аздап басылған секілді, бұрынғыдай ішкенді қайта құстырып, күндіз-түні мазаламайды, тек аш құрсаққа ас түскенде ғана ептеп қыжылдайды. Өз басымдағы үлкен жаңалық, үйден тұңғыш рет хат алдым. Кешігіп келсе де, көңілге медет, дәтке қуат. Түскі бір сағаттық үзілісте қайыңның арасына кіріп алып күбірлеп оқи бастадым.

Алманың хаты: «Ақаным менің! Зар еңіреп, зар жұтып, көзіме қамшы тиген жетім ботадай боздап жүргенде айнымастай болып табысқаным менің! Денің-қарның сау ма? Біз шүкіршілік, тағдыр сыйға тарқан тарыны теріп жеп жүрміз. Атам, апам, балалар, ауыл-аймақ түгелдей аман-есен. Жағдайымыз жақсы. Тамақ тоқ, көйлек көк дегендейін... Әскер семьясы болған соң, колхоздан не керек, соның бәрін алып тұрасың... Өзім қолмен ғана жұмыс істеймін. Аяғы ауыр деп аспазшы тағайындап қойған. Ауылдан соғысқа кеткен бірлі-жарым азаматтан шетінеу бар. Оларды келесі хатымда айтармын. Апам түс көріпті. Сен ақ бозатқа мініп, Бұқтырманның ағаш басына шығып тасып жатқанына қарамай өте шығыпсың. Жарығым, аман-есен келеді деп отыр. Сенің оңай жұмысқа барғаның қандай жақсы болған. Хаттың ішінен жүз сом ақша шыққанда төбеміз көкке жеткендей қуандық. Пәселке салсақ қайтеді? Құмырайдың әйелі, жағдайлары өте нашар екен деп бала-шағасының аузындағысын жырып жолдап жіберген. Ал сен семіріп алдық дейсің... Майшам сөнуге айналды. Хош-сау бол.

Сені сағына күтуші, Мен және үй ішін.

1942 жыл, мамыр».

– Елден тұңғыш рет арқан бойы ұзап шықпағандыкі болар, көңілім босап жыладым. Алманың сойдақ-сойдақ жазуы мен үшін бүкіл Жұлдыз ауылы көшіп келгендей болып сезілді, алғаш рет жүрегім сазып, бала-шағамды өлердей сағындым. Туған жеріміз Шығыс пен соғыс болып жатқан Батыстың екі ортасындағы Орал тауы екі жаққа кезек алаңдай қараған алып түйе секілді. Біз сол алып қара нардың қомына жармасқан атымыз бар, атағымыз жоқ жұмыс әскерлеріміз. Қимыл-әрекетімізге, мұрнымызға су жетпей істеген жұмысымызға

қарап, қандай қайсар жандар, деп ойлауға болар еді. Бірақ біз тіпті де олай емеспіз, дүниедегі бар жақсылықпен жамандықтан құр алақан қалған керең де кепірсіз қалған жандармыз. Радио тыңдай алмадық, газет оқи алмадық, ең ақыры саяси хабардың өзін мардымсыз, тиіп-қашып өткізеді. Цех бастығы, директордың орынбасары деп аталатын кісілер құдай секілді, ақырып-бақырып ойына келгенін істейді. Жанымызға батқаны да сол – не өлім, не өмір деп бүкіл әлем арпалысып жатқанда, жер астынан шыққан жік секілді тайраңдап, оқтау жұтқандай кердеңдеп жүргендері. Жасырып керегі не, жұмысшылардың арасында ауру-сырқау, өлім-жітім көбейді. Балшықтан адам жасай алмай, қиналған шақта, осыншалық сорақылыққа жол беру, әрине, әркімді де ойландырады. Арыз-арманымызды айтар жер таба алмай іштей мүжілеміз. Біз майданды көкседік. Амал не, мені тағы да бронмен алып қалды.

Құмырайдың зәресін зәр түбіне жібере бір топ жігіттерді соғысқа жіберді.

Құмырай екеуміз көп болды амандаспаймыз. Бұл ескі кекті қуу, жоқ болмаса жеке бастың бақастығынан қоздаған дұрдараздық емес еді; бұл, жалпы мінездің өзгешелігі, рухымыздың бір қазанда қайнаса да қабыспайтын қарама-қайшылығы тудырған бітіспес майдан сықылды еді. Қолымызға қару алып атыспағанымыз болмаса, бір-бірімізге өзгеше дұшпанбыз, өлердей жатпыз. Егер тағдырды жалғыз ғана шана десек, сөз жоқ, ол шананы екеуміз екі жаққа сүйреп жүрміз. Ағайындық та, ауылдастық та, барақтастық та дәнекер бола алмас өгейлік пен өшпенді суықтық күн өткен сайын қабына түсті. Неге? Өзім де білмеймін, көре қалсам болды өне бойымнан жылан жорғалап өткендей тітіркенемін. Қайта елде жүргенде еркін араласа беруші едік.

Елде жүргенде демекші, соғыс басталмас бұрын Жұлдыз ауылы Октябрь тойын ерекше өткізгені әлі есімде. Ат жарыстырып, балуандарды күрестірді. Бас балуанға осы Құмырай шыққан. Екі иығына екі кісі мінгендей, еңгезердей жігіт беліне белбеу байлап, мықынын таяна ортада тұрды. Оның сұсынан қорықты ма, мұқым елдің ішінен суырылып ешкім шыға қоймады. Маған оның көпшілікке менсінбей қарап, менменсіген түрі ұнамады. Шыдай алмадым. «Жығылсам жер көтерер» деген тәуекелмен ортаға атып шығып, алақаныма түкіріп ұстаса кеттім. Төрешілер мені әрең тоқтатты. Сөйтсем,

белбеу байлауым керек екен. Құмырай әлі шіреніп тұр. Әсіресе, саған не керек дегендей, мырс етіп мысқылдай күлгені жанға батты. Белдесіп, бір-бірімізді толғай ырғап, күшімізді сынап көрдік. Ол менің құлағыма: «Жамбасың сынып қалса қайтесің, құрдас», – деп сыбырлап үлгерді. Қаумалай қоршаған халық дүрліге жақындап, күрес шеңберін тарылтып жіберді. Біз аңдысып, ал дегенде әдіс қолдана қойған жоқпыз. «Құмекен қоймайды, талай рет палуанға түскен нар емес пе», «Ақан да осал емес, таутекенің асығындай шымыр әрі шапшаң» деген сөздерді еміс-еміс естіп қаламыз. «Болсандаршы, құдалар құсап құшақтасып жүремісіндер», – деген сөз естілгенде, қарсыласым ежелгі тәсіліне салып, «ауп» деп мені өзіне жақындата жұлқа тартып, оң жамбасқа сала бергенде, осы сәтті табандап аңдыған мен сарт еткізіп іштен шалдым да, өзім шалқалай аударғанда, ол гүрс етіп астыма түсіп қалғаны... Әбден ызам келсе керек етқызумен: «Күш менікі, сор сенікі!», – деп басынан аттап кетіппін. Жұрт шу ете қалды. Құмырайдың ағайын-туғандары ауырсына жатып қалған жігітті жерден тік көтеріп әкетіп, ұлы айғайға, бітіспес дауға басты. «Азаматымызды қорлап, басынан аттады, сүйегімізге таңба болды, ру намысына тиді, тұрысатын жерін айтсын», – деп кіжінді. Біздің Ұзақ деп аталар рудың да жігіттері мен атайын, сен тұр, өңкей бір жындысүрейлер еді, білек түріп сыбанып олар шықты. Әйтеуір, не керек, бұл дау-дамай, жанжал күні бойы басылмайды. Тіпті, екі жақтың балсыраға қызып алған бас көтерер-ау деген азаматтары колхоздың аяқ артар көлігін ұстап мініп, айылын мықтап тартып, жекпе-жекке сақадай сайлана бастады. Тымақтарының бауын байлап, сойыл, айыр, шоқпар секілді қаруларын әзірледі. Сонымен екі жақ Күркіременің жазығында кездесетін болып уағдаласты. Аяқ астында туған дауды бітістіре алмаған колхоз басшылары ауданға ат шаптырып, сот пен милиция шақыртты. Сөйтіп, әрең басып еді-ау...

Міне, ол екеуіміздің арамыздағы беріш болып қатқан бақастық осылай басталған. Қашан аяқталады, оны өзім де білмеймін. Тегі, өлсек те көрімізде тыныш жатпаспыз... Әрқайсымыз «менікі жөн» деп жөнеле береміз де бұл дүниеден... Сырттан келген жауды жеңуге болар, ал арамыздағы ше, олардың кімдер екенін білмейміз ғой. Сырттай қарағанда бәріміз бірдейміз, бетегеден биік, жусаннан аласамыз. Ешкімнің маңдайына ақ-

қарасы жазылып тумайды. Осы Орал тауында еңбек әскерінде жүрген адамдардың өзін ажыратып, жақсы, жаманға іріктеп бөлу мүмкін бе?.. Құмырай да, мен де бармын. Мақсатымыз жалғыз деп мақтанғанмен, пиғылымыз басқа ғой. Оны пайымдап, зерттеп берер уақыт жоқ. Қазір, тіпті, содан бері отыз жыл асса да, шын мәнінде, қоғамға кім керегін айқындадық па... Жауды атып тастайсың, біздегілерді ше? Мүмкін, олар жаудан да қауіпті шығар. Алманың ішіндегі құрт секілді сыртымызды жалтырата сүртіп қоямыз...

Оралдың жазы керемет екен, Алтайдан бір де кем емес, жаныңды жайсаңға бастайды. Жап-жасыл болып тамылжыған дүние: қасқая қарап тұрар қарағай, ақ балтыр, көк көйлекті қайың, теңге жапырақты терек, жайқала өскен тау шалғыны. Егер өмірдегі қайғы-мұңды ұмытып, табиғатты ғана тамашалап кетсең, мәңгі жалықтырмас жап-жарық әлемнің қойнына кіресең де, өзіңнің жер басып жүрген жұмыр басты пенде екенің, арман-мақсатың, келешектен күтер үміт-бақытың, жақсылық аңсап дүрсілдеп соққан жүрегің бар адам екенің есіңе түседі. Осылайша, орман-тоғай, тау-тасты кезіп, анау сор боп келген соғыстан, сор маңдай қылған ауыр жұмыстан безіп, бейбіт те берекелі өмірді сағынасың. Жалғанда түскі үзілістен келте, көзді ашып-жұмғанша жай оғындай шапшаңдықпен зу етіп өте шығар не бар екен... Айналаңа қарап, тамашаға енді-енді тамсана бергеніңде жұмысқа шақырар қаңылтыр темір қағылады. Кеппеген жас ағаштан жасалған жас шпал мен иығыңды езіп жіберер темір жолды көтеріп, үңірейген карьерге қарай мықшындайсың. Сенің артыңнан тырмыса вагон итеріп басқалар ереді... Арпалысқан адамдар, жанталасқан қимыл, жан тапсыра қимылдаған жұмысшылар. Таусылып бітпес қозғалыстан әбден қажыған, салдары суға кете итырықтағандар орман арасында құмырсқаша құжынайды. Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін! Әттең, сол кездегі «трудоармияны» киноға түсіріп алса ғой, өкінішке орай, газеттенбіз деген бірде-бір журналистің төбесін көрген емеспіз.

Жаздың ортасына таман майданға алынған азаматтардың орнын басуға жүздеген қыз-келіншек келді. Улап-шулап, сол кезеңнің бар қайғысын, қалған-құтқан қуанышын ала келді, айналайын әйелдер... «Енді еркектерге екі есе жұмыс істеу керек шығар?» – деп ойладым.

«...Алла тағалам осы қуаныштан айырмаса екен. Маған көп нәрсенің керегі жоқ, тек барымды ала көрме», – деп жасаған иеме жалбарына тіледім.

Алма кемпір әжімді жүзін қарсы алдындағы қарғадай ғана келіншектен алмастан әңгімесін жалғастырды. – Ол кезде тура сенің жасыңда едім ғой, Күмісжан. Иә, сенің жасыңдағы толықсыған шағым еді. Тотыдайын таранып, сұңқардайын сыланбасам да, шайқап ішіп, шалқалақтап басатын отыздан асқан от мінез еді ғой. Қайтейін, қарағым, қайтейін, тағдырдың тепкісіне түсіп, дертесіне жегілдік. Сонда да жендік! Әрине, бақыт құсы біздің шаңыраққа кеш қонды, кеш қонса да біржола қонса екен деген арман бар. «Бала-шағасы жетті, шаңырақ көтеріп, қарқарадай үй болды. Осыншама мал ұстап, дүние жинайтындай не бастарыңа күн туды. О дүниеге аркалап ала кетем деп жүр ме». Мұндай қаңқу сөзді күнде естіміз. Ал ертең шал екеуміз екі жерде қикайып қалайықшы, қай ағайын арулап қояр екен. Жан-жақтан балаларымыз жиналғанша, оң жаққа салып, аруағымызды күзетер кіміміз бар. «Өлсең де көрің кең болсын» деген бұрынғылар, жаман айтпай жақсы жоқ, қайтпайтын жолға түсер болсақ, ұл-қыздарымызға ауыртпалығымызды салмайық, жас кезімізде тойып тамақ жемеп едік, тым болмағанда асымыз аста-төк болсын деген оймен жинаймыз малды. Әрине, алдымызға салып айдап кетпейміз, артымызда қалады, күншіл ағайынның өзіне бұйырады. Ой таразысына салсам, бақыт жарық дүниемен қоштасқаннан соң қажет екен. Өзің үшін емес, ұрпағыңның ұялмауы үшін.

Бірді айтып, бірге кете бердім-ау, қарағым. Ақанның соғыста емес, «тұрабойда» жүргенін естіген ел сан-саққа жүгіртті. Кейбіреулер: «Бағың бар екен, Алма, Ақаның жақсы жерге орналасыпты», – деп шын ниетімен қуанса, қайсыбірі: «Тасының өрге домалауын қарашы. Біздің байымыз жауып тұрған оқтың астында жаумен алысып жатса, пәленшенің күйеуі курортта жүр», – деп қызғаныш білдірді. Әсіресе, күйеуінен қара қағаз алған қаралы әйелдердің бетіне қарай алмаймыз, байларын біз өлтіргендей-ақ, амандасайын десең теріс айналып, ернін шығарар еді. Күн өткен сайын сүйкіміміз кетіп, қай-қай жердегі ең қиын жұмысқа салатын. «Ей, трудовойдың қатыны, хал қалай, байың жардай боп семіріп алыпты деп естідім. Сол жақтан уыздай жас қызға үйленіп, біржола қалып қойса

қайтесін», – деп сайқымазақ қылатынды шығарды. Бар айтар жауабым: «Тірі жүрсе болды».

«Тірі жүрсе болды», бұл – менің жүрегімді жарып шыққан адал ақ тілегім еді. Байын байлап ұстаған әйелді көргенім жоқ, Ақанның бас бостандығы өзінде, талақ тастаса да өкінбес едім, кейбіреулер құсап қарғап-сілемес едім. Имандай шыным осы. Қызық... Осыдан бес жыл бұрын Ақан пенсияға шығатын болып, райсәбезге барған екен: – Ата, үйленгенсіз бе, паспортыңызда белгі жоқ, – деп қағаз бермепті. Содан мені қызыл машинаға салып алып, ерлі-зайыпты деген кінешке бергені. Қартайғанда қайта үйленіп, некелескен ел-жұрттан ұят екен. Балаларым той жасаңдар деп мазақтап, көрші-қолаң қыңқылдап қоймаған соң, амал не, бір малымызды сойып, ырымын жасадық.

Кеше ғана өзіміз еккен егін жайқалып өсіп қалды. Енді бізді сол егінді арық қазып, суару жұмысына салды. Күркіреме бұлағының ар жағындағы диірменнен бастап қиялай қазған арығымыздың орны сайрап әлі жатыр. Үш әйел қайла-күрегімізді арқалап таң бозынан тұрып, солай қарай аяндаймыз. Белуардан су кешіп, қиядан саулап су жырып кеткен жерді шым, таспен бітеп әуре болып жүргеніміз. Үйден ала шыққан талқанымызды қайнамаған қара суға шылап, жүрек жалғаймыз да, тағы да қара жерді қазғылаймыз. Диірмендегі егістікке арық жүргізу жұмысын аяқтаған соң, бізді Жаманашыдағы арпаны суаруға салды. Бұрынғымыз мұның жанында ойыншық екен, қып-қызыл тасты сүймендеп жылдар бойы соқа тісі тимеген беріш төбенің бауырын қақ тіліп, арық қазғанда, алғаш рет қатты шаршағанымды сездім. Күн ыстық. Сусын жоқ. Ішім үлкейіп қалған. Колхоз бастығы қас қылғандай жанымға сырлас құрбым Ғайшаны да қоспай, күйеулерінен қара қағаз алған Сақыш пен Бәтiшке телiген. Олар менiмен қырғи қабақ, арық бiреу болса да бөлек жүредi. Звенобойымыз Сақыш менi қайдағы бiр қағынған жерге, шақылдаған көк тасқа салады. Екеуi өзiне тиесiлi жердi бiтiредi де, талдың көлеңкесiнде дем алып, кейде рақаттанып мызғып алады. Қатты қимылдайын, олардан қалмайын-ақ деп тырмысамын, амал не, Ақанның аманатын дүниеге әкелмей түсiрiп аламын ба деп қорқамын. Өзiме бөлiп берген жердi ломдап, қайлалап қазып бiтiрiп, қатындардың қасына келсем, олар үшеуiмiзге тиесiлi үш литр сүттi бөлiп алып, бiр-бiрiнiң басын тарап жайбарақат отыр. Үндемеушi едiм, салғыласпаушы едiм, дәл осы жолы ақсайтаным ойнады.

– Ау, маған тиесілі сүт қайда? – дедім қалш-қалш етіп.

– Байы тірі қатын сүт ішуші ме еді, – деп сылқ-сылқ күледі.

– Албастылар-ай күйеулеріңнің өлімін менен көріп болмадыңдар ғой. Бір үйдегі он жан адам жалғыз сиырдың төрт емшегіне қарап ақсыз отыр, оның өзі арты бітеліп, қысыр қалған. Тым болмағанда өлмелі кемпір-шал, шикі өкпе балаларымды аясаңдар етті. – Қанша тасқайнат, мықты болсам да шыдай алмай дауыстап жылап жібердім. – Құдай зауалдарыңды берсін!

– Сілкінбе! – деді Сақыш орнынан атып тұрып, – Қаралы үйге қарғыс жүрмейді. Өзіңнен бес жас кіші байыңа мақта-намысың. Сенің де сырың белгілі. Бай құтаймайтын қанды етек қаншық! Жалғыз летір сүт үшін бидайдай қуырғаны несі.

– Ей, Сақыш, тіліңді тарта сөйле, білдің бе! Сенің де сырың мәлім. Азаматыңның топырағы суымай жатып, шыжбыңдап жүрсің. Қу жатыр болған бедеулігінді менен көресің бе? Қалай звенобой болғаның да алақанымда. Басыңа тартқаның қара емес, қызыл орамал, тым болмағанда аруақтан ұялсаңшы!

– Не дедің? – Күректі ала ұмтылды. Мен де қарап қалған жоқпын. Сүйменді көлденең ұстап қорғана бердім. – Қан қылайын! Қолыңда өлейін...

– Жақындап көр! – Неге екенін өзіміз де білмейміз, қолымыздағы қаруды тастай беріп шашымызға жабыстық. Нағыз қатын төбелес басталды. Бәтіш: «Бірің өліп, бірің қал», – деді де, үш литр сүт құйылған торсықты арқалап, ауылға тайып тұрды. Мен Сақыштан гөрі қарулы екенмін, шалқайта құлатып кеудесіне мініп алдым да, етегін түріп тастап, май құйрығын армансыз шапалақтадым-ай, өсек айтқан бүкіл ауыл әйелдеріндегі кегімді Сақыштан алдым. Астымда жатқан ол тыпырлап: – Албасты-ау, өлтіремісің, қоя бер енді, – деді. Жұмсарып қалған секілді, даусы өзімсініп шықты.

Екеуміз қатар отырып алдық та, батысқа жүз беріп, ағыл-тегіл жыладық-ай... Бір-бірімізден кешірім сұрап, бетімізден сүйдік. Ақшам жамырап, қас қарайғанша мұңдастық, сырластық, қайтып қарсы сөз айтыспайтындай болып табыстық. Көйлегінің етегін көтеріп қараған Сақыш: – Албасты-ай, аямай-ақ ұрған екенсің, қарашы алақаның тиген жер қып-қызыл болып қалыпты. Удай ашиды, – деді күліп.

Ел орынға отыра арып, ашып ауылға жеттік. Сақышты үйге апарып шай бердім. Міне, осы оқиғадан соң айнымастай достастық, қайда жұмсаса да жұбымыз жазылмай бірге жүретін болдық.

Шілде туып, колхоз жаппай шөп шабуға кірісті. 1942 жылдың жазы әрі ыстық, әрі берекелі болды. Елдің жағдайы бір қалыпша. Майданға аттанған елу шақты азаматтың тең жартысынан қаралы қағаз келді. Қаралы қағаз келді деп, қара жамылып, жылап-сықтап жатып алған ешкім жоқ, үш күн жоқтап, төртінші күн жұмысқа шығады. Жесірлермен көрісе-көрісе көзіміз қанталап кетті. Әр әйел өз мұңын айтып жоқтайды демекші, өзгенің қайғысы жаныма қанша батқанымен, іштей Ақанның есен-сау оралуын тілеймін. Өйткені, басқалар тұңғыш қосағынан айырылса, мен байғұс, үшіншісін жоғалтып аламын ба деп қорқамын. Соғысқа бармай, Оралда жер қазып жүрсе, тәңірімнің көз жасымды көргені, рақымы түсіп аяғаны шығар деп ойлаймын. Қайын сіңділерімнің үлкені Сандуғаш ойда да, Қарлығаш жонда, жұмыста. Ботай мен Қатай да колхоздың жұмысынан қалмай, құйрықтарын өгіз ойып жүрген. Қалғандары әлі жас, ауылда апасының қасында еді.

Бір күні мені колхоз бастығы Нартай шақырды. Не боп қалды дегендей, құстай ұшып кеңсеге жеттім. Ол шақта бастық немесе кеңес хатшысы іздеді десе, зәре-құтымыз қалмай қорқушы едік. Әр үйге келер қара қағазды, ең алдымен кеңсеге шақырып, басқарма мүшелері мен кеңес қызметкерлері тапсыратын... Жүрегім тарсылдап, аузымнан шыға жаздап есігін аштым. Нартайдың жалғыз отырғанын көрген соң ғана ес-ақылымды жинай бастадым.

– Өңің айдаһар қуғандай ғой, келін, – деп әңгімесін бастады.

– Тыныштық па, аға?

– Тыныштық. Сенің үйіңе келер зауал жоқ қазір. Ақан трудабойда ғой... Бойонкоматқа айтып, соғысқа жібертпеген мен едім...

– Оныңызға рақмет, аға, – дедім сөзіне сенбесем де.

– Жақсылығымның өтеуін алайын деп отырған жоқпын, шырақ. Бірақ судың да сұрауы бар деген... Ақанның күмістеген ері бар еді, өзі келгенше міне тұрайын, маған бер, – деді қоңыр дауыспен майдалап сөйлеп.

– Бере алмаймын, аға. Мен келіскенмен, ата-енем ат тонын ала қашады. Ақаннан қалған жалғыз аманат қой, орынсыз қолқа салмаңыз.

– Өкпелесем қайтесің, – деп оспақтады.

– Қайтеміз, көнеміз де...

– Адамның жаны, қасқалдақтың қанын сұрап отырған жоқпын ғой, келінжан...

– Біз үшін Ақанның ері одан да қымбат.

– Босқа қаңсып жатқанша ат арқасын иіскесін.

– Босқа қаңсып жатқан ер ғана ме екен, аға.

– Өзіміз де еркек терін иіскемей жүрміз деші. – Қарқылдап күлді. – Маған сенің осы өткір мінезің ұнайды.

– Құдайдың жаратқаны да.

– Дайындап қойыңдар, кісі жібертем, – деп кесіп айтты да, әңгіме осымен бітті дегендей орнынан тұрды.

– Бере алмаймыз дедім ғой сізге. Несіне емексисіз! – Даусым қатты шығып кетті.

– Ым... солай де... Ендеше, басқаша сөйлесерміз. Айтпақшы, Ақан кеткелі әскери салық төлемесіңдер-ау осы... Есіме түскені қандай жақсы болды...

– Әскери салықты әскерге адамы алынбаған семья ғана төлемеуші ме еді?

– Дұрыс айтасың, келінжан. Тегінде сенің күйеуің соғыста жүрген жоқ, Орал деген жердегі курортта... Ендеше, таңертеңнен бастап военсалық төлендер. – Менен бұрын шығып кетті де, кеңседе жалғыз өзім қалдым.

«Ақанды әскер боласың деп алып кетпеді ме, салықты неге төлейміз» – міне, осы сауалдың жауабын таба алмай, ойым онға, санам санға бөлініп үйге оралдым. Балаларымды жинап алып, жайқалып өсіп келе жатқан картоптың арамшөбін жұлып, түптеп жүрген енемді көргенде, бағанадан бері көкірегімді қысып, алқымыма кептеліп келген өксік көзімнен бұршақ-бұршақ жас болып ағылды.

– Не болды, келінжан? Ұлымнан жаманат естідің бе?! – деп, енем мені құшақтап ойбай салды.

– Жоқ, – дедім өксігімді баса алмай. – Тыныштық. Нартай Ақанның ер-тоқымын сұрайды.

– Ту, зәремді ұшырдың-ау, – деп картоптың сабағын жапыра отыра кетті. – Құдай-ай соған да кісі ботадай боздап жылай ма екен. Шалмен ақылдасайық, жүр үйге. Әй, балалар, сендер

жұмыстарыңды жалғастыра беріңдер. Бұл – қыста жейтін азықтарың.

Атам намаз оқып отыр екен, бұзған жоқпыз. Ол кісі намазға ұйығанда дәл жанынан бомба жарылып, құлағының түбінен мылтық атылып жатса да тапжылмайтын діндар адам еді ғой жарықтық. Кезінде кедейлігіне қарамай Әбдікерім болыстың сөз ұстаған биі, ел дауын жалғыз-ақ ауыз сөзбен шеше салатын шешен болыпты деп естігенмін. Мен келін боп түскенде әбден қартайған шағы және таң атқанша басы жастыққа тимей жөтелетін дімкәс ауру еді. Атама еліктей ме, бес уақ намазын енем де қаза қылмайтын. Ол кісінікі сәл өтіріктеу де секілді еді, жайнамазына жығылып, алақанын жайып отырып-ақ: «Ешкіні камадыңдар ма?», «Су әкелдіңдер ме?», «Шай қойдыңдар ма?» – деп өз шаруасын қоса бітіре беретін. Әй, апам-ай, «құдайдан қайт» деп шалы қанша рет ұрысса да, осы әдетін қоймай-ақ қойғаны. «Егер бары рас болса, анау пәшистің неге сазайын тартқызбайды, адамның қанын судай ағызып қоя ма солай», енемнің алла тағалаға деген сенімі соғыс басталғалы бері азая бастағанын сезетінмін. Енді, міне, ол жарықтық жоқ екенін біліп тұра, отырсақ та, тұрсақ та аузымыздан тастамаймыз. Қайдам, қарағым, жоғына кімнің көзі жетіпті.

Атам үш ұмтылып барып орнынан әрең тұрды. Кеудесі сырсыр етеді, шаршап қалған секілді.

– Шал, ау, шал. Нартай Ақанның күмістелген ер-тоқымын сұрапты. Береміз бе?

– Атасының басы, – деді атам еңтігін әлі де баса алмай. – Ахметтен қалған көзді Нартайдың сасық бұтына салайын ба. Оттаған екен. Ененді... – Маған жалт қарады да одан арғысын айтпай қоя қойды.

– Ата, – дедім мен иіле төмен қарап (Қанша арып-шаршап қиындық көріп жүрсем де ол кісінің жүзіне тура қарамаған инабатты келіні едім ғой, қайтейін...) – Егер ерді бермесек, бастық үстімізден құрық түсірмейтін сыңай бар. Боенсалық төлендер деп қиғылықты салды.

– Салықтың орнына мені алып кетсе де бермеймін, – деп кесіп айтты.

– Сен екеумізді не ғылсын, не істейміз? – деп енем қыржыңдады.

– Қара ешкіні ұстап беріңдер.

– Келесі айда не төлейміз, ата-ау.

– Одан арғысын көре жатармыз. Құдай бай емес пе, бір есебін табармыз.

– Адыра қал, – деп енем шыға жөнелді. Атам күрк-күрк жөтеліп жатып қалды. Мен қара ешкінің лағын жетім қалдырып, колхоз кеңсесінің босағасына байлап кеттім. Қияңқылығым ұстады ма, мүйізіне «боенсалық» деп қағаз жазып, байлап қойдым да, оразамды ашпастан пішенде жүрген әйелдерге тарттым.

– Қол тартпамен шөп шабу маған өте қиын болды. Қиын болған себебі – ішім үлкейіп қалған. Бұл жұмыстан босат деп өтініш айтып, Нартайға баруға арландым. Әсіресе, анау ер дауынан кейін бізді атарға оғы жоқ. Әбден өшігіп алған. Қажыған елге би болып қалған азын-аулақ азаматтардың әспенсіп ойына келгенін істеп баққанын несіне жасырайын, көзімізбен көрдік қой.

Әрине, бәрі бір қалыптан шыққандай қазымыр емес те шығар, бірақ елуден асып, әскер жасына ілінбей қалған еркектерді соғыс әжептәуір еркелетті... Майданнан жаралы азаматтар оралып, жанымыз қалды ғой. Оқ пен оттың ортасына түсіп, бейкүнә өлімді көрген олар бейшара елге ізгілік, жақсылық ала келді де, көксақал әпербақандарды тақтан түсіріп, орнын ала бастағанда ғана «уһ» деп бел жаздық.

Мен үшін отқа күйетін Ғайша, оған баяғыдағы «қатын төбелестен» соң Сақыш қосылған. Екеулеп жүріп наубайханаға ауыстырды, мен дегенде төбе шашы тік тұратын бастықты көндіріпті. Артынан естідім, әсіресе Сақыштың сіңірген еңбегі... Байғұс жылап отырып айтты ғой. Жарықтық, екі көзі танадай сұлу әйел еді-ау. Жанынан жалғыз еркек тоқтамай, сұқтанып қарамай өте алмайтын. Колхоз бастығының ол дегенде есі жоқ, соңынан итше сүмендеп бір елі қалмаушы еді. Өз әйелін өзінен бұрын қартайтып қағынып жүргенінде құдай тілеуін берді. Жұлдыздың мұқым қыз-келіншектері саудырап бос қалды. Осы ауылда Нартайдан аумайтын ұқсас балалар толып жүр. Оның бәрін жіпке тізіп қайтейін. Тірі жүрсін. Олардың әкесі – Соғыс! Басқа ешкім де емес. Сақыштың: «Алма мен сен үшін алғаш рет арымды саттым, тіпті сен қатын үшін емес, анау ішіндегі сәбиің үшін. Өзіме құдай бермеген соң, сенің балаңды аман алып қалғым келді». Солқылдап бетін басып ұзақ жылады. Мен оны уата алмадым. Сонда ғана баяғыда Жаманашының басында егін суғарып жүріп, бір литр

сүт үшін бекер тілдегенімді түсініп, аяғына жығылдым. Ол мені кеудемнен көтеріп, тұрғызып алды. Бетін суық сумен жуды да, қайтадан жайнап, екі жанары от болып жайнап қоя берді.

– Бастық Нартай болмақ түгіл, құдіретті құдайдың қойнына барсам да мені құрсақ көтермейсің деп талақ тастар еді. Ендігі тілек – сенің балаларыңа көмектесу. Он байға тисең де! – сен бақыттысың, Алма! Бақыттысың! Дүниеде сендей әйел жоқ!

– Рақмет, құрбым. Өлсем де жақсылығыңды ұмытпаспын.
– Бетінен сүйіп, мойнынан құшақтадым.

– Ал енді масаға таланбай үйге қайталық, – деп етегін сілкіп орнынан тұрды. Оның сүмбілдей сұңғақ денесі, тайқылау біткен ақ маңдай, аққудыкіндей ұзын мойын, жұмыр иегі – бар-барлығы жарасымын тауып, тал бойына тарыдай мін түсірмей тұр. Оны жаңа көргендей аузымды ашып аңырайып қалыппын. Өзімнен кіші болса да замандас құрбымдай жақсы көріп, әрі аядым, әрі қызықтым да. Табиғат пендесін осыншалық сұлу ғып жаратады да, сорлы ғып қоятыны несі екен?

– Үй, не болды саған, жүр қайталық.

– Қандай керімсің, Сақыш. Көрмеде көрсетер әйел сендей-ақ болсын.

– Сыландаған сұлулық түлкіде де бар. Бірақ көп жорытқан түлкі құйрығынан айырылады, – деп, басын шалқақ ұстап, қазандай басып менің алдыма түсе берді.

Бозталдың бойындағы жалғыз аяқ жолмен аяндап келеміз. Күн батып, ағаш арасы алакөлеңкелене бастаған бейуақ шақ. Шілденің шіліңгір ыстығының беті қайтып, қоңыр салқын түн қаймақши бастаған. Маңайды маужыраған тыныштық меңдеп, жаныңды жай таптырар жұмбақты сезім билейді. Күні бойы арпалыстан сал болып шаршаң тартқан денең азаптың арқанын бытырлатып үзіп, жол шетіндегі иісі аңқып жатқан шабылған шалғынға ұзынынан сұлап құлай кеткісі келеді. Әлгіден бері үнсіз аяндаған Сақышты да осы мені меңдеген дел-сал хал жеңді ме:

– Әй, Алма, – деді тоқтап. – Асыққанда қайда барамыз, аздап дем алайық. – Бұдан соң менің келісімімді күтпестен шөп дестенің үстіне жата кетті.

Мен де оның жанына қисайдым.

– Ешкім көріп тұрған жоқ қой, қол-аяғыңды жазып, еркін жатсаңшы албасты-ау, – деп, мені күшпен итеріп шалқайтты. Содан кейін менің томпайып қалған ішімді ақырын ғана сипап,

құлағын төсеп тың тыңдады. – Сен – анасың, Алма. Бұдан артық арманның керегі не. Сенің құрсағыңда, құдай біледі деп айтайын, титімдей ғана Ақан жатыр. Сөз жоқ ұл жатыр. Егер қарсы болмасаң, кіндігін мен кесейін.

– Әуелі аман-есен босанайын да.

– Неше күн қалды?

– Өз есебімше үш айдай уақыт бар.

– Алыс емес екен ғой. Ертеңнен бастап нан пісіруші боласың. Бірақ ол жұмыс та жеңіл емес-ау. Әйтеуір, ауыл іші, үйіңе жақын. Тамағың да аш болмас. Мен саған бір сыр айтайын ба, Алма, – деді қайтадан шалқайып, сонау енді-енді көріне бастаған әлсіз жұлдыздарға қарап. Қолындағы шөпті тістелеп, әлденені есіне түсірді ме, мен: «Бастасаңшы енді», – дегенше үндеген жоқ.

– Сен көңіліңе алмайсың ба?

– Жоқ, не деп алайын көңіліме.

– Жасырақ кезімде, ол кісінің жігіт, менің қыз кезімде... арамызда тым тереңдемеген жақындық, сырластық болып еді.

– Оның кім?

– Ол екеуміз сан рет кездестік, өмірлік жолды бірге өтеміз деп уәде беретін. Бір-бірімізді құлай сүйіп, шын ғашық жандардай қиналып та жүрдік. Ол жуас, мен шолжындап өскен тентек едім. Жолыққан сәттерімізде ол төмен қарап, тілі кесілгендей үндемей тұрар еді, ал, мен өзім құшақтап, бетінен де алғаш рет өзім сүйгенмін.

– Атын айтпайсың ба? – Сақыш менің сұрағымды тыңдамағандай әңгімесін жалғастыра берді.

– Оның бұйраланған көмірдей қара шашы, бидай өңі, қыр мұрны, күлімсіреп қарайтын кішілеу, бірақ отты жанары, ойшыл да бір беткей мінезі... бүгінгідей көз алдымда. Амал не, тағдыр бізді қоспады, әрқайсымыз жеке-жеке қайыққа мініп, өмір ағысымен кеттік. Қосыла алмағанымызға өкінген жоқпыз. Адамды бақытсыз ету оңай ғой, ал оны бақытты ету екінің бірінің қолынан келетін ерлік емес. Ағасы өлген соң, соңғы рет менімен жолықты да, сенің мәңгілік жарың болды....

Неге екенін өзім де білмеймін, Сақыштың толқып, ұялыңқырап айтқан әңгімесін соншалықты жайбарақат, салқынқандылықпен тыңдадым. Тіпті бойымда қызғаныштың титімдей де оты тұтанған жоқ. Не деп қызғанар едім... Қалай ғана? Ақан Алтайдың ару қызын қиып тастап, маған – екі

байды жұтқан маған жар болғанын мақтан етіп, жар салу да жараспас еді. «Жүгірген алмайды, бұйырған алады» деп қазақ бекер айтпаған ғой. Ал егер адалынан ақтарылған Сақышты жазғырар ма едім. Жоқ. Біз дүниеде кімді таңдап, кімді ардақтарымызда, кімнің бағы мен сорына жаратылғанымызды есте де білмейміз. Біздің білеріміз – нәтижесі ғана. Арманға жету дегеніміз – әбден болары болып, бояуы сіңген ісіңнің қорытындысын жинақтау, сол арқылы ақылға келу, өткенінді еске алу, түйін түйе емес пе. Ақанға қосылған күннің өзінде бақытты боларына кімнің көзі жетіпті. Оны Сақыштың өзі де мойындап жатыр ғой. Ендеше, Ақан мың қызға сөз айтып, айлы түнде аймаласа да, оның маңдайына атын атамай, «Жуас қайным» деп жүрген туған жеңгесі мен жазылған екенмін. Дегенмен жұмыр басты, ет жүректі пендемін ғой, «Ақан маған үйленгеніне өкінбей ме екен», – деген ой анда-санда мазалай беретін. Сол бір жылтындаған ойдың үнін өшіретін жалғыз-ақ нәрсе бар, ол – құрсағымдағы жылбысқы нәресте. Жарық әлемге аман-есен әкелу ғана емес, ұл ғып әкелу – тек сонда ғана армансызбын.

– Сен жылап жатқаннан сауымысың, – деді Сақыш маған қарай аунап түсіп.

– Жоқ, – дедім мен нығыз дауыстап.

Ол сенбеді ме, көзімді сипады:

– Сендей тасқайнат әйел, әй, енді қайтіп жаратылмас-ау.

– Сендей ақкөңіл, адал әйел де туа қоймас, – деп бетінен сүйдім.

Қараңғылық басқан. Зуылдап ұшқан түн қоңызы мен бақаның даусынан өзге үн жоқ. Толайым тіршілік шалдығып барып бой алдырып жатқандай момақан. Тоғай арасындағы сиыр соқпақпен ілбіп басып, ауылға қайттық. Әрқайсымыз өз арманымызды, өз мұңымызды арқалап келеміз. Мүмкін екеуміздің ойымызда жалғыз-ақ адам шығар.

– Өттең, соғысқа да алмады-ау, – деп күрсінді Сақыш.

– Бірақ ешкі тулап ыңыршағын шаға ма. Осы қу бас болып қалғаным – қалған шығар.

Мен оны жұбата алмадым. Иә, жарықтық, ол да өтті дүниеден. Ертеңінде наубайханаға барып, нан пісіру жұмысына кірістім. Қып-қызыл тілі жалаңдаған жалынның ортасына кірдім де кеттім.

...Жаздың ортасына таман майданға алынған азаматтардың орнын басуға жүздеген қыз-келіншек келді. Улап-шулап, сол кезеңнің бар қайғысын, қалған-құтқан қуанышын ала келді, айналайын әйелдер... – деп, Ақан шал әңгімесін одан әрі жалғастырды. Орынбай қолындағы ожауымен кесеге қымыз үстеп құйды. – Еркектер енді екі есе жұмыс істеу керек, өйткені әйел заты нәзік, жар болуға жаратылған жан ғой, қара күш қажет ететін жұмысқа ал дегенде төзе алмайды. Бұрынғыдай емес, орман арасында, үлкен өмірден кесіліп қалғандай болып жататын жүдеу де көңілсіз бараққа жан біткендей қым-қуыт қызыққа айналып, жайнап, жасарып шыға келген. Жаздың жайма-шуақ күні еңбектің де екпінін күшейте түскен-ді. Жұмысшылардың көбі сасық барақтан қашып ағаш түбіне, ашық аспан астына түнейтін. Әсіресе, түн баласында Орал таулары шоқтықтанып, жүндес жақпар тастары айбармен үңірейе қарауытатын. Шың басына дейін ерінбей ере өскен қарағай, қайың мен терек біртіндеп сирексіп, тамыры мықтылары ғана сонау ұшпа тастың жарығын сыналап өсіп шынарға айналған – шыңның басына қадаған жалау секілді, етекпен қарағанда әдемі көрінетін. Жыл құсындай қиқулап келген қыз-келіншек пен азаматтар арасында адамдық жақындасулар, сыбырлап басталып сыбызғылана жарасқан сырластықтар шешек атты. Қазір ойлаймын – ұлттар, халықтар арасындағы нағыз берік достықты нығайтқан соғыс, ауыр шақтағы тағдырластық, қара нанды қақ жарып жеген дәмдестік, бір аяқтан ас ішіп, бір шұңқырда қатар жатқан бірбүтіндік. Жау – біреу болған соң мақсат та, арман мен үміт те, сезім мен сенім де бірегейленіп, кімнің қаны қандай, жаны мен түр-түсі қандай деген сықылды әурешілдік әрекеттер мен бөлінушіліктің арасындағы уланған жіпті қиды да жамырата қосып жіберді. Әлі есімде: біз алғаш рет барғанымызда кейбір ұлт өкілдері жер бетінде қазақ деген халық барын білмейтінін жасырмай айтып еді. Мен Свердловскіден келген Иван атты орыспен достастым. Менен гөрі ересектеу, еңгезердей денелі, көк көз, сары шаш жігіт еді. Соғысқа кіре салып жараланады да, ептеп жазылған соң «трудармияға» жібереді. Алғаш келгенде, ауруханадағы ерекше күтімнің әсері ме, аппақ сазандай толықша жігіт еді, жұмысқа түскен бір-екі айдың ішінде аруаққа айналып шыға келді. Өзі біртоға, жолдастарына адал, қолы ашық аңқылдаған

аккөңіл. Ол қазақша білмейді де, ал менің нан сұрап жерлік орысшам бар еді, осы Иванмен сөйлесе-сөйлесе келе ептеп жаттыға бастадым. Ол әлі үйленбеген, елінде жалғыз шешесі бар екен, сол кісіні қайта-қайта есіне алып, аяп отырушы еді. Украина мен Беларуссиядан келген қыз-келіншектердің бірін ала қайтамын ғой деп әзілдеп қоятын. Институттың үшінші курсынан әскерге алынған Иванның біздерге қарағанда сауаты бар, көзі ашық, көкірегі ояу. Әсіресе, саяси сауаты мол, қазіргі майдан жайынан хабардар.

Бір күні ол кешке барақтағы барлық жұмысшыларды жинап алып соғыстың барысы, совет жауынгерлерінің жан киярлық ерлігі жайлы әңгіме өткізді. Бұл кен басшыларының рұқсатынан тыс, өзіміз ұйымдастырған саяси хабар кеші еді. Әңгіме арнасын тауып, тұс-тұстан сұрақтар жаудырып, қанағаттанарлықтай жауап алып енді қыза берген кезде бастығымыз Шахтинский келді де, бидайдай қуырып ұрысты.

– Біздің келісімімізсіз жиналыс өткізуге кім право берді? Қане, тараңдар!

– Өз ықтиярымызбен...

– Өздерің неге анда-санда айтып тұрмайсыңдар?

– Біз түрмеде жүрген жоқпыз... Өлдік қой әбден...

– Малды да бұлай бақпас...

Міне, осы секілді сөздер жан-жақтан жаңбырша жауып, Шахтинскийдің аузын аштырмады. Ол бір қызарып, бір сазарып тұрды да: – Жарайды. Олай болса өткізіндер. Бірақ ақырғы рет. Ерігіп жүрсендер жұмыс күнін бір сағатқа тағы ұзартамын, – деді. Көзілдірігін сүртіп киіп, кетуге ыңғайланғанда, Иван: – Токтай тұрыңыз, – деді жолын кесіп.

– Сіздердің бұл карьердегі іс-әрекеттеріңіз маған мүлдем түсініксіз. Мыңдаған жұмысшыны орман арасындағы аңдай қамап ұстап, қараңғы жұмсап, тағдырмен ойнауға болмайды.

– Сен кім едің бізді тергейтін?

– Мен – соғыста жараланған жауынгермін. Қазір жұмысшымын.

– Ендеше, жарқыным, өз жұмысыңды біл. Тіл безегенше, норманды орында. Қарапайым халықтың миын қатырма. Бұл – еңбек армиясы!

– Еңбек армиясы да, негізгі армияның бір бөлігі. Оқ жауған майданда да оң-солымызды танытып, ойын қоятын, хабар жүргізетін. Ал сіздер қораға қамаған қой секілді қараңғыда

ұстағыларыңыз келеді, – деп, шімірікпей бастырмалатты. Риза болып қалдық.

– Жоғары жақтың рұқсатынсыз жиын өткізуге қақың жоқ. Мұның ақыры жікшілдікке, бунтқа апарып соғады. Әлде... Өкіметке қарсы топ құрып жүрген шығарсың... Тексереміз. Аяқсыз қалдырмаймыз. Тілің тым-тым ұзын екен... Өзің партияда бармысың? – деп қарсы шабуылға көшіп, Иваннан қоғамға жат мінездер іздей бастағанда, бағанадан едіреңдесіп, жұбы жазылмай тұрған жұмысшылар жылыстап тарап, біртіндеп шетіней берді. Байқап тұрмын, алғашқы болып атып шығып кеткен Құмырай еді. Мен Иванның қасында тұрғанмын, Шахтинский қойнына қол жүгіртіп менің де аты-жөнімді, қайда, не істейтінімді тәптіштеп жазып алды.

– Партияда өзіңіз барсыз ба, соған күмәнім бар. – Иван тайынар емес.

Он жылдық стажым бар, құрметтім. Сен іштаншаң жүргенде өткенбіз.

– Бекер-ақ болған екен, – деді Иван мысқылдай.

– Не бекер болған?

– Сіздің байқаусызда партбилет алып, бастық болғаныңыз.

– Қысқарт! – Шахтинский шикандай қызарып ашуланды. – Я вам покажу где раки зимует! – Шұғыл бұрылып, шапшаң басып шығып кетті. Айналама қарасам он шақты жігіт қана қалыппыз.

– Өзіне де сол керек. Қатырдың. Міне, жігіт, – деді барактың босағасына сүйеніп тұрған ақ көйлекті, көгілдір көзді қыз.

Осы өзін қуаттаған жалғыз ауыз сөз Иванды арқаландырып жіберді ме, қыздың бетінен шөп еткізіп сүйді де: – Қыдыруға қалайсыз? Қолыңыз тие ме? – деп бірден ұсыныс жасады.

– Сол үшін есік күзетіп тұрған жоқпын ба, – деп қыз сыңғырлай күлді.

– Ендеше, жүріңіз. Жаныңызда құрбыңыз бар ма? Ақан досымды жападан-жалғыз тастап кете алмаймын.

– Сіздікі қызық екен. Әдетте қыздар осылай қылымсушы еді.

– Қазір менсінбей менменсіп тұрар, жоқ болмаса қыз қылымсып, жігіт жағымсып тұрар уақыт па.

– Оныңыз рас қой, бірақ уақыт солай деп, тауыққа да айналып кеткен жоқпыз. Әйел намысын ешқандай жау, ешқандай қару-жарақ, аштық пен жоқтық жеңе алған емес. Ауыр уақытты

желеу етіп, басына сөйлегеніңізді қайтып алыңыз. Әйтпесе мен сізбен қыдыруға шықпаймын.

– Кешіріңіз, асығыс айтылған оғаш пікірімді өзіме қайтарыңыз, – деді Иван қыз уәжіне жығылғандығын ұяла мойындап.

Біз үшеуміз түн жамылып сыртқа шықтық. Қыз өз жатын орындарына жүгіре басып кетті де, құрбысын ертіп қайта оралды.

– Ыңғайсыз болды-ау, мен кетейін, – деп күңкілдедім.

– Жеп қояды деймісің. Дем алып, қыдырып қайтайық.

– Мен сен секілді сұр бойдақ емеспін, әйелім, үш қызым бар, төртіншісін күтіп жүрмін.

– Қызық екенсің, – деп күліп арқамнан қақты Иван. – Саған үйлен деп үгіттеп тұрған жоқпын. Адам ретінде әңгімелесіп, сырласуға болады ғой.

– Қазақтар танымайтын қызбен «әншейін» қыдыруға үйренбеген. Ойнаймын деп от бассам, жанасам деп жаныма жарықшақ түсіріп алсам қайтемін.

– Ой, сені де жігіт дейді-ау.

– Міне, біз келдік, – деді жадырай күлген бірінші қыз жақындай бере. – Танысып қойыңыздар, менің досым – Надежда.

– Әуелі өз есіміңізді айтпайсыз ба? – деді Иван қолын ұсынып. – Менің атым – Иван, мына жігіт – Ақан деген қазақ.

– Мен – Галинамын.

Осымен қысқаша таныстық аяқталды.

Иванның сөзі түйеден түскендей оғаш естілді ме, қыздар ыңғайсыздана ошарысып қалған. Ақырын басып, орманға қарай беттедік. Барақтан ұзап кетуді қаламаған қыздар жүз қадамдай жүрген соң тартыншақтай бастады.

Шілденің түні жылы. Ай толып, он бесінен асқан әдемі шағы еді. Айдың сәулесі ағаш арасынан шұбарлана, сыналап сәуле шашады. Иван мендей емес еті тірі, пысық жігіт қой, Галинаны ыңғайлап бөліп алып кетті. Біз біразға дейін не айтарымызды білмей үнсіз тұрып қалып едік. Мен орысшаға шорқақтығымнан жасқанып жақ аша алмадым. Тегі, қыз әңгімені мен айтар деп күткен болуы керек, ол да алғашқы сөзді бастай қоймады. Тіпті ыңғайсыз-ақ болды. Көкейімде «бекер-ақ келдім» деген өкініш бар. Ғұмырымда бірінші рет жатжұрттық қызбен қатар тұрмын. Түсім секілді. Оның ажарын ала көлеңке

орман арасында анықтап байқай алмадым. Ол қолындағы жапырақты жұлмалап, төмен қарап тұра берді. Өзімді-өзім жек көрдім, ынжықтығымды ауылымнан көрдім. Қорада байлаулы өскен бұзау секілді жуастығым тілімді байлады. Дірілдеп, сескенгендеймін бе-ау... Бар қолымнан келгені, бар білетін орысша сөзімді қолдандым.

– Как вас зовут – дедім.

– Я же вам сказала: Надежда, – деп қыз күлді. Кірерге жердің тесігін таппадым. Алайда осы оспадарлықтың өзі де екеу арадағы қамалды бұзғандай еді. Шоқырақтап біраз жөн сұрасқан болдық.

Надежда Украинадан эвакуациядан келген екен. Ол сыртта жүргенде үйлеріне бомба түсіп, өзінен басқа тірі жан қалмай қаза тауыпты. Екі көзінен жас парлап, болған уақиғаны айтып бергенде, сай-сүйегім сырқырап, жанарымнан жас қалай шыққанын байқамай қалдым. Қабырғам қайысып аядым. Оның жанында біздікі еріккеннің ермегі екен-ау деген ой келді. Қарғадай қыздың он екіде бір гүлі ашылмай жатып, осыншалық қасіретке ұшырағаны, менің өмірге деген бұған дейінгі салқындау көзқарасымды қатайтқан еді. Шыбық тимей шыңқ етер жігерсіздіктен арылып, қайғы мен қиындыққа мойымайтын беріктікті үйреткен.

– Мен қайтып туған жерім Львовқа бармаймын, – деді Надежда көзінің жасын сүртіп. – Осы Орал тауының шығысына – Сібірге аттанамын. Соғыс аяқталса болды, бақытымды сол суық та тыныш қалың тайғаның арасынан іздеймін.

– Неге? Кісі өз ауылынан, өз елінен қаша ма екен?

– Өйткені, соңғы ғасырда жау тек қана біз жақтан шабуыл жасай береді.

– Қызық екен, – дедім мен. – Жау тиді екен деп жан сауғалап кетуге болмайды ғой.

– Ондай патриоттық сезім менде жоқ дейсіз бе? Жазығым не?

– Қайдам. Бірақ енді жау шаппас. Шапса да батыстан емес.

Алакөлеңке орман арасында түннің жарымына дейін әңгімелесіп тұрдық. Біздің арамызда бөтен ой болған жоқ, сезімнің жетегінде де кетпедік, әрқайсымыз өз мұңымызбен әуре едік. Түу шығыстағы біздерді, түу батыстағы Надежданы Оралдың қалың қарағайлы орманына төге салған зұлматтың әсері екіұдай еді. Бұған дейін көз көріп, аяғымыз жетпеген

мүлдем басқа ұлттың өкілдері бір шаңырақтың астында бірігіп, қара нан, үсіген картопты бөліп жедік. Түр-түсіміз, тіліміз бен дініміз бөлек демедік, бір кісінің баласындай маңырап табыстық. Отан соғысы біздердің басымызға қайғының қара бұлтын ғана төндіріп қана қойған жоқ, біздерді айнымас ұлы достыққа да үйретті. Ат жалын тартып мінгеннен бері менің ұғымымда: әйел мен еркек жақындасса тек қана сүйіспеншілік, ашыналық ойдың желігі деп түсініп келген мен, жыныстық, ғашықтық қатынастан да биік, киелі Достық барын алғаш рет сана сарабына салдым. Әсіресе, Надежданың қолымнан ұстап тұрып: – Егер киім-кешегіңіз кірлеп кетсе немесе жыртылса маған бере салыңыз, қалай дегенмен әйел затымын ғой, жуып, жамап берейін, – деген камқор сөзі көңілімдегі көк мұзымды еріткендей еді. Біз бұдан кейін де сан рет жолығып, жұбымыз жазылмай жарасып жүрдік. Елдің өсек-аяң қаңқу сөзін тыңдамадық. Ағалы-қарындастай туыстық таза сезіммен қиындықты қатар тұрып қарсы алдық.

Ай қораланғанда бараққа қайттық. Иван әлі келе қойған жоқ екен, төсегі бос жатыр. Жұмысшылар шырт ұйқыда, тек қана Құмырай ояу, теріс қарап дорбасын ақтарып, тамақ жеп отыр екен, маған алая қарады да, ұрлығының үстінен түсіп қалғанымды жақтырмағандай, оны-мұнысын жасыра қойды. Аузын сүртіп: – Иә, жігітім, хахолдың қыздары қандай болады екен. Ауылдаспыз ғой, маған да ауыз тигізсеңші, – деді күлген болып.

– Әйелің жіберген сәлем-сауқаттан бөліскендей-ақ сөйлейсің-ау. Сәресі ішіп отырсың ба, тауық шақырарда тамақ іше ме екен...

– Енді әркімнің кәсібі әртүрлі ғой. Сен ойнас жасайсың, мен оразамды ашамын...

– Қанығын білмей тұрып оттама!

– Сонда қалай, мысық пен тышқан ойнадыңдар ма?

– Әй, қайран қазағым-ай, иегіңнің астындағыны ғана ойлайсыңдар-ау, қайтейін. – Қажып, таусылып айттым. Надежда екеу аразамздағы терең де мөлдір сезімді оған таң атқанша айтсам да түсіндіруім мүмкін еместігіне көзім жетті де, тас бүркеніп жатып қалдым. Көзім іліне бергені сол еді, бараққа әлдекімдер кіргендей болды. Иван келген шығар деп басымды көтердім. Ол емес қасына ерткен милиционері бар, бастығымыз екен.

– Иван қайда? – деді дауыстап. Таң алдындағы оқыс айғайдан жұмысшылардың барлығы да өре түрегелді. Әрқайсысы өз төсектерінде көздерін тырмалап ашып, үрпиісіп отыр.

– Ол қыдыруға кеткен, қазір келеді, – дедім мен.

– Қыдырғанның көкесін көрсетейін мен оған. Мүмкін қашып кеткен шығар.

– Қашатындай не көрініпті. Жау ма екенмін, – деген үннен барлығымыз жалт қарадық. Барақтың есігінде төбесі маңдайшаны тіреп серейген Иванның өзі тұр еді.

– Иә, жаусың?! – деді Шахтинский. – Сен ұсталдың.

– Жазығым не?

– Жазығың сол – бүлік бастадың. Саясатқа қарсы сөз айттың. Тергейтін жер бұл емес. Оны-мұныңды тез жина да, алға түс.

– Тұрған бойым осы.

– Тіпті жақсы.

– Жігіттер, – деді Иван есіктен шыға беріп. – Жалғыз шешем бар еді, хабарлай салыңдар. Естеріңде болсын, бұлай өмір сүруге болмайды, ауданға барыңдар. Соғысқа сұраныңдар. Біздің карьерде бір шикілік бар. Нағыз жаудың кім екеніне ертең-ақ көздерің жетеді.

Менің адал да ақкөңіл Иван досым осылайша жазықсыз қолды болды. Қоң етімді кесіп әкеткендей бір түрлі қоңылтақсып көңілсіз жүрдім. Ал Галина болса: «Маған осы жігітті де қимадың-ау», – деп көп жылады.

Иван ұсталып кеткен соң, жұмысшылар бұрынғыдан әрі сақтыққа көшіп еді. Қиюы келіспейтін бір нәрсенің барын сезсе де іштей тынып, таскерен үнсіздікке, көнтулақ көнбістікке көшкен. Ортамыздағы оқ көрген батыл жігітіміз істі болып, зым-зия жоғалған соң, суырылып шығып шындықты айтар өжеттердің үні өшкен. Сылп-сылп жүріс, сыбыр-сыбыр сөзден басқа қарекетің жоқ, артын баққаннан басқа айла таба алмай сарсаңға түстік. Майдан шебінен де хабарсызбын, тіпті соңғы күндері «Жаудың беті жаман екен, біздің әскерлер шегініп барады», – деген лақап тарай бастады. Әрине, біз ондай алыпқашты сөзге сене қойған жоқпыз. Сенбесек те әркімнің көкейінде үрей елесі ұялай бастаған-ды. Жалғыз-ақ міндетіміз – топырақ қазып, болат қорытып жатқан алып заводтарға жөнелту, әрі тез, әрі мол жөнелту. Осы ғана ма еді? Совет адамы болған соң, тек тиісті жұмысымызды істеп тастап, қайғысыз,

шалқадан түсіп санасыз жату ма?.. Ел басына туған қаралы күннің ыстық-суығына ойша болса да ортақтаспай, Отанға төнген қауіпке қабырғамыз қайыспай, көртышқанша үңгіп жер қаза берсек, азаматтығымызға, тіпті, тәңірім-ау, адамдығымызға сын емес пе. Неге біз, өндірдей-өндірдей жігіттер істі болып, айдалып келгендей, көзге көрінбейтін, әзірше белгісіз, бірақ іштей сезіп жүрген қоршаудың ортасында, баяғының құлақкесті құлдарындай, мәңгірген күйде мәңгі тыныштықты шуақтап жүре беруіміз керек. Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алды дегендей, осы жұмбақты халіміздің ар жағында қаскөй әрекет тұрған жоқ па? Міне, осындай күмән мен мазасыздық талайымыздың жүрегімізде жасырын жанып жатқан еді. Он жігіт арыз беріп майданға сұрандық. Онымызды бірдей кеңсеге шақырып алды да: – Иванның кебін киесіндер, тыныш жүріңдер, соғысқа жіберер болсақ, сендерден сұрамаймыз, – деп қатты ескертіп қоя берді.

Ауылдан аттанған бес жігіттің ең кішкенесі – Бура еді ғой. Бір күні ол зым-зия жоғалып кетті. Іздемеген жерім жоқ. Көктен құдай, жерден шұнай алғаны белгісіз. Із-түзсіз ғайып болды. Алғашында қашып кеттіге жорыған жігіттердің қаңқу сөзіне сенбедім. Өне келеді, міне келедімен бір тәуліктей уақыт өтті, хабар жоқ. Елден келген азаматтарға бас-көз болып, олар да мені жан тартып, (Құмырайдан басқасы) үйірсектеп жүргендіктен, бар жауапкершілік маған түскен еді. Ал десятнигіміз болса, «осының барлығына сен кінәлісің» деп, жан алқымнан алды. Ақсақалымыз Қаймақпен ақылдастым.

– Қашып кеттіге жүрегім сенбейді, аға, – дедім. – Ақыл қосыңыз, не істейміз? Байғұс бостан-босқа сотталады ғой.

– Мен білсем, ол бір жерде тығылып жүр. Анда-санда жоғалып, табылатын әдеті бала кезден бар еді. Баяғыда Шабанбайда шөп шауып жүргенде де осылайша үш күн қарасын батырып қайтып келген. Ол кезде бәрі кешірімді, заман тыныш еді ғой. Бастықтардан бір күнге сұранып, осы маңайды ізде, – деді.

Бастықтар рұқсатын берген соң, ертелетіп тұрдым да, жолға шықтым. Жолға шықтым деп әншейін айтамын, Оралдың тау-тасты қалың орманын сүзіп, әр бұта-қараған, қуыс-қуысына үңіліп, мая ішінен ине іздегендей аралап келемін. Көрмеген жердің ой-шұқыры көп дегендей, бейтаныс таудың жөн-жосығын білмей, нейбетке қаңғырғаным болмаса, қай тұсты

қарағанымнан хабарым жоқ. Қалың ағаштың ішіне кірген соң, батыс-шығысымды ажырата алмай, өзім адаса жаздадым. Ондай сәтте тырмысып жақпарлы тасқа шығамын да, оң-солымды шолып, қайта етекке түсемін. Осылайша құр бекерге сандалумен кешгі батырдым. Қас қарая әбден сұлдерім құрып, күдерімді үзе қайтуға бет алдым. Осы шақта сонау кепештігіне терек өскен қож-қож қара тастың түбінен от жылтырағандай болды. Салып-ұрып жетіп баруға, ал дегенде жүрегім дауаламай, аңтарыла тұрып қалдым. Содан соң не де болса деген тәуекелмен бір басып, бейне бір арыстанның апанына бара жатқандай, жақындадым. Орман ішінде ұрлық жасау қиын ғой, әр бұта, қуарған бұтақ сыртылдап, дыбыс беріп, әлемге әйгілеп қояды. Бойымда қорқыныш бар. Мысықтабандап тақалғанымда, өз көзіме өзім сенбедім, әлденені отқа көміп, пысылдап Бурам отыр. Қолы, бет-аузы күйелеш-күйелеш, ертегідегі жалмауыз шалдай, бүкшің қағып, қап-қара домаланған нәрсені қомпаң-қомпаң асайды. Жетіп барсам, шошып қалып, өзімді тарпа бас салатындай көрінді, тіпті тұра қашып, айырылып қалуым мүмкін. Не де болса деп, дыбыстадым. Шаланы көлденең ұстап, айбат шекті. Мені әлі көрмеген секілді.

– Бура, мұның не, менмін ғой. Ақанмын. Таста қолыңдағы шаланы.

– Сен неғып жүрсің? – деді көзі шоқ болып жанып.

– Сені іздеп жүрмін.

– Мен немене, қашқын ба екенмін. Ертең өзім-ақ оралар едім ғой.

– Тасташы қолыңдағы қаруыңды. Өңгімелесейік, – дедім жақындауға әлі де сескеніп. Ол шаланы отқа тастай салды да жүрелеп отыра кетті. Жайнап жатқан шоқты көсеп-көсеп жіберіп, қара домалақ тамағын алып шықты.

– Кел, Ақан, қарның ашып жүрген шығар. Картош жейік, – деді ыржия қарап. Мен сонда ғана әзірде әзірейілдей көрінген досымның қасына бардым.

– Бәтір-ау, мұның не? Ұят қой. Картошканы қайдан алдың?

– Несі ұят, – деді ол картошканың қабығын аршып. Шоқтан шыққан картошка алақанын күйдіріп, үрлеп суытып, қалбырақ қағып аузына салды. Күйгізеді білем, шоқ шайнағандай тілін арпалыстырып, қинала жұтады. Мен оның ашқарақтанған қара ала, торы ала жүзіне қарап отырып, бұған дейін мүлдем көрмеген бөтен біреуді жолықтырғандай, жат мінезбен жек көрдім, әрі

қабырғам қайысып аядым да. Оның жүзінен қиындықтан қашу, жоқ болмаса, әйтеуір, жан сақтайын, қаратышқандай қыбырлап тірі жүрейін деген жымсыма кулықтан гөрі, балалығы әлі арылмаған аңқау да адал адамның бейкүнә қылығын аңғардым. Осы кішкентай кезінен бері арылмай келе жатқан шолжаң мінезі өзіне сор болып тиерін біле ме екен айналайын Бура. Білмейді ғой. Білсе тапа-тал түсте, күйіп тұрған заманда тәулік бойы жасырынып, отқа картошка көміп жер ме еді. «Ертең өзім-ақ оралар едім ғой», – деді. Кісінің күлкісі келетін қылық-ау, амал не, күлуге де уақыт жоқ. Енді мұның бұл балалығын кімге, қалай түсіндіруге болар...

– Кел, картошка же, – дейді қаперсіз. – Мына таудың арғы етегінде ауыл бар екен. Огород толған картошка. Қарным ашқан соң бір түбін қазып алдым.

– Құдай-ау, бастықтарға не дейміз? Сотталасың ғой!

– Неге? Мен қашып кеткен жоқпын. Баяғым есіме түсіп... Соттаса – соттай берсін, қорқарым жоқ. Сен секілді артымда қалған бала-шағам бар ма, құйрық жалғыз қу жалғызбын. Елдің қорымын.

– Үміт-тілегің алдында емес пе. Елге аман-есен барсақ үйленесің.

– Бойы бір қарыс жігітке қыз қараушы ма еді. Әйелім алдына алып әлдилеп отыра ма?

– Сен де қайдағыны айтады екенсің. Бар мәселе бойда тұр ма екен?!

– Еркек болып жаратылған соң ер тұлғалы болғанға не жетсін, – деп күрсінді. – Ал қайтсақ, қайтайық. Бір күн жұмысқа шықпағанға қирап қалмас.

– Қызықсың-ау, Бура. Егер соғыста жүрсең майдан шебін тастап кетіп қалшы, не болар екен.

– Не болады? – деді сол аңқау қалпымен.

– Атып тастайды.

– Атпақ түгіл, аспаққа асса да бір күн жоғалып, өз еркіммен қайтып барар едім.

– Тфу, саған айтып сөз, ұрып таяқ өтпейді екен. Дауасызсың. Өз обалың өзіңе.

– Сен ара түспей-ақ қой. Арым таза, соны ғана білемін. Егер адамның жанында не жанып жатқанын зерттеп, анықтап барып жазаласа, онда Құмырай бірінші болып сотталуы керек. Амал не...

– Амал не... Ондай анықтағыш құрал ойлап табылған жоқ кой. Сондықтан да сотталасың, – дедім мен күрсініп. Біз қалың ағаштың арасынан барақ жақты тұспалдап жолға шықтық. Жанымда жұдырықтай ғана болып, бүлкек-бүлкек еріп келе жатқан Бураның ертеңгі тағдырын ойладым. «Балалық жасады», – деп кімге айтып, ұқтыра аламын. Өмірде осындай еркелік жасап алып, ғұмыр бойы азап шегетін адал адамдар бар. Ал қулығына құрық бойламайтын арамзалар жалғанды жалпағынан басып жүре береді.

– Неге екенін білмеймін, бараққа барғым келмейді, – деді Бура тартыншақтап. – Жүрегім бір түрлі дауаламай келе жатқаны. Сотталамын-ау деген қорқыныш емес, жо-жоқ жазадан қашпаймын. Басқа... өзім де білмейтін белгісіз үрей бар бойымда.

– Қой енді... қыңырая берме, деп қолынан жетеледім.

– Қоя бер, – деді ол дірілдеп. – Қоя бер. Қаша жөнеледі деп қауіптенесің бе? Сен іздеп келмесең де өзім қайтып барар едім.

Біз сыбдыр-сыбдыр аяндап үнсіз келеміз. Жатын орынға жақындай бергенде Бура басқа ұрғандай қалт тұра қалды.

– Сен сезесің бе, Ақан, – деді үні дірілдеп. – Сен мені өлімге ертіп келе жатқан секілдісің.

– Былжырамашы. Барған соң көрерміз. Бастықтар да адам түсінер.

– Бірақ сен түсінбедің-ау менің қазіргі халімді. Өмірімде бірінші рет үрей биледі мені. Үрей!

Алдыма түсті де томпаңдай жөнелді.

Бұл істің ақыры жақсы аяқталды. Бастықтар Бураны соттаған жоқ. Қаршадай немені түрмеге қамап қарқ болмаспыз деді ме, ұрсып-ұрсып, бір ай тегін жұмысқа кесті. Мені де тек қалдырған жоқ, сөгіс берді. Бірақ Бура аман құтылғанына қуанған жоқ, «соттағаны жақсы еді» деп, күн өткен сайын жүдеп, ұнжырғасы түсе жұмбақты жүрді. Үлкен жаңалық ашатындай ләм деместен оңаша отырады да қояды. Әйтеуір, қалқайып тірі жүр дегені болмаса, атам заманда өліп қалғандай, бұл дүниеде бар-жоғы белгісіз.

Сол жоғалып, қайта табылған күннен бастап, жерлесіміз Бураның өз-өзінен жансыздана бастаған тірі өлік бейнесі, оты сөніп, қоламтаға айналған жанары, тілі кесілгендей үн-түнсіз саяқ жүрісі бәрімізді таң қалдырды. Бұлайша азаптанғанша соғысқа аттандырап ма еді деп ойладым.

...Ертеңіне наубайханаға барып, нан пісіру жұмысына кірістім. Тілі жалаңдаған қып-қызыл жалынның ортасына кірдім де кеттім, – Алма кемпір әңгімесін одан әрі жалғастырды. – Ауыл адамдарының тайлы-таяғы қалмай шөп науқанында. Көшеде бірлі-жарлым ойнап жүрген жас балалар болмаса, ересек адамнан ешкімді көре алмаймын. Ол шақта кәрі болсын, жас болсын қол қусырып қарап отырған немесе екі қолын қалтасына салып салақтап бос жүрген кісі көрінбейтін еді, зәуде көрінсе, көзге шыққан сүйелдей оғаш сезілетін де, адам өз-өзінен ұят отына өртеніп, кірерге жердің тесігін таба алмаушы еді-ау. Тамыз аяқталуға жақын қалса да аптаптың беті қайтпаған. Сол жылы жазда күн аса ыстық болып еді. Кешелер ғана соқалап жыртып, тас қазып суарған егіндік бас жарып, Күркіреме мен Жаманашының беткейі жайқалып тұр. Қарасаң көз қуантады, көңіл сергітеді. Сергелдеңге түскен ел үшін бұл да болса үлкен мерей, жүдеген жанға медет еді. Жарықтық табиғат екеш табиғат та бейкүнә де бейбіт халыққа көмектескендей мейірімін аяған жоқ. Біз де қу жанымызды аяладық па, таңды таңға ұрып қимылдадық.

Тамақтың ортасында жүр деген аты болмаса, ұн илеп, пісіру де азабы көп жұмыс екен. Таңғы тауық шақыра сүйретіліп орнымнан тұрамын. Жалғыз сиырды қақтап сауамын да, бұзауына қалдырмай сығып алған сүтті пісіремін. Содан соң құстай ұшып наубайханаға асығамын. Кеше түнде жасап кеткен ашытқы көтеріліп, ағаш күбіден аузы-мұрнынан шыға тасып тұрады. Білекті түріп жіберіп қамыр басамын, илеуі әбден қанған соң, қалыпқа салып, жалындаған пештің шаласын алып, шоғын азайтып қамырды салып, көмейіне жүгіртемін. Ақ тер, қара терім шыға сүмек болып терлеген қалпым жалынға шыдай алмай сыртқа атып шығар едім де, бетімді суық суға жуар едім. Шырмауық ашытып, ертең пісірер нанның қорын әзірлеймін. Міне, осылайша жанталасып жүріп күніне бір центнер нан пісіремін. Пештен шығаратын нанның салмағы – 50 килограмм болу керек, міндет сондай.

Айы-күнім жетіп, аяғым ауырлағандықтан ба, жоқ болмаса әбден болдырып шаршағандықтан ба, білмеймін, үнемі шала ұйқы болып, қалжыраған мен пешке нан салып қойып, алуды ұмытып ұйықтап қалыппын. Не қара басқанын бір тәңірім білер, әйтеуір пеш толған нанды жеуге жарамсыздай ғып

күйдіріп алдым. Колхоз бастыққа керегі осы еді, қамшы үйіріп, «қарабет» деп қатты ұрысты. Елу килограмдай нанды мойныма қойды. Әйтеуір, жұмыстан шығарып тастаған жоқ.

Әлі есімде сонда тоғытып пісіріп, топырлатып жөнелтіп жатқан нанның шетінен бір үзіп жеуге жасқанушы едім. Қарным ашып, көзім қарайып құлайын деп тұрсам да, дәмін де татпастан үйге келіп, енем қарып қойған күйік-күйік қара қарманы қарбыта асаймын. Менің бұл ақ жүрек адалдығыма ол кезде, әрине, ешкім сенбеді, тіпті қазір де илана қоюы екіталай. Не десе де имандай шыным осы. Егер істеген ісімнен иненің жасуындай болса да мін тапса, зәредей болса да ұрлығымның үстінен түссе – өзіде шығайын деп тұрған көзді шұқып алғанмен бірдей еді. Бүгін бе, ертең бе босанайын деп отырған сәтте, үйдің іргесінен тапқан жұмысымнан айырылып қалуым оп-оңай. Ендеше, тек жүрсең – тоқ жүресің, ақ көңілдің аты арып, тоны тозбайды деп, бекер айтпаған ғой, нанның арасында аштан өлсем де, сұғанақтық жасамайын деп ойладым.

Дәу пештің жайнаған шоғын сөндіріп алған соң, шелекке салып қоямын да, үйге ала қайтамын. Қарағайдың кесек-кесек көмірі самаурынды тез қайнататын. Нанды пештен шығарып, бетін жауып, наубайхананың құлыбын салып, аяңдап үйге келе жатыр едім, әлдекімнің: – Әй, албасты, тоқта! – деген даусы саңқ ете қалды. Қараңғыда оқыс үннен балам түсердей шошынып қолымдағы шелекті тастай бере «көтек» деп отыра кеттім. Дүрсілдеген жүрегімді әрең басып, көзімді ашсам – алдымда Нартай тұр. Аттан түсті де шелекті төңкеріп, ішіндегі көмірін төкті. Мен аң-таңмын.

– Не іздейсіз, аға? – дедім даусым қарлыға.

– Албасты, ұрлығыңның үстінен шықтым-ақ деп едім, бүгін ұрламапсың, – деді әлі сенбегендей жайрай шашылып жатқан көмірді қамшысымен түрткілеп.

– Неңізді ұрлап едім?

– Мүләймсуін. Сенің семьяң үлкен. Он шақты боқташақты не беріп асырап жүрсің. Әрине, ұн жымқырасың. Көмірдің астына нан, тұз ұрлап салып, күнде үйіне тасиды деген арыз бар. Қане, қаншасын алдың, шыныңды айт. Ұрыспаймын, тек еңбеккүніңнен ұстап қаламын.

– Ой, ағай-ай, кім айтып жүр ондай өсекті? Алла сақтасын. Бала-шағамның атынан ант ішейін, бір жапырақ нан ұрласам құдай төбемнен ұрсын, – деп безек қаға қарғандым.

– Әй, бәрібір сенбеймін. Сен албастыдан шығады, – деп ақ боз атына мінді. – Ертең келесі айдың военсалығын төлендер.

– Ойбай, ағатай-ау, екі-үш айға бір-ақ төлеп едік қой.

– Ендеше, келесі жылдан құтылындар, – деп, астындағы атын солқылдата кеңк-кең күлді. Содан соң тебініп қалды да, қара жерді дүрсілдете шаба жөнелді. Тасқа шақыр-шұқыр тиген тағадан от шығара түннің қап-қара қойнына сіңіп жоқ болды.

– Жоқ болғыр. Қараң өшкір. Ерді бермедің деп ерегісіп жүрсің-ау. Мә-мә мынаны аласың! – деп, соңынан топырақ шашып, қолымды шығарып долдандым. Қатынның қолынан одан басқа не келуші еді. «Ақаным аман-есен оралсын. Аяғымды жалатармын айдаһар. Ақаным аман-есен келсін...»Үйге жеткенше ботадай боздап жыладым. Мен осылайша, ешкім жоқ оңашада көз жасымды ата-енем, бала-шағама көрсетпей төгіп-төгіп алушы едім. Жарықтық жаңбыр жауса жер көгереді ғой, ал көз жасынан соң көңілің сергіп, бойың жеңілдеп қалады екен. Егер соғыс кезінде аққан көздің жасын бір жерге жинар болса, сөз жоқ, айдын шалқар көл болар еді. Иә, біздерді соғыс қартайтқан. Біз, әйелдер, жұмыстан әсте де шаршаған да қажыған емеспіз. Біздерді уайым-қайғы шаршатқан. Енді ойлаймын, әлемдегі ең қажырлы, шыдамы берік, жаны сірне тек қана әйелдер! Біз әрқайсымыз майданда жүрген он азаматтың ауыртпалығын тартып, он азаматтың жұмысын атқардық. Рас, еркек бол деді – еркек болдық. Жесірлік пен жетімдіктің зарын біздей тартқан ешкім жоқ. Өзегіміз өртеніп, беліміз талып келіп сұп-суық төсекке қисая саламыз. Түсімізден шошып оянып, «А, құдай ер-азаматты сақта, а, құдай Отанды сақта», деп тәңірге жалбарындық. Жауды жеңген қару ғана ма... жауды жеңген мыңдаған әйелдің тілеуі, мыңдаған әйелдің қарғысы. Жауды жеңген жауынгерлердің қаны ғана ма, жауды жеңген аңыраған ананың, қырмызыдай қыздардың сорғалаған көз жасы. Соғыста жесір қалған әйелдердің көбінің көзі көрмей, жанары суалып қалғаны содан, айналайын.

Бірді айтып, бірге кете бердім-ау. Арада он күн өткенде Ақанымнан хат келді. Пешке нан салып қойып, жалынның жарығымен ежіктеп оқып шықтық.

Ақанның хаты: «...Алтайдың асуындай, Бұқтырманның тасуындай, асқар да мөлдір сәлем жолдаушы Ақаның. Жалғанда сенен ардақты, сенен асыл кім бар маған. Сондықтан

да алғашқы сұрарым өзіңнің денсаулығың. Қара нардай қасқайып, алысқанмен алысып, айтысқанмен айтысып жүрген шығарсың, жарықтығым. Атам-анам, балалардың дені-қарны сау ма, ауыл-аймақ аман ба? Не жаңалық бар? Әскердегі Бағдат пен Ақтайлақтан хабар-ошар бар ма? Тірі ме екен өздері? Үйге хат жазса маған адресін салшы. Біз аман-саумыз. Баяғы жер қопару, топырақ тиеу, басқа өзгеріс жоқ. Жағдайымыз жаман емес, тамақ тоқ, уайым жоқ деген секілді... Мұндағы бізді қойшы, елдегі сендер, соғыстағы азаматтар аман болсын. Басқа тілек бар ма. Екі ағайыным жаумен алысып жүргенде, көртышқанша жер қазып, бас сауғалап жатқанымға өкінемін де. Қайтеін, тағдырдың жазуы солай болған соң. Таңертен күн шыққан сайын сендерді есіме аламын, өйткені біздің ауыл сол – Күннің астында ғой. Кешке күн батқан сайын Бағдат пен Ақтайлақты есіме аламын, өйткені олар күнбатыста қан кешіп жүр ғой. Мені уайымдамаңдар. Алмажан-ай, бұл зұлпаттың да ақыры болмас деймісің. Жау жеңілер, ысқырып, ән сап біз де елге қайтармыз. Ақмет ағамнан қалған ерді атқа ерттеп, баяғыша байсалды ғұмыр кешер күн де келер. Жұрағаттарға, сұраған жанға үш қайтара сәлем айт. Айтпақшы, ұмытып барады екенмін-ау. Кеше көзім ілініп кеткен екен, түс көрдім. Қынымда сармойын, мүйіз сап пышақ, астымда аспанға атылған арғымақ уралап батысқа шауып барады екем деймін... Сенің де күнің жақындап қалды-ау... Шүйіншілі хабарға жорыдым. Ал хош сау бол! Көп қиналма, көп жылама.

Сәлеммен, Ақан».

– Күмісжан-ау, мұндай хаттан соң Қап тауын ас десе де аспаймын ба, – деді Алма кемпір жүзіне нұр жүгіріп.

– Ал мен ешкімнен хат алып көргем жоқ, – деді Күміс күліп. Орынбай екеуіміз ауызша сөйлестік. Ол тіпті әскерге де барған жоқ.

– Әскерге бару арман ба екен, – деді Алма кемпір күрсініп. – Маған салса жер бетіндегі мұқым әскер атаулыны таратып жіберер едім.

Сонымен Ақанның хаты бойға қуат, жанға жігер берді. Адам қуанышты хабар естісе шаршағанын ұмытып, лақтай секіріп, ойнап шыға келмей ме. Күндегідей емес, бүгін нанның бетін күйік шалмай, сарғайып қана әдемі піскен секілді. Күндегідей емес, бүгін үш-төрт салымға жететіндей етіп, үн елеп тастадым. Көңілім тасып, мұрнымнан ыңылдап ән

айтамын. Тіпті, құрсағымда нәресте жатқанын да ұмытып, қапшағай қимылдаймын. Жұмысты адамның қолы емес, көңілі істейтінін сонда білдім.

Маған көмекші болып Мағзия деген әйел істеуші еді. Қақ-соғы, үзіп-жұлып кетер сұғанақтығы жоқ, біртоға жуас. Маңдайымнан тер сорғалап, шырмауық қайнатып тұрған маған қарап: – Алмажан-ай, қатты қимылдамасаңшы, ішіндегі балаңды түсіріп аласың ғой, – деп жаны ашты. Сол кезде біз мықты болдық па, жоқ болмаса құрсақтағы сәбиіміз мықты ма, білмеймін, тыным таппай арпалысқанда «Алла, белім» демеуші едік. Қазір ғой, босанғанша екі ай, босанған соң бір жыл шырпы басын сындырмай үйінде жатып алады.

Күз туып, егін орағы басталған. Биылғы күздің өзі де аса бір жылы шыраймен келіп еді. Мәңгі таусылмайтын шаруаның қамымен жүрген колхозшылар шөп науқанын аяқтап үлгермей-ақ астық бастыруға кірісіп кеткен. Соғыстағы азаматтардың бірсыпырасынан қара қағаз келіп, қара жамылған әйелдердің саны күн өткен сайын көбейе берді. Жылай-жылай көзі қызара домбыққан әйелдер бәрібір қаздай тізіліп қырманға кетіп бара жатар еді. Осындай бір қыркүйектің мамыражай әдемі шағында, қайғы мен мұңнан жер қайысқан күннің бірінде наубайханаға Сақыш келді. Бұрынғыдай емес, жүдеген, үнемі қызыл шырайланып тұратын беті тотыққан. Ұшқынданып, күн түскен айнадай жарқырайтын жанары шүңірейген, ұясына кіріп кеткен. Өлденеден көңілсіз, әлденеден шайлыққан.

– Амансың ба, Алма, – деп босаға тұстағы бос шелекті төңкеріп отыра кетті. – Түү, жарықтық, нанның иісін-ай!

– Өзің қалайсың. Жағдайың жақсы ма?

– Жағдайдың несін сұрайсың, өлмеген соң сүйретіліп жүрген ғой.

Түйеше он екі ай көтеретін болғансың ба, неге босанбайсың, – деп езуін жымитып қалжыңдады. – Енді кешіксең, баланың әкесі Ақан емесіне жұрт күмәндана бастайды.

– Сен де қызықсың, Сақыш. Уақыты келмесе, жұлып тастайын ба. Тезірек босанайын деп, қаттырақ қимылдаймын, болмай жүр.

– Дегенмен мықты екенсің, – деді бетіме тесіле қарап. Содан соң көкейінде іркіліп тұрған айтсам ба, айтпасам ба дегендей сәл толқып отырды. – Бағана қырман басында қаңқу сөз естідім.

– Е, ол қандай сөз, – деп мен әйелдік әуестікпен ентелей түстім.

– Сен көңіліңе алып қалма. Құмырайдың үйіндегі қара қатын тамам қыз-келіншектерді жинап алып, аузын ашып, көзін жұмып өсекті соғып отыр. Оралдағы күйеуінен келген хатты самбырлап оқып берді. Жағдайлары нашар екен. Ит қорлығын көрсететін көрінеді. Бура трудабойдан қашамын деп, сотталып кете жаздапты. Әйтеуір, Құмырай араласып жүріп әрең алып қалған екен. Ал Ақан... өз-өзіңе берік бол, Алма, – деп мойнымнан құшақтады.

Ақанымыз... Украинадан келген бір қызға үйленіп алыпты дейді...

Мен ішек-сілем қатып күлдім. Күлкім келмесе де қасақана сайқымазаққа сала сықылықтадым. Әрине, қанша иланбасам да жүрегім аунап түскендей еді. Жо-жоқ, әйелдік қызғаныш оты тұтанбаған, тіпті, солай болғанның өзінде, ризамын ғой Ақаным, түймедей нәрсені түйедей етіп ел-жұртқа дабырлаған Құмырай мен қатынына ызам келді.

– Немене, жынданып кеттің бе? – деді көзі бақырайған Сақыш.

– Мүмкін емес, – дедім сенімді түрде. – Мүмкін болған күннің өзінде де Ақанды кінәлай алмаймын.

– Сені қайдам, алғаш естігенде менің ішімді қара мысық тырнап алғандай қиналдым.

– Ағайындарға таң қаламын, Сақыш. Қан кешіп өлім мен өмірдің екі ортасында жүрсе де өсек айтқанын, өсекке сенгенін қоймайды-ау. Хат Ақаннан да келген. Мә, оқы, – деп омырауыма жасырған хатты Сақышқа ұсындым. Ол ерні жыбырлап, тез-тез оқып шықты да, шүберектенген жүзі жайнап қоя берді.

– Бәсе, Ақанжан осындай жігіт еді ғой. Не деген бақытты әйел едің, Алма. Мұндай жүрегіңді елжіретер хат жазған азамат он қатын алса да айналмайсың ба. Уһ, көңілім енді ғана көншіді ғой, – деп орнынан тұрды. Арманымның жалғасын сен жалғашы, құрбым. – Көзіне мөлтілдеп келіп қалған жасты көрсетпейін дегендей, жалт бұрылып шыға жөнелді. Иә, өмірде осындай да әйелдер болған. Сондықтан да біз жеңдік қой.

Иә, жауды жеңдік... Бірақ өз ішіміздегі өгей мінезді, өсек-аянды жеңе алмадық. Бар болса көре алмайтын, жоқ болса бере алмайтын ағайынның азабы мені де тек қалдырған емес. Қайсыбірін айтып тауысайын. «Ақан орысқа үйленіп

алыпты» деген алыпқашты сөз қаншама сағымды сындырып, жігерімді құм қылғанымен, мен домалақ басты пендемін ғой, қашан анық-қанығына жеткенше жүрегімнің бір бұрышында беріштене қатып, ауық-ауық сыздақтатып, жанымды жегідей жейтін. «Егер рас болса ше» деген суық ой санамда итше үріп, саңқылдап тұрып алғаны. Бұрынғыдай емес, ел көзіне көп көрінбей, өз-өзімнен тұйық тартып, елең-алаңнан тұрамын, түн ортасында қайтамын. Менің өміріме кірген осынау өзгеше өзгерісті ата-енем де сезеді білем, тағдырдың тезінен өткен көне көздер ғой, аяйды, аяған сайын құрақ ұшып аялай түседі. «Қойнына бай тоқтамайтын қаралы қатын» деген қаңқу сөзден енді құтылдым-ау, ұмыттым-ау деген кезде! «Е, сайдың тасындай жап-жас Ақан, кәрі сіңірді не қылсын, жас қызға үйленіп дұрыс істеген», – деп айызы қаңғандар табылды. Бір күні жұмыстан шаршап, салым суға кете үйге қайтқанымда, алдымнан қараң қағып атам шықты. Жарықтық, жақсы адам еді ғой, мені ойлап елегізеді білем.

– Ата-ау, неғып жүрсіз қараңғыда? – дедім іштей риза болып.

– Әлгі кемпір, келін, кешікті ғой, алдынан шықшы, – деп түрткілеп қоймағаны.

– Күнде осы уақытта қайтып жүрмін ғой, ата. Несіне әуре болдыңыз.

– Білем, келінжан... білемін. Саған қиын тиіп жүр. Жұмысың ауыр. Қазақтың ең тыныш отырғаны бір кебісті бір кебіске тығып отырады, ел не демейді, сенбе... Ақан ақылсыз жігіт емес. Рас болған күннің өзінде де бұл шаңырақтың табалдырығын аттатпаймыз. Бізге сен керексің, жарығым. Қартайған шағымда қасіретінді көрмесем деп едім.

– Рақмет, ата. Өсектен өртенер болсам, ендігі күлім де қалмас еді. Маған керегі азаматтың амандығы.

Атамның сөзі дем берді, отыра қалып Ақанға хат жаздым. Бірақ, «Сен туралы осындай өсек бар, рас па?» – деп сұраған жоқпын.

Ертеңінде Ақтайлақтан қаралы қағаз келді. Ауылдық сәбеттің хатшысы көшеде ойнап жүрген бір балаға апарып бер деген екен, ол қағазда не жазылғанын оқымастан апамның қолына ұстата салған... Ал енем болса үлкен қызымыз Шолпанды шақырып:

– Оқышы, мынада не жазылған екен, – дейді. Қаралы қағаз

екенін білген Шолпан ботадай боздап, еңіреп қоя береді. Содан не керек, у да шу. Айман деген екінші қызым наубайханада жүрген маған келді: – Ақтайлақ ағам өліп қалыпты, – деді ентіге дем алып. – Апамдар жылап жатыр.

Ақтайлақ Ақаннан екі жас үлкендігі болса да, үйленбеген, соғыс басталысымен-ақ алғашқылардың бірі болып майданға аттанған, орта бойлы, ат жақты жігіт еді. Мен бұл шаңырақтың табалдырығын аттаған күннен бастап, ылғи да жылқы бағып, жаз жайлауда, қыс тебінде жүрді де, анда-санда кір-қоңын жудыруға ауылға түскенде ғана көретінмін. Тіпті, екеуміз бір-біріміздің бетімізге анықтап қарап тілдескен жан емеспіз. Алғаш Ахмет өлгенде мені оған емес, Ақанға қаратқанына ел-жұрт таң қалатын. Ал кезек Ақтайлақтыкі еді ғой... Енді міне, түтінін де түтете алмай шейіт болды; бір кіндік кесілді, бір ұрпақ үзілді. Атам ауыл ақсақалдарына шай беріп, сыртынан жаназасын шығарды да, кісі бойындай ағашты арулап көмді.

Үйімізге келген алғашқы қайғыны Ақанға жазған жоқпын, жүрегін жаралағым келмеді. Мені қайран қалдырған, ауыл сәбеттің хатшысы Маржанның қылығы еді. Алыстағы азаматтың қазасын естірту рәсімін сақтамай, қаралы қағазды ойын баласынан бере салғаны жаныма батты. Бұл қысастықты тағы да Нартайдан көрдім, өйткені кеңес болып жүрген Маржан колхоз бастықтың келіні еді. «Мұның не, Маржан, аруақтан ұялсаң етті», – дегенімде: «Көдедей көп еркектің бірі өлді деп, жоқтау айтайық па. Өлі үш қайның бар. Ақан өлсе де байсыз қалмайсың», – дегені. Шашынан ала түспекке оқталдым да, ақылға жеңдірдім. Қол көтерсем болды, сыныққа сылтау іздеп жүрген Нартайдың тұқымы айдағып жіберуі сөзсіз еді. Шыдадым, амал жоқ, шыдадым... Енді ойлаймын, егер сабырдың түбі сары алтын деген сөз рас болса, онда мен бүгінде алтыннан сарай орнатар едім. Олай емес екен... Ұрғызып-ұрғызып саймен жүргенше, ұрып-ұрып қырмен жүргенге не жетсін. Осы оқиғадан кейін не болса да «жауыммен» алысып өлуге бел байладым.

Ел-жұртқа шай беріп, қазаның қамымен бір күн жұмысқа шықпай қалып едім, ертеңінде кеңсеге шақырды. Басқарма мүшелерінің төрт көзі түгелдей жиналған. Барлығы өрт сөндіріп келгендей түнеріңкі «тағы не естіртеді» дегендей зәрем ұша босағада тұрып қалдым. Нартайдың алдында қақ бөлінген нан жатыр.

– Мыналарың не? – деді нанның арасынан шоқпыт суырып.
– Ұнның ішіне шүберек салып илеп, пісіргендегі мақсатың не? Нанның салмағы ауырласын дегенің бе, жоқ болмаса колхозшылар қақалып өлсін дегенің бе? Бұл – қастандық. Жауапқа тартыласың!

– Мен қайдан білейін. Кеше жұмысқа шыға алмап едім. Мағзияның көзі нашар көреді, байқамай...

– Қастандық! – деп столды салып қалды. Айналада қоғамдаса отырған басқарма мүшелерінің бір-екеуі бастықтың сөзін қостап «қастандық» десіп қоқаңдады. Тек Жақияр ақсақал ғана «байқамаған шығар» – деп еді, шәйі орамалын шекелей тартып, сылдырап отырған Бәтiш: – Бұл талақты тайрандатып қоя берсе, ертең біреуімізді өлтіреді. Былтыр Жаманашының бауырында Сақышты буындырып жатқанында әрең арашалап қалғанмын, – деді шімірікпей.

– Қандай жаза қолданамыз? – деді Нартай жан-жағына қарап.

– Наубайханадан шығарып, табанын тіліп қырманға салу керек, – деді есепші Қажы. Ол Нартайдың немере інісі еді. Құлағының мүкісі бар деп әскерге жарамай қалған. Ал қазір шыбынның ызыңына дейін естіп отырғанына ешкім де танданған жоқ. Соғыс кезінде ондай-ондайлар бола береді ғой, өйткені барлығына да жау «кінәлі». Иә, соғысқа сілтей салатынбыз...

– Мен қарсымын, – деді басқарма мүшесі Жақия ақсақал. – Айы-күні жетіп отырған адамды ауыр жұмысқа салып қуалауға болмайды. Босанғанша наубайханада қалғаны жөн. Нанның арасынан шоқпыт шықты деп несіне шошынамыз. Асығып жүріп, қараңғыда байқамаған шығар. Баяғыда атамыз қымыз салқындасын деп, сабаға бақа салып ішкенде де өлген жоқ қой.

– Ақсақал, баяғыны қоя тұрыңыз. Ол – ескіліктің қалдығы. Алдымен шоқпыт мәселесін шешіп алайық, – деп қасын керді Нартай.

– Барлығын бітіріп шоқпыт қана қалса... шешсек шешелік. Екіұдай болып дауласса-дауласса, әйтеуір мені бойым жеңілдегенше наубайханада қалдыра тұруға тиянақтады.

Дегенмен тұзым жеңілдеу әйел едім. Ойламаған жерден бір пәлеге ұшыраймын да жүремін. Азап пен Қайғы менің басымнан сәуірдің бұлтындай төңіректеп, тарқамай-ақ қойды.

Осы жасыма дейін Ақанмен өткен оншақты жылым болмаса, жазғытұрымдай жаудыраған шаттыққа толы шақтар тым аз, тіпті жоқ екен-ау. Қағанағымнан қарқ болып тумасам да, тәңірдің маған арнаған тарысы бар емес пе еді. «Құдайдың бөліп берері жоқ, біреуден біреуге алып береді», – деп отырар атамның сөзі рас деп ойладым. Егер сол құдайың бар болса, бөліп те бермесін, алып та бермесін, дорбаға әкеліп салып та бермесін білсем де, еті тірілігімнің арқасында тірнектеп жинаған кішкентай ғана ырзығымнан айыра көрмесе екен деп тәңірге жалбарынамын. Бұл жалғанда ешкімді ешкім жарылқап тастамас, қоң етіп кесіп беретін асыл қасиеттің де тым аздығын білем, сондықтан да ешкімге телміріп, тілемсек ғұмыр кешкенім жоқ, ешкімнен де басы артық дәулет дәметкен емеспін. Ендеше, бір-бірімізге жамандық ойламай, бір-бірімізді сыртымыздан өсек айтып, аяқтан шалмай, кедергі жасап, кеңірдекке жармаспай жарқын да жарасымды өмір сүргеннен артық бақыт бар ма.

Қыркүйек аяқталып, күздің қарбалас сәттері бәсеңси бастаған. Ауыл адамдары бақшадағы жемістерін жинап, қораларына шөбін тасып, Алтайдың алты ай бойына сұлап жатып алар ұятсыз қысына әзірленіп жатыр. Колхозшылар биылғы күздің берекелі, жомарттығына риза, жақсылықтың нышанын сезгендей сеніммен қимылдайды. Майдандағы жағдай оңала бастапты, ентелеп келген жаудың беті қайтып, тұмсығы тасқа тиіпті, біздің айбынды әскеріміз немістің әпігін басып, әкесін танытыпты деген сықылды жылы хабар дүркін-дүркін естіледі. Амал не, күн өткен сайын, қара қағаз да көбейіп, ауылдан аттанған азаматтардың жартысынан айырылды. Адам баласы жамандыққа да көндігіп, үйренеді екен, қаралы үйге көңіл айтып шыққанымыз болмаса, бұрынғыдай ағыл-тегіл жылау, шашымызды жайып жоқтау бәсеңсіп, байсалды төзімділік жеңген. Қазан айы тынышты, жауын-шашынсыз өтерін сездіргендей жарықтық ай да орақтанып қырынан әдемі туды.

Осындай қоңыр күздің маужыраған, аспанда шүйкедей бұлт жоқ, шайдай ашық жылы күнінде мені толғақ қысты. Нан пештің лаулап жанған жалынымен алысып, әдеттегідей, қарбалас жұмыс үстінде едім. Күнімнің тым жақын қалғанын білсем де, дәл бүгін, жиырма сегізінші сентябрьде толғақ басталады деп ойлағаным жоқ. Ал дегенде тыңдамай, ішімнің жай ауырғаны шығар деп шырмауық қайнатып, білегімді түріп

тастап, арпалысып қамыр илеп бердім. Маңдайымнан ағыл-тегіл аққан тер бетімді жуып, иегімнен тамшылап, өңіріме сорғалайды. Ұнға тамып кетпесін деген оймен қайта-қайта жеңіммен сүртіп тастаймын. Әсіресе бүгін, барлық жұмысты бітіріп кетердей жанталаса қимылдағанымға көмекші әйел Мағзия таң қала қарайды, байғұс ол да маған еріп дедек қағып жүгіреді. Амал не, ерлігім ұзаққа бармады, ішім бүріп, әкетіп барады. Мықтап байлап алдым да, алғашқы ауырғанын тыңдамай жұлқына басамын қамырды. Шыдай алатын түрім жоқ. Шөкелеп барып отыра кеттім.

– Саған не болды, Алма? Өңің бұзылып кетті ғой, – деп ұстай алды

– Мағзия! Толғақ қой деймін...

– Жүгірі! Үйге жетіп үлгер. Наубайханада босанып қаларсың.

Мағзияның көмегімен орнымнан әрең көтеріліп, далаға шықтым.

– Өзіңе тапсырдым. Тағы да бірдемені бұлдіріп алма, – деп ішімді қос қолдап басқан күйі үйге беттедім. Толғақ қысқан сайын жеделдете басамын. Толғақ қысқан сайын... «А, құдай, аман-есен үйге жеткіз», деп күбірлеймін. Шыдай аламын ба, жоқ па. Көз алдымдағы көріністің барлығы бұлдырап, аспан шыр көбелек айналып жүре берді. Бұқтырма өзені ағысын өзгертіп жоғары қарай сарқырап ағатындай. Көзім қарауытып, жүрегім айнып құсқым келді, буын-буыным әлсіреп, жаңа аяқтанған жас ботадай тілерсегім дірілдейді. Өне бойымнан тер сорғалап, кара жерге тырс-тырс таматындай. Шыдау керек! Шіркін-ай, басымды ұстап, қолтығымнан демер тірі жан табылмады-ау! Етпетімнен түсіп жата кеткім келді. Өне үйге де жақындадым. Шелектеп картошка тасып зыр жүгіріп қыздарым мен қайын сіңлілерім жүр. Дауыстап бірін шақырайын деп, аузымда ашамын, үнім шықпайды. Өлдім-ау, Ақан, қайдасың, белім сынып барады. Мың-миллион қозы маңырап қоршап алғандай құлағым тұнып, ештеңе естімей қалдым. Әйтеуір, кіресілі-шығасылы ғана есім бар – қалайда табалдырықтан аттап барып, жығылу керек. Неге екенін білмеймін, жан терім шығып қанша қиналсам да, өлемін-ау деген жаман ой санама келген жоқ. Тіпті аман-есен босанатынымға көзім жеткендей. Тек қана шыдау керек! Өз үйімнің ауласына жеткенімді сездім. Жаңа қазылған дымқыл картошканы кептіру үшін

күннің көзіне жайып, дәл есік көзіне жайып тастаған екен, қырсыққанда айналып өтер жер қалмаған екен. Неде болса деп, ішімді қапсыра құшақтап, аттап-бұттап өте бергенімде тайып жығылдым. Одан арғысын білмеймін. Есімде қалғаны, күбірлеп айтқан жалғыз сөзім: «Атамнан ұят болды-ау». Әлгінде ғана құлақ тұндыра маңыраған мың-миллион қозының ғана шар еткен даусы – жарық әлемге жар салған ең алғашқы айғайы естілді, естілді де қара жер қақ айырылды... Одан соң дүние шыр көбелек айналып жүре берді... Содан соң... білмеймін.

Есімді жиғанымда: төргі үйдің іргесіне таман салынған төсекте жатыр екенмін. Апам, Сақыш, Ғайша отыр жанымда. Сақыш қолындағы орамалымен маңдайымнан шып-шып шыққан терді дәмеспеп сүртіп қояды.

– Арыстай ұл таптың, Алма! – деді күліп. Еңкейіп келіп бетімнен сүйді.

– Кіндігін мен кестім. Үлгердім-ау, әйтеуір.

– Бауы берік болсын, – деді Ғайша.

– Ақанымның арманы орындалды, құдайға шүкір, ат ұстар келді дүниеге! – деді апам шылауышының ұшымен көзін сүртіп. Атам ақ ешкінің лағын жетім қалдырып сойып тастаған екен, обал-ақ болды, бірақ лағы жетіліп қалған еді.

Міне, айналайын, жалғыз ұлды дүниеге келтірдім. Қуанышымда шек жоқ. Құлыным-ай, картошканың үстінде туып еді, осы қадірсіздеу тамақты күні бүгінге дейін жақсы көретіні содан-ау. Ауылға келсе болды, әуелі сұрары, картошка; ол келе жатыр деген хабарды естісек, тайқазандап асып қоямыз, қызық, әйтеуір, жеңсік асына айналып кетті. Жыл бойы жертөлеге бүлдірмей сақтап қоямыз.

Жер бетіндегі ананың, меніңше жалғыз ғана арманы бар, ол – ұл табу. Әсіресе қанды майданда, күн-түн сайын жүздеген азаматтың басы оққа ұшып жатқанда, өмірге Ұл әкелу, әрине, ұлан-асыр той – ұлы қуаныш еді. Қалжаға ақ ешкінің сорпасы бұйырып, тұла бойым жіпсіп, бұлаудай болып терлеп жатырмын. Дүниеге өзіңмен бірге қуана білетін адамың болғаны қандай жақсы. Таң құланиектенгенше әңгіме-дүкен құрып, қасымнан қарыс кетпей отырған құрбыларым – Сақыш пен Ғайшадан озар қымбат әйелдер жоқ еді мен үшін. Өрқайсысының өз үйі, өз мұңы бола тұрса да менің сәулелі түніме ортақтасып, емен-жарқын шыраймен қызыға қарайды.

Сонда өздері еншілемеген, тағдыр талақ қылған әйелдердің, менің бақытыма зәредей де қызғаныш жасамай, жайрандап қызмет қыла құрақ ұшқан құрбыларымның жүзінен адал да ақ ниет нұрды көріп, шыншыл көңілмен көзіме қуана жас алдым.

– Ұлымның атын Баламер қоямыз, – деді бір ауыздан. Мен келістім. Олар тек күн шыға ғана тарарды.

Айналайын, Күмісжан, осынша жетпіске жақындаған өмірімде менің бір нәрсеге көзім жетті. Адамның тағдыры ауа райы секілді екен. Жаңа ғана шайдай ашық тұрған аспаның әп-сәтте қара құрықтанып, бұлт басып шыға келеді. Бірыңғай бақыттың да, бірыңғай қайғының да болғанын көргенім жоқ. Сол секілді қара басымның қуанышы қандай оқыс келсе, соншалықты келте қайырылады. Қос құрбым Сақыш пен Ғайша біздің үйден шыға бере, Жақияр ақсақал кірді. Ол кісі ең әуелі: «Баланың бауы берік болсын», – деп жас нәрестені құттықтады. Содан соң төр алдына малдас құрып, жайғаса отырды да, маңына атам мен енемді шақырды.

– Оқыс болайын десе быламыққа да тіс сынады, – деп тамағын кеней оспақтап бастады, – Өз-өздеріңе берік болыңдар. Пайғамбардың жасындағы, ақыл тоқтатқан адамсыңдар. Еңбек аулындағы Сандуғаш атты қыздарың суға кетіп, жас өмірі қыршын кеткен екен.

Енем дауыс сала жылап қоя берді. Атам сол міз бақпаған қалпында:

– Сүйегі табылған ба екен? – деп сұрады.

– Табылыпты. Бұқтырмадан арбамен шөп алып өтем деп жүріп, иірімге түсіп кетіпті.

– Қазаныма ас салып беріп отырғандай балаларымды көпсіне беруші еді, айналдырған он күнде екеуінен бір-ақ айырылдым-ау, – деп атам басын ұстап, қабырғасы сөгіле жер шұқи отырып қалды. Содан соң қолына таяна әрең дегенде орнынан тұрды. – Бәйбіше болар іс болды. Қызың енді қайтып келмейді. Арулап көміп қайтайық, сыңси бермей жол қамына кіріс.

Менің қалжама сойылған ешкінің етін арқалап, Атам мен Енем Еңбек аулына аттанды. Амал жоқ, жылай-жылай орнымнан тұрдым. Белімді тас қылып байлады да, сиыр саууға шықтым. Жөргекте іңгәлап жалғыз ұлым жатты.

...Бураны бұлайша азаптағанша соғысқа аттандырар ма еді, – деп ойлаймын, – Алдындағы қымыздан бірер ұрттап тамағын жібіткен Ақан шал әңгімесін одан әрі сабақтады. – Ағайын-туғаннан ада, жалғыз басты жігіттің не ойы бар, неге ғана осыншалық тұйық күйге түсті, оның себебін ол ашып айтпайды, ал біз тап басып таба алмадық. Әлденеше рет оңашада сыр тарттым, амал не, «әншейін» дегеннен басқа жарытып жауап бермеді. Аяқ астынан ұшына жабысқан ауру іспетті, әлдеқайда алысқа қарап, екі тізесін құшақтай бүрісіп, меңірейеді де отырады.

Қазан айы – Орал тауында салқын, ағаш жапырақтары саулап түсіп, дымқылдана бастады. Ауық-ауық жаңбыр жауып, ауа сыз тартып, жер қойбатпақтанып кетті. Бір топ жігіт қарағай кесіп, құрылыс ағашын дайындап жүр. Мен сол баяғы рельс төсеп, вагон жылжыту жұмысындамын. Жағдайымыз қалпынша, пәлендей өзгеріс бола қойған жоқ. Майданнан ұзынкұлақтан ғана хабар естіміз.

Дәрі көміп, жер қопаруда жүрген Құмырай әдетінше саяқ, жұқпалы індетіміз бардай-ақ ешқайсымызға жоламайды... Оны мүлдем ұмытқандай біз де жантарта қойған жоқпыз. Ақшам жамыраған шақ еді. Сонау бір тұсқа дәрі қойып, қайтып келген Құмырай Бура екеуіміздің жанымызға жайғасты.

– Иә, жігіттер, амансындар ма? – деді ойда жоқта ерлік жасап.

– Көріп отырсың ғой, – дедім мен қитығып.

– Осы, сенің мен дегенде қозатын жының бар ма. Әй, бала, хал қалай – деп Бураның арқасынан салып қалды. – Бүгіннен бастап жер қопару жұмысын саған беремін. Шаршап жүрсің ғой.

– Рас па? – Бура қуана сұрады.

– Рас. Жалықтым.

Осы кезде десятник айғай салды. – Құмырай көмген дәрің атылмай қалды. Бар тексер.

– Сен тексеріп келші, – деді Бураға. – Менің аяғым ауырып отыр. Неге екенін білмеймін, соңғы күндері қақсап жанымды шығарады.

Орнынан лып етіп тұрған Бура ұзай берді де: – Әй, Құмеке, осыдан бастап сенің жұмысыңды мен атқаратын болайын. Уәде ме.

– Уәде, – деді Құмырай тізесін уқалап.

Құстай ұшып жүгірген Бура дәрі көмілген тұсқа енді жете бергенінде... жете бергенінде құлақ тұндырар қатты жаңғырық естілді де, қара жердің күлі көкке ұшты. Қопарылған тас, топырақпен күйкентайдай Бура да қоса аспанға атылып еді. Тұра ұмтылды. Ішек-қарны ақтарыла жарылған жерде бір аяқ, бір қолы жоқ Бураның сүйегі ғана жатыр еді...

Сабанға орап теректің түбіне жерледік. Сонда ғана мен оның неше күннен бері өлімін сезіп, сезіктеніп жүргенін білдім. Сонда ғана мен оның жұмыстан емес, өлімнен қашқанын, артынан бекер іздеп барғаныма өкіндім, жоқ дегенде жауын жастана шейіт болмағаны жүрегімді мұздатты-ақ. Қайтейін, ажал айтып келе ме.

Осы оқиғадан соң еріншек деп тапқан жігіттерге қосып, Құмырайды да соғысқа алды.

Осы оқиғадан соң, дүниеде мен үшін Құмырайдан сұмдық жау жоқ еді.

Қарашаның басын ала алғашқы қар жауды. Орман-тоғай, тау-тас, жердің беті – барлығы аппақ ұлпа қар жамылып, соншалықты әдемі түрге бөленіп, қысқы киімін киді. Биыл қар ерте түсті. Бірақ қара суығы аз, жанға жайлы. Қарбалас қимылдаған еңбек әскері, жылдың басындағыдай, тағы да нәумездіктерін білдіре бастаған. Ашып айтпаса да боран соғар алдындағы қарғалардай топ-топ болып күңкілдесіп, бір үлкен тәуекелге дайындалыс байқалады.

Қар түсе қарнымыз ашқан соң, көршілес жатқан деревнядағы иесі әлдеқашан, тіпті, сентябрь айында қазып алған бақшаға барып, жер астында жасырынып байқалмай қалған картошканы күрекпен қопарып іздей бастадық. Жердің беті ғана ептеп тонданғаны болмаса, ар жағындағы қара топырағы қопсып шыға келеді. Едәуір жерді көртышқандай түрткілеп, итше тіміскілегенде ғана бірлі-жарым картошка күрегіңе ілінеді-ау. Кейбіреулер айғайлап қуып, маңайын бастырмайды, ал кейбір иманын жоғалтпаған қожайындар қашаға сүйеніп, жағына пышақ жанығандай азып-тозған біздерге жаны аши қарап тұрар еді. Орыстың қауға сақал шалы шақырып шай берді. Дорбамызға азын-аулақ картошка салып жып-жылы сөздер айтты.

Бір күні осы кәніккен жігіттерді милиция ұстады. Еңгезердей неме екен, қолымыздағы дорбамызды тартып алды.

Байдың асын байғұс қызғанады деп, қорқытып-үркітіп, ауыр-ауыр балағат сөздермен тілдеп, Қаймақтың жағынан ұрып ұшырып жіберген соң, мен шыдап тұра алмадым. Енді маған ұмтыла берген кезінде жағасынан ұстап, қырқай шалып алып ұрдым. Ол жамбасында салақтаған тапаншасына жармасты: – Скоты! Бандиты! Убью! – деп оқтана бастағанда, қолындағы қаруын бір теуіп ұшырдым да, одан бұрын ұмтылып барып, ағаш арасына қарай шырқата лақтырып жібердім. Айбаты тапаншасында екен, сасқалақтап солай қарай жүгіргенде біз қашып құтылдық. Осы уақиғаны бағанадан бері бағып тұрған қауға сақал шал, үш-төрт әйел ләм деп аузын ашқан жоқ. Болар іс болды, үлкен дауға қалғанымызды да білдік. Ертеңіне әлгі милиционер көрген адамдарды куәге тартып, баракқа іздеп келді. Біз: «Ештеңе білмейміз, олай қарай аяғымызды аттап басқан жоқпыз», – деп танып шыға келдік. Енді үш жігіттің тағдыры куәлерге барып тірелді. Олар «рас, осылар болатын» десе, «қош туған жер» деп, сұп-суық мылтықтың түрткілеуімен итжеккенге айдалып кете бермекпіз. Мен соншалықты мұңды да мүсәпір жанармен қауға сақалды шалға қарадым. Ол «саспа» дегендей көзін қысып, басын изегендей болды. Осы кезде маған тағы бір ой келді де:

– Егер шынымызды айтсақ, майданға жібересіздер ме? – дедім.

– Жібереміз, – деді бастықтың орынбасары.

– Ендеше милицияны сабағанымыз рас.

– Осы, осы азамат менің пистолетімді тартып алған.

– Өтірік айтады, – деді қауға сақал шал. – Біз оларды түсімізде де көрген жоқпыз. – Әйелдер де бір ауыздан қостады.

Бар әңгіме осымен тамамдалды. Милиционер жігіт: «Сен шалдың сақалын күзермін», – деп боқтап, күш көрсете сөйлеп аттанып кетті. «Қартошка» мәселесін қайтып қайталаған жоқпыз. Соғысқа бару үшін жасаған бұл әрекетім нәтижесіз аяқталған соң, маңдайға жазылған жұмысымды атқарып жүре бердім. Мен сонда қазақтардың «Көресінді көрмей көрге кірмейсің» деген сөзіне алғаш рет құдайдай сендім.

Иә, біз не жемедік, зардабын кейін бейбітшілік орнап, мамырстан заман қайта туғанда тарттық қой. Үсіген картошканы жей берген соң, асқазанымыз ауырып, ішіміз бұзылды. Өлмес үшін не істемейді кісі, бәріне көнесің, бәріне көндігесің.

Пенденің басына қиыншылық іс түскенде, бойындағы барлық қадәр-қасиеттері біртіндеп сөніп, жынын алған бақсыдай, өз-өзінен жүдеп жүні жығылары бар. Әншейін уақытта аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермей жүретін ауылдың аусар мінезді жігіттері бұл күнде тасуы қайтқан тау өзеніндей жылап ағатын – жуас, арқасын желқом қажаған атандай көмпіс, көкіректегі шер, көңілдегі сырын айтарға адам таппай құсталанған мәңгірт болып қалған. Елде жүргенде осы менің құрдасым Қожақтан қалжыңбас, бүлдіргі ешкім жоқ секілді еді, қазір өз денесін өзі әрең көтерген көтерем. Ал Қаймақ ағамыз әлдеқашан аш аруаққа айналып қалған. Ішіміздегі «сорпалығы бар» Құмырай еді, одан да айырылды. Бірақ қаншалықты тағдырдан таяқ жеп, екі жастың біріне келмей жатып азып-тозақ та, өмірге өкпелеп, замананы ғайбаттауға болмайтын еді... Қаншалықты қайғы жұтып, қан құсып қиналсақ та жалпы ортақ тәртіпті бұзып, соғысты пайдаланып қалар сойқандыққа, сотталып кетер сатқындыққа барғамыз жоқ. Торғай екеш торғайда да ашу бар ғой, бауыздалар алдында ешкі де бір бақырап өледі деп, ертоқымымызды бауырға алып мөңкісек, қалың орманның араарасын паналай қаша жөнелсек, түн жамылып ұрлыққа түссек, күндіз-түні мылтығын шошандатып тұрған ешкім жоқ еді. Біз ондай Отанды сатар оспадарлыққа барған жоқпыз. Сол бір қиын-қыстау заманда ар тазалығына сызат түсірмеудің өзі асқан ерлік сынды еді. Ешкім ақыл айтып, үгіт-насихат жүргізбей-ақ, әр жұмысшының өз ожданы «ақылшы» болған кездердің кейінгілерге өнеге етер осындай-осындай мықтылықтары есіме түскен сайын, бүгінгі тоқ күлкі мезгілдің мерез қылықтарын көрген сайын сай-сүйегім сырқырайды.Неге? Өзім де әдібін сөгіп түсіне алмаспын. Соғыс жылындағы әр адамның бойына оқу-тоқусыз-ақ құт болып қонған ақ көңіл, адал да аңқау мінездің азғана түлеп, қоғам қонданған сайын қоламталанып, білікті білімділіктен туған, «сауатты» сезімнің құлы болып бара жатқан жоқ па деген ұры ой ұялайды. Иә, ол шақта, әйтеуір, бір нәрсеге сенетін едік, тіпті балаша қуанып, балаша алдана алар едік. Егер қазіргі бейбіт те берекелі заманды айдын шалқар Бұқтырма су қоймасы десек, біздер жасаған ересен ерлік пен есіл еңбек сол теңізді қордаландырған мөлдір бұлақ едік-ау. Ал бұлақтың басы әрқашанда таза басталмақ, ал біз байытқан теңіздің астында не барын қайдан білейік. Рас, қайықшылар жағаға шығып, ақшағаладай кемелер жүзе бастады. Сол әдемі

кемеге міне алмағанымызға өкінбейміз де, бәлкім, жағада тұрып қызықтауға жаратылған жандар шығармыз. Кейде ойлаймын, соғыс кезінде «трудармияда» болған адамдар бал арасының ішіндегі қызығын ешқашан да көрмейтін «еңбеккер» араға тым ұқсаймыз-ау, байғұс «еңбеккер» ара ең соңғысы өліп бара жатып, ең соңғы балды ана-араның аузына тосады екен. Сондықтан да бүкіл ұяның өмірін жалғастырады.

– Лағып кеттім білем. Негізгі әңгіменің арнасына қайта оралайын, – деп алақанындағы насыбайдың қалдығын қағып тастады. – Дегенмен біз де екі аяқты, жұмыр басты пенде едік қой, ал дегенде көп дүниенің парқын ажырата алмадық. Соңғы он жылдағы бейбіт өмір, берекелі тірлікке үйреніп, арқа-басы кеңіген жұрттың жалғыз-ақ күнде апай-топай болуы талайымызды-ақ мәңгіртіп тастаған. Оқу-тоқуы аз, дүниенің төрт бұрышында не болып, не қойып жатқанынан бейхабар қыр қазақтары үшін «ата жау» деген сөздің мәнін жыға танып, түсінудің өзі ауырлау тиген еді. Сонау жоңғар шапқыншылығынан бергі уақытта «жау шапты» деген аттансал ұранды естіп отырғандары осы. Ол шақта дұшпандары іргеден бас салып еді... Ал «қызыл» , «ақ» болып атойласқан жылдар бұдан гөрі жеңілдеу ме, қалай еді? Әйтеуір, айтыссаң да, атыссаң да өз ағайының, өз жұртың болатын. Сонау құлақ естіп, көз көрмеген батыстан шыққан жау бұлар үшін – қазақтар үшін «ата жау» санала ма, жоқ па? Тіпті, осы сұрақтың өзін Құмырай сан рет қойып, құлақ етімізді жеп еді-ау. «Идея, мақсат пен мұрат, басқарып отырған үкіметіміз біреу болғанда, жау да ортақ емес пе. Орыс ағайындар сан рет қазақ жерін қорғап қалған» деп шама-шарқым жеткенінше түсіндіріп-ақ бақтым, амал не, «эй, қайдам» деп басын шайқай береді. Ал Қаймақ шал мен аусар Қожақ, жуас Бура үнсіз тыңдап, басын шұлғи береді. Оларда неге болсын дау-дамайсыз келісу бар, пәлесінен аулақ, осы күйімізден айырылып қалармыз», – деп көндігу бар.

– Иә, көкейдегі көп-көп сұрақтарды соғыстың өзі-ақ ұқтырып берді ғой. Сондықтан да тек немістерді кінәлап келеміз.

Жоқшылыққа қазақтардан төзімді жұрт болмай шықты. Ондай аш құрсақ күйдің зардабын талай-талай тартқан елдің азаматтары үйренбеген асын жей алмай бір ашықса, үй ішін сағынып екі ашықты. Алғашында ауыздарына нәр салмай-ақ апталап жүре беретін.

– Қышымадан жасалған көже, бір тілім нан – біздер үшін үлкен байлық. Баяғыда бұдан да зорын көргеміз, – дейді Қаймақ ақсақал алдындағы бір аяқ жап-жасыл суды сапырып отырып. – Қайғысыз қара суға семірген заман қош-қошын айтқан. Қанағат керек, жігіттер, қанағат. Таудың бегін қазып жегенде де өлмегенбіз. Өкімет аман болса бұлайша ашықтырып қоймас. Барлық мақсат тойып тамақ жеу ме екен. Соғымға үйірлеп жылқы, қора-қора қой сойған атақты байлар да өткен бұл дүниеден. Жоқтан өзгеге тарылмаңдар. Құдайдан Гитлердің өлімін тілендер.

– Жаудың жеңіліп, Гитлердің өлгенін көру үшін де аштан өлмеуіміз керек қой, – деп сөз жүгіртті аусар Қожақ. – Өл-тіріл еңбек ет, өл-тіріл тамағыңды асыра. Суішкілігің таусылмаса балталаса да өлмей сол көксеген күніңе жетесің.

– Кеше станция маңына бір вагон картошка төгіп кетіпті, күзетшісімен келістім, бір дорба беретін болды, – дедім мен жолдастарымның сарыуайымын азайтқым келіп.

– Ой, ол ұрлық қой, – деді Қожақ.

– Ұрлық болғанмен, игілікті ұрлық, – дедім мен.

Үйден хат келді. Көптен бері хабар-ошар ала алмай, уайымдап жүр едім, төбем көкке жеткендей қуанышқа кенелдім. Хат болғанда қандай десенізші, жанымды жайлау, көңілімді көктем еткен сүйіншілі, мың жылға бір-ақ жетерліктей нұрға бөлеп, жарқыраған құдіретті, бой тұмардай мәңгілікке сақтар қасиетті. Жанарымнан жас саулап, қайта-қайта көз жүгіртемін, тіпті, өзіме өзім сенбей ауылдас жігіттерге оқыттым. Олар да ойран-асыр қуанып, құттықтап жатыр. «Бәсе, – деймін ішімнен, – бәсе, менің де атар таңым, ат ұстар ұлым болу керек қой. Не жазыппын жаратқанға».

«...Аса құрметті асылым! Алыста жүрген ерім менің! Сүйінші, ұлды болдың! Аман-есен босандым. Дүниеге құлын келді. Атын – Баламер қойдық. Ұзағынан сүйіндірсін, артық қуанбайық, арты қайырлы болсын, тәубе-тәубе!»

Жағдайымыз жақсы. Ауыл-аймақ аман. Апам мен Атам, балалардың дені-қарны сау. Қайнағам мен қайнымнан жалғыз-ақ хат келген, әдірісі анық емес, ауысып отырады екен. Соғыстағы кейбір жігіттерден қара қағаз келді. Атын атап жүрегінді ауыртпай-ақ қояйын. Өзім қазір наубайханада нан пісіріп жүрмін. Жұмысым жеңіл. Біздің жақта күн жылы. Шөпті жеткізіп, картошканы қазып алғанбыз. Қайғы жоқ, тамақ тоқ

дегендей. Жалғыз-ақ арман – сендердің аман-есен оралуларың. Бізді уайымдама. Денсаулығыңды күт. Босанған күні шаршап барып көзім ілініп кетіпті. Түсіме сен кірдің. Бұлақтың басында жүзің аппақ кудай болып, бетінді жуып отыр екенсің деймін. Соншалықты жүдеусің, Ақан, бір жерің ауыра ма? Әр жазған хатыңда: «Барлығы керемет, барлығы тамаша», – деп мақтайсың... «Арқада қыс жақсы болса арқар ауып несі бар» демекші, тәңірім-ау, мынау қан сасыған заманда «тамаша» өмір болушы ма еді. Ал Құмырайдың әйелі «итқорлығын көрсетеді екен» деп зар еңірейді. Жасырмай шыныңды айт. Шүкіршілік, соғыста жүрсең қайтер едім. Ақаным менің, күмістелген ертоқымың сақтаулы. Атқа ер салып, Баламерді алдына алып, мені ертіп өзіміздің ен жайлау Көкжотаға шығар күн де туар. Шыдайық.

Жағдайыңды жасырмай айтып, толық етіп хат жаз.

Көріскенше күн жақсы болсын, ерім.

Сәлеммен, Алман».

«Көріскенше күн жақсы болсын», – деп ішімнен қайталадым.

1943 жылдың, яғни жаңа жылдың басында жүздеген жұмысшы аудан орталығына жаяу-жалпылы сапар шектік. Қысқы орман ішінде қар кешіп шириға шұбырған халықты тоқтатар күш жоқ еді. Директор, цех бастығы, десятниктің жолымызды кес-кестеп, ақырып-бақырғанына аялдап, сөздерін тыңдаған адам болмады. Жұмысты бір кісідей бірігіп бастадық та, күннің суығы, жолдың қиындығы, ауданның алыстығына қарамай соза тартып келеміз. Сандаған ұлт өкілдерінен құралған жұмысшыларда жалғыз ғана тілек бар. Жағдайымызды түсіндіру, майданға алуын өтіну. Бұл қайнаған қан, жұлқынған жүректен шыққан адал да батыл тілек. Ары қарай шыдау мүмкіндігі біткен соң, әупірімдеп бастап кеткен орыс ағайындарына ердік те, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара дегендей білек сыбана беттедік. Былтыр жазда менің досым Иван қозғау салған, ұятымыз бен ар-ұжданымызды оятқан бастаманың сөніп барып, қайтадан қар бетінде тұтануы еді. Не болса да көріп алмаққа аттандық.

Ауданға жетіп, райком мен райвоенкоматтың алдына топталдық. Жұбымыз жазылмастан иықтасып тұрған біздерді таратпаққа әрекет жасап безектеген директорымыз Шахтинскийде зәре жоқ, амалы қайсы, бұл қарекеті өте кеш еді,

ештеңе өндіре алмады. Есік алдына аудан басшылары мен әскери комиссариат шықты. Ұзын бойлы, көзілдірікті орыс жігіті жағдайымыздың нашар екенін, сондықтан да қолымызға қару алып, Отан қорғауға жіберуді өтінген талап-тілегімізді аса мұқият тыңдады.

Біз кен орнына жеңіспен оралдық. Сол кездегі бастықтарымызды түгелдей орнынан алды. Шахтинский қой терісін жамылған пиғылы жат адам екені анықталып, сотқа тартылды да, оның орнына директор болып Карпов тағайындалды. Бараққа радио орнатылды, әр күн сайын саяси хабар жүргізіліп, майдан, тыл өмірінен толық мәлімет алып отырдық.

Қазақтың «Көп қорқытады, терең батырады» дейтін сөзі тегінде рас екен. Соғыс басталғаннан бермен арқамызға ерттеп мініп алған шолақ төрелер жалғыз-ақ күннің ішінде сайда саны, құмда іздері қалмай көзімізден құрыды, көңілімізден өшті. Сөйтсек, жат пиғылды жандардың жұмысшылардың өкіметке қарсы жаппай наразылығын туғызбақ қастандық әрекеттері екен-ау. Бірақ біздер сенімімізді жоғалтқан жоқпыз, сағымызды сындыра алмады. Иә, рухы мықтылар ғана жеңеді. Сондықтан да шындықтың бетіне тура қарай аламыз. Іріткі салмақ болған арам ниеттің күл-талқанын шығардық та, жан тазалығымызды арашалап алып қалдық. Тегінде, адамның ниеті бұзылмасын де, егерадамның ниеті бүлінсе, онда оған ешбір қару да, үгіт-насихат та төтеп бере алмақ емес. «Трудармияның» солдаттары ең әуелі Отан, туған жердің алдындағы борышын шыдамдылығымен, қайсарлығымен, қаншалықты тозақ отына өртеніп жүрсе де, ақиқатқа сеніп, жақсылықтан күдерін үзбеуімен дараланады. Әрине, бар кінәні, «уақыт талабы, заман солай» деген сөздерге сілтеп, өз-өзімізді алдарқаттық. Дегенмен түптің түбінде, яғни бейбітшілік орнап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мезгіл келгенде, сол уақыт пен Отан алдында есеп беретін күн болмай ма... Иә, сол шақта кімді кім жеңгені айдан анық, күннен жарық болар, бірақ кімді-кім сатқанын тайға таңба басқандай таба аламыз ба. Нағыз шындықты білетіндер шейіт болып, олардың күні ертең куә боларын алдын ала сезген соң өліміне себепкер болған АНАУЛАРДЫҢ аты-жөнін айта аламыз ба. Бізге жеңісті көкसेгенде сен тимесең мен тимен деп, тып-тыныш ғұмыр кешу үшін емес, адамдардың ақ-қарасын ажыратып, сатқындарды ақиқаттың сотына тарту үшін көкसेген шығармыз. Шүкір, ондай атты күн туды. Шүкір,

біртіндеп ОНДАЙЛАРДАН арамизды аршып та жатырмыз. Жауға қызмет етіп, жау жеңілген соң бет-пердесін сыпырып тастап, баяғыша баянды өмір сүрмек болғандарды іздеп тауып та жатырмыз. Әттен, тауысып бітпегенімізге, қайсысы екенін әлі де таба алмағанымызға өкінемін де... Кімдер олар? Қандай қызметте жүр? Жаман айтпай жақсы жоқ, Отанымызға қауіп бұлты төнсе тағы кімдер бір бармағын ішіне бүгіп жүрген? Ең қиыны осы еді. Мәңгілік майдан аяқталған жоқ дейтініміз де содан-ау.

Рас, ел басына күн туғанда ербитіп басын қайта көтерген ежелгі жаулардың орман арасына паналап, екі жыл бойы жұмысшыларға жасаған қысастығынан осылайша құтылды. Іштен шалмаққа әрекет еткен ескіліктің сарқыншақтары сол шақта кең-байтақ еліміздің қай-қайсы түкпірлерінде бар еді ғой. Таптық мүддені түсінбей, саясат сауаты жетілмесе де, пенделік пасық та сасық кулық-сұмдықтардың ауылда да ойран салып, ойына келгенін істеп баққанын артынан естіп білдік қой. Әсіресе заманның тыныш, азаматтардың бар кезінде бұғып жүрген жабылдардың, ит жоқта шошқа үреді қораданың керін жасап, атқа мінгені – жуас жұртты жұдырықпен, айқаймен басқарар шолақ төреліктің бағының жүргені мерейінің тасығаны-тын. Құрғақшылықты ауыр жылдары құрт-құмырсқа, бақашаянның қаптап кететіні секілді, соғыс жылдары одан қашқан, бұдан қашқан, жамандықпен көзін ашқан ашқарақтардың асығы алшысынан түсті. 1943 жылдан бастап жау қашып, совет әскерлерінің жер жаңғырта уралаған даусы естілгенде ондай шолақ төре, әпербақандардың да жүні жығылып, кеме келген кезде толқып жағаға лақтырып тастаған салындыдай қайрандай бастаған.

Осындай жаппай шабуыл тұсында, Ұлы Жеңістің нышандары сезіліп, сенім мен жігер ұштасқан ұмтылысты шақта коммунистік партияның қатарына өтуге өтініш бердім. Майданға сұранған тілегім қанағаттандырылмағанмен, мұнда да мықты жігіттер керек деп, броньмен мүлде қалдырған соң, қазіргі жұмысымды адал атқаруға білек сыбана кірістім. Көктем туа партия қатарына қабылданып, десятник болып тағайындалдым. Бірақ асқазанымның ауруы оналмай-ақ қойды. Күн өткен сайын жүдеп, ішкен тамағымды іле-шала құсып тастаймын. Елден көптен бері хабар алмай жүр едім. Түнде кезегім бітіп, шаршап келіп ұйықтап кеттім. Түсіме алғаш рет

Ақтайлақ пен Бағдат кірді. Екеуі де атқа мініп, өткел бермей шанағынан асып-тасыған Бұқтырмадан өтіп барады. Осы кезде асау толқын айдаһардай ысқырып, екеуін бірдей бүктеп апарып, жалмап жұтып қояды. Жар жағасында қалған мен айғайлап соңдарынан жүгіремін, дауыстап шақырамын. Жым-жырт. Шошына ояндым.

Екеуінен де мәңгілікке айырылғанымды жүрегім сезіп еді.

10

– Белімді тас қылып байладым да, сиыр саууға шықтым. Жөргекте інгәлаған жалғыз ұлым жатты, – деп Алма кемпір әңгімесін бұдан ары жалғастырды.

– Алғаш босанған күні жөргекте құндақтаулы жатқан баланың бетіне қарауға мұршам келмеп еді. Сиыр сауып келген соң қыңқылдап, қозғалақтаған нәрестені алғаш рет қолыма алдым. Мен шошынып қалар деді ме екен, баланың жалқақтанып туғанын жасырып айтпапты. Өз көзіме өзім сенбедім: денесі, беті сап-сары... Сол сарғыш түс қырқынан шыққанша тарқамай қойып еді. Көршіміз Анна деген орыс кемпірі емдеп-домдап әрең кетірді. Баланың сарғайып туғанын біреулер – оттың жалыны өтіп кеткен дейді, ал Аннаның топшылауынша – шырмауықты көп қайнатқандікі, у шөптің иісі сіңіп кеткен көрінеді. Не керек, әйтеуір, тірідей дүниеге келгеніне қуандым. Құлыным аумаған әкесі: қыр мұрын, жіңішкелеу көзі – бәрі-бәрі Ақанның аузынан түсе қалғандай-ау. Өзі тынышты, әбден қарны ашқанда болмаса, мұрны пысылдап ұйықтай береді. Емшек сүтіне де жарымай жетілді ғой. Туғанына жеті күн өтпей жатып-ақ оны үйге тастап, жұмысқа қайта шықтым. Енем Аннаның ақылымен ешкінің сүтіне мак қосып қайнатып береді, тойып алған нәресте мен наубайханадан келгенше масайып ұйықтай беруші еді.

Тағы да қыс түсіп, сақылдаған сары аяз келді. Сол жылы қар қалың жауып еді. Ел адам танымастай болып жүдеген, әсіресе біздің үйге ауырлау тиді. Кісі саны көп, он шақты жанбыз, тек қана картошкаға қараған күн. Шиеттей балалар ертеден кешке дейін жей-жей одан да шықты. Жалғыз сиырдың сүті Баламер мен өлсе де қара шай ішпейтін қарттарымыздан артылмайды. Төркінімнен келген бөртпе шәлімді белге байлап, Ақанның етігін алып, қол шана сүйреп сол ауылға бет түзедім. Ондағы ойым бөртпе шәлі мен етікке айырбастап жарты қап болса да

бидай сатып алу. Баламерді тырбаңдатып жалаңаш қойныма тастап жібердім, жалаңаш денеге жабысқан бала тоңбайды, естігенім бар еді.

Күн суық. Жер шалғай. Жаяу-жалпылы салпақтап келемін. Орта жолға жеткенде артымнан шана жеккен шал қуып жетті. Қуана алдын кес-кестедім. «Ала кетіңіз»деп өлердегі сөзімді айтып жалбарындым. Безбүйрек кісі екен, «жүгім ауыр» деп зу етіп өте шыққаны.

Қойнымдағы ұлымның өлі-тірісін анда-санда тексеріп қоямын да, қысқа жолмен безектеймін-ай. Сонадайдан Құндыз ауылының түтінін көргенде, алдымнан астау-астау жал-жая алып, құшағын жая қарсы алатындай көзімнен жас шыға қуандым. Қуанбасқа шарам жоқ еді.

Бұл ауылда Күлэнда деген қайын сіңлім тұратын еді. Бос қол шанамды сүйреп, солай қарай беттедім. Бөтен кісі екенімді сезген иттер шықты алдымнан абалап. Қолымдағы таяқпен жасқап, қорқа-қорқа межелі үйіме жеттім-ау. Күлэнданың өзі де жаңа босанған, будақ-будақ суық ала кіріп барғанымда баласын бөлеп отыр екен, алғашында тұмшалана оранған мені танымады. – Аманбысың, Күлэнда, – дегенде ғана барып: «Ойбау-ау, тәтембісің», – деп ұшып түрегелді. Ал дегенде сұрағаны:

– Тәтем-ау, жас босанды, ұл тапты деп естіп едім, ол қайда?

– Ол міне, – деп, тіршілік белгісін танытып, жалаңаш қойнымда тырбаңдап жатқан Баламерді қоянның көжегіндей суырып алдым. Етжеңді денем бұлтиып тұрғанын байқамаса керек, көзі бақырайып өз баласын тастай ұмтылып бас салды.

– Құдай-ау, мұныңыз не?Тірі ме өзі? – Қолымнан жұлып алып, тынысын тыңдап, бетінен сүйді. – Омырауың суық шығар, мен емізейін. Айналайын-ай, құйып қойған ағатайым ғой. – Өңірін ашып жіберіп, емшегін берді. Әбден қарны ашқан қызылшақа бала сорпылдатып сора бастады. – Апам мен атам сау ма? Ақан ағамнан,Бағдаттан хат бар ма? Ақтайлақтың құрбан болғанын естігенмін. Барайын-ақ дедім, дәл сол кезде босанып қалдым ғой.

– Бауы берік болсын. Тұңғыш балаң ғой. Атын кім қойдыңдар? – деп бесіктегі сәбиге үңілдім.

– Клара. Тынышсыздау. Алғашқым болған соң ба, бабын білмей көп әурелендім.

– Ал ерте күнді кеш қылмай, бұйымтайымды айта отырайын. Тамақ іздеп шықтым. Бір айдан бері картошкеге қарап қалдық. Ұн жоқ. – Беліме орай байлаған бөртпе шәлімді шештім. – Ақанның етігі мен мынау төркінімнен келген жалғыз жасау – шәліні алып, астық беретін адам табыла ма?

– Апыр-ай, тәтем-ай, ең бір қимас заттарыңды алып шыққан екенсің, шындап ашыққан екенсіңдер-ау. Мен көршілерге жүгіріп барып келейін, біреу болмаса біреу келісер, сен балаларға қарай тұр, – деп, асыға тонын киді де, үйден лып етіп шыға жөнелді.

Мұса деген молда шалды ертіп, қайта кірді. Мен оны бірден таныдым. Бағана шанасына отырғызбай кеткен қақбас осы кісі еді. Ол етік пен бөртпе шәліні бит қарағандай ұзақ ұстап, мұқият тексерді. Ыңыранып, ойланып, басын шайқап, бұлдана тіл қатты.

– Жарты қап рошқа келісем. Одан артыққа бағаласаң, басқа алушы ізде, – деді, қолына жағымсыз зат жұғып қалғандай жиіркене тастай беріп. Жыным келді-ақ, терісін басына қаптап, үйден қуып шығайын деп ойлады да, қайта айныдым. Расында, осы шәниген шалдан айырылып қалармын деген қауіп жеңді.

– Жарайды, ақсақал, сіздің айтқаныңыз болсын. – Ол шәлі мен етікті қолтығына қысып, тез шыға жөнелді. Жарты қап рошты баласы әкеліп тастады.

– Қайран, асыл заттар-ай! – деп Күләнда қатты өкінді. – Ол молда енді әлгі заттарды үш қап бидайға да сатпайды. Етікті сықырлатып өзі киеді, шәліні жаңадан алған тоқалының басына тартады. Жұтшылық жылы ит молда семіреді деген сол. Осы ауылға қара қағаз келген сайын қақшиып төрде отырады, қақбас.

– Оның жазығы жаназа шығарғаны ма, – дедім мен.

– Тыныштық кезінде бірсәрі, соғыста шейіт болғандарға бағыштаған құранды тегін оқуға болады ғой.

– Тегіннің атасын теңге теуіп өлтірген. Шайыңды тездетіп қайнат, мен қайтайын.

– Қайтқаны несі, құдай-ау, кеш болды ғой.

– Ертең ерте жұмысқа шығуым керек. Онсыз да құлағалы тұрған тауға қой жайғым келмейді.

– Жалғыз ұлды өлтіріп аласың ғой, тәте. Қонып, ертең аттансаң қайтеді.

– Жоқ, Күләнда, қазір жүремін. Тәңірімнің маңдайға жазғанынан қашып құтыламын ба. Өлер бала болса, құс төсекте жатса да өліп қалады.

– Күн ұясына қонып, апақ-сапақ мезгіл түскен шақта, үстінде жарты қап астығы бар қол шананы сүйреп, Баламерді қойныма тығып қайтадан жолға шықтым. Қайын сіңлім мені жылап-еңіреп ауыл шетіндегі қабаққа дейін шығарып салды. «Атам мен апама бер», – деп, аузындағысын жырғандай болып, бір аяқ ұн, бір асым ет берді.

Төңіректі қараңғылық жайлап, жұлдыздар самсай бастады. Алтайдың шыңылтыр аязы бетті шымшылап, аузы-мұрныңнан бу болып будақтайды. Құлаққа ұрған танадай тыныштық, барлық әлем өлікке айналып, қардан жасалған аппақ кебінді жамылып жатқандай. Ақша қарды басқан табаным мен қол шананың бір қалыпты сықыры түн ішінде алысқа талып естіледі. Қарсыдан соққан ызғырық жел бар еді, жанарымды жалап, көзімнен жас сорғалайды. Нәресте мені жылытып, мен нәрестені жылытып жылжып келемін. Бетімнің аяздан домбыққаны болмаса, өне бойым жаураған жоқ, тынбай қозғалған соң, денемнің бала жатқан тұсы ептеп жібіген. Андасанда омырауымды далдалай ашып, Баламердің өлі-тірісін тексеріп, ауа кіргізіп қоямын. Кейде тұра қалып емшегімді аузына саламын. Ыңыранып ай туды. Соқырандап келе жатқан кезінде жарықтық ай да елегізген жаныңа сеп екен. Аппақ қарға нұры саулап, жылт-жылт етеді. Сол жақ бүйірде жағалауын тоғай көмкерген Бұқтырма жатыр. Өзеннің өне бойын қуалап, шудадай шұбатылған ақ ұлпа тұман бар. Күндіз бері қарай келгенімде өткен тұсқа жақындадым. Қырсыққанда мұздың бетінен қызыл су жүріп, енді-енді ғана қаймақшып қата бастаған екен, амалым таусылып тұрып қалдым. Өзенді қуалай өткел іздедім, қызыл судың ақыры болмады. Енді не істеу керек? Аяғымдағы пимамен кешіп өте шығуға тәуекел жасағым келді. Болмайды. Ай сәулесі түскен өзен беті айнадай жарқырайды. Көңілі хош, киімі жылы, тамағы тоқ түлкі тымақ, қасқыр ішік киіп еріккен адам болса, түнгі табиғаттың анау сылқым көрінісін қызықтап, «қандай керемет» деп, таңдай қаға тамсанары рас... Менің түрім болса мынау – құлыны аққан жылқыдай олай шауып, бұлай шауып, арғы жағаға өте алмай діңкем құрып жүр. Құр бекерге тұра беру – үсіп өлумен тең. Тәуекелге бел байладым. Аяғымдағы табандаған пимамды

ішіндегі байпағымен қоса шешіп тастадым да, «Бисмилла, су иесі Сүлеймен, жар бола гөр» деп, қызыл суды тобықтан кеше тайғанақтап жалаң аяқ өте шықтым. Құдай сақтады ғой, әйтпесе су астындағы жылтыраған мұздан табаным тайып, жалпамнан түссем не болар едім... Баламерімнің көз жасы шығар алып қалған, басқа кім дейсің? Өте шықтым да, аяғымдағы қар мен суды шапанымның етегімен сүртіп жіберіп, жан-дәрмен кие қойдым. Башпайларым тоқылдап қатып қалған секілді дызылдай бастады. Әлгіден бері үнсіз жатқан бала қыбырлап, жылады. Қойныма қолымды тығап, емшегімді аузына салдым. Құлыным-ай, омырауымды бүлкілдетіп, сүтсіз болса да емеді... тіршілікті таусағаны ғой... Құлыным-ай, сорпылдатып сорғанда менің да бойыма өзім де білмейтін тың күш бітіп, қайратыма қайта міндім. Қол шананың бас жібін мойныма іліп алдым да, қос қолдап баламды құшақтап жүгірдім. Жын ұрғандай, айлы да аязды түннің астында елбеңдеп келемін. Ауылға әлі де екі-үш шақырым жер бар.

Қойнымда бала, қолымда шана, қол шанада – жарты қап астық, көзімде жас, көңілімде – өмірге деген іңкәрлік... безектеймін. Иә, Баламердің бақыты шығар мені ажалдан алып қалған. Солқылдап тынышы кетті ме, ол тағы да қыңқылдап жылады. Жүрісімді баяулатып, ентігімді бастым. Неге екенін өзім де білмеймін, әлде баланы уатқаным шығар, әлде әлемнен әділдік іздеп, тұңғыш рет көңілім көбең тартып, жалғызсырадым ба – тамағымды кенеп, таңдайымды тіліммен сулап ән бастадым. Ән бастағанда да қайырмасын қайталай беремін. Сонда аязды түні ай астында қол шана сүйретіп, қойнына баласын тығып келе жатқан әйелдің айтқан әні мынау еді:

Ахау, Гүлдерайым,
Күн мен Айым,
Дариға-ай, арманым көп
Неғылайын...

...Дариға-ай, арманым көп неғылайын деп, мұң мен налаға, қайғы мен қасіретке, өкініші мен аһ ұрған уайымы мол өмірдің қысқы жолы таусылып, туған үйдің ауласына келіп кірдім. Атам мен Енем: «Жарығым-ай, тірімісің», – деп құшақтарын жая қарсы алды. Сондағы Атам жарықтықтың аузына түскені «азаматым-ай» деген сөзі күні бүгінге дейін құлағымда.

Қысқы жол мұнымен де таусылған жоқ еді. Ертеңінде тұлып болып ісініп кеткен аяғымның ауырғанына қарамастан,

елең-алаңнан жұмысқа шықтым. Енем де қарап отырмайды. Майдандағы жауынгерлерге деп, көйлек тігеді, шұлық тоқиды, кендір сындырып, арқан еседі. Әйтеуір, баланың басы бар, колхоз тапсырған ұсақ-түйек шаруаны тез бітіріп тастайды. Ол үшін еңбеккүнді кейде жазады, кейде жазбайды. Әсіресе, жанға батқаны «трудобойда» жүрген Ақан үшін салған «военсалық» болды. Биылғы жылдыкін төлемеп едік, тіпті, беріп құтыла қоятын елу сомымыз да жоқ-ты. Бір күні едіреңдеп ауыл сәбеттің хатшысы келді. Төрт емшегіне қарап отырған жалғыз сиырды аламыз деп тізімдей бастаған соң, амал жоқ, бұл үйдегі ең ақырғы байлықты ортаға салдық. Баяғыда Черново деген ауылдағы орыс байынан екі жылқы беріп алған дәу сары самаурынды ауыл сәбеттің өзіне сатып, әскери салықтың бір жылынан тағы да азаттандық-ау зорға дегенде.

Ол уайым емес, бар уайымым – жалғыз ұлды тірідей әкесіне көрсету. Басқа балалардың қашан туып, қалай баққаным да есімде жоқ. Бейне бір қыздарым емес, өзгеден асырап алған секілді, белгісіз де бейбіт өсті. Күні бүгінге дейін шеше болып мекіреніп, «айналайын» деп беттерінен сүйген емеспін. Әйтеуір, қырқынан шықса болды, ары қарай енемнің баулуымен бауырында жетілетін. Қартайғанына қарамастан еті тірі, пысық адам ғой, бала бағудың азабын ешқашан көрсеткен емес. Ал үлкен кісінің тәрбиесінде өскен шағалалардың біртоға, ақылды болып өсеріне қазақтардың көзі баяғыда жеткен. Рас, Баламердің де ауыртпалығын түсірген жоқ. Оқта-текте, жұмыстан шаршап келгенімде, мауқымды басайын деп, алдыма алып, аймалай бастасам: «Тәйт әрі, бала көрмеп пе ең», – деп қолымнан жұлып алар еді.

Енемнің өз тағдыры да талай-талай сүргіннен өткен қияметке толы екенін кейініректе естіп білдім. Ол кісінің тегі ауқатты адамдар болған көрінеді. Алтайдың күнге бетін жайлаған қалың Абақ Керей руынан. Атақты байдың оң жақтағы қызы болып, үлде мен бүлдеге оранып отырғанында атамыз алып қашыпты. Содан екі ел арасында үлкен дау туады. «Сілкіп салар сырмағы, шек деп қайырап лағы жоқ тақыр кедейге қызымызды бере алмаймыз», – деп, жүз шақты жігітпен келіп қайтадан алып кетіпті. Енеміз өз үйінің оң босағасында отырып босанады. Соның өзінде ар-намыс көрмей, сол жақтың бір жігітіне ұзатқалы жатқанында, баласын алдына алып, Алтай асып атамызға қашып кетіпті. Төркіннің бетін содан

қайтып көрмей кеткен екен. Екі-үш жылдай мезгіл өткен соң, әке-шешесі: «Қыздың кәрі қиын болушы еді, өкпеге қисақ та, өлімге қия алмадық, кешсін», – деп, түйеге теңдеп жасауын беріп жіберіпті. Сонда арғы беттен қойнына тығып келген бала Ақмет екен... Содан бері қанша жыл өтті, қанша су ақты. Енді міне, қара шаңырақтың ару анасы болып отыр.

Мен туасы балажанды адам емеспін. Балаларыма қолым тиген шақтарым да болды. Бірақ ұрсып, соғудан өлген, жасқаншақ болып өскен баланы көргенім жоқ.

Қызық, бір күні Ата-Енем құрман айтқа кеткен болатын. Бесікте қолындағы қойдың асығымен былдырлап ойнап жатқан Баламерді шешіп алдым да, шөпілдетіп сүйіп, әлдилеп отырғанмын.

Әлди-әлди абайым,
Атқа тоқым жабайын,
Сенің апаң қыдырмаш,
Қайдан іздеп табайын, –

деп әндетемін-ай.

Көңілімдегі әсте де кетпей жүретін уайым көлеңкесі, санамды сартап етіп сарғайтқан сағыныш, белгісіз бір аңсау, үзілмес үмітпен іздеу сынды жүректі шабақтар сезімдер бойыма тарап, денем қорғасындай еріп, көзімнен ашу-ызасыз, қуаныш-қайғысыз әдемі жас шықты. Ондайлық мұнтаздай мұңлы жас кісінің жанын жарылқайды екен. Осындай оң мен түс арасындағы інір сәттің қоңыржай самалын таусап, әлдендім бе, омырауымнан саулап сүт шықты. Өңірімді ағытып жіберіп, емшегімді Баламердің бұлтиған аузына салып едім, қолдан сүт ішіп үйреніп қалған ол тыжырынып еме қоймады. Дәл осы мезетте Енем есік ашып, кіріп-ақ келгені.

– Оның не? Емшек сүтіне үйренбеген баланың іші өтпей ме, құдай-ау! – деп қолымнан ала қашқаны. Бетімнен отым шығып қатты ұялдым. Өне, жалғыз ұл солай өскен.

Күндер артынан күндер күндер өтіп жатты. Ауыр кезеңде тіпті осы күннің өзі жылжымай, бір орында тұрып қалғандай көрінуші еді. Ертедегі шалдардың «күнім өтіп барады» деп жылайтыны еріккендігі екен. Адам үнемі бір алдан, әлденеден жақсылық күтіп, үміттенеді. Соғыс жылдарында бізді аман алып қалған сол – үзілмес үміт пен мұқалмас сенім ғой. Тамам жұрт секілді мен де әр күн, әр ай, әр мезгілді сағына тосамын. Қыс өтсе соғыс бітіп, бейбітшілік орнайтындай асықтық, енді

көктемді көксеп жүрміз. Көктем шықса болды, осы ауылдан аттанған алпыс азамат маңдайлары жарқырап, аман-есен келе жататындай...

Қар еріп, топырақ қызып, қараған басы бүрлеген шақта жан-жануар мен бірге біз де жасарып, жайнап қалғандай болдық. Қыстайғы ауыртпалық адыра қалғандай, аш жүрейік, жалаңаш жүрейік, әйтеуір, күннің қызуына мәз болып, сергіп, серпілдік. Мал ұзап жайылып, балалар ауладан аулаққа шығып, асыр салып ойнайды. Қолдарында өздері жасап алған ағаш мылтық, уралап «жауды» қуады да жүреді. Ертеңгі әскерлер осылар ғой, менің Баламерім қашан ер жетіп, соңымнан еріп жүреді екен деп қызыға қараймын. Кеше кешке Жұлдыз колхозының басқармалары жиналыс ашып, Ақан әскерге кетерде 170 сом қарыз ақша алған, соны төлесін деп, кісі жіберіпті. Ақанның ерін ала алмаған Нартайдың әбден өшіккені соншалық, қырық жылғыны қылға тізіп, алдымызға келтіреді де отырады. Өйтіп-бүйтіп жүріп ол қарыздан да құтылдым.

Наубайханада ұн илеп тұр едім, үлкен қызым Шолпан келді жүгіріп. Жылаған.

– Үйді бұзғалы жатыр.

– Кім, ойбай?

– Бастықтар.

Қолымдағы жабысқан қамырды етегіме сүрте салып, құстай ұштым. Келсем, есік алдында ат ойнатып, Нартай жүр. Балта, ломдарын сайлап, арба жеккен адамдар үйді қопарғалы жатыр. Енемде ес жоқ, «өлемін» деп бұзаудың мойын жібін алып, Нартайға ұмтылды. «Қайран, апам-ай, «өлем» дегенше, «өлтірем» деп неге айтпайды екен», – деп ойлаймын. Атам болса сол сабырлы қалпы, қолында таспифы: – Қарғыс, – деп табалдырықта күбірлеп отыр. Ақсайтаным мұндай түспесін бе, келе долданып Нартайдың шаужайына жармастым.

– Не жазығым бар еді. Құдай-ау, бала-шағаны шулатып, үйді бұзғаны несі! Елім-ау, жұртым-ау, қайдасыңдар, қорлатпай «қой» дейтін адам табыла ма... – Зарлап барып, ақ боз аттың үстінде шіренген Нартайдың үзеңгі бауынан ала түстім.

– Кет, албасты! Құтырып кеттің бе? – деп қамшымен арқамнан осып жіберді. Арқам удай ашыды, көзіме қан толды. Сол кездегі-ай десеңші, ат үстіндегі еңгезердей адамды жалғыз-ақ жұлқып аударып түсірдім. Тіпті, тұрықты аттың өзі

тәлтіректеп кетті. Есті жануар екен, иесі жерге топ ете түссе де, қашпай құлағын тіге осқырынып тұра берді. Аяғымның астына бір қап бидайдай былш ете қалған Нартайдың кеудесіне қарғып мініп, тыпырлауға шамасын келтірмей армансыз қойғыладым-ай, тепкіледім-ай. Үй бұзуға келген кісілер әрең дегенде ажыратып алды. Үсті-басын қағынып, орнынан тұрған Нартай қатыннан таяқ жегеніне ұялды білем: «Албасты, ашуың қандай қатты еді, өлтіріп тастай жаздадың ғой», – деп әуелі ырсыып күлді. Содан соң есі жаңа кіргендей тістенді.

– Қанына қарайған қара қаншық, түрмеде шірітемін. Маған керегі де осы пәкті еді. Жаз, түгін қалдырмай әктіле, сендер куә боласындар, – деді колхозшыларға. Ауыл кеңестің хатшысы болып жүрген келіні қағаз, қарындашын алып сусылдатып жаза бастады.

– Біз ештеңе көрген жоқпыз, – деді Жақияр ақсақал. – Сондықтан куә бола алмаймыз.

– Немене, көзіңді шел басып тұр ма, кәрі ит! – деп ақырды Нартай. – Сені қоса айдатамын.

– Қатқаныңның басы. Жазықсыз жандарды жазалаған өзіңді соттау керек. Тіліңді тигізе берме. Әйтпесе жегеніңді қайта құстырып, қырық жылғыңды жазып беремін.

Осы сөзден кейін Нартай жуасын деді. Жақияр шалдан үнемі тайсақтай беруші еді, тегі ішіп-жеген, істеген қылмысын түгелдей жатқа білетін осы кісі секілді.

– Кәмпеске кезінде байдан қалған үйді сутегін алған, ешбір қағазы жоқ, ендеше, бұл үй колхозға қарайды. Бұзып әкетіп, қойма саламыз, – деді Нартай атына қайта мініп.

– Құдай-ау, біз қайда паналаймыз, – деді енем.

– Оны өздерің біліңдер. Анау жалмауыз келіндеріңнің күші тасып жүр екен, қарағай қиып, үй салып алар. Әйтпесе анау монша да жетеді сендерге.

– Үйдің ақшасы төленген, – деді Атам таспиғын санаған қалпында. – Бес жүз сом ақша және қара бас қойды бергенмін. Келінің өртеп жібермесе, кеңсенің бір жерінде жатқан шығар.

– Ондай қағазды көргенім жоқ, – деді хатшы әйел безбүйректеніп.

– Ендеше, сенің де көзіңді шел басқан екен, – деді Атам.

– Селсәбетке тіл тигізбе, – деп ақырайды Нартай. Атам сол таспиғын санаған қалпы, құманын алып үйді айналып кетті.

Бұл қоқан-лоқыларынан түк шықпасына көзі жетті ме, Нартай атын тебініп қалып, шоқырақтай жөнелді. Ұзап барып, қайта оралды.

– Тең бұзғызамын, ал сен албасты, дайындала бер, түрмеге қамаласың. Басқармаға қол көтергеніңнің арты не боларын көрсетейін. – Зілмен, бітіспес кекпен айтты.

Жұрт тараған соң Атам айтты: – Жаман болса да еркек аты бар ғой, азаматтың абыройын төгіп, бекер қол жұмсадың.

Асқардай тұтқан Атамның алдында Нартайдың кеудесіне міне түскенім, расында да ағаттық еді. Мұндай ұялмаспын ба.

Апам айтты: - Өзіне де сол керек. Айызым қанды-ау. Арты тыныш болсын.

Істерімді істеп алсам да, қорқа бастадым. Мылтығы шошайған мелица келіп, алдына салып айдай жөнелсе, қайтемін. Бауырын көтермеген балам бар. Масқара болғанда Ақанға не деймін. Бастықты соғып абақтыға қамалыпты деген аты қандай жаман еді. Жоқ-жоқ, қол қусырып қарап отыруға болмайды, ауданға олардан бұрын өзім барайын.

Менің мінезім қызық еді: көп сөйлемеймін, ал бір сөйлесем тоқтау қиын; көпке дейін ашуланбаймын, ал бір ашулансам Алтайдың барлық тасын лақтырып, Бұқтырманы теріс ағызып жіберердей долданатынмын. Өзімнің орныма Енемді наубайханаға жібердім де, нар тәуекел деп аудан орталығына тарттым. Шыдамның да шегі бар, жер бетінде зәредей болса да әділет, шындық дегендер қалса, тексеріп, көздерімен көрсін, ақ-қарамды ажыратып берсін, бірақ қорлауы мен қорқытуды қойғызсын. Жаяу жүріп үйренген басым, отыз шақырымдағы Катонға түс ауа жетіп баруым сөзсіз еді. Жаулығым ағараңдап қара жолдың бойымен сыдырта тартып келемін. Дәл сол ретте жылап-сықтаған жоқпын, тас-түйін дайындық бітті бойыма. Шешінген судан тайынбас, қазір атып тастаса да тайынатын түрім жоқ. Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен жармасып әбден қажытып еді, жасымызға жеткізбей әбден қартайтып еді. Осылармен алысам деп, шашымның жартысы ағарып кетті. Егер осы жолы шындыққа көздерін жеткізе алмасам, онда Бұқтырмаға ағып өлгеннен басқа амал қалмады. Елде бардың ерні қимылдайды деген, артымда қалар үш қыз, бір ұлымды өкіметтің өзі де өлтірмес. Бұдан жаман кезімде де тойға барғанмын демекші, шегінетін жер жоқ, артымда – арнамысым. Көрінгеннен сөз естіп, көлденең көк аттының көңілін

тауып, аяғына бас ұрып, жетім баладай әркімге бір жаутаңдап, жалтақтап ғұмыр кешкеннен ақ-адал өлімнің өзі иманды. Осы сапарым – соңғы сапар, не жеңем, не жеңілемін – үшіншісі жоқ. Не өлім, не өмір. Қызық, ашу қысып алжасқаныма көрінсін, кісінің есіне қайдағы-жайдағы оралады екен. «Өлемін» деген сөз ойыма түскенде, зәуде көзім жұмыла қалса, балаларымның халі қандай күйде болады, Ақан кімге үйленеді, өгей шеше ұл-қыздарыма ана бола ала ма... Міне, осы секілді мантирақ қиялдар арадай анталады. Жаныма келгенше шырамытпадым. «Апай, амансыз ба, жаяу қайда барасыз?» дегенде ғана жүздерін ажырата бастадым. «Бәсе-бәсе, деймін ішімнен, – құдай көктен тілегенімді жерден берді». Іздеп келе жатқан адамдарымның өздері алдымнан шықты. Қос салт атты – аудандық прокурор мен тергеуші екен.

– Мен сіздерді іздеп шықтым. Айналайындар-ай, менің жай-күйімді сезгендей-ақ, өздерің келе жатыр екенсіңдер. – Көзім ашып, иегім кемсеңдеп ботадай боздап жылағым келді, бірақ дірілдеген ернімді қан шығара тістелеп шыдадым-ау.

– Не болды, кім жәбірледі, апай? – деп сұрады прокурор жігіт.

– Келіңіз, менің атыма мініңіз, – деді тергеуші жігіт.

– Рақмет, қалқам, мен жаяу жүруге жаралған жанмын. – Олар аттарын ақырын аяңдатып, менің жүрісімнің ыңғайына түсірді. Ауылға жеткенше көрген қорлық-зорлықты, жүректегі мұн, тағдырымның мән-жайын ағыл-тегіл армансыз айттым-ай.

– Өзіміз де Нартайдың үстінен түскен арызды тексерейік деп шығып едік, – деді прокурор.

Мен жеңдім. Ауыл сәбеттің архибін ақтарып, үйді сатып алғанымыз, он екі жылдан бері салығын төлеп келгенімізді айғақтайтын қағаз табылды. Оны хатшы әйел Нартайдың бұйрығымен тығып тастаған екен. Келесі жылдан бастап әскери салық та төлемейтін болдық.

– Азамат Ақан ойнап жүрген жоқ. Ол да майданға қызмет жасап жүр. Артында қалған семьясы үлкен, он шақты жан бар екен. Оларды асырап сақтауға жалғыз әйелдің күші қалай жетсін. Сондықтан да әскери салықты төлеткендеріңіз бекершілік болған. Бұдан былай жұмыстың жеңілін беріп, үй-жайына мүмкіндігінше, – деді прокурор жігіт. – Ал басқарушы жолдас, сіздің мәселенізге келетін болсақ, асыра сілтеп

алғансыз. Халық жауының қылығын жасағансыз. Өзіңіз – колхоз бастығысыз, інііз есепші, келініңіз ауыл кеңесінің хатшысы, тіпті әйеліңізге дейін басқарманың мүшесіне сайлағансыз. Бұны қалай түсінуге болады?! Тіпті патшалар да бүкіл өкіметті семьясымен басқармаған. Ертең ауданға келіңіз, анық-қанығын сонда анықтап, тиісті жаза қолданамыз. Бұл не деген масқара!

Тәңір асыраған тоқтысын қасқыр жемейді деген сөз тегі рас екен. Мерейім мұндай үстем болмас-ты. Ой, бір айызым қана рақаттандым-ау. Бұл менің жеңілген ит желкелегенге жақсы деп Нартайдың аттан жығылғанын табалағаным емес еді. Бұл менің жер бетінде әділдік барына тұңғыш рет көзім жетіп, қуанғаным еді ғой. Өттең, шіркін, сол әділдік бәрімізге жете бермейді екен-ау...

Нартайдың келінін ауыл сәбеттің хатшылығынан, інісін есепшіліктен шығарғанымен, өзін колхоз бастықтықтан босатқан жоқ. Бұдан былай асыра сілтеп, шаш ал десе, бас алатын әпербақан болмауын қатаң ескертіп, сөгіс беріпті. Тіпті оны орнынан алған күннің өзінде сауаты бар, шаруашылықтың жағдайын білетін есті еркек таба қою қиын еді сол уақытта. Ауыл азаматтарының жоқтығы жанға бататыны содан-ау. Енді ойлаймын, азаматы жоқ ауыл сарғайған ескі жұрт екен де, еркексіз әйелдер қаңсыған итаяқ екен... «Бар пәле сенен келді, албасты», – деді ол ауданнан қайтып оралған күні кеңсеге шақырып алып.

– Жендім деп тұрсың ғой. Жыланды үш кессе де кесірткелік қауқары бар. Көрерміз... Ертеңнен бастап наубайханадан шығасың. Балаң жетіліп қалды. Күшің тасып жүр екен, егін суғару жұмысына бар. Сенің орныңа Бәтіш нан пісіреді. Жуындыға семірген иттей дүмпийіп алып едің, енді қайтер екенсің.

– Тіліңізді тарта сөйлеңіз. Өттең әкемдей адамсыз, әйтпесе, әне күнгіні есіңізге қайта түсірер едім. – Есігін бір теуіп шыға жөнелдім.

Жаз шыға бес адам ауданда звеноводтың оқуына бардық. Он күн бойы егін суғарудың жай-жапсарын үйреніп, қайтып оралдық та, қиядан арық қазып, құдық шығару жұмысына кірісіп кеттік. Менің бойымда қайран қалдырар бір қасиет бар еді: қандай істі болса да жан-тәніммен беріліп істейтінмін. Өзімізге бекітіп берген жерді бес әйел балаша баптап, ай

жарығымен суарып, арамшөбін жұлдық, әбден жайқалып өсіп, дәні толып сарғайып піскен соң барып бастырдық, маржандай бидайды өкіметке өткіздік. Жанталасып қол орақпен масақ орып, баулап жүргенімде білегімді оңдырмай кесіп алдым (Алма шешей білегін түріп, сара тілінген тыртықты Күміске көрсетті). Міне, соғыстан қалған белгі... Қан саулап тоқтамаған соң, жаулығыммен орап, шандып байлады да, амал жоқ, ауылға қайттым. Ол шақта дәрігер жоқ. Әйтеуір, қазақтың ем-домын жасап, қанын тыйдық. Қанжапырақ тарттық. Ауырсынып үш күн жұмысқа шыға алмадым. «Дем алу үшін әдейі істедің, албасты, – деді Нартай. – Мұғалімдерге қосылып шөп шабуға барасың».

Қайтесің, жылайсың, жылайсың шыдайсың. Баяғыда біреу: «Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына жылаймын», – деген екен. Сол айтқандайын мен де көзге шыққан сүйелдей болып, көрінгеннен сөз естігенше, көз көріп, құлақ естімейтін барсақелмес, белгісіз жаққа қаңғып кеткім келетін. Қ-ай-й-дан... балапанын ерткен қаздай, аспаннан қырғи көрінгенде қанатымды сабалап, қаңқылдағаным болмаса, қолдан келер қайран бар ма. Адамның басы Алланың добы демекші, колхоз басқармасы қайда айдаса – сонда елпен қағып жүгіре бергеннен басқа шара не. Дегенмен осы мазасы жоқ, сынаптай толқып, сағымдай сусыған өміріме ризамын. Несін жасырайын, дәл сол кезде, күндіз-түні талмай, шаршап-шалдыққаныма қарамай белсенділіктен гөрі қолына қарап, қарлығаштың балапанындай тамақ сұрап, аузын ашып отырған бала-шағамды асырау тілегі бірінші тұратыны санамда. Мен бейбіт те жомарт, жылқының жусағанындай тыныш тіршілік үшін күрестім, отбасымның амандығы үшін қу жанымды аяғаным жоқ. Әрбір қиналған сәтімде ел мен жерді осындай күйге душар қылған дұшпанды қанша рет қарғап-сіледім, қаншама рет шашымды жайып, батысқа жүз беріп лағынет айттым. Мұғалімдерге қосылып пішен шауып жүрген шақта өз нормамды ылғи да артығымен орындап тастап, шөпшілердің бәрінен бұрын үйге безектеп жүгіремін. Үйге келе салып, қара жер қойнына алғанша таусылмайтын шаруаға кірісемін. Кей күндері мұғалімдер қайтып кеткен соң тартпамды шыңдап жападан-жалғыз қалып қоямын. Ай туа тоғайдың арасына кіріп аламын да, жалғыз сиыр мен бес-алты қой-ешкіге шөп шабамын.

Мұғалімдердің ішінде Зәбила атты сүп-сүйкімді қыз бар еді. Оны сен де білесің, Күмісжан, бұл күнде ақарлы-шақарлы семья, тіпті немере сүйіп отыр. Сол қыз мені жан тартып, аузындағысын жырып беріп, үйірсектеп жүретін. Құрбыларымен бірге ауылға қайтуға ыңғайлана берді де, менің төс темірге салып балғамен шалғы шыңдап отырып қалғанымды көріп, кері оралды.

– Апай, сіз неге қайтпайсыз? – деді жаныма шоқайып отыра беріп.

– Өз малымызға арнап шөп шабамын.

– Түнде ме? – таңдана сұрады. – Қараңғы ғой.

– Енді бір сағаттан соң ай тумай ма.

– Апырай, апай-ай, қалай ғана шаршамайсыз. Сізден әлдеқайда жас менің белім үзіліп, екі қарым талып әрең отырмын.

– Үйренбегендікі шығар, – дедім мен. – Басқа түссе баспақшыл деген емес пе. Жұмыс мені емес, мен жұмысты шаршатар шама бар.

– Жұмыс шаршаушы ма еді, – деді Зәбила күрсініп. – Мен от жағайын, шалғының жүзі көрінбей барады, қолыңызды кесіп аларсыз.

– Жаға ғой. Шәугімге шай қоя сал.

Ай туғанша сырласып отырдық. Шегіртке шырылдап, елік әуіпдеді. Ол кезде аң-құс бықып жүруші еді ғой. Сымпылдап үйрек ұшады. Өзеннің беті қарабарқынданып, анда-санда бір нәрсе шолп ете қалады, тегі шабақ аулаған балық болар. Екі тізенді құшақтап, үн-түнсіз отыра берсең, бойынды қуанышты да мұңлы үрей билейді екен. Бірақ сен шошынбайсың, ләззатты әсермен терең күрсінесің де әлденені іздеп елендейсің. Іздеген затың не, білмейсің. Білмегендіктен де елегізіп іздейсің. Осындай жым-жырт ертектегідей отырғанымызды Зәбиланың майда үні бұзды.

– Апай, бақыт деген не, білесіз бе? – мен бірден жауап бере алмадым.

Осы сұрақтың төңірегінде, тіпті, ойланбаппын-ау.

– Бәлкім, бақыт дегеніміз – ер-азаматқа еркелеу шығар.

– Рас айтасыз, әйелге одан артық бақыт жоқ.

– Сен әлі жассың ғой. – Сөзімді аяқтатпады:

– Жас болсам да білемін. Бізді соғыс есейтті. Өзіміз қызығын көріп, қуанышын бөліспесек те, сіздерді көргенде

сай-сүйегіміз сырқырайды. Жауды жеңген күні Алматыға оқуға аттанбақпын.

– Оқы, айналайын, мен үшін де оқы.

Ол мені құшақтап аялады, аяғаны шығар.

Осы кезде шығыстан дөп-дөңгелек айдың шеті қылтиды да, «мені зарыға тосып отырсындар-ау» дегендей шапшаң көтеріле бастады. Мен орнымнан тұрып, алақаным түкірдім де, тартпаны ептеп шықтана бастаған шалғынға салдым.

– Көмектесейін, апай, – деп Зәбила да өз қол шалғысына ұмтылды.

– Әуре болмай-ақ қой.

– Ештеңе етпес, сізден жаным артық па, – деп менің соңымнан ересілтей жөнелді. Ай жарығына шағылысқан шалғының жүздері жалтылдап, ұйысқан шөпті жайпап барады. Артымызда түп-түзу десте қалды жол болып.

Күз туа мен және екі-үш адам солдаттарға арнап пима басу жұмысына кірістік. Біз әуелі Пилат деген орыс шалына барып бір апта үйрендік. Пима басуды тағы да мен бірінші болып игеріп әкеттім. Қалып біреу ғана болғандықтан алғашында бір сыңардан басып, кезек күтіп жүрдік. Күзді күні қозылардан қырқып алған тері жүнді ең әуелі жақсылап тұту үшін судың арғы жағындағы Еремей деген орыс шалына қапқа салып апарамыз. Оның жүн түтетін машинасы бар. Бұл жұмысты Сақыш екеумізге тапсырған. Қыс түсіп, Бұқтырмаға мұз қатқанда да қанатсыз жайдақ шанаға бір центнер жүнді тиеп, ымырт жабыла жолға шығамыз. Машинаның құлағын кезек-кезек бұрап тұрып түні бойы бұрқыратып түтеміз де, ертелетіп қайта ораламыз. Екі-үш сағаттай мызғып алған соң, соғушылар әзірлеген түйлектеген жүнді қазанға салып қайнатамыз. Әбден піскеннен кейін сорғытып, қол ағашпен тарсылдатып соққылаймыз. Бөлменің іші көзге түртсе көргісіз буға айналып, үсті-басымыз малмандай су болады. Дымқыл ауа тынысқа тар, тұншықтырып шыдатпайды. Атып далаға шығамыз. Сонда әбден буланған құлағымыз тарс бітіп, естімей қалушы едік. Оған қарап жатқан біз жоқ, таза ауадан қарпып-қарпып жұтып аламыз да, қалың будың арасына қайтадан сүңгіміз. Бір күні мұздың бетін қызыл су қаптап кетті. Өзеннің дәл ортасына барғанда жамандатқыр тырақы ат бір центнер жүн мен Сақыш екеумізді тарта алмай арындап тұрып алғаны, әрі қамшыладық,

бері қамшыладық, тіпті сабаған сайын көткеншектеп, баспай қойды. Сақыштың аяғында көн етігі бар еді, шанадан қарғып түсіп барып, дізгіннен жетелеп көрді, қозғалмады. Енді шана үстіндегі мені ауырсынып тұрғандай. Ал менің кигенім – табынына тақтай жапсырған ескі пима. Сақыш ер еді-ау, тырақыны басқа бір салды да, долданып қайтып маған келді.

– Мін арқама, – деді.

– Денем ауыр, көтере алмайсың ғой...

Жас балаша мойнынан құшақтап арқасына жабыстым. Ол менің екі қалтамнан қыса ұстап алды да, қызыл суды шалпылдата кешіп, арғы жағаға тартты. Жағалауға енді жете берген кезде:

– Әй, қатын, қалтаңнан қарманың иісі шығады ғой, – деді.

– Бағана Енем пісіріп беріп еді.

– Аузыма сал, әйтпесе суға тастай саламын, – деп үстіндегі мені сілкіп-сілкіп қалды. Амал жоқ, бір үзіп тістеттім. Ол қарманы ұртын қомпаңдатып шайнаған қалпы мені арғы бетке алып шықты. Содан соң суды қайта кешіп барып, көлікті жетелеп еді, қырсық неме «сендерден құтылмадым-ау» дегендей тапырақтай тартты шананы. Сақыштың көн етігінен, әрине, су өтіп кетіпті. Еремейдің үйіне жеткен соң шылғауын отқа қақтап кептіріп әрең жылынды. Осы оқиғадан кейін Сақыш, суық тисе керек, қалтырап-дірілдеп қатты ауырды. Екі аяғының қақсағаны асқына келе жүрегіне шапты. Ертең жеңіс деген күні бұл дүниеден қайтты жарықтық.

Еремейдің үйінде жүн түтіп жүргенде қарнымыз ашып қоймаған соң бір килодай жүн сатып, картошка қайнатып жеп едік. Енді орнын толтырудың амалын іздегенбіз. Әдетте түтілген жүнді бір бөлек, түскен қоқымды бір бөлек өлшеп, жалпы салмағын шығаратын. Амалсыз қоқымның арасына тас салуға тура келді. Бұл жалғанда Нартайдан иісшіл кім бар екен... Біліп қойды. Қулығымыздың беті ашылды. Аузына ақ ит кіріп, көк ит шығып ұрысты. Соттатпақ болды. Айналайын, Сақыштың сұлулығы бұл пәледен де құтқарды.

Иә, біз не көрмедік. Сонымен ұзын-ырғасы – пима бастым, нан салдым, өмір бойы шөп шаптым. Егін ордым, бау байлап, масақ тердім. Мұнымен де біткен жоқ. Келесі, 1944 жылдың қысында тері илеуге жіберді.

– Екеуінен де мәңгілікке айырылғанымды жүрегім сезіп еді,– деп Ақан шал далаға шығып, бой жазып келген соң, әңгімесін одан ары соза тартты.

Жағдай жақсарып, тамақ түзелгенмен, сырқатым асқына түсті. Екі бетім суалып, көзім шүңірейіп, мойным ырғайдай болып, адам танымастай жүдедім. Әсіресе 1945 жылдың қысында жұмысқа бір күн шықсам, екінші күні төсек тартып жатып қалатын жарымжан күй кештім. Ішкен асым батпайды, кара су ұрттасам да, лақ еткізіп қайта құсамын. Көктем туа ептеп сергігендей едім, «бүгін жеңіс» деген күні ішімді жалын жалап, қатты қысылып ауырдым. Ұлыстың ұлы күні қуанышында нардың үстінде аш иттей бұралып, ыңырсып жатқан менімен елдің ісі бар ма, көздеріне жас алып, жүректері жарыла жаздап бақытқа кенелуде. Иә, көптен күткен таң да атты!

Жеңіс!

«Соғыс!» деген сөздің су құйып, тамырына балта шапқан айналайын, ЖЕҢІС– сені де құлақпен еститін, көзбен көретін, төбеміз көкке жеткенше қуанатын күн бар екен-ау! – деп күбірледім басымды зорға дегенде көтеріп. Күлге аунаған қотыр түйедей жата бергенше далаға шығуға талпындым. Барақтың қабырғасына сүйеніп, бір басып, екі басып тысқа шыққанда, май айының жарқыраған күні нұрын аямай-ақ төгіп тұр екен, көзімді жасауратып, жанарымды жеді. Жұмысшылардың тайлы-таяғы қалмай жеңіс құрметіне арналған салтанатты жиналысқа кетіпті. Маңайда тірі жан көрінбейді, тек мен ғана асқазанымды алақаныммен басып, жалғыздан-жалғыз бүкшиіп тұрған. Табиғат бейне бір ұзатылатын қыздай-ақ қылымси жымыып, наздана тамылжиды. Енді-енді ғана бүршік ашып, жапырақ жая бастаған орман осы тұстан қарағанда жасыл ала – бірі ерте, бірі кеш бүрлегендіктен бояу теңестіре алмай тұр. Бағана басына орнатылған қара табақтан Левитанның жігерлі де қуанышты үні саңқылдап естіледі. Менің, жадымда әсіресе қалғаны: «Капитуляция» деген сөз болды. «Енді елге қайтатын шығармыз», – деп ойлады.

Жеңіс!

Бұл сөзге менің қаншалықты үлес қосқанымды күні бүгінге дейін білмеймін. Менің білетінім: өзіме жүктелген жұмысты барлық күш-қуат, ынта-ықыласыммен орындағаным ғана. Тіпті кімнің қанша үлесі барын таразылап, талапайға салу артық еке-

нін сол кезде-ақ ұққан едім. Ендеше ел басына күн туған шақта Отан алдында – ар-ожданның тазалығынан асқан үлес бар ма?.. Мүмкін, барлығымыздан – аяқ-қолдан айырылса да, әйтеуір, татар дәмі, атар таңы таусылмай тірі қалған барлығымыздан әлдеқайда батыр, әлдекім ешкімге белгісіз күйде шейіт болған шығар. Соғыста қаза болғандардың барлығы батыр дейтінім содан. Кейін ойладым: – бәлкім, менің еңбегім белгісіз, аты-жөні жазылмаған жауынгердің рухына айналып кеткен шығар. Иә, батыр болу дегеніміз – кеудеге алтын жұлдыз тағып, алты алашқа әйгілі болу ғана емес; есімің, еңбегің аталмай-ақ ерлік жасау мүмкін екендігін кейін білдік қой. Демек, әдемі тізімге соғысқа қатысқандардың барлығын тізіп шығу міндет емес, олардың адал еңбегі, асқар ерлігін ЖЕҢІС деген сөз бен БЕЛГІСІЗ БАТЫР рухынан іздейміз.

– Мен алпыс жылдық өмірімде, – деді Ақан шал қолындағы қымыз құйылған кесені шайқап, – ешкімнің ала жібін аттамаған екенмін. Міне, түн жамылып отырмын ғой, асырып айтсам, құдай төбемнен ұрсын. Бірде-бір ескерту, сөгіс те алмаған екенмін. Егер тазалық, адалдық үшін берілер сый-құрмет болса, омырауым толып кетер еді... Мен тек қана өз қолымнан келгенін істедім, қадери-қалімше еңбек еттім, тағдырдың талайыма жазған ырзығын ғана көрдім, одан артық дүниеге иек қышытқан емеспін, өйткені алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабатын. Мен бұл өмірге алу үшін емес, беру үшін жаратылғанымды баяғыда «трудармияда» жүрген кезде-ақ ұққанмын. Сондықтан шамасына қарай шанасы деген қағиданы берік ұстадым да, ешкімнің де бақытына қызықпадым, ішімді өрт жалап қызғанбадым да. Мынау қара жердің бетінде МЕН секілді озбай да қалмай қарапайым ғұмыр кешетіндер саны БЕЛГІЛІЛЕР тізімінен әлдеқайда көп екенін білемін, соған шүкіршілік жасаймын да. Алайда өзім сияқты ұшпақты әсте аңсамайтындардың саны азайып бара ма деп шошынамын... Аспанға ұшпай тұрып, жұмыр жердің бетімен дұрыс жүруді үйренбегендерді көргенде налимын-ау... «Кірмей тұрып, қалай шығатыныңды біліп ал» деп халық біліп айтқан ғой. Осындай, ойдың дені кейін, заман тынышталып, бейбіт өмірге еркелегенде ғана сана сарабына түсті, әйтпесе қа-а-й-д-ан... Көктемгі көкке аузы зорға ілінген көтерем сиырдай тарамысына ілініп тұрған менің көкейімде жалғыз-ақ арман бар еді, ол – өлмей ауылға жетіп, өзім жоқта дүниеге келген Баламерді көру. Содан соң

ажал ала жөнелсе де қарсы емеспін. Бұған дейін сүйретіліп тірі жүргенім суішкілігімнің әлі де таусылмағаны шығар-ау.

Жатақтың босағасына сүйеніп тұрғанымда, анадай жерден ақ көйлегі желбіреп маған қарай жүгіріп келе жатқан қызды көзім шалды. Ол анадайдан қос қолын жая ұмтылып, менің мойнымнан құшақтады да, екі бетімнен кезек шөпілдетіп сүйді-ай. Жүзінде күлкі, жанарында жас.

– Ағатай-ай, бауырым-ай, біз жеңдік қой. Жеңдік!

– Рас, жеңдік, айналайын, қарындасым! – дедім мен ақ сары шашынан сипап.

– Бірақ бұл жеңіс бомбаның астында қалған әке-шеше, туған-туыстарымды тауып бере ала ма? – деп өксіп жіберді.

– Жалғыз сен ғана емессің ғой, қалқам...

– Бірақ әркімнің өз қайғысы өзіне ауыр емес пе. Енді мен батысқа бармаймын. Шығысқа аттанамын.

– Қиыр Шығыстан жапон деген пәле шыққан жоқ па?

– Сіз мені түсінбедіңіз, жаудан қорқады деп ойлайсыз ба? Жо-жок. Көз алдымда аяқ-қолы бөлек-бөлек қалған мамам, қалай ғана сол хуторға бара аламын. Әр күн сайын есіме түсіп, жүрегімді жараламай ма. Одан да Сібір тайгасын аралап кетейін де. Бастықтар рұқсат етсе ертең жолға шығамын. Сіз сондай... жақсы адамсыз. Я Вас... хокаю! Бұл сөзді кейін түсінерсіз. Хош болыңыз. – Мойнымнан құшақтады да, жалт бұрылып асыға басып кете барды. Сезімім қаншалықты сірне болса да, көңілім толқып, басым айналған, масайғандай дел-сал тұрып қалдым. Ақ көйлегін жел желпіген қыз, эне, Орал ормандарына қарай беттеп барады. Өзімен бірге бір нәзік сәулені ала кеткен украин қызы менің де жүрегімнен орын алған. Ол маған ЖЕҢІС деген ұлы ұғымның адамға айналып, дөңгелене билеп, күні бүгінге дейін жер шарын аралап жүргендей: ол мәңгілікке солмас бәйшешектей, қайта жасарып, қайта гүлдеп, мынау монданақтай жерді алақанына салып әлдилеп жүргендей...

– Әңгімем аяқталып келеді, таң жақындап қалған секілді, жүр далаға шығып, бой сергітіп қайтайық, – деп Ақан шал орнынан тұрды.

Олар тысқа шыққанда, шынында да, шығыстан таң саз берген екен. Аспан ашық, Шолпан жұлдыз ғана түнгі арулардың, отырыңқырап қалған ең соңғы қонағындай, сөнбей жарқырайды. Батыс жақ алқаракөк те, шығыс көкжиек жұқалаңдап ағараң тарта бастаған. Қозының, жылқы

даусы естіледі. Көбен тауының оймақтай ғана көлі бетінде мойындарын қайырып, тұмсықтарын қанаттарының астына жасырған қос сары ала қаз бейбіт қалғиды. Арғы жақ шетінде судан әлдене алып жеп, таңсәріден ашқарақтанған бір топ қоңыр үйрек жүзеді. Көл жағасындағы жалғыз үйлі қойшының аң-құсқа деген адалдығын жарықтық үйрек-қаз да сезгендей, өзгеше кәперсіз, секем алар сескенісі жоқ алаңсыз... Табиғат пен адам арасындағы береке, ырыс дарыған шалқар достықтың жарасып табысқан жаршысындай. Ақан шал осына көріністі көптен бері көрген жоқ-ты, қызықтағандай екі қолын артына ұстап, сәл үнсіз тұрып қалған. «Үйге бой жазып, анау төбенің басына шығып қайтайық», – деп, алға түсіп аяндай берді. Шопан жігіт мақұл көргендей қатарласа жөнелген.

– 1945 жылы да елге қайта алмадым, – деді Ақан шал. – Соғыстан қайтқан солдаттар емеспіз, еңбек әскері болғандықтан, тағы да бірер жыл жұмыс істеуді талап еткен соң, амалсыз қалдық. Жаз шыға қыстай асқынып келген аурудың беті бері қарап, өзімді тәуір сезінгенмін. Әйелдердің көбі дерлік тарап, бұрынғыдан гөрі бір жайма-шуақ тыныштық орнағандай еді. Тіпті ептеп көңілсіздік басып, ел деп елендеумен жүр едік. Өйтпеске шарамыз қайсы, түпкілікті қалып, жұмысшы болып кетудің реті жоқ, көпшілігіміздің ауылда екі көзі төрт болып тосып отырған бала-шағамыз бар, шаруа баққан адамбыз, егін екпей, шөп шаппай өмір сүре аламыз ба. Ал кен қазып жүрген бәріміз көгенін ағытқан қозыдай жамырап, қайла-күректі лақтырып тастап боса жөнелсек, жүрегі дүрсілдеп соғып тұрған мұқым завод, фабрика өлікке айналмай ма. Негізгі жұмысшылар майданнан толық оралған жоқ, тірі қалғандарының өзі аяқ-қолдан айырылған мүгедек, жаудан енді-енді ғана арылған ел ес-ақылын жиғанша бұл жерден аттап басуға қақымыз жоқ еді. Ағайын-туған «бұл қайда жүр» деп елендемес үшін барлық жағдайымызды айтып хат жазып жібердім. Сөйтіп, Орал тауының дәмін әлі де бір жыл татуға тура келген. Әрине, бұрынғыдай емес, жағдай жақсарған, жұмысшылар да көңілді.

Саршатамызда ауылдан менімен бірге келген Қожақ пен Қаймақ үйлеріне қайтатын болды. Партия қатарына жаңадан өткен мені босатпады.

Жігіттерді шығарып салып тұрғанда көңілім алабұртып, көзіме жас алдым. Бірге өсіп, біте қайнасқан ауылдастарымды қимай қиналдым да. Оралда өткен үш-төрт жылдың ішінде бір-

бірімізге бұрынғыдан ары жақындасып, бір шаңырақтан өрген тумалардай айнымас достық, ажырамас туыстықпен үйренісіп кетіп едік. Олар кетіп, жалғыздан-жалғыз мен қалғанда үйірінен айырылған жылқыдай кісінеп, көбінесе, саяқ жүретін болдым. Қаймақ пен Қожақ мен үшін мұқым Қаратай елі екен, тұра аттанып кеткенде, ел көшкендей құлазып, жұртта қалған күшіктей қыңсылағаным, бұзауы өлген сиырдай азан-қазан мөңірегенім де содан-ау...

Қаймақшал тарамыс-тарамыс қолын ұсынып: – Ал, азаматым, аман бол. Көріскенге жазсын, – дегенде ұмтылып барып құшақтай алдым.

– Ағатай-ай, жалғыздықтан жаным күйзелетін болды-ау.

– Көп ұзамай сені де босатар. Денсаулығыңды күт. Шыда, көбі кетіп, азы қалды ғой, – деп төсіме төсін тигізіп жұбату сөзін айтты.

– Алмаға не сәлем айтасың, – деді аусар Қожақ арқамнан қағып.

– Не айтайын, аман-есен де... Ауыратыным жайында жұмған аузыңды аша көрме, жүрегін жаралап қайтесің. Мен үшін балаларымның бетінен сүй.

Олар аудан орталығына қарай жаяу беттеді. Арқаларында түйіншек дорбасы бар. Сырты қомпайғанмен, ішінде түгі жоқ бос дорбаны тек ырым үшін ғана таңып алған – жолаушылық әдет қой. Жүдеп-жадаған ауылдастарымның артынан қарап тұрып, қатты аядым. Бұлар да соғыста болдық деп барады-ау.

Жолдастарыммен қоштасып, жатын орынға қайтып оралған соң да, екеуінің бос дорбасын арқалап аяндап бара жатқан жүдеу бейнесі көз алдымнан кетпей-ақ қойғаны. Тіпті, ұйқым келмеген соң, сыртқа шықтым. Тыныштық ұйып тұр екен. Жұмысшылардың барлығы да алаңсыз ұйқыда, бейбіт күннің алғашқы алаңсыздығына еркелеп жатыр. Ауадан ептеп салқын сыз сезіле бастаған. Қар биыл да ерте түсетін сыңайлы. Ағаш жапырақтары да асығыс сарғайған. Үркер көтеріліп келеді екен. Сол үркер туған жақта менің туған ауылым бар. Белгісіз бір үміт солай қарай жүр-жүрлеп жетелейді. Неге екенін білмеймін, күншығысты бетке алып еріксізден еріксіз адымдадым. Қанша жер ұзағаным есімде де жоқ, тек Шолпан жұлдызы ауа ғана кері баракқа оралдым. Одан ары ұзай берсем, сөз жоқ, қашқын атанамын. Ал мен өмір бақида ештеңеден қашып, ештеңеден қорыққан емеспін.

Орал өңіріне тағы да қыс түсті. Күн суық. Сырқатымнан айығып кете алған жоқпын. Бұрынғыдай күбір-күбір өз тілімде сөйлейтін жігіттен айырылған соң бір түрлі бұйығы тартып, жетімсіреп жүрдім. Ауыл-аймақты өлердей сағындым. Бала-шағам күндіз есімнен, түнде түсімнен шықпайды. Тарамысына ілініп әрең жүрсем де жұмыстан бір рет те қалған емеспін. Кен директорының атынан мақтау естідім, озат жұмысшы, нағыз коммунист атандым. Амал не, жүректе сағыныш салғаң мұң бар. Қанша көңілденейін, сергиін десем де, көңілімді әлде не зіл болып басады да тұрады. «Топырақ Оралда бұйырмаса игі еді»,– деген ұры ой ұялай бастады.

Иә, соғыс аяқталды. Бірақ күрес аяқталды ма?..

Кімнің қайда, не істегенін есепке алып, түгендейтін уақыт келді.

Жолым түсіп аудан орталығына барып қайтып едім. Онда ұлан-асыр той: пилоткаларын бір шекелеп киіп, омыраулары сылдырлаған орден-медальдар толы солдаттар қос-қостан қыз-келіншектерді құшақтап гармоньдатып, көшеде билеп жүр. Оларға сонадайдан қызыға қарағаным болмаса, тіпті жақындауға сескендім әрі «бұл қайдан шыққан ақ қарға»деп сөгетіндей жерге кіре ұялдым да. «Бәрі де майдан, мұндағы біз де қарап жүргеміз жоқ» деп кімге дәлелдерсің, кімге түсіндірерсің... Амал не, салым суға кете бараққа оралдым. Маған ондай сұрақ қоймауы да мүмкін ғой, бірақ үстінде әскери киім, кеуденде соғыс күегері медалің жоқ болған соң ба, өз-өзіңнен қуыстанады екенсің. Кен басшылары тарапынан алған сан алғысымды қағазға жазып алып әркімге тарататын емес... Шынымды айтсам, елге қайтуға да қорындым. Өттең, шиеттей жас бала-шағам бар, әйтпесе осы жақта түпкілікті қалып қойғым-ақ келді. Алма кезекті хатында: «Соғыстан аман қалған азаматтардың біртіндеп келіп жатқанын, оның ішінде бір аяғынан айырылған Құмырайдың да бар екенін жазыпты. Денеме сызат түспей ауылға барудан азапты не бар? Ал ішкі жараны кім көріп тұр. Бейне бір бес жыл Орал орманында тығылып жатып, жау жеңілген соң уралап шыға келгендей көзге күйік боларым тағы рас еді...

«Тыл да, трудаармия да – барлығы да майдан, жолдастар,– деген сөзді дәл сол кезде дәлелдеу мүмкін емес-ті. Жұрттың назары тек қана қолына мылтық ұстаған жауынгерлерге ауған. Қазірдің өзінде қарт солдаттар соғыс ардагерлері атанып,

«немісті тырқыратып қуып барамыз, жолдасыма оқ тиді, мен аман қалдым»,– деп естелік айтып, есінеп отырғанда күн демей, түн демей кен қазып, топырақ тиеп жатырмыз»,– деп әңгімеге араласудың өзін әбес санаймыз. Бірақ менің, жарылыстың астында қалған Бураның, ауылға келген соң көп ұзамай дімкәстік пен жіңішке аурудан қайтыс болған Қожақ пен Қаймақтың жазығы не? Жазығы сый-құрмет дәметпей жанталаса еңбектенгені ме, жазығы жауынгерге қару дайындап бергені ме? Отыз жыл бойы осы оймен соғысып келемін. Жеңістің отыз жылдық тойына шақырылмадық. Оны былай қойғанда, «Ата, сенің наградларың неге жоқ. Әлде соғысқа қатыспадың ба?» – деген немеремнің сұрағына жауап бере алмадым-ау. Ол сұраққа әсте де мен емес, басқа біреулер жауап беруі керек еді...

1946 жылдың жазында асқазан ауруым асқына берген соң, еңбек әскері қатарынан біржола босатты.

– Мінеки, Орынбай, ағаңның қысқаша өмір-тарихы осындай,– деп Ақан шал әңгімесін тамамдады.

Таң атты. Күн шықты.

* * *

Көбен тауының ирек-ирек жолымен жалғыз салт атты ауылға қарай құлдырап келе жатыр. Түндегі ішкен қымызы батпады ма, аттың жалын құша лоқсып, қолқасы үзілердей болып ұзақ құсты... Алғашында түндегі жеген еті мен қымызды лақылдатып еді. Аттан әрең дегенде сусып түсті де, жерге найзадай кіріп жатқан тасқа сүйене отырды. Тынысы тарылып, ауа жетпей өз-өзінен тұншыға берген соң омырауын ағытып, «Уһ, аллай-ай, жаным-ай» – деп ауыр күрсіне шалқалады да, анау тегенедей төңкеріліп тұрған шайдай ашық аспанға қарады. Ол тіршілігінің ең соңғы сапары дәл осы ендігі сәтте сонау етекте құмалақтай шашылып жатқан ауылға аударған. Сол көк түтіндері көкке өрлеген көп үйлердің ішінен өзінің қара шаңырағын іздеп әрең дегенде тапты да, аса бір қимас тілекпен ұзақ қарады. «Тәңірім-ау, түтіні шығып жатыр»,– деп қуанды. Амал қайсы, қолқасы үзілердей болып тағы лоқсыды. Өңешін кермек татыған қан жауып, тамыр соғысы баяулай бастағанды. Жүрек шіркін шаршаған, әбден тозығы жеткен, «бұдан ары шамам жоқ» дегендей, әлсіреген қанатын анда-санда болар-болмас қаққаны болмаса, өмір үнін шырқата алмады. Кірпігі

қатып, қарашығы бір орында тұрып қалған көзінен саулап жас ақты, бірақ сұртуге дәрмені жетпеді. Жанары жайнап жатқанымен, айдай аппақ әлем біртіндеп сөніп, дүниенің бар-барлығы қап-қара қапасқа айналды. Сол қараңғы түнектің ар жағынан мойнында иін ағашы бар Алма шықты да, су толы шелекті шайқалақтатып, әне, асықпай аяндап барады. «Токта, – деп жан ұшыра айғайлады Ақан. – Мені ерте кет. Суды қайда апарасың?».

Қарашығы қатып жатқан Ақан шалдың кеудесі қарс айырылды да, шыбын жаны пыр етіп ұша жөнелді...

...Мұнымен де біткен жоқ. Келесі, 1944 жылдың қысында тері илеуге жіберді, – деп Алма кемпір әңгімесін ары қарай жалғастырды. – Бұған дейінгім ойыншық екен, дүниедегі ең ауыр жұмыс – осы тері илеу болып шықты. Маған дейін істеген талай әйел шыдай алмай, ақыры ауруға ұшырап, үйлерінде төсек тартып жатқан. Сол күні де әдеттегідей ерте тұрып, сиыр сауып, шайды шала-пұла ішіп үйден шыға бергенімде Енем: – Сенің де сорың ашылмай-ақ қойды-ау, байғұс. Тірі қалсаң жарар еді, – деді.

– Олай айтпаңызшы, тәңірдің басқа салғанына көнеміз де...

– Барлық істі бір күнде бітіріп тастайтындай жұлқына кірісетін мінезің бар еді, аспай-саспай байқап, байырқалап кимылдасаңшы, келінжан.

– Ілбіп жүре алмаймын, апа, сүйекке сінді әдет қой.

– Ақан мен Бағдаттан хабар болмай кетті-ау, – деп күрсінді.

Тері илейтін завод (солай атар еді) ағаштан қиып салған дара үйде орналасқан. Аты завод болғанымен, мұнда осы Жұлдыз аулындағы жалғыз орыстың шалы Гриша істейді. Одан басқа маман жоқ, деректірі де, жұмысшысы да бір өзі. Ал көмекшілікке келген менің міндетім – жерге қазып орнатқан әрқайсысы 300 литрлік ағаш бодияларға су тасып құю. Өзенге дейін қозы-көш жер. Иінағаштың екі басына ілінген қос шелекті салақтатып безектеймін-ай. Ағаш күбінің түбі тесіліп қалғандай, тіпті толып болмайды. Маған дейін істеген әйел екі-үш күнде әрең толтырады екен. Ертеден қас қарайғанға дейін тыным таппай жүгіріп жүріп ел орынға отыра бітіріп тастағанымда, Гриша шал өз көзіне өзі сенбеді. Суы мөлтілдеген дәу үш күбіге қарап тұрды да, таңдайын қағып, басын шайқады.

– Мықты екенсің. Бірақ ертең жатып қаласың ғой. Жұмыс осымен бітті деп ойлайсың ба, келіге қабық түйіп, теріні иге салу керек.

Расында да, Гриша шалдың айтқаны келді. Екі иығым, жон арқам, қара саным удай ашып, таңертең орнымнан қозғалуға дәрменім жетпеді. Күн арқан бойы көтерілгенше сұлық жаттым.

– Келінжан, Гриша шал шақырады сені. Шамаң жете ме?– деді Енем. Бойым жансызданып, сал болып қалғандаймын. Амал жоқ, тұру керек.

– Етпетіңнен жат, денеңді уқалап берейін. – Менің ұялғанымна караған жоқ, жүн көйлегімді түріп тастады да, тарамыс қолымен жауырынымнан ысқылай бастады. Қартайған адамның саусақтарында қайбір қару бар дейсің, кісінің қытығын келтіргені болмаса, қанын таратуға қауқары жетпеді. Енеме ересек екі қызым қосылды. Олар да өз шамаларынша, киіз басқандай түйгіштеген болады. Дегенмен, бұл әлсіз әрекеттің өзі сеп болғандай, бірер сағаттан соң қалқайып басымды көтердім. Гриша шал ақылды адам еді ғой, осы ауылдағы көп қазаққа бергісіз, кешігіп барсам да, әлдекімдердей шу көтеріп, басқармаға үстімнен арыз айтқан жоқ. Аяғыма тас байлағандай сүйретіле басып келгенімде, ол қарағайдың қабығын ұсақтап отыр екен, мені көріп күлді.

– Хал қалай, қызым? – деді.

– Мұқым колхоз жабылып сабап тастағандай.

– Әрине, үш кісілік жұмысты жалғыз өзің істесең... Жоңқалаған қабықты келіге салып, ұшында үш айрық темір-жүзі бар келсаппен түйгіштей бастадым. Алғашында қолым көтертпеді, екі-үш рет түйсем болды, жауырынымның екі арасы ашып, қарым талады. Әрі-беріден соң оған да көндіге бастадым. Өлсем өліп-ақ кетейін деген оймен жанталаса түйдім. Қатты қимылдаған соң, денеде ұйып тұрған кешегі шаршау мен ауырсыну біртіндеп тарқап, маңдайымнан сұп-суық тер бұрқ ете түсті. Құрыс-тырысым жазылып, тас моншаға түскендей ақ сорпам шықты. Тері илеп менің қапшағай қимылыма көз салып тұрған «деректірім» тағы да басын шайқады. Мен сонда алғаш рет еңбектен ешкімнің де өлмейтінін санама сақтап едім. Адам ересен жұмыстан емес, жанын аялағаннан ауру боларын көкірегіме түйдім. Түске дейін қабықты талқандай түйіп, түстен кейін иде бөгіп жатқан ауыр-ауыр үлкенді-кішілі терілерді таза

суға қайта салып иінен тазартып алған соң, келесі күбідегі қабықтың иіліне тоғытамын. Оның бер жағында отын жарып, от жағып тайқазандағы қарағайдың қабығын сақылдатып қайнату жұмысы тағы бар. Екі күннен соң, үш бірдей күбіні үш жүз литр сумен толтыру керек. Егер әр шелекке он литр су сыяды десек, өзеннен екі ортаға 45 рет қатынап, шелек су әкелу керек екен. Күбірлеп, ішімнен санаймын да жүремін.

– Сіз, апа, күбіне 900 килограмм жүк көтерген екенсіз, – деді Күміс кемпірдің мойнынан құшақтап.

– Алғашқы шаршау бәсеңсігенімен, он екі мүшем де әбден титықтап, амалсыз болдыру бар еді. Бұл қырсауы кете, қиюы қаша бастаған болдырыс қанша көңтерімін деген адамның қай-қайсысының да басында болар хал ғой: ой мен қырға, ұра-жыраға сала берсең машина да тозып, қажалып бітпей ме, тау мен тасқа күндіз-түні шапқылай берсе жануар екеш ат та аяғына қан түсіп, зорықпай ма?.. Жау қаша соғысып, батысқа шегінген сайын менің де жүйке-жүрегім әлсіреп, көңілімнің көк мұзы еріп, шаттанғанмен, денем майланбаған арбадай салдырап қажы бастаған-ды. Әсіресе тері илеу жұмысында жүрген жалғыз қыстың өзі-ақ жүз жылға жетерлік азабын арқалатқандай еді. Талықсып барып төсекке құлаймын. Кісі қатты шаршағанда екі көзі удай ашып, жанарың жұмылмай бақырайып жатып алады екен. Шеке тамырың білеулене ісініп соқпай тұрып алады да, басың тастай қатып, сана-сезімсіз тірі өлік күй кешесің. Осы кезде «тәтелеп» аяғын апыл-тапыл басқан жалғыз ұлым келеді жаныма. Мекіреніп бауырыма тартамын. Ал ол болса мұрнын тыржитып қаша жөнеледі. Әбден терінің иі, қайнатқан қабықтың иісі сіңіп қалған өне бойымнан, өзім үйреніп кеткенмен, өзгені жиіркендіре жағымсыз қоңыс шығады білем. «Апыр-ау, Ақан келгенде де осылайша сасып-борсып қарсы аламын ба», – деген күлкілі ой ұялайды.

Осылайша алты ай қысты артқа тастап, 1945 жылдың көктемін қарсы алдым.

ЖЕҢІС!

Осы сөзден Алтайдың алып шоқылары жаңғырықты. Бір-бірінен сүйінші сұрап, алаөкпе болып жүгірген ауыл адамдары қолда бар малын сойып, ұлан-асыр той тойлады. Бұл сөздің құдіреттілігі сондай, тіпті күйеуі шейіт болған жесірлер де бастарына ал қызыл орамал тартып бар күнәдан арылғандай «бисмилла» деп Ұлы қуаныштың қойнына кіріп еді. Енді бұдан

былай ЖЕСІРЛЕРДІҢ өмірлік жолдасы ЖЕҢІС деген сөз боларын, соғыс кезіндегіден де қиын ұйқысыз түндер сұп-суық құшағына аларын, тірі қалғандардың ермек қыла бастайтынын, осылайша жасына жетпей қартайып, қырықтан аспай шаштары ағарарын қайдан білсін бишаралар... көйлектері желбіреп: «Біз жеңдік!» – деп далақтап жүр. Осы күннен былай әкесіз балалар туа бастарын да ойлаған кім бар. Бірақ осылардың, барлығы «жасасын өмір» деп, ертеңіне ұмтылған адамдардың игілікті қадамдары-тын. «Дүниеде үш арсыз бар: күлкі, тамақ, ұйқы» деп бұрынғылар бекер айтпаған ғой. Ендеше, отызға да толмай қара жамылып жесір қалған келіншектер төртінші «арсыздықты» (егер оны арсыздыққа жатқызсақ) бастан кешері сөзсіз еді. Ол – нәпсі. Алдыңғы үшеуін кешіре білген жұрт төртіншісіне келгенде төменшіктей беруші еді, бетін шымшылап ұятсыздыққа балаушы еді... Неге? Оның сырына күні бүгінге дейін түсіне алмай-ақ қойдым. Бірақ тірі адам тіршілігін істейді екен. Соғысқан төрт жылдың ішінде қайғы мен жұмыстан қабырғалары қайысып жүрген әйелдер ЖЕҢІС деген сөзден соң барлығын ұмытты; әлде де сенбей, өлді деуге кимай жүрген ерлерінен мүлдем күдерін үзді де, «айналайын, жарық дүние» деп бейбіт күннің нұрына алақанын жайып, сең болып жатқан сезімдері еріп, бөгеуі ашылған бұлақтай сарқырады-ай.

Соғыстан қайтқан солдаттардың ішінде біздің көршіміз Құмырай да бар. Құтты болсын айтайын деп үйлеріне бардым. Бір аяғынан айырылғаны болмаса, дені сау, айлап ауруханада жатқандікі ме, аппақ сазандай семіз. Омырауындағы жалғыз медалі жарқырап, қақ төрде бір шынтақтай жатыр екен. Қол алысып амандастық. Алғашқы сөзі: – Сенің байың, хахолдан катын алып, Оралда қалды, – деген бопсадан басталды.

– Апыр-ай, төрт жылдан соң, көрдік пе, көрмедік пе деп, жылап-еніреп табысқанда, аузыңа жөні түзу сөз де түспеді-ау, Құмеке, – дедім шыдай алмай ширғығып.

– Ашуланшақ болып кетіпсің, Алма.

– Бұл елден ашуланшақ емесін табу қиын-ау бүгінде.

– Мен шындықты айтамын. Ал сену-сенбеу – өзіңнің еркінде.

– Екі айда бір хат алып тұрамын. Амандық болса ол да келер мандайы жарқырап.

– Көреміз, – деді ол күліп. – Ақан қайтып оралса, қалған аяғымды кесіп берейін.

– Қойсаңшы, – деп қалды қойдан жуас әйелі.

– Өлейін десек қол тимей жүргенде, жаумамай жасын түскендей қылдың-ау...

Есіктерін теуіп жауып, шыға жөнелдім. Жылайын-ақ дедім, жылай алмадым. Көзімнің жасы сарқылып, жанарым қаңсып қалғандай. Міне осы күннен бастап қорамызға қорамыз тиіп тұрған көршімізбен араласудан қалдық. Бір-біріміздің есігімізді ашыспайтындай жаулықтың себепкері Құмырайдың оғаш мінезінен, ішегіне қыл айналмайтын қызғаншак, ұрынарға қара таба алмай пәле іздеп жүрер қызылкөздігінен ғана көруге болар ма еді... Меніңше, оның сыры тым тереңде жатқан секілді. Бәлкім, сүтпен кірді, сүйекке сіңді азбайтын да тозбайтын көнсірне «ауруымыз» шығар. Есіріп келген дұшпанды төрт жылда тас-талқанын шығарып жеңдік қой, ал, ағайын, ауыл-үй арасындағы мәңгілікке қатқан тонды балталап шабу, ыстық су құйып жібіту ешкімнің де қолынан келмесі рас еді. Саған өтірік, маған шын, сол Құмыраймен күні бүгінге дейін дәм-тұзымыз жарасып, бір-біріміздің төрімізге шығысқан емеспіз. Міне, осылай да қатар өмір сүруге болады екен. Беттен алып, жағаға жармасып ашық айқасқа түспегенімізбен, барлық ашу-ызамызды қораға түскен малдан, бақшаға кірген ешкі мен тауықтан алатын едік. Талай ешкі мүйізінен, талай тауық сирағынан айырылды. Иесі естісін дегендей «атаңа нәлеттің малына дейін оңбаған» деген балағат сөзді дауыстап айтып, жазықсыз сабап, айыр алып жүгіреміз. Құдай-ау, сиыр екеш сиыр да бір-біріне қарап мөңіреп, ит жынымызға тиетін еді. Бірақ ат құйрығын кесісіп ешқайда көшіп кетпедік, ағаш үйді бұзып жіберіп ауылдың арғы басына салып алуға болушы еді, оны да істемедік, ошағымыздан түтінді қатар ұшырып, іштей егес, бітіспес бігеу жарамен өмір сүрдік.

Жаз шығып, шөп шабатын мезгіл туса да, Ақан орала қойған жоқ. Соңғы бірер айда хабар-ошар болмай кетті. Күн өткен сайын Құмырай сөзінің шындығы дәлелденгендей кісіні жындандырып жіберер үнсіздік үстемдік ала түсті. Соғыста жүрген Бағдат қайнымнан «Берлинге жеттік» деген хат келді де, көп ұзамай, «1945 жылдың 8 майында қаза тапты» деген қаралы хабар алдық. Бүкіл ел-жұрттың қуанышы қойнына сыймай жүргенде біздің шаңырақты тағы бір қайғы соғып

өтті. Осы хабардан соң атам шөке түсіп, мүлдем жатып қалды. Есіктен кірген адамнан «Ақаннан хабар бар ма?» – деп сұрайды да, теріс қараған күйі ләм деместен жата береді.

Көршіміз Құмырай жаз бригадир сайланып, атқа мінген. Есік көзіне ат ойнатып, таң атпай жұмысқа шығарып, айғайлайды да тұрады. Сол кезде небәрі он төртке толған қайын сіңлім Қарлығашты ертіп шөп жинауға шығамын. Қолымызда сырты күйелеш-күйелеш қара шайнек. Түскі үзілісте шай қойып шөлімізді басамыз. Ол шақта ыдыс-аяқтың тапшы кезі ғой, ыстық шайды қақпағына құйып, аузымызды күйгізе кезек-кезек ұрттаймыз. Енді-енді ғана бойымыз жазылып, талдың көлеңкесіне демімізді ала бергенде Құмырайдың «тұрындар» деген айғайы естіледі.

– Күйеуің хахолдан қатын алғанына сенбеген едің, қане қайтып оралғаны,— деп мысқылдайды.— Екі үйге бір еркек жетеді, көршілік қакымды орындауға әзірмін.

Айыр ала жүгіріп едім, ана бір жылы бастықты сабағанымды естіген болуы керек, зыта жөнелді.

Ақанның анық хабарын «трудобойдан» келген Қожақ пен Қаймақтан естідім.

Тағы да күз туды, тағы да бір қыс түсті, тағы да көктем шығып, жадыраған жазға жеттік. Біздің ауылдан аттанған азаматтардың ажал алмағандары түгелдей оралды. Тек қана... Ақан жоқ.

1946 жылдың жазында шәйнегімді арқалап дәл былтырғыдай пішен шабуға шықтым. Құмырай да бригадир сайланды. Бұл дүние өзгере ме, жоқ па деп ызадан жарылардай боламын. Шыдамның да шегі бар, бұрынғыдай емес, жүйкем жұқарып, ашуланшақ болып барамын. «Аяғыңды етігің қысса, дүниенің кеңдігі неге керек» дегендей, бір жылдан бері белі көтеріле бастаған елдің күйі, бейбіт күн барған сайын қам көңіл тартқан жанымды жарылқай алған жоқ. Бес жылдан бері ауыр жұмыс, азалы өлімнен арылған кезім бар ма, темірден жаратылсам да тозып, қуатым майланбаған арбадай шиқылдай бастаған еді... Жаз шыға оқудан босаған ересек балаларды Шабанбай жайлауына алып кеткен. Одардың ішінде қабырғасы қатпаған Қарлығаш та бар. Өзгелерден әлдеқайда сүйкімді, ашық жарқын қайын сіңлім: «мен Ақан ағама тартқанмын» – деп, тұлымы желбіреп менен бір елі қалмай әр ісіме қолғабыс жасап жүретін. Қас-қабағымды аңдып, әсіресе жаны ашитыны да осы

Қарлығаш еді. Әпкесі Сандуғаш суға кетіп өлген соң, ой түсті ме, әйтеуір, тез есейді. Өзі де үріп ауызға салғандай қыз біткеннің әдемісі. Ол жайлауға кеткен күннен бастап бар ермегіменен, сырлас құрбымнан айырылғандай жалғызсырадым-ай.

Көбен тауында шөп маялап жүргенбіз. Күн екіндіге таяп, тау ішіне көлеңке ұялай бастаған мезгіл. Колхозшылардың алды арба-саймандарын жинастырып, қайтуға қам жасай бастаған. Тамам қыз-келіншектер көлдің суына беті-қолымызды жуып, етпетімізден жата қалып, мұздай суық кәусардан шөлімізді қандыра іштік. Шілденің ыстығы кеш түсе қайтып, бой сергітер қоңыр салқын самал ескен. Ғайша екеуміз басымызға жабысқан шөп-шаламды тазалап, шашымызды тарап, өріп отырғанбыз. Түйетастан бері қарай салт атты құйындата шапқылап келеді. Алғашында еріккен көп баланың біріне жорыдық. Кәперімізде ештеңе жоқ. Өлгі жолаушы шапқылаған күйі маған қарай ентеледі. Жүрегім су ете қалды. Не жақсылыққа, не жамандыққа жорыдым – әйтеуір тегін жүріс емес. Ат үстіндегі бала: – Алма тәте, Қарлығашқа қарағай түсіп өліпті! – дегені. – Не дейт? – деп шөге түсіп отыра кеттім. Бетіме су бүркіп есімді әрең жиғызды. Ғайша қолтығымнан демеп тұрғызған соң, орамалымды байлауға да мұршам келмей, қолыма ұстаған күйі Көбен тауынан төмен қарай жүгіре жөнелдім. Аяғымды тас қағып, етпетімнен құладым, тіземді жаралап, алақанымды тас тіліп қан ақты, қарағаным жоқ, өкпем күйіп, жүрегім тарсылдап, қолқам үзілердей болды, тыңдағаным жоқ. Етекке қарай еңірей ұшып келемін. «Қарағым-ай, Қарлығашым-ай, қыршын кеткен ботақаным-ай». Аузымда осы сөз, бетім айғыз-айғыз жас... бәрінен де осы өлім ауыр тиді маған.

Қарлығаштың сүйегі жатқан жерге жібермей алдымды кескестеген кісілерді жалғыз-ақ итеріп жапырып тастадым да, өліктің үстіндегі кебінді жұлып алдым. Бет-аузы шелпек болып жаншылған бір кесек ет жатты қанға бөгіп. Өкіре құшақтаған күйі сылқ құлап түстім... Мені тағы да ақ бүркіп ұшықтап тірілтіпті... Жүрек ауруым сол күннен басталып еді...

Шабанбай жайлауында шөп дайындап жүрген қыздар қас қарая қарағайдың түбінде от жағып, сауық кеш ұйымдастырған екен. Ән салып, әңгіме айтып дуылдап отырған жастар ағаштың тамырын кеулеп жанған отқа мән бермеген. Тек қана қарағай күтірлеп, қопарыла құлағанда ғана шыңғыра шулап, тым-тырақай қашады. Қарлығаш та орнынан ұша түрегеліп,

енді жүгіре берген кезінде аяғын бұтақ шалып етпетінен құлайды. Жығылған жерінен қайта тұра берем деген мезетте ұшар басы аспан тіреген алып қарағай үстінен басып қалады... Тұяқ серпуге шамасы да келмей, тіл тартпай кеткен он бес жасар қызды ағаштың астынан арамен үш жерден кесіп жүріп әрең суырып алады. Сонда мыжылған денеге бірде-бір адам қарауға дәті жетпеген. Балаларға бас-көз болуға жіберген тартпа шындайтын шал ғана жанына жақындап, өліктің үстіне шапанын шешіп жауыпты.

Қарлығаштың сау-тамтығы қалмаған жас денесін жууға да қорқып, өлікке бір адам түспеді. Өзім сатып әперген тасқа басқан гүлі бар шыт көйлектің ырымы ғана қалған, пәрше-пәршесі шығып жыртылған. Өне бойы қатқан қан. Сол ұйыған қап-қара қанның қағын жуып тұрғанымда, уыздай мәйіттің бас жағына қарауға менің де шыдамым жетпеді, бет емес, езіліп қалған бір нәрсе. Қарағайдың қапсағай бұтағы тура белден кірген... Мұндай аянышты өлімді бұрын-соңды ешкім көрмеген шығар. Қарлығаштың бейнесі күні бүгінге дейін түсімнен шықпай, шошып оянатыным, сол бір өрім талдай жастың быт-шыт болған қан-қан денесі мәңгілікке көз алдымда қалғанынан болар-ау... Сүйекті орайтын ақырет таба алмадық. «Ақ дәке тек Нартайда ғана бар» деген соң, алғаш рет басқарма үйінің есігін ашуға тура келді. Дөнен иттей кергіп төрде отырған бастық төре табақ етті буын бұрқыратып енді ғана алдына ала берген екен, мені көрген соң әйелі бетін жауып, қайтадан алып кетті. Бұйымтайымды айттым. Ол қыржиып, салқын тыңдады. Іші кепкен түйедей төңкерілген қарнына сүйсінгендей алақанымен сипалап, ыңырана тіл қатты.

– Қаңғырып жүріп, қарағай басып өлген қарғадай қызға мәрлі берер жайым жоқ, – деді.

– Колхоз жұмысында жүріп қаза тапты ғой.

– Оларға от жақ, өртенген ағаштың астында отыр деген біреу бар ма? Ерігіп жүріп етпетінен құлады.

– Әй, Нартай, имансыз екенсің. – «Сіз» деп сызылудан айырылдым. – Тасжүрек екенсің! Бұл өлім өз балаңның басына келсе қайтер едің. Жүйрікке де бір томар шығар, тостым құдайдан... Алдыңа келтірермін...

– Тос, тоса бер... ешкі тулап ыңыршағын шақса мен де көріп алдым.

Бұдан ары шыдай алмадым. Есік жақта тұрған орындық қолыма қайдан ғана ілінгенін білмеймін. Нартайдың тақыр басын көздеп бар пәрменіммен лақтырдым. Ол бұғып қалды да, артындағы терезесіне барып тиіп, күл-пәршесі шыға сынды.

– Сотталасың, албасты! – деген Нартайдың, «құтырған қу қаншық» деген әйелінің сөзін шала-пұла естіген күйі есіктерін де жаппастан шыға жөнелдім.

Қарлығашты қара жерге беріп, жылап-еніреп біз қалдық. Санап отырсақ, бұл үйден айналдырған бес жылдың ішінде төрт адам арғы дүниеге аттаныпты. Екеуі – қыз, екеуі – ұл. Екеуі – ауылда, екеуі – майданда. Бірақ қайғыдан адам өлмейді екен, Атам мен енем, келмеске кеткендерден гөрі келер деген үміттегі Ақанның амандығын ойлай бастады. «Ақсағын қойып, сауын бақ» деген қазақ бекер айтпаған шығар... Менде де Ақаннан басқа қандай тілек, қандай үміт бар еді. Рас, он екіде бір гүлі ашылмаған бірі суға ағып, екіншісі – колхоз малына шөп дайындаймыз деп жүріп, қарағай басып жас өмірлерімен тым ерте қоштасты. Жай ғана ойлап қараған пендеге оқыстан өлгендері де шындық. Бірақ оқыс оқиғаның да себепкері бар ғой... Рас, соғыста қаза тапқан Ақтайлақ пен Бағдатты атқан немістер, ал, Сандуғаш пен Қарлығаштың қыршынын қиған «су» мен «ағаш» атты тілсіз жау ғана ма... Ол кезде бұлайша тереңдеп ойлауға мұрша болды ма, кейде жападан-жалғыз отырып, кінәлі біреулерді іздеймін де. Бәлкім, соғыс болмаса, буындары бекімей жатып ауыр жұмысқа бармас еді. Жұмысқа бармаса тірі жүрер ме еді, тірі жүрсе ендігі ақарлы-шақарлы семья құрып, ұрпағын жалғар ма еді... қайдан білейін...

Айналайын, Қарлығашпен бірге жайлауда шөп шабуда болған осы ауылдағы құрбы-құрдастары, әне, барлығы да үйлі-баранды болып, сәре-сәре ғұмыр кешіп отыр. Бұл менің Қарлығаш өліп, олар тірі қалды деп баянды өмірлеріне қызғана қарағаным емес, жүректі сыздатқан арман, орны толмас өкініштерімді емірене есіме алуым ғой. Мен көпке дейін қайын сіңлімді өлдіге қимай, үй ішінен елеңдеп жүрдім. «Алма тәте, мен келдім» деп, мойылдай қара көздері жаудырап есікті ашып қалатындай немесе алыс бір жаққа – енемнің төркіні аталатын Алтайдың арғы бетіне ұзатылып кеткендей, күндердің күні болғанда кішкентай сәбиін алдына алып, ақ боз атпен тау асып келе жататындай... Оң жақта шымылдықтың ар жағында жансыз жатқан Қарлығаштың сүйегін күзетіп, таң атқанша көз

ілген жоқпын. Майшамды өлеусіретіп жағып қойдым. Маған ақ кебіннің астындағы Қарлығаш қимылдағандай көрінді. Анықтап қараған сайын қозғалатын сияқты. Шошына ұшып тұрдым да, Енеме жүгірдім: – Апа-ау, Қарлығаш тірі...

– Қой, қайдағыны айтпа? – деп ұрысып, өліктің жанына жолатпай қойды. – Шал-ау, келініңді ұшықтап жіберші, шошынған секілді. А, құдай, кәріңді бізге неге тіге бердің.

Өлгеніне күні бүгінге дейін сенбеймін де. Сол күні аруақтың қозғалғанын өз көзіммен көргенімнен шығар. Бәлкім, адам баласы жан тапсырған соң да бойы біразға дейін суымай, әйтеуір, бір жерінде шырқыраған шыбын жаны сақталып қалар да. Мал сойғанда да еттерінің әр жері өз-өзінен дірілдеп жатпай ма... Ал Қарлығаштың қимылдағаны рас еді...

Ертеңінде колхоз кеңсесіне шақырды.

– Терезенің құнын төле, әйтпесе сотқа берем, – деп қорқытты Нартай.

– Тіреп тұрған аспаның болса тастап жібер, – дедім тілімді тартпай. Бастықтың құйрығына шала байланып, орнынан босайды деген сөз естігенмін. Жеті басты дәу пері болса да бір тықыр таянар уақыт жеткен секілді.

– Албасты, дәл осы жолы сені құртпасам ба, Нартай атым өшсін.

– Атыңның өшкеніне тілеулеспін, сотқа бергеннің көкесін мен көрсетермін.

Не де болса ауданға тарттым. Мүмкін, менің арызым себепкер болып, қызметінен ертерек қуар деген қулығым да бар. Жаяу-жалпылы жолға шықтым. Егін дән салып, жайқалып тұрған кез. Көктемде арпалысып суғарған еңбегіміз зая кетпепті. Тау басына бұлт ілініп, ауа тымырсықтанып, көп ұзамай жауар нөсерден хабар береді. Терістіктен сусылдап ып-ыстық жел соғып еді, егін теңіздей толқиды. Әлгінде ғана күнбатыстан пайда болған бұлт жел айдады ма, әп-сәтте қоғамдасып, қордасын жинап келеді. «Бұршақ жаумаса жарар еді», – деп ойлады. Алтай жауыны оқыс басталушы еді. Шайдай ашық тұрған аспанда, қара жолдың шаңын бұрқырата үйіріп, әуелі құйынға айналдырады, артынша бармақтай-бармақтай тамшылар қиғаштау ұшып, төпеп ала жөнеледі.

Мен шапшаңдата аяндап, екі шақырымдай жердегі Күркіреме бұлағына жете бергенімде, қаңсып жатқан даланың

шаң-тозаңын қопара қатты жел тұрды. Көзіме кірген тозанды уқалай Күркіремені әдіптей өскен қалың талдың арасына жасырындым. Бетімді жуайыншы деп еңкейе бергенімде... екі қолы бұлаққа малынып етпетінен жатқан адамды көрдім. Қапелімде шошына шегініп кеттім. Соңғы жылдары соғыстан қашқан белгісіз біреу жүр дегенді талай рет естігенбіз. Наубайханадан нан, колхоз қоймасынан ет ұрлағаны да есімде. Тура безейін деп бір ойладым да: «Жат адам болса ес-түссіз былайша жата ма», – деп біртіндеп жақындадым. Алғашында өліп қалған шығар деген сезік жеңдеді. Үсті-басы адам көргісіз, әбден азып-тозған: аяғында тісі ақсиган шәркей бәтеңке, қолтығы сөгіліп, жаға-жеңі қырқылған ескі күпәйке, бұтында тізесі жыртылып, құйрығы тесіліп қалған шалбар (Ыстық күнде күпәйке кигені несі деп ойладым), жалаң бас, шаң басқан кір-кір шашы білтеленіп кобырап жатыр. Бұлаққа салақтап қалған екі қолын ағынды су тербеп, денеге жан бітіргендей қозғалақтады. Неге екенін білмеймін, жүрегім тайдай тулап, тізем дірілдеді. Дүниедегі ең қимас адамым жатқандай әрі қорқынышты, әрі аянышты сезім биледі. «Әй, кімсіз, тірімісіз», – деп, үнім қарлығы дауыстап едім, тіл қатпады. Бойымдағы бар қуатымды жинадым да, тәуекелге басып аунатып қалдым... Суалған жақ шүңірейіп ұясына кіріп кеткен көз, тілім-тілім болып жарылған жүзі өте таныс... таныс болғанда да – өзімнің жанымнан да қымбат көретін затымның баяғыда жоғалтып алып, тот басып жатқан жерінен қайта тауып алғандай толқып кеттім. Жұлынымды қуалай ып-ыстық бір нәрсе жүгіріп өтті де «алла, алла» деп, белімді ұстаған күйі талықсып бара жаттым. Қызық, кенеттен пайда болған әлгі ып-ыстық пәле арқа омыртқаларымды аса шапшандықпен қуалап өтіп тура белімнен ұрғаны... Көзім қарауытып, басым айналды. Сонда да ырық бермей ернімді жымқыра тістеген күйі сүйретіліп бұлаққа жақындадым. Сылдырай аққан мөлдір судан алақаныммен көсіп алдым да, бетіме шаштым, ұрттадым. Кеуіп қалған таңдайым жібіп, сарайым салқын тартты. Сонда ғана есімді әрең жинап, кеуде кере ауа жұттым. Әлгі ып-ыстық пәленің уыты тарқағандай болған соң қолыма таянып қайта тұрдым. Неге екенін білмеймін, омырауым дымқылданғандай... Өңірімді ағытып, үңіле қарасам, мына ғажапты естігенің немесе көргенің бар ма, екі емшегімнен сүт тамшылап тұр. Тәңірім-ау,

мұнысы несі?! Баламер емшектен әлдеқашан шығып кетіп еді ғой. Сол уақыттан бері беріштеніп суалған омырауым өз-өзінен иігені қалай? Зәрем ұшып қорыққандікі ме, әлде әлгі ып-ыстық пәленің әсері ме, әлде қуанғаннан шығар.

Күркіременің жағасында етпетінен жатқан беймәлім адам ыңырсығандай болды. Қапсыра құшақтаған күйі етпетімнен үстіне құладым. Сол! Сол! Сол!

Сол дегенім – Ақан еді!.. Сенейін бе көзіме, сенбейін бе.

Сенсең де осы, сенбесең де осы дегендей еді қу тағдыр.

Жел тербеген ағаштың басы жан ұшыра қозғалып суылдайды. Қап-қара болып түнерген аспанда бауыры қап-қара бұлттар жөңкіледі. Алдымен бірер тамшы жаңбыр жауды да, іле қойдың құмалағындай ірі-ірі бұршақ төпеп ала жөнелді. Бұршақтың қаттылығы сондай біз паналаған қайың мен талдың жапырағын тесіп өтіп, төбемізден тарсылдата бастады. Сол әлем-тапырық аспанға жүз беріп жатқан Ақанның жағына пышақ жанығандай бетін далдалай құшақтап, бүк түсіп отырып қалдым. Бұршақ көп әурелеген жоқ, сонадай жерде ауылға қарай жосып барады. Күркіреме бұлағынан аппақ моншақтар ақты. Табиғаттың алты айрығынан тер сорғалап, қалжасы жағып тұрғандай. Абырой болғанда жаңа ғана масақтанып, дәні тола бастаған егінді бұршақ соқпапты. Бастарын сәл иіп, қара жерге тағзым еткендей суланып тұр. Ауылдың дәл үстінде доғаланып кемпірқосақ орнады. Осы тұстан қарағанда қайғы-қасіреттен енді-енді серпіле бастаған Жұлдыз соншалықты әдемі көрінді. Аспанның батыс жағы түріле ашылып, құрымданған бұлт бұршақтың артынан еріп кетті. Күннің көзі көрінгенде мұқым тау, дала, тоғай жарқырап, шөлі қанғандай жымия күлімсіреп рақатты күй кешіп еді. Ал мен ше...

Ақан жұмулы көзін ашты да, әлемнің осы бір көрінісін таңырқағандай, қадала қарады. Жүзіне сәл ғана жылу пайда болып, ерні дірілдеп күбірлеген. «Арысым-ау, аман келдің бе?» – деп жас балаша басын бауырыма баса ботадай боздап жылап жібердім. Оның алғашқы айтқан сөзі: «Шаршадым ғой, шаршатты ғой», – болды.

Ерлі-зайыпты екеуіміз сағынышпен, ақсаумен өткен бес жылдан соң осылайша табыстық. Қойнында шиелеп тұрып шүберекке түйген партбилетінен басқа дәнеңе де жоқ «трудармияны» сүйемелдей ауылға беттедім. Үй-ішіміз ғана

жоғы табылғандай шексіз бақытқа кенелдік. Бес жыл бойы жаумен жым-жырт соғысқан Ақанымды ешбір батырға айырбастармын ба. Иә, ол шақта бәрі де майдан еді ғой... майдан болатын...

«Кісі екен десем, трудабой ғой» – деген қаңқу сөз сол жылдардан қалған, – деп Алма кемпір әңгімесін аяқтады. Күмістің көзінде жас. Бір түннің ішінде бүтін бір ауылдың тағдырына ортақтасып, көңілі босап жылағаны, Ақан, Алма секілді белгісіз батырларды аяғаны шығар-ау.

Таң атты. Шамды сөндіріп, терезелердің пердесін ашқанда, үй ішіне саулап табиғаттың нұры құйылды. Дәл осы шақта Алма кемпір орнынан тұрмақ болып үш ұмтылды, бірақ өз денесін өзі көтеріп кете алмады, жазған...

– Күміс-ай, басымды сүйеші, – деп оң жамбасына қарай кисая берген.

– Апа, не болды сізге? – деп жан ұшыра ұмтылды. Құрақ көрпенің үстіне сұлық құлаған Алма кемпір: – Ақан кешікті ғой, – деп күбірлеуге шамасы әрең жетті де, қол-аяғы суып, аппақ әлеммен қош айтысып, қап-қара түнекке сіңіп бара жатты...

ОЛ КҮМІСТЕГЕН ЕР-ТОҚЫМЫ БАР КӨК ЖОРҒАҒА МІНІП, АСЫҒЫС АТТАНҒАН АҚАННЫҢ АРТЫНАН ЕРІП КЕТКЕН ЕДІ!..

Тыныштық.

Таңғы сағат алты болып, радиодан гимн ойнады.

Автордан: Мен бұл шығарманы жазу үстінде зәредей де өтірік қоспауға тырыстым. Қазіргі заман әдебиетіндегі озық үлгілерді біле тұрсам да, ой айтудағы ондай тәсілдерді пайдаланғым келмеді. Философиялық тереңдік пен психологиялық иірімдерге құрмай, естіген оқиғаны қаз-қалпында баяндағаным, қиялдан алынған образды сылап-сипап, әдемілеуден қашқаным шығар. Таланды тағдыр мен қия-қалтарыстары мол өмірді сол күйінде қағазға түсіруіме себепкер болған – қара жерде қарбанып жүрген қарапайым ауылдастарымның болмыс тіршілігін, қайғы-қасірет, жақсы-жаманын шыншылдықпен оқушыма әңгімелеп беруге ұмтылғаным еді.

Перedelкино – Алматы. 1982 жыл, қаңтар



ҚҰМ МІНЕЗІ

(Бархан)

Повесть

Еспенбеттей ер қайда,

Ерді сыйлар ел қайда?!

Дулат Бабатайұлы

Алқара аспаннан тағы бір самолет ұшты...

* * *

Күйек аяқталған соң да Барханның мазасы болмады. Адам тірлігінің ұшы-қиыры жоқ, таусылмас күйбеңі бұйдалап алып, ой мен қырға дедектетіп кеп жүргені.

Меңіреу даланың мең-зең етер тыныштығын маңыраған қой, жамыраған төл бұзса, осы мәңгіртіп жіберер үннің өзі әлдебір тылсым қуаныштан ептеп хабар таратқандай да еді.

Бархан міне қырықтың бесеуіне келді – ертеңнен қара кешке тыным таппай қанша еңбектенсе де, буыны босап шаршаған да, көңіліне қаяу түсіп жалыққан да емес. Ол жалғыздықтан – айналасында даңғыр-дұңғыр айғайласып, окта-текте сыр шертісер адам табылмай талықсыр еді. Қойын қоралап, жұбайы қайнатып берген шайды терлеп-тепшіп ішіп алған соңғы бос уақыты жүйкесін тоздырады-ай.

Ой десек, оны күні бойы аттың үсті, қойдың соңында ілбіп жүргенде таусап біткен. Радио деген шуылдақты бұрап қалса болды, шүлдір-шүлдір етіп не басқа тіл шыға келеді, не анау бір әрі композитор, әрі әнші жалғыз өзі қақсап кеп тұрғаны. Бұлардан да әбден мезі болды. Ал, айына бір рет үйіп-төгіп тастайтын газеттің бетін ашып қалса, баяғы бір кісілердің, баяғы сол көрші Сейітқұлдың сығырайып өзіне қарап отырған етектей суретін көреді, оған жазылған етектей мақаланы оқиды.

Іргелес қойшы Сейітқұл туралы ауданнан бастап, тіпті сонау Алматының газет-журналы өкіртіп жазып жатады. Әнеугүні бұйра бас жас жігіт келіп кітап жазам деп, деректер алып кеткен.

Сейітқұлдың үйінде бір ай жатқан жігіт қарға адым жердегі Барханның баспанасына бас сұққан жоқ.

«О несі екен? Есенбісіз десе, есінен адасар ма еді?»

Күйекті алдымен аяқтаған Барханның жылдағы әдеті Сейітқұлға қол ұшын беру. Міне, аттай зулап бес жыл өтті, құдай көршісі – қыстық қытымыр суығын, жайлаудың салқын самалын бірдей көріп келеді. Тонның ішкі бауындай араласып кетпегенімен, «Кемедегінің жаны бір деп», көмектесе алмай тұрмайтын. Сейітқұл он жас кішілігіне қарамастан, жанкешті пысық, қолды-аяққа тұрмайтын жылпостау. Алғашында Барханға көмекші шопан болып жүрді де, кейін келе өз қолымен үйлендірді де. Қашан қаз тұрып кеткенше қамқор қанатына алған Барханға кейін жалдана, қондана келе, қорс етіп мінез көрсететінді шығарды. Бірақ, табиғатынан жуас, кісі бетін қайтарып көрмеген ол кешегі айрандай аптап, күбідей пісіп өз үйінде тайрандап жүрген жігіттің бұл әбестігіне налып, пәлендей мән бермеді.

«О несі екен?»

Қарашаның қан құстырар көп-көп қарбаласы артта қалды. Жылдағыдай емес, ауа райы жайлы болып тұр еді. Тек күні бойы ызыңдап, сүп-суық жел еседі демесең, күн ашық. Қас қылғандай қойды күйекке түсірер шақта қар аралас жанбыр жауып, оңтүстік өңірінде бұрынды-соңды бола бермейтін лайсаң күз болып еді. Табиғаттың осы бір қылтқи берер қытымырлығы дәл мұрынға су жетпей, екі қолынды төртеу ете алмай арпалысып, күш күресіп жатқан шағында қағынуы онсыз да жұқарған жүйкеңді тоздыра түсер еді. Үлкен науқан есен-сау аяқталып, уһ деп бел шеше бергенде, күн шайдай ашылған. Шайдай ашылған күннің ендігі жан жадыратар қоңыржайлығы Барханның шамына әбден тиіп болды. Қойды құм шағылдардың ара-арасына қаптаға өргізіп жіберді де, анау төбенің ар жағында құдық қазып жатқандарға барады. Ермек іздегені болар. Машиналарын дүрілдетіп, беріштеніп қалған құм қиыршықты бұрғылаған үш-төрт жігіт, олар да ермек іздейді білем, жуас түйе жүндеуге жақсы дегендей, мұны қажап, қайдағы-жайдағыны шұқылап, сұрай беретін. Ішіндегі ересегі Серіктің жасы Барханмен шамалас, «құрдас» деп қатты қалжыңдасады. Қуақы, сөзге жүйрік, үнемі көңілді

жүретін, үнемі күлімдеп, үнемі мұрнынан әлдебір әннің әуенін ыңылдап айта жүрер еді. Олардың міндеті, бастығы Серіктің әмірін тыңдап, қойшыға арналған әрбір қалжыңына жосықсыз тырқылдап күле беру. Құдық қазушы үш азамат Барханның үйіне қонып, ертелі-кеш ыстық шайын айырып жүр. Алғашында Сейітқұлдың үйін торуылдап көріп еді, теріс қабақ танытқан соң, олай қарауды да қойған. Тіпті күңкілдеп, «әйелі жас болған соң қызғанады, шық бермес Шығайбай» екен десіп, жамандап та қойысады. Ондайда Бархан ойда-жоқта тауып алған «туыстарына» тәйт деп жекіп тастайтын. Жекіп тастамас та еді, өзін майлы шелпек, ит-күс іше берер жайдақ су көрмесін деген оқыс мінезі-ау. Өзі де ұл-қыз өсіріп, ешкімнің ала жібін аттамай, адал ғұмыр кешіп келе жатқан азамат екенін аңғарту-ма екен...

Барханның әйелі қой аузынан шөп алмас момын, өз шаруасына берік тұйықтау адам. Апама жездем сай осынау жұбайлардың белдеу-белдеу құмның арасына түтін түтеткеніне он бес жылдан асып бара жатса да, шәй десіп бірінің бетінен бірі алған кезі болған емес. Қандай қиын-қыстау шақта ақылмен ғана қимылдап, өзара үнсіз келісумен кірісетін жұмысқа. Айрандай ұйыған осыншалық әдемі семьяны жер-көктен іздесе де табылмасы, бірақ бәрібір байқалмай, бағаланбай, құмға сіңген судай жоғалары хақ еді. Бес баланың үшеуі ауылда, апайының қолында тұрып оқу оқиды, екеуі әлі кішкене, қозысын құшақтап үйде отыр. Киіз үйден қыстауға көшіп келгелі балаларының да өңі кіріп, пештің қызуына қақтанып, мәз болысып жүрген.

Бұдан он бес жыл бұрын дәл осындай қарашаның күзінде әйелі Жұмагүлге үйленген. Әке-шешеден ерте айрылған жалғызілік жігіт Егемқұл қарттың қолында қысы-жазы көмекші болып, бауыр басып алған. Біртоға, жол саудасы жоқ, Барханды туған ұлынан бетер жақсы көріп, қызымен көңіл қосуын іштей көкसेп те жүретін. Бала мен бала бата сұрап келгенде, көзінен жас шыға қуанған, маңдайларынан алма-кезек сүйіп, «бағың ашылсын, қос ботам» деген, сонсоң қолын жайып: «ендігі мал да, осы үйдегі жан да екеуіңнің еншің. Кемпірім екеумізге кештік ғана ғұмыр қалды. Тату-тәтті, жұптарың жазылмай өмір сүріндер» деп еді. Қарттың тілеулі батасы қабыл болды, құдайға шүкір, он бес жыл от басының берекесі кеткен жоқ...

Бархан бүгін отарын ерте өргізді. Ауыз үйде тырайып ұйықтап жатқан үш жігіт те, кіші қызы Нұргүлдің ауызы уылып, жылап мазаны алған соң, түн ортасы ауғанша көз ілмеген әйелі де, енді ғана таңғы тәтті ұйқының құшағына енгендей еді. Сыртқа шыққанда ептеп тоңазыған дене жылы төсекті қайта сағынды. Күн шыққан жоқ. Ала дөнденіп мінгесіп-ұшқаса келеңсіз далаға қарай жарыса созылған құм төбелер, сол құм төбелер, сол құм төбенің қырқасына ойдым-ойдым қойнауына жармаса өскен сексеуілдер жағаласа жарысып, көзге суық тартады, көңілді жүдеткендей болады. Бархан алды-артына – иә, айналасына, қарашаның салқынына бедірейе арқасын беріп, бетпақ жатқан құйқалы құмды тұңғыш рет аяғандай, жанарын тайдырмастан көпке дейін қарайды-ай. Ойлап тұрса, он бес жыл мекен жай болған Талдыөзектің бойынан зәредей өзгеріс таппаған екен. Сол есіліп-есіліп қалған бұйра құм, сол ербиген сексеуіл, албастыдай алба-жұлба түзген, жер тағандап өсер жыңғыл; сол аспан – бірде бұлтты, бірде ашық, бірде қар, бірде жаңбыр; сол күн – өз орнынан шығады, өз орнына асықпай, аяндап барып батады; сол бір мал – маңыраған қой – ол да өмір бакида кісіней алмайды; сол көрші Сейітқұл – күні кеше жап-жас елгезек жігіт еді, бүгінде құм санайтын қу болды. Енді Бархан сол Сейітқұлдың қыстағына қараған. Жым-жырт, тұяқ серіппей қаперсіз ұйықтап жатыр. Қорасына совхоз ерте бастан жеткізіп берген шөп қаздай тізіліп, кеше ғана мектеп оқушылары қазып берген қой қораның қиынан әлі де бу шығады. Кеше балалар опыр-топыр іске кіріскенде, бұл да қолына күрегін алып, жападан-жалғыз ат шаптырым қораға беттеп еді, әйелі Жұмагүл: «Еруліге қарулы болып қайтесің, Сейітқұлдың басына пыр етіп қонған баққа таласқандай болмайық, ертең де күн бар», деген соң, атына мініп қикайып өріске кеткен. Өріске беттеген Барханның соңынан Сейітқұл айқай салды:

– Отағасы десе, менің де отарыма көз қырынды сала жүр.

– Жарайды, батыр-еке, – дегеннен басқа жарытып жауап таба алмады.

«Анау балаларға біздің қоралардың да қиын ойғыза сал» дегісі келді-ақ, әттең мінезінде жоқ бөтендік танытуға дәт шіркін бара алмаған. Бірақ, Бархан бұдан соң көпке дейін өзінен күнкілдеп, сөйлеп жүрді қой шетінде.

– «Осы совхоз басшылары қызық, Сейітқұлға жіберген оқушыларға маған неге көмектес демейді?»

– «Осы совхоз басшылары қызық, Сейітқұлдың шөбін жер қара, күн жылыда тартып береді, ал маған тышқан ізін салған жоқ».

– «Осы совхоз басшылары қызық, саулық қойдың ең іштісін, егіз қозылайтынын Сейітқұлға жиып-теріп бергені несі?»

– «Осы совхоз басшылары қызық, Сейітқұлды екі күннің бірінде ауданға, облысқа, тіпті анау Алматыға машина жіберіп, шақыртып жатыр, мал-жанына сен ие бол. Ой, пәтшағарлар-ай, «ие бола тұрыңыз» демейді, «ие бол!» деп кесіп айтады. Егер есептеп беретін есі бар адам табылса, Сейітқұлдың қойын одан гөрі мен көп бағып келемін».

Сонсоң ол «жоқтан өзгеге басымды ауыртып қайтемін», – деп өз-өзіне басу айтады. Сонсоң, құдық қазушы сырықтай ұзын Серік ыңылдай беретін әуен қайдан есінде қалып қойғанын білмейді, әйтеуір сол түсініксіз де мұңдылау әнді ысқырып, әлгінде ғана алай-дүлей болған көңілін жұбататын. Бұл оқиға кеше еді ғой. Бүгін болса мынау, бір қызығы, Бархан күнде ертеңгілік тұрғанда мұны да ауданнан машинаға салып, алып кететіндей сезінетін. Тың-тыңдап, сол үлкен қаладан – шулы өмірден шұбатылып келер қара жолға көз сатып, әйтеуір бір бедеу үмітпен ұзақ-ұзақ қарайтын. Тағы ешкім жоқ... Қыл аяғы қара құйрық та, былтыр қолынан жем жеген қара құйрық та, шаң бермеді-ау. Жасқана күрсінетін... Қатты күрсінсе әлдекім естіп қойып, «ел аман, жұрт тынышта неге уһілейсің, не жетпейді саған» деп ұрсардай қорқар еді. Қазір де сол шулы өмірден жалғасар шұбатылған жолға көз қиығын тастады да, көңілі әбден қалғандай жанарын тез тайдырып әкетті, бұдан соң бір құшақ сексеуіл құшақтап, үйге қайта кірді.

Үш жігіт басын басып кетсе де, қыңқ етіп сезер емес, өлі ұйқы қылғындырып, қор-қор етеді. Енді ғана кірпігі кірпігіне айқасқан Жұмагүл кішкентай қызына омырауын емізген күйі ол да әдемі ұйқыға берілген. Бархан әйелінің ашық қалған төсіне бұрынды-соңды бола бермейтін лыпыған сезіммен таңырқай, қызықтап, сексеуілін құшақтаған күйі серейіп тұрып қалды. Тәңірім-ау, он бес жыл бойы қалайша байқамаған. Таңғы нұр құйылған жұбайының қос анары не деген аппақ еді; құдайым-ау, шынымен-ақ анау сәбиін бауырына қысып, күнәсіз сүп-сүйкімді болып албырап жатқан өз әйелі Жұмагүл ме?

Бархан сексеуілді пеш қасына оқыс тастай беріп, жүрегі тулаған күйі еңбектеп, әйелінің жанына барды. Сексеуілдің бұтағы секілді тарбиған саусақтары дірілдеп, төсін ақырын сипай беріп еді, Жұмагүл селк етіп, шошып оянып кеткен. Сонсоң ол:

– Албасты, не көрінді саған, әбден таң атқанда? – деп көрпесін қымтап, жауып алды. Бархан сонан соң да, көпке дейін әлгі бір алғаш рет сең боп қалған сезімін қытықтаған әдемі әсерден арыла алмай жүрді. Баяғыда, ерте-ерте, ертеде... құм басып қалған асылын енді қайтып тауып алғандай алабұртты. Пештің отын тездетіп жақты да, қойды өріске айдады. Қайтып келіп қой қораның қиын апыр-топыр жалғыз өзі қаза бастады. Даңғарадай қораның жалғыз-ақ пұшпағынан – жалғыз күрек қи алынғанда әбден таң атып, анау белдің астынан күн жарықтықтың құлағы қылтиған. Сонау қырдың ар жағынан күннің шекесі көрінгенде Сейітқұл да тысқа шығып, керенау есінеген. Мұнан соң рақаттанып тұрып қасынды да, топ сексеуілдің түбін айналып кетті. Жастығына қарамай, ерте есейген кеспелтек денесі, аласа бойына қонымсыздау іркілдеп, алыстан қарағанда қорбандаған аюға ұқсайтын. Май баса бастаған соң ба, онсыз да қысықтау көзі шылқамай бетке кіріп, жоғалу сыңайда. Кеңкілдеп өп-өтірік күлуі, реті келгенде кеңірдектеп жеңістік бермей дауласуы, орайы келсе тізеге салып тізерлетіп, омырауға салып опырып жіберер оjarлық бас-аяғы бес-ақ жылда пайда болды. Озат шопан десең де Сейітқұл мен Барханның арасында жер мен көктей өзгешелік бар. Ол өзгешелік бәлкім, мінез-құлықта да, сыртқы пошымда да емес шығар. Ол өзгешелік тіпті, бұл екеуіне ғана тән емес, жер бетінде тырбанып жүрген пенденің бәріне ортақ қасиет те?

Топ сексеуілді айналып келген Сейітқұл сым тордың қоршауында маңырап өзіне қарай лап қойған қойдың бір-екеуін басқа теуіп жіберді де, есігін ашып қалды. Темір тордан босаған отар «әріптестерінің» оттауға бағана өріп кеткені жындарына әбден тиген болуға керек, алды-арттарына қарамай, боздақтап барады-ай. Сейітқұл күзғын сәріден тұрып алып, жыбыр-қыбыр мазаны алатын құс ұйқы көршісіне жек көре қарады. Әсіресе, биылғы мінезі ұнап жүрген жоқ. Ұят та болса, іргесін аластап, қоңсылыққа басқа қойшы сұрасам ба деп бір ойлады. Сонсоң, «Москвич» тұрған сарайдың тесігінен сығалап, машинасының

амандығына көзі жеткен соң, күпісін сүйреткен күйі үйіне қайта кірді.

Осы кезде бір апта бойы құдық қазамыз деп әуре-сарсаңы шығып жүрген үш жігіт те ербиіп далаға шыққан, олар да әлгі Сейітқұл паналаған топ сексеуілді бір-бір айналып, қой қорада ақ тер, қара тер қи ойып жүрген Барханның жанына барды. Әуелгі сөзді әрине, аға бұрғышы Серік бастады.

– Әй, құрдас, қазар көбейсін.

Екі жігіт тырқылдап өп-өтірік күледі. Бархан жауап қатқан жоқ. Маңдайдағы мөлдіреп-мөлдіреп тұрған таңғы шық секілді терді сұқ саусағымен сырып тастады да, борсып, сартаптанып жатқан қиды төрт бұрыштап алып аударып жатыр.

– Жарықтықтың иісін-ай, – деді Серік қидың шетінен опырып алып иіскеп. Екі жігіт мәз, тағы күлді. – Көршің он шақты оқушымен бір күн қазып әрең тауысқан қиды жалғыз өзің неше айда бітірер екенсің, жазған.

– Оған несіне басыңды ауыртасың. Жылда ойып жүрген үйреншікті шаруам, ешкімнің жаны қиналмас. Мені мүжігеннен бір нәрсе түсе ме, одан да беті-қолдарыңды жуып, шайларыңды ішіндер түге.

– Әй, адалым-ай, ертеңгі күнің не болар екен. Шайға өзің де жүр, сонсоң төртеулеп ойып тастармыз, бүгін жұмысты қойдық, жарты ғасыр қазсақ та бәрі-бір шықпайды су құрғыры.

Осы кезде үй жақтан «әй, шайға келіндер» деген Жұмагүлдің жіңішке дауысы естілді.

Бұлар дөңгелек столды қоғамдай отырып, құла шайды сораптауға кіріскенде, самолеттің даусы естілді.

– Сағат сегіз болған екен, – деді Бархан. Қолындағы сағатына қараған Серік таңырқап:

– Оны қалай білдің? – деді.

– Осы қыстақтың үстінен әрбір екі сағат сайын самолет ұшады, сондықтан сағат салмаймын қолыма, – деген Бархан түні бойы, қыңқылдап, ауырып шыққан қызын қолына алып. Жұмагүл самауырды тағы бір үстеп, шоқ салды. Серікке кезекті кесені ұсына беріп, көзінің астымен ұрлана қарап қойды. Сонсоң Барханға жалт бұрылды да, өз қылығына өзі ұялғандай жасып, жанарын төмен салды. Азғана уақыт меңдеген тыныштықты тағы да Серік бұзған:

– Құрдас, осы сен самолетке отырып көрдің бе?

Тосын сұрақ Барханды мұрттай ұшыра жаздады. «Не десем екен?» Аз-кем қипақтап отырды да шынын айтты.

– Жоқ.

Екі жігіт шайға шашала тырқылдай жөнеліп еді, Бархан одан әрі кірерге тесік таба алмай қысылды. Ал Жұмагүл болса, бетінен оты шыға, бүкіл семьясы, ата-бабасы атынан ұялды. Екі күлегешті Серік «Тәйт әрі, ырсалаңдамай» деп тиып тастады да, замандасының тотыққан тікенек-тікенек жез бетіне аяй қарады. Осының бәріне... көрінген жерді тыртықтап, айлап, жылдап құдық қазып су шығара алмай итшілеп жүрген өзін кінәлағандай, кесені асыға төңкерді де, далаға атып шығып кетті. – Әй, – деді үй сыртынан, – әй болыңдар, қораның қиын оямыз.

Сейіткүл атын ерттеп тұр екен, қой қораға бір-бір күрек арқалай жөнелген самаладай төрт жігіттен тайсақтағандай атының шап тартпасын тартып бүгежектеп басын көтермеді.

– Аман-ей, – деді Серік айғай салып. – Неғып мықшындап тұрсың, әйелің сау ма?

– Соқтықпай жүр, – деп қайырып тастады Сейіткүл.

Қызылқұмның арасындағы адасқан қаздай ғана төрт-бес адамның таңғы тілдесуі осымен тәмамдалды да, маңайды тағы мылқау тыныштық басқан. Осынау меңіреу тыныштықты тек әрбір екі сағатта әуелей ұшқан самолеттің гүрілі тілгілейді, – иә, тым-тырыс тірлікті тілгілеп өтеді.

* * *

Бархан қой соңына ерген жылдарда қаншама су ақты, қаншама жапырақ сарғайды, қаншама рет құстар келіп қайтты; құдай-ау, қанша рет самолет ұшып өтті... Тек баяғыда сусылдап, қоныс таппайтын ұшқалақ құмдар ғана іштей тынып, жым-жырт жатып алған. Қызылқұмның көшіп-қонбай безбүйректеніп, бүк түсіп жатуы бұл өңірді мекен етер елді елеңдетпей қойған жоқ. Қайсыбірі жаман ырымға жорыса, енді бірі «берекемізді алар сусылынан гөрі осы момақан мінезі дұрыс, құм көшпесе, жер беті құйқаланады. Шымданып шөп шығады, малға өріс болады» десті. Қазақпен бірге табиғат жарықтықтың құмы да ірге теуіп, отырықтануы, бағамдаған кісіге ғажап бір көрініс сезілетін. Баяғыдай емес, ит тұмсығы өтпейтін қалың сексеуілдің бұл күнде мінтеліп, етек-жеңі түріліп бара жатқаны Барханның қабырғасына қатты бататын.

Трос тағып, трактормен қопарып-қопарып, жөн-жосықсыз отынға жөнелтіп жатқан қайран сексеуілдің, әне, тек ойдым-ойдым орны ғана қалған. Тамырымен жұлып әкеткен әлгі сексеуілдің орны алыстан қараған адамға зенбірек снарядтары түскен ұлы бір ұрыс даласындай шұрық-шұрық жыртық еді.

Әлі есінде, баяғыда, баяғыда емес те-ау, үлкен ұлы туған жылы осы Қызылқұмның сексеуілі мен түзгені есен-сау шақта бұл өңірде аң-құстан аяқ алып жүргісіз еді. Қоймен бірге өріп, қоймен бірге жусайтын аң екеш аңның да тұқымы құрып, азып-тозып барады-ау. Бір-бір жеңіл машинаға мініп алып, шамын жарқыратып, таң атқанша не қасқыр, не қарақұйрық қуады. Қуатындардың көбі облыстан, ауданнан келіп ерігіп жүрген қызметкерлер болушы еді. Олардың анық кімдер, аты-жөні қалай, не қызмет істейді – Бархан күні бүгінге дейін білмейді. Білмейтіні – олардың қай-қайсысы да жол соғып шаршағандай болса, таңдайы кеуіп шөліркегендей болса, ат басын озат шопан Сейітқұлдың үйіне тірейтін. Әйтеуір, «Газ-69», «УАЗ» деген маркалы машина мінгендердің бәрі атқа мінер болып көрінетін оған. «Кеше кімдер келді үйіңе» деп тақуалап сұрар Бархан ба? Сейітқұл өз еркімен айтпаған соң, томаға-тұйық жүре беретін.

Барханның анық жыға танитыны «Талды» совхозының директоры, бас зоотехнигі мен бөлімше басқарушысы Әліқұл ғана. Әсіресе, Әліқұлды күншілік жерден шырамытар еді. Оны ылғи да Сейітқұл ауылдан өз «Москвичімен» арнайы барып алып келетін. Қонақасын беріп, түнеткен соң қыстақ маңында өріп жүрген сидам сирақ тамам түйе тауықтың екеу-үшеуін сойып, жүнін жұлып, машинасына тиейтін де, қайтадан ала жөнелетін. Әліқұл келген күні кеште Барханда тыным болмайды. Алдына тұрғызып қойып, дем алмастан екі-үш сағат жерлеп, жер-жебірі жекен суына жетіп ұрсатын, ал оның неге ұрсатынын әлі күнге дейін білмейді.

* * *

Ат үстінде алысқа қарап, мелшиіп тұрған Бархан күн ұясына қона қалың түлейдің ішіне бытырай жайылып кеткен отарын кіш-кіштеп жинастыра бастады. Қар баспаған жыңғыл мен изенге әбден құнығып алған, ақтылы қой айдауға көнбей, жер табандай оттап жүр. Күн қызуы ептеп қайтқан соң, Қызылқұмның ызғырығы есті. Бүгін болмаса ертең қылышын сүйретіп, жетіп келер қыстың тықыры таянғалы Барханда

маза жоқ. Бағымындағы 700 бас қойдың әзіргі күйі жақсы болғанымен, жаман айтпай жақсы жоқ, қар тобықтан жауып қалса қайтпек... Наурыздың қара суығында қарны жер сызып жүрген саулық жем-шөпсіз тістей қатып, іш тастамай ма? Тым болмағанда бірер машина шөп жеткізіп берсе...

Санасында масадай ызындап, тыныш таппаған осынау ойдан арылған күні өлетінін білді. Дәурені өтіңкіреп бара жатқан күздің соңғы сонысын қызықтап қалғысы келгендей, изенге тас кенеше жабысқан қой жан-жаққа бытырай қашысып, көпке дейін құрықты қолға қайыру бермеді. Өстіп арпалысып, әр саулықты сүйрелегендей боп қыстаққа беттеп келе жатқанда Талды жақтан құстай ұшқан машинаның қарасы көрінді. Тура Барханға қарай атылған оқ боп зымырап келеді.

«Әкесі өлгендей айдауын», – деді даусын шығара. Автоклубтың даңғарадай машинасы түп-тура жанына келіп, қойды үркіте солқ етіп тоқтағанда, Барханның жаман тырақысы да жалт етіп, үстінен бейқам отырған иесін түсіріп кете жаздаған. Кабинадан жап-жалпақ болып бөлімше бастығы Әлікүл шыға бергенде, Бархан әлгіндегі бір ешкім жоқта оқыс айтып қалған «әкесі өлгендей» деген сөзін шынымен-ақ біреу естіп қойғандай, шошынып қалды. Әлікүлдың «хал қалай?» деген морт сәлемін алған жоқ, бар болғаны қалбалақтап: «Мал аман, мал аман...» дей берді.

– Неғып дегбірің қашып тұр?! – Әлікүлдың жарқаштана шыққан о жар сөзін тағы да ести алмаған сыңайда. Жаман торысын тепендеп, тақай берді де: «ассалаумағалейкум», – деді күс қолын ұсынып. Қамшысы түсіп кетті. Басқарушы быж-тыж болды. Қолын қалтасынан алмай шіренген қалпы зілдене әмір берді.

– Түс аттан!

– Қой қайырусыз қалды ғой, үй жаққа барып әңгімелессек қайтеді.

– Әңгімелескішін.

Әлікүлдың апшысы тіптен қуырылды. Жел жақта арсылдап тұрған оның жайтаң аузынан ащы бір иіс мұңкіп Барханның қолқасын қапты. Ішпей жүргенде мас кісіше әкірендеп, әңгір таяқ ойнататын әкімнің дәл қазір қармағына жем болудың ешқандай реті жоғын сезді ме, атынан түсті де, бір басып, екі басып жасқана жанына барды.

– Сен оңбайсың, – деп бастады сөзін Әлікүл. – Он жыл болды сөзін осылайша бастаудан таңған емес. – Егер сен оңды шопан болсаң, менің төбем көрінгеннен қарсы шауып, қарсы алуың керек еді. Егер сен оңсаң...

– Әлеке-ау, сіздің төбеңізден көз жазып қала берем, ылғи да Сейітқұлдың қызыл машинасымен келуші едіңіз...

– Тоқтат! – деді қолын сермей кесіп айтып. – Көргенді шопан, сөзді бөлмес болар. Мен жаяу жүруден арланбаймын, қарапайым басшымын. Мына сендер жерден аяқтарың екі елі көтерілсе, едірендеп, ел үстінен құрық түсірмейтін. Өттең, сендейлерді менің орныма үш күн тағайындаса, Қызылқұмнан бір түйір қалдырмай сатып, саудалап жіберер едіңдер, мұндарлар.

Бархан көзін етігінің басынан алып, анадай жерде қыстаққа қарай жөңкіліп бара жатқан отарға аудары беріп еді, Әлікүлдың саңқ еткен үні селк еткізді.

– Оңбайсындар, қыс болса мынау, тойдан құр қалғандай сықсынып келіп қалған. Сен болсаң мынау, не қораңның қиы ойылмаған, не бүтінделмеген, жағаң жайлауда, есінеп-құсынап жүргенің. Анау өзің секілді, өзің секілді деймін-ау, боғыңмен жасты Сейітқұлды қарашы, қандай азамат, жем-шөбі мол, қорасы сандай, алты ай қыс болса да қыстырмаймын... деп отыр. Қырықтан асқанша қыртып, айналдырған алты жүз тұяққа ие бола алмай...

– Жеті жүз деңіз.

– Қарашо, жеті жүз-ақ болсын, какой разница... сөзді бөлме, өсетін, қосымша ақы алатын шопан сөзді бөлмес болар. Ал, сенде жиырма жыл мал бақсаң да анау есіктей кеудеңе қадар значок те жоқ. Ана...

– Он бес жыл деңіз.

– Қарашо, он бес... сөзді бөлме... ана өзіңдей, өзіңдей деп оттаппын-ау, қаршадай ғана Сейітқұлда бір емес, қос орден бар, осы бесжылдықтың аяғында тағы да наградаға ұсынамыз.

– Оныңыз рас.

– Не рас.

– Сейітқұлды наградаға ұсынатыныңыз деймін, аға...

– Е, солай жөніңе көш, қалқам. Қалай, мал-жан аман ба? Келіннің дені-қарны сау болар. Балалар өсіп жатыр... Кешке Сейітқұлдың үйінде жолығармыз. Әйда, отарға шапқыла.

Қане, шапқылашы қойға қарай, мен артыңнан қарап тұрайын. Шапқылай бер, жарқыным...

Әліқұл осы сөзді асығыс айтты да, автоклубқа мініп, қыстаққа қарай доңғалай жөнелді. Атына мінбей аң-таң селтиіп тұрған Бархан екі кештің арасында зымырап бара жатқан машинаның соңынан көпке дейін көз алмады.

Осы мезетте Барханның дәл үстінен тағы бір самолет ұшып өтті...

* * *

Бүгін құдық қазушылар келмеді. Тегі ауылға қайтып кетсе керек. Күнде кешке саймандарын сылдырлатып, желіп келетін үш жігіттің орнын жоқтағандай, Барханның қыстағын асыранды көңілсіздік қайта басты-ай. Қойды қотандап, бәкүн-шүкүн шаруамен сыртта көп айналғаны – үйге кіргенде көрері де, естірі де бәз баяғы... екенін білгені және осы көңіл қалды тірліктің өзі әбден зерезеп қылғаны еді. Бағана бөлімше басқарушысы машина ойнақтатып кеткен соң да, ертеңгі атар таң, кешер ғұмырына көз салған, шабандау болса да ой жүгірткен-сымақ болған. Көсіле шабар, иә немесе көлдей толқып шығандап, шалқыр мардымды ойдың жалына жармаса алмағанымен, жеті жүз саулықты өлім-жітімге ұшыратпай қыстан қалай алып шығамын, қалай төлдетем, бесжылдықтың айқындаушы жылында 140 қозы ала аламын ба? секілді тағы сол үйреншікті, он бес жылдың бедерінде санасына қонақтаған ой – баяғы ой тыныш таптырмаған. Ол тіпті Әліқұлдың бақырып-шақырған сөзін шыбын шаққан құрлы көріп, елеген жоқ. Оны бас қатырып есіне де түсірмеді, тек күндіз-түні көлеңкедей көлеңдеп, еріп қалмайтын өз пікірі, өз мақсаты – өз иманымен әуре-сарсаң.

Қағынып-сілкініп үйге кіргенде Сейітқұл «движогін» от алдырған. Қатар отырған екі қыстаққа бір мотордан берілетін. Сейітқұл аға шопан саналғандықтан «движок» та соның иелігінде: көңілі түсе от алдырады, көңіл хошы жоқ болса, «бұзылып тұр» деп Барханның үйін май шамға қаратады. Мотор дырылдай жөнелгенде ең әуелі анау Сейітқұл отарының шыр айналасы самаладай жарқырайтын. Аямай-ақ онды-солды орната берген электр лампалары бейне-бір шаһар көшелеріндей көз қарықтырады. Көз қарықтыра жайнап, алыстан қарағанда адамға осынау шағыл-шағыл құмның ортасында отырған тіпті

қойлы ауыл емес, Ніл бойының түнгі аспаны бір пұшпағын кесіп алып осында тастап жібергендей, сонадайдан жымың-жымың сиқырлы сәуле шашар еді. Сейітқұл соңғы рет облысқа жиналысқа барып келгелі әр лампаны сан түсті: қызыл, жасыл, көк, сары бояумен бояп қойғаннан бермен тіпті ғажап көрініске бөленген. Ал, Барханның екі үйінде екі жарық, есік алдына бірді орнатып бер, түнде күзетке шыққанда құлай берем деп қолқа артқанына үш жыл болды, «мотордың қуаты жетпейді» деп міз бақпады. Расында да, ескі ай батып, жаңасы тумай, өліара болып тұрған шақта түн түнекті жамылып, қоздайтын саулықты бас-басына түгендеп шыққаннан азап не бар? Қолында фонарь болушы еді, оның да батареясы таусылып, қаңсып көрінген жерде шашылып қала беретін. Айналасы ат аунағандай ғана ойпаңда бірге, бір мақсатпен өмір сүріп жатқан екі қойшының екеуі арасындағы осыншалық кереғар, таңба басты айырмашылықтың сыры неде?– осының түп тамырын іздеп, сарсаңға түсер Бархан ба? Барханның міндеті – өз ісіне адал, бүлкек-бүлкек желіп, шаруасын тиянақты атқару; атақтың, құрметтің; аяққа тұсау, арқаға артық жүк болар байлықтың, тіпті аспандағы жұлдыздай түнде бар, күндіз жоқ қылтқып кеп тұрар алдамшы бақыттың да бұған бес тиындық құны жоқ.

Шам жана шайға отырған шағын семьяны өзгеше қоңыр, іргеден күздің қара суығы аңырағандай, аса бір көңілсіздік басқан еді. Әркім өз ойымен болып, оңаша тұнжырған. Бес жасар қыз Әтіркүл «әкелеп» Барханның мойнына асылып еді, «қоңыр қозым» деп мекірене маңдайынан иіскеді де, «шешеңе бара ғой»,– деп тезірек жөнелтіп жіберді. Күні бойғы салаң-салаң ат үсті жүріс енді ғана бел шеше білініп, екі қарасаны шоқпармен ұрғандай талып жатқан. Қырықтың бесеуіне ілінбей-ақ, кәрілік деген иттің қаба бастағаны ма? Бұрын мұншалық бой-бойы салдырап, ондырмай сойылға жыққандай езіліп, шаршамаушы еді ғой. Баяғыда ауданның атақты шопаны атанып, сый-құрметке қолым міне-міне жетеді деп, дәмеленіп жүрген шағында, тіпті талдығу... жалығу дегенді білмейтін, қайта жап-жас бала Сейітқұлдың еріншектігіне налып, «әй, інішек, ерте тұрғанның бір ісі артық деген, жайбасарды – май басар. Елгезек бол» – деп ақыл айтатын. Сонда Сейітқұл күліп:

«Ой, отағасы десе, асықпаған арбамен қоян алады, жүгірген алмайды, бұйырған алады» деген нақылды қазақем бекер

айтпаған» – дейтін де теріс қарап қор етіп қаперсіз ұйықтап кетер еді. Енді ойлап отырса, сол, Сейітқұл сөзінің жаны бар екен, әне бұған бұйырған бар дүниені сол, кешегі тоңқайып пыс-пыс ұйықтап жатар көмекші бала еншілеп кетті; әне, сол жайбасардың асығы алшысынан түсіп отыр.

Барханның ойын Жұмагүлдің майда үні бөлді.

– Құдық қазушылар, тегі, бүгін келмейді-ау... – Күйеуі үндемеген соң мұная бір қарады да, терең күрсінді... Былайғы жұрт байқай бермейтін үлбіреген мамық сағыныштың әрі рақат, әрі тұншықпа жұмсағына батқандай. Сол сағыныштың ба, әлденеге өкінудің бе – әйтеуір, бір жіңішке шарасыздықтың шарабын сіміргендей, шамның болымсыз жарығы түсіп, боталай жасаурап тұрған жанарын майда жұмды. Жұпыны ғана үйдегі жұбайлар тірлігі жалқы сәт жусап, жалқы сәт мызғи бергенде, үйдің іргесі дыңылдап, қабырғасы солқылдап, жер сілкінгендей тербеледі-ай.

– Бармаймын! Атып жіберсе де тырп етпеймін ғой осы, – деді Бархан жүкке арқасын тістене тіреп.

– Неге? Неменеге бармайсың? – деді аңқау әйелі.

– Әй, Жұмагүл-ай, бес жылдан бері осы үйдің бұрышы солқылдаса, Упр шақырып жатқанын сезбей-ақ қойдың-ау. – Бұл қыздай алған өз қосағына тұңғыш рет ренжігені-тін.

– Е-е, – деді Жұмагүл самауырынның суын сарқып. – «Айғай ағам» келіп қалған екен ғой.

– Иә, келіп қалғаны да... Қой, барып бір-ер сағат лекциясын тыңдамасам, құйрығына қауға байлағандай тулап жүрер.

– Бар, – деді әйелі, – бар, тыңда, тыңдай бер, басыңды шыбындаған атша шұлғи бер. – Бұл Жұмагүлдің жігіттей қосылған қосағына тұңғыш рет тік айтуы еді.

Бархан далаға шыққан соң өз тамы мен Сейітқұлдың үйі арасына керіле тартылған сым темірге жиіркене қарады. Оны бұдан тағы бес жыл бұрын Әлікүлдың бұйрығы бойынша орнатқан еді. «Мен келген сайын озат шопан басыңмен бала құсап безектеп жүресің бе? Жүгіртіп жіберетін қолды-аяқты балаң жоқ. Одан да саған мен бір адам білмейтін әдіс айтайын. Анау есік көзіндегі ат байлайтын мама ағаштан Барханның үйінің бұрышына сым темір тартып таста. Шырағым, мұның өзі – аға шопанның телефоны секілді, қатып кетер еді. Бархан керек бола қалса, есік алдына жүгіріп шығасың да, сол сым темірді бар пәрменіңмен періп-періп қаласың. Жаман үйі

поездың үстінде келе жатқандай солқылдап кеп бергенде... ха-ха... Бәкең аяғын қолтығына қысып алып, безектесін.

Сонда Сейітқұл кеше ғана ағасындай болған Барханнан ұялды ма, «кішкентай сәбилері бар, шошымалды болып жүрер» деп тартыншақтаған. Бірақ, артынан бөлімше басқарушысы із суытпай жиі келіп, ары-бері жүгіре-жүгіре шаршап қалар болған соң, «телефонды» орнатып тынған. Пенде шіркіннің үйренбейтін, көнтулаққа айналмайтын кезі бар ма, Барханның үй іші де бұл құқайға ырықтанғандай еді.

Әлікұл өзінің меншікті орнында бір шынтақтай, балшықтан соғылған орыс пештей боп теңкиіп жатыр екен. Алды-арты құс жастық. Қазіргі қалпында ер-азаматтан гөрі, кеше ғана босанып, қалжа жеп, сорпаланып жатқан әйелге көбірек ұқсайтын. Барханның ойына осы азғырынды салыстырманың қайдан ғана сап ете қалғанын шыдай алмай мырс етіп күліп жіберді. Упр:

– Неменеңе жетісіп күлесің-ей? – деп жекірді.

– Жәй, өзім ғой, ағасы.

– Сен ағасыны қой, неге күлгеніңді айт.

– Жәй өзім ғой, аға.

– Сен, «өзімді, өзім ғойды» – қой, неге күлгеніңді айт.

Әңгімеге Сейітқұл килікті.

– Отағасы десе, Бәкеңнің ойына әлдене түсіп күлгенде.

Несіне тақуалайсыз.

Ол бұл сөзін иесін көрген иттей еркелеп, ыржалақтай айтты. Сосын дастарқан басына жүрелей отырған Барханға стақанға толтыра арақ құйды, жартылай желініп, тоңазып қалған етті табағымен жылжытты. Әлікұл әпігін әлі баса алмай отыр, жұрттың көзінше осына ешкімге жалынуды, жалпақтауды білмей, өз бетімен оттап, өз бетімен жусайтын жүген-құрыққа ырық бермейтін тоңмойынды мықтап тұрып, мұқатып алмақ сыңайда. Шынында да, Барханның үйінен Әлікұл басқарушы болғалы бір малдың басын мүжімепті. Бұл не деген масқаралық!

– Сайтан қытықтағандай күледі-ей, жоқ-ау, несіне жетісіп күледі деймін-ау. Он жыл болды, жүзіне 110 қозы, әр қойдан 2,5 килограмм жүн қырқып келеді, не озбай, не қалмай сүмендейді де отырады. Қырықтан асты, медалі жоқ... күлгені несі, жүдә.

– Қойыңызшы... Отағасы десе, Бәкеме тіпті сол сый-құрметтің керегі шамалы-ау.

– Әй, қара құрт шаққандай қипақтамай отыр. Сенің де сырың белгілі. Иә, бұған түктің, еш нәрсенің абсолютна нарқы жоқ, подумашь қызықтырмайды... Рас, итке темір не керек.

Әліқұл шаптығып, тіл тигізе берген соң Бархан алая қарады да, тамағын кенеп ырғалды. Бұдан соң бет-аузын күректей алақанымен құшырлана уқалап әкелді де, жұдырыққа айналдырып, өз тізесін өзі бір нұқыды. Көршісінің мәңгі бақи ұйықтап келген арыстан ашуы атылмай тұрғанда екі жақты бірдей бітімге шақыру ниетімен Сейітқұл болымсыздау әзіл тастады.

– Отағасы десе, әзірде сіз қара құрт шаққандай дедіңіз.

Бағамдап отырсам, сол қара құртты біз де жейді екенбіз-ау.

– Кет-ей, оттамай, – деді Әліқұл бар денесімен еңсеріле бұрылып.

– Рас айтам, отағасы десе. Тіпті қазір жеп отырмыз.

– Ал, дәлелде.

– Не дәлел керек. Өйткені, қара құртты қой жейді, қойды біз жейміз.

– Ой, ит-ай, ойлап таппайтының жоқ-ау. – Әліқұл ірі денесі саба піскендей іркілдеп, рақаттана қатты күлді. Бархан болса алдында мөлдіреп тұрған жоян стақан араққа телмірген күйі езу тартпастан сұлық отыр.

– Ей, – деді упр, – сен неге күлмейсің, понимаешь.

– Сіз ұрсасыз ғой.

– Неге?

– Күлсем деймін...

– Фу... понимаешь, мынау не деген мылжың еді. Мен ұрыссам, қоса ұрыспайсың ба? Давай, анау алдындағы арақты ішіп қой, сосын сөйлесерміз.

– Мен қашан ішуші едім, ағасы. – Бархан алдындағы мелдіреп мұрын жарып тұрған арақты ары таман қолының сыртымен ысырыңқырап қойды. Әліқұл енді оң жақ жамбасына аунап жатты. Шынтағындағы жастық бір уыс болып иленіп қалған.

Сейітқұлдың әйелі ас үйге кіріп-шығып, ыдыс-аяқты жинастырып, шай қойып, тыным таппай жүр. Өзі де тасырайған, қара торының өңдісі еді. Маған десе, алдында әкесі тұрсын, бетің бар, жүзің бар демей, дүрс еткізіп турасын айтатын. Бархан оның жайтаң қағып, лыпыған жүрісі мен бедеу бейнесіне көзінің астымен барлай қарап отырып: «Жұрттың қатыны да өзіне тартып туады?» деп ойлады.

– Сонымен, – деді басқарушы, – бағанағыдай емес, дауысын қоңырлай созып, – арақ ішпеуші едім де. Жө-ө-н, әттең заманнан не бұрын, не кейін туғансың. Колхоздың қара өгізіндей жұмысты мұрның пысылдап, істейсің келіп, істейсің келіп, жарқыным-ау, қазір өгіз адам емес, түлкі адам керек бізге. Мына өзіңнен он жас кіші Сейітқұлды қарашы, майға тыққан күміс қасық секілді, иненің көзінен өтердей болып, жылпылдап тұр-ау, жылпылдап тұр. Анау күні жұмысшылар комитетінің жиналысында қалай қатырып сөйлеп берді. Әй, бала, – деді Сейітқұлды сұқ саусағымен нұқи. – Сен ғой, сонда аздап бөсіңкіреп жібердің, ә... понимаешь...

– Отағасы десе, өзіңізден озып қайда барам... Ептеп су қосып, ұрып жібергенім рас.

– Айттым ғой, бұл түлкінің күшігі өлмейді деп. – Мэз болып күліп алды. – Ал жігіттер, – деді бұдан соң, – мал қыстатуды, ойдағыдай аяқтап, көктемгі төл алу науқанына сақадай-сай болу үшін осы тосты алып қоялық. – Өзі қырлы стақандағы шүпілдей толған арақты аузына апарып, ақтара салды да, шеңгелдеп-шеңгелдеп ет асады. Екі ұрты бұлтылдап, шайнаң қаққан Әліқұлдың қап-қалың қорасан бетіне қарап отырып, тойып қалғандайсың.

Барханның бағана кеткісі келген.

– Ағасы, ақылыңызды айтып болсаңыз, қайтайын деп едім. Әлгі кішкентай қызымыз да аузы уылып, ауырып жүр еді.

– Сен кеткенді қоя тұр, – деді аузындағы етті шайнап біте алмай жалмаң қағып. – Осы бесжылдықта жүз қойдан қанша қозы өндіретінінді, әр бастан неше килограмм жүн қырқатыныңды айт. Кіммен жарысасың? Тағы да мына Сейітқұлмен бе? Айтпақшы, бағана өріс басында қатты кетіппін, кешір, білмеген у ішеді деген осы емес пе, қораның қиын тазалап тастаған екенсің, көрдім, оныға рақмет. Бірақ анау он күн бойы он жерді құр бекерге қазғылап, көзге тамызатын су шығара алмаған құдықшы қуларды үйір қыла берме, олар бүгін қи тазалауға көмектесе, ертең, әйеліңе... тоист, басқасына көмектесуі мүмкін. Ол дала безер бездельниктерді мен ауданға айтып, аяғын аспаннан келтірейін, понимаешь, ал бара бер?

Бархан шығып бара жатып:

– Биыл Сейітқұлмен жарыспай-ақ қойсам қайтеді. Бәрі бір оздырарсыздар... – деді. Көршісінің бұл астарлы сөзін бөлімше басқарушысы ұқпағанымен, Сейітқұл аңғарып қалған.

Мысқылдай мырс етіп күлді де: «Өзіңіз білесіз, отағасы десе, маған бәрібір.

Атақты Жазылбек Қуанышбаевтың өзімен рұқсат етсе, жарыса берем», – деді. Әлікүл айғайға басты:

– Сен немене, понимаешь, соц. соревнованиені қылжаққа айналдырасың? Саяси сауатсыздық бұл. Әй, Сейіткүл ком-муниссің ғой, мына мотының сауатын аш. Баяғыда партияға мұны емес, сені алғанымыз қандай дұрыс болған, бәрібір көгертпейді екен.

Бархан ары қарай тыңдаған жоқ. Есікті тарс жауып шыға жөнелді. Әлікүлдың «понимаешь жаман айғырға жал біте бастапты» дегені босағаға қыстырылып қалды.

Аспан ашық, түнгі ауадан күздің қара суығы сезіледі. Қас қарайып, алқара көктегі сансыз жұлдыздар тым алыстан сиқырлана көз қысысады. Сол түп-тұнық аспаннан самолет ұшып барады-ау. Гуілдеп, жүрекке нендей бір қаяу тастар үнін естігені болмаса, Бархан сол «құсты» әлі көрген жоқ. Көргісі-ақ келетін, ұшқысы-ақ келетін құрғыр, жол түспейді. Өз қыстағының дәл төбесінен ұшар самолетті, кейде ойша санайтын. Және қай уақытта өтерін де жатқа айтар еді, бірақ сол шіркіндердің қайдан ұшарын, қайда қонарын, қандай адамдар ұшып бара жатқанын білмейтін. Оған төбесінен өткен самолеттің бәр-бәрінде өңкей бір төрт құбыласы тең, қағанағы қарқ бақытты адамдар мініп отырғандай сезілетін.

Неге екені белгісіз көңілі жасып, үйге кіргісі келмеді. Анадай жерде үркердей үйіріліп, жусап жатқан отарын бір айналып шықты да, екі қолын артына ұстаған қалпы құм төбеге қарай асықпай аяңдады. Күндізгі өкпек жел толастамай, түннің бар еркіндігін өзі билеп-төстеп, еркелей еседі. Жылдар бойы суырыла-суырыла есіліп қалған бұйра құм баяғыша жер бауырлап, сусымай, албатты лағып көше бермей байыз тауып, біржола қоныстанған. Соңғы кезде Қызылқұм мінезі мүлдем өзгеріп, мынау қазақтарша отырықшы болғандай еді. Арпалысып, көшіп-қонып жатар мазасыз дәурен әлдеқашан қош-қошын айтып, ендігі бұйығы да жуас «Сен тимесең, мен тимен» тағдырды таңдап алғандай еді. Сумандап кеп, сусылдап кеп суыртпақтала жортар жорға жүрісі саябырсып, тобан аяқ болып, томпайып-томпайып қалған құмдақ, енді саябыр тауып, қызыл күреңдене топыраққа айнала бастаған. Төбе-төбенің шекесінен мап-майда ұнтақ құм ғана жылбысқы жылжиды.

Оның өзі де ендігі пананы мал тұяғы мен қотан, қораның іргесі яки, киіз үйдің маңайынан іздеп, үп етіп жел тұрса болды, төрге шығады. Егер шайнап қалған асыңнан шақыр етіп құм шықса, әлгі тұқымы азып, есік көзінде қалған қайран құмның адамдарға көрсеткен ақырғы қысастығы сықылды еді. Ең ғажабы, осына жота көрсетіп, беріштене бастаған құмның әр жері сорланып, ақтаңдана жауырға айналған. Бұл өңірде тұз төгіп тастағандай әктеніп, шыт-шыт айырылып жатар жер барған сайын молайып келеді. Әлгі аппақ сортаңға тіл тигізсең – ап-ащы.

Осыншалық кеспірсіз ұлан-ғайыр даланы шекпен киген қазақтың ғасырлар бойы қимауы, анау қып-қызыл, әрі сұп-сұр жосыған құмды жер жәннатына балап, қаншалық қорлық, қаншалық зорлық көріп азсын, тозсын, таңдайы кеберсіп, шөлден қаталап өлсін, жан бағып, өзге ел, өзге жұрттан жұмақ іздеп, кешіп кетпей, осы сорда, осы қатыгез құмда рақаттана жан тапсыруы – неліктен? Кей күндері мынау шымдауыттана бастаған құмның сынсып, әлде бір аянышты үн шығарарын, кейде мынау тарихтың бар шежіресін қойнына тығып, бүк түсіп жатқан қызыл құм өз-өзінен өксігендей, демігіп, сырылдарын Бархан естігендей болушы еді. Сонда жаздың жаймашуақ күндерінің бірінде киіз үйдің керегесін түріп қойып, таң атқанша құлақ түрер еді. Құлақ түре-түре өзінен басқа тірі жан естіп, ұға бермейтін сыбыр естігендей екі көзін тас қып жұмып, елітетін, ерте – тым ерте айырылған әке-шешенің сол қызыл құмның астынан әлдиі талып жетіп, мәпелеп тербеткендей, жабырқаңқы жанын уатқандай болушы еді. Содан айдың аппақ нұрына шомылып жатқан сонау құм төбелер жазықсыз жапа шеккен, өмірден өз орнын, өз еншісін, өзіне лайық сый-құрметін ала алмаған жандардың моласына ұқсар еді. Сол, ай астында мұнарланған құм төбеге өзінің де әні-міне айнала бастауы есіне түсіп, селк етіп шошынып, керегені оқыс жауып алар еді...

– Иә, құм жылайтын...

– Иә, құм сөйлейтін... Иә, құм жырлайтын...

– Иә, құм толғайтын...

– Иә, құм ән айтатын...

– Иә, құдая құм күлетін, кәдімгідей сақ-сақ күлетін...

– Иә, құмның даусы қандай әдемі еді десеңізші. Көзден де, көңілден де шалғай ұжмақ дүниеден хабар жеткізгендей, сол бір тым алыста, әрі тым жақында жатқан сиқырлы дүниені аңсап,

жалғызсырағанда, жабыққанда айтар әсем әні, әмәнда ұзақ-сонар толғауға барып, бебеу қаға тоғысар еді. Қызылқұмның тілін тек өзі ғана білетін Бархан онымен күбір-күбір әңгіме шертісер еді. Шынында да, ол ғажап үн естігендей өзгеше бір шыншылдықпен иланатын. Ол өзінің ішкі үні, сырласар, мұндасар адам таппағанда сөйлеп қоя берер жан сарайы екенін ұға бермейтін, оның құлағына, тәңірім-ау, әйтеуір үн келері хақ еді.

– «Күні кеше жер қайыстыра жортып жүрер аң-құс қайда?»

– Бір жағы Жамбыл, бір жағы Фрунзеден келіп түні бойы машинаның жарығымен аулап құртқан».

– «Ей, Қызылқұм, баяғыдай неге көшпейсің?»

– «Көше бергеннен көрген пәтуаң кәне?»

– «Адамдар үшін жалғыз жұтым суыңды неге қимайсың? Қазған сайын қаша бересің».

– «Қазір адамдардан су ғана емес, табиғаттың орман-тоғайы, аң-құсы бәр-бәрі қашып барады».

– «Ей, Қызылқұм неге күлесің?»

– «Сені мазақтап... Алдындағы малдың амандығына мәзсің. Жалпақ жаһанда не болып жатқанынан хабарың жоқ. Ана самолеттер қайда ұшты? Онымен кімдер ұшуға міндетті?»

– «Менен гөрі Қызылқұмның тірлігі озық,– деп ойлады бұдан соң Бархан. – Қыста сұп-сұр боп, қанын ішіне тартып, кетеуі кетіп жатқанымен, көктем шыға құлпырып, қып-қызыл қызғалдақтан көйлек киіп сексеуілі мен түзгені, жыңғылы мен изені жайқалып, азын-аулақ адасып жүрген аң-құсымен ойнап, қуанышы келте болса да, мәз-мейрам. Ал мен, менің түрім мынау: ес біліп, етек жапқалы көрген қызық, кешкен ғұмыр – қараша үйдің түтінін түтетіп, арқандаған аттай қотаннан ұзап шыға алмаймын шырғалап, жоспар орындау, міндеттеме қабылдау, Сейітқұлмен жарысу, өмір бақи озбайтын жарыс... Әлікүлдың айғайы... Дегенмен осындай тасбақа тірлікті тастап кетпей, төзудің өзі – ерлік екен-ау... Өзіңнің адалдығына – өзің сенуің батырлық екен-ау».

Құмтөбенің басында күпісін жамылып, омырауын аңырайта аша сонау батысқа қарап ой үстінде тұрған Бархан тағы да, тағы да сол көп кешеуілдемей, салып ұрып келер қыстың қамын ойлады. Бұл өңірдің қысы қызық, алдамшы болушы еді. Жер бауырлай сусып соғар үскірік желі құм мен қарды

араластыра ұшырып, бұйрат-бұйраттың ықтасынын, сексеуіл мен жыңғылдың түбін қасат қармен қымтайтын. Құм жалдың үстін қар жалдары жауып, шымқай құрғақта сары аяз буады-ай. Жұмсақ жылдары төрт түлікті ылғи тебінмен шығаратын ел кейде қамсыз қалып, жемшөптің тапшылығынан малын жұтқа ұшыратып алатын. Жайшылықта отарды неғұрлым қалың құмның ара-арасына өргізіп, ықтасын қуып, қыстақтан жылыстай жылы жер, соны тебін іздеп кетер Бархан енді елмен бірге меншікке тиер жемшөпті сығымдап, қой қоздар шаққа сақтар сақтыққа көшкен. Мұндай ауыр жылдарда төлдемейтін бойдақ мал болса, қардың шеті тесіле кең жазира, құйқалы жер Арқаға айдап кетер еді. Қарындары жер сызып жүрген саулық қолды байлайтын.

Анау жылдар жақсы еді... Ақпан айында май тоңғысыз жылымық тұратын. Бетін қар қабыршақтары күптеген құмды көсіп қалсаң, буы бұрқырап, жып-жылы леп шығатын. Әсіресе, шабылып құм көшкенде қатты суық болмайтын. Егер мелшиіп, үн-түнсіз тұншығып жатса, екпіні жоқ, өті қатты қара суық сексеуіл сындыра зәрін шашатын, кәрін тігетін. Жарықтық құмның ара-тұра көшіп-қонарына не жетсін. Не нәрсе де қоныс аудармай, жер тағандап жатып алса, көргені де азайып, қатыгезденіп, жидіп кетеді білем. Ие, көшу керек-ау... Бірақ, қайда?

Қыста мұның сенері совхоз берген там-тұм азық емес, анау құмның арасындағы аяз бен қасат қарға ырық бермей тұрар кемпіршаш, күйреуік, дәндіқара секілді малға жұғымды, жұмыр шөптер. Биылғы қыстың қандай айбармен келерін күні бұрын болжау қиын. Түлкі бұлаңға салып алдап кете береді. Табиғат жарықтықтың да соңғы жылдары осындай бір мінезсіз, жұмбақтана қылтқып тұрар қылығы кісінің жынына тиетін. Ал совхоз болса, Сейітқұлдың қорасын тотияйындай көкпенбек шөпке толтырды да Барханды ұмыт қалдырды. «Беретін шығар, – деді күбірлеп – кешіксе де жеткізіп берер...»

Құмтөбенің басында тұрған Барханның көз алдынан қара құйрық жүгіріп өткендей болды. Бұл не, елес шығар... жел барған сайын ішін тартып, үдей соқты. Отар үркердей үйіріліп, әне қаперсіз жатыр. Сейітқұлдың қыстағы самаладай жарқырап, көз шағылыстырады, сайқалдана көңілді қытықтайды. Өзі қаперсіз ұйқыға берілген-ау, сым шарбақтың ішіндегі қойларды даланың бөрісі түгіл (егер бар болса), қаланың әккі ұрысы ебін

тауып ала алмайды. Ол айтады: «Тордың сыртынан тағы бір тікенек тор тартамын да ток жүргізіп тастаймын. Сөйтіп, қой күзету деген ата-баба азабымен мәңгілік қоштасамын», – деп. Сонда Бархан айтқан: «Қойды күзетпесе несі қызык»

«Тіршілікшіл, әйтеуір арам өлмейтін жігіт» – деді ішінен.

«Тіршілікшіл» жігіттің үйінде қонып қалған Әлікүл тәлтіректеп далаға шықты. Электр жарығымен шағылысып, от болып жанған қойлардың көзіне бағжия қарап, арбасып тұрды да: «Понимаешь, дәл Бархан сияқты бедіреюін» – деп қолын бір сілтеді де, үйге қайта кірді. Бағана ғана ашық тұрған аспан да, сол аспандағы сансыз жұлдыз да – жым-жылас, әлдекім теріп алғандай. Табанының астынан басталып, анау Бетпақ далаға ұласар шетсіз де, шексіз құм дариясы бейне бір асау толқынды, асығыс толқынды теңіз жалдарының бақилыққа қатып қалғаны іспетті, өркеш-өркеш, бұйра-бұйра. Әлдебір әннің қайырмасын жалықтыра қайталап, күй сандықтың инесі бір орнында тұрып қалғандай, ызың-ызың үн шығады. Сол үнге желге бетін берсе де, белін бермей сидам тұрған сексеуілдің уілі қосылып, Барханнан басқа ешкім ұға алмайтын, әлдебір әнді шырқағандай. Тіпті бұл өзге жұрттың құлағына ән емес, жыр емес, толғау емес – зарлаған жоқтау сықылды естілері де мүмкін-ау. Өзге жұртқа құлазып, тісін шақұр-шұқыр қайрап, қағынып жатар Қызылқұм – аңызға айналған аңызак шөл даланың – кейуана жердің мәңгілік мойымайтын, мәңгілік өзгермейтін қайратты да қайсар мінез-құлқын танытар ұлы елдің бел баласы екен-ау... «Осына кенезесі кеуіп, ерні кеберсіп жатар ен дала – қолқаны қабар жалмауыз құмда не құты қалды екен бұл елдің? Құдіретті қуатқа толы ғажап сиқыр бар ма?! Құдая-ау, сол кезде баяғы қытықшыл, жас ботаның телпегімді ала қашып ойнағанындай қылықтарын күрт өзгертіп, не буырқанып, ашу шақырмай, жер бауырлап өксіп жатып алғаны несі? Қайда, кешегі сусылдап, әндетіп, қым-қуыт көшіп қонар көшпелі құм? Қайда, көшпелі құм?

Барханның ойын тағы да көз алдынан өткен елес бөлді. Алғашқыда селк етіп шошынып қалғанымен, еті үйрене, шынында да түн ішінде елбеңдеп жүрген не нәрсе дегендей алыстан өлеусірей түскен шам жарығы сәулеленіп тұрған маңайына көз талдыра қарады. Үдере соққан жел ызыңынан өзге дүние қараң. Аспаннан айрылған жер ғана қара жамылып қорқынышпен қарауытады. Анда-санда осы етпетінен құлап,

талықсып жатар жарықтық деміге ұзақ жөтелгендей, күрк-күрк үн желге мініп, жетіп келеді. Табиғатта әзірше неге соқтырары беймәлім беймазалық бар. Түн түкпірінен тағы да әлдене ағараң еткендей болды да, ақырын ғана мекіренген қара құйрықтың сүлдесі көрінді. Төбе басында серейіп тұрған Барханнан үрікпей, еркелей ойнақтап жетіп келді де, етегін иіскелеп, жып-жылы, жұм-жұмсақ тұмсығымен Барханның қолын түрткілеп, жалай бастады.

– «Ү-й-й...- байғұсым-ай, сен екенсің ғой. Хайуан болсаң да қолдан жем берген иеннің жақсылығын ұмытпаған екенсің». Қарақұйрықтың арқасын сипап, құшағына қысты. Өткен күзде әлдекім атып жаралап, қалың түлейдің ішінде жасырынып, қансырап жатқанын тауып алып еді. Ай бойы аяғын емдеп, жем беріп, Сейітқұлдың төрткөз сарыаяқ итінен торып, асыраған. Сонсоң қыстақтан тым алыс, Паң далаға ұзатып салған. Содан бергі уақытта бір жыл өтсе де, қара үзіп кетпей, шырғалап келіп тұрғаны мынау.

«Хайуан екеш, хайуан да істеген жақсылықты ұмытпайды. Бара ғой, қозым, бара ғой. Сен анау шамдары түн түндігін жыртып, ежірейіп тұрған сәулетті қыстаққа жолама. Ақылың болса менен басқа адамға жуыма. Неғұрлым қашық жүрсең, неғұрлым қорқып, сасып жүрсең – ғұмыр жасың ұзақ болады, жарқыным. Бара ғой қозым, бара ғой. Мен бейбақты іздеп қайтесің... Мен бір өзің секілді оқ ерте тиген мұңлықпын... Бара ғой...»

Осы сәтте қатты құйын көтерілгендей болды да, жылдар бойы сіресіп жатқан Қызылқұм айдаһардай ысқырды. Әлгінде ғана желге арқасын сипатып, жым-жырт қалғыған, әлгінде ғана тәңіріне табынып, дүниенің бар үзірін баз кешіп, жалыққандай есінеп-құсынап мантираған даланың талағы тарс айрылды. Шабына кім түртті өз-өзінен буырқанып, өз-өзінен шамырқанып, екі езуі көпіріп бураша бұлқынып шыға келді. Әлдене құйын боп аспанға шапши тік көтеріліп еді, енді сол ұйтқыған құйын өзі секілді мың-миллион құтырық қарабас сарбаздарын мұқым қызыл құмның бойына анталатып, қаптатып жібергендей болды. Сол, сол-ақ екен, беріштене қатқан төбе-бұйраттар бүлкілдеп, тісі-тісіне тимей, бақсы боп сақылдағандай, дірілдеп-қалшылдап безгегі ұстағандай жынын шақырды. Сонан соң бұған дейін ешқашан естімеген: өкірген, әлде өксіген үнмен жоқтау айтты, сынсыды, булығып

барып, зар еңіреп жылады – аса бір алапат екпінмен батысқа бақанын алып лап қойды. Жер мен көк, ой мен қыр - бәрі-бәрі тұтаса қып-қызыл әлде қап-қара құмның тұтқынында, бейне бір Африкадағы ағайын құмдардай алып қуатпен алға көше жөнелді. Дәл алдындағы сексеуілден қапелімде шап беріп ұстауға шамасы әрең келіп көзін жұма етпетінен құлаған Бархан бұдан әрі не болғанын білген жоқ әйтеуір, қалың шуыл, зор майданның басталып, үстінен жүздеген жүйрік ат тапалдап өткендей дәрменсіз халде. Едәуір мәуріттен соң құмның көшуі аяқталғандай, маңайды тағы да баяғыша жым-жырт құлақ кесті тыныштық билегендей болған. Құмға тірідей көміліп қалған денесін зорға ашып, тәлтіректтей тұрған Бархан ал дегенде қыстағына қарап еді, орнында сияқты. Тек Сейітқұлдың қотанында сайқалдана жымындайтын шамдар ғана сөніп, қою қараңғылыққа тұншығады. Ес біліп, етек жапқалы мұншалық ұрланып келер ұрымтал күйінды көрмеген, қатты қайран қалды. Иә, бүгін Қызылқұм бөтен мінез көрсетті! Неге ашуланды, ненің ырымы бұл? Үйіне қарай сүріне-қабына балаша зыр жүгірген Бархан ашық қотанда бағана ғана бейбіт жусап жатқан отардың бірде-біреуі жоқ, тақыр таза орны ғана қалғанын көрді. Есі шыға айғай салды да жын ұрғандай құм көшкен ізбен дедек қағып, қос өкпесі қабына жүгіріп барады әне... Әне, Бархан көшкен құмның артынан қуып барады

– Әне, Бархан жеті жүз бас қойын ала қашқан құтырық құмды өкшелей қуа жөнелді...

Ең болмағанда өзі секілді отыз жылда бір рет мінез көрсете алмаған ұлының ынжықтығына сақ-сақ күліп, мазақ еткен Қызылқұм ақ жүрек әрі қара қылды қақ жарған адал шопанның отарын ала қашқаны рас еді! Бірақ, бәрібір Бархан қуып жетеді! Өйткені, оның тақымында азап деген арғымақ бар, жылдар бойы тамшылап жиналып, тас тесер ашу-ызасы, айта алмаған арманды сөзі бар... Бәрібір Бархан қуып жетеді: арқа еті – арша, борбай еті – борша, мойны ырғайдай – биті торғайдай болып ашаруаққа айналар – бәрібір отарын табар... мұрнының астынан құдықшы Серік үйреткен әнді ыңылдап, қойын алдына салып айдап, оралар... Жұмагүл «жаным-ау, тірімісің» деп жымия күліп қарсы алар; жүкке арқасын тіреп, Нұргүлін тізесіне отырғызып, жұбайы майысып ұсынған құла шайды сораптап ұзақ ішер; сонан соң үйдің оң жақ іргесі жер сілкінгендей солқылдар – Бархан Әлікұлдың шақырғанына,

құдай біледі, осы жолы бармай, жау түсіріп келгендей-ақ, аяғының басын қайқайтып, кергіп жатып алар-ау... Не деген бақытқа, шаттыққа толы өмір?! Тәңірім-ай, қайғысыз қара суға семіріп, тірлік деген түлкіні жаяу қуғанға не жетсін... Әкесі құсап ақ бас атанға мініп, көкжиекке сіңіп, жоқ болса, мәңгіге жоқ болса қайтер еді.

Әне, Бархан, отардың соңынан 42-ші размерлі керзі етігін сыпырып тастап, жас балаша жалаң аяқ безектеп барады. Бұдан отыз жыл бұрын он бес жасында дәл осылай құм кешіп жүгіріп еді... отыз жыл бұрын...

Алқара аспанда самолет ұшып өтті...

* * *

Өзгерген ештеңе де жоқ. Бархан құм құйынмен бірге ықтап кеткен отарын тауып, аман-есен қыстағына айдап келді. Мал түгел. Жұмагүл қарсы алды. Жүкке арқасын тіреп, маңдайы жіпсіп, бой-бойы балқып, шай іше бергені сол еді, үйдің оң жақ бұрышы солқылдап қоя берді. Бархан жаңа ғана ұрттай берген, шай құйылған кесені асығыс қоя салды да, күпәйкесінің сыңар жеңін ғана киіп, есіктен ата жөнелді. Әйелінің: «И-и, бейшара-ай, өстіп жүріп өлесің-ау» – деп күрсінгенін, көзіне жас алғанын естіген де, көрген де жоқ. Упр баяғы орнында жатыр екен. Жүзі сынық. Барханның сәлемін ернінің ұшымен алды да, күреңіткен қалпы бір нүктеге қадала, көп ойланып барып:

– Да-а... – деді даусын соза – Понимаешь, беда деген аяқ астынан. Бұлай боларын кім білген, үш ұйықтаса ойымызда бар ма тәйірі. Да-а... жиырма бес қой, тфу, безобразие, ішпей-жемей...

Әлікұлдың осыншалық жүйке тоздырар таусыла айтқан жұмбақ сөзі ішін кептірді білем, Бархан шыдай алмай:

– Не болды ағасы? – деді. – Өңіңіз сынық қой, Сейітқұл қайда?

– Ол ит, қой сойып жатыр, – деді саусағымен алдындағы столдың шетін шертіп.

– Тағы да қонақасы ма?

– Осы жолғы қонақасыға сойылған қой бүкіл совхозға жетеді. Түнгі құтырған құйын жиырма бес қойды жайратып кетті. Осы итке қаншама рет қақсадым, понимаешь, артық пысықтық маңдайға сыймайды деп... Түрмеге қамағандай,

қотанның сыртын темір сыммен қоршап... енді міне, дауылға шыдай алмай, өре түрегеліп ыққан отар сым шарбаққа қыстырылып, бірінің үстіне бірі шығып, бастырылыққан да қалған. Жиырма бес саулық тіл тартпай кетті он шақтысының кірпігі ғана қимылдап жатыр.

– Да...а.. жаман болған екен, – деді Бархан басқарманың мақамымен. Әдейі айтқан жоқ, шын жаны ашып, толқығанда байқамай қайталап алған.

– Нендей ақыл бересің?

– Білмей отырмын, аға... Ел емеспіз бе, бір амалын ойластырайық.

– Ендеше қазір сен Сейітқұлға барып өлген қойды сойыса бер. Терісіне пышақ тигізіп, бүлдіріп алмаңдар,– деді де ауыр денесін ып-ықшам сезініп, орнынан ырғып тұрып кетті.

– Жүріңіз, Бәке, әлгі балаға көмектесіп жіберейік, мұрны пышылдап, шамасы жетпей жатқан шығар.

Екеуі қыста қой қамайтын жабық қораға беттеді.

Сейітқұл ақ тер, қара тер боп, бастырылып, арам өлген қойдың ішін жарып, терісін сыпырып жатыр екен. Барханды көріп ұрлығы ашылып қалғандай алғашында сасып-ақ қалды. Қолындағы жезмойын мүйізсап қан-қан пышақ қапелімде сусып түсіп кетіп еді, ақтарыла бүлкілдеп, буы бұрқыраған қойдың қарнына кірш етіп кіргенде жыны бырқырап, мүнкіп қоя берді.

– Көзіңе қара, о, несі-ей, сасқалақтап... Бұдан үлкен қылмыс жасасаң, ажалыңнан бұрын өлерсің, понимаешь. Ауылды үйдің ұрлығы жата ма, тәйірі. Бархан бөтенің емес, өз ағайың. Кеше ғана емес пе еді, түтініңді бөлек шығарған. Тумаса да туғандай болған ағанның меселдесін қайтарып, екі жастың біріне келмей кердендейсің... понимаешь...

Сейітқұлдың әншейінде кірпідей тікірейіп тұрар түгі судан шыққан тышқандай жығылып, сүмірейіп-ақ қалған екен. Кірпігін жыпылықтатып, жасқаншақтана қарайды. Үсті-басының бәрі қан мен жынға былғанып, кеспірі кеткен. Ел аман, жұрт тынышта жиырма бес қойды жайратып тастау жанына батпайды дейсің бе? Қой өлсе, орнына қой қосар, не болмаса он жыл жинап-терген «көк кнежкесін» берер – бірақ жігіттің артынан «шаруаға қыры жоқ» деп сөз ергені қинайды. Қазір ел құлағы елу емес, жүз болып тұрғанда ертең-ақ «Сейітқұл қойын қырып алыпты» деп ереуілдеп шығар.

Бархан кісесінен бәкісін алып, қайрақ тасқа жанып-жанып жіберді де теңкиіп, іші кебе бастаған қойдың бірін жәукемдей жөнелді. Қимылы шапшаң. Мықынын таянып, өрт сөндіргендей сызданып тұрған Әлікүлдің екі көзі Барханда. Таңқала басын шайқады.

– Әй, Бәке-ай, мына қарқыныңмен Сейітқұлдың бір қора қойын бір сағатта сойып шығатын түрің бар-ау. Понимаешь, ха-ха...– деді өзі-өзі болып тауып айтқан сөзіне масаттанғандай. Бархан қаракетінен қол үзбей жауап берді:

– Үйренген кәсіп қой... Өлмеліге – өткір пышақ...

– Әлікүл сөз төркінін түсінген жоқ. «Тауып айттың» деп қарқылдап күлді. Іле іске кірісіп:

– Ал, не ақыл айтасың, Бәке. Ініңізді төтенше келген зауалдан қалай құтқарамыз,– деді қарнын салбырата жүрелей отырып. Бархан осы кезде келесі қойдың ішек-қарнын ақтара беріп еді, бөлімше басқарушының төңкерілген ішіне көзі түсіп кетті де, баяғыша мырс етіп күлді. Бірақ осы жолы Әлікүл «Неге күлесің?» деп жер тепкілеп сұраған жоқ. Желдеген иттей шоқиып отыра берді.

– Ақыл мен сана – ата-бабадан да үлкен деген осы, – деді Бархан ұйып қалған белін жазып. – Не кеңес берейін... Туғалы бері ақыл-кеңес сұрап келген алғашқы адам өзіңіз. Оның ішінде де бақа-шаян, құрт-құмырсқа емес, арыстай азамат - бөлімшенің басқарушысы... Қиналып тұрмын, бір түрлі ұят сияқты...

– Енді сен бүгіннен бастап ұялмайтын бол, понимаешь.

– Рас, өз ұятымды өзім бауыздап тұрғандаймын...

Баяғыдан бері құнжыңдап, танауы шуылдай, қой сойып жатқан Сейітқұлға үн бітті. Даусы қарлығып, бала әтештің шақырғанындай жарықшақтана шықты.

– Отағасы десе, «ешкінікі күнде ашылса шам емес, қойдікі бір күн ашылса шам» деген емес пе, қазекем. Қиналып тұрмын. Білген ақылыңызды аямаңыз. Жақсылық жерде қалмас...

– Сіңірген еңбек табалдырықта қалады да, күдік пен күмән төрге шығады деген екен баяғыда біреу...

– Әкесінің аузын... күдік, күмәнді қайтеміз, басымызды ауырттып. Не істеу керек? Соны айт бізге, – деді Әлікүл кеше ғана үйретілген аюдай алдында билеп тұрған Барханға ала көзімен ата қарап. Одан артық суырдың айғырындай шақылдауға, сен

бұзар екпінімен баяғыша омыраулауға арты белгілі – сайтанның жаны құйрығында дегендей...

– Отағасы десе, сіз не бұйырасыз, сол – заң, – деді Сейіткүл әлі де даусы дірілдеп. «Бөрі арығын білдірмес, түгін сыртқа кампайтар». Мына бала әккі қу ма десем, басына күн туса беліне қамшы тиген жыландай қайқаң қағатын борпылдақ осал екен-ау» – деп ойлады Бархан. Сыр берген жоқ, сыр берсе үндемегеннен үйдей пәле шығарға жорыр.

– Өзің жегенді итке де тастай отыр, тіпті ол сені қапқан ит болса да, – деген екен баяғыда біреу.

Әлікүл күйіп кетті білем.

– Ей, сен бізге мораль оқығанды қой, понимаешь. Ақыл айт, понимаешь, «баяғыда біреу, баяғыда біреу»... баяғыда ол біреу болып осыншама ақыл айтса, біз үшеуміз...

– Рас, отағасы десе...

– Жарайды, – деді Бархан белін жазып дем алып. – Жамандық жасау жағдайы күніне жүз рет туса, ал жақсылық жасау реті жылына бір-ақ рет келеді деген екен баяғыда біреу.

– Опять «баяғыда біреу», жаркыным-ау өзің мына сен... с-с-с-ен не айтасың! – Әлікүл орнынан секіріп тұрып кетті. Сонсоң өз елгезектігіне өзі таң қалғандай ары-бері қазандай қораның қиын бұрқыратып шапшаң жүре бастады. – Апыр-ай, осыншалық ұшан-теңіз пәлсапаны бұрын неге айтпаған.

– Сіз сұраған жоқ едіңіз! – деді Бархан бәкісін саспай жанып тұрып. – Аузымды ашсам – алқымға жармастыңыз. Тіпті «неге күлесің?» деп қамшы үйірдіңіз. «Неге малың өлмейді, неге жүзіне 115 қозы аласың» – деп ат ойнаттыңыз... Бәрібір орденге ұсынбаймын» деп қорыққаннан бұрын жұдырықтап байбалам салдыңыз... Маған сол сіз алып берген жалған атақтың бес тиынға керегі жоғын білмедіңіз.

– Құдай-ай, үндемегеннің бәрі ақылды деген осы. – Әлікүл ерсілі-қарсылы жосықсыз жортуылын доғарды да, Барханның жанына келді, көзіне тура қарап:

– Ал сен жеңдің, мен жеңілдім, ризасың ба? Егер саған керегі сол болса.

– Маған керегі ол емес.

– Енді не, ойбай?!..

Сейіткүл да пышағын тастай беріп, ұмтылды:

– Отағасы десе, қалағаныңыздың құлы болайын.

– Маған керегі екі-үш мая шөп. Анау жеті жүз тұяқ шуылдаққа шашымды жұлып бермеймін. Биылғы қыстың қатты боларын түндегі құмның көшуі сездіріп кетті.

– Уай, батыр-екем-ай, соны да бұйымтай деп. Соны да жұмбақтап, бәлдеп. Мал сенің меншігің емес, өкіметтікі ғой, қырар дейсің бе, ертең-ақ қоранды шөпке толтырайын.

– Отағасы десе, менің маямды алыңыз,– деді Сейітқұл құрақ ұшып.

– Жоқ, сенікін алмаймын, сенікін алсам герой бола алмай қаласың. Маған жұрттікі жұқ болмайды, керек емес, өзіме тиесілі заңды дүнием керек.– Ол осы сөзді айтты да, қанданған қолын кесіліп-кесіліп көзі ақшия домалап жатқан қойдың басына сипай сұртті. «Мен қазір келем» деп сыртқа шықты. Есік көзіндегі діңгекке тартылған сым-темірді қолына құрық алып ұрып-ұрып қалып еді, үйінен атып шыққан әйелі Жұмагүл бұған қарай құстай ұшты. Екі өкпесін қолына алып, жүгіріп жеткен әйелі ыржия күліп тұрған өз күйеуі Бархан екенін жаңа байқап:

– Түу байғұс-ай, не көрінді, Упр ағай екен деп қалсам.

– Шай қоя бер, бәйбіше, – деді арқасынан қағып. – Упр ағаң шөлдеді білем.

Қорада қалған екеудің:

– Мына малғұн шпион болып жүрмесін, әкесі, қалай-қалай орағытады. «Жуастан-жуан шығады» деген осы,– деп сыбырласқан әңгімесі Бархан келе сап тиылды.

– Шаршап, қаталаған шығарсыздар, біздің үйге жүріп, шай ішіңіздер, – деді.

– Отағасы десе, келініңіз түннен тоназып тұрған етті жылытып жатыр.

– Жо-жоқ, сенің етіңнен тіс сарғайды, Бәкеннің үйіне барайық, – деген Әлікүлдың өзі бастап қасқая жөнелді.

Жұпыны ғана қос бөлмелі үйдің табалдырығынан едірең қағып аттай берген бойшаң Әлікүл төбесін мандайшаға оңдырмай соғып алды. Қаракұстан тиген ауыр соққыдан тілін тістеп, есі тана ауырсынса да, сыр берген жоқ.

– Есігің аласа екен, Бархан, – деді де төр алдына көлденеңдей сұлап жатты. Жұмагүл әперген екі-үш жастық шынтағына жұқ болған жоқ, бір уыс болып шипасы шырылдады да қалды. Жан-жағына соңырқай қарады да, жұпыны ғана шопан үйінің байлығы көңілін тоғайтпағандай әдетінше: – Да-а... – деді.

Үйіне Упрдан үлкен қонақ келмеген, жайшылықта аяғына бас ұрып кіргізе алмайтын ел ағасының құдай айдап өзі келіп қалғаны Жұмагүлдің есін алды. Қанша тырысса да шаруасының қиюы қашып, қолы дірілдей берді. Әйтеуір өлдім дегенде түтіні басылмай, бықсып тұрған ақ самауырды жеткізді.

Құдай қосқан қосағының әзірейіл көргендей осыншалық дірілдеп-қалшылдауы Барханның жынына тиді. «Не болды, байғұс», – деп құлағына сыбыр етіп, мықынынан түртіп қалса да толқуы басылмаған. «Жап-жас боп Сейітқұлдың әйелі қандай пысық», – деді ішінен. Сосын Әлікұлдың кесесін әпере беріп: – Бұл үйден ішкілік тапқаннан, Қызылқұмнан құдық қазу әлдеқайда оңай, – деді жадырай сөйлеп. – Өзіміз ұрттамайтын, ешкім келмейтін болған соң, әуре болып сатып алғанды қойғанбыз. Әйтеуір Сейітқұл інім іргеде тұрғанда ешкім келіп, мазамызды алмайды. Жә, уәде құдай сөзі, іске көшейік. Сонымен, менен ақыл сұрайсындар, ә... Қызық. Мен осы күнді көптен тосқанмын. Сонымен былай жолдастар, жеп-ішсеңіздерші, барымен базар деген, дастарқанның берекесі болмай отыр-ау, бәлкім. Қайтеміз көлдей көңіл болса, аяқтай қарын қайда барар дейсің ағасы. Сый-құрметке бұл шаңырақсыз-ақ бөленіп жүрсіз ғой. Баяғыда біреу «үнемі рақаттану – мүлдем рақаттанбаумен бірдей» деген екен...

Әлікұлдың шыдамы шарт сынды. Онсыз да әйнекте отырғандай еді:

– Шырағым, «баяғыда біреуді» қойып іске көш демедік пе, понимаешь. Ол не деген ащы ішектей таусылмайтын – «Баяғыда біреу».

– Ағасы-ау, ақыл сұраған өзіңіз емес пе, ендеше былай, жолдастар: арам өлген жиырма бес қойдың жарасы жеңіл. Дұрыстап тұрып бақшалап соялық, сосын автоклубқа тиеп, сонау Шу шаһарына аттану керек. Құмырсқаша быжынап, біреуді-біреу танымайтын қан базарында бұл қойдың, иә, харам, иә һалал өлгенін ешкім білмейді. Килосын үш сомнан, тіпті бес сомнан пышақ үстінен үлесіп аларына кепілдік беремін.

Сейітқұл мен Әлікұл аузынан суы ағып, еміне түсті.

– Иә, сонсоң?..

– Сонсоң қыруар ақша табасыздар. Оны қалтаға мықтап басасыздар.

– Ибай-ау, жиырма бес саулықтың орнын қалай жабамыз деймін. – Упр жастықтан басын қақшаң еткізіп жұлып алды.

– Асықпаңыз ағасы, Сейітқұл Талдыға барсын да, әлгі ақшаның азын-аулағына ғана тілеу тілесін. Бөтен ешкімге дабырламай, ауыл толған осының ағайыны «ер басына күн туды» деп жұқалап шақырып, помощь сұрасын, яғни жылу-сатал дейміз. Екі жүз грамм ішкен соң, шекесі қызған туыстар бір-бір қойын сүйреп, өздері келеді. Кейбіреуі тоқты да әкелуі мүмкін. Әрине, сіздерге керегі тоқты немесе тұсақ емес, туатын саулық қой. Ендеше, ағайыннан зекеттеп жинаған тоқтының мойнына қоңырау қылып, бір-бір «экстра» байлайсыздар да осы совхоздың көңілдес әр шопанын сауғалап, бас-басына басына айтып шығасыздар. Әрине, онша тереңдетпей, шулатпай – әзіл-қалжыңға шаптыра жіңішкелеп бастайсыздар сапарды. Сонда деймін-ау, өлген жиырма бес қойдың бесеуінің-ақ құнын шығын етіп, отардың олқылығын толтырасыздар. Арам өлген жиырма қойдың құны өз қалталарыңызда қалады.

– Мынау бір керемет ақыл екен! – деді Сейітқұл көзі жайнап.

– Ұят емес пе, – деді шай құйып отырған Жұмагүл. Тарсылдап қолқасына тығылған жүрегі байыз таппағандай. – Арам өлген қойды алдап сату – имансыздық.

– Ол жағын өздері шешсін. Менің иманым – қысылғанда ақыл беру ғана, – деп, Бархан кесесін төңкеріп, дастарқан басынан кері ысырыла берді.

Әліқұлда үн жоқ. Тегі әлгі ақылды ойша қорытып, алды-артын тұжырымдап, пысықтап алмақ-ау.

– Ой, – деді бір уақытта. – Әбден табылған ақыл, молодец,

– Бәке, ризамын. Дәл сен айтқандай жасаймыз. Дегенмен, есінде болсын, пісіміллә дегенде өзіңнен көмек сұраймыз. Сен берер көмек сол болады – осы операцияны тістеріңнен шығармайсыңдар.

– Мақұл – деді Бархан. – Өз қолымды өзім кесемін бе? Тек қысқа жететін жем-шөппен қамтамасыз етсеңіз болғаны.

– Әкел қолыңды!

– Мінеки!

Бөлімше бастығы мен шопан сарт-сұрт қол алысты. Айдаладағы Қызылқұмның қойнауындағы отырған қыстақтың үстінен тағы бір самолет құйрығы жылтылдап, ұшып өтті...

Қыс өтіп, көктем шықты. Ал дегенде алынбас қамалдай боп көрінген қыраулы қысты артқа тастағаннан бермен де Барханда бәрібір маза жоқ. Бел шешіп, аяқ суытар шақ көзден бұлбұл боп ұшқалы қашан. Бірінің артынан бірі иін тіресіп келіп, желкеңе мініп алар қойшы тірлігінің таусылмас шаруасы қанша жалықтырса да, қашып құтыла алмас - шаңқай түстегі өз көлеңкесі іспеттес еді. Шаңқай түс демекші - қырықтың бесеуіне шыққан Бархан өз ғұмырында да ертеңге ауар сәті тым жақын қалғанын алғаш рет есіне алды. Есіне алмас та еді, қой төлдету науқаны басталып, сақманшылыққа келген бүлдіршіндей үш қыздың бірі - Бақшагүл мұның жылдар бойы мұз сіреу болып қатып-семіп келген көңілін ептеп, түртіп оятқандай-тын. Дүниедегі бар пәлені тақылдап сұрап, маза бермейтін зар жақ қыз «ой, ағай-ай...» деп қойып... тот басып, тозданып қалған сырды қазғылайтын.

Төл алу науқаны, шүкіршілік, ойдағыдай өтіп жатыр. Отары қыстан күйі таймай шықты. Қарашадағы уәде бойынша Әлікүл екі мая шөп жеткізіп берген. Содан бермен көршісі Сейітқұлдың да бұл дегенде жаны қалмай, сыйлайды. Обалы қане... рас, Упр Барханнан гөрі оған екі төлшіні артық берген екен, енді қайтсін, бір малы екеу болсын дегені де... Алайда, осы ерлік деген не? Осы жасына дейін Барханның түсіне алмай, дал болып жүргені осы. Өзіне тапсырылған жұмысты табан ет, маңдай термен адал да абыройлы атқару емес пе? «Сайып келгенде, – деп ой түйетін – батыр болу дегеніміз, ең әуелі адал болу».

Кеше кешке қызық оқиға болды. Күндізгі төл алу, қора тазалау сияқты кәдімгі қойшы қаракетінің жамыраған тірлігі бәсеңсіп, шам жана орынға отырған тыныш сәтінде үлкен бір әңгіменің ұшығы көрінген. Үстеріндегі саталақ-саталақ жас қозының тоңғағы жабысқан киімдерін сыпырып тастап, жуынып-шайынып шайға отырған үш қыз Қызылқұмның көктемгі қызғалдағындай құлпыра қалып еді. Қара көздері шам сәулесімен боталап, күлкі үйірілген. Бархан осына он сегізге жаңа шыққан уыздай пәк қыздардың жүзіне бұрынғыша ұялшақтамай, қымсынбай тұңғыш рет тесіле қарап еді. Сонда ол қарындастары қаншама жадырап, жайнаң қағып отырғандарымен, күлкі көлегейлеген дидардың ар жағында, тереңінде тұнып жатқан мұңның көлеңкесін көрген. Сол мұң

ертеден қара кешке дейін дамыл таппай жылбысқы төлмен төбелескен қыздардың қой көзіне шаба бастағанын, егер дәл осылай ойын-сауық, күлкі-қуанышсыз ертенді қара кеш безектей берсе, арман-мақсаттарынан ерте, тым ерте тоналып, жасына жетпей шау тартары үшін өлердей аяған.

«Ертеңгі күндерің не болар екен, қарақтарым, не болар екен...»

– Ой, ағай-ай, – деді түйеден түскендей Бақшагүл. – Неге осыншама қадала қарадыңыз? Жеңеше ме айтып, сабатамыз... Сонсоң үшеуі де сыңғырлап таза күлді. Дастарқан қамымен жүрген Жұмагүл де мырс етіп, шыншыл көңілмен әзіл тастады.

– Ағаңның қырықтан асқалы жасаған ұрлығы ғой, сендер өкпелемендер, мен кешірдім, – деді.

Бархан қызарқтап қалды. Сейіткүл «бензин таусылды» деп бүгін «движогін» от алдырмаған соң, шамға кересін құйып, соның болар-болмас жарығымен отыр. Шаңырақсыз шам шалқи жанып, қоңырқай күйге шақырады. Балалардың алды ұйықтап қалды да, өзгеше бір тыныш, әрі жуас хал меңдегендей еді.

– Ой, ағай-ай, – деді тағы да сол үнсіздікті бұзған Бақшагүл. – Сіздің мына қоңсыласыңыз түк ұнамайды маған. Бағана қорасының жанынан өте беріп едім, қозысын алмай жатырқап тұрған саулықтың басына бар пәрменімен теуіп жіберді. – Бархан жауап берген жоқ.

– Мен білсем ол алдыңғы күні жоғалтқан егіз қозының сыңары. Соны теліп тұр, – деді екінші қыз. Бархан одан әрі шыдамады білем:

– Қойындар, айналайындар, кісінің сыртынан ғайбат сөз айтпаңдар, – деді.

– Біз ғайбаттап отырған жоқпыз, шындықты айтып отырмыз, – деді шашын қырықтырған үшінші қыз. Бұдан соң бәрі тым-тырыс отырды.

– Қой енді қызыл сөзден не пайда түге. Ертең ерте тұру керек, жатып демалыңдар, – Жұмагүл төсек қамына кірісе бастады. Қыздар ыдыс-аяқ жиып, күйбеңдеп жүрді де, жым-жырт жатып қалды.

Бархан шошып оянды.

Үйдің бұрышы дыңғырлағандай болып еді, елегізген екен, бөтен дыбыс сезілмейді. Сырт киімін шешпей, дастарқан басына қисая салғандікі ме, быршып терлепті. Ақырын басып,

алдыңғы бөлмеден өте беріп еді, баудай тізіліп, көрпеден бастары қылтиып, башпайлары көрініп, ұйықтап жатқан қыздардың бірі: «Конкурстан өте алмадым» деп ұйқысырап аунап түсті.

Аспан ала бұлтты екен, терістіктен жел бар. Биыл көктем ерте шыққанымен, суықтың сына қоймаған беймезгіл шағы еді. Қар әлдеқашан қашып құтылған. Оңтүстіктің көктемi ұзақ болады. Ақпанның аяғынан жер қарайып, шілденің басына дейін жалықтырмас әдемі кезең келетін. Ыстық түспей, жайлауға көшіп, жан сауғалайтын малшының рақаттанар күні болады десек, ол да сол жайлауға жетіп, қонғанда ғана туатын. Қызылқұмның жаз жайлауы паң дала – Арқа жақта: таулы, ағашты, сай-салалы болмағанымен, қалың шалғынды, ауыз суға зарықтырмайтын құйқалы жер. Қазіргі былығып, ластана бастаған қыстақтан екі жүз, үш жүз шақырым ұзай көшіп, тек қоңыр күзде ғана мекеніне қайтып оралар қойшының – үлкен қала, дүбірлі жаңалықтан құлақ үзер уағы бұл. Көп ұзамай ол күн де туар...

Аспаннан тағы бір самолет ұшып өтті...

Жайлау әсіресе, Барханның зарығып тосар – бақытты шағы. Көш қамын елден бұрын сайлап, қалайда бұрынырақ жетіп, із тимей тұнып жатқан жап-жасыл даланың самалын қызғана жұтып, ал қызыл, ал сары гүлдерін елден бұрын қызыға жұлатын; ешкім қарап тұрған жоқ па дегендей жан-жағына жалтақтап алып балаша тызылдап, жалаң аяқ, жалаң бас жүгіретін, жүгіретін... бұл баяғыда, бұдан отыз жыл бұрын ақ бас атанға мініп, көкжиекке сіңіп кеткен әкесінің соңынан қуған аянышты халдей емес, мүлдем басқа, басқа жүгіріс; Барханда балалық шақ болған жоқ, оны ерте жоғалтқан... ерте... сол батысқа, жаудың бетін қайтаруға аттанып кеткен балалығымен тек жарықтық жайлауда жолығып мұңдасатын, ағыл-тегіл жыласатын, сосын мәз болып күлетін, күліп жүріп гүл теретін; жайлау дегенде, байғұс Жұмагүлдің де есі қалмаушы еді; сондықтан осыдан бес жыл бұрын күйеуі ауданға барғанда сатып әкеп берген қызыл ала жалғыз көйлегін киіп, бейне бір той салтанатына жиналғандай бір жасап қалушы еді; Бархан екеуі бір-бірінің көңіл-күйін айтпай түсініп, қол ұстасқан, қолтықтасқан қалыпта көкпеңбек теңізді армансыз кешер еді, көкпеңбек шалғын шалқарын қатар жүзіп бара жатар ерлі-зайыпты қойшы өздерінше шырқап, өздерінше ән салатын; ол

ән шыншыл да сезімтал жүректің, бұйығы әрі тар арнадан асып-төгіліп, еркіндігін, көптен аңсаған бостандығын бозала таңда енді-енді ғана алғандай, әуелеп алысқа... әлдеқайда жыраққа шығандап, шымшымдай тарап жатар еді; әншейінде әнді қойып бір ауыз әңгіме айтпайтын адамдарға кең тыныс қанаты талмас қиялмен әуелете шырқаған әнін ұйып тыңдағандай әрі бас иіп, тағзым ете таңырқағандай жайлаудың мың-миллион гүлдері ырғалып, әдемі әуезге қосылғандай болушы еді; ал, Бархан мен Жұмагүл болса осынау кең жайлау – жасыл бесікте жылына жалқы рет құшақтасып, өзінің жұбы жазылмас жұбайлар екенін еске алысатын; сонда Бархан қыздай қосылған қосағының қуаныш пен мұң араласқан шаршаңқы көзінен мөп-мөлдір таза жасты сұқ саусағының ұшымен сүртіп тұрып: «Жұмагүл-ай, сендей әйелі бар менде арман бар ма екен» – деуші еді; осынау жылына жалғыз рет қана айтылар әрі келте, әрі терең сөзден кейін Жұмагүлдің де бақытында шек болмайтын; бұл өмірде бар екенін сезінетін, жылдың төрт мезгілінде осы сөздің қуатымен жүретін, жылдың төрт мезгілінде осы сөзді сағынып, санамен сарғая тосатын... Жұрттың көзінше жаласып, ал түні бойы төбелесіп, бет-ауыздарын тырналап шығатын кейбір замандастарынан ала-бөтен өзгешелігі осы десек те, былайғы ағайын «осыларды да күйеуім бар, қатыным бар деп, қарқ болады-ау» – деп өсектеуші еді. Былтырғы жазда Бархан Сейітқұлдың әйеліне бір буда гүл теріп әкеп берді қырдан. Қоңсыласының бұл қылығын естіген Сейітқұл: «Шал шатасқан шығар, – деді миығынан күліп. – Шалдың делебесі жаз шыға қозатыны рас».

Ала бұлтты аспанның жыртық тесігінен сығалап тұрған жұлдыз ғана бүгінгі түннің шырақшысы. Бүгінгі түннің шырақшысы ол ғана емес, қолына май шам ұстап, қой қораны, қозы қамаған үйшікті аралап жүрген Бархан еді. Қой түгелге жуық төлдегенімен, он шақты саулық тумай кешеуілдеп қалған. Қуаныштысы сол биыл егіз қозылаған аналық көп болды. Қыстан екі мая шөптің арқасында қонды шыққан малдың іш тастауы, өлім-жітімі болмады. Оның бер жағында жемшөп мол екен деп отарды қотаннан шығармай тырайып жатып алған жоқ, ашық шуақты күндері үнемі өріске маңқыстатып тебіндетіп қайтатын. Мал екеш мал да далаға шығып, бой жаза сергігенді жақсы көруші еді. Бұрынғы жылдарда сыңар айыр шөпсіз бір тұяқ шетінетпей, әйтеуір ілдалдалап қыстан шыға

беретін. Бархан совхоз екі мая шөп түсіріп бергенде соғыста өлген әкесі тіріліп келгендей қуанышы қойнына сыймаған. Енді міне, Құдайға шүкір жер аяғы кеңіп, күн жылынды. Ендігі жыртың-жыртың ұрымтал соғар боран-шашынға ырық етпейді. Кеше кеште қоздаған он қойды жеке бөліп қамап еді, қолында ауа ұрып қалтыраған май шамы бар Барханға көздері жаудырай қарады, сонсоң өз иесі екенін таныды ма, біреусі мекіренді. Мекіренген қойға жақындап еді, алдында қап-қара боп буы бұрқырап жатқан қос қозыны көрді. Тегі, әлгінде ғана туса керек, саулықтың шуы түсіп үлгірмеген. Бархан сәби секілді мөлдіреп, су-су болып шарбыға оранып жатқан төлдің мұрнын сығып, құлағын үрледі де енесінің алдына қайта салды, жалап, аяқтандырсын дегендегісі. Туа салып ала қашқан қозыны енесі жатырқап алмай, әуре-сарсаңға түсіретіндері де толып жатыр. Май шамды сөндіріп, қораның бұрышына қалдырды да далаға қайта шықты.

Ала бұлтты аспаннан гүрілдеген тағы бір самолеттің даусы естілді...

Бархан қалтырай тітіренді де, рақаттана есінеді. Есіне әлдене түскендей үйдің сыртындағы құм төбеге көтерілді. Оның санасынан сонау қарашада қағынып, көше жөнелген қызыл құмның оқыс мінезі кетпей-ақ қойды. Неге, неге мінез көрсетті! Жылдар бойы нығызданып, дөң айбат жасап жатып алған қиқар құмның аяқ астынан ер-тоқымын бауырына алып, тулауы қайран қаларлық. Құйын болып көтеріліп, құйғыта шапқан қызыл құм тырбиып енді-енді өсе бастаған бұта-қараған, шөп шаламды жалғыз-ақ түнде жаба салды да, ирелендеген мап-майда құмнан шашу шашты. Кешелер ғана шымдауыттана бастаған жер беті енді, міне сиыртандайланып, қиялыңды тербеп, алысқа шақыра көз қытықтағандай болады. «Жарықтық қызыл құмның бой жасағаны шығар... Енді қайтып долданып, енді қайтып ашу шақыра шамырқанып, мінез көрсете алмайтын шығар... Жарықтық мәңгілікке көз жұмып, өлген шығар-ау...» Бархан өз ойынан өзі шошып кетті.

«Өлгені несі... Құм марқұм болар ма... Жаман ырым неге ғана иектеп алды мені... Өлгені несі... Құмның жаны жоқ... Мүмкін адамдар ұға бермес нағыз тіршілік иесі, нағыз Адам айналайын алтын құм болар...»

Маңай жым-жырт ауыр ұйқының құшағында. Тек Бархан ғана ояу, мынау өзгермелі өмірдің мәні, ертеңгі атар таңы

жайлы ойлады. Сонау бір қарашадағыдай бойы мұздап, көңілі жүдеген жоқ. Азапты шақ, ауыр еңбек артта қалып, адал істің нәтижесін көрмек. Иә, енді бір аптадан соң санақ болады. Қозыны совхозға өткізеді, енді бір аптадан соң сақманшы үш қыз да жыл құсындай үйлеріне қайтады... Үш қыз... Барханның көз алдына құмнан шыға-шыға келгендей қаз-қатар тұра қалған елес-қыздардың маңдайынан сүйгісі келді. Екі беті бейне бір сүтке тамған қан секілді шырайланып тұрар Бақшагүл әсіресе, жеті қат түн ішінде қалың түлейдің ортасынан шыққан от секілді жанып тұр-ау, лапылдап тұр. Ал, екінші қыз ше? Біртоға, тындырымды... Үшінші қыз еліктің лағындай моп-момақан, көп сөйлемейді, көбінесе іштей тынып жүретін ақылды бала...

«Ертеңгі күндерің не болар екен, қозыларым, не болар екен?»

Әлікүл осы үшеуін автоклубтың ішіне салып алып, даңғырлатып-дүңгірлетіп келгенде, Барханның көңілі толмай нәумез болып қалған. Он екіде бір гүлі ашылмаған жас қыздарға сенбеп еді алғашында.

– Саспа, – деді Упр Барханның қырын қабақ түріне қарап.
– Саспа, әлі осылар озады... Қарашы өзің... үшеуінің де мемлекеттік сапа белгісі бар. Ә, понимаешь, – деп қарқылдап кеп күлген.

Көз алдынан әлде не ербең еткендей, ізінше қарасы болжанды. Иесін жазбай таныған хайуан сексеуілдің тамыры секілді тарбиған қолын иіскелей бастады.

– «Қоңыр қозым-ай, – деді көңілі босап. – Тірі екенсің ғой, тірі... Жаман әкенді ұмытпаған екенсің ғой», – қара құйрықтың басынан сипап, бауырына қысты.

«Аман жүрші, қозым. Сен барда мен жалғызсырамаймын. Күлге аунаған қотыр түйедей болып жүдеп-жадағандай болсам көңіліме медет болар жұбанышым бол. Адамның қолы қанат емес, ұшуға жаралмаған. Ұшып жүргендерді атып түсіру оңай деуші еді, қаңғыған оқ, қаңғырған аңшыңнан сақтан, жарығым».

Түн пердесін қақ тіліп, Талды жақтан жалғыз жарық көрінді де қыстаққа қарай жұлдызша ағып келе жатты. Сол бір тіміскіленген жарықты Барханнан бұрын сезген қарақұйрық тұра атылып, зыта жөнелді. Қас қағым сәтте құшағындағы сәбиінен айрылып қалған әке түн жамылып, суыт келе жатқан машинаны мықтап тұрып сыбап алды. Кім болды екен?!

Әлгі жарық құмтөбенің басында тас батырдай қасқайып тұрған Барханға түсті де көлеңкесін ұзарта-ұзарта алып адамға айналдырды. Тура жанына еңкілдете келіп, зырк етіп тоқтағанда ғана Сейітқұлдың машинасын таныды. Үлкен шамын өшіріп, асықпай аяндап, сөйлей жақындаған озат шопан аңдығандай алдынан шыққан көршісінің осыншалық құс ұйқылығы қытығына тиді. Әйтсе де әбігер сезімін сездірмеуге тырысты білем, бекерден-бекер жеңілтектеніп, күлген сымақ болды.

– Отағасы десе, құмнан соққан мүсіндей боп неғып тұрсыз. Хор қызындай үш сақманшы келгелі ұйқыңыз қашып жүр-ау осы, – деді де, қол беріп амандасты. Бархан жігіттің орынсыз қалжыңына шамданған жоқ, бәз салмақтылықпен «онысы рас» деді де қойды.

– Өзің қайдан келесің, түнделетіп?

– Ауданға барып айналып қалдым. То анау, то мынау деп көр-жерді сұрап, кісінің басын қатырды. Сайлаушыларға есеп бер дей ме-ау, – алдымен қозының санағын өткеріп алайын дедім.

Жел жақта тұрғандікі ме, Сейітқұлдың аузынан ашқылтым иіс мүңкігендей болды. Осынысын сезді ме, ойысып Барханның ық жағына шықты.

– Отағасы десе, – биыл жүзінен қанша айналатын сыңайы бар? Егіз туғандары көп деп естідім бе...

– Қайдан білейін, маңырап жатыр ғой, әйтеуір.

– Әй, сауысқаннан сақсыз-ау, отағасы десе. Шыныңызды айтпай-ақ келесіз. Бірақ сізге ризамын, жиырма бес қойдың ақылын тауып, абыройымды асырдыңыз.

Осы кезде анадай жерде тұрған қызыл «Москвичтен» қозы маңырады. Екеуі бірдей елең етісіп қалды.

– Інішек, – деді Бархан күліп, – немене, сенің машинаң да қоздайтын болған ба. Ілгері басқанның иті оттайды деп.

– Жоқ, отағасы десе, өрісте туып қалса керек тауып алдым. Маған бөлінген сақманшы қатындар салақ, еттері үйреніп алған, әбден бастары ісіп, ертеңді қара кеш ұйықтай береді... Бағана отарды жайылымға шығарғанда байқамаса керек, жә, не тұрыс, үйге қайтайық, – деп машинасына беттеді.

«Москвичтің» жүк салғышында маңыраған жас қозының дауысын алып қашып, қыстағына беттеген Сейітқұл әлденендей күдікті ой тастап кетті. Бүгін сақманшы әйелдердің отарды

қырға шығармағаны белгілі. Сонда бұл қу қозыларды қайдан әкеле жатыр?

«Е-е, білдім-білдім. Сауғалап, сауын айтып, әр қойшы, әр ағайыннан жинап-терген жетім қозылар-ау. Бәрі де жүз қойдан – 150 қозы алудың қамы да... Әй, құдай-ау, атақ қуу не істетпейді дейсің адамға».

Алқара аспаннан самолеттің даусы естілді. Неге екені белгісіз Бархан дәл осы самолетке тас лақтырғысы келді-ақ. Сапырылысып жатқан жабағы бұлтты көкке қарап: «Ей аспан сенің, ей адам сенің қулығыңда түп жоқ»– деп күрсінді.

Төл алу науқаны аяқталып, сақманшы қыздар ауылына қайтатын болды. Құм теңіздің ортасына адасып келіп қонған үш аққу ұшатын болды; құм даланың бетінен ойда-жоқта сылдырап аққан үш бұлақ суалатын болды; аспаннан құлап түскен үш құс – үш жұлдыз секілді жапан дүзде жетімсіреп, жаһанның көп-көп қызығынан қаға беріс қалған қыстақты базарға айналдырған; суығандай, ұмытылғандай жүдеу тарта беретін көңілдің көк тоңын жібіткен – үш тотыдан айырылатын болды. Күзде құдықшылар келіп, сезімнің шаң басып тұрған қос ішегін дыңғырлатып-дыңғырлатып кеткендей еді, ал қыздар сол иесіз қалған шешен домбыраны армансыз тартқан еді; бұл әлемде жақсылық-жамандық, уа құмырсқаның илеуіндей қайнаған қаймана халық барын гәй-гөйлегендей еді; Бархан мен Жұмагүлдің өгейсіген өмірін қағып-сілкіп күн нұрына жайып, дегдіткендей еді; өздері де осына айрандай ұйыған семьяның шырықты тірлік, жас балаша талпынған ыстық жүрегінің жылуына бөленгендей еді. Құм теңіздің ақ желкені секілді алыстан ағараңдап, бірте-бірте мәңгіге ұмытылған – келте таныстық, қысқа білістіктің күрмеуге келмес жалғыз сәттілігі қинады да. Қиналмай қайтеді, сыңғырлаған күлкі, әсем ән, «ой, ағай-ай!» деп наздана естілер үн баяғыша... мұнан отыз жыл бұрынғыдай... мұнартып, жұмбақ күйде сақиналанып тұрған көкжиекке сіңіп, бәлкім, бақилыққа жұтылар... жоқ болар... Енді қайтып көре алмас, енді қайтып ести алмас арманды бейне, өкінішті шақтары қандай көп еді адамның! Кімге ерте, кімдерге кеш келер болымсыз қуаныштың тәттілігі, ұмытылмастай құны да сол – қысқалығында ма екен. Пенде дегенің жалғыз аяқ жолмен жүреді, сосын әлденені тауып алады, бәлкім ол

күніне жүз рет көрген заты шығар, бұрын елеп ескермеген шығар, бірақ осыншалық қадір-қасиетін енді ғана аңғарып, қуанышына шек қалмай алақайлайды.

Ол не сонда? Ол – өмірдің өзі екен? Дүниедегі ең құнды да, ең құнсыз да сол адамның өз өмірі-ау. Жас бала жарық дүниеге көзін жұмып туады, бәлкім атысып-шабысқан сұрқиялық пен сұмдықты көргісі келмегені де... Ал, сол бала ер жете келе, өмірдің бар кереғар бақыты мен қайғысына еті үйрене келе – қимай қиналады. Жалғыз ғұмырды тастап, арғы дүниеге аттана алмай – көзін ашып өледі... Өліге де, тіріге де төсек болған қара жер ғана тентек пендесін теңестіреді. Бархан кейде қой жайып, анау сұлап жатқан бетпақ далаға қарап отырып ойлайтын: «табиғаттан әділетсіз не бар, бір жерге бар байлығын: суын, ағашын, тау-тас, аң-құс, орман-тоғайын төгіп бере салады; енді бір жерді бір жұтым суға, тіс шұқыр ағашқа зарықтырып қояды; бір адамдарға көрікті де, талантты да аямай сыйлайды, енді біреуді... енді біреудің басын таз, аяғын ақсақ қылып қойдың соңына салады, қойманың күзетіне қояды. Әділетсіздіктің өзі табиғаттан жұққан екен-ау».

Қыздар аттанатын болған соң, қоштасу дастарқаны жасалған. Жұмагүл осы үйде не бар, түгел жайып салып, өз әлінше ақ түйенің қарнын жарған екен. Науқан бастала жемге байлаған қарабас тоқтыны Бархан таңғы сағат алтыда алып сокқан. Буы бұрқырап, төре табақ ет келгенде бәрі де жамыраса күліп, жыртық үйдің құдайы барды еске түсірген. Жәукемдеп ет турауға кіріскен Бархан бастың екі құлағын кесіп Екінші Қыз бен Үшінші қызға бөліп берді де таңдайын сыпырып алып Бақшагүлге: «Ал, айналайын, таңдайды саған берейін, тақылдаған шешен өзіңсің, алақаныңды тос», – деді күліп. Бақшагүл алақанын тосып, Бархан «ал ұста!» деп алғаш соғып қалғанда-ақ қақшып түсті.

– Түу, ағаның қолын жұлып әкете жаздадың ғой, – деді Екінші қыз.

– Ағаңның қолын Бақшагүлді қойып, трактор да жұлып ала алмас, – деді Үшінші қыз. Таңдай жеп отырған Бақшагүл айтты:

– Ой, ағай-ай, сіздің көрсеткішіңізді қайталар бұл «Талды» совхозында бір қойшы шыға қоймас. Мақтанып, атақ-даңқ

алам деп жанталасып жүрген Сейіткұлдың өзі 140 қозы ала алса, үлкен ерлік болар еді. Ал, сіздің отарда құдай біледі деп айтайын, жүзінен 150-ден бірақ секіреді. Рекорд деген осы!

– Өздеріңнің арқаларың, қарақтарым, – деді бастың мүжуірін әйеліне жөнелте беріп, – құтты қыздарым келгенде қойым егізден тапты. Жұмагүл риза – мен риза.

– Егер оқуға түсе алмасақ, келер жылы тағы да сізге келеміз,– деді Екінші қыз шын пейілмен.

– Оқуға түсуге жазсын. Мені қойшы... мен... ептеп-септеп отыра беремін ғой. Сендер болмасаңдар, басқасын жіберер. Ендігі тапсырар аманат – шамаларың келсе де, келмесе де оқындар. Тіпті мына жеңгең екеуміз үшін де оқындар.

– Ой ағай-ай, – деді Бақшагүл, – қай қазақ шыққан тауым аласа болсын дейді. Жолымыз болмай жүр де. Әйтпесе, мектепте төрт пен беске оқығанбыз. Мына екеуі мұғалім болсақ дейді, ал мен КазГУ-дің тарих факультетіне түскім келеді. Сонсоң жоғарғы партия мектебін бітіріп, осы ауданға секретарь болсам деймін. Егер алда-жалда түбі секретарь бола қалсам, ең әуелі сіз секілді цифр үшін емес, сана мен сапа үшін күресетін азаматтарды қолдап көтерер едім...

Ертеңінде қыздар совхоз арнайы жіберген машинаға отырып жатты.

Жұмагүл қыздарды шығарып салып тұрып, беттерінен алма-кезек сүйіп, көзіне жас алды. Бархан түндегі әңгімеден соң ләм деп аузын ашқан жоқ болатын. Ұмыт қалдырып, есіне түсіре алмай басы қатқан қимасын іздегендей меңірейді де жүрді. Жылымық сәуле шалып, жіпсігендей болған көңілінен ел көшіп, жел кеуледі. Тағы да томаға-тұйық, бітеу өмір басталарына іші удай ашиды да.

Қозғала берген машинаның кабинасын тоқпақтап тоқтатқан Бақшагүл қораптан секіріп түсті де, құстай ұшып келіп Барханды құшақтай алды. Құшақтаған күйі бетінен сүйді, сонсоң, тағы еңкейіп бетінен сүйді! «Ағатайым, көріскенге жазсын»,– деді. Сонсоң ағыл-тегіл жылап, жүгірген бойы машинаға қайта секіріп мінді... Әне, жаулығы желбіреп ұзап барады, ұзап барады... Енді бір сәтте құмға сіңіп, көзден тасаланды...

Үйінің бұрышынан тартылған сымды бар пәрменімен ұрғылаған Барханның жанында долы да дабылды дауыл басталған еді...

Аспаннан тағы да самолет ұшты. Қайдан ұшты, қайда қонады, бәрі-бәрі жұмбақ...

«Самолетті қойшы... Бұл жалғанда мәңгілік шешімін таптырмай кететін жалғыз-ақ жұмбақ бар. Ол – адам жаны, адамзаттың ойы десек, оған да шабуыл жасар күн алыс емес-ау. Егер ой аулайтын құрал табылса, ақырзаман орнағаны да, басқаны қойып, өзіңнің не істеп, не қоятыныңды бал ашып, біле аласың ба? Адам өткенімен емес, тек қана ертеңімен өмір сүретінін сезе тұра бүгінгінің – бір күнінің мұңсыз-қамсыз тыныштығын неге көксей береді екен? Ендеше, ертеден кешке дейін еңбек етіп, атар таңды жүз беріп, аман-есен қарсы алсаң, одан үлкен бақыт бар ма? Бақыт деген не өзі? Бақыт дегеніміз атақ па, байлық па, әлде самолетке мініп, жер шарын шыр айналып шығу ма? «Мені жұрттың бәрі біледі, мен кереметпін» дейтін шақырымпаздарға, «мені тірі жан білмейді, мен жай ғана қарапайым қойшымын» деп қарсы жар салуға хақымыз неге жоқ. Әлде менен басқа елдің бәрі «атағы, алтыны бардың кемтарлығы білінбейді», деген қағида үшін күресе ме?

Бархан өз ойынан өзі шошынып қалды. Бес жылға бір-ақ қартайғандай талықсып ұйықтап кеткен еді. Оны бақыты мен қуанышы мәңгі алмасып отырар ертең, тағы да ертеңгі мазасыз күн күтіп тұрған.

...Бархан түс көрді: «Құмнан құйып жасаған терең зынданда шалқасынан түсіп жатыр екен дейді. Сонсоң сол түпсіз де, суық... жанға жат зынданнан шығамын деп қаншама жанталасса да әурешілдік – қысыр үміттің қылша мойнында қыл арқан болып оралуы ғана еді. Тырнағының көбесі сөгіліп, дал болып қанағанша тырмысады, сұп-суық, сұп-сұр қабырғаны тағы да тырмалап өрмелеген болады, сусып қайта түседі, жұдырығымен тоқпақтайды, аяғымен тепкілейді, бар даусымен айғайлайды – тіпті тісімен тістемек те болады, бәрі бекершілік. Осы кезде құм құдықтың... сонау... сонау ернеуінен Сейітқұл мен Әлікұл сығалайды; мұның төбесінен тас жаудырып, қарқылдап күледі екен дейді; бір қызығы әлгі жоғарыдан зулап төмен қарай құлаған тас қаншама құлдырап, Барханның үстінен жаңбырша жауып зымырағанымен, жетпей-ақ қойды... Бархан қорғанған күйі әні-міне мыжидымен бұғып көп отырды... Тас әлі құлап келеді... Осы кезде самолеттің гүрілдеген даусы естілді. Сонсоң құм зынданның дәл аузына кеп тоқтаған әлгі вертолеттен бір адам сығалайды да, бұған қарай аппақ арқан лақтырады.

Басқыш арқаннан шап беріп ұстаған Бархан алқынып, жандәрмен жоғары көтеріле бастайды. Самолеттің есігін ашып, ішіне кірсе, құдая, әкесі отыр екен дейді. «Ұлым, шаршадың ба?», «Шаршадым, әке», «Ендеше кетейік, енді сені ешкім құм зынданға қамап ұстай алмайды» – дейді де вертолетін аспандатып, қалықтап ұша жөнелді. Әкесінің арқасында өмірінде тұңғыш рет аспанға ұшқан Бархан көкпеңбек боп тұрған көкке, сонсоң көк мұнардың астында тып-тыныш болып жайрап жатқан айналайын Жерге қарайды. «Биіктен қараса не нәрсе де кемшіліксіз, әдемі болып көрінеді білем. Сондықтан да мені байқамайды екен-ау» – деп ойлады. Самолеттің дөңгелек терезесінен өз қыстағым көріне ме деп көз талдыра үңіліп еді – тек қана кілкіп жатқан көк мұнар дүниені көрді. Көк мұнар дүние! «Құдая, биіктен қарағандарға мен тіпті құмырсқадай болып та көрінбейді екем ғой, бұған дейін қалай ғана байқамағанмын». Биікте жүргендерге көріну үшін – өзінің де сөзсіз биіктеуі керек екенін жаңа ғана ұққандай болған Бархан самолетті басқарып келе жатқан әкесіне: – Әке, мені қыстағымға апарып тастаңыз, – дейді. «Неге ұлым?». «Мен енді қалай ұшу керектігін және неге ұшу керектігін үйрендім», – дейді. Құлағында уілдеген мотор үні.

Шошып оянып еді, үйдің оң жақ бұрышын әдетінше гүріл тербеп тұр екен. «Айында-жылында түшіркеніп ұйықтайын десен, өстіп маза бермейді. Бармаймын не қылар екенсіңдер» – деп күбірледі де іргеге қарай аунап түсіп, басын бүркеніп жатып алды. Бұрыш тағы гүрілдеді. Енді Бархан дауыстап тұрып сыбады да, келесі жамбасына аунап түсті. Сәтке сап болған сым темір тіпті ойбайлап қоймаған соң атып тұрып, тез-тез киінді. Далаға шығып еді, Сейітқұл көйлегі ағараңдап жүгіріп келе жатыр екен.

– Отағасы десе, сізді Әлекең мен совхоздың бас зоотехнигі шақырып жатыр.

– Тәулігіне бір сағат тыныш ұйқыны да қимайды.

Әлгіндегі түстің әсерінен айыға алмай, мең-зең халде Сейітқұлдың артынан дедек қағып ере берді. Қоңсыласы самбырлап сөйлеп келе жатыр.

– Отағасы десе, мені кінәлай көрмеңіз, өзімді де сирағымнан суырып оятты.

«Апырай, осы жігіт мінезін ұстатпай-ақ қойды. Судағы балық секілді жалт-жалт, жылт-жылт... Сырттай қарасаң қойдан

жуас, дөңгеленген қара торы жігіт. Жұп-жұмыр жұмыртқадай-ақ. Бірақ ұстайтын жері жоқ» – деп ойлады Бархан көршісін өкшелей қуып келе жатып.

– Отағасы десе мен сіздің алдыңызда... мәңгі борыштымын.

Міне түн жамылып дегендейін...

Бархан оның сөзін естіген жоқ, өз ойымен өзі әуре... «Бастықтар неге шақырды екен?»

– Отағасы десе, биыл сіз ерледіңіз. Бүкіл ауданда алдыңызға түсер ешкім жоқ көрінеді.

«Бастықтар неге шақырды екен?»

Упр өз орнында әдетінше жамбастап жатыр. Оң иығын ала малдас құрып отырған ашарық, бадырақ көз бас зоотехник осы совхозға былтыр күзде ғана келген. Содан бері Барханның үшінші рет көруі. Пәлендей өзгермеген екен. Мал мамандарының көбі төртпак, іркілдеген семіз болып келуші еді, осына отыздың үстіндегі жігіттің бойына шыр жұқпай; жұлған тырнадай болып жүргеніне таң қалды. Барханның таң қалғаны ол ғана емес, Әліқұлдың бұл кіріп келгенде қалбалақтап, орнынан ұшып тұрып, қос қолын бірдей ұсынғаны, арқасынан қағып сол жағынан орын бергені, бала-шаға, бау-шарбак, үрім-бұтағынан түк қалдырмай жездей қақтап есендігін сұрағаны, сонсоң биылғы қыстан ырқ етпей шыққанын, жалпы Бархан Егемқұловтың іштен қойшы болып құтты таяғын ала туған сұңғыла талантын жарты сағат бөстірген. Барханның таң қалғаны, бөлімше басқарушысы осыншалық керемет, ес білгелі естімеген мақтау сөздің құлағын оңды-солды бұраған сайын, бас зоотехник басын шұлғи қостап, қолпаштап, ымырласып отырғаны еді. «Қай жағымнан ықтап барып шығар екенсіңдер» – деп ойлады. Тоқ етері Әліқұл алып-қашып ауыздығын шайнаған арғымағының басын мынандай қазыққа байлады. «Бағанадан бері айналып шапқанша төтеден тартпаймысың осылай», – деді ішінен.

– Общем былай, жолдас, – деді Упр, – мына Сейітқұл деген жігіт қой өз ұяңнан ұшырған балапаның, сулы жерде асып, сусыз жерде қуырып жеуге хақың бар, қолыңнан ешкім алмайды. Ендеше осы жаман ініңнің бағы тасып, тасы өрге домалап жатса – сенің де абыройың, бөтен шаңыраққа емес, ырыстың өз үйіне қонғаны.

«...Мынауың қалай-қалай орағытады», – деп ойлаған Бархан Әлікұлдан осыншалық жүйелі сөз күтпеген еді. Иланғандай ұйып тындады.

– Олай болған жағдайда понимаешь, екі торының өзгешелігі жоқ, сен – кім, ол – кім, жақтан басты айыра алмайсыз. «Алаштың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген қазақ. Ендеше, мынау басы салбырап, жүн жеп, жабағы саңғытып отырған інііздің айқындаушы жылдағы көрсеткіші оңбай тұр. Ал, біз, бүкіл аудан бұл жаманды үкілеп, үстіміздегі жылдықтың қорытындысында наградаға ұсынайық деп дабырлап, бөркін кара қазандай етіп алдық та, аяғы сымпиып қалдық... Әрине, Сейітқұл Тәңірқұлов күш-жігерін іркіп қалған жоқ, аянбай еңбек етті. Амал не, фактінің аты – факті: жүзінен 140-ақ. Бізге керегі жүзінен – 150.

– Менің қолымнан не келеді? – деді Бархан сиырдың сілекейіндей созылып алған әңгімені тұжырғысы келіп.

– Тфу, Беке-ай! Тіпті кейде аяқ астынан аңқаусып қаласыз-ау,-деді Әлікұл быж-тыж болып. – Сіздің анау түйенің табанындай қолыңыздан бәрі келеді. Ұзын сөздің қысқасы, ініізге қырық қозыны қарызға бере тұрсаңыз, келесі жылы қайтарып береді...

Бархан төбесінен жай түскендей сұлқ қалды. Үйді үнсіздік жайлады.

– Аспаннан былғары жауса құлға оқшантайлақ тимейді деген осы, – деді де терең күрсінді. Барханның бұл сөзін тек бас зоотехник ұққандай, әрі-бері қипақтап, тамағын кенеп, сөз бастады.

– Отағасы десе, – (құдай-ау, деді ішінен Бархан. Бұл да: «отағасы десе», осы сөз менің түбіме жетер.) – Отағасы десе, сіздің ересен еңбегіңіз әлемге әйгілі, сіз жүдә, баяғыдан батырсыз. Бірақ мына қисынсыздықты сезесіз бе? Сіздің табысты еңбегіңіздің нәтижесі қағаз бетіне кеп түсіп, жиналыстарда, пленумдарда айтылмаған, әншейінде қақсап, құлақ етін жейтін, яғни газет, радио да жұмған аузын ашпапты. Және де сіздің еңбек жолыңыз болғанымен, жариялы атағи өсу жолыңыз жоқ, яғни мақтау грамотасы, медаль, ордендермен бұрынды-соңды наградталмағансыз... Демек, көзге түспегенсіз.

– Кімнің аузына ілігіп, көзіне түсуім керек еді, – деп айқай

салды Бархан. – Астымда машина, үйімде телефоным тұр ма, қит еткенді ауданға жерден жеті қоян тапқандай жеткізіп отыратын.

– Отағасы десе, жәй айтыңыз, осы үйде саңырау ешкім жоқ. Мен бар шынымды ақтардым. Бұл маған дейін жіберілген кемшілік. Енді постепенно-постепенно сіз боп, біз боп түзейміз. Ал, қазір көршіңізге қырық қозы бермеуге амалыңыз жоқ. Қой – мемлекеттікі.

– Неге? Мен ғана ма?

– Отағасы десе, жат жұрттыққа дабырлағымыз келмеді. Сіз енді, былайша айтқанда, туған ағасы секілдісіз ғой. Ренжімеңіз, өзіңізді ұсынбақ болдық, ешқандай тізімде жоқ, жоғары жақ бұрын білмейтін, аспаннан түскен озат шопанды қайдан таптындар, – деп шыбын жанымызды шырқыратар болған соң, осындай шарасыздыққа тіреліп...

– Сен бірден секіріп кетейін деп тұрсың, – деді манадан бері тісін шұқып, әңгімеге араласа қоймаған Әліқұл. – Көрсеткіштің біртіндеп эволюциялы өсіп отыруы абзал. Сонда ағайын, награда не саған, не оған жоқ... далада қалайын деп тұр.

– Отағасы десе, сіз өйтіп ауа жайылып кетпеңіз, – деді бас зоотехник. – Мемлекеттің үлестіре алмай далада жатқан атақ-құрметі бар дейсіз бе?.. Қайдағыны айтады екенсіз. Жалпы естеріңізде болсын, түймедейді түйедей ететін дәнеңе жоқ. Сейітқұл Тәңірқұловтың бес жыл бойы көрнекті табысқа қалай жетіп, аудандағы ең озат шопан аталып келгенінен менің абсалютно хабарым шамалы. Үстіміздегі жылғы көрсеткіші сіздікіне жетпей тұр, отағасы. Ал, сіз жайлы бұдан бұрын ешкім білмей келгені және рас. Мұқым аудан бойынша социалистік жарыста озып шығып, озат шопан атанған малшы үкімет наградасына ұсынылуы керегі тағы рас. Сонда не істеу керек? Әрине, сіз мені кешіріп қойыңыз, отағасы. Сондықтан сізге де, бізге де шегінер жер қалмай тұр.

Бас зоотехник сөзін түйіліп барып, кілт үзді де Әліқұлға қарады. Ол алдында мөлдіреп тұрған қырлы стақандағы араққа қолын енді ғана соза беріп еді, өкілдің суықтау жүзінен тайсап, іркіліп қалған. Сонсоң созған қолын не ары, не бері апара алмай сәл қаңтарылып қалды да жолай соғып, бауырсақ ала кетті. Зоотехник: – Жігітім, мынау асай-мұсайларды жиып ал,

тойға келгеніміз жоқ. Әлі ертерек...— деді сол салқын қалпын сақтап. Сейітқұл жозы үстіндегі арақты лып еткізіп, жинап-теріп әкетті. Әліқұл тамағын қырнап, бір нәрсе демек болды, бірақ шытынаған күйі дым сызбады. Бархан суалған қара күрең жағын сипап, ой үстінде отырған.

— Не ақыл айтасыз, отағасы,— деген зоотехниктің сөзі жаңа ғана қаймақши бастаған тыныштыққа тас лақтырды. Барханнан жауап болмаған соң:

— Сізді келесі жылы ұйымдаспақ жас шопандардың комсомол-жастар бригадасына ұстаз етсем деймін, отағасы, қарсы емессіз бе? — деді жүзін жылыта.

— Оны уақыт көрсетер. — Бағанадан тілі кесілгендей жұмбақ отырған Барханның үзілген сымы қайта жалғанғандай болған соң, бәрі-бәрі елең етісті. — Алатын қозыларыңды танертең санап берем. Тек ақырғы рет болсын.

— Немене, бұрын да алып па еді, отағасы.

— Бірінші жылы — бес қозы, екінші жылы — он, үшінші жылы — жиырма, төртінші жылы — отыз, енді мінеки — өзің келіп, шырағым, қырық қозы сұрадың.

— Мынау сұмдық екен! — деді бас зоотехник ұялы көзі лап етіп. — Масқара екен!

— Ешқандай сұмдығы жоқ, қанша төл берді, ақшасын да, қосымша ақысын да Барханның өзіне жазып келеміз. Жалпы, ағайынның арасына жылбысқы бес қозы, он қозы деген сөз болып па? Ат та, атан да, алыс-беріске еленбей жүре бермеуші ме еді.— Әліқұл атына қайта мінді.

— Адамды қаралайтын ондай ағайындықтың енесін ұрайын! Танертең қырық емес, елу қозы санап берем. Шығатын тауына — шыға берсін, иығымды төсеймін!— деп есікті тарс жауып, бұлқан-талқан шыға жөнелді. Бұл Барханның Бархан болғалы өз байламын тік, бетің-жүзің демей, пышақ кесті айтқаны-тын.

Бархан сөзінде тұрды. Ертеңінде елу қозыны санап берді. Әліқұл ауданға «Сейітқұл Тәңірқұлов әр жүз аналықтан — 150 қозы, әр бас қойдан 3,5 кг. жүн алып, міндеттемесін артығымен, абыройлы түрде орындады» деген мәлімет әкетті. Сол күні кешке облыстық, ал үш күннен соң орталық радиодан айтылып, құмның арасындағы ең шалғай қыстаққа тілшілер сауыт-сайманын аркалап, сау ете түскен.

Көп ұзамай сессияға аттанатын болды. Азамат жолға жүргелі жатқан соң, Бархан қош деп қалайын деп, көршісіне келді. Су жаңа кремплин костюмін киіп, жуынып-таранған Сейітқұл тығыршықтай әп-әдемі жігіт болып шыға келген екен. Төртбақ, жұмыр денесі, дөңгелек жүзі, көзіне міне орналасқан қою қара қасы – бәрі-бәрі жарасым тауып, ұялмай көрінетін озат пошымға енген. Әсіресе, кеудесінде сылдыраған орден, медаль көркіне көрік қосып, салиқалық танытқандай еді. Ол-пұлын жинастырып, сусылдап жүрген әйелі Данагүлдің қимылына көз ілеспейді. Дәу қара чемоданында не бары белгісіз, ыңырандырып апарып, «Москвичтің» жүк салғышына әрең сиғызды.

– Қаладан не базарлық әкелейін, отағасы, – деді Сейітқұл машинасын тілмен жалағандай етіп сүргіп тұрып.

– Не әкелесің... Есен-сау оралсаң – одан үлкен олжа бар ма?

– Е, аман болмағанда жау алар дейсіз бе? Қалаға жаңа бара жатқаным жоқ, – деп тойына сөйледі, – елу қозының қарымтасын қайтарам, отағасы. Ер мойнында қыл арқан шірімейді.

– Жо-жоқ, ол не дегенің. Азаматтың абыройына садаға да. – Бархан бағанадан бері байқамапты, анадай жердегі күресінде Сейітқұлдың төрткөз, сарыаяқ иті ешкінің лағы секілді бір нәрсені жұлғылап жатқан. Ол не болды? – деген әуестік жеңдеп, жемтікке жақындай берген Барханды ырылдап, маңайлатқысы келмеді. Бірақ иттің жұлқылап жатқаны қарақұйрық екенін жазбай таныған. Иә, былтыр жарасын емдеп жазған өзінің асыранды хайуаны! Жүрегі зырк ете түсті. Қапелімде аузына сөз түспей, делдиіп қалды да даусы қалтырап:

– Сей-іт-құл, – деді, – Жолдыаяқтың жеп жатқаны не?

– Қайдан қаңғып жүргенін білмеймін, таңертең ерте тұрып, жол жүретін болған соң қора жақты болжасам, анау сіздің құм төбенізде қалқайып тұр. Малапулкамен құлақ шекесінен көздеп, басып едім, қалпақтай ұшты. Ажал айдап келген екен, былтыр оң аяғынан жараланып, қашып кетіп еді... (қарқ-қарқ күлді).

Барханның көзіне қан толып, басы айналғандай болды, енді-енді құлап кетердей буынын зорға бекітті де:

– Онда... күнәсіз сәбиде әкеңнің құны қалып па еді! – деп айғай салды.

– Отағасы десе, немене даланың аңын да қызғандыңыз ба? Керек десеңіз облыстық табиғат қорғау қоғамының мүшесімін...

– Ой, сенің... соқырлар қоғамының, пахорон бюроның мүшесі шығарсың бәлкім, сенен ол да шығады. Тұрған жерінде атып тастайын ба осы, әбден жүйкелетіп біттің. – Ұмтыла берді. Ал дегенде жасқанып қалған Сейітқұл ілезде күшіне қайта мінді.

– Дауыс көтермеңіз, отағасы. Заң кімнің жағында екенін ойлаңыз.

– Менің өз заңым бар. Оған ешкім қол сұға алмайды. – Бархан шәнтиіп тұрған Сейітқұлдың жағасынан ала түсті де, омырауындағы наградаларды бытырлатып, жұлып-жұлып алды.

– Әкеңнің аузын ұрайын. «Өз асыраған күшігім өз басыма қарғыды» деген осы. Быртып алып, ішің толған сасық қулық пен сұмдық. Қайтер екен, жас қой, ақыл кірер ме екен десе, қайтеді, әкемнің шоты шапқан сайын дамып... Міне, мына медаль да, мына орден де бәр-бәрі менікі. Мына маған тиесілі сый-құрмет! Сен ұрлап алдың, саған тартып әперді анау Упр ағаң. Енді, мен сенен тартып аламын оны. Бар, баратын жеріңе! – қарсыласып қолына жармаса берген Сейітқұлды шықшыттан бір періп құлатты да «Москвичтің» доңғалағын бір теуіп жүре берді. «Ойбай, өлтірді!» деп жау жетгілеп аттандаған Данагүл күйеуінің басын сүйеп, үйге алып кетті. Осы көріністі басынан бағып тұрған Жұмагүл ара түскен жоқ, ерінің қырықтан асқандағы қауқарын тамашалай күліп, жоламаған. Ол тіпті Барханнан жылдар бойы сарғая, сағына күткен ашуды енді танып, жоғы табылғандай қуанған да еді.

Сейітқұл өз мұрнын өзі періп қанатты да, омырауын сағалақтап сорғалатқан күйі, су жаңа костюмінің әр жерін өзі былғап, жыртып алып, ауданға тартқан.

Бархан мінез көрсетті...

Ала бұлтты аспаннан тағы бір самолет ұшты...

Бархан қойдан шығып, расында шығарып тастап, ауылға көшетін болды. Тіпті сотталып кете жаздады. Себеп белгілі, онсыз да құлағалы тұрған тауға қой жайған соң оңсын ба. Бас зоотехник қанша барын салып, ара түскенімен, алып қала

алмады. Тек шығарып салып тұрып: «Қамықпаңыз аға, бір жыл дем алыңыз, мал бақпай отыра алмайтыныңызды білем. Пәле-жаладан аман болсақ, келесі жазда ұйымдасатын жас шопандардың бригадасына жетекші, яғни наставник қылып жіберем» – деді жұбатып. Алғашында бадырақ көз арық жігітті суқаны сүймеп еді, қазір іші жылығандай болды.

Совхоз жіберген машинаға жүгін тиеп жатқанда, өз орнына шопан болған қағылез жігіт «Урал» мотоциклін дырылдатып жетіп келді. Иненің көзінен өткендей жылпылдап тұрған пысық екенін Бархан амандық айтысқанда-ақ танып үлгерген.

– Жасың нешеде, шырағым? – деді білекті сыбанып жіберіп, ешкім айтпай-ақ іске кірісіп кеткен бұйра бас жігітке.

– Жиырма бестемін, аға, – деп тақ ете қалды. «Менен жиырма, Сейітқұлдан он жас кіші екен» деп ойлады.

– Қойға алғаш шығуың ба?

– Бұрын оныншы класты тәмәмдаған соң, екі жыл көмекші болдым, сонсоң ауылшаруашылық техникумын бітіріп, өзіңіздің жұртыңызға жолдамамен келдік дегендей...

– Оның жөн екен, бірақ қызмет істемедің бе? Дипломың бар ғой.

– Ой, аға, веттехник болып жалтақтап, жек көрінішті болғанша, өз қотырымды өзім қасымаймын ба? Аға, сіздің біліміңіз қанша еді?

– Білімің қанша еді дегенше, қулығың қанша еді деп сұрамайсың ба? Шынымды айтсам, сегіз-ақ класс.

– Ал, анау көршіңіздікі?

– Сейітқұлды айтасың ба? Ол онжылдықты бітірген.

Бұдан әрі екеуі де үнсіз жүк тиеп, сөйлеспеді. Аттанар алдында Бархан:

– Ал, шырағым, жүр қорадағы қойды санап ал, – деді. Бірақ осы сөзді әлденендей бір терең өксікке толы, өкінішке толы көңілмен айтқандай болды. Аса бір қимасымен мәңгілікке қоштасардай қиналып айтты.

– Сізге сенем ғой, аға.

– Жоқ, ол болмайды, шырағым. Әкең болса да жауапты нәрсені түгендеп алу керек. – Қой – тауық емес.

– Аға, – деді жас шопан салмақпен. – Сіз аға, алданбасаңыз, алдамайды деп бас зоотехник айтқан маған. Екі кештің

арасында санап, әуре болып қайтеміз. Қараңғы түспей ауылға жетіп үлгеріңіздер.

– Ендеше не айтайын, шырағым. Ұстаған таяғың құтты болсын. Анау қоңсыласың тым жаман жігіт емес, тату-тәтті сыйласып тұрыңдар.

– Сізді қандай дәрежеде құрметтесе, сол үдеден мен де шығармын, аға. Болашақ көрсетер, бақ шаба ма, бап шаба ма...

Бархан көзі от шашып, атылатын арыстандай ырғып-ойнап тұрған бұйра бас, ат жақты жігітке үрке қарады.

Машинаға отыра беріп, Сейітқұлдың үйі жағына елеңдеп болжап еді, ешкімнің төбесі көрінбеді.

– Енеңді ұрайын, қош деуге жарамадың-ау, – деп өкінгендей болды. Өкпеге қиса да, өлімге қиған жоқ. Сейітқұлдың ертеңін ойлап, қатты аяды...

Барханның жүгін тиеген машина құмға сіңіп, көзден тасаланғанша, төбенің басына шығып, қасқайып қарап қалған жас шопан Сейітқұлдың үйін меңзеп: «Көрерміз! – деді даусын шығарып. – Көрерміз... кімнен кімнің озарын...»

Аспаннан тағы бір самолет ұшты...

Руза, 1976 ж.

Мазмұны

Атау-кере (Қауіпті будан) <i>Роман</i>	3
Бәрі де майдан. <i>Повесть</i>	216
Құм мінезі (Бархан). <i>Повесть</i>	332

«Ел-шежіре» қайырымдылық қоры» қоғамдық қорының
президенті *Дидахмет Әшімханұлы*

Оралхан Бөкей

Шығармалары

2-том

Роман, повестер

Редакторы *Сәуле Үкенова*
Техникалық редакторы *Ниязбай Оразымбет*
Суретшісі *Бауыржан Байділда*
Компьютерде беттеген *Гүлмира Өтенова*

ИБ № 126

Теруге 10.05.2013 ж. берілді. Басуға 05.06.2013 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108^{1/32}. Қаріп түрі «Times New Roman».

Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 20.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №

ISBN 978-601-7317-48-5



«Ел-шежіре» қоғамдық қоры. 050009. Алматы қаласы.
Абай даңғ. 143, 517 бөлме

«Полиграфкомбинат» ЖШС
Алматы қ., Мақатаев көшесі, 41